

А2016  
3014к

Нұридін  
БАЛҚИЯҰЛЫ

Өткеннен  
ертеңге









Нүридін БАЛҚИЯҰЛЫ

# ӨТКЕННЕН ЕРТЕҢГЕ

АЛМАТЫ  
«ДӘСТҮР»  
2016

**Нұридін БАЛҚИЯҰЛЫ**

**ӨТКЕННЕН  
ЕРТЕҢГЕ**

**АЛМАТЫ  
«ДӘСТҮР»  
2016**

**ӘОЖ 070**

**КБЖ 76.01**

**Б 22**

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министiрлiгi  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестiктi жоғарыла-  
ту, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен на-  
сихаттау және мұрағат iсiнiң iске асырылу тиiмдiлiгiн арттыру»  
бағдарламасы «Әдебиеттiң әлеуметтiк маңызды түрлерiн  
басып шығару» кiшi бағдарламасы бойынша жарық көрдi»**

**Б 22 Балқияұлы Н.**

**Өткеннен ертеңге:** Мақалалар./Н.Балқияұлы. – Алма-  
ты: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016.– 384 б.

**ISBN 978-601-7505-17-2**

Белгiлi қоғам қайраткерi, ұстаз, ғалым, каламгер Нұридiн Балқияұлы өзi жүрiп өткен өмiрге терең бойлап, әр түрлi тақырыптарда көңiлге тоқыған ойларын ортаға салады.

Жинақтың – Ағалар соқпағы, Түркістан топырағында, ел болашағы бiлiктi маман қолында, тоғысқан толқындар деген бөлiмдерi – елiмiздiң өткенiмен шектелмей, ертеңгi күнге, болашаққа деген үлкен сенiммен, жастарымызға тәлiм-тәрбие мен олардың келешекте игерiп шығатын мамандығына сай азамат болып, ел экономикасын көтеру қажеттiгiн алашқа әйгiлi ғалымдар мен халқымыздың аяулы перзенттерiнiң тағдырынан мөлтек сыр шерту арқылы көз жеткiзедi.

Кiтап көпшiлiк оқырманға арналған.

**ӘОЖ 070**

**КБЖ 76.01**

**ISBN 978-601-7505-17-2**

© Балқияұлы Н., 2016.

© «Дәстүр», 2016.

© «Қаратау КБ» ЖШС, 2016.

## ӨТКЕН КҮННІҢ БЕЛГІСІ

Өткен күніміз бен ертеніміздің ортасы – бүгінгі күніміз. Бәріміз де өткеннен ертеңге сапарға шыққан жолаушылармыз. Өткенге салауат, бүгінге тәубе, ертеңге үміт. «Өткен күнде белгі бар» дейді бабаларымыз. Дегенмен ертеңге құрықол бармау үшін, бүгін із қалдыруымыз керек. Біздің қолымыздағы «Өткеннен ертеңге» атты кітап осы сөзіміздің көркем дәлелі.

Кітап авторы – Нұридін Балқияұлы мамандығы басқа болғанымен, көзіқаракты оқырманға есімі етене таныс. Өйткені бұл кісінің мақалалары республикалық басылымдарды жиі жарияланып тұрады.

Сексенінші жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің өндіріс-көлік бөлімінің меңгерушісі қызметінде Оңтүстік өңірдің ауыр өнеркәсінің дамуына үлес қосқан. 1985-1993 жылдары тарихи Түркістан қаласының бірінші басшысы кезінде Санкт-Петербурдағы Эрмидаждан ұлттық жәдігеріміз Тайқазанды қайтарған. Яссауи атындағы мемлекеттік университеттің ашылуына себепкер болған. «Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы» және республикалық «Әзірет Сұлтан мұражай қорығын құру жайлы» арнайы үкімет қаулыларының қабылданып, іске асырылуына қол жеткізген, ұзақ жылдары жоғары оқу орындарын басқарған қоғам, мемлекет қайраткері, ұлағатты ұстаз, арда азамат Нұрекеңмен осыдан бірнеше жыл бұрын қазақтың қобыздай күніреніп, домбырадай сыңғырлаған аяулы ақыны, жан құрдасым Қасымхан Бегманов досым таныстырған. Одан соң Көкшедегі Айнакөлдің жағасында бірге демалып, ақсайран күндерді бастан өткізген едік.

«Шежіре кеуде, тау мүсін» абыз ағамен сырласып, арай нұрына шомылғанмын. Біреудің сыртынан ғайбат сөз айтпай, сыздықтатып сыр сандығын ашатын ағаның жан жылуын, сезім нұрын сезініп, қуанып қайтқанмын.

Ол өзін жазушымын, журналистпін, әдебиет зерттеушісімін деп есептемейді. Мамандығы да, таңдаған жолы да басқа сала. Бірақ, мына кітапты оқығанда көп еңбек тындырғанына көз жеткіздік. Өйткені Шәкәрім Құдайбердіұлынан бастап Мағжанмен жалғастырып, бүгінгі қаламдастарымыз Қасымханға дейінгі бірқатар ақындардың шығармашылығы жайында келелі сөз қозғап, өзіндік талдауларын жасаған. Бұндай дүниелерді өзіндік пікірі бар адам ғана тудыра алады.

Бұл кітап бірер айдың немесе бір жылдың жемісі ғана емес. Бұл кітап өмір көрген, зерделі адамның ұзақ жылдар бойғы ой толғауы. Және кез – келген шығармасында өзінің өмірін кірістіріп



отырады. Мысалға Баубек Бұлқышев жайындағы жазбасында: «Біз Баубек Бұлқышев есімін жалаң аяқ, жалаң бас, таңның атысы мен батысына қарамай, сәби саусақтарымыз тілім-тілім болып, анамызға еріп масақ терген сонау соғыстан кейінгі жылдарда алғаш естіген едік. Соғыс көрген ұрпақтың кез-келгенінің көкірегінде айықпайтын мұң жататын. Біздің шағын ауылда ошағының оты өшкен үй көп еді. Әкелеріміз соғыстан оралмады. Құйтымдай жүрегіміз тілім-тілім болатын», - деп бастайды. Өзінің өмірімен байланыстыра жазған әрбір сын-пікір, зерттеулері оқырманын тартып әкетеді. Өйткені үлкен әсермен, шынайы сезіммен жазады.

Бұл кітап - үлкен білім егесінің жазған кітабы. Бұл кітапта тек әдебиет қана сөз болмайды. Әдебиет, өнер, тарих, экономика, заман, қоғам, адам бәрі қамтылған. Өмірдің әр белесі мен бар саласы кеңінен сөз болады. Көпті көрген, көңілге түйген, ізденген, білім жиған, тәжірибелі адам не айтса да нандырып айтады. Барлық ойын нақты біліммен көмкереді, шындықпен дәлелдейді.

Өзіндегі барымен бөліскен ұстаз-ғалымның кітабын оқыған бүгінгі жас өскін көп нәрседен хабар алатынына сенімім мол. Бір ғана «Түркістан топырағында» деген бөлімнің өзінде Түркістан жайлы көптеген мағлұмат береді. «Екінші Мекке атанған шаһар», «Тайқазан -1931 жыл», «орта ғасырдан үшінші мыңжылдыққа жеткен ескерткіш», «1500 жыл жасаған қала», «Алаштың алтын орда-сы», т.б. мақалалары осы сөзіміздің дәлелі. Және осы бөлімде қоғам қайраткері өзінің туған топырағы жайында толғана ой қозғайды.

«Ағалар соқпағы» деп аталатын бірінші бөлімдегі Әбділда Тәжібаев туралы жазған «Биіктен шыққан үн» атты мақаласы арқылы автор көрнекті ақынның лирикалық жырларынан кеңінен тоқталады. «Айтпасты айтқан Айтматов», «Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Төрөқұлұлының қаламгерлік, азаматтық болмысы туралы сыр шертеді. «Халқының адал ұлы» атты дүниесінде ұлттың ұлы перзенті Дінмұхамед Қонаевтың ерекше болмысын егіле сөз етеді. Бұдан бөлек Мұхамеджан Тынышбаев, Құдайберген Жұбанов, Дүкенбай Досжан, Илья Жақанов, Саттар Ерубаев, Жұмекен Нәжімеденов т.б. ірі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын тереңнен толғайды. Сол дүниелерінің бірінде осындай асылдарымызды бүгінгі кейбір ұрпақтың білмей өсіп келе жатқанына қынжылады.

Бірақ, автор жастардан үміт үзбейді. Оған біз «ел болашағы білікті жас маман қолында» атты үшінші бөлімдегі мақалалар арқылы көз жеткіздік. Осы бөлімдегі «Әлемдік деңгейге – техникалық білімнің тегеурінімен», «Көзінде от, сөзінде жалын бар», «Инженер болу өмір талабы», «Білім жолындағы жастарға бірауыз сөз», «Білімділік ақиқаты», «Болашақ жайлы бүгін ойланайық»

атты мақалаларды оқи отырып біз қайраткер тұлғаның жастарға деген жанашырлығын, елдің болашағына деген алаң көңілін сезіндік.

Осы бөлімдегі «Бұлақ басынан тұнады» атты мақаласында: «Ньютон өзінің тартылыс заңын жиырма бес жасында ашты. Эйнштейн салыстырмалы болжам теориясын жиырма бес жасында дәлелдеді. Сеченов физиология саласындағы алғашқы жаңалығын жиырма екі жасында ашты. Курчатов атомды бағындыру саласындағы күрделі зерттеуді жиырма бір жасында жасады. Біз болсақ отыз бес, қырық, елу жастағы ғылым кандидаттарын жас, дарынды, кемеңгер деп ауыз толтыра дәріптейміз. Біз әу бастан-ақ таразыны дұрыс пайдалана алмайтын, даурықпа ұранға әуес болып кеткен секілдіміз», - деген ой айтады. Келіспесіңізге амал жоқ. Осындай кемшіліктерімізді майдан қыл суырғандай сынағанда да айтары бар адамның сөзіне тоқтауды жөн көресіз.

«Тоғысқан толқындар» атты төртінші бөлімде де тоқсан толғам ойларға, толағай пікірлерге толы толымды дүниелер баршылық. Азаматтық ұстанымы, елге, жерге деген адалдығы, мемлекетшілдігі кеңінен көрінетін мақалаларды оқи отырып, автормен бірге толғанасыз. «Тәуелсіздікті көздеген көтеріліс», «Ақтаңдақ жылдар ақиқаты», «Қазақпын деп жігерленші, бауырым!», «Перзенттік парызға адал болайық», «Елге хат», «Үзік сыр», «Қадіріне жетсек қапы қалмас едік», «Күлдібадам сөзбен келеке болған» сынды мақалалар елдің мұңын қозғаған дүниелер.

Елге, ұлтқа, тілге жаны ашитын адамның ашық айтқан ащы ақиқаты оқырманьын ойландырмай қоймайды.

Қайраткер ғалымның республикалық басылымдарға берген сұхбаттары да осы кітаптан орын алған. Тілшілердің қойған сауалдарына ғалым, зерттеуші, ұстаз, адам ретінде кеңінен, ашық жауап берген тұлғаның зерделі ойларына қанық болдық.

Біз сөзбен айтқанда, киелі жерде туып-өсіп, саналы ғұмырын елге, қызмет етуге арнаған Нұридін Балқияұлының бұл кітабы кез-келген жастағы оқырман үшін айтары бар дүние. Осы кітапқа енген, республикалық «Түркістан» газетіне берген сұхбатында автор «Менің байлығым- рухани байлық» деп жауап береді.

Ғұмыр бойына рухани байлық жинаған адам сол байлығымен бөліспекке ниет қылған екен. Құтты болсын айтып, ақ жол тілейміз!

*Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,  
ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Ресей  
Жазушылар одағы С.Есенин алтын медалінің иегері*



אֵלֵינוּ  
לְפָנֶיךָ  
יְיָ-יְיָ

## ШӘКӘРІМНІҢ АҚЫНДЫҚ АЛЫМЫ

...Өлең оқығанды ұнатамын. Қолым қалт еткен сәтте жыр кітабын парақтап, ойға батып отырамын. Өмір атты құпияның көз көріп, қолмен ұстатпас тылсым дірілдерін жаныңмен, тәніңмен сезінер, тірліктің, болмыстық құдіретін тізгіндеп ұстар сәт бұл.

Қайта оралған аяулы тұлғалар Шәкәрім, Мағжан өлеңдері – соңғы уақытта жолыққан мол олжа, асыл казынамыз.

Мәдениетіміздің осынау алып бәйтеректерінің поэзиямыздағы заңды орнын анықтап, көркемдік ерекшеліктерін тұжырымдап, саралап беру әдебиеттанушы ғалымдар шаруасы. Менің үлесім – кеудеме кілең сіңірген сыр, жанымды әлдилеген жақсы жыр күйған нұр жайлы айтып беру.

\* \* \*

Соңғы жылдары жаңалық үстіне жаңалық, өзгеріс үстіне өзгерістер болып жатыр. Бұл да қайта құрудың шарапаты екендігі бүгінде еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін белгілі.

Туған даламызға жыл құсындай «Наурыз» мерекесі оралды. Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сынды тұлғалар өз тұғырына қайта қонды. Қуаныш үстіне қуаныш қосылуда.

Жылдар бойы жабыққан көңілдер жарқ етіп, іште жатқан жылан «уһ», деп сыртқа шықты.

XX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдан кейінгі ірі тұлғалардың бірі Шәкәрім Құбайбердиев екендігін бұрын білетін жұрт іштей айтса, қазір ашық айтатын болды. Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырған, қазақ топырағында эпикалық жанрдың дамуына үлкен үлес қосқан аса ірі ақын және ойшыл Шәкәрім халқына қайтып оралды.

«Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Білмедім Шәкәрімді кім атқанын» атты мақаланы түршігіп оқымаған адам жоқ. Қара ниет зұлымдықтың бет пердесін киіп алды.

Жан сарайлары таза емес пенделер шындықтың жүзіне тіке қараудан қамығып, жүздерін тасалады.

Шәкәрім Құдайбердиев қазақтың өлең, өнер көшін өрге сүйреп кеткен біртуға талант еді.

Аса талантты ірі ақынның нақты өмір суреттерін, махаббат лирикасын, табиғат анамыздың әсемдігін өзек еткен өлеңдермен бірге, ақылгөйлік, ағартушылық, әлеуметтік-әшкерелеушілік бағыттағы ойлы жырлары, «Ләйлі-Мәжнүн», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу» сияқты кең тынысты эпикалық поэма, дастандары мен прозалық шығармалары, қара сөздері іріктеліп, халық қолына тигелі де көп уақыт өткен жоқ.

*Өлең айт дарын өрге өрлегендей,*

*Сезімді қозғап тәтті ой кернегендей.*

*Жанды сөз бойды ерітіп, маужыратып,*

*Әлдилеп жер бесігі тербегендей.*

*Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын,*

*Тазартып жүрек жырын жуып жатсын.*

*Қаңсыған шөл даланы қанықтырып,*

*Жыр тасып дариядай құйып жатсын.*

Шәкәрімнің ақындық алымы осы бір жолдардан-ақ анық аңғарылмай ма. Тендесі жоқ ақындық қуат толыға бастаған шағында, шығыста «Ләйлі-Мәжнүндерді», батыста «Ромео-Джюльетталарды» танып, іштей түлеген ойшыл ақын өзіне оқиғасы жақсы таныс «Қалқаман-Мамырға» қалам тербеді. Қос ғашықтың трагедиясын қазақ даласында, сол уақытта жиі кездесіп тұратын тіршілік драмасымен астастыра шебер жырлады. Қаны сорғалаған тарих шындығы мен махаббат шындығын қабыстыра өрді. Халыққа «Қалқаман-Мамыр» атты тамаша дастан осылай жетті.

Бұл дастаннан соң ақын ел аузында жиі айтылып жүрген уыз махаббат «Еңлік-Кебек» трагедиясын шертті, шегіне жеткізе, шебер жырлады. Бұл поэмада халық аяулы екі жас ғашыққа тілектес болып суреттеледі. «Еңлік-Кебек» тек қана Шәкәрім творчествосының шыңы ғана емес, ғашықтық жайлы жазылған бүкіл халықтық идеал бола алады десек қателеспейміз.

Шәкәрім өлеңдері, поэмалары, прозалық туындылары әдебиеттануда, әдеби сында өз бағасын алар күн алыс емес шығар.

Біз оның ғылыми, тарихи, терең философиялық шығармалары «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» трактаттары, «Бәйшешек бақшасы» әңгімелер топтамасы, «Қайғылы роман», «Мәңгі сөздер» топтамасы, «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» тәрізді толғамдарын сүйсіне, қызыға оқыдық.

Бір ғасырды ұлы Абаймен бірге аяқтап, жаңа жиырма-сыншы ғасырды совет ақындарымен бірге бастаған үлкен ақынның өмірі халқымыздың тағдырымен бірге қайнасқанын аңғару қиын емес. Шәкәрімнің жеке бас күйін сыр еткен жырлары халықтың да күйі, халықтың да мұңы.

Күрделі де күйініші көп заманның көз көрген куәсі – Шәкәрім өлеңдері халқына қарай қадам басты.

Шәкәрімді тану енді ғана басталды. Өйткені ол – қазақ поэзиясының қайта оянған алыптарының бірі.

## ЖАУҒАР ЖЫРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ

**Ж**азғы шуақты түнде аспанға қарап жатар едік. Сол кезде жарқ еткен жарық жұлдыз артында сызатты сәуле қалдырып, ағып жөнелетін. Алабұртқан бала көңіл «жұлдызым жоғары, жұлдызым жоғары» деп күбірлейді. Халқымыздың бүгін барын барлап, жонын жоқтап отырған талант иесінің қысқа ғұмырына көз жіберсек, сол бір түндерді, жалт еткен жарық жұлдызды еріксіз еске аламын.

Кезінде өлеңімен бүтін бір ұрпақты тербетіп, ұйытқан тұлғаның жырларын бала жаста тығып оқушы едік.

1920-30 жылдардың әдебиеті мен тарихи-әлеуметтік жағдайы жайлы қазір «әттеген-ай, сол кезеңде күн шығып тұрса да бұлттан аса алмапты-ау» демеске шара жоқ. Қара нөсер енді көктеп келе жатқан талай көкті жапырып, тамырын қырқып жөнеліпті-ау деп, бармақ тістеп, бас шайқайсың. Амал не?

Сол аумалы-төкпелі, бұлтты дәуірдің құрбаны болған Мағжан ақын қалдырған асыл қазына – алмас жырларды енді бұғынып-тығылмай-ақ оқуға мүмкіндік алдық.

*Алтын күн батып барады*

*Күйдіріп көктің жиегін.*

*Кұралай көзді қарағым,*

Болдың ба иіріп жібегін?  
 Құралай көзді қарағым,  
 Қолыңа қардай бәтесті ал,  
 Қандай қызыл жібекпен  
 Ақ бәтеске өрнек сал.  
 Алтын күн батып барады,  
 Алтын күн ақырын өледі.  
 Сұр бұлттар – сорлы жар,  
 Қан жылан күнді көмеді.

Ақын өз тағдырын баян етіп тұрғандай. Тарих ана талай «күндердің» талтүсте көмілгенін көріп еді...

Ақын жүрегінен сусыған нәзік жырлар, көңіліне самал желдей майда тиеді. «Гүлсімге» деген өлеңінде ақын әйел жанының сырлы сикырын ашып, зерлі тілмен оюлай, көз тұндырар сұлулықтың сикыр бояуын көз алдында мың құбылтып ойнатады.

Теңеулі жырдың теңі жоқ. Өлеңнің өзін оқып қана құмар қанбақ.

*«Әйел атын – Гүлсім дейді*

*Тұрмыс атын – тылсым дейді»,* – деген жолдардың өзі көп ойға бастайды.

Қаңтарда жанған сексеуілдің шоғындай, қызуын бойына жиған ақын жырлары өз күнін күтіп қаншама жылдар бұғауда жатты. Енді Мағжан ақынның талантына бас иіп қана қоймай, оны қазіргі ұрпаққа таныту – сыншылардың, Мағжан творчествосын зерттеушілердің қасиетті парызы.

Ақын «Көңіл» атты бір өлеңінде былай дейді:

*Сұм көңілге риза емен мен*  
*Тез жанад та, тез сөнед.*  
*Бір тілегін істесең сен*  
*Оған басқа ой келед.*  
*Жас баладан артық жеңсік,*  
*Мұндай нәрсе көрмедім.*  
*Тұрағы жоқ сайтан секек,*  
*Тіпті-ау сырын білмедім.*

Ақын көңіл перделерінің алуан қыртысын танып басып, адам жүрегінің алқыныс сәтін жырмен әдіптей білген. «Мен Жұмабаевты өлең сөздің мүлде өзгеше, асқан шеберлерінің

бірі деп есептеп келдім және есептеймін де, осы тұрғыдан қарағанда ол Абайдың лайықты мирасқоры. Ал, бірақ оның творчествосында өзі қалыптасқан, өмір сүріп, еңбек еткен, сосын қайғылы қазаға ұшыраған дәуірдің күрделілігі, қиындығы мейлінше анық көрінді», – дейді қазақ халқының, қазақ әдебиетінің ежелгі досы, Башқұртстан халық ақыны Сәйфи Құдаш 1969 жылы Қазақстан Жазушылар одағының басқармасына жазған хатында.

1912 жылы Қазанда М. Жұмабаевтың «Шолпан» атты жыр жинағы басылғаны мәлім. Бұл кезде Мағжан он сегіз-дегі уылжыған жас еді. Ол жырға бас қойды. Өз тағдырын осы жолға бағыштаған дарын иесі былай жырлап еді.

*Менсінбес жөпиемді көп маңғаздар,  
Тең таппай кекеп, мұқыр сансыз паңдар.  
Қайрылып қарамасын, «қап» демеімін,  
Табылар шыраққа көз салар жандар.*

Ол – ақын. Ақын жаны сезімтал. Айналасындағы паңдарға, өмірді өлшеммен есептейтін пысықайларға ол қайырылып та қарамайды. Ол көңіл шырағының жарығына жылынған жан. Бірақ оны сол кезең зұлматы қағып кетті.

Мағжан Жұмабаев, тегінде, лирик ақын. Оның көңіл күйін тербетіп, сезім шуағын себелер жырлары жүрек перненді қытықтап жатады. «Орамал» атты өлеңінің сюжеті жан азабына арналған. Көңілі күйзелісте жүрген ақын өз ғашығы – өлеңімен сырласады. Егіліп отырып бар күйін жырға төгеді.

*Қасірет батты жанымда,  
Уға толды жас жүрек.  
Орамалды жарыма  
Бітірем қашан кестелеп.  
Күз сарғайтты қайыңды,  
Мен де бірге сарғайдым.  
Қара бұлт жауып айымды  
Жылаймын, күйем, зарлаймын.*

Тегінде жарының монологумен берілген бұл жырда ақын өз жан азасын сездіреді. Алыста жүрген, айдауда болған ақын жүрегі шерлі, жаны жапада.



Шабыттың шаңқай түсіне жете алмай, дәуір дауылына ұшыраған ақын қасіреті қандай ауыр еді...

*Алмас қанат періште еді,  
Мекені оның зарышта еді.  
Жерді көрді қанға батқан.  
Жүрегіне қанжар кіріп,  
Жапан түзде аңдай ұлып  
Елді көрді зарлап жатқан  
Елді көрді – жерге түсті.  
Жерге түсті – көзге түсті.*

Кезінде таныла алмаған, талай жылдар саясаттың темір торлы тұтқынында жатқан жібектей ұлп етпе, нәзік жырлардың ағыны енді ағытылды. Мағжан Жұмабаев – Абай мен қазіргі қазақ совет поэзиясының арасындағы поэтикалық көпір. Ол енді өз өрісін, өз аспанын іздеген тұлпар мен сұңқардай арындап, қалықтай бермек.

## АҒА ТАҒЫЛЫМЫ

**Қ**андай мамандық иесі болсын, әркімнің еңбек жолында өзі үлгі тұтар, құрметтеп еске алатын жандары болатыны сөзсіз.

Мен үшін сондай абзал жанның бірі Құдайберген Дүйсенұлы Көпжасаров. Қазақ темір жолы, оның тарихы жайлы сөз бола қалса, бұл кісінің аты ауызға алынбай қалуы мүмкін емес.

1967 жылы теміржол инженерлері институтын бітіріп, вагон шаруашылығында жол бақылаушысы, шебер, вагондарға техникалық қызмет көрсету бөлімінде аға инженер қызметтерін атқарып жүрген кезім болатын. Жұмысқа жалын атқан жігермен, үлкен құлшыныспен келген жас маман ретінде жол қызметіне байланысты кез келген жаңалықты қалт жібермей бақылап отыратынбыз. Осы кезде теміржол қызметкерлері арасында өзінің іскерлік, ұйымдастырушылық қызметімен белгілі Құдайберген Дүйсенұлы ағамыздың есімі жиі айтылатын. Ол уақытта қазақ темір жолында бас инженерлік қызмет атқаратын Құдайберген Дүйсенұлы темір жол бойындағы жаңалықтарға, өнертапқыштық ұсыныстарға қолдау

көрсетіп, жаңалық иелерін үнемі көтермелеп, олармен түрлі кеңестер өткізіп отыратын. 1969 жылы Қазақ темір жолы бойынша өнертапқыштардың үлкен мәжілісіне қатыстым. Мәжілісті Құдайберген Дүйсенұлы жүргізді. Осы жолы мәжіліске қатысқан әрбір адамға ол кісінің мәжіліс жүргізуінен бастап, әрбір сөзі үлкен әсер қалдырды.

Құдайберген Дүйсенұлы аз сөйлейді, бірақ әрбір сөзі мағыналы, тайға таңба басқандай анық, көңілге қонымды. Әсіресе темір жолдың болашағы жөніндегі терең де, дәлелді тұжырымдары тындаушылардың көкейінен шығып жатты. Қазақстандағы темір жол құрылыстары, темір жолды қайта құру жайлы айтқан ой-пікірлері мәжіліске қатысушыларды қойылған мәселелерге сын көзбен қарауға жетеледі. Оның қысқа болса да мазмұнды әңгімесінен терең білімі, биік парасаты, талап қойғыштығы сезіліп-ақ тұрды. Жиналғандар Құдайберген Дүйсенұлын көп сөзділіктен аулақ, іскер, білікті маман ретінде қабылдады. Сөйтіп, көпшілікпен бірдей бұл мәжілістен мен де үлкен әсермен оралдым. Құдайберген Дүйсенұлының коңыр даусы, іскерлік тұрғыдан қозғалған келелі әңгімесі әрқашан есімді сақталып, өмірге бағыт беріп тұрғандай болды.

Темір жол саласында Құдайберген Дүйсенұлының тікелей қамқорлығымен көптеген игі істер жасалды. Мысалы, тек Шымкент қаласының өзінде шина, фосфор бірлестігі, асбестцемент құрастыру зауыттары мен мұнай өңдеу зауыттары үшін кірме жолдар мен станциялар салынды. Бір кездері маған темір жолдан қолүзіп, біраз уақыт партия, кеңес қызметінде болуға тура келді. Шымкент облыстық партия комитетінің өнеркәсіп, байланыс және көлік бөлімінің меңгерушісі, Түркістан қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кездерімде жаныма жақын темір жол саласына, оның әрбір шешуін күткен мәселелеріне қамқорлық жасауды борышым санадым. Осы кезде Құдайберген Дүйсенұлымен екінші мәрте кездесіп, жақын пікірлесуіме тура келді.

Түркістан қаласында түрме бар болатын, оның жанында 200 литрден 20 тоннаға дейінгі цистерна, құрылыс жабдықтарын шығаратын өндіріс орны болды. Қаланың республикамыздағы үлкен рухани орталық екенін, тәрбиелік мәнін

ескере отырып, қылмыс әлемінен аулақ болу мақсатын көздеп түрмені жаптыруды қолға алып, зауыттағы өндірісті басқа министрліктерге өткізуге мәселе қойдым және мәселе солай шешілді де.

Бір мектепте мәжіліс өткізіп жатқан кезім болатын, қасында бір топ жол қызметі бастықтары бар Құдайберген Дүйсенұлы келді. Ол құрылыс материалдарын шығаратын зауытты теміржолға беруге рұқсат сұрап келіпті. Бір жағынан сыйлы ағаның іскерлігін, бастаған істі аяқсыз қалдырмайтынын ескеріп, екінші жағынан сүйікті кәсібім – теміржол саласына деген ықыластан зауытты темір жолға беруге келісім бердім.

Құдайберген Дүйсенұлының Батыс Қазақстан темір жолында атқарған істері өз алдына бір төбе. Қазақ темір жолы 3-ке бөлінгенде Құдайберген Дүйсенұлы Ақтөбе қаласына Батыс теміржол басқармасының бастығы қызметіне келді. Басшылық тізгінін қолына алған күннен-ақ білікті мамандармен нығайту ісіне көп көңіл бөлді. Еңбекқорлық, жоғары ұйымдастыру шеберлігі, тәртіп, өзіне де, өзгеге де талап қоя білу – бұл ол кісіге тән қасиеттер екен.

Құдайберген Дүйсенұлы туралы айтқанда, басқа қасиеттерімен қатар үлкен парасат иесі, тәрбиеші ретінде атау да орынды. Батыс өңірінде ол кісіден тағылым алған, жақсы қасиеттерін бойына сіңірген адамдар көптеп саналады.

Дәм-тұз айдап Ақтөбе қаласына Алматыдағы темір-жол инженерлер институтының бөлімшесін басқаруға қызметке келдім. Әрі қарай Батыс өңірі үшін мамандар даярлайтын теміржол институтын ашу керек болатын.

Оқу орнымен таныса келе аты филиал болғанымен материалдық-техникалық базасы жоғары екеніне көзім жетті. Ұстаздармен сұхбаттасу, пікірлесу барысында қазіргі сабақ жүргізіп жатқан зәулім ғимарат құрылысы Құдайберген Дүйсенұлы есімімен байланысты екенін білдім. Болашақ теміржол мамандарын даярлау мәселесіне үлкен көңіл бөлген Құдайберген Дүйсенұлы. Одақ көлемінде мәселе қойып, жергілікті басшылармен тіл табысып, жоқтан бар жасағандай қаржы тауып, үлкен құрылысты бастаған екен.

Ақтөбе өңірінің халқы сол кездегі ол кісінің сәл қолы босаса-ақ құрылыстың басы-қасында болуын, оған байланыс-

ты әрбір ісін аңыз қылып айтады. Содан бері қаншама уақыт өтті, Батыс өңірінен мындаған жас осы ғимаратта дәріс алып, кейін темір жол инженері мамандығына ие болды. Үлкен жүректі абзал жанның халқына тигізген шапағатының бір ғана мысалы бұл. Батыс өңірінің өсуіне, темір жол саласындағы күрделі мәселелерді шешуге бар күшін салған Құдайберген Дүйсенұлын әріптестері әрқашан құрметпен атайды.

Құдайберген Дүйсенұлы кейін Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүрген кездері теміржол саласында тасымалдау жұмысы мен теміржолда жүру үлкен дағдарысқа ұшырап, экономиканың басқа саласынан кешеуілдеп қалған кезең болатын. Сондай жолдарда Құдайберген Дүйсенұлы тұйықтан шығу жолдарын қарастырып, теміржолды басқа салалармен теңестіруге бар күшін салды. Адам кайда жүрсе де жақсы істерімен, артында қалдырған айшықты іздерімен есте қалмақ.

Халқымызда «Жақсының аты өлмейді, дананың хаты өлмейді» деген сөз бар. «Адамгершілік қасиетті, ақ ниетімен ерінбей еңбек еткен азамат» деген атқа ие болу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Айналасына мейірім шуағын төгіп, көкейде өшпес із қалдырар қазақтың бір туар азаматы Құдайберген Дүйсенұлы оны білетіндер үшін ғана емес, оның атына сырттай қанық жан үшін үлгі болып қалатыны сөзсіз.

## ҚАРУ МЕН ҚАЛАМ

**Б**аубек Бұлқышевтің есімін жалаң аяқ, жалаң бас, таңның атысы мен күннің батысына қарамай, сәби саусақтарымыз тілім-тілім болып, анамызға еріп масақ терген сонау соғыстан кейінгі жылдарда біз алғаш рет естіген едік. Соғыс көрген ұрпақтың кез келгенінің көкірегінде айықпайтын мұң жататын. Біздің шағын ауылда ошағының оты өшкен үй көп еді. Өкелеріміз соғыстан оралмады. Құйтымдай жүрегіміз тілім-тілім болатын. Қабырғасы қатпаған бір топ жетім майданнан күн сайын жылт еткен қуаныш, жаңалық күтетін.

Сол уақыттарда «Мен өмір сүргім келеді» деген мақала оқыдық. Мақаланы жазған жанның ең алғаш фамилиясы емес, Баубек деген есімі жүрегімізге жазылып қалды.

...Жылдар жылжып өтіп жатты. Көптеген есімдер естен де шығып кетті. Бірақ біз Баубек Бұлқышевті ұмытқан жоқ едік. Оның қазасы бала жүрегімізге тағы бір жазылмайтын жарақат салып кетті.

Өмір өз дегенін істейді екен. Кешегі масақшы бір топ бала, енді өмірдің әр түрлі соқпағымен арман қуып әр қиырға аттандық. Алайда қайда, қандай жағдайда жүрсек те оның есімі бізге ерліктің символындай болып естілетін. Оның отқа оранған өлеңдеріне ғашық болып өстік. Өмірді жан-тәнімен сүйген асыл азамат жайлы көп жазылды. Ол туралы жазылған мақалаларды, естеліктерді іздеп жүріп оқитын едік. Сол жылдары «Өмір» деген мына бір өлеңін жатқа айтушы едік.

*Кел, кәне, өлім, кел бері,*

*Алысайық жекпе-жек.*

*Кім деп тұрсың сен мені.*

*Сені де жеңем басқадай.*

*Айқассаң егер маған кеп,*

*Көрерсің де айтарсың:*

*«Дүниеде өлім жоқ,*

*Түбіме жетті өмір», – деп...*

Бұл өлеңді сонау соғыс жылдарында біздің ауылдағы барлық бала жатқа айтатын. Біз Баубектей ақын болсақ, Баубектей батыр болсақ деп арман еттік. «Өмір мен өлім», «Жауыздық пен махаббат», «Шығыс ұлына, «Тыңда, Кавказ», «Заман, жастар, біздікі» сияқты әңгімелерімен біздің балалық қиялымызды баурап алды.

Оның қазасын естігенде, осындай абзал азамат, аяулы ақын мынау жарық дүниемен қоштасарда не ойлады екен деп күрсіндік. Әркім әр түрлі пікір айтты, таластық, ақыры ол өз өлеңдерінің өмірі жайлы өксік ойлар құшағында жатып көз жұмған шығар дедік.

Баубек Бұлқышев екі тілде бірдей шебер жазған. Сол кездің өзінде-ақ оның дүние жүзілік айтулы мәдениетпен бірге әр түрлі ағымдағы терең өмір философиясымен жақсы таныс болғандығын байқау қиын емес. Қан майдан төрінде жүріп қаруы мен қаламын қатар ұстаған Баубек ұрпақ үшін, болашақ үшін аса аяулы тұлға.

Оның 1942-1944 жылдары жазылған публицистикалық шығармалары – «Сапердің... хаты», «Шығыс ұлына хат», «Қымбатты украин кызы», әр жылдардағы жазылған хаттары, «Алматылықтар» атты романымен бірге «Балтық жағасында», «Жолаушы сыры», «Еврей кызы», «Көз алдымда», «Алтын балық», «Медальді овчарка», «Көсем сөзін тыңдаймыз», «Жаңа дүние», «Өмір», «Жүріп келе жатырмын», «Сырымды ашсам деп ем дүниеге» тәрізді өлеңдері көздің жасымен, жүректің қанымен жазылды. «Қадір түн», «Айсұлу» атты екі поэмасынан біз өмірінің ақтық минутына дейін еліне деген шексіз ғашық жүректің лүпілін тыңдай аламыз. Әр жылдары жарық көрген жалынды жастың алғашқы әңгімелері «Паровоз туралы ертегі», «Сөз», «Қорқынышты түс», «Лагерьден кайтқанда» секілді шығармаларынан лаулағалы тұрған шоқты аңғармау мүмкін емес. Егер соғыстан аман оралғанда «Абай және Пушкин», «Реалист жазушы Бальзак», «А.Н.Островский, А.И.Герцен», «Большевик жазушы», «Анри Барбюс», «Пушкин қазақ әдебиетінде» тәрізді зерттеу жұмыстарын жалғастырар ма еді деген өкініш өзекті өртеп, әр түрлі ойға батасың.

Қазақстан Жазушылар одағында, Ұлы Отан соғысынан оралмаған қаламгерлерге арналған ескерткіш тақтада Баубек Бұлқышевтің де есімі тұр.

*...Сендерсіңдер сағынып бағаларым,*

*Ерліктерің қастерлеп бағаларым.*

*Қаруы мен қаламын қатар ұстап,*

*Алыста қалған менің ағаларым, –* дейді оның ұрпағы, өлеңді сүйген бір жас ақын.

## БІЗДІҢ САТТАР

Саттар Ерубаев. Осынау әдемі әуендей есім есімізге Соралған сайын көңіліміз толқиды. Саттар Ерубаев атындағы үлкен көшеде келе жатып оның өлеңдерін іштей қайталаймын:

*Өмір деген тұңғиықтың түбінде мен жүр едім,*

*Өлім деген суық сөздің тілінде мен жүр едім.*

*Өмір деген өксігімді баса алмастан жүр едім*

*Бір жабыққан көңілімді аша алмастан жүр едім...  
...Ағаш-екен ағаш тағы көп көгеріп, қуарар,  
Сенің өмірің бір-ақ рет көгерер де суалар  
Ебелектей ербең етіп жер бетінен кетерсің,  
Өмірге өзің жәнсіз қайғырмай өтерсің...  
Өмір деген өксігімді баса алмастан жүр едім,  
Өнерімнің барлық гүлін аша алмастан жүр едім...*

Қайталап оқыған сайын аяулы ақынның адамдық, азаматтық тұлғасы сомдала, айқындала түседі. Саттар Ерубаевтың балаң бейнесі биіктеп сала береді. Қысқа да болса аса мағыналы оның жүріп өткен өмір жолы мәңгілік үлгі-өнеге болып қала бермек. Тарихтың сарғыш тартқан беттерін аударып қарап отырсақ, сонау 1927 жылы жап-жас Саттар Ерубаевтың Түркістан аудандық комсомол комитетіндегі қызмет істеген жылдарынан бастап, Қазақ ССР Оқу халық комиссариатының жоғары оқу орнына дайындау курсына, Ленинград философия және тарих институтын бітіретін 1933 жылдары есімізге оралады. Саттар Ерубаевтың осынау 1933 жылдары екі жолдасымен түскен (жанындағы екі жолдасының аты-жөндері белгісіз) суретін белгілі жазушы Шерхан Мұртазаев жазушының Түркістандағы музейіне арнайы тапсырды. Қазақстанға оралған соң Саттар Ерубаев «Ленинская смена» газетінің мәдениет және әдебиет бөлімін басқарған жылдары, онан соң «Лениншіл жас» газетінде редактордың орынбасары қызметімен қоса ғылыми ассистенттік жұмысты қатар алып жүруі, Қазақстан Жазушылар одағының I-съезін өткізуге дайындалу жұмысына белсене араласуы кім-кімге де ой салары анық.

1934-35 жылдардағы «Қарағанды пролетариаты» газетінің редакторының орынбасары қызметі кезеңі, Ленинград университетінде оқыған жылдары, ҚазПИ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті (1936-37) болған жылдары бізді еріксіз елжіретеді. Бұл өмір жолы. Қысқа-қысқа қайырғанда бірінші өмір жолы. Ал, екінші өмірі, яғни мәңгілік өмір жолы Саттар Ерубаевтың әдеби шығармалары баспасөзде жариялана бастаған 1929-30 жылдардан басталады. 1932 жылы жарық көрген «Тракторшы комсомолдың жыры», «Ақын жыры», «Колхоз базарында», «Өмір келбеті», «Жал-

қаулар», «Сенбіліктен қашқан бәтеңке көрдіңдер ме?», «Қолғабыс» (1933), «Үш шахтер туралы» баллада, өлеңдері мен «Бақыт», «Келесі соғыс туралы», «Балалар әдебиетін жасайық», «Ақпарға ашық хат», (1934), «Төрт қыз» (1935), «Меруерт алқа» (1936), аяқталмай қалған атақты «Менің құрдастарым» романы (1937) бүгінгі күнге дейін халықтың қолынан түспейтін қымбат кітапқа айналып отыр. Рахметтей болып өсуді ұлдарымыз, Лизадай болып өсуді қыздарымыз армандады десек қателеспейміз.

Рахмет пен Лиза бейнесі халық жүрегінде өз интеллигенциясының алғашқы өкілдері ретінде ұялап қалды.

«...Осыдан он бес жыл бұрын Оңтүстік Қазақстанның Кішкентай қыстағында коммунист Бердәлі қаза тапты. Ашыққан халыққа арналған азық-түлікті қорғап тұрғанда оны басмашылар ауыр жаралап кетті. Ол менің ағамның үйінде жатты. Өлер алдында ол:

– Мен, бақыттымын. Ризамын өлімге! – деді.

...Оның ақырғы сөзін бүкіл қыстақ естіді. Өлген адамның бақытын ешкім біле алмады.

...Бұл ертеде болып еді. Онда мен жетіде едім. Содан бері мен талай рет бақытпен кездестім. Ол менің қолымда болды. Мен онымен Нева проспектісінде серуендедім, Қарағанды даласында да қолтықтасып бірге жүрдім. Керек десең, менің өмірімнің өзі бақыт.

...Біз бақыт шыңына шабуыл жасадық. Бұл бақыт үшін, халық бақыты үшін біз өлуге дайын болдық. Міне, өлген Бердәлінің бақытын мен сонда ғана түсіндім.

Бұл Саттар Ерубаевтың «Мәңгілік өмір туралы жыр» атты шығармасынан үзінді. Иә, өзі айтқандай Саттар Ерубаев «бақыт шыңын» ерте жаулап алғандардың бірі, бірегейі еді. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының алғашқы лауреаты Саттар Ерубаев атында, қазіргі таңда республикамызда санаулы болса да мектептер мен көшелер бар, пионер дружиналары мен әдебиет үйірмелері жұмыс істейді. Жуырда Түркістан қаласында Саттар Ерубаевтың музейі ұйымдастырылды. «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы жалынды жазушының музейіне экспонаттардың жетіспейтіндігі жөнінде халыққа тиісті орындарға үндеу-мақала жариялаған себебім де сондықтан еді.



Саттар Ерубаеттың әрбір шығармасының сөзбен салынған сұлу суреттерінің астын аударып, астарын түсініп оқу керек екендігін халқымыз түсінетін дәрежеге жетті. Бар-жоғы жиырма үш жыл ғана ғұмыр сүрген адамның соңынан осыншама мағыналы өмір жолы, үлкен мұра қалуы қай халықта да болмасын өте сирек кездесетін құбылыс. Иә, Саттар Ерубает туған әдебиетіміздегі құбылыс еді. Сондықтан да оның есімі ыстық. Халқы оны мәңгілік мақтаныш тұтады.

...Саттардың балалық шағы өткен атақты, тарихи Түркістанға тағы да күз келді. Ағаштарға ала жаздай көрік берген жасыл жапырақтар сарғая бастады. Енді сәл күннен соң олар ағаштардың бұтағынан үзіліп түсіп әлдеқайдан соққан желмен әлдеқайда ұша жөнеледі. Осынау көрініске көңіл толқиды. Осынау сап-сары сағыныш жапырақтарын кешіп келе жатып еріксіз Саттар жайлы ойларға берілеміз.

Тарының қауызына сыйғандай аз ғана өмірде ұлы мұра қалдырған Саттардай перзент тапқан халықтан айналасың. Менің Саттарым дейсің іштей толқып. Сонан соң оның нәзік музыкаға толы алаулы жырын еріксіз іштей оқи жөнелесің:

*...Өмір деген өксігімді баса алмастан жүр едім,*

*Өнерімнің барлық гүлін аша алмастан жүр едім...*

Ия, өмірінің өксігін баса алмай, творчествосының да барлық гүлін аша алмай кеткен Саттар Ерубает қазақ совет әдебиетінің аспанына бір-ақ рет жарқ етіп көтеріліп, жалт етіп ағып түскен жұлдыздардың бірі еді. Ол аз жасаған ғұмырында құнын жоймайтын, күн санап бағасы арта беретін өшпес мұра қалдырып үлгерді.

Саттар жас болса да елге бас болуға лайық азамат еді. Оның өзінен он-жиырма жас үлкен, қоғам қайраткері, қазақ совет әдебиетінің іргесін, шаңырағын көтерген көркем сөздің шебері Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Асқар Тоқмағамбетовтердің шығармаларына әділ баға беруі – жиырма жасар кез-келген жігітке оңай шаруа емес екені белгілі. Сөзіміз дәлелді болу үшін нақты мысалға жүгінейік: «Сәкеннің жазғандары көп. Сәкен тек өлең ғана жазбайды. Өлеңмен бірге қара сөзді де, пьесаны да жазады... Әдебиетке жаңа мазмұн, жаңа түр кіргізді. Сонымен Сәкен қазақ совет поэзиясының басты ақыны бола алады» десе, «Көр-

кем сөздің ұстасы Бейімбет – қазақ новелла жанрының негізін салған жазушы... Ги де Мопассан сияқты Бейімбет Майлиннің новеллаларын оқығанда, оқушының ойында бір түрлі лирикалы сезім қалады», – деп 1936 жылдың өзінде-ақ дұрыс төрелік жасаған.

Ал «Асқар Тоқмағамбетов біраз өлеңдерінде әрбір мәселенің маңызына жақсы жетіп, оның түпкі мақсатына түсініп жазбайды. Асқарда жаңа көтерілген мәселеден қалмаймын деп жылдам даусын қоса салу бар.

Қарқын, әрине, керек. Бірақ қарқын мен сапаны бір-біріне қарсы қоюға болмайды» – деп, 1932 жылы 18 жасында сын пікір айтудың өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Сондай-ақ, Саттар сол кездің өзінде, яғни, 1931 жылы Ленинградта оқып жүргенде, нағыз сезімтал интернационалист екенін танытады. Оған дәлел, әкесінің өлгендігі туралы Саттарға хабар тиіп, қайғырып жылайды. Сонда оған грузин досы Сивадзе: «Қайғырма, біз екеуміз Совет өкіметі дейтін өлмейтін әке тауын алғанымыз жоқ па?» – дейді. «Сонда мен қайғыдан емес, қуанғандықтан жылап жібердім. Өмірде жалғыз еместігімді сездім» дейді. Бұл сияқты сезім мен ұғым балаң жігіттің ойына кіру былай тұрсын, өмірдің талай-талай тосқауылына кезігіп, оның тауқыметін көрген, тоқтасқан адамның басына да келе бермейтін жәйттер ғой.

Ал Саттар жас болса да өмірді, бақытты шексіз сүйген. Ол: «Өмірге сүйген жардай ғашық болғандардың бірі – менмін!» – деп бар даусымен: айқайлап тұрып айтатын, өзге жұрттың да кіршіксіз адал, бақытты өмір сүруін қалайтын нағыз совет жасы болғанын біз әлі жете біле бермейміз-ау.

Осы сияқты біз оқып жүрген басылымдардың беттерінен Саттардың қай жылы, қайсы айдың нешесі күні және оның туған жерінің анық көрсетілгенін кездестіре алмай жүрміз. Бұлай дейтін себебім, 1937 жылғы 5 шілдеде Саттардың қазасына байланысты «Лениншіл жас» газетінде берілген қазанамада «Саттар 1914 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір ауданында туған» десе, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы 2 шілдедегі санына жарияланған мақалада «Саттар 1914 жылы Түркістан ауданында туған» деп жазыпты. Ал кейінгі шығып жүрген Саттар туралы өмір-

баяндық деректердің бәрінде де бұрынғы айтылып жүрген екіұшты пікірлер сол күйінде түзетілмей қайталанып жүр.

Шәуілдірлік Ә.Шілтерхановтың Саттар туралы жазған естелігіндегі Асқардың Пәтектен (бірінші әйелінен) туған Есімнің баласы Әшімнің: «Саттар екеуіміз түйдей құрдас едік, жылымыз сиыр еді» дегенінің жаны бар сияқты. Өйткені қазіргі жыл санаумен есептегенде, бұл 1913 жылға тура келеді. Осы пікірді «Мәңгілік өмір» новелласында «Бұл 1920 жыл болып еді. Онда мен жеті жаста едім!» деп, Саттардың өзі де анық айтып тұрған жоқ па? Олай болса, біз Саттардың туған жылы мен ай-күнін, оның ата-тегін осы уақытқа дейін неге жетік білмейміз, оны неге анықтап бір жүйеге келтірмейміз! Қазіргі таңда Қазақстанның бір өзінде бес жүзден аса ақын-жазушылар бар. Солардың ішінен санаулысы ғана Саттар жайлы үстірт жазылған бірен-саран арнау өлеңдерін басылымдарға жариялады. Одан басқа ештеңе жоқ. Ал ғалымдарымыз (М.Алтынбекованы қоспағанда) осы уақытқа дейін жұмған ауыздарын ашпай келеді.

Біздің ренжитініміз, Саттарды жан-жақты зерттеп, оны әлемге әйгілейтіндей ғылыми еңбектер неге жазбасқа!

Көне көз, кәрі құлақтардың айтуынша, Саттардың түпкі атасы Итемген, руы – божбан. Итемгеннен Бақтыбай, Өтеулі, Мендібай. Ал Мендібайдан Байғозы, Құлшық туады. Осы Құлшықтан Ерубай, ал Саттар Ерубайдың Асқар деген баласынан туған.

Бұлардың атақоныс мекен-жайы – Түркістан генерал-губернаторына қарасты Сырдария облысының Шымкент уезіне тән Шағатай болысы. Саттар осы болысқа қарасты 21 ауылдың жайлауы саналатын, суының тұщылығынан сол өңірге әйгілі «Асқардың құдығы» атанған Ұзынқұдықта сиыр жылы қой күземі біткенде, айдың орта шенінде туған көрінеді. Ал күземнің қыркүйек айында аяқталатыны белгілі. Ендеше біз жете білмейтін Саттар 1913 жылы қыркүйек айының 14-15-терінде туғаны анық.

Тегінде, біз ерте тұрып көштен кеш қалып жатамыз да, барымызды ұқсатып, жұртқа көрсете алмай, ең соңынан қимылдайтын әдетіміз бар. Бұған дәлелдер көп, оның бәрін тізбектеп келтіре берудің қажеті де шамалы болса керек.

Осы орайда, бір айта кететін жәйт: Саттардың қазіргі әдеби-мемориалдық музейін тиісті орындарға сан рет мәселе етіп қойып жүріп, зорға аштық.

1988 жылдың қазан айынан бастап облыстың тарихи-өлкетану музейінің Түркістан қаласынан С.Ерубаявқа арналған әдеби-мемориалдық секторы болып шаңырақ көтерді. Әрине, қуанышымызда шек жоқ. Міне, содан бері біраз уақыт өтті. Музей үшін арнайы есеп ашылып, түскен қаржыға бірталай жұмыстар атқарылды. Жиналған экспонаттардың жалпы саны үш жүздің үстінде. Материал әлі де жиналу үстінде. Бірақ Саттардың жеке басын бағалап, оның өзін жете білмегендіктен, жергілікті халықтың оған деген ықылас-ынтасына мән бермегендіктен, облыстық мәдениет жөніндегі комитетінің кейбір жігіттері «Саттар өте аз өмір сүрген, сондықтан оның артында қалдырып кеткен ауыз толтырып айтарлықтай дүние-мүліктері жоқ, болғанның өзінде олардың саны бес жүзге жетпейді. Осыған байланысты Саттардың музейін (секторын) Әзірет-Сұлтан қорығының қарауына беріп, оған бір бұрыш ұйымдастырса жетеді» деп басшылар арасына теріс түсінік туғызып жүр. Осыдан барып, бір істі бастамас бұрын, оның қыр-сырын неге жете тексеріп, оның маңызы мен мәніне неге көз жеткізіп алмайды деген ой туады.

Дегенмен, бұл жерде заң деп қатып қалмай, алтын мен мысты, арзан мен қымбатты ажырата білгеніміз жөн ғой, ағайын.

Сондықтан болмашы шығынға тарлық жасамай, қайта Саттар музейін облыстық тарихи-өлкетану музейінен іргесін бөліп, оған қамқорлықты күшейте түскен жөн.

***1990ж. Қараша айы.***

## МҰХАҢНЫҢ МЫЛТЫҒЫ

**Ж**ол түсіп Қызылқұм өңіріне бара қалсам Отырар музей-қорығына соқпай кетпеймін. Осында мен ежелден танитын бір кісі бар. Ол – Абдолла Жұмашев. Бұл кезінде Дүкенбай Досжанов шығармасына кейіпкер болған нағыз музей адамы – Асантай Әлімовтың шәкірті.

Осы Абдолла Оңтүстік өңірі, Отырар, Қаратау атырабының ақындары жайлы мол деректер, мұралар пайдаланған, мүліктер жинаған. Осы музей үйінде Мұхаңның мылтығы сақтаулы тұр. Ол қайдан келген? Кезінде Мұхтар Әуезов «Өскен өркен» романын жазу мақсатымен оңтүстік өлкесіне бірнеше рет сапар шеккен. Сол сапарында бірге жүрген жолбасшылар мен қарттарға: «Созақ ауданында өзі құсбегі, өзі ағаш шебері, әрі аңшы Ұрмұз есімді қария бар дейді. Мені сол кісіге жолықтырыңдар», – деп қолқа салады.

Жолбасшылар Мұхаңның тілегін екі етпей, Ұрмұз қарияның үйіне ат басын бұрады. Көпті көрген көне көз қария алыстан келген қонақты қадірлеп, аттан түсіріп, төріне отырғызады. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыс жасар қарт сәлем береді», – деген қағиданы мықты ұстанған халықпыз ғой. Теріскейде өзімен өзі отырған тыныш ауыл зиялы қонақ келген соң қария үйіне ағылады. Бұл бір айтулы отырыс болады. Мұхаң кіре сала төрде, тұғырда тұрған қос қыранды көріп, танданысын жасырмай:

– Пай-пай, арлан қасқырға салар тау қыраны екен-ау! – деп, орнынан тұрып, қыранның ол жақ, бұл жағына шығып танданады. Одан соң, төргі үйдің төрінде ілулі тұрған әр формадағы домбыра, қобыздарды көріп шын таңырқайды.

– Уә, Үке, сіз аңшы, құсбегі ғана емес, шебер де екенсіз ғой? Мына аспаптарды өзіңіз ойдыңыз ба? Тарта аласыз ба? – деп сұрайды.

– О не дегенің, мұны ойып, қиып жасаушы оны ойнай да білу керек емес пе?! – деп Үкең ілулі тұрған қобыздың бірін қолына алады. Содан соң, мұңды да сазды бір әуенді сызылта жөнеледі. Заңғар жазушы Ұрмұз қарияның үйінде біршама уақыт болады. Қарияның сегіз қыры мен бір сырын қағазға түсіреді. Соңыра ауылдың игі жақсылары құрмет-

теп, жолға аттандыларда Ұрмұз қария Мұхаңа ойлы пейілмен қарап тұрып:

– Ал, Мұхтар, қарағым, ауылға сирек келер қадірлі қонақтарымыздың бірісің. Саған домбыра да, қобыз да таңсық емес. Ағанның өзіңе сыйлаған тартуы болсын. Қаласан мына қос қыранымды ал, – дейді.

– Үреке, ниетіңізге ризамын. Ел аралап жүрген жайым бар. Сапарым салт болса алар едім, – дейді Мұхаң.

– Онда құс мылтығымды ал!– деп қиылады қария. Қарт кісінің көңілін қимай, сабырлы парасатпен аз-кем бөгелген ұлы кемеңгер:

– Былай істейік, Үке, – дейді. – Жуырда астанада Қазақстанның 40 жылдығына арналған үлкен той өтеді. Сізді сол тойға арнайы шақыртамыз. Бұл сыйларыңызды сол тойға ала барыңыз, – дейді.

Қарияның көңілі судай тасып, ризашылығын білдіріп қала береді. Тойдың болғанынан боладысы қызық. Күндер өте береді. Қарт көңілі қияда. Той болатын күнді саусақпен санап жүреді.

«Тағдыр таланы» деген сөздің астарына біз кейде мән бермейміз. Өкінішке орай Мұхаң сол тойға қатыса алмайды. Ұлы заңғар уәдесі өзімен бірге өтелместен кетеді. Үрекең тойға шақырусыз қалады. Мұханның қазасын естіп, қарт аңшы қатты егіледі. Қос қыранын тұғырына қондырып алып, тауды бөктерлеп ұзақ жүреді. Қарт көңілі сол сәтте не ойлады екен? Кім білсін. Әйтеуір бір байламға келген қарт жақпар тасқа шығып, қос қыранның балақ бауын ағытады. Толқып сөйлеген Үрекең:

– Мұханның арқасында ұлы тойды көрсем деп едім. Оны тәңір жазбады. Ей, Мұхтарға атаған қос қыран! Осындай бір ұлы адам өтті өмірден. Құс ғұмырларыңды соған бағышта-сам ба деп едім. Енді сендер еркіндікте жүріңдерші! – деп ұшырып жібереді.

Күз келіп, жерге алғашқы қар түскенше ауылды айнала ұшып, келіп-кетіп жүрген қос қыран қыс түсе ауылмен мүлде қоштасыпты.

Сол көне көз қария мен Мұхаң арасындағы кездесудің көзі болған құс мылтықты Абдоллаға Ұрмұз қарияның ұлы Файзолла Ұрмұзов сыйлапты.

## ІЛИЯС АҒА ТУРАЛЫ ЕКІ АУЫЗ СӨЗ

Әрбір адамның алдына қойған мақсаты болады. Әркім қиял құсының ұшқырлығына орай қимыл көрсетеді. Қаршадайымнан менің ең бір сенімді серігім кітап болды. Ол еш уақытта сатып кетпейді. Ол еш уақытта екі сөйлемейді.

Міне, осынау қасиетті кітаптар арқылы өмірге деген көз-қарасым қалыптаса бастаған сонау балаң шақта менің жүрегімнің терең түкпірінен мәңгілік орын алған халқымыздың абзал азаматтарының бірі – марқұм Ілияс Омаров. Артына туған елі, халқы айта жүрерліктей үлкен-үлкен еңбектер қалдырған Ілияс аға Омаров менің жадымнан мәңгі өшпейтін бейненің біріне айналғалы қашан.

Ташкент тәсір жол институтының кешегі студенті маған ол кісінің жазған ойлы әдеби сын мақалалары кездейсоқ тап болды. Екеуіміз екі ұрпақтың өкілі болсақ та, тағдырымыздың аздап ұқсастығын кештеу білдім. Өмір Ілияс ағаны да еркелетпепті. Ардақты әкесінен ана құрсағында, аяулы шешесінен жеті жаста жетім қалыпты. Балалар үйінде, Совет мектебінде сүйікті партиямыз оған да әке орнына әке, ана орнына ана болыпты. Бұның барлығы айтуға ғана оңай. Жиырма жасынан қоғамдық іске белсене араласқан Ілияс Омаров өмірінің соңына дейін сол бір дара шабысынан танбай өткен жүйрік еді. Бүгін арамызда өзі жоқ болса да, оның асыл мұрасы біздің қолымызда. Азамат аға жауапты қызметтер істей жүріп, туған халқының мәдениеті мен әдебиетіне белсене араласып, үлкен жанашырлық жасап, көп қамқорлық танытты.

Ілияс Омаров көз алдындағыдан әріні көрмейтін қайсыбір өркөкірек басшылардай емес, жүрегі шын мәнінде ел деп соққан асылдарымыздың бірі еді.

Ілияс Омаровтың әр жылдарда жарық көрген «Әдебиет туралы ойлар», «Серпін», «Шабыт шалқары», «Әдеби талғамдар» тәрізді әдеби-эстетикалық сын кітаптарына туған әдебиетіміздің толғақты, түйінді жайларын, табысы мен тасқынын кең масштабта қарастырып, зерттеп зерделеген мақалалары енген. Өзгесін былай қойғанда, бүгінгі күн тәртібінен түспей отырған ана тіліміз жайлы толғанысының өзі не тұрады. Атақты ақын Сара жайлы немесе Бейімбет

Майлин хақындағы ойлы пікірлері, қазіргі атышулы ақынымыз Сырағаң – Сырбай Мәуленов туралы сырлары қандай шынайы, парасатқа толы. Ілекең Абайдың, Сәкеннің, Ілиястың, Мұхтардың, Сәбиттің, Ғабиден Мұстафиннің, Асқар Тоқмағанбетовтың, Тайыр Жароковтың, Ғали Ормановтың, Қасым Аманжоловтың, Әбділда Тәжібаевтың, Бауыржан Момышұлының, тағы басқа да көптеген халқымыздың аяулы перзенттерінің шығармаларын қалт жібермей қадағалап оқып, олардың шығармалары, жазу шеберлігі жайлы көп-көп салмақты дүние жазды. Ғабит Мүсірепов: «Марқұм Ілияс Омаров, әрі кең серпінді мемлекет қайраткері, әрі терең ойлы, адал да, әділ әдебиет сыншысы еді», – деп тебірене жазуы көп нәрсенің шетін аңғартып тұрған жоқ па?

Дегендей-ақ, Ілияс Омаров орыс әдебиетін аса жетік білген, орыстың үлкен-үлкен А.Фадеев, Л.Леоновтай жазушыларының да шығармаларын талдап-таразылап, өрелі пікірлер айтқан. Заманымыздың алыптарының бірі Михаил Шолоховтың «Көтерілген тың» романына арнайы мақала жазу мемлекет қайраткері үшін сирек кездесетін жәйт.

Ілияс аға өзінің «Бауырмал құшақ аясы» атты шағын мақаласында: «...Мен Соболевпен, Леоновпен, Тихоновпен, Бубенковпен, Горбатовпен, В.С.Ивановпен, Маршакпен, Сергеев-Ценскиймен, Софроновпен, Скосыровпен, Кедринамен, Сельвивскиймен және басқа да көп-көп орыс жазушыларымен жүздестім», – деп жазады.

Біз бұл жолдардан туған халқының әдебиетін жан-тәнімен сүйген, сол әдебиеттің ұлы орыс әдебиетімен үздіксіз байланыста болуын жан-тәнімен қалаған, қам-көңілділікті сеземіз.

Халқымызда «Домбыра ұстаған адамнан жамандық күтпе» деген тамаша мақал бар. Халық тағдырын дүмбілездеу, ұр да жықтарға емес, жүрегі нұрға толы, сезімтал, сергек осындай азаматтарға көбірек тапсырса, көп нәрсеге артынан өкінбес едік-ау.

Әдеби ортадан аулақта жүрсем де оқыған шығармаларым жайлы әр жылдарда ой түртіп, іздене түсуіме Ілияс ағаның ықпалы көп болды. Өмір мен көркем әдебиеттің тамыры тереңде жатқан ұлы байланысын танысам, тапсам деген құштарлық көкейге түйіп, көңілге алғанды жазғызбай қоймады...



## БИКТЕН ШЫҚҚАН ҮН

Сәкен, Ілияс, Бейімбеттерден соң қазақ әдебиетінің есігін ұяла ашып, адымын тарта кірген таланттың бірі – қазақтың көрнекті ақыны, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ә.Тәжібаев.

Ол кісінің қаламынан жыр да, драма да, тіпті, прозалық шығармалар да туды. Олар кезінде оқырман қолына тез жетіп, жүректеріне жылы ұялай білген құнды дүниелер болды. Әбділда ағаның тамыры тереңге кеткен, бұтағы биікке жеткен творчествосы жайлы көп жақсы сөз айтылды. Айтыла бермек.

Ақын ағаның «Күзгі жапырақтар» жинағын ойымызға не ұялатар, жүрегімізді қалай өлендетер екен деген көңілмен парақтаған болатынбыз.

Оның себебі де бар еді. Өйткені, жақында бір сыншының аузынан: «Қарт ақындар жырын ешкім де оқымайды. Олар тамыры жер астында бытысқан, бұтағы көкте шатысқан кәрі емен секілді. Олар өсіп-өсіп көкті бермейді. Жанындағы тал, теректердің таралып өсуіне, биікке ұмтылуына күн сәулесін де қимайды. Оларды әдебиет бағынан аластау керек» деген ауыр сөз естідім. Ауыр сөз. Зілді ойдан туған ащы сөз.

Оларды әдебиет майданынан тайдырса, алды-арты тізбектеле созылған ұлы көштің басы ойсырап қалмас па? Осы жерде әлгі бала сыншының сөзі соңғы ойсырап қалған олқылықтарды еске түсіргендей болады. Тұу баяғыда-ақ кейбіреулер «Өмір өзгерді. Лириканың қажеті жоқ» деген екен. Бірақ лирика жазыла беріпті.

Жинақтың беташар өлеңі сарғайған күзгі жапырақ шуылындай сыбдырап құлаққа жағымды естілді.

Қарт ақынның жүрегі әлденеге қоңылтақси береді.

*...Жел жырлайды оқиғасын өткеннің,*

*Ойнайды екен жаннан безіп,*

*Отпен кім?*

*Ақ семсері,*

*Көк найзасы сынғанша*

*Кең даламда жсаудың қанын төккен кім?*

Ол кім дейсің?  
 Менің атам айтайын.  
 Ар-намысы көрмеген бір ортайып.  
 Қыршып кетіп,  
 Жауды да өзі сындырды,  
 Мен секілді отырмаған қартайып.

Ақын бұл тұста өзін өзі қартайма, қажыма деп қайрай-  
 тындай.

Тозса да табан тоқтаман,  
 Қозғала берем ілгері.  
 Тоқтасам тұрып қаламын,  
 Өнбейді қайта жүргенім.  
 Кешеден жеттім бүгінге,  
 Кетемін тағы ілгері.  
 Жол қалай өнбей қозғалмай,  
 Жетелей қоймақ кім мені?

Қазір қазақ поэзиясының кемел шағы, қазақ өлеңінің өркендеп өскен кезі. Ағылып өтіп жатқан жылдар өлеңге жаңа есімді әкеліп тастап кете береді, кете береді.

Соның ішінде, әсіресе, көнені көріп, көпті бастан өткерген аға буынға артар салмақ аса ауыр. Отыз үштің қырғыны, отыз жетінің ойраны, қырық бірдің азасы. Әбділда сынды абзал ағалар сол қырғынға кіріп, ойранда жүрегін ұстап, азаға көз жасын сығып шыққан.

Біз немене,  
 Дәріптерлік неміз бар,  
 Күллі әлеммен салыстырып қарасаң?  
 Өзімді де біліп болған жоқпын ғой,  
 Қаниша менде – ұят, намыс, парасат?

Жұмыр басты пенденің өзіне өзі ұқсас кезі аз емес. Ақын да адам. Өз бойынан, өз пиғылынан кереғарлық іздеп жатса, өзін өзі таппай жатса, өзіне өзі көңілі толмай жатса – несі айып. Өмір жолы қос рельсті болат жол емес. Жинақта көңіл күйлері мен уақыт үнін айшықтаған жырлар да көп.

Жетпістің жасым биыл бесеуінде,  
 Айналды өмір, шіркін, кешеуілге.  
 Күн ұзақ күн шуақта өлең жазып,  
 Түн ұзақ ыңқылдаймын төсегімде.

*Жеткенде жетпісімнің бесеуіне,  
Қосылдым құбыжықтар есебіне.  
Жарқылдап отыратын Әбділда едім,  
Айналдым кемпірімнің көсеуіне.*

Өмірдің отына өртеніп, жалынына жалындап жанған Әбділда ақын енді осылай толғанады. Кең арнаның айдыңға айналар тұсында, су шымырлап ағады деуші еді үлкендер. Қарт ақын көңілі де сол сияқты. Баяу ғана бұлқынады.

*Ел байлығы ақынның жыры емес пе,  
Жыры оның айы мен күні емес пе?  
Көлдей шалқып жүргені, желдей есіп,  
Дүниедегі бақыттың бірі емес пе?  
Ол бақыттан ажырау қиын маған,  
Байлығым сол – шашылған, жиылмаған.  
Поэзия – жанымның жарық оты,  
Мансапқорлық әуелден бұйырмаған.  
Әкем шаруа кісі еді еңбектенген,  
Өмір бойы алысқан дөңбектермен  
Егін еккен, мал баққан, қора соққан,  
Айналыспай жеңілтек еңбектермен...  
...Жалтағым жоқ, біреуге жалпағым жоқ,  
Байлап тұрған қолымды арқаным жоқ.  
Тура басып келемін, тура айтамын,  
Сөзім менен ісімде жалтару жоқ...»*

Адам қартайған соң сәл кідіріп, артына бұрылып, өткеніне ой көзімен үңіледі.

Өмірін өлеңмен өріп келе жатқан ақынның кәрілік, қарт адамның жан күйі жайлы сырлы өлеңдері жаңа кырларын ашты.

Төрт бөлімнен тұратын бұл кітап болмыс жүгін арқалап тұр. Оның шындығын уақыт, қоғам аясында ұрпақ көзімен таразылайды.

*Шалмын ба мен өшетін шаммын ба мен,  
Шариадым ба, қалтырап қалдым ба мен?  
Өсек қоспай билігін өздерің айт,  
Отырмын гой жалтақсыз алдыңда мен...*

Бұл не? Шау тартқан көңілдің шаршауы ма? Әлде оқырман алдында ақталу ма? Екеуі де емес, ол өз ойын өлеңмен өрген жүректің коңылтақсуы. Сексенге келген қарт ақын

жүрегі әлі де алабұртады. Ол бір жырында былай деп толғанады.

*Армансыз адам өтпейді,  
Аз емес менің де арманым.  
Ойымнан тіпті кетпейді,  
Сексенге келіп қалғаным.  
Ұзарып жасың жеткенде,  
Молаяды екен күдіктер.  
Алыстайды екен өткелдер  
Алыстайды екен үміттер.*

Өлең кешегіден бүгінге, кәріліктен жастыққа қарай өрбиді. Кітаптың өне бойында жастық пен кәріліктің ара-салмағы екшеле баян етіледі.

«Ұрпақ», «Әрбір күнім – бір өмір», «Жабырқаса жүрегім», «Жүрегім», «Өткендерді ойға алсаң...». Осы өлеңдердің бәрі де ақынның азаматтық өресі мен ақындық серпінін тағы да таныта түскендей.

*Мен көрмеген ештеңе жоқ өмірде,  
Көндіккенмін ауырға да, жеңілге.  
Қақпа мені қарсы алдымнан, суық жел,  
Үйренгенмін сиқырыңа сенің де, –* дей келіп, ақын ойын былай қорытындылайды:

*...Көргенім жоқ қорқып мені тосқаннан,  
Бөгелмедім айтақтап ит қосқанға.  
Жан емеспін жаладан да жасқанған,  
Қорқамын тек айнымалы достардан.  
Сақта, тәңірі, жалған сөйлер бұзықтан,  
Жазықсызды жылатуға қызыққан.*

Өмірдегі арпалыс, көре-кере көсем болу мәні, адамдар арасындағы бет-перделі арамзалық ақын өлеңіне өзек болған. Барға мәзір, қанағатқа, тоқмейіл, тоқ көңілге емес, арпалысқа, ізденіске, құлшынысқа тәрбиелеуге шақырады лирикалық қаһарман. Ө.Тәжібаевтың бұл жинағы өмірді тану үстіндегі мазасыз ізденіске, ішкі драматизмге, рухани арпалысқа толы.

*Жас дүнием сәулетті еді,  
Жарық еді, жылы еді.  
Таулар әнші, шөптер биші,*

Жердің беті гүл еді...  
 Ғажап еді-ау ауылым менің  
 Далам менің, жолдарым  
 Атам күймен тербететін,  
 Алтын шаңырақ – орданы.  
 Мен ол кезде сәби едім,  
 Сәулесі едім шешемнің.  
 Алдымда еді жүгірер Күн,  
 Жетілер күн, өсер Күн.  
 Қалды артымда соның бәрі,  
 Бұлдырайды алыстан.  
 Тозған дене қандай ауыр,  
 Жүрегімді жанышқан.

Ескі өткен күндер дидарына оймен көз жіберген ақын көңілі елжіреп артына қарайды. Бұл жинақта тіршілік «прозасынан» алынған өлеңдер көп.

Ө.Тәжібаев – лирик ақын. Тарланбоз талант жайлы бұдан бұрын да қаншама сөз айтылды. Әлі де айтыла бермек. Өйткені өлең бар жерде оқырман бар. Өз тыңдаушысын таппаған жыр да жетім. Ақын Әбділда Тәжібаев, өлеңімен, нәзік лирикасымен өз оқырманын сағындыра қауыштырып отырды.

Бұл күнде ақын көңілі шау тартқан ата қыран іспетті. Шың басында отырып қиялдағыны шалады. Балапан қанат бүркіттерге жол сілтейді. Өткеніне ой көзімен, елжірей қарайды.

Арқандалған аттаймын шыр айналған  
 Қазығынан босанып шыға алмаған  
 Алыстағы дүбірге елеңдеймін  
 Жүйріктерді шақырып ұрандаған.  
 Алыстағы дүбірге елеңдеймін.  
 О, күтіңдер, күтіңдер келем деймін,  
 Шіркін көңіл – көк дөнен жұлқынса да,  
 Қазығымнан босанып жөнелмеймін.

Ақынның жаңа жинағы да тіршілік нұрына шомылған сұлу өлеңдерге, парасатқа толы.

## **АЙТПАСТЫ АЙТҚАН АЙТМАТОВ**

**Т**ума талантқа қасаң, қатыгез XX ғасыр бізге Айтматов дарынын сыйлады.

Дүние жүзіндегі шығармалары ең көп басылыммен тарап отырған, Европа және Бүкілдүниежүзілік Академиялардың совет жазушылары арасындағы академигі, Социалистік Еңбек Ері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, Қырғызстанның халық жазушысы, жауапкершілігі ұшаң-теңіз кәсіптің қарапайым ғана бейнетқоры қалпынан есте айнымай келе жатқан қаламгер Шыңғыс Айтматовтың әрбір жаңа шығармасын үзіліп күтіп, үздігіп оқитын көп оқушысының біріміз.

Айтматов шығармаларының диалектикасы, өмір, қоғам, уақыт шындығын жеткізу, суреттеу шеберлігі, бүгінгі күннің, тұтастай алғанда адамзат баласын ғұмырбақи, атам заманнан толғандырып келе жатқан күрделі жайларды, толғақты мәселелерді дөп басып айтпасты айта алып келе жатқанына арналып талай-талай пікірталас, әдеби толғам, толып жатқан сын мақалалар жазылды.

Шыңғыс Айтматов үнемі сілкініс, творчестволық толғанис үстінде келе жатқан, оңаша оймен сырласудан жаныңды толқытып, сананды айқындаған сүбелі туындылар жазды. Адамға араша тұру деген жазушының жаратылысымен біткен ұлы міндетіне әрдайым адал Айтматовтың өз заманының, өз уақыт, өз қоғамының көкейкесті жайларына қалам тартуында үлкен суреткерлік, көрегендік жатады. Ол әлеуметтік өзекті мәселелерге тереңдеп барып, бүгінгі күн адамының жанын ауыртып, басын қатырар көп жайды көлденең тартады. Айтматов кейіпкерлері адам атты ұғымның қандай биік, қандай құдірет екенін дәлелдеумен келе жатыр. Сол үшін де бүкіл әлемдік ауқымды, бүкіл адамзат атынан сөйлеу құқына Айтматов тек өз талантымен, жанпида еңбегімен, әлеуметтік белсенділігімен қақылы болды. Айтматов қаламы бастан-аяқ өмірдің сұлулығын, адамдар арасындағы көзге көрінбес сезім соқпақтарын, өмірге құштар асқақ әуенмен суреттейді.

Алайда, жазушы, біздің ойымызша, творчестводағы бетбұрыс шығармасы көрінетін «Қош бол, Гүлсары!» повесінен бері қарай қоғамдық, әлеуметтік жайларға тереңірек үніліп, қаны сорғалаған шындықты қаймықпай айтуға тәуекел етті. «Гүлсары» әділет пен ақиқатқа араша түсіп, сол жолда жанпида болуға шейін бара алатын суреткердің қалыптасқанын көрсетті. «Гүлсары» – социалистік қоғамымыздың бастан кешкен, небір қилы кезеңдердің жанды шежіресі, әсіре бояусыз айтылған ақиқат шындығы. Танабайдың тынысын тарылтып, тағдырын тәлкек еткен жайлар – халық басынан кешкен күй. «Гүлсарыдан» кейінгі шығарманың барлығы да суреткердің өмірдің, тірліктің көкжиегін кеңейте суреттеген, шындықтың түпсіз тереңіне бойлата жазған туындылары.

Адамзат тірлігіндегі қоғамда қайшылық пен келеңсіздікті, даурықпа даңғойлықты, табиғатқа қол көтеріп, өз перзентін өзі өлтіріп тұлдыр болу сияқты толып жатқан түйткілдерді жазушы жанын ауырта, ширыға жазады.

Шыңғыс Айтматов ана бір жылдары, Социалистік Еңбек Ері атанған тұста теледидардан сөйлеп отырған бір жай еске түседі. Жазушы қуаныш үстінде отырғанмен, атақ та, абырой да оны тоқмейілсуге түсіре алмасын, түсіруге қақысы жоғын да сездірген. Себебі жан ауыртар, көңіл аландатар сұмдықтар көп еді. Ол кезде, әрине, мұның бәрі айғақталып, айтылған жоқ. Бірақ жазушының кейінгі керемет туындылары, иә, әсіресе біздің бүгінгі күнімізді айқынырақ ұғып, келешегіміз, кедергісіз бағдарлауға үлкен ықпал жасаумен келе жатқан шоқтықты шығармалары соны дәлелдеп берді. Толып жатқан сөйленген сөз, айтылған ойы да осыны айғақтады. «Жан пиданы» жазардағы тәуекеліне тән болмасқа лажың жоқ. Бұл – егер осыны айтқаным үшін айыпты болсам, болайын-ақ, сенің жаныңды жегідей жеген кесепатты айта алмасам – онан өткен қылмыс жоқ елім, тәуекел деген шешімі.

## ХАЛҚЫНЫҢ АДАЛ ҰЛЫ

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы қаңтардың 12-де Алматы қаласында туған. Еңбек жолын 1936 жылы Москва түсті металл және алтын институтын бітіргеннен кейін бастады. Қазақстан түсті металлургиясының ірі кеніш басқармасының директорына дейінгі жолдан өтті.

1942 жылы Д.А.Қонаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасарлығына тағайындалды. 1952 жылдың 17 сәуірінде Қазақ КСР Ғылым Академиясының жалпы жиналысы тау-кен ісінің ірі ғалымы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А.Қонаевты академик және республика Ғылым Академиясының президенті етіп сайлады. Республика Ғылым Академиясын басқарған 3 жылдан астам уақыт ішінде Қазақстан ғылымының дамуы, оның өндіріспен байланысын нығайту, ғылымның өндіргіш күштер арсеналына айналуы үшін көп істер тыңдырды. Д.А.Қонаевтың келуімен академияның жұмысы жандана бастады, кадр саясаты жаңа сипат алды, ғылыми жетістіктерді халық шаруашылығына енгізу мәселелері өткір және принципті түрде талқылана бастады. Ғылыми конференциялар мен пікірталастар өткізуге ерекше көңіл бөлінді.

Дәлдік пен іскерлік, қатаң жұмыс кестесі Д.А.Қонаевқа Академия құрамына кіретін көптеген ғылыми мекемелердің үлкен және ауқымды қызметін табысты ғана емес, жеке өзінің ғылыми тәжірибелеріне, оның ішінде қазба байлықтарын ашық тәсілмен игерудің теориясы мен практикасына белгілі уақыт бөлуіне де әсерін тигізді.

Д. А. Қонаев карьерлердегі кенді қопарудың тиімді тәсілдерін зерттеп, енгізді, бұл мәселе төңірегінде бірнеше күрделі еңбектерін жариялады.

«Дінмұхаммед Ахметұлының столында үнемі бірнеше қалың дәптерлер жататын, оларға Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің жаңа мәліметтерін жазып отыратын, – дейді академик Д. В. Сокольский – оның қызметін даралап көрсететін іскерлігін барлық жұрт жоғары бағалайтын. Ол бастамаға кең жол ашатын, ұсақ-түйекке араласпайтын, біреуге тапсырылған іске бақылау мен тексеру жасамайтын,



талап қойғыш, принципті болатын, мұның өзі адамдардың құлшынысын арттырып, ұсыныстарымен өздері келетін академия президиумының тапсырмалары мен бұйрықтарын ұқыпты және тез орындауға тырысағын».

1955 жылдың шілдесінде ол Министрлер Кеңесі Төрағасы қызметіне тағайындалуына байланысты Ғылым Академиясы президенті қызметінен босатылды. Оны кең ой-өрісі, іске творчестволық қатынас, өмірді терең білуі, жолдастарының пікірімен санасу қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

1960 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланып, республика партия ұйымын азғана үзіліспен 1986 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін ширек ғасырға жуық уақыт басқарды. Ол КОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, КСРО және КСР Жоғары Көнеестерінің депутаты болып бірнеше рет сайланды. Д.А. Қонаев – үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, КСРО, шет ел мемлекеттерінің ордендері мен медальдарының иегері.

«Тоқырау» деп атап жүрген жылдар ішінде халық шаруашылығы, ғылым, мәдениет дамуында айта қаларлықтай жетістіктерге қол жетті.

Бұрын көзге қораштау көрінетін астанамызда оның тұсында әсем ғимараттар бой көтерді, шығыс үлгісімен салынып, ал қызыл Каспий ұлу тастармен безендірілген Орталық базар, Медеу мұз айдыны, Жаңа Республика алаңы, «Қазақстан» мейманханасы (биіктігі 107 метрлік, 1000 орындық, 25 қабатты), «Достық», «Алматы», «Отырар», «Алатау», «Жетісу», «Түркістан», «Арасан» моншалары, Қазақ университеті қалашығы қала халқының ерекше ден қоятын көрікті жерлері.

Өзінің «Өтті дәурен осылай» атты еңбегінде Д.А.Қонаев былай дейді: «Елді дұрыс басқара алмау нәтижесінде біз ауыр жағдайға тап болдық (КСРО жайында айтылады). Ел басшылары ұзақ жылдар бойы қалыптасқан құрылымын бұрмалап, талқандаумен болды, орнына ешнәрсе жасаған жоқ. Тіпті керісінше, бәрін әбден шатастырып, ел экономикасын апатқа соқтырды. Сөйтіп, бәрі «Тоқырау» туралы

айта бастады... Қазақстанда тоқырау туралы жарапазан айтқандай жиі қайталайды. (Колбин тұсында).

Бұл, сірә да, өз кемшілігін, әсіресе, ауыл шаруашылығындағы, күрделі құрылыстағы және халықты азық-түлікпен, өндіріс тауарларымен жабдықтаудағы олқылықтардың халықтан кайтсем жасырып қаламын деген басшылар үшін тиімді.

Менің «Қазақстанда «тоқырау» болған жоқ» деген сөзімді дәлелдейтін көп мәліметтерді мысалға келтіруіме болады...»

1955-1985 жылдар аралығында республика экономикасында үлкен өзгерістер болды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 8,9 есе, ауыл шаруашылығында – 6,2 есе, құрылыста – 8 есеге жуық өсіпті. Демек, өзінің экономикалық потенциалы жағынан жеті бірдей Қазақстан, ал өнеркәсіп өндірісінің көлемімен есептегенде сегіз Қазақстан салыныпты. Халық саны 1955 жылмен салыстырғанда екі есе көбейді. 1987 жылы 16 млн. 244 мыңға жетті. Ал, 1959 жылы бізде 2 млн. 787 мың қазақ бар еді. Ұлан байтақ даламызда соңғы он жылдың көлемінде мыңдаған жаңа мекен-жайлар, олардың ішінде 68 жұмысшы поселкісі және 43 қала пайда болды. Ақтау, Арқалық, Екібастұз, Рудный, Никольск, Кентау, Жанатас, Қаратау, Жаңаөзен сияқты ірі әкімшілік және өндіріс орталықтары бой көтерді. Халық шаруашылығында жұмыс істейтін адамдардың саны үш есе, ғылыми қызметкерлер сегіз есе артты.

Республика өндіргіш күштерінің, халықтың тұрмысы мен мәдениетінің өсуінде айта қаларлықтай өзгерістер болды.

Д.А.Қонаев парасатты, жоғары мәдениетті адам болатын, республиканың дамуына орасан көп еңбек сіңірді, бұл жөнінде 1996 жылғы Наурыз мерекесін тойлау кезінде Ақтөбе облысын ұзақ мерзім басқарған В.А.Ливенцов Мәскеу қаласында «Хабар» агенттігінің тілшісіне берген интервьюінде Д. А. Қонаевтың кезінде Қазақстанның экономикалық қуаты 7 есеге артқанын айтады.

Д.А.Қонаевтың жұмыс күні алдында көк базардағы заттың бағасын тексеру дағдысына айналған еді, мұны ол кейде өзі барып қарайтын, кейде көмекшісін жіберер еді.

Қазіргі жағдай қаншалықты күрделі және қайшылықтары мол болғанмен, көп ұлтты Қазақстан халықтары алдын-

да экономиканың әлеуметтік сипаты, ғылым, ұлттық мәдениеттің дамуында Д.А.Қонаевтың сіңірген еңбегі даусыз.

Д.А. Қонаев шын мәніндегі интернационалист болатын, халықтар достығын нығайту, халықтың рухани өмірін байыту, республикада тұратын барлық халықтардың мәдениеті мен дәстүрін сақтау ол үшін аса маңызды істің бірі болды, ол Қазақстан мен Россия арасындағы, туысқан Орта Азия мемлекеттерімен және басқа республикалармен достықты нығайту үшін көп істер тындырды.

Д. А. Қонаев тағылымы терең білімі, ойы өскен халықтық дәстүрді жақсы білетін адам еді. Жоғары мәдениет әдептілік пен парасаттылық оны өзге жұрттан даралап көрсететін. Зейнеткерлікке шығып мемлекеттік істерден аулақтаған сәттерінде де бұрынғы жүйенің кемшіліктерін мойындай отырып, жаңа реформаны, қоғамды демократияландыру қажеттігін қуаттады, сөйтіп асқан кеменгерлік танытты.

Бұл кезде Д. А. Қонаев саясаттан толығымен аулақтап, инабатын жоғалтпай өзін ақылды, республикада жүріп жатқан күрделі істердің жақтаушысы ретінде көрсетіп, жеке басшылар жайлы пікірлерін ортаға салды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі алғашқы уақыттарда оның үйіне келетін адамдар МХК тарапынан қатаң бақылауға алынды, шетелдік корреспонденциялар мүлдем жіберілмеді, барлық байланыстар шектелді.

Белгілі жазушы, журналист Геннадий Толмачев өзінің «Қонаевпен 50 кездесу» деген кітабында былай дейді: «... Өзімнің журналистік өмірімде мен ірі қайраткерлерді аз кездестірген жоқпын: министрді де, академикті де, генералды да. Соның ішінде Д.А.Қонаев сияқтыны кездестірген емеспін. Теңіздей терең парасат, тамаша ақыл, таңғаларлық зеректік, инабаттылық».

Д.А.Қонаев «Сталиннен Горбачевке дейін» деген еңбегінде «Өтті дәурен осылай» атты еңбегінен гөрі өзі куә, ортасында болған оқиғаларға барынша толық және ашық көзқарасын білдірді.

Онда ол: «Менің туған Қазақстанымның болашағына, сонымен бірге Россияның және барлық туыстас мемлекеттердің болашағына мен сеніммен және үмітпен қараймын.

Оның куәсі – Қазақстанның мызғымас беделі, бейбітшіл күштері, ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы, біз бұларды кез-келген табысқа жетудің алғашқы шарты ретінде сақтауымыз керек», – деді.

Кітабының соңғы бетінде Д.А. Қонаев былай дейді: «Мен ұзақ өмір сүрдім, жақсыны да көп көрдім, жаманды да көрдім. Бірақ бұл менің өмірім...». Д.А. Қонаев осындай қиын күндерде Қазақстан халқына бірлік, достық, тынымсыз еңбек тіледі. Сонда ғана Қазақстан кез-келген дағдарыстан шыға алады, біздің үйлерімізге молшылық келеді, отбасында жақсылық пен қуаныш орнайтын болады. Ауыр күндер артта қалады. Қазақстанда тұйықтан шығу үшін қажетті мүмкіндіктердің бәрі бар, алып өнеркәсіп, ауылшаруашылық потенциалы, дамыған ғылым, бай қазбалары, жоғары дәрежелі маман кадрлар мен жұмысшы күші егемен республикалар арасынан артықшылығымен дараланады. Осының бәрі ұтымды ұйымдастырса, табысқа жетудің аулы алыс емес. Бұл жерде табысқа барлық республикалардың экономикалық тығыз бірлігі мен байланысы нәтижесінде жетуге болатынын ескеру қажет. Жалғыз адам – қорған емес деген тегін айтылмаған.

Д.А. Қонаев 42 жыл бойы Министрлер Кеңесі мен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінде қызмет етті, оның есімін еліміз Қазақстан экономикасының, мәдениетінің, ғылымының даму кезеңімен байланыстырады. Қазақстанда оның есімі ұмытылмайды.

Д. А. Қонаев жанұясында бақытты, сәтті некелі ғұмыр кешті. Жұбайы Зухра Шәріпқызымен 50 жыл, алты ай екі күн бірге тату-тәтті өмір сүрді. Ол өмірдегі ең жақын, ең қимас адамы болды.

Д. А. Қонаевтың көзін көргендердің айтуынша, ол асқан әдепті, сыпайы жан болатын. Ортада бір адамы отырған болса, айтылған әңгіменің бір сөзі түсініксіз қалмауын ескеретін. Достыққа адал болатын. Брежневке айырықша құрметпен қарайтын, ол жөнінде жылы көңілмен еске алушы еді. Оның пәтерінде биік талғаммен жиналған кітапхана болатын, кітаптар барлық қабырғаларды алып тұратын, тек кітап шкафының үлкен бір бөлігін тұтатқыштардың ғажа-

йып коллекциясы алып тұратын. Өзіне аса көңіл бөлетін. Өмірінің соңғы күндерінің өзінде спортпен айналысты, велосипед – тренажер тебетін, оларын пәтерінде сақтайтын. Өткір әзілді, баян үнімен вальс билегенді сүйетін, қазақ ұйғыр, орыс әндерін орындаған Бибігүл Төлегенованың сыңғырлаған күміс даусын, басқа әндерді тындағанда әсем қиялға шоматын: Ал Д.А. Қонаевтың үйіне тек қана ығай мен сығайлар келген күндер де болды...

Біреулері қорықты, енді бірін күзетшілер жібермеді.

Дінмұхаммед Ахметұлының қонақжай шаңырағында жүздеген, тіпті мындаған адамдар болды. Ол барлығын жылы қарсы алды, бәріне де жақсы сөзі мен ыстық шайын ұсынды. Өмірінің соңғы күніне дейін ол бақытты болды. Ақыл – есі ең соңғы сәтке дейін сол күйінде қалды.

Д.А. Қонаев атындағы қор құрылды, оның қызметі Ұлы тұлғаның мұраларын бастырумен, замандастары мен серіктерінің естеліктерін жинаумен шектелмейді. Қор республика балаларының денсаулығын жақсартуда біраз жұмыстар тындыруда, ол үшін металлургия өндірісіндегі қалдықтарды өңдеуді меңгеретін біріккен Қазақстан – Польша – неміс кәсіпорны құрылды. Қордың осы және басқа қайырымдылық істері Қазақстанда және онан тыс жерлерде қолдау табуда.

Бүгінде Алматыда Д. А. Қонаев атында көше бар, оның аты ол қызмет еткен кәсіпорын, институтқа берілген, оның естеліктері қайта-қайта басылуда, қала орталығында оған ескерткіш орнатылған.

«Өзін өзі сыйлайтын адамға, әсіресе өзін өзі сыйлайтын саясатшыға қандай күрделі, қандай қиын болса да, өз өткенін өзі ұмытуға тырысу, өзінен бұрынғыларға бар пәлені аудару салу – ұят нәрсе. Бұл өткен заманды аңсау емес, тауқыметі мол болса да, өзіне етене өз тарихыңды қастерлеу. Д. А. Қонаев Қазақстан тарихыңда ірі саяси тұлға боп қалары даусыз», – дейді Н. Ә. Назарбаев өзінің ««Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде.

Д. А. Қонаевтың 85 жылдығына орай бізге Алматы облысындағы Қапшағай қаласына оның атын беру дұрыс болар еді деген ой келеді. Бұл жерде Әйтеке бидің: «Батырды құрметтемегенің өзінде сыйламағаның» деген сөзі еске түседі.

Шығыстың «Тірілер өлінің көзін жабады, өлілер тірінің көзін ашады» деген даналығы тегін айтылмаған. Марқұм Димекең көзден кетседе кеңілден кетпейді. Ол ардагер казак халқының ұлы перзенті ой төрінен орын алады.

*17 қаңтар, 1997 жыл*

## **М. ТЫНЫШБАЕВ ҚАЗАҚСТАН КӨЛІК ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

**М**ұхаметжан Тынышбаев – ісі казак баласы орынды мақтан етер ірі тұлға. Ол 1879 жылдың 12 мамырында қазіргі Алматы облысының Сарқант ауданында дүниеге келді. Сол уақытта патшалық Ресейдің құрығы Жетісу өлкесіне де жетіп, патша үкіметінің жымысқы саясаты біртіндеп жүзеге асырыла бастаған болатын. Алатаудың шұрайлы бөктерін Ресейден көшіріліп әкелген казак-орыстарға тартып әпергенде Мұхаметжанның әкесі Тынышбай туған топырағын қызғыштай қорғап, бас көтеріп, патша саясатына қарсылық қозғалысын басқарған.

Тынышбай пен Шакизадабанудың екі ұл, үш қызы болған. Олар – Ақметжан, Мұхаметжан, Салмақты, Қадиша, Қалаш. Мұхаметжан сауатын бірден орысша ашса керек. Жас баланың зеректігі маңайындағыларға аңыз бола бастайды. Лепсінің бас оязының зерек балаға көңілі ауып: «Верныйға барып бағынды сынайсың, гимназияда оқисың. Құжаттарың дайын. Әкене айт жолға жиналсын», - дейді. Жолшыбай қалаға соғып, сондағы қазақтардан тұңғыш рет Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетін бітіріп, демалып жатқан Барлыбек Сырттанұлына жолығады. «Жолың болсын, балақай! Қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары көбеюі өте қажет. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады». Қараңғы қазақтың күні қараң, осыны зердеңе сақтап жүр», – деп ағалық ақылын айтады.

Ол 1890 жылы тамыз айының 14 жұлдызында генерал губернатор Т.А.Колпаковский «бұратаналардың» балалары үшін ашқызған Верный қаласындағы гимназияның та-

балдырығын аттайды. Зерделі жастың қабілеті гимназия оқытушыларын бірден таң қалдырады. Ол өзі тектес оқушылардан үлгерімі жағынан оқ бойы алда болады. Әсіресе, математика пәнінің үздігі атанады. Әдебиет, тарих пәндерін сүйіп оқиды.

Гимназияны үздік бітірген Мұхаметжанға Жетісу облыстық әскери губернаторы кеңсесінен қызмет ұсынылады. Бірақ ол бұл істен бас тартады. Білімін әлі де толықтырғысы келеді. Ол қазақтың сары даласына темір жол салуды армандайды. Сол ниет оны Санкт-Петербургтегі жол қатынасы инженерлерін дайындайтын институттан бір-ақ шығарады.

Гимназияның директоры Вахрушев Мұхаметжанға барынша көмек көрсетеді. Ол бірде Жетісу облысының әскери губернаторына: «Қай жағынан алсақ та Мұхаметжан Тынышбаев – талантты шәкірт ғана емес, тума талант иесі. Сондықтан, жоғары мәртебелім, сізден өтінерім, қолыңыздағы қаражаттан Тынышбаевқа стипендия бөлсеңіз, мұндай қаражатсыз оның жоғары оқу орнынан білім алуға еш мүмкіндігі жоқ», - деп өтініш түсіреді. Ұстаз өтініші аяқсыз қалмайды. Облыстық Земская стипендиясы тағайындалады. Сөйтіп, 21 жасында қабылдау емтиханын үздік тапсырады.

Ол 1906 жылы жол- қатынасы инженерлік институтын бітіріп шығады. Ендігі жерде білімді азамат туған елдің саяси-әлеуметтік ісіне белсене араласады. Ол жергілікті халықтың қолдауымен 1907 жылы ІІ Думаға Жетісу өлкесінен депутат болып сайланады. Думадағы айтыс-тартыс оны біршама шындайды. Көп кешікпей Дума таратылады да Мұхаметжан бұрынғы кәсібіне ден қоя бастайды. 1906-1914 жылдары Ортаазия темір жолында, алғашында инженер, кейін Урсатов–Әндіжан темір жол құрылысында бастық, бас инженер қызметтерін атқарды. 1914 жылы Түркістан-Әулиеата-Тараз темір жол құрылысына бас инженер болып ауысады. Арыс-Бішкек темір жолы инженер Тынышбаевтың тұңғыш кәсіптік мамандығын жетілдіре түсуінің өмірлік мектебі болғандай. Алайда, Қазан төңкерісі оны темір жол құрылысынан шеттетіп, сенімсіздік танытты. Ол жиырма-сыншы жылдың басында Түркістан өлкесінің Жер-су министрілігіне жұмысқа ауыстырылды.

1923 жылы Шымкент қаласында су шаруашылығын басқарады. Түркістан қаласы каналдарының жобасын жасауға қатысады. Көп кешікпей Қазақстан автономиялық республикасының орталығы Орынбордан Қызылордаға көшірілді. Инженер Тынышбаев жаңа орталық құрылысының жобаларын дайындауға шақырылады. Осы тұста өзінің туғанындай болып кеткен Тұрар Рысқұловпен біржола табысады.

1926 жылы 3 желтоқсандағы Үкімет қаулысымен Түркістан –Сібір темір жолын салу ұйғарылды. Оны жүзеге асыруға басшылық жасау РСФСР-дың сол кездегі халық комитетінің орынбасары Тұрар Рысқұловқа тапсырылған болатын. Т. Рысқұлов бірден талантты инженер Мұхаметжаннан осы іске араласуын өтінеді. Теміржолдың жобасын жасау үшін үкімет тарапынан мемлекеттік комиссия құрылады. Оның құрамына әр ұлттың білгір мамандары енгізіледі. Осылардың барлығына Мұхаметжан жетекшілік етеді. Сонымен бірге жобаны да өз басшылығына алады.

ССРО Еңбек және Қорғаныс кеңесінің шешіміне сәйкес Ресей Федерациясының халық комиссарлар кеңесі 1927 жылғы 2 наурызында «Түркістан–Сібір магистралі» деген ат берілген темір жолды 5 жылда салып бітіру туралы шешім қабылдады.

Түркістан–Сібір жолын салу аса күрделі техникалық проблемалары шешуді қажет етті. Құрылыс ауданының экономикалық, жер бедерінің геологиялық, гидрогеологиялық және сеймикалық жағдайы туралы мәліметтер жеткіліксіз болды. Сондықтан өз кезегінде кең түрде зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында жол салынатын аймақта ССРО Ғылым академиясы бір ботаникалық, екі гидрогеологиялық, төрт геологиялық, бір сеймикалық экспедициялары жұмыс істеді. Зерттеу барысында белгілі академик ғалымдар А.И.Карпинский, В.Л.Камаров, А.Е.Ферсман, А.Ф.Иоффе, Л.С.Берг, сондай-ақ тұңғыш қазақтан шыққан көлік инженері, Ресей Федерациясы халық Комиссарлар Кеңесі жанында құрылған Түркістан–Сібір жолын салуға жауапты комитетінің мүшесі М.Тынышбаев жұмыс атқарды.

Зерттеушілер тек трассаны ғана емес, сонымен қатар Қордай және Шоқпар аудандарының шаруашылық жағдайы



мен оның даму болашағын да зерттеді. Алғашқыда экономикалық және техникалық зерттеу көрсеткендей, экономикасы дамыған және тұрғындары тығыз орналасқан Қордай варианты қарастырылды. Дегенмен, жүйелі жинақталған және ғылыми өңделген жұмыс нәтижесі бұл шешімді өзгертті. Шоқпар вариантының Қордайға қарағанда байсалды артықшылығы анықталды:

1. Ол кезде Қордай ауданына Луговая –Фрунзе темір жолы қызмет жасайтын. Кең көлемді Шоқпар ауданында темір жол салу оның экономикалық дамуына үлкен әсер ететін.

2. Салынар темір жолдың транзиттік ұзақтығы 23 км-ге қысқартылып, пойыздардың жүріс уақыты қысқарады.

3. Жер мен шың-құздар жұмыстар мен қосымша жасанды құрылыстарға кететін шығындар 23 млн. сомға қысқарады.

4. Жол профилін жақсартудың нәтижесінде жол салу уақыты бір жылға қысқартылып және әр жылғы пайдалану шығындарын үнемдеуден 0,5 млн сом нақты пайда алынады.

5. Жолдың сейсмикалық ауданынан алыс салынуы да артықшылық еді.

Нәтижесінде ССРО Еңбек және Қорғаныс кеңесінің 1927 жылдың 28 қазанында Түркістің оңтүстік бөлігіндегі Шоқпар варианты бекітілді. Темір жолдың Алматы қаласы арқылы салынуы, көп ұзамай республика астанасының осында ауыстырылуы туралы шешім қабылдануының бір факторы екені даусыз.

Түркістің бір саласы Фрунзе –Тоқмақ жол бөлігінің 1929-1930 жылдарда салынуы көрші Қырғыз Республикасының экономикасы мен шаруашылығының дамуына оң әсері болды.

Түркістің солтүстік учаскесінде Балқаш пен Шығыс (Лепсі) варианттарының арасындағы шешілмеген мәселе, желінің Балқаш көліне жақын өтетін жерлерде жол бұрылыстарын қысқарту арқылы құрылыс қаражатын үнемдеуге байланысты (бұрынғы зерттеуде Сергиопольден оңтүстікте- Лепсі егіншілік ауданында) темір жолдың Балқашқа тым жақын болуы жергілікті жердің құмды болуы жылжымалылыққа әкеледі деп есептеліп едәуір бұрылыс қарастырылған болатын.

М.Тынышбаев бұл мәселені жол бойында құмды тоқтата-тын арнайы қоршау құрылысын салу және ағаш отырғызу

арқылы шешті. Балқаш варианты 18 мамыр 1928 жылы іске қабылданып, нәтижесінде темір жол желісі қысқартылып, жергілікті табиғи қорларды пайдалану арқылы өңірдің халық шаруашылығының экономикалық дамуына қол жеткізіледі.

М.Тынышбаев білімді маман, зерттеуші ғана емес, өндіріс саласының білікті ұйымдастырушысы ретінде Қазақстанның көлік экономикасының негізін қалаушылардың бірі. Оған негіз болатын қорытынды:

1. Темір жол құрылысы 1928-1929 жылдары жоғары қарқынды жүргізіліп, оның ішінде Ертіс, Аягөз, Қаратал, Іле, Шу өзендерінде күрделі көпірлер салынды. Құрылысшылардың ерен еңбегі мен М.Тынышбаевтың шебер ұйымдастырушылығының арқасында екі жақтан басталған темір жол құрылысы 28 сәуір 1930 жылы Айнабұлақ (Талдықорған облысы) стансасында қосылып, жалпы ұзындығы 1445 км құрайтын Түркістан-Сібір темір жолы 1931 жылы 1 қаңтардан тұрақты пайдалануға берілді.

2. 1931-1939 жылдары магистралды техникалық жабдықтауға – паравоз және вагон жөндеу деполары, электростансалар, тұрғын үйлер мен қызметтік ғимараттар салынып, қозғалмалы құралдар мен станок жабдықтар сатып алынып, стансалар мен басқа да қажетті нысандарды дамытуға 206 млн. сом қаржы жұмсалды. Осы жылдары Түркісібте жүк айналымы 324% (2862 мың тн – дан 10 млн 270 мың тн-ға дейін) өсті. Жолдың жүк құрылымында транзит (35%) шеттен тасымалдау (32%) басым болды.

3. Темір жол қуаттылығы жоғары паравоздармен толықтырылып, паравоз паркі екі еседен артық өсті. Жүк вагондарының жартысынан көбі автоматты тежегіштермен қамтамасыз етіліп, автосцепкалармен жабдықталып, жолаушы вагондарының саны 10% -ға өсті.

4. М.Тынышбаевтың ұсынысымен Түркісіб магистралының құрылысына Мәскеу, Ленинград, Ташкент тағы басқа орталық қалаларында оқып жүрген қазақ студент жастары тартылды. Олар жазғы демалысында құрылыс жұмысына қабылданып, өндірістік тәжірибе жинады және еңбек ақы алып қаржылық көмекке ие болды. Олардың арасында болашақ көрнекті басшылар мен атакты теміржолшылар Д.Ж.

Омаров, М.Т.Қозыбеков, И.Қаптағаев, Б.Аспаев, О.Байтұлақов т.б. шықты.

5. Түркісіб желісінің салынып іске қосылуымен Қазақстанның индустриалды және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қаланды. Темір жол ауданаралық шаруашылық және мәдени байланыстардан нығайтып, тұрақты тауар айналысын қалыптастырып, Сібір және Ортаазиялық жүктерді тасымалдау қашықтығын 2400 км-ге қысқартты. Семей мен Жетісу астығы және Сібір құрылыс ағаштарын Орта Азияға тасымалдауға жол ашылып Оңтүстік Қазақстанға Кузнецкінің көмірін, шығыс бағытына мақта, мұнай, жеміс тасымалы артты.

6. Темір жол бойында Жарма, Аягөз, Сары-өзек, Іле стансалары салынып, Семей, Алматы, Фрунзе, Жамбыл, Шымкент қалаларының экономикалық және мәдени маңыздылығы артты. Сондай-ақ, жеңіл және тамақ өнеркәсібі жедел дамып, ауыр өндірістің бірнеше кәсіпорындары – Балқаш мысқорыту комбинаты, Текелі полиметалл комбинаты, машина жасау зауыттары пайда болды.

Мұхаметжан Тынышбаев талантты инженер ғана емес, әдебиет пен тарихтың да білгір ғұламасы еді. Темір жол салу ісіне қатыса жүріп, өзінің туған даласы мен тау-тасын зерттей отырып, құм басқан ескі жолдар мен қалаларды тапты. Оның күнделікті жұмыс дәптерінде инженерлік есептеулермен қатар археологиялық жазбалары мен ғылыми мақалалар да орын алады. Мұның барлығы кейіннен саликалы тарихи еңбектер мен баяндамаларға ұласты. Оның ең белгілі еңбегі – қазақ руларының тарихы жөніндегі шығармашылығы. Осы арқылы Мұхаметжан Тынышбаев бұл күнде асқан ойлы, біртуар талант иесі екендігін дәлелдеп отыр.

## БІРТУАР ҒАЛЫМ

**Ж**ылда еліміздің жоғары оқу орындарының табалдырығын жас түлектер аттайды. Олардың көбі Құдайберген Жұбановтың есімін толық және терең біле бермейді. Өкінішке орай, жоғары білім алған, зиялы топтардың кейбір өкілдерінің де ол туралы мағлұматтары аз.

Қазақ халқының ұлы ғалымдары қатарында біздің жерлесіміз Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың да есімі аталады. Ол үздік ғалым, атақты тіл шебері болған жан. Қажырлы еңбегінің нәтижесінде қазақ тілі орфографиясының негізін қалады. Қазақ тілінің тарихы туралы бірінші болып еңбек жазды, кітап басып шығарды. XX ғасырдың 30 жылдарында тіл ғылымының, оның ішінде дүние жүзіндегі түркі тілдес елдердің ғалымы атанды.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы 19 желтоқсанда біздің облысымыздың Темір уезіне қарасты Қосуақтам деген жерде дүниеге келді. Құдайбергеннің әкесі Қуан мұсылманша көзі ашық болғандықтан балаларын оқытуға айрықша көңіл бөледі. Құдайбергенді Оспан ишан дегеннің мешітінде үш жылдай оқытып, мұсылманша сауатын аштырды. Ары қарай ауылда өз күшімен ашқан жәдид мектебіне оқуға береді. Бұл мектеп үшін Қуан Сатыпалды деген ұстаға қозылы қой беріп шым үй салдырды. Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген Абдолла Беркіновті мұғалімдікке шақырады. Абдола Беркінов – 1911-1955 жылдар аралығында ұстаздық қызмет атқарған, «Қазақ ССР інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» деген құрметті атақ алған адам.

Жас баланың орыс тілін білсем деген арманы оның бұдан әрі сол ауылдағы бір кластық болыстық мектепте оқу арқылы жүзеге асады. Бұл мектеп үкімет тарапынан ашылатын төрт жылдық оқу орны еді. Мектепке сабақ берген Хусайын Ашығалиев аса білімді, жан-жақты азамат болған. Ол орыс тілін жетік меңгерген, ана тілін де жақсы білетін, музыкадан да хабары мол сегіз кырлы, бір сырлы ұстаз болатын. Құдайберген Жұбанов пен оның інісі Ахмет Жұбановтардың бірі ғалым, бірі композитор болуына осы ұстаздың әсері тигені даусыз. Бұл ұстазынан Құдайберген орысша сауатын ашады. Орыс тілін жетік үйренеді.

1914 жылы Орынбор қаласындағы «Хусайния» медресесіне түсіп, шығыстану пәндері, жағрапия, математика, философияны оқып, олардан едәуір мағлұмат алады. Мұнда ол араб, парсы, шағатай тілдерін оқып үйренеді, бұл тілдердегі әдебиеттерді түпнұсқадан оқып түсінетіндей дәрежеге жетеді, татар, башқұрт тілдерін де осында үйренеді.

1917 жылы Елек қаласындағы екі жылдық училищенің соңғы екі курсын бір жылда үздік бағамен тәмамдайды. 1935 жылы өз қолымен толтырған анкетеда ол: «Жалпы білімді өз бетіммен алдым», – дейді.

Ол еңбек жолын бала оқытудан бастап, жаңа құрылып жатқан қоғам өмірімен белсене араласады.

1918-20 жылдары Құлжа-Темір болыстық совдепінің әуелі секретары, кейін төрағасы қызметін атқарады. 1920-22 жылдары Темір әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде халық бақылаушысы болса, 1922-23 жылдары Темір атқару комитетінде жұмыс істейді. 1923 жылдан бастап өзінің барлық күш –жігерін халық ағарту ісіне арнайды. 1923 жылдың желтоқсанынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Құдайберген Темір уездік халық ағарту бөлімінде инспектор, 1925 жылдың қыркүйек айында губерния орталығы Ақтөбеге аударылады, онда 1928 жылдың желтоқсанына дейін губерниялық халық ағарту бөлімінде инспектор-методист және Ақтөбе педтехникумында мұғалім қызметтерін қоса атқарады. Ол оқу-ағарту тақырыбына өткір мәселелерді қозғап, жергілікті «Кедей», республикалық «Еңбекші қазақ» газеттеріне көлемді мақалаларын жариялап тұрады.

Ол тек қазақ мектептерінің инспекторы ғана емес, сонымен қатар орыс мектептерінің методисі болды. Бұл жөнінде сол кездегі Ақтөбе губерниясы бастығының орынбасары В.Рештняк былай дейді: «В то время подыскать равноценного методиста даже среди русских учителей было трудно. Но на вырочку пришел неутомимый Худайберген, он сам предложил свои услуги временно совместить должность методиста русских школ с испытательным стажем, как помнится он тогда выразился. Однако испытывать его не понадобилось, потому что с первых же шагов он проявил недюжинные способности в работе на двух таких ответственных участках и без особого поряжения с нею исправился».

В.Решетняк естелігінде өз қызметін мінсіз атқарып қана қоймай, педагогика, психология ілімдерімен айналысатындығын, ағылшын, француз, неміс тілдерін үйренгенін айтып, жас жігіттің білімі мен қабілетіне аса тәнті болады.

Осы білім мен қабілетінің арқасында 1923 жылы Ленинградтағы Енукидзе атындағы Шығыс тілдері институтын тәмамдап, аспирантураға қалдырылды. Сол жылдары дүние жүзіне аттары әйгілі В.Бартольд, Н.Март, И.Мауатиков, А.Богорадский сияқты ғалымдармен танысады. 1932 жылы аспирантураны бітіріп, Қазақстанның тұңғыш жоғарғы оқу орны Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына кафедра меңгерушісі болып орналасады. Профессор Қ. Жұбанов аспирантураға шәкірттер даярлайтын курстың бастығы, декан міндеттерін қоса атқарады. Сонымен қатар, ол Ғылым академиясының ең тұңғыш құрылған Президиумының мүшесі және оның алғашқы білім ұясы – әдебиет пен тіл секторының меңгерушісі болған. Осындай жауапты бірнеше қызметті қоса атқарған ол 1933-37 жылдары Қазақстан Орталық комитетінің мүшесі, советтердің бүкілодақтық ХҮІ съезінің делегаты, Қазақстан мәдени-құрылыс қызметкерлері съезі ұйымдастыру комитетінің төрағасы, жаңа латын алфавиті бүкілодақтық комитетінің мүшесі, 1933 жылдан Қазақ ССР мемлекеттік терминкомінің төрағасы, осы терминком бюллетенінің редакторы, халық ағарту комиссариаты коллегиясының мүшесі, Ұлттар мәдениеті институтының ғылыми кеңесінің мүшесі ретінде ұшан-теңіз жұмыстарды қоса жүргізді.

Жұбанов ағартушылық қызметінде оқулық бағдарламаларды өзі ғана жазып қоймай, басқаларға да жаздыруды ұйымдастырды. Оларға ақыл-кеңес беріп, мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарында, семинарларда сабақ өткізіп, көп еңбек етті. Қ. Жұбанов орта мектепке арналған оқулықтарды аударуға да көп еңбек сіңірді. Ол бұл маңызды іске тікелей басшылық етумен қатар, ғылыми ұйымдарға ана тілінен балама тауып беруге атсалысты. Қ. Жұбанов ғалым ретінде негізінен тіл білімімен айналыса тұра, халық тарихы, әдебиет пен өнер, сонымен қатар Орта Азия халықтары мен Шығыс, Батыс елдерінің мәдениеті, әдебиет, өнер тарихын терең білген ғұлама ғалым. Ол «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген аяқталмаған еңбегінде ұлы ақынға байланысты сол кездегі дау тудырып келген мәселелерге байыпты тұжырым жасайды. «Қазақ музыкасындағы күй жанры»

атты зерттеу еңбегі де ғалымның кең эрудициясының айқын дәлелі. Аталмыш еңбегінде автор қазақ күйінің ән өнерінен бөлініп шығуын дәлелдейді, ол татар, өзбек сияқты халықтарда бұл екі жанрдың соңғы кездерге дейін бірге өмір сүріп келгенін ғылыми тұрғыдан көрсетеді. Еңбек автордың бүкіл Орта Азия түркі тілдес халықтардың музыка өнерімен қатар, Орта Шығыс, Таяу Шығыс, сондай-ақ Батыс Европа елдерінің музыкалық өнер тарихын жетік білгенін танытады.

Көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы Рабиға Сыздықова ғалым туралы зерттеу еңбектерінің бірінде: «Мыңнан біреу шығатын, ғылым тілімен «феномен» деп, қазақтың бейнелі тілімен «біртуар» деп ағалатын адамдар болады. Құдайберген Жұбанов – сондай адам болған. Ең алдымен, біртуарлардың бір белгісі – бір сырлы, сегіз қырлы болу керек болса, осы қасиетті Құдайберген Жұбановтан табамыз», – деп ары қарай оның бойындағы ақындық, суретшілік, журналистік, театр өнеріне икемділік қырларын атап көрсетеді.

«Сегіз қырдың» тағы бірі деп біз оның тілдерді үйренудегі табиғи дарынын айтар едік. Құдайберген шын мәніндегі полиглот болған. Бас –аяғы 2,5-3 жылдай оқыған орыс мектептерінен орыс тілін жақсы меңгеріп алғандығы соншама, ол 1929 жылы Ленинградқа ғылымның орталығына барғанда да қиналмайды. Тіпті тұңғыш ғылыми зерттеулерді орыс тілінде жазады. Терминология, емле, алфавит жайындағы баяндамалары мен ұсыныстарын екі тілде бірдей дайындайды. 1935 өз қолымен толтырған анкетадағы «Қай шет тілдерді білесіз?» деген тұсына «неміс, парсы, араб, түрік, моңғол тілдері» деп жауап берсе, «Совет халықтары тілдерінен білетіндеріңіз қайсы?» деген сұраққа «коми, чуваш, грузин тілдері» деп жазған. Ғалымның бұл бір қыры. Әсіресе, бүгінгі күні әрбір жанға үлгі боларлықтай. Құдайберген Жұбанов психология, логика, философия ғылымдарымен де айналысқан. Бұл жайында М.Әуезов пен І.Кеңесбаев: «Құдайберген 20- жылдың ішінде Павлов, Бехтерев сияқты орыс ғалымдарының еңбектерін дамылсыз оқыды», - деп жазады. Тамаша ғалымның бұл да бір қыры болса керек.

Өкінішке орай, тумысынан зерек, үлкен дарын иесінің ғаламдық жолы мейлінше қысқа болды. Қанатын кең жая алмай, толысып келе жатқан шағында ерте үзілді. 1937 жылдың қарашасында «Жапон тыңшысы» деген нақақ жаламен тұтқынға алынады. Оған тағылған айыптардың бірі 1936 жылы жарық көрген қазақ мектептеріне арналған грамматикасында С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтің еңбектерінен үзінді келтірген болатын. Сонымен қатар, өзінің орфографияға арналған жұмысында А.Байтұрсыновқа, оның еңбегіне сілтеме жасаған еді. 1938 жылдың 25 ақпанында отыз тоғыз жасында «халық жауы» ретінде атылды. Сөйтіп сталиндік репрессия қазақ зиялыларының тағы бір өкілін қыршынынан қиды. Алайда әділдік салтанат құрып, 1957 жылғы 3 қазанда СССР Жоғарғы Соты әскери коллегиясының шешімімен ақталды. Көп ұзамай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1958 жылғы 22 ақпандағы шешімі бойынша ғалымның адам коммунист атағы қайтарылды.

Құдайберген Жұбановтың өмірі қысқа болғанмен, үлкен ізденістер үстінде өтті. Бар болғаны 15 жылдай уақытын халық ағарту ісіне, ғылымға арнады. Сол аз ғана уақыт ішінде оның есімі тек Қазақстан ғана емес, одан сырт жерлерде де маңдай алды ғалым ретінде танылды.

Қазақ халқы қоғамымызға ғалым, педагог, мәдениет пен өнер қайраткерлерінен тұтас бір тобын даярлап берген Жұбановтар әулетін шын көңілден мақтаныш етеді. Ал енді сол берік босаға, биік шаңырақтан өрбігендердің ішінде елге өнеге болуға, жұртшылықтың ықыласына бөленген ең алдымен лайық санайтынымыз алдындағы буын ағалар – Құдайберген мен Ахмет Жұбановтар екені даусыз. Әкелерінің жолын қуған Жұбановтардың кейінгі буын өкілдерін көрудің өзі ғанибет.

Жұбановтардың шырағын сөндірмей жалғастырып келе жатқан жұрағаттарына қарай отырып, ғалымның кіндік кескен Ақтөбе жері де талай дарынды түлеткен құнарлы топырақ екендігіне көзіміз жеткендей болды. «Елін көріп, ерін таны, ерін көріп елін таны» деген аталы сөз текке айтылмаса керек», - дейді академик Ә.Қайдаров ғалым туралы мақаласында. Шынында да, ағайынды Жұбановтарды тудырған



Ақтөбе топырағы өз елінің сүйікті ұлдарын әрқашан мақтан тұтады. Оның куәсі – қаламыздың орталық көшелерінің бірі Жұбановтар есімімен аталады. Үлкен жоғарғы оқу орны Қ.Жұбанов есімімен аталса, ұзақ жылдардан бергі музыкалық білім ордасы А.Жұбанов есімімен аталып келеді.

Бүгінгі ұрпақ ұлтымыздың ұлы тұлғаларынан олардың өмір жолынан үлгі алып, егемен еліміздің іргетасын қалауға ат салысса нұр үстіне нұр болар еді.

*«Ақтөбе» газеті.  
26 ақпан, 2004 жыл.*

## ӨНІМДІ ЕҢБЕКТІҢ ӨКІЛІ

Халқымыз қай заманда да таланттан кенде болған Хемес. Кестелі сөзбен өмір шындығын шебер суреттеген жазушыларды тәрбиелеген де осы халық. Сондай алтын қаламды жазушылардың бірі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дүкенбай Досжанның есімі оқырман қауымға кеңінен таныс. Алғашқы шығармалары 1964 жылы «Тұңғыш кітап» сериясымен жарияланған автор шығармашылығы бүгінде ауқымы мол әртүрлі тақырыпты қамтитын 40-тан аса кітаптан тұрса, 12 кітабы орыс тілінде, 18 шығармасы дүниежүзі елдерінің 16 тіліне аударылды. Жазушы шығармаларын әр түрлі жанрда жазады: әңгіме, повесть, роман, хикаяттар, эссе, ғұмырнамалық зерттеулер. Ол қай жанрда жазса да, алған тақырыбын оқырман жүрегіне жеткізе біледі. Оның шығармашылығының бір ерекшелігі – суреттеу тәсілі өзгелерге ұқсамайды, өзіне ғана тән стилі бар. Автор өз шығармаларында халық өмірін кең қамтиды, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр құбылыстарын дәл суреттеп отырады. Әр түрлі сала адамдарының тіршілік-тынысын үлкен шыншылдықпен суреттеу арқылы өз кейіпкерлерін биікке көтере біледі. Жазушының «Жібек жолы» романы тарихи тақырыпты қозғайды. Романның басында дүйім жұртты табындырып, аяғына бас идірген мәртебелі хан шығарма соңында аянышты халге түседі. Адам тағдыры, уақыт өлшемі деген ұғымдар осылай анықталады. Ал, «Екі дүние есігі» деген әңгімелер жинағының арқауы – күллі түркі әлемінің алтын бесігі – Түркістан қаласы, софы ақын Құл Қожа Ахмет жырлаған жұмақ пен тозақ. Екі бөлім-

нен тұратын кітаптың бірінші «Бақи жалған» деп аталатын бөлімінде көне заман кейіпкерлері өлмес рух туралы сыр шертсе, екінші «Мына заманда» бүгінгі замандастар, олардың бойындағы қайсар мінез, өжет қылық суреттеледі. Екі заман оқиғасы домбыраның қос ішегіндегі жарасымды ырғақпен берілсе, «Таразы» романы да бұрынғы мен бүгінгінің тарихи кездесуі тәрізді. Ауылдастарының сыпсың әңгімесінен қашып, ескі қаланың орнын іздеп кеткен Асантай мен серігі Талмантайдың қалың құмда адасып жүріп, Ұлы Жібек жолымен жүк тасыған керуеншілерге кездесуі, олардың арасында пікірталас туындауы арқылы екі заман өкілдерінің мінез-құлқы, іс-әрекеті тапқырлықпен бейнеленеді.

Автор өз әндері арқылы бүгінгі күннің жағымсыз оқиғаларын да ашып көрсетеді. «Тасбақа көзіндегі мұң» әңгімесінде тұрмыс қиындығына шыдай алмай тасбақаға айналып кеткен Оңғарбай дүкеншінің бейнесі ұсынылса, сонымен қатар бір кезде өзінің тұқымы жұмыр жерден таза су, бойға жүк боларлық нәрлі тағам таппай қиналатынын ойлап зәресі ұшатын қойшы Аборигеннің «Мені де ілестіріп ала кет, достым, су іздеп безектеген қойды көргім келмейді», – деп зарлауы халқымызға төніп келе жатқан экологиялық апатты ескертеді.

Дүкенбай – көп оқылатын жазушы. Оның шығармаларының тақырыбы, оқиғаны суреттеу тәсілі өзге жазушыларды қайталамайды. Жазушы қаламынан туған тарихи тақырыпты қозғайтын шығармаларының орны бір төбе: «Отырар», «Фараби», «Жібек жолы», «Құм кітабы». Дүкенбай Досжанов өз шығармаларының біразын ұлы Абайға, Мұхтарға арнады. «Абай айнасы», «Мұхтар жолы», «Мұхтар асуы», «Алыптың азабы» атты шығармаларында халқымыздың қайталанбас ұлы тұлғаларын жаңа қырынан суреттейді. «Абай айнасында» «Абайдың тұқым-тұяғы», «Абаймен әңгіме», «Абайдың дәні», «Европаның есігі», «Екі кісі болып бөлінген Абай», «Тұрағұлдың мұны» сынды тараулар ақынның өмірі, бір өлеңінің туу тарихы туралы соны деректер келтіреді. «Абай айнасын» оқырман қауым жылы қабылдады. Ұлы ақын туралы Тұрағұл, Көкітай, Мәкен деректері сәтті келтірілген. Абайдың өлеңдері ғана емес әрбір қара сөзі де рет-ретімен беріліп, оған жазушы өз пайымдауларын келтіреді. Кітапты толық оқып шыққан оқырман өз Абайын тапқан жазушыны

көргендей болады. Дүниеде қайталанбас алып тұлғалардың бейнесін жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Дүкенбай – осы қадамға еркін бара алған жазушы. Соның айғағы – атакты Әуезов туралы шығармалары – «Мұхтар жолы», «Мұхтар асуы», «Алыптың азабы». Халқының мақтаншы болған осы жанның бейнесін сомдауда жазушы шеберліктің үлгісін көрсетеді. Ұстаз, үлгі тұтар ағамен өмірде жақын болған тұстары, мұрағат құжаттары ұлы адам өмірінің әр қилы сәттерін, рухани азабын, жазықсыз сүргінге ұшырауын үлкен тебіреніспен толғауға септігін тигізеді.

Еліміз тәуелсіздікке аяқ басты. Тәуелсіздік тегін келген жоқ. Халқымыз талай нәубетті бастан кешірді. Бұл жолда қан да төгілді, талай ғұмыр да қыршын қиылды. Жазушы бұл тақырыпқа да бей-жай қарамаған. «Дала гладиаторлары» атты толғауында тәуелсіздік жолында өмір қиған жандар Кенесары, Мұстафа Шоқай сынды қоғам қайраткерлері, Абай, Мұқағали, Олжас сынды ақындар, Ілияс Есенберлин, т.б. жандар жайлы сыр шертеді. Ақын Олжас Сүлейменов Дүкенбай жайлы «Бальзак сияқты Д. Досжан өзін тарих шындығына жауапты, өз қоғамының хатшысы ретінде сезінеді», – дейді. «Жазушы Дүкенбай Досжан қазіргі қазақ әдебиетінің классигі екендігі мен үшін талассыз ақиқат. Мәселе, ондаған жылдар бойы қажымай еткен творчестволық еңбегінің нәтижесінде оның қаламынан қырықтан аса кітап шығып, әлемнің он алты тіліне аударылып, екі миллионнан астам данамен тарауында ғана емес, өйткені жазылғандардың саны оның әдеби құндылығына сәйкес келе бермес. Дегенмен, Досжанның әдеби туындыларының сапасы өте жоғары. Оның ішінде жеті күрделі, әдемі романдары, жүзден аса керемет әңгімелері бар. Ең бастысы талантты прозашы ұлылардың, ең бірінші, Мұхтар Әуезовтің гуманистік дәстүрін мұра етеді. Кітаптарында тарихи кең көлемде ойлау, біздің болмысымызды, өткенімізді терең түйсіну сезіледі», – деп ой түйіндейді жазушы Владимир Гундарев.

Талантты жазушы туралы пікірге біздің алып-қосарымыз жоқ. Тек, оқырмандардың ықыласына бөленіп, жазары көбейсін дейміз.

*«Алтын Орда» газеті,  
№37, 13.09.2002 ж.*

## САҒЫНЫШ ДЕГЕН СЫРЛЫ ӘЛЕМ

(Жазушы-сазгер Илья Жақановтың шығармашылығы хақында)

Танертенгілік мезгіл еді. Жұмыстың қыза түскен уақыты. Кенет есік айқара ашылып ішке алматылық ақын Қасымхан Бегманов кіріп келе жатты. Жанында бір топ қонақтары бар.

– Қазақстан Жазушылар одағы жанына құрылған «Сағтар» ассоциациясының алғашқы жолсапары еді, – деп мәнжайды түсіндірді.

Келген қонақтармен таныса бастадық. Қытай Халық республикасынан келген екен. Делегация басшысы көрші елдегі бауырымыз. Солармен бірге халқымызға танымал сазгер Илья Жақанов ағамыз да келіпті. Ол кісіні сырттай ғана білетінмін. Сазды әндерін сонау жылдардан жастығымыздың жансерігіндей сан рет естіп, өзін теледидардан көріп те жүрміз. Әйтсе де етене араласып, сырласқан, жүрекжарды пікір алмасып, жақын араласқан емеспіз. Адам кездескенше, жылқы кісініскенше дегендей, Ілекеңмен сол сәтте – ақ ыстық ілтпатпен сәлемдесіп, тез тіл табыстық. Өнер адамдары қашан да ақпейіл, ішкі жан дүниесін ақтара тілдесер ақжарқын жандар емес пе. Орта бойлы, жарқын жүзді Ілекең де бір көргеннен сондай жан екенін байқатты. Қонақтармен кең отырып әңгіме-дүкен құрдық. Әңгіме үстінде олар қаланың көне мәдениеті, өндіріс орындары, жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы аз да болса мағлұматтар алып, сұрақ-жауап негізінде өрбіді. Күз аяғы, қарашаның соңғы күндері болатын. Тіршіліктің қым-қуат қарбаласымен бір тұтам күн лезде ұясына батып үлгерді.

– Шірікін, осы Сыр бойын аралап, күнгейдің көне мұраларын қағазға түсірер ме еді? – деп Ілекең әңгіме тиегін ағыта жөнелді. – Баяғыда ұлы Жамбыл өзі тұтқан Сүйінбай, Майкөт, Құлмамбеттермен бірге күнгейлік қос саңлақ – Майлықожа мен Құлыншақ жайлы:

*Майлықожа, Құлыншақ,  
Пірім еді бас ұрған,  
Айтқандары нұсқа еді,*

*Сөзін тергем жасымнан*, – деп қадір тұтқан. Құлыншақ ақын, жырау болған. Әйтсе де, қобызға қосылып жыр айтқан. Бұл өлкеде Майлықожа, Молда, Мұса, Берекет, Мәделі, Шәді сияқты өнер иелері де болған.

Сөйтіп Ілекең домбыраны жай ғана шертіп, бір сәт ойға шомды. Қай халықта да әнші көп. Соның ішінде қазақтың жөні бөлек. Алқа топта қисынын тауып қинаса әу демейтіміз жоқ. Әйтсе де халықтан әріден келе жатқан мұра өнерін әнші бүгінге жеткізеді. Ал сазгер ол өз алдына бөлек тұлға. Халық жүрегінен жарып шыққан, халық дүниеге әкелген, жаңарған, гүлденген қазақтың ұлттық музыкасы қаншама. Мысалы, «Ақ кербез», «Ақ дариға», «Ақ бөбек».

*Ақ бөбек, елің телім,*

*Қайғы, шерім*

*Құдай-ау, бұл қайыпқа бергей елім*, – деп қоңыр дауыспен домбырасын шерте жөнелгенде Ілекең әлгінде «тұмауратып жүрмін» деген сөзін ұмытып, арқаланып шыға келді. Әннің өзінен адам тағдырын, бұл дүниенің бұлаң етіп, түлкінің құйрығындай жалт беретін фәни екенін аңғартуға болады.

– Мысалы, «Балқадіша» әнін алайықшы, Ақан марқұм жастық оты кеміп, өмірде көңілі жай таппай жүргенде Монттай ауылында тал шыбықтай бұралған Балқадішаны жолықтырады. Шілдеханада әсем де ақ борықтай бұралған Балқадіша оның – әнші Ақанның жүрегіне сөніп бара жатқан отты тұтатар ақ алаудай болып жолығады. Жан жүрегі езілген Ақанның көңіл азасын:

*Боларсың біздің сөзге зар, Қадіша,*

*Бұлаңдап асау тайдай жүрген басың*

Боларсың қандай жанға жар, Қадіша..., – деген ән жолдары айқындап тұр. Біздің қазақ сазгерлері ән салғанда бүкіл қазақ сахнасы жырлап жатады. Мәди, Біржан сал, үкілі Ыбырай, Ақан сері, Қанапиялар дауысын естелік әңгімелерден, таспалардан ғана білеміз. Ал солармен үзеңгілес болған артында қалған деректерді мен көп іздедім, – деп бір тоқтады.

– Солар жайлы айта отырыңыз, – дедім сөз арасында. – Біздің қазақ халқының әндерін, өнерін құлай сүйген А.Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні», «Қазақтың 500 ән-күйі» атты еңбектар қалдырған. Александр Викторович сияқты

өнер үшін отқа күйіп, суға бату екінің бірінің қолынан келе бермейді.

– Әрине ол кісілердің бітім-болмысы бөлек жандар ғой. А.Затаевич 16 жылға созылған ұзақ ізденісінің нәтижесінде дүниеге келген бұл кітаптар халқымыздың музыкалық фольклорын айдай әлемге танытқан еңбектер ғой. Ән бар да, оның тарихы бар. Ән де көңілден, жүрек толқынысынан, қатты тебіреністен туады. Мысалы, Мәдидің «Қарқаралы» әні, – деп Ілекең домбыраны қолға алды.

*Атыңнан айналайын Қарқаралы,*

*Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.*

*Саяңнан сайғақ құрлы сая таппай,*

*Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы....* – деп ыңылдай жөнелді.

Иә, өз аталасы Қақабайдан қорлық көрген Мәди тас түрменің ішінде, таршылықта жүргенде шығарған әні ғой бұл. Ілекең осы әнді 1978 жылы жаздырған Қайырбек Сәрсекеев ақсақалдың мына бір сөзін еске алды:

– Мәди мен тәй-тәй басқан кезімде үйге келіпті. Әкеме, «Сәрсекке, қой терісі бар ма, мен балаңа тон тігіп берейін» дейді. Әкем оған қой терісін тауып береді. Сол Мәдидің тонын мен есімді білген кезімде де киіп едім. Ол кісінің өліміне әкем қатты қайғырып, қатты жылап еді. 1922 жылы Мәдиді қапыда біреулер түрме жанында атып өлтіреді. Ол уақытта біз бала едік. Біз кешегі күнге дейін өз тарихымызды өзіміз бұрмалап келдік. Мәдидің көп әнінің сөзі қате жазылды. Оның «Қаракесек» әнінде «Сұрасаң руымды Қаракесек, Момынның обал дейді малын жесек» деп айтылатын жолдарын көп әнші бұзып айтады, – деді Ілекең. Сөйтіп біраз үнсіз отырды да, сөзін әрі қарай жалғастырды. – Мен небір асыл әншілерден ғибрат алып өскен жандарды көрдім. Олармен пікір алыстым, тұз-дәмдес болдым, – деді сөзін сабақтап. – Ән бар да, оны орындаушы бар. Мен әнді нақышына келтіре орындайтын асыл ақсақал Жүсіпбек ағамен (Елебековті) талай рет сырлас, пікірлес болдым. Мәдидің «Қарқаралысын» бұл кісіден артық ешкім орындаған жоқ. Жүсіпбектің үнінде от-жалын, көкірегі лапылдап жатқан көріктей. Әр әнді өз мақамына салып, сазымен жанын жандырып, күйдіріп, сол шырқыраған жанымен сенің де жүрегіңді оятып, тербетіп,

сезім пернелерін қытықтап, қиял дүниесіне жетелеп ақтаушы еді.

Әнмен өрілген сезім, әсем сөзбен сабақталған отырыс қызған сайын біз де ынтығып, Ілекеңе құлақ түріп, әр айтқан сөзін мүмкіндігінше жадымызға түйіп отырдық.

Сәлден соң Ілекең:

– Біз шынында композиторға да, әншіге де, әнге де бай халықпыз.

Бірақ әрбір халық перзентінің өнер адамының өз іздеушісі болса қандай ғанибет болар еді, мысалы, Сыр өңірінің сүлейлерін, Нартай ақынды біршама зерттеп, жазып жүрген Мұхамеджан Рүстемов сынды замандасымыз бар. Кеше бар, бүгін жоқ қадірлі досым, сырласым Шәмшіге шын жанашыр іздеушісі, зерттеушісі табылса, жазса әділетті болар еді. «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», «Қайықта» сынды сұлу әндерін сыйлаған халқының асыл перзенті Шәмшідей-ақ болсын. Қазақта баланы үй патшасы дейді. Шәкең сондай таза пейілді, аузын ашса жан сарайы көрінетін асыл адам еді ғой.

Қимас көңілмен бір сәт толғана тебіреніп, алыста қалған қимас күндерді еске алып, тұнжырап отырды.

– Шәмші екеуіміз арамыздан қыл өтпес қимас достар едік. Ақынға жыры өз перзентінен ыстық болса, композитор үшін әні де сондай. Сол асыл дүниелерінің іңгәлап өмірге келгенде, жөргекте оратып, кіндігін кесуге мен Шәмшіні іздейтін едім де, ол мені іздейтін. Ала жіпті аттамас, арада кек сақтамас сырласым еді. Марқұм өмірден өтерінде ауруханада жатқан болатын. Барып тұрғанмын, екеуіміз ұзақ сырласатынбыз. Қолымнан ұстап, саусақтарымды аялай сипап отырып:

– Е, Илья, бұл өмір дегенің қамшының сабындай бір-ақ тұтам екен ғой, өмірден өтеріме өкінбеймін. Дүниені әніммен тербетіп, таңғы ауаны, тау-тасты, сайын даламды әніммен аялап, махаббатты жырладым емес пе. Бірақ әңгіме сол сайын даламды кең құшағымға сыйдыра алмай кетіп барамын!

Соңғы барғанымда «дүние жалған, өледі-ақ арман» деп жымышып, бидай өңі мұңға толып, қолымды ыстық алақанымен қатты-қатты қысып, бара бер деді, – деп Ілекең әңгімесін мұңая жалғады. – Оның шырқыраған титтей құс көңілі менімен соңғы рет қоштасып жатыр екен ғой. Алайда біз Шәмшіні қайта тірілтуіміз керек. Оның өнердегі жолын, қиянын, бұра-

лаңын, түзуін, адамдық сезімін, қуаныш – күйінішін, шаттығы мен қайғысын, арман-мұраттарын жан-жақты суреттеген сом шығармаларын, асыл мұрасын жинақтап халыққа жеткізу қажет, – деп Ілекең бір сәт жабырқаған көңілін серпіп тастағысы келгендей домбыраға қол созды.

*Самалы жұпар жазғы бір кеште,  
Ойласам болды Ыстық көл жақты,  
Айтылған сырлар түседі еске,*

*Оятқан сонда ақ махаббатты,* – деп қоңыр дауыспен өрілген ән әуезі көңілді тербеп, шымырлатып, сонау бір жастық шақтың өткен күндеріне жетелеп қиял тұңғыығына терең баурап әкетті.

Бір сәт қиял теңізіне шым батып кеткен сезімімізді серпіп, шыңыраудан шығаратын да Ілекеңнің өзі сияқтанды.

– Қай әннің де өз тарихы болады. «Даниярдың әні» дүниеге жайдан-жай келе салған жоқ. Мен қырғыз халқының танымал перзенті – Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесін оқыған үстіне қайта оқыдым. Данияр образы маған қатты әсер етті. Бір құдіреті өзге әндердей ұзақ толғанып, қиналып емес, бұл ән қайта жерді теуіп шыққан фонтандай тез-ақ жүрекке ұялады.

Бір қызығы, осы ән шығарылғанда сәті түсіп Шыңғыс та Алматыға келді. Мен көп сызылып түзетілген, әсірелей айтсақ «жөргек» көйлегін енді киген сәби әнімді повестің авторына жеткізуге, сыр бөлісуге асықтым. Бір жақсысы әнім Шыңғысқа ұнады. Қатты тебіреніп, риза пейілмен қолымды қысты.

Түн ортасы. Дала шымырқанып тұр. Қарашаның бұлтсыз, айсыз жұлдыздары жымындаған шамдай қара түні еді. Мақпал түн, аязы шытынаған шаңылтыр деп әсірелеуге болмайтын. Салқындау түннің өзі әнімен қызынған серпін алған, алаулаған бойдағы ыстық қан толқынын суыта алмады. Шығыс жақ бозамықтанып, түн пердесі сөгіліп келе жатқанда жолға шықтық. Әлгінде 4-5 сағатқа созылған әңгіме жанымызды тыңайтып, тәнімізге қуат бергендей. Алда түнгі оттары жымындап, киелі қала Түркістан қол бұлғайды. Бүгіннің таңы атып, тауығы шақырысымен біз де қоштастық. Бірақ жүректе қалған келісті сөздер жадымыздан шықпас. Жақсы адамның жанында жүрсен жанына азық берер қуат аласың.



Біраз күндерден соң жол түсіп Алматыға бардық. Қасымхан салған жерден «Ілекеңнің Түркістанға деген мол тартуы бар» деп телефонға қол созды. Ол кісі бірден үйге келіндер деп қолқа салды. Ілекеңнің жұбайы да өзі секілді көпті көрген, кең пішілген бешпеттей зиялы, ақыл, парасаты мол адам екен. Ілекеңнің талай ән туғызған сыр сандығы ашылды. «Ат аунаған жерінде түк қалады» демей ме. Ал, біз адамбыз. Ақын жүрген жерін суреттеп қыр жазады. Жазушы табиғатты, сол жердің адамдарын келістіре әңгімелейді.

– Мен Түркістан сапарынан олжалы болып оралдым. Бір емес үш ән дүниеге келді. Төрелігінді айт, – деді. «Түркістан», «Қарашық», «Арыс» әндерін домбырада ойнай отырып әуелеткенде мен ерекше серпіліп қалдым.

Сөздерін жазған Қасымхан Бегманов екен.

Тегінде Сыр мен Қаратау өңірінде Нұралы, Шады, Майлы, Мәделі, Құлыншақ, Ысқақ, Орынбай, Қазанқап, Мұса, Айтбай сынды тамаша ақын-жыраулар; Әлшекей, Ықылас, Сүгір, Жаппас, Төлеген, Қасымбек, Файзолла сынды күйшілер; Сұлтанбек, Шаймерден, Желеу, Құлжабай, Айнабек сынды әнші, композиторлар өткен. Шіркін, солардың желге ұшқан жыр-әндерін құмның қырқасында, Сырдың жотасында, таудың қаппарлы беткейінде өшуге, сөнуге айналған іздерін аршып, Ілекең секілді ерінбей-жалықпай іздеп, біртума таланттарды шыңға шығарар ұлдар болса ғой.

Тегінде Ілекеңнің отбасы ән құдіретімен оянып, ән әуенімен тіршілік етіп, ән ырғағымен өмір сүрер жандар сияқты көрінді маған. Ілекеңнің жұбайы нотаға алғаш түскен әндерінің сыншысы, әрі сарапшысы екен. Ал ұлы мен келіні де әнді жанымен сүйіп түсінер, сол саланың оқуын түгескен мамандар болып шықты.

«Арындап ән сала ма дарымаған» деп Әсет ақын айтқандай, Илья Жақанов тегінде осындай тұлғалардың бірі. Оның өнер адамдары туралы бұрын-соңды роман, повестері, әңгіме, эсселерін оқығаныңда жазушы деп танырың мүмкін. Әуелетіп ән салғанда әнші деп ұғасың. Ал өз әндерінің тарихын, өткен халық сазгерлерінің өмір шежірелерінен әңгіме қозғағанда қазақ музыка өнерінің тірі энциклопедиясы ғой деп еріксіз мойындайсың.

*27 ақпан. 1993 жыл*

## ӨМІРГЕ ҒАШЫҚ ЖАН ЕДІ

Өмірінің өксігін баса алмай, өнерінің барлық гүлін аша алмай кеткен Саттар Ерубаев қазақ совет әдебиетінің аспанына бір ақ рет жарқ етіп көтерілді де, жалт етіп ағып түскен жұлдыздардың бірі еді. Ол аз жасаған 23 жылдық ғұмырында құнын жоймайтын, күн санап бағасы арта беретін өшпес мұра қалдырып үлгерді.

Болашақ бақыт Саттардың сегіз жасында-ақ өзінің әжесіне белгі берген-ді. Олай дейтін себебіміз, Пәтіш (үлкен шешесі) бір күні жолы түсіп қалаға келеді де, Саттарына: «Қалқам, болашақтан үмітіміз бар. Мынау дүниеде барлық аналардың қамқоры, жанашырының жазған кітабы дейді. Бұл әулие адам дейді. Осыны өзің өскенде оқып, маған түсіндірерсің. Ешкімге бермей, жыртпай сақта», – деп бір кітап ұсынады. «Осы кітап маған бақыт берді. Мен бұл кітапты ең бірінші рет Әзірет Сұлтаннның дәл түбінде отырып оқыдым. Бұл кітапты кейін білдім. Ол Максим Горькийдің «Ана» романы екен», – дейді жазушы өткен шақ туралы естеліктерінің бірінде.

Міне, болашақ алғыр да сезімтал жазушының өмірге, әдебиетке деген құштарлығы осылай басталған. Саттар Ерубаевтың 1934 жылы «Мәңгілік өмір туралы жырында»:

*Маған қымбат барлығынан – берілгендік көсемге,*

*Ол берілген миллионның жүрегінен өшер ме?*

*Ендеше мен мәңгі жасап, өшпеймін де өлмеймін,*

*Еш уақытта жоғалмайтын, тозбаймын да сөнбеймін,* – деп, өз бағасын өзі біліп айтқаны дәлел болады.

Саттар жас болса да елге бас болуға лайық азамат еді. Оның өзінен 10-20 жас үлкен ағасы ретінде танылған қоғам қайраткері, қазақ совет әдебиетінің іргесін, шаңырағын көтерген, көркем сөздің шебері ретінде танылған Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Асқар Тоқмағанбетовтердің шығармаларына әділ баға беру – жиырма жасар кез-келген жігітке оңай шаруа емес екені белгілі. Сөзіміз дәлелді болу үшін нақты мысалға жүгінейік. «Сәкеннің жазғандары көп. Сәкен тең өлең ғана жазбайды. Өлеңмен бірге қара сөзді де, пьесаны да жазады... әдебиетке жаңа мазмұн, жаңа түр

кіргізді. Сонымен Сәкен қазақ совет поэзиясының басты ақыны бола алады» – десе, «Көркем сөздің ұстасы Бейімбет – қазақ новелла жанрының негізін салған жазушы. Ги де Мопассан сияқты Бейімбет Майлиннің новеллаларын оқығанда, оқушының ойында бір түрлі лирикалы сезім қалады», – деп 1936 жылдың өзінде -ақ дұрыс төрелік жасаған.

Ал «Асқар Тоқмағанбетов біраз өлеңдерінде әр мәселені маңызына жақсы жетіп, оның түпкі мақсатына түсініп жазбайды. Асқарда жаңа көтерілген мәселеден қалмаймын деп жылдам дауысын қоса салу бар. Қарқын, әрине керек. Бірақ қарқын мен сапаны бір біріне қарсы қоюға болмайды» – деп, 1932 жылы 18 жасында қарсы пікір айтудың өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Сондай-ақ, Саттар сол кездің өзінде, яғни 1931 жылы Ленинградта оқып жүргенде –ақ нағыз сезімтал интернационалист екенін танытады. Оған дәлел әкесінің өлгендігі туралы Саттарға хабар тиіп, қайғырып жылайды. Сонда оған грузин досы Сивадзе:

– Қайғырма, біз екеуміз Совет үкіметі дейтін өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па? – деп жұбату айтады. «Сонда мен қайғыдан емес қуанғандықтан жылап жібердім. Өмірде жалғыз еместігімді сездім», – дейді жазушы. Бұл сияқты сезім мен ұғым балаң жігіттің ойына кіру былай тұрсын, өмірдің талай тосқауылына кезігіп, оның тауқыметін көрген, тоқтасқан адамның қиялына келе бермейтін жайттар ғой.

Ал Саттар жас болса да армандауды, өмірді, бақытты шексіз сүйген. Ол: «Өмірге сүйген жардай ғашық болғандардың бірі менмін» деп бар даусымен айғайлап тұрып айтатын. Өзге жұрттың да кіршіксіз адал, бақытты өмір сүруін қалайтын нағыз азамат болғанын біз әлі жете білмей келеміз.

Сондай ақ, біз оқып жүрген басылымдардың беттерінен Саттардың қай жылы, қай айдың нешесі күні және оның туған жерінің толық көрсетілгенін кездестіре алмай жүрміз. Бұлай дейтін себебім, 1937 жылғы 5 шілдеде Саттардың қазасына байланысты «Лениншіл жас» газетінде берілген қазынамада «Саттар 1914 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір ауданында туған» десе, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы 2 шілдедегі санына жарияланған ма-

қалада «Саттар 1914 жылы Түркістан ауданында туған» деп жазылыпты. Ал кейінгі шығып жүрген Саттар туралы өмірбаяндық деректердің бәрінде де бұрынғы айтылып жүрген екі ұшты пікірлер сол күйінде түзетілмей қайталанып жүр.

Шауілдірлік Ә. Шілтерхановтың Саттар туралы жазған естелігіндегі Асқардың Пәтектен (бірінші әйелінен) туған Есімнің баласы Әшімнің: «Саттар екеуміз түйдей құрдас едік, жылымыз сиыр еді» дегенінің жаны бар сияқты. Өйткені қазіргі жыл санаумен есептегенде 1913 жылға тура келеді, осы пікірді «Мәңгілік өмір» новелласында «Бұл 1920 жылы болып еді. Онда мен жеті жаста едім» – деп Саттардың өзі де анық айтып тұрған жоқ па? Олай болса біз Саттардың туған жылы мен ай, күнін, оның ата-тегін осы уақытқа дейін неге жетік білмейміз, оны неге анықтап бір жүйеге келтірмейміз?

Қазіргі таңда Қазақстанның бір өзінде төрт жүзден аса ақын-жазушылар бар. Солардың ішінен санаулысы ғана Саттар жайлы үстірт жазылған бірен-саран өлендерін басылымдарға жариялады. Одан басқа ештеңе жоқ. Ал ғалымдарымыз (М.Алтынбекованы қоспағанда) осы уақытқа дейін жұмған ауыздарын ашқан жоқ.

Біздің ренжитініміз, Саттар туралы жан жақты зерттеліп, оны әлемге әйгілейтіндей ғылыми еңбектерді неге жазбадық? Шын мәнінде, Саттар өзінен өзі дайын тұрған ғылыми еңбек, творчестволық тамаша туынды емес пе?

Біз білетін Саттар «қасқа айғырдан қасқа тумаса да төбел туады» демекші, қоңыраттан шыққан белгілі суырып салма қос ақынның (Асқар мен Бапаның) ұрпағы болған соң қайдан осал болсын.

Көне көз, кәрі құлақтардың айтуынша, Саттардың түпкі атасы Итемген, руы божбан, Итемгеннен Бақтыбай, Өтеулі, Мендібай. Ал Мендібайдан Байғазы, Құлшық туады. Осы Құлшықтан Ерубай, ал Саттар Ерубайдың Асқар деген баласынан туған.

Бұлардың атақоныс мекендері Түркістан генерал губернаторына қарасты Сырдария облысының Шымкент уезіне тән Шағатай болысы, Саттар осы болысқа қарасты 21 ауылдың жайлауы саналатын, суының тұщылығынан сол өңірге әйгілі Асқардың құдығы атанған Ұзынқұдықта сиыр жылы

қой күземі біткенде айдың орта шенінде туған көрінеді. Ал күземнің қыркүйек айында аяқталатынын осы күнгі тәжірибеден байқап жүрміз. Олай болса, біз жете білмейтін Саттар 1913 жылы қыркүйек айының 14-15-терінде туғаны анық. Сондықтан алдағы уақытта шығатын Саттардың толық жинағына осы мәселелердің ескерілуін қалар едік.

Ендігі осыған орай айта кететін бір мәселе: біз ерте тұрып көштен кеш қалып жатамыз да, барымызды ұқсатып, жұртқа көрсете алмай, енжарлық пен самарқаулық өн бойымызды басып, ең соңынан қимылдайтын әдетіміз де бар. Бұған дәлелдер көп, оның бәрін тізбектеп келтіре беруге мына мақаланың көлемі көтермейді, көтергенмен оның қажеті де шамалы болса керек.

Саттардың әдеби-мемориалдық мұражайын ашуда жергілікті халықтың өтініш-тілектеріне байланысты тиісті орындарға сан рет мәселе етіп қойып жүріп зорға ашқанбыз. Жасыратын несі бар, мұражайға лайықты жайдың өзін әзірлеу оңайға түскен жоқ. Оның бәрін несіне айта берейік, қысқасы, көп әрекеттің арқасында мұражай ашылды. Бірақ Саттардың жеке басын әділ бағалап, кейбіреулер оның өзі жете білмегендіктен, оған ықылас ынта қойып мән бермегендіктен облыстық мәдениет жөніндегі комитеттің кейбір жігіттері «Саттар өте аз жасаған, сондықтан оның артында қалдырып кеткен ауыз толтырып айтарлықтай дүние-мүліктері жоқ, болғанымен олардың саны бес жүзге жетпейді. Осыған байланысты Саттардың мұражайын Әзірет-Сұлтан қорығының қарауына беріп, оған бір бұрыш ұйымдастырса да жетеді»- деп жауап берді.

Осыдан барып тиісті басшылар бір істі бастамас бұрын оның қыр-сырын неге жете тексеріп, оның маңызы мен мәніне неге көз жеткізіп алмайды деген ой туады.

Дегенмен, бұл жерде заң деп қатып қалмай, алтын мен мысты, арзан мен қымбатты ажыратып, қолға түсе бермейтінін ұстап қалғанымыз жөн ғой.

Ойланайықшы, қазақтың қай баласы (Ғ.Мұратбаевты қоспағанда) өмірдің қыр-сырын біліп, алдын ала көріп-келдік жасап Жапониямен болатын соғыс жайлы новелла жазды? Тіпті қазақ халқы емес-ау, сол заманда жалпы мұ-

сылман қауымының қайсысынан Саттар сияқты от жүректі, алғыр сезімді жас шықты? Бұл – тек жылқы мінезді қазақ халқына ғана тән қасиет.

Сондықтан болмашы шығынға тарлық жасамай, қайта Саттар мұражайын облыстық тарихи-өлкетану мұражайынан іргесін бөліп, оған қамқорлықты күшейте түскен жөн. Өйткені Түркістан қаласына турист-қонақтар жершарының түкпір-түкпірінен келеді. Қысқасы, Ғани мен Саттарды алдымен өзіміз жетік біліп алып, содан кейін шетелге танытуымыз керек. Ол үшін жазылатын кітаптар, зерттеліп қорғалатын ғылыми еңбектер осы екі жастың өмір жолы жөнінде болғаны абзал.

*Түркістан қаласы, 1991жыл*

## АҢЫЗ БОЛЫП ӨЛЕҢ ҚАЛДЫ...

**М**енің жадымдағы биік тұлғалы, дара дауысты дарындардың бірі – Жұмекен Нәжімеденов. Ол өмірден ерте кеткенімен соңында ғұмырлы жырлары қалды. Мен – сол жырлардың сиқырына таңырқаумен, тереңге тартар тылсым сырларына табынумен жүрген көп тілекшінің бірімін. Жұмекенде әдеби сын аса көп көңіл бөлмеген, талдап таразылай қоймаған тамаша балладалар бар. Сол балладаларды әредік қайталап оқитыным бар. Халық басына төнген қаралы кезең- соғыс жайлы «Қара кісі», «Домбыра», «Шал Қобылан», «Қобылан қарттың әңгімесі» балладаларында ақын сезімі шыңыраудан шымырып шығып жатқан тума бұлақ іспетті. Кәусарына тамсанып, тандай қақтырды. Ащы тағдырлар мен алапат қасіреттер жайлы дәл осылай жазу – екінің бірінің пешенесіне бұйырмаған дер едім.

*Соғыс. Боран. Өзге түгіл жылқы үсіп,  
Жел мен дала жатып алды жұлқысып.*

*Бүрді ауылды.*

*Бүрсең қағып бітуге*

*Қасқыры мен қарақшысы бір түсіп...*

*Ауыз үйде сондай қара бір түнде*

*Сыыр тұрды қос бүйірі бүлкілден*

Төнді біреу терезеден түнеріп,  
 Көрді біреу сыртқы есіктің кілтін кеп  
 Қос босаға бүйір құлап солқылдап,  
 Ашты есікті бір жезтырнақ қол тырнап,  
 Қара пиғыл қара жел боп кірді үйге  
 Қара боран ойнады үйге толқын боп  
 Қара, қара... бәрі қара боп кетті...  
 Қара кісі, қара сиырды ап кетті...

Жетім мен жесір соғыстың сұрапыл кезінде қаралы күнді көп көрді. Қара ниет, қара пиғыл да қара шұбар жыланша бас көтеріп, қайқандап кетті. Сол қара жамылған қара әйел мен шүйкедей қара кемпірлер халықтың келешегін- құйтымдай ұрпағын аман алып қалды, қарамен жағаласып жүріп өсірді, жеткізді. Уақыт өтті, жетім ұлдар әке болды. Ұрпақ жалғасты. Бірақ бір кездегі қара күндер бәрібір есте. Ол ешқашан ұмытылмайды. Ақын сол бір қара ниет, қара жүректілер жаңа ұрпақтың жолын кес-кестемесе екен деп тілейді.

«Шал Қобыландыдағы» жыртық кеуде, жетім көңіл шалдың ендігі қызығы, алданышы – еңбекте.

Соғыс жұтқан мұның да  
 Жалғыз ұлын сонау жылы көктемде  
 Кәрі жүрек қалды сәл шымырлап  
 Білегіне бейнет батып кеткенде.  
 ... Дем ал десең, бір көнбей,  
 Жер өңдейді Қобылан,  
 Әлдекімнен кегін алып жүргендей  
 Күрегі мен қолынан...

Ақиқатсыз аңыз жоқ. Ақын өзінің «Дастарқан» балладасындағы атам замандағы бір аңыздарын арқау етеді. Сол арқылы ақиқатты алдыға тартады.

Аузындағысын жырып, тақыр жерде отырса да, құдайы қонақтың сыбағасын сақтауды ұмытпаған халық қасиетті ақын жырына қуат қосып, нәр құяды. Өліспей беріспейтіндей болып ажырасқан қос батырдың бірі екіншісінің басын алмақ болып келгенде дәмнің үстінен шығады.

Ажалың жоқ ит екенсің сен де бір  
 Келіп едім бірақ шауып көмгелі  
 Дастарханнан аттай алмай қор болдым

*Дастарханмен жеңдің зой сен, жең мені...*

Ақынның аңызы арқылы бүгінгі ұрпаққа айтпағы қос ба-тырдың о жар, оспадар керісі жайлы әңгіме емес. Ол атан қазақ дастархан сыйлап өскен, астан аттамаған, сол арқылы бірлігін сақтаған. Оның осындай керемет дәстүрі бар дейді.

*Аңыз болып өлең қатты,*

*Күй мен аңыз дастарқанды сыйлатты.*

*Үй иесі алып қалған ажалдан,*

*Дастарқанын содан қайтып жимапты...*

Өз басым ақын өлеңін бұрыннан сүйсіне оқып жүргем. Кезінде карабайлау көрінген тұстары болғаны рас. Бірақ кейіннен, қайырылып соғып, қайта оқығанда баяғыда бай-қамаған өлеңнің кейбір сиқырлары мен сырлары алдым-нан шықты. Жүмекен ақынның жұмбағы бірте-бірте ашы-ла бастады да, шынайы таланттың құрған топырағына топ етіп түстім де қалдым. Енді босап шығуым мүмкін емес. Жүмекен ақын мені толығымен жаулап алды. Оның отыз-ға толар- толмаста, қырыққа жетер-жетпесте қыруар дүние тындырып тастағанын көрдім. Көпшілігіміз келе-келе, енді-енді айтуға ұмтылып жүрген көп шындық Жүмекен өлеңін-де жүр екен...

Жүмекен Нәжімеденов өз уақыттың көкейтесті мұнда-рымен өмір сүрген ақын. Өлеңге соны қапысыз түсіріп, көп жайды дер кезінде жырлап өткен ақын. Өз уақытының ты-нысымен тыныстап, жамандыққа жаны жылап, бүгін ғана бәрімізді толғантып жүрген ластанған ауа, тарылған өзен мәселесіне сол кезде-ақ кеудесі қабынған ақын. «Қызыл кітап» өлеңінде азайып бара жатқан қасиеттерге абай бо-лайық, адамға араша тұрайық дейді. Табиғаттың тазалығын сақтайық дейді. Көпшілік соңғы жылдары дауыс көтеріп, дауға айналдырып жатқан экология жайын Жүмекен ақын баяғыда жүрегі тітіркеніп ескерткен екен.

*Әлденені айта алмай тұр мұжалар*

*Түйдек-түйдек түтініне шашалып.*

*...түбінде біз ауа есепсіз десек те*

*Қиналатын секілдіміз есептен...*

Ақын өлеңдерінің басты бір ерекшелігі – тіршіліктегі қа-рама-қайшы күштердің арпалыстарынан ақиқат іздеуінде.



Жұмекен тіршілік, дүние, адам, қоғам мәнін, әлеуметтік жағдайлардың астар-қатпарын көбіне көп контрасты сурет, құбылыстар арқылы ашуға ұмтылады. Тазалық пен қараулық, сарандық пен жомарттық, сұлулық пен сүйкімсіздік, сүйсіну мен күрсіну, жарық пен қараңғы- өлеңге түскенде жай уағыз, құрғақ пәлсафа түрінде емес, жүрегінді шым еткізіп, туу тереңде жатқан сезімнің өзін суырып шығарады.

Ақын көлгірсіп, көмпитпей, даңғырлап дамытпай болмыстың арпалыс- жағаласын шағын өлеңге шебер сыйғызады. Өмірдің сұлу суретін салу үшін қас-қағым сәттің шырайын қағып ала қояды.

*Қыздың жұмыр иығынан күй-дағы,  
Ептеп-ептеп шымылып қойды батырмай...*

Адам жанының арпалысын, шырқыраған сәттерін, жарын күткен жас әйел, жалғызын күткен ана, әкесін іздеген бала мұңын, өзі көзбен көріп, қазанына қайнап өскен уақыт шындығын ақын көп жазды. Соғысқа кеткен перзентіне деген сағынышы кеудесін күйдірген ананың қасірет-мұңын, жанналасын, сағынышын үмітін ақын туғызған мына бір шумақ өз бойына еркін сыйдырып тұр.

*Кешікіқұрым, қырға шығып, ең биік,  
Әлдеқайда қарайтын ол ербиіп.  
Сол бір сәтте...табанында ананың  
Дөңбекшіген шығар бәлкім жер күйіп?...*

Соғысты Жұмекен көп жазды. Жүдеген ауыл, жесір көңіл, жетім жүрек...

*Жапа-жалғыз томсырайып тұр сол үй,  
Секілденіп ойы сөнген бір кеуде.  
...Алдап – сулап жөнелтетін мезгілді,  
Және өздері қалатұғын алданып.  
...Мен – жазықсыз тамшы жастан,  
Һәм бомбадан қорқам жаман!...  
...Ең жаманы бір-бір қолын шетінен  
Берітті олар көп болғандай екі жең.  
Сол майданда қалған қолдар бір нендей  
Жауларымен әлі айқасып жүргендей!  
Пеите жанып үлгере алмай шөп-шалам  
Мұржалардан суырылып кетті ұшып.*

Жұмекен соғысты көп жазғанымен, өз уақытын да бар болмыс-тынысымен өлең аясына сыйғызып кетті. Оның азаматтық үні, шеберлік шеңбері жайлы айтылар ақиқат сөз, ашылуын күтіп жатқан көмбелер әлі көп. Қазақ өлеңіне осы бір өзгеге еліктемей, өз жүрегінің үнімен жазған ақын не әкеліп, не қосты деген мәселе кәдімгідей талданып, таразыланып, салмақты сыр айтылуы керек. Оның жер теңізінің тұңғиық түбінде шөгіп жатқан інжу-маржандарының ақиқат құны, алар бағасы әлі айқындалған жоқ.

Ойсыз сәті болмаған Жұмекен ақын артына көп мұра – жыр мұрасын қалдырды. Толып жатқан толғау, поэма, балладалар, сырлы жырлар жазып кетті. Ол өз уақытына қатысты, өз замандастарының жан дірілін сездірер жайдың бәріне барлау жасап, барын беріп жүріп жанып кетті. Ақын жанының мазасыз күйіне, тазалық биіктігіне, ұрпақ үшін толғанып, әкелер үшін тебіренгеніне, адам тірлігінің ыстығы мен суығына мың күйіп, мың салқындағанына артында қалған жырлары куә.

Поэзия – азабы мол ауыр жол. Ақын осынау жолда келе жатып «ажал» деген шөңгеге сүрініп кетті. Бірақ оның өлеңдері бірден бірге өмір сүріп жатыр. Мың құбылған дүние шіркіннің алуан сырын көңіл айнасына түсіріп, пайымдап, саралап, қорытып, түйіндеп, тұжырымдап, жіліктеп өзгенің көкейіне құю құдірет тек соның қолынан ғана келер шаруа. Дара сипат, дарынды ақын Жұмекен – сол құдіретті тізгіндеген кереметтің бірі. Ақын өмірі жырынан басталады. Жұмекен жырлары оның өз тірлігімен, тұнық та таза, балалығы соғыспен тұтас келген, үлкенді құрмет тұтып, кішіге ілтипат көрсетіп өскен, көкейіне түйгені көп ұрпақ өмірімен сабақтас. Оның өмірі жан сырын жарқырата жайып салған жырларымен де біртұтас.

*«Жалын», № 6, 1990.*

## ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ ЖҮРЕТІН АЗАМАТ

Патшалық Ресейдің кезінде қазақ жерінде мектептің өзі мүлде жоқтың қасы еді, сирек жағдайда ғана қазақ кедейлерінің балаларын үздік басқармалық орыс гимназиясына жіберетін тізімге кіргізетін. Мұхамеджанның жолы болып, осы тізіммен 1890 жылдың 14 тамызында Верный ерлер гимназиясының дайындық класына қабылданды. Алғашқы күннен бастап Мұхамеджан бар ынта-зейінін оқуға арнады. Табиғат берген қабілет пен талаптың арқасында гимназист-бұратана Тынышбаев 10 жыл бойына (негізгі курс 8 жыл) бүкіл ұстаз қауымын білімімен таңқалдырды. Оның гимназиялық мінездемесінде айрықша қабілеті көрсетілген. 1900 жылы ол қолына оқудағы, әсіресе математиканы оқудағы үздік табыстары үшін алтын медальмен наградталғаны жайлы мемлекеттік аттестат алды.

Мұхамеджан Тынышбаев гимназист бола жүріп оқумен ғана шектелген жоқ, қоғамдық-саяси шараларға, білім көтеру үйірмелеріне қатысты.

Туған халқына, еліне қызмет көрсету үшін ол инженерлікті тандады.

Гимназияның алтын медалі мен оқытушылар кеңесінің үздік мінездемесі оның алдынан басқа жол ашты. Оны Жетісу әскери губернаторының кеңсесіне аудармашылық қызметке ұсынды.

Алайда кеңс қызметкерінің болашағы оны қызықтырмайды, ол император Александр І-ші атындағы Петербор теміржол инженерлерін даярлайтын институтқа түсуге тілек білдірді.

Тынышбаевқа қазыналық стипендиясыз алыс Петерборда оқу мүмкін емес еді. Осы кезде оған бұрынғы ұстазы, гимназия директоры М.В.Вахрушев көмекке келді. Ол Жетісу әскери губернаторының алдында ұсыныс жасады: «Шәкірт Тынышбаевтың барлық жағынан үлгілі екенін және айрықша қабілетін ескеріп, Сіздің билігіңіздегі стипендияны Тынышбаевқа беруіңізді сұрауды өзімнің міндетіме алып, парызым

деп есептеймін, мұндай стипендиясыз оның жоғары оқу орнында білімін жалғастыруға мүмкіндігі жоқ» – деп жазды.

Петербор Тынышбаевты әрі таңырқай, әрі сенімсіздікпен қарсы алды. Ол мұндай мәртебелі оқу орнына түсуге тәуекел еткен тұңғыш бұратана халықтың өкілі болатын. Сөйтіп, 1900 жылы Тынышбаев студент қатарына қабылданды.

Ол қаржыны үнемдейді, жол шығынын ескеріп, ауылға демалыста емес, екі жылда бір-ақ келеді. Осындай қаржы тапшылығына қарамастан оқуды үздік оқиды. Студенттік жылдарын сонымен қатар қоғамдық орындарға, кітапханаларға, баспасөзге, әр түрлі жиналыстар мен кештерге қатысуға арнады.

Оны туған халқының әлеуметтік-саяси мәселелері толғандырады. Сондықтан 1905 жылы автономистердің съезінде «Қазақтар мен қоғамдық қозғалыс» атты баяндама жасайды. Баяндамада патша өкіметінің отарлау саясатының сипатын ашып, одан шығар жолды көрсетеді. Сол жылы ол Министрлер Кабинетіне хат жолдап, онда қазақтарды басқарудағы негізгі принциптердің қазақ халқының мүддесіне сай еместігін ғылыми түрде дәлелдеді. Басқарудың әскери жүйесінен азаматтық жүйеге көшуді талап етеді. Ар бостандығы, тендік мәселелерін Тынышбаев қазақтар үшін пісіп жетілген мәселелер деп есептейді. Ол жерге қысым жасалуы мен қазақтардың кедейленуі туралы да ашық айтып, бағыл ұсыныстар жасайды.

Беделді, саяси сауатты 28-дегі жас инженер Жетісудан мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. Бұл шешім патша өкіметіне ұнаған жоқ. Дума мінбесінен Бақытжан Қаратаев сияқты депутаттардың Столыпіндік аграрлық саясатты сынаған үндері естіле бастады.

Дума таратылғаннан кейін М.Тынышбаев Орта Азия темір жолына айрықша тапсырмалар жөніндегі инженер ретінде қызметке орналасып, Амудария арқылы өтетін көпірдің құрылысын салуға қатысты. 1911 жылы Урсатьевка – Өндіжан темір жолы құрылысының бастығы және бас инженері болды. 1914 жылы елге оралып, Жетісу темір жолында учасок бастығы және Арыс-Әулие-Ата (қазіргі Тараз участогында) бас инженер болып істеді. Мұнда А.Байтұрсынов пен

М. Дулатов басқаратын «Қазақ» газетінің белсенді тілшісіне айналған, «Қазақ инженері» деген бүркеншек атпен 1915ж. «Жауласушы мемлекеттің армиялары», «Су астындағы қайық», «Жауласушы мемлекеттің қарулануы» сияқты ағартушылық сипаттағы мақалалары жарық көреді. «Барлыбек Сырттанов», «Садуақас Шолымбеков» атты мақалаларында алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары жайлы терең толғаныспен сыр шертеді.

1916 жылғы көтерілістің қызған шағында туған жері Ешкiөлместе демалыста жүрген ол көтерілісшілерді қолдаушы ретінде үй тұтқынына айналады. 1917 жылы басқа қазақ зиялыларының өкілдері сияқты ақпан төңкерісін патша өкіметін құлатушы күш есебінде қарсы алды. Ол Жетісу өлкесінде уақытша өкіметтің комиссары болып тағайындалды.

1917 жылы М. Тынышбаев пен екінші комиссар Шкальский ұлтаралық шиеленістерді болдырмау, революциядан кейін Қытайдан қайтып оралған қазақтарды орыс кулақтарынан қорғап, олардың 1916 жылы көтеріліске дейінгі тұрған мекендерінде орналастыру үшін көп жұмыстар атқарады.

1920 жылда-ақ М. Тынышбаев азамат соғысы кезінде жұтаған қазақ жұртына көмек беруге аса көңіл бөлді. Ол Солтүстік Жетісу өлкесіне қарасты 31 болыстың шаруашылық жағдайы туралы жан-жақты баяндама дайындап, экономикалық жағдайды жақсарту жөнінде жоспар-шара жасады.

Орталық Азияда ұлттық мемлекеттік ыдырауға байланысты М. Тынышбаев Орталық Атқару Комитетінің жерге орналастыру жөніндегі айрықша комиссиясына қызметке тағайындалды.

М.Тынышбаев жоғары мәдениетті, ғылыми дайындығы мол адам болатын. Белгілі генетик, селекционер Н.И.Вавиловтың «СССР-дің егіс дақылдары» атты кітабына материал жинау үшін Жетісуға барған сапарында М.Тынышбаевқа жолығуы кездейсоқ емес.

М.Тынышбаевтың ғылыми зерттеулері туралы сөз қозғағанда оның тек тарихпен айналыспағанын ескеру керек. 1925-1926 жылдарда Тынышбаев республиканың астанасы – Қызылорда қаласын көркейтуге бас инженер болып тағайындалды. Ол қаланы сумен қамтамасыз ету мәселесін шешті.

1917-1930 жылдары РСФСР халық комиссары кеңесі төрағасының орынбасары, осы кеңес жанындағы Түрксіб құрылысын салу жөніндегі комитеттің төрағасы Тұрар Рысқұловтың шақыруымен Түрксіб құрылысының жұмыстарын орындады.

Алматы–Фрунзе (Бішкек) жолын салудағы М. Тынышбаевтың атқарған жұмысы өте қомақты. Жерді жақсы білудің арқасында әлдеқайда қымбат тұратын Қордай нұсқасының орнына 25 млн сомға арзан Шокпардан өтетін нұсқаның тиімділігін дәлелдеп шықты.

1929 жылдың 18 шілдесінде Түрксіб құрылысшылары жолды кейін астана болған Алматы қаласына дейін жеткізеді. 1930 жылдың 25 сәуірінде солтүстік және оңтүстік бөлімшелердің түйіскен күні алғашқы Түрксіб бойымен өтпелі пойызды бұрынғы бақташы, тұңғыш қазақ машинисі Көшкінбаев жүргізді. М.Тынышбаевтың нұсқасымен салынған ұзындығы 1445 км Түрксіб жолы үкімет белгілеген мерзімнен 17 ай бұрын салынып бітті.

Елге, халыққа осыншама еңбек еткен азаматтың жеке өмірі ауыр және қасіретке толы болды.

1932 жылдың 22 сәуірінде Түрксіб жолының бастығы М.Тынышбаев күтпеген жерден тұтқынға алынып, Воронежге жер аударылды. Айдауда жүрген кезде ол Москва-Донбасс темір жолының жобалау бөлімінде инженер болып қызмет істеді.

М.Тынышбаев бұл жолы аз ғана уақыт Қоқан қаласында Түркістан автономиясының премьер-министрі болып, кейін отставкаға кеткен кезінде болған 1917 жылғы уақиғалар үшін айыпталған еді. 1937 жылы 28 қаңтарда Қазақ ССР-і жоғары сотының коллегиясы арқылы қайта қаралды. Алайда тек 1970 жылы ғана ресми құжаттарда жазылғандай, өлгеннен кейін ақталды.

Осыдан тура жүз жыл бұрын білімге құштар талантты жас Мұхамеджан Тынышбаев алыс Петерборға білім алып, туған халқына қызмет ету үшін аттанған еді. Қазір ол жағдай мүлде өзгерді. Тәуелсіздіктің арқасында халқымыз өз елінде аңсаған арманына қол жеткізу үшін еңбек етуде.

Өткен жылдың мамыр айында республика өкіметі Қазақ көлік және коммуникация академиясының құрамында Ақтөбе жоғары теміржол көлігі колледжін ашу туралы шешім шығар-

ды. Бұл – теміржол инженері мамандығын қалаған жастарымыз үшін өз үйінен алысқа ұзамай білім алуғағы бірден-бір көреген дұрыс шешім еді. Шын мәнінде халықтың жағдайын түзеп, экономиканы жақсарту үшін елдің күретамыры теміржол көлігі қызметінің маңызы зор екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Біздің облысымыз республика бойынша екінші орында тұрған бай территорияны алып жатыр. Батыс Қазақстан аймағында Ақтөбе-Никельтау, Шалқар-Арқалық, Шалқар-Бейнеу, Қызылорда-Жезқазған немесе Жосалы-Жезқазған, Мақат-Александров т.б. бағытындағы теміржол құрылыстарын салуды қолға алса дұрыс болар еді. Біз бұл мақалада тұңғыш теміржол инженері, Қазақстанның тарихында өшпес із қалдырған, елдің экономикалық рухани дамуына үлкен үлес қосқан Мұхамеджан Тынышбаевтың өмір жолына шолу жасай отырып, оның есімін Ақтөбе теміржол көлігі колледжіне беруді дұрыс деп санаймыз. Студент жастарды отаншылдыққа тәрбиелеуде бұл да бір игі қадам болар еді.

## АСЫЛДЫҢ БІРІ ЕДІ

Өзгеріп жатқан өмір, жылжып жатқан жылдар сан алуан адамдармен жүздестіреді. Кейбіреулермен жақын араласып, дәм-тұздас боласың. Алайда көптің бәрі бірдей емес. Солардың ішінде әр сөзінің өзі алтынға бергісіз, жаныңа нұр құйып, еріксіз өзіне тартатын, кеудеңде өшпес із қалдыратын асылдар бар, танысқаныңа қуанбақ түгілі бірге жер басып жүргеніңнің өзі «әттеген-ай» дегізетін пасық ойлылар да кездеседі.

Мен де өз өмірімде сондай жандардың талайымен кездестім. Сол алдыңғы топтың ішінен оқ бойы оқшау тұрған, тұла бойы ізгілік пен адамгершілікке толы халқымыздың мақтан тұтар ұлдарының бірі Шахмардан Есеновтің есімін асқан тебіреніспен еске аламын. Ол кісінің республика өмірінде алатын орны, сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Шағын естелігімде асыл азаматтың қоғамдық қызметіне баға бергелі отырған жоқпын. Білгір ғалым, қоғам қайраткері, геология-минерология саласының тамаша зерттеушісі, 100-ден аса ғылыми еңбектің авторы, Лениндік сыйлықтың лауреаты

Шахан ағамызбен таныс, аралас-құралас болған кездерімде өзім байқаған адамгершілік қасиеттері жайлы сөз етпекпін.

Жомарт жүректі абзал ағамен бірге болған сәттерім өмірімнің жарқын беттері іспеттес. 1991 жылы алыстағы Саха елінде бір топ жазушылармен бірге шығармашылық сапарда болып, үлкен әсермен оралған бетім еді. Жұбайым астанадан сыйлы қонақтардың келетіндігін жеткізді. Көп ұзамай күткен қонақтар да келді. Олар қызымызға құда түсуге келіпті. Құдамыз – тарих ғылымдарының докторы, көп жылдар ұлттық университетте дәріс берген, бүгінде ұлттық техникалық университеттің профессоры Ахмет Ержанов екен. Қонақтарды ата салтымен «құда» ретінде ғана емес, халық қадірлейтін азамат ретінде үлкен сый-құрметпен қарсы алдық. Үзеңгілес жолдастарымыз да шақырса қолға түсіре алмас осынау ел ардақтыларымен жүздесудің әрбір сәтін есте қаларлықтай өткізуге бар күштерін салды. Қаратау бөктеріндегі табиғаты әсем, сылдырап аққан бұлақ бойында қолдан жасалған бассейні бар Майдантал деген жерде көңілді демалысқа ұласқан қонақасы ұйымдастырылды.

Ол кезде Шахмардан Есенов Жоғарғы кеңестің депутаты еді, аздап науқастанып жүр екен. Әйтсе де, сыр берместен өзін барынша ширақ ұстады. Тау самалына кеудесін тосып, кәусар шуға шомылып, өзін сергек ұстап, жас адамдай жадыраған қалпынан бір айныған жоқ. Науқастанып жүр десең, адам сенбестей еді. Әрбір қимылына, сөйлеген сөзіне қарап, өмірге соншалықты құштарлығын байқау қиын еместі. Жиналған көпшілік Шахаңның ел, болашақ туралы ойлы әңгімесін ұйып тыңдады. Ол күйкітірліктің қамы жайында ауыз ашқан жоқ, өткен-кеткенді еске алып, бағзы біреулер құсап өткенге уәж айтумен де әуестенбеді, республиканың келешегі туралы жаны сыздай отырып, терең пірімге толы келелі пікірлерін ортаға салды. Және бір таңқаларлығы – түннің бір уағына дейін созылған әңгімеден соң жүзінде шаршағандықтың көлеңкесі де сезілмеп еді.

Оның еліміздің табиғи көркі, жер асты байлығы жөніндегі сырлы әңгімелерінен табиғат-анаға қамқор көзбен қарау керек деген ой ұшқындап жататын. Даналық пен қарапайымдылықтың үлгісі осы жолы айқын көрсетті десе, сірә, артық айтқандық болмас.



Шахаңмен араласқан уақыттың ішінде әсіресе, жұбайы Камила екеуінің арасындағы өзгеше бір сыйластық, сүйіспеншіліктің куәсі болдык. Ерлі-зайыптылардың арасындағы жылылық, өзара түсіністік көңілге әсем сезім ұялатып, өмірге дұрыс көзқараспен қарауға жетелейтін. Қоғамда өзіндік орны бар үлкен тұлға отбасында баладай елгезек қалпынан танбайтын. Оның үйінде қонақта болғанда аңғарғанымыз ол қонағының жағдайын жасап, бір сәтте байыз тауып отырмайтын, көңілді әңгімелерін шертіп, қызмет жасап жүрген Шаханды көргенде «Ұлық болсаң – кішік бол» деген халық нақылы еріксіз ойға оралатын. Бұл қасиет жөнінде Камила апайдың айтқаны есте қалыпты: «Шахаң көшеде келе жатып, жас жігіттерге әуелі өзі иіліп сәлем береді, оның не десем, бұлар менің шәкірттерім ғой», – дейді жымыып. Ұлы тұлғаның кішіпейілділігі сәл нәрсеге қолы жетсе болды кеудесін көтеріп шыға келетін талайларға үлгі боларлықтай...

Шахмардан Есеновтың өзімді тәнті еткен қасиеттерінің бірі асқан төзімділігі. Науқастанып жүргенде екі бірдей операцияны, бірі – Алматыда, екіншісі – Мәскеуде бастан кешірді. Операциялардың қай-қайсысы да күрделі өткенімен, Шаханның шыдамдылық танытқанын естіп қайран қалдым. Қатты науқастанғанда бірнеше рет қасында болдык. Көңілін сұрауға барған біздер ол кісінің науқасы туралы сөз қозғамақ түгілі, үнемі ұлт мүддесі, болашақ жайлы толғанысын есітіп парасат пен пайымына тәнті болатынбыз. Жұбатам деп барып, жұбату сөздерін өзінен естідік. Мұндай қайрат пен шыдамдылық екінін бірінің қолынан келе бермейтін болар. Науқастанып жүрсе де, Жоғарғы кеңестің сессиясына, Ғылым Академиясындағы жиналыстарға қатысып, өзінің көзқарасын білдірумен болды, жеке басының емес халықтың мүддесін көбірек ойлады, қазақ ғылымының қара шаңырағына деген сүйіспеншілігін өмірінің соңына дейін сақтады.

Бірақ, сұм ажал дегеніне жетті. Алайда Шахмардан Есенов қашанда халықтың жадында. Оны танитын көп қауымның есінде әдемі естеліктер жатталып қалды. Мәселен, Шаханның үйінде болған кезде кішігірім музейге тап болғандай күй кешетінбіз. Сан алуан тастар көздің жауын алады. Әр түрлі ескерткіш сувенирлердің әрқайсысының өзіндік тари-

хы бар еді, оны баяндаудан Шахаңның өзі де жалықпас еді. Мен кейде оны тау-тастың сиқыршысы ма екен деп ойлап қалатынымын.

Ол адам деген ардақты атқа лайық еді. Өзі қандай пәк болса, өзгелер туралы да солай ойлайтын. Ешкімді алаламайтын, руға, жүзге бөлуге қарсы болатын. Камила апай бір оқиға туралы әңгімелеген: «Бірде бір жас жігіт өзінің руын қайта-қайта айтып, «Мен сіздің ініңіз боламын» деп тықақтап қоймапты. Шахаң сонда: «Айналайын тегінді білгеннің артықтығы жоқ қой, бірақ маған сенің руың емес, азаматтығың қажет, жақсы азаматтың қашанда жаттығы жоқ», – депті.

Меніңше, Шахмардан Есеновтың бойындағы асыл қасиеттері талай арыстарды дүниеге әкелген асыл мекен – Сыр бойында туғандығынан-ау деймін. Дене бітімінің өзгешелігі де бірден көз тартатын. Сұңғақ бойлы, ірі денелі еді. Оның өз әкесі одан ірі, атан жілікті болған деседі. Арғы аталары да текті кісілер екен. Бұл да болса табиғаттың сыйы болар.

Орны бөлек тұлға туралы айтылмаған, бірақ алдағы уақытта айтылар әңгіме өте көп. Қай жерге барсаңыз да Шахмардан Есеновтың шәкірттерін, онымен қызметтес болған, оның шапағатын көрген жандарды кездестіресіз. Оның азаматтық бейнесі сан ұрпаққа үлгі боларлық.

Шахмардан Есенов қаншалықты танымал болса тағдыр тауқыметін де басынан өткерген. Өмір жолы тақтайдай тегіс болған жоқ. Күншілдік деп аталатын дерт те айналып өтпеді. Мұның өзі ұлы азаматтың атына көлеңкесін түсіре алмады. Адалдық, қарапайымдылық, жан дүниесінің байлығы оның ел алдындағы мәртебесін көтеріп, асқақтап отыратын. Осындайда барымызды кезінде бағалай білмейтініміз қинайды. «Өмірге келмек бар – кетпек бар», – дегендей тіршілікте асылдарымызды аялап, қолтығынан демер болсақ, кейін өкініш болмас еді-ау дейсің. Шахмардан Есенов сияқты біртуар тұлғаны еске ала отырып, өз тұстастарыма ұлы суреткер Ғабит Мүсіреповтің «Шын жақсы топтікі болмас, көптікі болар» деген нақыл сөзін жадымызда ұстап, жақсыларымызды тани білейік, оларды мақтаныш етіп қана қоймайық, олардың өнегелі өмірін келер ұрпаққа үлгі боларлықтай етіп қалдырған жөн болар еді.

## ШЫҒЫСТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ

Ұлы Абай ақын жас кезінде жазған жырларында: «Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науай Хафиз – бу әммаси, Медет бер, шағири, фәрияд» – деп Шығыстың жыр аспанында жарқыраған шоқ жұлдыздарына сыйына жазған жарларын, бүгінгі ұрпақ білуге тиіс. Сөзді зерлеп, ойды әбзелдеп- түйін жасаған, бүкіл түркі жұртына ұстаз болар, ғұлама ғалым, ұлы ойшыл, өзбек халқының төл перзенті Әлішер Науайдың туғанына 550 жыл толып отыр. Шеті де, шегі де көрінбес толқып жатқан мұхиттарға құяр, арнасы кең, ағымы қатты арынды өзендер басын биік шыңдардан алады. Бастауы биік шың, мұзарт тастардан шымырлап шығып жатқан өзендер мәңгі суалмайды. Ондай өзендер таза әрі мөлдір келеді. Ол сусаған жолаушыға да, жерге де, елге де тіпті барлық халыққа да пайда келтіреді. Бүкіл дүние жүзілік әдебиет төрінен орын алатын таланты тарлан, философиялық ойы тым тұңғыық тереңде жатқан өнер алыптары – Гете, Шекспир, Пушкиндермен терезесі тең жатқан Науаи тек өзбек ағайындыларының көз қуанышы болмаса керек. Бүгінгі күні талабымен зер сала ойлап, саралар болсақ бүкіл түркі жұрағатына ортақ тұлға. Оның себебі бар. Бұлақтан өзен пайда болды. Ал, бұлақ шәкірт бастауыш биік шыңдардан алады. Ұстазсыз шәкірт тұл. Бүгінгі таңда бүкіл Орта Азия, тіпті Қазақстанның ақындары Науаи еңбектерінен үлкен философиялық тағылым ала білуде. Оған мысалды алыстан іздемей бір ғана Абай ақынды алайықшы. Сол сықылды кезінде Ә. Науаи да өз дәуірінің алдыңғы легінде өмір сүрген ұлы тұлғалардан үйрене білген. Яссауи сияқты күрделі көзқарасты ақын мұраларын оқып, жоғарғы моральді уағыздайтын поэзиясынан мол сабақ алады. Яссауи өз кезеңіндегі тайпалардың тілін, тұрмысын, этнографиясын, тарихын, салт-саналарын танытатын даналық жырлар тудырды. Жазба әдебиетке философиялық ой берді. Ал Науаи сияқты классиктер бұл бастаманы ілгері дамытты.

Енді бір сәт Науаидың өз қолымен тасқа жазылған сөйлем жолдарына үңіліп көрейікші: «Қожа Ахмет Яссауи – бүкіл ойды таразылап, дүниеге зер сала қарайтын, адамдар пір

тұтып, қастерлейтін биік тұлға. Оның болашақты болжап, дүние сырын саралай білген жырлары саф алтынға бергісіз. Ол имам Жүсіп Хамаданидың шәкірті болды. Ал мен сол ойшыл кемеңгер Яссауидың шәкіртімін. Ол жазған туынды алдында патшаң да, ханың да, бай мен кедей, тіпті жолаушы да бас иіп, тағзым етеді. Етуге тиіс те. Сондықтан да ол жазған даналық сөздердің шоқтығы биік», – деп жазады. «Данышпан сөзін данышпан ғана ұғады», – деген екен осы.

Науаи еңбектерінде өз кезеңінің заманына тартысты уақыт тынысы, әділдік пен арамдық, зұлымдық пен махаббат жырымен кестеленген. Оның «Чордеван» (төрт кітап), «Хамса», «Махбул-кулбу», «Мухокаматул», «Лұғатаин», «Мажомисуннафаис», «Мезовул-авзон» еңбектері өзбек әдебиетінің шоқтығы биік көне бастаулары, мұрасы болмақ. Ол әрі ақын ретінде әрі ғалым-ғұлама ретінде кезеңінің дәуірі тынысын жырмен зерделеп, соңына, келер ұрпағына мол мұралар қалдырды. Өзбек тілінің терең тамырлы бастауларынан нәр алып жазған шайырдың өлеңдеріндегі сөздер 26035 екен. Бұл аз ба, көп пе? (Бұл Науаи танушы ғалым Бахрам Бафаев жазған мәлімет бойынша).

Енді бұны әлем әдебиетінде аты қалған, ұлы тұлғалар тудырған еңбектердің сөз қорымен салыстырап көрейік. А.С. Пушкинде 21197 сөз бар. Демек Науаидан 5 мыңға жуық сөз кем. Ал, В. Шекспир 20 мыңға жуық сөз қорын пайдаланған. Науаи бұл кемеңгер тұлғадан да терезесі биік тұр дей аламыз.

Ұлы шайыр көне өзбек әдеби тілінің түпұсқасын пайдалана отырып, соңында мәңгі өлмес мұра қалдырды. Ол өз кезеңінде тек ақындық жолымен жүрген жоқ. Замана қайраткері, адамзат перзенті, халық ұлы ретінде де, өнімді істерге араласқан жан. Ел ішінде әділеттілікті орнықтыру, халық тыныштығы мен мемлекеттің өркендеуі үшін күресті.

Елдің білімі мен мәдениетін көтеру жолында қаржы мен қайратын сарп етті. Сол кезеңдерде оның бастамасымен медресе, мешіт, кітапханалар ашылды. Бау-бақшалар егілді. Ол әлемге сәуле шашқан күн нұрындай жан-жағына өз шуағын төгуге асықты. Ізгілік нұрын сеуіп, адамзат баласына жақсы қасиеттерді насихаттау жолына бүкіл ғұмырын сарп

етті десе де болады. Оның парасатты өмір-тағылымынан сусындап, білім алған шәкірттері көп болды.

Атақты тарихшы ғалымдар Мархайд, Хандамир, әйгілі суретшілер Комомиддин Бекзат, Махмұд Музахид, Шах Музаффар, талатты музыкаттар Ғұлам Шаді, Құлмухаммед Удист, Дәруіш Ахмет сынды кезеңіндегі айтулы тұлғалар Науаи тағылымынан дәріс алып, соның төңірегінде болған адамдар. Бүкіл өзбек халқының биік бәйтерегі, өзбек әдеби тілінің бұлақ бастауы Әлішер Науаи кім? – деген сауалға тоқтала кетейік. Себебі, өзбек ағайындармен ауылымыз аралас, қойымыз қоралас отырсақ та ұлы ғұлама, біртуар шайырдың өмір жолын көбіміз білмейміз.

Әлішер Науайдың өмірбаян деректеріне үніле көз салсақ, оның ғұлама ғалым, биік тұлғалы ақын болып қалыптасуына шыққан тегі, өскен ортасы қатты әсер етті. Топырақ пен сусыз, ауа мен күн нұрынсыз да өскен ортасы, замана талқысы себеп болып өз қажыр қайраты мен биік мақсатқа ұмтылған талабы болмаса ешқандай дәрежеге де, даналық жолына да шыға алмас еді. Әлішер Науай да осындай тамыры терең, тылсымитіршіліктің перзенті еді. Ол өмір заңдылығымен қалыптасып, шәкірт болып ізденіп, құлшынышты көңілдің арынын тежемей, «мәңгілікке аты қалар ұлы сүрлеуге» қиындықпен қол жеткізген жан. Атасы Ғиесиддин Кішкене өз заманында білімді, зиялы парасатты кісілердің бірі болған. Нағашылары Мирсаид пен Муфаммед Әли Кабулит және Ғариби белгілі ақындар еді. Науаи ер жеткен шаңырақта сол кезеңнің аузын айға білеген ғұлама ақындары, ұлы ойшылары, дана, кемеңгер тұлғалар жиі бас қосатын.

Осындай ортада жетілген зерек ойлы, естігенін ұмытпайтын Әлішер 3-4 жасынан-ақ өлең жаттап, сөз қадірін қастерлеп өсті. Ол 4-5 жасында медресеге барады. Ә-дегеннен-ақ ұстаздарын ерекше қабілет-дарынымен, зейін-зеректігімен таң қалдырды. Медресе қабырғасында ол парсы, тәжік ақын-жазушылары Шейх-Саддидың «Гүлстан», «Бостан» және Фариддин Атторының «Матинут тайыр» дастандарын жатқа оқыды. Науаитанушы ғалымдардың зеттеулері бойынша жазылған деректерде Әлішер сегіз қырлы, бір сырлы жан болған. Музыкаға әуестеніп, суретпен тікелей

шұғылданған. Әлішер 11 жасқа келгенде, шамамен алғанда 1452 жылы Қорасан патшасы Әбілқасым Бабыр, оның атасы Фиесиддинді Сабзабар қаласына әкім етіп тағайындайды.

Әрнеге ынтазар боп, зерек өскен Әлішер өлең өлкесінде 8-9 жасынан-ақ саяхатқа шығады. Көңілі зерек, көзі ояу жас өскін балаң жырларын айналасына, туған ана-табиғатқа, жас жүректің иірімді толқынысына арнайды. Ол 13-14 жасқа келгенде әкеден айырылып, жетім қалады, бірақ тағлымды парасатымен жастай көзге түскен оны патша өз сарайына қызметке алады. Оның ойы толысып, қырымға көз салатын қырағы болып жетілуіне де қамқорлық етеді. Сол кезеңнің заңды қағидасы бойынша Әлішер патша уәзірі Мавлана Муаммойға шәкірт болады.

Ә. Науайдың «Фонист» деген лақап аты болған. Әрбір кезеңнің өз ағымы, талабы мен талғамы болады. Әлішерді қарамағына алған Әбілқасым Машхад шаһарында қаза болады. Патшаға бірге еріп барған ақын медреседе философия мен математика пәнінен дәріс алады. Өзі жүрген жерінде дарындыларды іздеуге, олармен пікірлесіп, достасу барлық дана ойдың иелеріне тән қасиет. Әлішер де Машхадта жүріп мәшһүр шайырлар айд Хасан, Ардашар және Камал Турбагиналармен танысып, дос болады. Осы жерде ол алғашқы өлеңдері мен дастандарын, топтамаларын жазады. Ұлы адамдар өмір бойы ізденумен, халқына қызмет етумен өтеді. Осындай қасиет Ә. Науаида болған. Ол Самарқан әкімі Ахмет Хажыбек арқылы Ұлықбек тұрмысына көп көңіл бөлген кезеңі: Хусейн Байхараға хатшы болып Хитротта тұрған жылдары еді.

Науаидың «Ғарайыбұс сиғор» жырында мынадай жолдар бар. «Бұл дүние керуен жолына ұқсас, Адам баласы жолаушы. Бір көшіп, бір қонып жүре береді. Бірақ артына із қалады...»

Науаи ұстазы өмір сүрген қалада оның мектебі бар. Сол мектепке бара қалсаңыз, Науаидың мол мұрасынан мағұламат аласыз. Оның туылған күнін жыл сайын атап өту дәстүрге айналған. Бір сүйсінерлігі- ол рухани тәрбие берер, қасиетті орта. Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді. «Қолбасшы тәжірибиелі болса, хаты өлмейді», – деген осы. Ә. Науаидың биік тұлғасы бүгінгі ұрпақ жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

## КҮН ІЛГЕРІН БОЛЖАҒАН МӨҢКЕ БИ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

**М**өңке би – XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Әкесінің есімі – Тілеу. Орыс жазба деректеріндегі мәліметтер Мөңке бидің Әлімұлы тайпаларының ішіндегі ықпалды билердің бірі болғандығынан хабар береді. Сонан кейін оның аты Алаш зиялылары М.Ж.Көпейұлы, А. Байтұрсынов және Ж. Аймауытов шығармаларында кездеседі. Ол туралы аңыз-әңгімелер, өлең-толғаулар тек Кіші жүз ішінде ғана емес, бүкіл қазақ даласында кеңінен таралған. Мөңке би туралы академик Д. Жұбанов еңбектерінде көрсетіледі. Ол: «Мөңке – аз заманының аса тапқыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам» – деп тұжырым жасайды.

Зерттеушілер Мөңкенің туылған жылы деп 1675 жылды алады. Ал дүниеден қайтқан жылы деп 1756 жылды белгілейді. Оның бұл дүниеден өтіп, мәңгілік мекеніне орналасқанына биыл – 255 жыл. Ой тұжырымын сиқырлы сөзбен өрнектеген, шашасына шаң жұқпас шешен, қара қылды қақ жарған әділ би, айтқаны айдай келген көреген, данагөй, жырау Мөңке бидің өмірі – бүкіл қазақ халқының жас ұрпақтарына өнеге. Мөңке биден қалған даналық, шешендік сөздер халық аузында бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Оның есімі көркем туындыларда да көп ұшырасады. Уақыт өткен сайын бұл бидің өміріне қызығушылық арта түсуде. Қазақ халқы оның толғау, жырларын қай кездерде де өз қажетіне жаратып отырды. Жол таппай қысылғанда үнемі ұлы дананың даналығына жүгінеді. Дала данагөйі Мөңке би жайлы ел аузында хикая көп. Оның есімі көзінің тірісінде-ақ аңызға айналып, ел ішінде кең таралған. Ел есінде ол болашақты болжағыш көріпкел, құт дарыған, Жаратқанның ықыласы ауған киелі кісі атанды. Ұлы далада ондай адамдарды әулие дейді.

Ол кісінің өміріне қатысты нақты деректер, тарихшылардың өзінде тым тапшы, дей тұрғанмен Мөңке бидің өмірі мен атқарған істері туралы үзік-үзік болса да бүгінге жеткен мәліметтердің бары рас.

1730 жылы Кіші жүз билерінің үлкен кеңесі өтеді. Онда жоңғарлармен соғыс және Ресеймен одақ құру мәселесі талқыға түскен. Осы кеңесте Мөңке би: «Күшті жеңеді, ал жеңістен ақылды ғана пайда көреді... Қандай азулы жыртқыш болмасын, алаулаған от басындағы адамдарға жоламайтыны белгілі. Жоңғарларға қарсы осындай оттың орнына біз Ресей көршімізді пайдалануымыз қажет», – дейді.

Кеңес үстінде Әбілқайыр хан Мөңке биден қобыз тартуын өтінгенде, ол мынадай толғау айтады:

*Түрлі-түрлі халық болар,  
Күндіз-түні жарық болар.  
Жердің бетін жол қаптар,  
Темір сыммен шимақтар...  
Ақысыз ешкім еңбектенбес  
Жер бетін өнерімен айшықтар...*

1738 жылдың тамыз айы. Бір топ би, батырларын бастап Әбілқайыр хан Орынборға жол жүрді, хан қатарындағы Мөңке бимен әңгімелесіп келеді. Сонда хан: «Патшайымнан зенбірек, оқ-дәрі сұрамақпын, сонда біз жоңғарды жерімізден түре қуып шығамыз», – дейді.

– Хан ием, мұның бәрін бірден бере қояды екен деп дәмеленбе, – дейді оған Мөңке.

– Бұған дейін өтінішімді жерге тастаған емес, – дейді хан.

– Көрерміз, әуелі олар ант қабылдап алсын... сонан кейінгі жағдай қалай болатынын, – деп тұжырымдайды Мөңке би.

Орынборда шатырдың қақ төріне Елизавета әйел патшайымның суретін іліп қойған. Суреттің тұсында – ұлық Та-тишев. Ол Әбілқайырға ант беруді ұсынды. Ант беру аяқталғаннан кейін, Тәтішев анттың мазмұнын патшайымға жеткізетінін айтты. Келесі күні Орынборға Нұралы сұлтан келді, ол да ант берді. Кейіннен Мөңке қобызын алып, қоныр даусын соза толғау бастады:

*Құрамалы-қорғанды үйің болады.  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады.  
Ала шұбар тілің болады.*



*Дүдәмалдау дінің болады,  
Әйелің базаршы болады,  
Еркегің қазанышыл болады,  
Сарылып келіп көлік тосады,  
Құны жоқ қағазды судай шашады...*

Тәтішев тілмашты басын көтермей отырып тыңдады да, бір кезде өңі түтігіп кетеді. Мөңкенің есімі тарихи құжатта Әбілқайыр ханның өлімінен кейін түсе бастаған.

Патша әкімшілігі Әбілқайыр ханның өлімінің себебін анықтау мақсатында Кіші жүзде қалыптасқан хал-жағдайды бақылап отыру үшін татар тілмашы Ю. Гуляевті Кіші жүзге жібереді.

Алғаш рет Мөңке би осы Гуляевтің жазбасында аталады. Кіші жүздің басты деген билері жиналып, өлтірілген Әбілқайырдың орнына хан сайлаймыз деген мәселе көтерген. 1748 жылы 26 қыркүйекте билер батырлар Нұралыны хан сайлау керек деген қорытындыға келеді. Алшын бірлестігінде Мөңкенің ықпалы өте жоғары болғаны байқалады. Ал патшалық Ресейдің саясаты ықпалды билерді өз жағына тартып алу. Мөңке би әу бастан Әбілқайырдың ұстанған саясатын онша қолдамаған. Ол орыстарды қазақ даласына сұғына кіруі түбі жақсылыққа апармайтынын сол кезде білген. Сондықтан ол Ресейге наразы топтың қатарында болды.

1748 жылы 5-қазан күні Кіші және Орта жүздің ( шағын бөлігі) билері мен батырлары Нұралыны хан сайлау жайлы Елизавета императрицаға хат жазады, осында Шектіден шыққан батырдың қатарында Мөңке би қолы тұр. Ал Әбілқайыр ханның патшалық Ресеймен екі арада жүргізген келіссөзінің ешбірінде Мөңкенің есімі ауызға алынбаған.

Еділ қалмақтары мен шығыстағы жоңғарлардың шапқыншылығы әлі де тоқтай қойған жоқ еді. Елдің іші екіге жарылып, бір бөлігі орыстар жағына бүйрек бұрып, екінші бөлігі оған қарсы бағыт ұстанған. Осыны сезіп отырған сұңғыла Мөңке би жағдайды тыныштандыру үшін саяси істерге белсене араласады. Оның елшілік құрамына кіруі сондықтан еді. Мөңке орыстарға қарсы болғандықтан Батыр, Барак сұлтандарға іш тартып, жақын болды.

Мөңке – би болуымен қатар, ел басқарған рухани көсем, әулие болған. Алаш зиялысы Ж.Аймауытов «Ел қорғаны» пьесасында бір ақсақалдың аузына:

*Жарықтық Мөңке би болжап кетті зой:*

*Саз балшықтан үйің болады,*

*Бозбаладан биің болады.*

*Ат жақсысы арбада болады,*

*Жігіт жақсысы саудада болады.*

Болашақ дәуірдің түр-сипаты, замана адамының бет-келбеті, мінез-кұлқы, тіршілік-ахуалы Мөңке би толғауларында толығынан көрініс тапқан. Мөңкенің алдағы заманды, алыс болашақты болжаған ой-тұжырымдарын мына жолдардан аңғарамыз.

*Түрлі-түрлі халық болады,*

*Кигенін сірі етпен басады,*

*Аяғын қымтаудан қашады.*

*Атаның асы емес,*

*Келін түсірген той емес*

*Бозбала мен қыз бас қосқан жиын болады.*

Мұның өзі жасы ұлғайған адамға қиын болады, – деген екен.

1755 жылы жоңғар хандығы ыдырады, үш халықтың аты да аталмайтын болды. Қазақ хандығы уақыт өте келе, Еуразия құрлығының қақ ортасындағы үлкен мемлекетке айналды. Мөңке би мұны қалай да білген болуға тиіс. Қанша дегенмен ол кісі болашақты болжайтын ерекше қабілет иесітұғын.

Мөңке бидің ата-тегі былай таралады. Ол – Ноғайұлының Мұса ханының ұрпағы. Мұса ханның бәйбішесінен Сирақ туады, онан – Қалу, онан – Бөлек, онан – Айт және Бұжыр, Айттан – Тілеу мен Қабақ тарайды да, ал Бұжырдан Назар, Шүрек, Жекей өрбиді.

Тілеу – Өз Тәуке заманында қол бастаған батыр ретінде атағы шығып, 1684 жылы Сайрам соғысында шейіт болады. Сүйегі Түркістандағы қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген. Мөңке би – осы Тілеу батырдың бел баласы. Мөңке жас кезінен-ақ ел билеу ісіне араласқанға ұқсайды.

XVIII ғасырдың бірінші ширегі тарихымызда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасымен есте қалды. Мөңке би бұл уақытта елдің тұтастығын сақтау, бірлікке шақыру мақсатын көздеген. Әулие Мөңке туралы қоғам қайраткері, зерттеуші ғалым М. Құл-Мұхаммед: «Мөңкенің арғы бабалары «Ел қамын жеген ер Едіге», онан қалса, бүкіл мұсылман дүниесі құрметтейтін Баба түкті Шашты Әзизге барып тіреледі. Баба түкті Шашты Әзиздің әулиелер сұлтаны Қожа Ахмет Иассауи шәкірті болғаны белгілі. Міне осындай киелі шаңырақтан шыққан Мөңкенің тегін адам болмағанын байқауға болады. Оның шығармасындағы діни сарынның Қожа Ахмет Иассауидың ілімімен сабақтасып жатуы да заңды. Әкесі Тілеу батырдың Түркістандағы Әзірет сұлтан жанына пәк жерленуі де біраз мәселеден хабар берсе керек. Мөңке – барлық әулиелерге тән ерекшеліктері бар қасиетті тұлға. Зерттеушілердің кейбірі Мөңкені қазақтан шыққан Нострадамуска теңейді». Әулие би 81 жыл өмір сүріп 1756 жылы, осыдан 255 жыл бұрын дүниеден өткен.

Бүкіл қазақ халқына ортақ тарихи тұлға Мөңке биге арналған ескерткіш осыдан бірнеше жыл бұрын Ақтөбе қаласында бой көтерді. Қазіргі таңда Әбілқайыр хан атындағы даңғылдың көркін ашып тұр. Мөңке би атымен аталған ауыл, көшелер бар. Онын даналық ой-толғамдарына саясаткерлер жүгініп ғалымдар зерттеу еңбектерін арнаула.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында ел басына ауыр күн туғанда халықтың тұтастығы үшін күрескен аса ірі тұлғалардың бір – Мөңке әулие болды. Оның болашақты болжаған өлеңдері қазіргі таңда да өз маңыздылығын жойған жоқ, оның өлеңдеріне деген сұраныс артып отыр.

Қазақты бүгінгі күнге дейін қаншама өткелдерден аман алып келген рухани тұлғалардың ортасында Мөңке би тұрғаны – біз үшін өте үлкен мақтаныш. Ол халқының жадында мәңгі сақталады. Болашақта рухы асқақтай берсін дегіміз келеді.

Ендігі мәселе – мәңгілік мекеніне кесене орнату.

*9 маусым, 2011 жыл*



תַּלְמוּד הַמֵּשֶׁבֶט  
וְהַמִּשְׁבָּח

II-BOJIM

## ЕКІНШІ МЕККЕ АТАНҒАН ШАҒАР

**Б**ір нәрсе ақиқат – Түркістанның өткен тарихы мәдениетіміздің терең қойнауларынан бастау алады. Мемлекеттік тарихи – мәдени Өзірет Сұлтан қорық мұражайының, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясы жанындағы Марғұлан атындағы археологиялық институтының және Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті археологтарының жүргізген қазба жұмыстарының нәтижелері Түркістан қаласының 2000 жылдық тарихы бар екендігін айғақтайды. Қазба жұмыстары қазір де толас тапқан жоқ. Қаланың тарихи жасы одан да тереңдеуі мүмкін деген топшылаулар да баршылық.

Көне дәуірдегі қазақ қалаларының біріне жататын Түркістан қаласы туралы алғашқы деректер Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық екі қаласы – Шауғар (Шойтөбе) мен Иасы (Құлтөбе) шаһарларына байланысты. Аталмыш шаһарлар Түркістан оазисінің белгілі бір тарихи кезеңдерінде әкімшілік және экономикалық орталықтары саналған. Осы өңірдің басты қаласы әуелі Шауғар, содан соң Иасы болды. Түркістан қаласының тарихы да Иасы қаласынан басталады.

IX-X ғасырлардағы жазба деректерден белгілі жәйт – қазіргі Түркістан қаласы мен ауданы орналасқан жерде Шауғар атты орталық қаласы бар аймақ болған. Осылайша, Шауғар VI-XI ғасырлар аралығында осы өлкенің басты қаласы саналған. Бұдан басқа ұсақ қалалар мен қоныстар, аймақтың болашақ орталығы – Иасыға бағынатын. VIII ғасырға дейін Шауғар Түркі және Батыс Түркі қағанаты құрамына енді. Шауғар қаласының нағыз гүлденген кезеңі IX-X ғасырлармен тұспа-тұс келеді. Оның жер өңдеумен көшпенділік мәдениеттерінің қиылысында орналасуы қаланың көлемі жағынан қарқынды өсіп, ірі қолөнер және сауда орталығына айналуына зор әсерін тигізді. X ғасырдың аяғында Әл-Маңзиси Шауғар жөнінде былай деп жазды: «Шауғар кеңінен жайылып жатқан үлкен қала, оны қабырғалар қоршаған. Базардың шетінде мешіт бар. Мешіт үлкен жолдан қашық орналасқан».

Шауғардың тағы бір атап өтер ерекшелігі – Сырдарияның бойындағы қалаларды Орта Азия мен Хорезмнің жер өңдеу

ісі дамыған оазистерімен байланыстыратын сауда жолында орналасқандығы еді. Бұл жол кезінде «Үлкен жол» аталған Ұлы Жібек жолының бір тармағы ретінде Испиджаптан (Сайрам) басталып, солтүстік-батыстағы Арсубаникетке баратын (Арыс өзені бойындағы Жуантөбе қалашығы), одан әрі Кедерге (Құйрық төбе, Отырар оазисі) сонан соң Шауғарға, Сауранға соғып Сығанаққа кететін.

Мынадай тарихи дерек бар. 1206 жылы Жетісуға Күшлік хан бастаған наймандар басып кіреді. Хорезмшах Мұхаммед Мауереннахрмен шекаралас қалаларды наймандардан қорғауға да, күшейтуге де мүмкіндігі болмаған соң, ақыр аяғында қалдырып кетуге де қимайды, қирату қажет деп шешті.

Шауғардың орнын дәл анықтауға қатысты әр түрлі дерек көздері бар. Осы орайда В. В. Бартольд: «Шауғар шамамен алғанда қазіргі Түркістанға сәйкес келеді», – десе, кейбір зерттеушілер нақты ескерткіш – Шойтөбе қалашығын Шауғар деп есептейді. Ал бұл өз кезегінде Түркістаннан оңтүстікке қарай 8 км. жерге орналасқан, көлемі жағынан әжептәуір үлкен орта ғасырлық қаланың төбеге айналған орны болып табылады. Археологтардың зерттеулеріне сүйенсек, Шойтөбенің топографиясынан шаһарстаны мен негізгі орталығы – Цитаделі анық байқалады. Шаһарстаны тік төртбұрышты болып келетін төбенің беткейлері әлемнің төрт жағына бағытталған және батыстан шығысқа қарай 360 метрге, солтүстіктен оңтүстікке қарай 200 метрге созылып жатыр. Биіктігі 2-2,5 метр. Шаһарстанның жиегімен өткен қорғаныс бекінісінің там-тұм іздері де сайрап жатыр. Мұның өзі биіктігі 4 метрлік қыр түрінде сақталған.

Қазақстан археологиясында Шауғар қаласының орнын Шойтөбе деп есептеу күмән туғызбайтын және түпкілікті қабылданған ұғым. Алайда, Шауғар атауы IX-XII ғасырлардағы Түркістан қаласының аты, бұдан кейінірек Иасы аталған деген де көзқарас бар.

XI ғасырда Шауғар құлдырау кезеңін бастан өткереді, XII ғасырда толық қанырап қалады. Бұл кезде аймақтың орталығы ретінде Иасы қаласы бой көтерді, Иасы атауы жазба деректерде алғаш рет XIII ғасырдың ортасында ұшырасты. Бұған негіз болған оқиға – армян патшасы Гетумның моңғол хандары Батый мен Мөңкенің сарайларына сапар шегуі. Гетум

елшілігінің жолжазбасында Иасы қаласы Асом деген атаумен қайтар жолда ірі қалалардың бірі ретінде аталады. Дегенмен, соңғы уақыттағы нумизматикалық жетістіктер аталмыш елді мекеннің моңғол дәуіріне дейін де өмір сүргендігін дәлелдейді. Мәселен Мемлекеттік Эрмитаждың Шығыс коллекциясынан ғалым Н. Н. Настич Хорезмшах Мухаммед ибн Текеш II-нің Иасыда жасаған екі күміс тиынын тапты. Олардың датасы жазылмаған. Бірақ зерттеуші Мухаммед ибн Текештің құрамына сол кездегі қазіргі Түркістан қаласы да енген. Фараб аймағын (Отырар оазисі) жаулап алғандығын ескере келіп тиындар 1210 жылдар шамасында шығарылған деген тұжырым жасайды. Зерттеуші осы тұстағы бір мәселені зерделейді. Хорезмшах Сырдария бойындағы басқа қалалармен қатар Иасыда ақша жасатуы саяси маңызымен бірге қасиетті софы Қожа Ахметтің мазарының мұсылман әлеміндегі ролі де есепке алынып, діни идеологиялық фактор ретінде де қарастырды деп есептейді.

«Иасы» топонимінің бұрынырақ XI-XII ғасырларда пайда болғандығын Қожа Ахметтің есімінің (Иасауи) өзі де көрсетеді. Бұл оның Иасыдан шыққанының айғағы. Сондай-ақ «Иасы» орта ғасырдағы түркілердің «Яссы» тайпасының атынан шығуы да мүмкін. Аталмыш тайпа Сырдарияның орта ағысы аймағында өмір сүріп, IX-X ғасырларды оғыз тайпаларының бірлестігі құрамында болған. Мұндай пікірді академик В. А. Гордиевский алға тартады. Және ол осы аттас қала XII ғасырда пайда болған деп есептеп, В. В. Бартольдты жақтайды.

Тарихқа жүгінсек, орта ғасырлардың бастапқы кезеңінде-ақ Иасы орнында ірі елді мекен немесе кішігірім қалашық болған. Және Шауғар аймағына енгендіктен соған бағынышты болғандығы анық. Иасыны Шауғар қаласының бір бөлігі деп есептейтін зерттеушілер де бар. Алайда Иасы Шауғармен қатар өмір сүрген деген пікір шындыққа үйлеседі.

XII ғасырда Шауғар дағдарысқа ұшыраған тұста Иасының маңызы күрт өсе бастайды. Иасы салғаннан жер өңдеу аймағындағы ең ірі елді мекен болғандықтан да экономикалық орталыққа айналады. Бұған бір жағынан XII ғасырдағы түркі софылығының ірі өкілі Қожа Ахмет Иассауидің мүрдесі осы қаланың ең көне мазарына жерлеуіне байланысты Иасы шаһарының қасиетті мекенге айналуы игі әсерін тигізді. Мұның

өзі қаланың одан әрі дамуына, маңызының арта түсуіне жол ашты.

Осыдан кейін Иасының көлемі де өсе түсті, бірте-бірте аймақтың астанасына айналып, соған өзінің атын да берді. XII ғасырдың соңынан бастап жазба деректерде Иасының аты жиі-жиі кездесе бастайды. XVI ғасырдың басынан қала Түркістан деген жаңа атқа ие болды. Иасы қаласының басынан өткерген тарихи Шауғар қаласының XII ғасырға дейінгі соқпақтарына ұқсас: Иасы VI-VIII ғасырларда түркі, Батыс, Түркі Түркеш қағанаттарының құрамында болды. VIII ғасырда арабтардың жорығын бастан өткерді, IX-X ғасырларда саманидтерге бағынды, X-XII ғасырларда Қараханидтер мемлекетінің қарауында болды, XII ғасырдың басында салжұқтар мен қаракытайлардың орталығына айналады, ал XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында Хорезмшахтар мемлекетінің құрамына енді.

Моңғолдардың шапқыншылығы тұсында күшпен жаулап алған қалалар қатарында Иасы аталмайды, соған қарағанда қала моңғолдарға қарсылықсыз берілген деген болжам бар. Бұдан кейінгі бір дерек – XIV ғасырдың 70-жылдарында Орта Азияны билеуші Темір Жошы ханның ұлы Тоқтамысқа Сыр бойы өңіріндегі қалаларды сыйға тартқанда арасында Иасы да бірге кетті. Кейін Темір мен Тоқтамыс арасында ұзаққа созылған шайқас басталады. Кейбір деректерде Сауранды басып кіруге әлі келмеген Тоқтамыс ханның Иасыны тонағаны және сол жерге жайғасқаны айтылады. Өз әскерін тас-түйін етіп жиып алған Темір Тоқтамысты қайтадан қуады. Темір өзі жаулап алған халықтарды аумақтық жағынан ғана емес, рухани дүниетанымы жағынан да бір мемлекетке біріктірмекші болады. 1404 жылы Темір өзі жаулап алған жерлерді немерелеріне бөліп береді.

В.В.Бартольдтың жазуына қарағанда, Иасы Ұлықбекке берілген. Темір қайтыс болған соң мемлекет ішінде өзара қырқыс – соғыс басталады. Ұлықбекке Сырдария бойындағы қалалар көтерілісін басумен қатар өз иелігін сыртқы жаулардан қорғауға тура келеді.

1426 жылы Орыс ханның немересі Барақ Сағанақ маңындағы жерлерді қайтаруды талап етті. Ұлықбек шайқаста жеңіліс тауып, Барактың әскерлері Мауереннахр мен Түркістан өл-



кесінің иеліктерінде тонаушылықпен айналыса бастады. Тимуридтер мемлекетінің билеушісі Шахрухтың дер кезінде Хорасаннан көрсеткен көмегі арқасында ғана олар Сыр бойы қалаларының бірнешеуін (оның ішінде Иасы да бар) өз қоластында сақтап қалды.

Өзара қырқысты пайдаланған Моңғол билеушісі Иса-Бұға хан Сайрам, Иасы, Ташкент қалаларына тонаушылық жорықтарын жасады. XV ғасырдың екінші жартысында Иасы қаласы негізінен Жошы тұқымы Шайбанидың ұлы Әбілқайыр ханның ұлысы құрамында болды, тек ара-тұра Мауреннахр билеушілері қолдарына өтіп тұрды. XV ғасырдың 50-жылдары ойраттар (қалмақтар) Әбілқайыр әскерін ойсырата жеңіп, Түркістан (Иасы), Ташкент, Сайрам өңірі мен Шахрухнаны әбден тонап, кейін қайтып кетті. XV ғасырдың 60-жылдары Шу мен Талас өңірлерінің аңғарларында Қазақ хандығы құрылды. Қазақ және өзбек феодалдары Оңтүстік және Орталық Қазақстан жерлері үшін өзара күрес бастады.

Моңғол билігінен кейін Сырдария өңірінде суармалы егіншілік жанданды. Қалалар қайта өркендеді. Оң жағалаудағы Иасы моңғол шапқыншылығынан кейін толық қалпына келтірілді. Бұл кезде Оңтүстік Қазақстан қалаларының Орта Азия қалаларымен байланысы кеңейе түсті. Бұған Алтын Орда орталығындағы (Волга бойы) қалалар қызметі мен өміршең өсе бастауы және сауда жолдарының бағытының өзгеруі әсер етті.

Иасы қаласы моңғолдар шапқыншылығынан аман қалғаннан болса керек, егіншілік аймақтың бойы сауда және қолөнер орталығына айналды. Жоңғардан халық көптеп көшіп келді. Темір жаулаған тұста Иасы аймағы Сырдария өңіріндегі егіншілік дамыған аумақ болып саналады. Жүзім шаруашылығы мен жеміс-жидек өсіру ісі де айтарлықтай қарқынды дамыды. Темірдің Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне XIV ғасырдың аяғында немесе XV ғасырдың басында берген тарту грамотасында («Вануфнаме») Иасы қаласының маңынан ағып өтетін арықтар, бұлақтар және өзендер жайлы айтылып, өңделетін жерлер мен кейбір жолдар да көрсетіледі. Аталмыш құжаттың құндылығы сол тұстағы Иасы қаласы маңындағы егіншіліктің көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Елді мекендер мен өзен, арық, бұлақ атауларының көбі әлі күнге дейін сол күйінде өз-

гермей сақталған. Мір-Қарасу, Сығанақ, Шорнақ, Қарабұлақ, Қошқорған, Сақат бұлақ, Ақтөбе, Үржар, Аңзілқыз, Қия-шақ, Бақ-арық, Шот, Дарбаза, Ташанақ, Шаға арықтары жөнінде сөз болады. Бұл атаулардың біразы күні бүгінге дейін жеткен. Иасы өңірінің суландыру жүйесі кең алқапты алып жатқандығын байқау қиын емес.

Темірдің тұсында Иасы қаласының бекініс ретіндегі әскери-стратегиялық маңызы орасан зор болды. Қаланың гүлденуіне Мауеннахр мен Сырдың алыс ішкі аудандарын жалғастыратын керуен жолында орналасуы да үлкен пайдасын тигізеді. Керуен жолдары қайнап жататын. Орта Азияның егіншілік аудандары мен Оңтүстік Қазақстан көшпенділерінің өнімдері Иасыда кездесіп, айырбасқа саудаға түсетін.

Әсіресе, далалықтар жылқы, ірі қара, ұсақ мал, жүн мен терісін алып келсе, Орта Азиядан егін шаруашылығы мен қолөнер бұйымдары ағылып жататын. Алыс шет елдерден жібек, мақта маталары, металдан аса шеберлікпен жасалған әсемдік заттар мен керамикалық ыдыстар саудаға түсетін.

«Шайбани – наме» кітабында XV ғасырдың соңындағы оқиғаларды баяндайтын деректерден хабардар боламыз. Бұл кезеңде Иасы қаласы Сыр бойының қалалары сияқты ұзақ қоршауға төтеп беретін күшті қорғаны бар, сумен толтырылған оры, азық-түлік қоры мен су көздері жеткілікті мықты бекініске айналған еді. Қаланың қорғанмен қоршалған шаһарстаны болды. Бұлар жинақталып қаланың ядросы – Хисарды құрайтын. Хисарды мықтап бекініске айналдырған цитаделі (кішкене қала) – орталық негізгі қорғаны ерекше байқалып тұратын.

1490 жылдардың басында Мұхаммед Шайбани Моңғолстан ханы Сұлтан Махмұдтың қолдауымен Отырарды, содан соң Сауран мен Иасыны басып алып, оны қазақтармен әрі қарай созылған соғысында бекініс ретінде пайдаланды. Осы уақытта қазақ хандары мен өзбектердің арасында күрес уақытша бейбітшілік сипат алды. Мұхаммед Шайбани өз қол астында Отырар, Иасы, Арқұқ, Өзгент, Сығанақ, Сауран қалаларын сақтап қалды. Шайбани хан Сырдың төменгі ағысындағы қазақ жерлеріне бірнеше рет жорыққа шықты. Бұдан жиналған аса мол олжа әуелі Иасыға жеткізіліп, әрі қарай Мәуреннахарға жөнелтілді. 1510 жылы Шайбани әскерлерін

қазақтар күйрете жеңді. Сыр бойы қалаларының басым бөлігіне Қасым хан билік жасайтын болды. Көптеген соғыстарға қарамастан Отырар, Сығанақ, Арқұқ, Иасы, Сайрам қалалары басты орталықтар ретінде сақталды. Аталған қалалар Оңтүстік Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өмірінде аса маңызды роль атқарды.

XVI ғасырдың 70-80 жылдары Сыр бойы қалаларында билік жүргізу үшін қазақ хандары мен ташкенттік, бұқарлық билеушілер үздіксіз таласты. Осы кезеңдегі жазба деректерде өзбек ханы Абдолла (бұқарлық) мен ташкенттік Шайбанид Барак ханның (Наурыз Ахмет) ұлы Баба – сұлтан арасындағы тартыс туралы көп айтылды және Иасы атауы әжептәуір сөз болды.

Шайбанид Абдолла ара-тұра үзілістермен Иасы Түркістанды 1596 жылға дейін биледі. Оның бұйрығымен Ахмет Иассауи кесенесінің Пештақ бөлігінің (бас қақпасы) аркасы көтеріліп, түйістірілді, ескерткіштің іргетасы, төбе жабынына Ілияс хан нишасы сияқты бөліктеріне күрделі жөндеу жүргізілді. Абдолла хан біраз құрылыстар салған. Ең көрнектілерінің бірі – едені түтін жолдарымен қыздырылған монша. Ол қаланың басқару жұмысы мен айналысатын адамдарды тағайындады.

## ТАЙҚАЗАН – 1931 ЖЫЛ

Әзірет – Сұлтан Тайқазанын мен алғаш рет 1977 жылдың көктемінде көрдім. Елде атын атауға тыйым салынған қазақ арыстарының өлеңдерін «Поэты Казахстана» жинағында қазіргі Санкт–Петербург, сол кездегі Ленинградтан шығарудың машақатымен жүрген көкем, балалардың бірін өзімен бірге алып жүретін әдетімен бұл жолы өзімен бірге мені Нева өзенінің жағасындағы Ресейдің ежелгі астанасына ерте кеткен еді. Баспадағы әуренің арасында көкем бір күнін маған арнап Эрмитаждағы Тайқазан тұрған бөлмеге алып барды. Сегіз жастағы мен Тайқазанның мәнісін сол кезде толық түсінбесем де ерекше бір сәулені сезгенім есімде. Көкем Тайқазанның ішін көрсін деп мені көтергенде басымды қазанға соғып алғаным да есте қалыпты. Мен жылай жаздағанда: «Өзіңнің қазаның, соғылғаны – сені жақсы көргені, үлкен азамат болған кезде қайтарып аласың!» – деп еді.

Кейін ес біліп, көкемнің бала кезімізден құлағымызға құйып келе жатқан нақыл сөздерін нақты байыптай бастаған кезде, қазақтың Тайқазаны ерекше қасиетке ие екеніне, қазақ деген елдің ырысын осы қасиетті Қазан өзінде ұстап тұрғанына көзім жетті.

Қазақтың көне астанасы Түркістанда Өзірет-Сұлтан кесенесінде ғасырлар бойы тұрған қасиетті Қазан қазақтың ырыс, құтының ұйытқысы екен. Алаш азаматтарының көзі жойылып, қалың қазақ қырғынға ұшырап, ел иесіз қалғанда, 1935 жылы Ресейге еріксіз жол тартқан. 1989 жылы дүние қайта өзгерер алдында тәуелсіздіктің алғашқы қарлығашы болып Тайқазан еліне қайтып келіпті. Тайқазан туған жұртына оралған күні, осы ұлағатты істің негізгі бір қорғаушысы болған Түркістан қаласының әкімі Нұридін Балқияевтің арнайы шақыруымен барған көкем де жалпы жұртпен бірге қуаныш, мерейге бөленіпті. Көп ұзамай мен де Тайқазанды өз орнынан көрдім. Бұдан соң да Өзірет-Сұлтанға, Тайқазанға бірнеше рет арнайы барып тәу еттік.

Ал таяуда күтпеген жерден Тайқазанның бұрын еш жерде басылмаған 1931 жылғы фотосуретіне тап болдым. Былтыр күзде ғылыми зерттеу сапарымен Американың Калифорния штатындағы әйгілі білім ордасы – Стэнфорд университетінде, сондағы Хувер Институтында бірнеше ай болып, мұрағаттарды ақтару мүмкіндігіне ие болған едім. Орта Азияға арналған мұрағаттардың арасында Гортон есімді американдық су ирригация саласының инженері осы архивке табыс еткен қағаздарын кездестірдім. 1931-1933 жылдар аралығында Совет Үкіметімен арада болған келісім бойынша екі жыл Ташкент маңындағы ирригациялық қондырғылар салумен айналысыпты. Бұрнағының саяхатшылары сияқты көрмеген ел, естімеген жұрт жөнінде өз жазбаларын тіркеп отырыпты. Алайда, маған ең құндысы – инженер Гортонның 1931 жылғы жазғы демалысы кезінде Орта Азияны аралау сапарында түсірген фотосуреттері №болып шықты. Сол көп таңбаның ішінде Түркістан қаласына барған кезде фотоға түсірген жалғыз суреті – қазақтың Тайқазанның бұрын еш жерде көрінбеген суреті оттай басылды. Өзірет-Сұлтан кесенесінің үлкен күмбезі астында, әр құлағына бір-бірден,

жиыны шашақбасты он найзы (қыл жалаулы ежелгі байрақ) тігілген қазақтың қасиетті Тайқазаны. Қазақтың шаңырағы шайқалмай тұрған кезде таңбаланып қалған Тайқазанның суреті екен. Алаш азаматтарының көбі әзірше аман-есен, ең бастысы – ел-жұрт өз орнында, ғаламат ашаршылық әлі басылмаған кез. Тайқазан құтты мекенде берік тұрған кез.

Тайқазан өз орнынан алынған жарым ғасыр ішінде қазақтың құты қашып, берекесі шайқалып, шаңырағы ортасына түсе жаздапты. Қазақтың құты мен ырысын ұстап тұрған Тайқазан енді ешқашан өзінің мұбарак орнынан қозғалмасын!

Мұхиттың ар жағындағы Америкадан табылған суреттегідей Тайқазанды бұрынғы қалпына келтіріп, әрқайсысының ұзындығы төрт, бес құлаш, қыл жалаулы байрақтармен қайтадан қоршап қойған жөн болар.

*Едіге Мағауин,  
Прага қаласы, 2 қараша, 2006 жыл.*

## **ОРТА ҒАСЫРДАН ҮШІНШІ МЫҢЖЫЛДЫҚҚА ЖЕТКЕН ЕСКЕРТКІШ**

II-XIV ғасыр сәулет өнерінің туындысы, Түркістан қаласындағы Ахмет Яссауи сағанасы – Оңтүстік Қазақстан жеріндегі аса үлкен тарихи ескерткіш. Ол халықаралық ЮНЕСКО ұйымында дүниежүзілік мәдениет ескерткіші ретінде тіркеліп, халықаралық туристік маршруттарға енгізілген.

Орта ғасырлық ескерткіштің аса құнды қазынасы – Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи сағанасы – көне дәуірден келе жатқан адамзаттың қайталанбас қолөнер туындысы, халықтың асыл мұрасы болып табылатын ғимарат.

Ясы қаласы (қазіргі Түркістан) ақын Ахмет Яссауидің тахуалық жолына түскен жері болатын. Ол осы жерде өмірінің көп бөлігін өткізіп, осы жерде жерленді.

Бізге дейін жеткен мәліметтер бойынша шайқы дәруіш Ахмет Яссауидің сағанасының орнында XII ғасырда салынған шағын сағана болған көрінеді.

Біз үшін Ахмет Яссауи (кейін атына оның софылық құрған жерінің аты қосылып Яссауи атанып кеткен) түркі ақындарының бірі ретінде де қымбат. Оның қаламына туған сол дәуірге белгілі және біздің зерттеушілерімізге кейіннен таныс «Хикмет» (1878 жылы басылған) деп аталатын шығармасын автор сол кездегі дәстүр бойынша көшпенді түркілердің оғыз-қыпшақ говорын пайдалана отырып, араб, парсы, шағатай тілдерінде жазған. Жинақтың құндылығы оған енген жырлардың халықтық бейнесімен айқындалады. Олардың тілінде де оғыз говорлары көп кездеседі.

Ахмет Яссауидің осы күнге дейін әкесі Ибраһим, шешесі Қарашаш жөнінде ешқандай дерек жоқ. Олар баласын сол кездегі ғылым мен білімнің орталығы болған Мерті қаласына оқуға береді. Мұнда жас Ахметтің жолы болып, софы, шайхы, атақты Юсуу ханаданидан білім алады.

Софылық мистикалық ағым ретінде ісләм дініне ҮІІ ғасырда енді. Арабтың «Суф» – жан (дәруіштер аскетінің белгісі ретінде қалың жүн мата алынған) деген сөзінен шыққан. Бируни «сүю» сөзін гректің «Софос» – данышпан деген сөзіне жориды. Қалай болғанда да софылар ісләмнің көптеген әдет-ғұрпын теріске шығарып, «аскетизмді» уағыздады (байлыққа ұмтыла, басқадан артық тұрмауға уағыздау). Өздерінің жолын олар нағыз тура жол деп есептеді.

Ахмет Яссауи нақты 1103 жылы Шымкент қаласына жақын орналасқан Сайрам шаһарында дүниеге келді. Оның әкесі Махмұдұлы Ибраһим сол жердегі түрік нәсілінен. Сайрам қаласына жерленген. Осы қалада Ахметтің анасы Қарашаштың (Қарашаш ана) бейіті бар. Ахметтің алғашқы рухани ұстазы және тәрбиешісі белгілі Арыстан баб шейх болған.

Аңызда былай дейді: Мұхамед 63 жасында дүние салар алдында халықты жинап: «Мен өліп барамын, менің аманатымды алып қалар кім бар?» – дейді. Сол кезде топтан Арыстан баб деген кісі шыққан екен. Оның өлімінен кейін Ахмет Яссауи Бұқара қаласына көшіп, софылық ілімнің оқуын белгілі шейх Хожа Жүсіп Ханаданидан тәмамдап, «шындықтың жолдарын тануды» насихаттауға рұқсат алады. Шамалы уақыт ол софылардың бұқаралық ұйымын бас-

қарады, бірақ көп ұзамай бұл кәсіпті қанағат қылмай қош айтысады да, Ясы қаласына көшіп келеді. Ахмет бұл жерде өзінің діни уағызын жалғастырады. Мұсылман арасында Ахмет Яссауи Мұхамедтен кейінгі екінші қасиетті адам. Түркістан – Кіші Мекке аталады.

Өз уағыздарында Ахмет Яссауи адамдарды қайырымдылыққа, бөтен еңбекті пайдаланудан, ерекшеленуден қашуға шақырды. «Хикмет» жинағында Ахмет Яссауи софылық ілімнің негізін жасап, әр түрлі ақыл-кеңестер беріп, әділдікке уағыздайды.

Қарапайым халықтың арасында Ахмет Яссауи жырлары үлкен құрметке ие болды, оның жырларын жаттап алып, тіпті Дешті мен Қыпшақтан да алыс жерлерде айтып жүреді. Ақынның атағы күннен күнге арта береді.

Ахмет Яссыға келіп, өз идеяларын көшпенділерге насихаттай бастайды. Оның атының кең жайылған кезі, әсіресе осы кезең болды. Оған жұрт ақыл-кеңес алуға келді, ол туралы түрлі аңыздар тарайды.

Бес тараудан тұратын өлеңінде ол өз өмірі туралы айтады. Көрген қиындықтарын баяндайды, байларды, хандар мен билерді екіжүзділігі, өзіне көрсеткен зәбірі үшін сынайды.

Республикаға еңбегі сінген құрылысшы, сурет өнерінің ірі зерттеушісі Т.Бисенов өзінің бір еңбегінде былай дейді: «Ахмет Яссауи жырлары 800-900 жыл бұрын өмір сүрген түркі тайпаларының тілі мен этнографиясын танудың көзі болатындай бағалы әдеби ескерткіш екені даусыз». Өзі ұстазым деп санаған Мұхамед пайғамбарды еске ала отырып, софылық ілімнің негіздерімен уағыз айтатын мешіт іргесінен қылуат (жер астындағы күн түспейтін шыңырау қапас) қаздырып, қалған өмірін сонда өткізеді. Тастай қатты төсек, бір үзім нан мен бір жұтым су оның қорегіне айналады. Оны ешкім көрмеді, бірақ ол туралы аңыз, әңгімелер қаулай түсті. Қылуат маңына оның үй-іші, тума-туыстарымен бірге өсиетін тыңдаушы шәкірттері жиналатын болды. Ол жер астында он жыл жатып, 1160 жылы дүние салды. Оны бүкіл ел болып, Яссы тұрғындары қастерлеп, сол қылуат тұрған жерге жерледі, сол жерге үлкен құрметпен сағана соғылып, бүкіл мұсылмандардың тағзым етер жеріне айналды.

Жарты ғасырдан кейін Яссы төңірегі Шыңғыс есімін туқып көтерген моңғолдардың ат тұяғының дүбіріне тола бастады. Моңғолдар қарсы келгендерді аяусыз жазалады. Бағындырған аймақтардың кез-келген дініне – конфуциандарға, буддизмге, ісләмға, христианға төзіммен қарады.

Қыпшақтар мен басқа көшпенді халықтар Ахмет Яссауи моласына табыну үшін моңғол әскеріне қосылды. Оның мазары мұсылмандардың қасиетті жеріне айналды. Дінге сенген әрбір адам бұл жерге келуді де борышым деп санады.

Ахмет Яссауи сағанасының бүкіл Шығыс өңіріне, жалпы ғаламға атағының жайылуына себепкер болған, ХІҮ ғасырдың отызыншы жылдарында моңғол шабуылынан күйреген Сырдария бойындағы Ахметтің қызы Гауһар, күйеу баласы Алихожа, Баб-Араб мешіті тағы басқа ескерткіштер орналасқан қалаларды қалпына келтіру басталған еді. Діндарлар, көпестер мен ұсақ қолөнершілер қаланың негізгі тұрғындары болатын. Ахмет Яссауи жерленген орын сандаған тағзым етушілер мен жергілікті тұрғындардың қолдауымен әлемдегі ең бай мүрдехананың біріне айналды. Алтын Орда ханының бірі Тоқтамыстың Түркістан қаласына әлденеше рет шабуыл жасауы және Ахмет Яссауи сағанасының тоналуы тегіннен тегін емес еді.

1389-1391 жылдары, 1394-1395 жылдары Ақсақ Темір өзінің қанқұйлы ұрыстарында орданы талқандап, оның астанасы Сарай – Берке қаласын өртеп жіберді. Қатыгез саясатшы Ақсақ Темірдің өзі жергілікті халықтың алдында атын шығару мақсатымен ірі ұрыстар мен шайқас алдында Ахмет Яссауи сағанасына келіп, тағзым етіп, ұлы ақынның өзіне қолдау сұрайтын болған.

Көптеген жаулап алулардан кейін қолбасшы өз құзырындағы елдерді аралай жүріп Ясы қаласына келеді. Ахмет Яссауидің ескі жұпыны мазарын көріп, Ақсақ Темір оның үстінен тамаша ғимарат тұрғызуға жарлық берді, бұл жерде Ақсақ Темір тек діндарлық мақсат көздемегені анық. Бұл қимылы арқылы өз беделін көтерді, өз үкіметінің мықтылығын көрсетті және даналық іргесін нығайтты. Бұл кезде Темір Моғолстан билеушісі – Хазар Хожа ханның қызы Түгел ханымға үйлену тойына дайындалып жатқан болатын.



Қалыңдықты қарсы алу үшін Самарқандта Темірдің қалауымен «Ділкүш» (қуанышты жүрек) деп аталағын үлкен бақтың құрылысы аяқталған еді. Темір қалыңдығын қарсы алуға шықты. Жолшыбай Шынас елді мекеніне жақын Ахангер бөктеріне тоқтады. Осы жерден ол Ясы қаласына шығып, Ахмет Яссауи сағанасына зират етіп, қызметшілеріне қымбат сый-сияпаттар тарту етті.

Құжаттарда айтылғандай, XII ғасырда тұрғызылған мазарды қарап шыққан Темір оны қопарып, орнына жаңасын тұрғызуға әмір береді. Темірдің жарлығында сағананың өлшемі алдын-ала жан-жақты ойланып белгіленген еді. Т.Қ.Бәсенов былай дейді: «Ескерткіш күмбезінің негізгі өлшемдерін Темір өзі белгілейді. Оның диаметрі-41 кез, айналасы 130 кез мөлшерінде (1 кез шамамен 0,44 м-ге сәйкес) күмбез бүкіл ғимараттың негізін құрайды. Ол сонымен бірге, сағананың көркемделу мен бөлмелерін де өзі нұсқап береді. Кітап сақтайтын орын, ас үй, құдық, қонақ қабылдайтын бөлмелері бар. Темір бұл жерде Мекке мен Қағбаның алыс екенін, оған тағзым етуге кез-келген адамның қаржысы мен денсаулығы жете бермейтінін ескерген».

Ол сонымен қатар бұл кезде Ясы мал шаруашылығы мен отырықшылықты ұштастыратын үлкен саяси және экономикалық орталықтың бірі екенін ескерген. Ол Қожа Ахмет Яссауи мүрдеханасының үстінен атақты мешіт үйін салдырғаннан кейін Түркістан феодалдық үстемдіктің тағзым етер жеріне, әрі қайнаған сауда орталығына айналды.

Құрылысты Темірдің сенімді адамы Мәулен Ибадулла Садыр басқарды. Сағананы салу тез басталды. Негізгі және қосалқы бөлшектерін салуға арнаулы сызбалар мен үйдің үлгісі пайдаланылды. Ескерткіш асқан шеберлікпен ойластырылды.

Әр түрлі жазба деректер бойынша болашақ құрылыстың жобасын жасауда құрылысшыларға Ақсақ Темірдің өзі нұсқау беріп отырған.

Арнаулы сый грамотасында ескерткіштің салуына байланысты бөлінген арықтар мен жерлер көрсетілді. Тағзым етушілердің есебінен түскен қаржы ескерткіштерді жөндеу жұмыстарына және қызметшілер ұстауға кететіні алдын-ала белгіленді.

Өкінішке орай, сағананы тұрғызушылардың аттары бізге таныс емес. Темір тек өз атын шығаруды ойлады. Бізге екі адамның ғана есімі жетті. Бұлар шираздық Хожа Хасан мен Шамси Абдел Нахаб. Олардың аттарын бізге жеткізген олардың сағана күмбезіне өрнектеген таңбалары болды.

Құрылыс жұмысы ХҮ ғасырдың басында аяқталды. Сағананың әсемдігі мен биіктігі бүкіл мұсылмандық Шығысты таңқалдырды.

Темір өз мақсатына жетті. Оның мемлекеті әлдеқашан құласа да аты тарихта қалды. Ал Қожа Ахмет Яссауи сағанасының көк күмбезі алты жүз жыл бойы жарқырап тұр. Адамдар бұл ескерткіштің таңғажайып әсемдігін мойындады. Темір 1405 жылдың ақпан айында көптеген ойға алған Қытай жеріне жорығын жүзеге асырмастан қайтыс болды. Оның өлімінен құрылыс жұмысы да тоқтап қалды.

Өзінің көлемі жағынан бұл сағана Самарқандағы Бибі-Ханым сбор мешітіне, Шахриябтағы Дорруснадат мүрдеханасы мен Ақсарайға тең болды. Бұл ескерткішке сол кездегі Қазақстан мен Орта Азия сәулет өнерінің бар мүмкіншілігі пайдаланылған. Солтүстік Шығыс қапталында құдықхана, Солтүстік Батысында үлкен Ақсарай, Оңтүстік Батыс және Солтүстік Шығыс жағында Кіші Ақсарай, кітапхана орналасқан. Кітапханада көп кітаптар сақталған.

Қожа Ахмет Яссауи сәулет кешені тек қана мүрдехана емес, мешіт-медресе қызметін атқарғанын да айта кеткен жөн. Бұл сол кездің құрылысы үшін үлкен жетістік еді. Сағананың ең жоғары бөлігіндегі күмбездің көлемі 46,5x65,5 м. Бас күмбездің орталық залының айналасына әр түрлі мақсаттағы 35 бөлме біріктірілген. Бас күмбездің биіктігі 37,5 м. Сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 1,8-2 м, қазандықтың қабырғасының қалыңдығы – 3 м. Темірдің кезінде бас күмбез бітпей қалған, оны хыжраның 1000 жылы (1597 ж.). Бұхара әміршісі II Абдулла хан аяқталды.

XIX ғасырда сол кездегі Түркістанды билеп тұрған Қоқан ханының өкімімен қорғаныс мақсатында минарет пен партолдарға үшкір заттар орнатылып, қабырғаларына кірпіш қаланып, бекініске айналдырылды. Мүрдехананың ортасы-

на сағана ескерткіш қойылды. Үстіне мүрдехана Темірдің әмірімен жасалғанын айқындайтын жазу жазылған.

Құдайға құлшылық ету мешітте жұма күні жасалды, келушілер кілем, киіздің үстіне отырды. 1694 жылы Тәуке ханның бастамасымен Тайқұмыр би Аталықұм бастаған елшілік Ресеймен достық қатынас жасау үшін І Петрге Түркістан қаласынан аттанған еді.

XV ғасырдан бастап, кешеннің кейбір бөліктері белгілі адамдарды жерлеуге пайдаланыла бастады. Мұнда 1451 жылы Темірдің немересі Әбу Сайдке Самарқанды билеу ісінде әскери көмек көрсеткен Әбілқайыр жерленді. Ризалық белгісі ретінде Абу Сайд ханға Темірдің шөбересі, Ұлықбектің қызы Рәбия Сұлтанбегімді әйелдікке берді.

Түркістан қаласы IX ғасырда Шабгор, XII ғасырда Ясы атанды, XVI ғасырдан XIX ғасырға дейін қазақ хандарының астанасы болды. 1864 жылы патша генералы Черняевтың әскерінің Түркістанды алу кезінде полковник Веревкин қорғанысшылар отырған сағананы атады. Сағана бойынша он бір жерде орны қалған әлденеше атыстар болды. 1898 жылы Рәбия Сұлтанбегім сағанасы бұзылып, кірпіштері қазына құрылысына пайдаланылды. Осынау тамаша ескерткішті зерттеуді қолға алғандар алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының өкілдері: тарихшылар, археологтар, архитекторлар және шығыстанушылар болды.

1871-72 жылдары А.Кун 7 дана етіп Түркістан альбомын жасады. Сол кезеңде бұл кешенге Ресей патша өкіметі де назар аударды. 1872 жылы сағана аумағындағы ғасырлар бойы жиналған қоқыс пен кірпіштен тазартты. 1884 жылы патша үкіметі сағананы жөндеу үшін 15 мың сом көлемінде ақша бөлді. Алайда бұл ақша кейбір арам пиғылды адамдардың қолына түсіп, жөндеу жұмыстарынан оң нәтиже шықпады. Керісінше, жөндеуден кейін алғашқы жазулары ақталып кетті, қазандықтың ою-өрнек плиталары алынып тасталды.

1886-87 жылдары ғимараттың отыра бастаған солтүстік батыс бұрышына жөндеу жүргізілді. Сәулетшілер мен инженерлер нақты сызбалар жасап, сағананың жоспары жасалды. Мешіттің бүкіл жазбаларын 1894 жылы Хожа Қазиев жазып, 1895 жылы Қазақ университеті жанындағы археоло-

гия, тарих, этнография қоғамына көшірме жазулар негізінде жасалды.

1906 жылы Орта Азия зерттеу жөніндегі орыс комитеті Н.И.Веселовскийдің басшылығымен Түркістанға сағана жоспары мен бояулы суреттерді түсіру үшін экспедиция жіберді.

1907 жылы мұсылман қауымын Ахмет Яссауи сағанасын жөндеуге ерікті түрде қаржы жинауға жұмылдыру жөнінде қадам жасалды, бірақ біршама қаржы жиналғанымен, жөндеу жұмыстары сапасыз болды.

1910 жылы Түркістанда жергілікті орыс әкімшілігінің бақылауымен сағананы жөндеу үшін арнаулы комитет құрылды. Шейхтар жинаған 1200 сомға аздаған жөндеу жүргізілді.

1922 жылы кеңестік кезеңде жаңадан беделді комиссия құрып, сағананы тексеріп, арт –протокол жасалды. 1923 жылы кеңестердің Орталық атқару комитеті мен Түркістан республикасы Халық комиссарлар кеңесі тарихи ескерткішті қорғау, зерттеу және жөндеу жұмыстарының қажеттігі жөнінде қаулы қабылдады. 1925 жылы сағананы сүртіп, зерттеу жүргізген архитекторлар М.М.Логвинов және профессор Б.П.Денике болды. 1928 жылы М.Е.Массон және Мердиазовтар археологиялық –топографиялық зерттеулер жүргізді. Кейбір бөлмелердің төменгі қабырғалары жөнделіп, құдықхана күмбезделді.

1928 жылы тұңғыш рет іргетасына жөндеу жасалды. 1938 жылы Қазақстан халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен прорабтық шаралар ұйымдастырылып, кейбір жөндеу, қалыпқа келтіру жұмыстары жасалды. Кеңесші Б.Н.Засыпкин болды.

1938 жылы Бүкілресейлік көркемдік академиясының студенттері профессор А.Баклановтың басшылығымен күмбездің ішкі бетіндегі өрнектерді өлшеп, ескерткіш сызбаларын жасады.

1945 жылы Қазақстан жеріндегі архитектуралық ескерткіштерді есепке алу, зерттеу мен қалыпқа келтіру республика үкіметінің шешімімен Қазақстан үкіметі жанындағы сәулет өнері жөніндегі республикалық басқармаға берілді де, оның тапсырмасымен 1951-57 жылдары Өзбекс-

тан мемлекеттік құрылысының арнаулы ғылыми–реставрациялық шеберханасымен келісім шарт негізінде едәуір қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізілді.

1951-54 жылдары ғылыми жұмысты Б.Н.Засыпкин, 1955-57 жылдары осы шеберхананың кеңесі басқарды. Бұл кездерде іргетасы цемент қоспасымен жөнделді, фасадтары архитекторлар В.Филимонов, И.Плетноев, Т.Карумидзелер жобасы бойынша қалыпқа келтірді. 1953 жылы I, II қабаттар мен шатыры архитекторлар М.Абдуллаев, И.Усманходжаев, С.Неумывакин, В.Ловкачев, Л.Маньковскийлер нақты өлшемдер жасап, барлық бөлмелердің сызбалары жасалды.

1960 жылы жөндеу жұмыстары Қазақстан Мемлекеттік құрылысының күшімен жаңа арнаға түсті. 1966 жылы Қазақстан үкіметінің шешімімен Қазақстан мәдениет министрлігі жағынан республикалық ғылыми қалыпқа келтіру шеберханасы құрылды.

Барлық қалыпқа келтіру жұмыстары өздерінің маңыздылығына қарамастан, ескерткіштің тарихи мәдени қалпын сақтай алмады. Әр түрлі жөндеу жұмыстарының әсеріне кейбір қызықты ескерткіштер бүлінген, кейбірі мүлдем сақталмаған. Бұрынғыша жөндеудің, алғашқы қалпына келтірудің сәті түспей келеді. 1972 жылы республика үкіметі осы ескерткішті қалыпқа келтіру жөнінде қаулы қабылдады.

Сағананың тұтас кешенін бұрынғы қалпына келтіру мақсатында едәуір қаржы бөлді. Жөндеу жұмыстары құрамына тарихи, архитектуралық, археологиялық проблемасын ескере отырып, қор, ау зонасы территориясын көркейту мәселесі кірді. Қазақстан сәулетші –жөндеушілері мен археологтары өндірістік база мен ұлттық жөндеушілері кадрларын пайдалана отырып, бұл жұмысты тәуір орындады.

Соңғы он жылдықтарда табылған, ғылымға беймәлім қорғау зонасына кіретін нысандар ескі қала Түркістанда орналасқан тамаша әрі күрделі кешендер картинасын көз алдыңызға әкеледі. Олардың ішінде Рәбия Сұлтан бегім, қазақ хандары Есім мен Абылай сағаналары, ортағасырлық монша, классикалық ортағасырлық тұрғын үй Шайхисламның үйі, ХҮ ХІҮ ғасырлардағы қолөнер құрылыстары және басқа қызықты нысандар бар.

1975 жылы ескерткіштің қорғау зонасының бас жоспары жасалып бекітілді. (Жалпы көлемі 65 гектар шамасында, ескі Ясы және Күлтөбе қалалары территориялары, ортағасырлық Түркістан қаласы кірді).

1977 жылы 8 желтоқсанда Республика үкіметі «Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи сәулет кешенін қалпына келтірудің жағдайы және оны жақсарту шаралары» туралы арнайы қаулы қабылдап, онда жиырма тоғыз өндірістік, әлеуметтік, мәдени нысандар құрылысының шұғыл жақсартылуы атап көрсетілді.

1972 жылы жөндеу жұмыстары үшін арнайы шеберхана ұйымдастырылды. Сөз жоқ, қорғау зонасының басты және тамаша нысаны Ахмет Яссауи сәулет кешені болды. 1978 жылдан ол мұражайға айналды. Қазақстан үкіметі 1975-80 жылдары сағана айналасын көріктендіру және көгалдандыру мақсатында 3,1 млн сом ақша бөліп, бұл қаржы «Қазгорстройтрестің» жобасы бойынша кешеннің солтүстік батыс бөлігін қалыпқа келтіруге жұмсалды. Сағана алты ғасыр бойына күнге, желге, құмды дауылға, жер сілкінісіне, көшпенділер шабуылына қарсы тұрып, көп зиян шекті. Қазақстан ғалымдары, сәулетшілері, суретшілер, құрылысшылар оған қайтадан жастығын қайтарып берді. Реставратор –С.Тәжібаев біраз жыл бойы ертедегі керамиканың құпиясын, бұрынғы құрылыс технологиясын зерттеген, сағананы жөндеу үшін қазіргі заманғы эквивалентін тапқан топты басқарып, көптеген жұмыстар жүргізілді.

1986 жылдың 17 қаңтарында бұрынғы Одақтың Мәдениет министрлігі өздерінің рұқсатынсыз жобалау құрылыс жұмыстарын жүргізуге болмайтын қалалар тізімін көрсетіп, ол қалалар қатарына Алматы, Жамбыл және Түркістан қалаларын жатқызды. 80-жылдары мұражайдың барлық залдары, мешіттер, Есім хан сағанасы, монша тағы басқа ғимараттар жөндеуден өткізілді. Сөйтіп республикалық мұражай ашылды. Қазіргі таңда ескерткіш халықаралық туризм шеңберіне енген және жақын шетел қонақтарының сүйікті орны. Мәскеуден Алматыға немесе Ташкентке баратын пойыз Түркістан вокзалына бірнеше минут аялдайды. Осы уақыт кассаға кіріп, билетті келесі күнге созып алуға әбден жетеді. Бір сәт

ішінде Түркістанда таңғажайып кереметті көруге болады. Сағананың көк күмбезі мен мәңгі көк аспан күмбезінің жарасымы. Қожа Ахмет сағанасын айналып шықсаңыз, «Мұхамед», «Алқа», «Үкімет құдайдікі», «Алла менің әміршім» деген арабша жазуларға көзіңіз түседі.

Біз Мұхамедтің тарихтағы орнын білеміз. Бұрындары қалаға күніне 700-800 қонақ тоқтайтын, бірақ арнаулы қонақ үйлер мен шайханалар болмады. Қазір қалаға күніне үш мыңдай алыс және жүз мыңдай жақын шетелдерден туристер мен қонақтар келіп, Ахмет Яссауи мұражайын тамашалайды. Мұражай ашылғалы отыздан астам шетелдерден туристер келді. Мұражай қызметкерлерінің бастамасымен Шымкент қаласында үш буклет шығарылды: «Ахмет Яссауи мұражайы», «Шығыс моншасының мұражайы», «Сағананың кескін, инструкция және мозаикасы».

С.С.Тәжібаевтың «Ахмет Яссауи сәулет кешені», «Аспанмен тілдескен ескерткіш құпиясы» атты екі кітабы жарық көрді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын «Жол құрылысы машиналарын жөндеу зауыты» ұжымының бастамасымен бір күндік еңбекақы сағананы жөндеу жұмыстарына аударылды. Бұл бастама Түркістан қаласы тұрғындарынан қолдау тапты.

Қазір Түркістан өсті, жетілді, жаңа көп қабатты үйлер, мәдени, әлеуметтік орындар, оқу орындары салынды. Халықаралық Қожа Ахмет Яссауи атындағы университетте алты тілде мамандар даярланады. Түркістан қаласының болашағы мол. Жылы жайлы ауа райы, құнарлы жер, шуағын төккен күн оның туған Отанымыздың гүлденуі үшін қызмет етер даңқты қалалардың бірі болуына жағдай жасайды.

## 1500 ЖЫЛ ЖАСАҒАН ҚАЛА

*Біздің барлығымыз бастан кешіп отырған патриоттық сезімдердің өрлеуі, Отанымыздың көп ғасырлық тарихы, көп ұлттық мәдениеті өскелең қоғамдық ынтаны жоғары бағалап, қолдайды. Тарихи ескерткіштер – халықты тәрбиелеудің қуатты қайнар көзі. Сондықтан біз жастарымызды тарих пен мәдениет ескерткіштеріндегі ха-*

*лық рухының жанашиыр қорғаушылары етіп тәрбиелеуіміз қажет.*

Қожа Ахмет Яссауи сәулет ғимаратының құрамына енетін археология музейіне кірсеңіз, бедерлі (барельеф) суреттері бар үлкен керамикалық тақтаға көзіңіз түседі. Тақтаның ортасында әлемнің жеті кереметін дүниеге әкелген адамдардың қолдары бейнеленген. Үлкейтіліп салынған бәдізші шеберлердің қолдары еріксіз ойға қалдырады. Сол қолдың аялы алақанында ғасырлар тереңінен сыр шертетін, тиіп кетсең опырылып қалардай дәрежеге жеткен көне дәуірдің куәгері – құмыра орналастырылған. Ал оң қолдың саусақтары бір-бірімен қабысып, табиғат күштері мен адамзат тағылығынан, басқа да әрекеттерден қорғап тұрғандай...

Бұлар қоршай Таңбалы шатқалы мен Тесіктас үңгірінен табылған тас дәуірі мен қола және ерте темір дәуірінде өмір сүрген адамдардың аңшылық, әдет-ғұрпын тақырыптарына салынған петроглифтік суреттері. Жансай шатқалынан табылған түркі әйелін бейнелеген VII – IX ғасырларға жататын Сынтас; XI ғасырда тұрғызылған Айша Бибі мавзолейінің ою-өрнегі және басқа көне ескерткіштер бедерленген. Осыдан-ақ республикамызда архитектуралық, археологиялық мекенжайлар мен сәулет өнері туындыларының өте мол екендігін көруге болады.

Музей ауласында орналасқан көптеген экспонаттардың ішінде Күлтөбенің (Ахмет Яссауи мавзолейінен 300-400 метр жерде, бұрынғы Яссы шаһарының орны) Оңтүстік қабырғасына стратиграфиялық археологиялық шурф түсіру (археологиялық қазба арқылы мәдени қабаттарды анықтау үшін түсірілетін тілік шұқыр) жұмыстары кезінде табылған IV-VI ғасырға жататын екі дән үккіш ерекше назар аударады. Тағы да басқа заттар Түркістан қаласы іргетасының сонау V ғасырда, яғни, бұдан 1500 жыл бұрын қаланғанына куә. Қазақ ССР Ғылым академиясы тарих, археология және этнография институты мамандары 1990 жылы қаланың 1500 жылдық тойын атап өтуге болатынына ғылыми атақ берді.

Түркістан IX ғасырда – Шабғар, XII ғасырда Яссы деп аталып келсе, XVI ғасырдан бастап қазақ халқының астанасы ретінде қазіргі атымен белгілі.



Түркістан топырағында ақындардың атасы атанған Ахмет Йүгінеки, Қожа Ахмет Яссауи, оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани өмірге келген.

– Ей, достым, жаздым кітап түркімелеп,

Мейлің сөк, мейлің қала ерекше елеп.

Артымда ат қалсын деп жаздым мұны,

Ғажайып таңсық сөзбен ерекшелеп, – дейді А.Йүгінеки «Ақиқат сыйы» дастанында.

Ал Қ.А.Яссауи «Даналық» кітабында:

Парсы тілі қиын әрі жат маған,

Түркі тілде жазғаныма мақтанам, – дейді. Сол кездегі ақындардың дін таратушы көне тілдерге (араб, парсы) мойынсұнбай, өз шығармаларын жергілікті тілде (түркі) жазғандығының үлкен әлеуметтік мәні бар.

Түркістандықтар жерлестері Мұсабек Байзақов, Зияш Қалауова, Саттар Ерубәев, өзбек ақын, жазушылары Міртемір, Адыл Якубов, Насыр Фазылов, ғалымдар Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Рахманқұл Бердібаев, Райымбек Сейтметов және де басқа есімдерді мақтаныш етеді.

Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуында Түркістанның да маңызды орын алғаны белгілі. Ресеймен достық қатынасты нығайту мақсатында келіссөз жүргізген Тәуке хан 1694 жылы Тайқұмыр би Аталықұлы бастаған елшілікті Петр патшаға Түркістан қаласынан аттандырған еді. Түркістаннан басталған бұл достық баспалдағы – ынтымақ жолы 1731 жылы Санкт-Петербургде Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы жөніндегі актіге қол қоюмен аяқталады.

Бүгінде көне Түркістан көп қабатты зәулім үйлермен көмкеріле түскен. Бірнеше зауыт, фабрикасы, оқу орындары мен мәдени ошақтары бар сәулетті қалалар санатына қосылған.

Орта ғасырдан қалған көгілдір күмбезді ғажайып ғимарат Ахмет Яссауи кесенесі де алыстан көз тартады. Еліміздің ғана емес шетелдік туристердің де назарын аудартқан ЮНЕСКО қарамағындағы бұл тарихи ескерткішке келушілер де жыл сайын көбейе түсуде. Жыл сайын 100 мыңға жуық отандастарымыз бен үш мыңнан астам шетелдік туристер Түркістанда болып, көне ғимаратты тамашалайды.

Тарихы терең орынның қыр-сырымен танысып, өткеніне куә болып қайтады.

Архитектуралық кешенде шығыс моншасы және археология музейі жұмыс істейді. Кесене маңында «Шілдехана», «Белгісіз сахна», «Қала қорғаны», «Рабия Сұлтан бегім», «Есімхан», «Халауат» тағы басқа үлкенді-кішілі ғимараттар қалпына келтірілуде. Бұлар келешекте архитектуралық кешенде айрықша көрік беретін болады.

Республикалық музей жаңа өмір салтына сай салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды өткізетін орталыққа айналған десе болғандай. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлерімен, интернационалист жауынгерлермен, ақын-жазушылармен, өнер қайраткерлерімен кездесу шаралары жиі ұйымдастырылады. Музейде ғылыми одақтар құрылған.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1977 жылғы 8 желтоқсандағы «Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи архитектуралық кешеніндегі реставрациялық жұмыстардың жағдайы және оны жақсарту шаралары» қаулысында бекітілген өндірістік, әлеуметтік және мәдени тұрмыстық нысандардың құрылыстары әлі күнге дейін толық жүзеге асырылмай келе жатқанын атап өткеніміз жөн. Әсіресе кесенені қалпына келтіру жұмыстары тым баяу жүргізілуде. Оған тиісінше көңіл бөлінбей келеді.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі үшін 1972 жылы арнайы Түркістан ғылыми қалпына келтіру шеберханасы құрылды. Дегенмен, материалдардың, механизмдердің жетіспеушілігінен, басы бүтін жобалық шешімнің жоқтығынан атқарылған жұмыстардың сапасы мен нәтижесі өз дәрежесінде емес.

Оған бөлінген материалдар қоры жылдық жоспарды толық орындауға мүмкіндік бере алмайды. Соңғы жылдары әрлі плиталар жасалатын шикізаттар және түрлі химиялық қосындылар өз мөлшерінде жеткізілуде. Бірақ «Казнистройпроект» технологиясы бойынша қалпына келтіру шеберханасында шығарылған керамикалық бұйымдар сапасы өте төмен. Оның үстіне қол күшімен атқарылады. Өнімнің өзіндік құны кәдімгі кірпіш құнынан 10-12 есе қымбат.

Сол сияқты Қоса Ахмет Яссауи кесенесіндегі әйгілі қола қазан 1939 жылы өткен халықаралық мәжіліс қонақтарына

көрсету үшін уақытша Ленинградқа апарылғаны баршамызға мәлім. Сол «уақытша» деген мерзімнен бері жарты ғасырдың мерзім өтіп барып жеткізілді.

Сонымен бірге ХІІ ғасырда жазылған көркем тілді, бай мазмұнды, сол кездің өзінде қалыптаса бастаған қазақ жазба әдебиетінің тұңғыш туындыларының бірі өзіміз сөз етіп отырған Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметін» жан-жақты зерттеп, жазба әдебиетінің тарихына енгізетін мерзім жетті. Қанша дегенмен ел мұрасы – ұрпақ мақтанышы екендігін естен шығармау азаматтық борышымыз.

*«Жалын» журналы  
(1988 ж. шілде-тамыз).*

## АЛАШТЫҢ АЛТЫН ОРДАСЫ

Түркістан – иісі қазақ жұртының ғана емес күллі түркі дүниесінің, қала берді ислам әлемінің мақтанышы ғой. Алла тағала нәсіп етіп, 1985 жылдың қарашасынан бастап біраз жыл Түркістан қаласының бірінші басшысы ретінде қызмет жасағаным бар. Осы кезеңде Елбасының, мемлекеттің, қазақ халқының үш ғасырдай астанасы болған тарихи қала – Түркістанның әлеуметтік-экономикалық дамуынан қамқорлық жасағанының куәсі болдым.

Қазақстанның тағдыры Мәскеу шенеуніктеріне байланысты кезде КСРО құрылыс министрі арнайы Түркістан қаласына шақырылып, қасиетті А.Яссауи кесенесін қалпына келтіруге қаражат бөлінуі керектігін дәлелдегеніне қарамастан, тарихи қаланың әлеуметтік-экономикалық проблемалары ұзақ уақыт шешілмеді.

Қазақстанды Колбиннің басқарып тұрған кезінде Түркістан қаласының жинақталған мәселелері туралы Қазақстан Компартиясының орталық комитетінің бюро мәжілісінде маған екі рет есеп беруге тура келді. Бірінші қаралғаннан кейін «Казakhstanская правда» газетінде «Туркестан – город социальных проблем» атты бір беттік көлемді мақала жарық көрді. Сол бюро мәжілісінде Нұрсұлтан Әбішұлы Түркістан қаласының проблемаларын жетік білетінін және оларды шешуді Министрлер Кабинетіне тапсыруды ұсынды. Нәти-

жесінде Министрлер Кабинетінің Түркістанда мемлекеттік «Әзірет Сұлтан» мәдени қорығын құру және Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу туралы арнайы қаулылар қабылданып, іске асырылды.

1991 жылдың 6-маусымында Президент Жарлығымен А.Яссауи атындағы Түркістан мемлекеттік университеті құрылды. Ол жарлықта «Түркістан қаласының әлеуметтік –экономикалық дамуын қамтамасыз ету» деген сөздер келтірілген. Осындайда еске ала кеткен жөн шығар, орыстардың «Известия» газеті «Қазақстанда аудан орталығында университет ашылды» деп мысқылдай жар салғанды. Алайда сол оқу орны бірнеше жылдан кейін халықаралық деңгейге көтерілді.

Түркия Президенті Тұрғыт Озал мен Елбасының Түркістан қаласына сапарында университетте кездесу өткізілгеннен кейін екі жақтың шешімімен А.Яссауи атындағы университет халықаралық қазақ-түрік университетіне айналып, қазіргі күні Қазақстандағы ең алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі.

Кеңес Одағы Компартиясы орталық комитетінің бас хатшысы М.С.Горбачевтің Оңтүстік Қазақстанға келіп облыстың аудан мен қалалары бірінші басшыларымен кездесуі кезінде оған А.Яссауи ескерткіші туралы қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне шығарылған кітапты сый ретінде ұсындым. Ол кісі Түркістан қаласының тарихы және ондағы әлемдік сәулет өнерінің үлгісі А.Яссауи ескерткіші туралы Нұрсұлтан Әбішұлы самолет ішінде толық әңгімелегенін жеткізді. Бүгінде Түркістан «Рухани астана» деген атқа ие болса, ол Елбасының игілікті істерге қамқорлығының айқын белгісі. Нұрсұлтан Әбішұлының ерекшеліктерінің бірі – есте сақтау қабілеттілігі. 1958 жылы Теміртау қаласында «Қазақстан магниткасы» аталған металлургия заводы құрылысына шақырылған үндеуге сәйкес бірге қызметтес болған, ол кісімен Днепрдзержинск қаласындағы техникалық училищеде бірге оқыған Әсетілла Кәрімов 1990 жылы Қазақстан компартиясының ХҮІІ съезіне Түркістан қаласынан делегат болып жолыққанда: «Әсетілла, қайдан жүрсің?» деп құшақ жая қарсы алғаны көз алдымда.

Егеменді Қазақстанның тұңғыш Президентінің ерекше тұлға екендігі мемлекетіміздің кешегі «тар жол, тайғақ кешу» кезеңінде көрініс тапты. Қазақстан компартиясының орталық комитетінің мүшесі ретінде тағдыр маған бір қиын, тарихи шешімдер қабылдаудың куәгері болуды жазыпты.

1990 жылы орталық комитеттің кезектен тыс пленумы шақырылды. Ерекшелігі, бұрын көзге түсе бермейтін микрофондар, камералар орындықтар арасына жиі орналастырылған. Мәжіліс залында көптеген журналистер мен операторлар. Бірақ та мәжіліс басталар кезде олардың бәрі сыртқа шығарылып, есіктер жабылды. Орталық комитеттің бюро мүшелері бұрынғыдай сахна төріне емес, кірген бойда залдың бірінші қатарына келіп жайғасты. Ең соңынан шыққан Нұрсұлтан Әбішұлы бірден трибунаға шықты да, баяндама жасады. Қысқа, нақты. Мазмұны: Қазақстан Компартиясының тарихи кезеңі туындады, ендігі заман талабы бұл партияны тарату керектігін дәлелдейді. Мұндай мәлімдеме партияның элитасы болып саналатын орталық комитет мүшелеріне көкпен жай түскендей әсер етті. Жан жақтан көңілінде «партия халықпен бірге» деген сенім ұялаған комитет мүшелерінің сұрақтары қардай борады. Адамдар санасында елдің әлеуметтік – экономикалық дамуы партияның жүргізетін саясатына тікелей байланыстылығы қалыптасқандықтан, коммунистік партияны тарату басшылықтан айрылып, қоғамда анархияға әкелетіндей сезім тудырды. Дегенмен, бірнеше уақыт бойы Нұрсұлтан Әбішұлы сол тұрған бойы қойылған сұрақтарға табандылықпен жауап беріп, мұндай шешім өркениетті ел болуға қол жеткізудің бірден бір жолы екенін дәлелдеді. Оның пікірі мен ұсынысына орталық комитет мүшелері келісіп тарқастық.

Көп ұзамай 1991 жылдың тамыз айында Компартияның кезектен тыс ұйымдастырылған съезіне республиканың түкпір-түкпірінен 2,5 мыңдай делегаттар қатысып, партияны тарату мәселесі екі күн бойы талқыланды. Осынау сындарлы сағатта Нұрсұлтан Әбішұлы жиналған жұртты саяси қисындарымен өз дегеніне сендіріп, Компартия таратылып, социалистік демократиялық партияның негізі қаланды. Бұл шешім тарих толқынында Елбасының қайсарлық мінезімен

жасампаздық шешімге жете білетін жан екенін көрсетті. Ел Президентінің қатысуымен республиканың Жоғарғы кеңесі сессияларында 1990 жылы 25-қазанда «Мемлекеттік егемендік туралы» декларацияны, 1991 жылы 16-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Заңы және 1993 жылы 28-қаңтарда «Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясының» қабылдануы ел тарихында алтын әріппен жазылды. Өйткені, Қазақстан ескі жүйе құрсауынан бұлқынып шығып, қазақ халқының ғасырлар бойы ансаған арманы дербес мемлекет құрылып, қазақ – қазақ болғалы астаналы, ақордалы етіп, төрт құбыласын түгендеген мемлекетке айналды. Жаңа тарих беттері ашылып, еліміздің жарқын болашағын болжау, оған жетер тың жол айқындалып, тәуелсіздіктің іргетасы қаланды.

Елбасының «алдымен экономика, содан кейін саясат» деген ұстанымы өз жемісін берді. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», Еуразиялық одақ, Азия кеңесі, ядролық қарудан бас тарту, Астананы көшіру, әлемдік діндер съезін шақыру идеялары, 2017 жылы бүкіләлемдік ЭКСПО көрмесін Астанада өткізу шешіміне ие болу сияқты ауқымды шаралары тәуелсіздік құрылысын нығайта түсіп, әлемнің дамыған елу елдің қатарына жол салуда.

*«Президент және халық» газеті.  
№ 11-12, 21 наурыз, 2013 жыл*

## **АХМЕТ ИАССАУИ ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЖАНАШЫРЛАРЫ**

*Түркістанда халықаралық қор ашылып, іске кірісті*

**Б**үгін барлығы таршылық таразысына түсіп тұрған шақ. Тіпті, қайта құру лебі ілестіре келген нарық экономикасының нышандары күнделікті өміріміздің сипатына, әділін айтайық, күтпеген күрт өзгерістер енгізгені бұлтартыссыз шындық. Осыдан келіп қайсыбір тұстарда қарапайым өміріміздің өзі бастапты ырғағын жоғалтып, бірқалыпты ағысынан жаңыла бастағаны да жасырын емес.

Солайы солай десек те, сансырап, сасқалақтайтын дәнеңе де жоқ. Біздің білуімізше бұл қалың жұртымыздың нағыз

еңселі, егеменді ел болуға үдере көтерілген кезінде өліара кезеңнің өтпелі қиындықтары, өзіндік заңдылықтары болуға тиіс. Бүгінгідей қиындықтарымен қатар мол мүмкіндіктерімен де ерекшеленетін заман туып тұрған шақта өркеніеті қарыштап дамыған елдердің қай-қайсының да өткен өмірлеріне кемел ой жүгірткенде, бұған көзіміз анық жетеді. Ендеше, тап бүгін сары уайымнан гөрі саналы әрекеттің, ел болып, есеп біліп өткен еңбектің берері ересен.

Бұрын да немесе кейін де емес, нақ осы ұрымтал сәтте, нарық кезеңінің алдымызда қия тартқан тұсында Ахмет Иассауи сәулет ғимаратын сақтау қорының ашылу себебі неліктен? Оның алдына қойып отырған міндет-мақсаттары қандай? Міне, бүгін нақ осы сауалдар төңірегінде ой қозғап, сындарлы жауап іздестірудің сәті келіп тұрғандай. Ең әуелі айтарымыз, А.Иассауи ескерткішін сақтау жөніндегі халықаралық қордың ұжым ретінде құрылып, тиісті тіркеуден өтіп, арнайы есепшоты ашылғанына небары жарты жылдан асты. Арадағы аз мерзім ішінде халықаралық қордың арнаулы жарғысына, оның талаптарына орай бірқатар іс-шаралар өтті. Алғашқы кезекте аталған қордың жетекші өкілдері, түпкі мақсаты тіршіліктің төріне шығуды көздей отырып көмек қолын созатын демеушілер іздестірді.

Шүкір, қазір қолдап, көмектесушілердің қатары барған сайын артып келеді. Әйтсе де, алдына аса кең ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру міндетін қойып отырған халықаралық қор ұжымы алғашқы қадамдарында көптің қолдау көмегіне үміт артады. Сонда ғана оның алдына қойған мақсаты әлем назары тұрғысынан алғанда айрықша көзге түсетін Ахмет Иассауи сәулет ғимаратын бастапқы саф қалпында сақтап, оның тарихи кешенді құрылыстарын қайта қалпына келтіріп, орта ғасырлық Түркістанды тарих пен мәдениеттің, ғылым мен діннің дінгегіне айналдырып қана қоймай, оның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосу парызы молынан өтелмек.

Орайлы тұста айта кеткен жөн, Ахмет Иассауи ғимараты бүкіл өткен ғасырлардың сәулет өнерінің жетістіктерін бойына жинақтаған, гүлдене дамыған кезеңіміздің теңдесі жоқ туындысы. Сондықтан да оған деген әлем назары, әсіресе,

соңғы кездерде айрықша ауып отыр. Осы арада Ахмет Иассауи бабамыздың мұрасын іргелі елдер перзенттері зерттеп, әлемге танытуға ат салысып отырғаны – біз үшін зор мақтаныш. Бұған былтырғы жылы аса көрнекті діни ағартушы және философ Ахмет Иассауидың есімімен нұрланған ежелгі Түркістан жерінде өткен «Иассауи әлемі» атты халықаралық кездесуде айқын көз жетті. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріле бастаған кезде бабаларымыздан қалған баға жетпес мұра – ескерткішті қорғау, оның бастапқы тарихи келбетін қайта жасау – бүгінгі ұрпақ мойнындағы өлшеусіз парыз.

Бұл жолда бірқатар игілікті қадамдар жасалды да. Осыдан аз уақыт бұрын кезінде күмбезі көк тіреген алып мешітке Темірдің өзі арнайы сыйға тартқан тайқазан Санкт-Петербургтегі мемлекеттік Эрмитаждан араға жарты ғасырдай уақыт салып, қайтарып алынды. Оның бер жағында алып сағана жанындағы Рабиға Сұлтанбегімнің басына кезінде орнатылып, уақыт өте келе бастапқы келбетінен айырылған ескерткіш күмбезі қайта қалпына келтірілді. Осынау кешенді ежелгі құрылыс ғимараттардың басын құрайтын киелі орында басқа да бірқатар игілікті жұмыстар жүзеге асырылды.

Алып сағананың сақталуына, оның бастапқы келбетін қайта туғызуға үкімет тарапынан көңіл бөлініп келеді. Бұған ең соңғы, 1989 жылдың 22 тамызындағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің А.Иассауи музей-кесенесін мемлекеттік тарихи-мәдениеттік «Әзірет-Сұлтан» қорық музейіне айналдыру жөніндегі 265 нөмірлі арнайы қаулысын айтсақ та жеткілікті. Онда қорық музейіне тоқсан гектар жер бөліп, кешенді дамытуға байланысты кең көлемді іс-шаралар өткізу белгіленген.

Алайда, осы маңызы айрықша міндеттерді мерзіміне орай жүргізіп, жүзеге асырудың сәті түспей келді. Сондықтан да Ахмет Иассауи ескерткішін сақтау жөніндегі халықаралық қор ашылып, іске кірісті. Қордың басты мақсаты талай уақыттан бері айтылып келе жатқан тарихи міндеттерді жүзеге асыруды қаржыландыру болып табылады. Қазірге дейін қордың есебінде үш миллион сом көлемінде қаржы жинақталды. Оның негізгі көзі бұған дейін ашылған ком-



мерциялық, шаруашылық және сыртқы экономикалық сауда байланысы бөлімдерінің жұмысы арқасында пайда болды.

Ендігі мақсат – негізі жаңа қаланған ұжымның базасын нығайта отырып, ірі-ірі іс-шараларды іскерлікпен жүзеге асыру. Қазірге дейін Түркия, сондай-ақ Германиядағы Түрік-Ислам бірлестіктерімен байланыстың алғашқы қадамдарына негіз қаланды. Алдағы уақытта бұл мақсаттағы жұмыс көлемі кеңейіп, ауқымы арттырыла бермек. Оның үстіне Түркия сынды бірқатар елдермен қарым-қатынас бағдарын ұстау біздің географиялық жағдайымызбен, этникалық жақындығымызбен және мәдениетіміздің ортақтығымен ғана емес, ол елдердегі нарық тәжірибесі біз үшін неғұрлым қолайлы екендігімен де байланысты болып отыр.

Өткен жылғы тағы үлкен жаңалық – Ахмет Иассауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетінің ашылуы болды. Мұның өзі бізге, әсіресе шығыс халықтарына ашылған әлемдік маңыз алар рухани терезе, терең байланыс дәнекері болуға мүмкіндік береді. Осы айтылғандармен бірге аталған халықаралық қор өз ісін өркениетті негізде жүзеге асыра отырып, тарихи қаламызды музейлендіруді, сондай-ақ, мұсылмандар парызын өтеудің басты ошағы – мешіт салуды, білікті де білімді дін өкілдерін тәрбиелеу орны – медресе ашуды, қазіргі сұраным талаптарына сай және соңғы сәулет үлгісіндегі қонақ үйлерін, шайхана құрылыстарын салуды көздеп отыр. Оған атсалысуды алдарына айқын міндет етіп қоюда.

Ең маңыздысы, халықаралық қордың алдына ту етіп ұстар міндеті

Ахмет Иассауи ескерткішін ежелгі қалпында сақтауға сай ғылыми қайта өңдеу жұмыстарын жүргізу, қазақтың хандары Есім мен Абылайдың, қаз дауысты Қазыбек бидің, Әбілхайыр хан мен Рабиға Сұлтанбегімнің алып ғимаратты қоршай орналасқан құлпытастарын кешенді сипатта қайта қалпына келтіріп, басқа да құрылыстарды бұрынғы бейнесіне ендіру болып табылмақ. Сондай ақ, көне Иассы мен Күлтегін қалаларының орнына археологиялық қазба жұмыстарын, ғылыми тұрғыдан тұжырымдарын жүргізуді айрықша назарда ұстайды. Осы айтылған іс-шаралардың ба-

сын біріктіре отырып, Иассауи әлемін, ол өсіп, өмір сүрген көне Түркістанның тарихи шежіресін жинақтап, ЮНЕСКО-ның алдына нақты мәселемен, әрі ұсыныстармен арнайы шығуды мақсат санайды.

Осылардың барлығын айта отырып, Түркістан топырағындағы әрбір еңбек коллективін, басшылар мен жеке азаматтарды Ахмет Иассауи ескерткішін қорғау халықаралық қорына қаржылай жәрдем көрсетуді сұрайды. Құрылтайшы ретінде қамқорлық жасап, шама шарқынша қаржы аудару туған жеріміздің даңқын асыратын үлкен қайырымдылық үлесі болар еді.

Тағы бір айтар маңызды мәселе – бүгінгідей нарық экономикасы күш ала түскен шақта аталған қормен бірлесе отырып, шетелдермен экономикалық байланыстар жасаудың берері де мол болмақ. Әрбір шаруашылық немесе мекеме жеке-жеке әрекет етудің қазіргі қолда бар дайын мүмкіндікті пайдаланудың қаншалықты тиімді екенін әрбір азамат-басшы, еңбеккер түсінеді деген ой келеді. Қазірдің өзінде қордың одақтық және халықаралық есеп шоттары арқылы байланысқа шығып, игіліктерге жол ашып отырғандары да бар. Біз осынау игілікті қадам кең өріс алса екен дейміз. Бұл мақсатқа қызмет ететін ішкі және сыртқы хабар алмасу бөлімі, дәлірек айтқанда орталығы іске қосылмақ. Сонымен сіздерге қамқоршы-құрылтайшы болуға және бірлесе отырып, экономикалық байланыстарға шығу үшін өзіміздің есепшоттарымызды хабарлаймыз. Бұл игілікті істен бүкіл алаш азаматтары сырт қалмаса екен.

***Одақ көлеміндегі есепшотымыз: №000345038.***

***Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық  
банкiсiндегi халықаралық есеп айырысу шотымыз  
№782070432 МФО №607146.***

***«Егемен Қазақстан» газетi.  
3 қаңтар 1992 жыл.***

## ӘРУАҚ СЫЙЛАП, ӘЗ ТҮТ ТА, ӨЛКЕГЕ МОЙЫН БҰРА КЕТ...

Бүгінгі жүрекжарды сөзімізді облыс жұртшылығы, ел бағалары, ұжым басшылары, туыс бауырлар, Сіздерге арнай отырып, маңдайымызға басар тарихи мақтанышымызға айналған сан ғасырлық алып сағананы бастапқы қалпында сақтауға, сол арқылы халықтық баға жетпес игіліктерімізді де қайта жандандыруға егеменді де тәуелсіз ел үрдісіне сай үлес қосады деген мақсатпен әрбіріңізге үлкен үміт артамыз.

Әр халықтың қадір тұтар қасиетті жері, бір уыс топырағын бойтұмар санап, бас иер киелі мекені болады. Қазақ халқы үшін сондай қастерлі орын Түркістан екені бесенеден белгілі. Қандай қиын заманды бастан кешірмесін, жеңісте де, жеңілісте де бұл жер өзінің бастапқы қызметі – халыққа рухани таяныш болу қызметінен айныған емес. Ислам діні келген тұста да бұл мекен өзінің киелі қасиетін жалғастыра білді. Халыққа имандылық пен әділет нұрын сепкен Ахмет Иассауи көзі тірісінің өзінде Дешті Қыпшақ даласын мекендеген көшпелі тайпаларда Әзірет Сұлтан атанғаны бұл күнде көпшілікке кеңінен мәлім.

XIV ғасырдың соңына таман оның басына Ақсақ Темір қазіргі Орта Азия мен қазақ даласында теңдесі жоқ, ғаламат та таңғажайып ескерткіш сағана салдырғанын тарих көшінен көріп біліп, көз жеткізгелі қашан?! Заманында қатал Әмір атанған жанның Ұлылық алдында бас июі болатын бұл әрекет. Мұны айтып отырған себебіміз, сонан кейінгі жерде ежелден басына қыдыр дарып, бақ қонған Түркістан бірнеше ғасыр бойы қазақ халқының рухани орталығы әрі саяси ордасы – астанасы болды, данқы дәуірлей түсті.

Тек бертінде, қазақ халқының ыдырап, қазақ жерінің көп бөлігінің Ресей патшалығының қол астына өтуі Түркістанды жалпы қазақ даласынан оқшау қалдырды. Осыдан кейін киелі мекеннің, ондағы қазіргі музейдің басына бірталай нәубетті кезең туып, оның зардабы күні кешеге дейін жансебілділікпен жалғасып келеді. Мұны іште бүгіп, жасыра жабудың еш реті жоқ. Ғасырлар бойы езгіде кетіп, есінен

адасардай халге түскен еліміз енді ғана ес жиып, тәуелсіздік тұғырына көтерілуде. Дана халқымыздың «ештен кеш жақсы» деген кеңесіне құлақ түріп, ден қойсақ, ел болып қайта бой тіктеп, қатарға қосылар үмітіміз енді ғана еселене түсті.

Сол ақылман, асыл халқымыздың тағы бір даналығы – «Өлі риза болмай тірі байымайды» деген діндегі берік, ділі жоғары түйінді ойға саяды. Соны ескері отырып Ахмет Иассауи ескерткішін қорғау жөнінде халықаралық қор ұйымдастырылды. Оның іске кіріскеніне көп уақыт өте қойған жоқ. Басты мақсат – аталған алып сағананы бастапқы қалпында сақтай отырып жоғарыда айтылғандай жойқын әрекеттер кезінде әрін жоғалтып, сәнінен айрылған тарихи асылдарды қайта жаңғырту жұмыстарын ұйымдастыру, соны қаржыландыру.

Қазір Ахмет Иассауи ғимаратында қалың жұрт қастерлеп, қадірлеген өз әулиенің қабірімен бірге халқымыздың өзге де әзіз ұлдарының, атап айтқанда: ел билеген Есім ханның, халқымыздың тәуелсіздік туын алғаш асқақтата көтерген Абылай ханның, қазақ жамиғатына түгел танымал Тәуке ханның, жалпақ елі серттей семсер сөздеріне тоқтаған Қаз дауысты Қазыбек пен Әйтеке билердің, қанжығалы Бөгенбайдан бастап халқымыз қадірлеген бір топ қазақ батырларының, тағы бірқатар тарихта ағы мәлім саңлақ тұлғалардың сүйектері жатқаны белгілі. Қор арқылы қаржы жинай отырып, оны осы тұлғалардың тарихтағы орнына лайықты құрмет жасауға бағыштау. Киелі орынның келбетін бастапқы тарихи қалып-көркіне келтіру, өшкенімізді жандандырып, өлгенімізді тірілту, түпкі мақсат – өркениетті елдер секілді даму даңғылына өріс аша отырып, төрт қақпалы Түркістанды төрткүл әлем сахнасына қайта алып шығу.

Қысқасы, үкіметіміз тарапынан көңіл бөлінуіне қарамастан нақты нәтиже көңілді көншіте алмайды. Жер асты суының көтерілуі жыл өткен сайын оның болашағына қауіп туғызып, ірі сағаның іргесінің құлазуына әкеліп соқтыруда. Мұның барлығы сайып келгенде қаржы тапшылығына тіреліп отырғандығы айдан анық.

Сөзімнің соңында айтарым, нақ қазіргі кезеңде аталған тарихи орынға төрткүл дүние айрықша назар аударуда. Оны қалпына келтіруге, сақтауға өз халқымыздың тарапы-

нан да лайықты үлес қосудың маңызы ерекше. Мәселен, өткен жылдың қазақ айында ғана Кентау мен Түркістан қалаларында ЮНЕСКО-ның бағдарламасы бойынша «Иассауи әлемі» деген тақырыпта халықаралық дөңгелек үстел өтіп, онда ғұлама мұрасы жан-жақты талқыланған еді. Осындай жанды әрекеттер, іс-шараларды назарға ала отырып, Ахмет Иассауи ескерткішін қорғау қоры қазірге дейін Түркиямен, Германиядағы Түрік-ислам бірлестіктерімен байланыстың алғашқы қадамдарына негіз қалады. Түркия сынды бірқатар елдермен бірегей қарым-қатынас бағдарын ұстау географиялық жағдайымызбен, этникалық жақындығымызбен және мәдениетіміздің ортақтығымен байланысты болып отыр.

Музейді қорғау жөніндегі халықаралық қор өзінің алдына мынадай қадау-қадау мәселелерді меже етіп қояда. Өткен жылы А.Иассауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетінің ашылуы, оның біздер үшін, әсіресе, Шығыс халықтарына ашылған әлемдік маңыз алар рухани терезе, терең байланыс дәнекері болуға мүмкіндік береріне сенім мол. Осындай кең құлашты іс-әрекеттерді үйлесімді негізде пайдалана отырып, тарихи қаламызды музейлендіруді, медресе мен мешіт орындарын салуды, қонақ үйлер мен соңғы үлгідегі шайхана құрылыстарын тұрғызуды міндет етіп қойдық.

Осылардың барлығын айта отырып, облыстағы әрбір еңбек ұжымының басшылары мен бауырлас, ниеттес азаматтарды А.Иассауи ескерткішін қорғау халықаралық қорына қаржылай жәрдем көрсетіп, құрылтайшы-қамқоршы болуға атсалысады деген ниеттеміз. Осы бір шапағат-шарапаты мол игілікті іске әруақ сыйлап, оны әз тұтып өткен өлкенің өрісі биік азаматтарын «Әз әулие үшін» деп ниет етіп, имандылық ишара жасайды, қолдан келген көмек жәрдемін аямайды деп сенеміз.

***Біздің Түркістан қаласындағы есепаотымыз  
№000345038, халықаралық есепа айырысу шотымыз  
№782070432 МФО № 607146.***

***«Оңтүстік Қазақстан».  
28 қаңтар, 1992 жыл.***

## ҮШЕУДІҢ ӘҢГІМЕСІ

Сол кеште мәжілістен шаршап келгенмін. Төргі үйдегі телефон безілдей жөнелді. Тұрып барып трубканы алдым.

- Көке, сізге... Алматыдан... – деді.
- Тындап тұрмын. Бұл кім болды екен?
- Алло. Бұл Алматыдан. Айдарбекпін ғой.
- Айдарбек?.. Сен қайдан жүрсің?.. Мен еріксіз таң қалдым.

- Нұғыман, немене, мені ұмытып қалдың ба?
- Неге ұмытайын. Даусыңды естіп, қуанып тұрмын.
- Қуанғаның жақсы. Біз саған, Түркістанға барамыз. Жанымда үлкен кісі, атақты тарихшы-ғалым Геннадий Андреевич Кузнецов бар. Менің ұстазым. Ертеңдері жетеміз. Қарсы аласың ба?

– О не дегенің. Сені қарсы алмағанда...

– Онда «Қазақстан» поезы, 7-вагон.

Біз Айдарбектің келуіне, келе жатқанына қатты қуандық. Ол екеуміз дос едік. Дос болғанда да кешегі жоқшылық кезде, балалық шағымыз бөз көйлектің ішінде бүрлеп келе жатқан сонау бір қиын кезеңде дос болған едік.

Ол өте білімді болатын. Отыз бес жасында тарих ғылымының кандидаты, отыз сегіз жасында доктор атағын алды. Сол досым Түркістанға келе жатыр. Қаланың көркін, тарихтың ескі қойнауынан сыр шерткен ғимарат пен жаңа сәулетінің астасып, жарасым тапқан келбетін көріп, қуанатын болды-ау деп шаттандым іштей. Ол Алматыда, Қазақ ССР Ғылым академиясында қызмет ететін.

Оны вокзал басында күтіп тұрмыз. Қолымызда гүл. «Қазақстан» жүрдек поезы екі иығынан дем ала ышқынып, кең жазықта көсіле шапқан асаудай арқырап жетті-ау.

Әне, Айдарбек вагон есігінен де көрінді. Жұртпен бірге түсіп келе жатты. Жанында самайын ақ қырау шалған, алпысты алқымдап қалған, толық денелі қарт ғалым бар. Екеуі де Түркістан мавзолейін көруге, тарихын танып, білуге арнайы ат басын бұрыпты.

– Біз асығыспыз, – деді Айдарбек. – Бір күн боламыз. Сол бір күнде Геннадий Андреевич мавзолейді араламақшы.

Ғалым салмақты жан көрінді. Зәулім ғимараттың шығыс жақ беткейіндегі есіктен ішке кірмес бұрын үнсіз, ойлы қалыппен біраз қарап тұрды да, майда жымыспен жүзін бұрып:

– Бұл не? – деді маған сынай қарап.

– Бұл – орта ғасырдан бізге жеткен сәулет өнері. Ақсақ Темірдің күштеуімен, халықтың көз жасымен қаланған алып ғимарат, – дедім.

– Ол рас. Бірақ бұл сан бедерлі, қала меруерті ғой. Бүкіл қазақ халқының сәулет өнерінің антологиясы ғой, – деді ол толқып.

– Геннадий Андреевич, о баста кереметтің саны жетеу болатын. Қазір әр елдің өз кереметі бар. Қазақ халқының маңдайындағы інжуі, нағыз кереметі осы ғой, – деді Айдарбек.

– Ол рас, – деді Геннадий Андреевич. – Кезінде керемет деп саналған Галикарнас мавзолейі, Родос алыбы, Александрия маягі, Эфестегі Диана ғибадатханасы, Олимпиадағы Зевс мүсіні және Семирамиданың аспасы. Бұлар жеті санының тылсым сиқырымен, адамзат зердесінің шектелген мүмкіншіліктерімен, ежелгі дүние ауқымымен, әрі ең бастысы, дәстүрдің тұрақты сақталуымен анықталады ғой.

– Иә, Рим құлаған соң мың жылдан кейін, адамдардың ұғым-түсінігі өз төңірегінен әріге өріс ұзартты. «Әлемнің сегізінші кереметі» деп келетін белгілі ұғым пайда болды.

Қожа Ахмет Яссауи сәулет ғимаратының құрамына енетін археология музейіне кірдік. Осы жерде бедерлі суреттері мол үлкен керамикалық тақта бар еді. Геннадий Андреевичтің назары сонда ауды. Тақтаның ортасында әлемнің жеті кереметін дүниеге әкелген адамдардың қолдары бейнеленген. Үлкейтіліп салынған бәдізші шеберлердің қолдары еріксіз ойға қалдырды ма, бізге жүзін бұрып:

– Бұл кереметтің дүниеге келуіне не себеп болды, тас жүректі жібіткен махаббат па, әлде Ақсақ Темірдің өз мүддесі ме? – деді.

– Ол ұзақ әңгіме ғой, – деді Айдарбек.

– Мен сол ұзақ әңгімені білгім келіп тұр, – деді Геннадий Андреевич күлімсіреп.

– Жазба мәліметі бойынша, – дедім мен сөзге араласып, – көне Яссыдағы Ахмет әулиенің басына XII ғасырда-ақ кішігірім сағана орнатылған-ды. Ахмет бізге түркі ақыны,

суфизмді дәріптеуші ретінде ғана танымал. Ал, Орта ғасырда халық оны «Әулие» деп сенді. Осыны пайдаланған Ақсақ Темір үшін ол үлкен әулие өз саясатын ілгерілетуші ерекше тұлға ретінде қажет болған. Сол мақсатпен Ахмет Яссауидің ескі, құлағалы тұрған сағанасының орнына зәулім ғимарат тұрғызады. Ақсақ Темір жорығын жазған «Жеңістер кітабында» ескерткіштің салынуын былайша келтіреді: 1337 жылдың аяғында Яссауи сағанасына талай келіп, зиярат еткен Темір бұл әулиені халықтың ерекше құрметтейтінін біледі. Ол халыққа өз ісімен жағыну мақсатында, ғимарат салдыруға жарлық береді.

– Ал кейбір аңыздарда бұл ғимарат махаббат символының мұнарасы ретінде жазылып жүрген, – деді үлкен кісі.

– Кезінде ғимаратты салуға көп адам қызмет еткен, – дедім мен сөзді жалғап. – Ғимаратты салдыруға жауапты болған, Темір кеңесшілерінің бірі Мәулен Убайдулла Садыр деген кісі. Құрылысты Табриздеі келген Абдол Азиз ибн Шарафуддин атты шебер жүргізеді. Осы шебер туралы сан түрлі аңыз бар. Ең үлкен күмбездің басында екі қыштың орны бос тұр. Ол неге жоқ дегенде айтылатын «Қос қыш», «Қызыл және ақ жұмыртқа», «Ұшатын кілем», «Ақсақ Темірдің тоқалы Түн-түн қатын» деген аңыз ертегілер бар. Бәрі де махаббат-нәме сюжетіне құрылған.

– Бұл мавзолей де Вавилон бағы мен Үндінің Махалы сияқты махаббат құдіретімен тұрғызылған ғимарат дейсіз ғой, – деді қарт ғалым.

– Халық аузында солай айтылып жүрген ескі аңыздардың бары рас. Бірақ негізгі дерек шындықты былай суреттейді: 1389, 1391, 1394 және 1395 жылдардағы қан-төгіс ұрыстарда Темір Алтын Орданың өктемдігін жойып, астанасы Сарай-Беркені өртеп жібереді. Міне, осы жеңістің құрметіне Ахмет Яссауи ғимараты тұрғызылады. Осы тұрғыда Темір тек өзінің діни мақсат-мүддесін ойлады деу қиын. Бұл, бір жағынан, оның беделін көтеруге, үстемдігі нығая беруіне көзделген жоспар болса, екінші жағынан, өзі алыс жорыққа аттанған кезінде ту сыртының берік, тосқауылды болуына керек қамал ретінде салынған ғимарат еді. Үшінші, ең негізгі айтарым әлгі аңыздарды жоққа шығарар бір мысал айтайын. Осы Қожа Ахмет Яссауи ғимараты салынар кезде



Монғолстан әміршісі Хазыр қожа ханның қызы Тукел ханымды алмақ болады. Ханымға бағышталған адал махаббатының айғағы ретінде Самарқанда «Гүл атқан жүрек» бағын салдырады. Бір жүректе сол мезгілде екі рет махаббат раушанының гүл атуы мүмкін бе еді?

– Мүмкін, бәрі де мүмкін, – деді Айдарбек. – Олар махаббатты да өлшеммен ұстаған ғой.

– Кезінде Вавилонның аспалы бағын салдырған, Павуходоносор әрекетін жауыздықтан туған шапағат деуге болады. Себебі жауыздардың да біреуге шапағаты тиюі мүмкін. Бұл дүние жүзінде тұңғыш рет махаббат құрметіне салынған айтулы монумент еді. Кім білсін, Ақсақ Темір жүрегінде Тукел ханымнан өзге тағы бір ханымға махаббат оты тұтанып, екінші ғимаратты дүниеге әкелуге жарлы берген болар? – деді Айдарбек күліп.

– Ал осы Ақсақ Темір кім? Оның аяғы неден ақсаған? – деді Геннадий Андреевич.

– Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір жайлы жазылған «Екі жиһангер» кітабында Тарағай бидің баласы, қанышерлігімен Шыңғыс ханнан да асып түскен Ақсақ Темірдің дүниеге келуін былай жазады:

«Түркілердің ішіндегі Барлас руына жататын Шахрисәз биі Тарағай жаман түс көреді. Ол түсінде алып тау басында тұр екен. Аспанда жұлдыз, жерде түйір от жоқ. Жер әлем зындандай тас қараңғы. Қолында қылыш. Кенет қылыш отша жарқылдап, жер үстін жап-жарық етеді. Түсінде оған Қызыр аян береді: Токине әйелінен ұл көресің. Ол әлемді жаулайтын жиһангер болады дейді. Бұл түс Қазаған ханның құлағына тиеді. Хан болашақ жиһангердің дүниеге келуінен қорқып, би жоқта әйелінің ішін таспен үйкелетеді. Ол өлмей, бір аяғы солып туады».

– Бұл – аңыз. Бірақ ол анасынан ақсақ болып тұмаған. Бертін келе, қарақшылық құрып жүрген кезінде, ұрыста қатты жарақаттанып, содан аяғы кеміс болып қалады.

– Ақсақ Темір жиһангерлік дәрежеге тек дінді қатты ұстауының арқасында қол жеткізіп отырған, – деді Айдарбек.

Темір 1404 жылы өз жерін немерелеріне бөліп берген. Ұлықбекке Сайрам, Жаңа, Тараз, Аспара мен Жете уалаятын

бөлді. Ақшикент, Қотан және Қашғарды Ибрагимге бөледі. Бұл кезде Яссы Сайрам уәлаятына қарайтын.

– Ал Яссы мен Шабғар ескі тарихта, әсіресе Шыңғыс хан тұсында кем айтылады. Неге? – деді үлкен кісі жанындағы бізге қарап.

– Түркістан IX ғасырда – Шабғар, XII ғасыр Яссы аталып келсе, XVI ғасырдан бастап қазақ халқының астанасы ретінде қазіргі атымен белгілі. В. В. Бартольдтың еңбегінде ол жақсы айтылған.

Ахмет Яссауи мавзолейінің прототиптері біздің дәуіріміздің VII-VIII ғасырында салынып, бітпей қалған Жамбыл облысындағы алып құрылыс. Бекініс сарай болған Талақыр Термез маңындағы IX ғасырда салынған Қырыққыз кешені. Сондай-ақ көне Үргеніштегі XIV ғасырдың басында салынған Нажмеддин Қубрдің, XIV ғасырда салынған Бұхарадағы Баян Қули ханның ескерткіштері Шыңғыс хан жорығынан соң тозып, қирап кетті. Одан соң тұрғызылған Ахмет Яссауи ғимаратында бұлардағы архитектуралық үлгілер тегіс қамтылып, үйлесім таба білген.

Шыңғыс бұл төніректе ештеңе қалдырмады. Бұл тәсілдің алғашқы құрбандары – Отырар, Испиджаб, Сығанақ, Ашпас сияқты ірі-ірі мәдениет орталықтары қиратылды. Халқы түгелге жуық бауыздалды. Араб пен парсы деректемелерінде халқы қырылып, түгел қиратылған 30-ға тарта қаланың аты аталған. Отырарды алты ай қамап, халқын түгел қырса, Сығанақты жеті күн қамап, халқын қырып салды.

– Иә, Ұлы Отан соғысы кезінде, тарих бетіне ерлік ізін тастап кеткен батыр қалалар шықты. Біз оны құрмет тұттық, мақтандық. Ал сіздер мұндай ерлікті орта ғасырда-ақ жасап үлгерген екенсіздер-ау...

Геннадий Андреевич үлкен ойға беріле, асықпай аяңдап келе жатып, басын қайта-қайта шайқап қойды.

– Темір Шыңғыс ханның артында өзінің жаугерлік атағынан өзге ештеме тастамай отырғанын біліп, осыдан сабақ алса керек. Сондықтан да, Ақсақ Темір мен оның ұрпақтары барған жерде бір белгі қалуға тиіс болған. Сол кезде ислам діні Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігінде кең қанат жайған еді. Темір дінді берік ұстанып отырған. Ол өзіне бағынбаған елді дін арқылы бас идірді.

Ахмет Яссауи мавзолейін екінші Мекке деп уағыздады. – Түркістанды, оның ішінде Ахметтің сағанасын Ақсақ Темірдің екінші Мекке еткісі келгенін растай түсетін тағы бір жайлар бар. Мәселен, қаланы төңіректей салынған, қыш күйдіретін Сауран, топырақ беретін Шорнақ, кен қорығатын Қарнақ, Сунақ, Жүйнек, Ихан атты қалалар болған. Сағананың ұзындығын, көлденеңін, биіктігін Ақсақ Темір өз қолымен сызып берген. Оған тиісті жер, су, құдық, аула, қызметшілер үйі, монша, намаз оқитын мешітті бөлек жасатып, бәрін тізіп көрсеткен, – деп қосты Айдарбек.

XVI-XVII ғасырларда Яссы бүкіл Оңтүстік Қазақстанның немесе сол заманғы деректемелер бойынша Түркістан өңірінің аса ірі орталығы болған. Ибн Рузбихан Яссыны Түркістан әміршілерінің астанасы деп атайды. Дешті Қыпшақтан, Маураннахрдан және Қытайдан шығатын сауда жолдары осы қалада тоғысқан. Яссыға солтүстік тұс болып табылатын өзбектер өңірінен Әндіжан мен Қытай шекарасына жететін жол арқылы товар, асыл бұйымдар әкеліп отырған. Бұл осы кезеңде ірі сауда орталығына айналады. Ол егіншілік аймағы да еді. Азық-түлікпен өз аймағын қамтамасыз етіп, артылған өнімді базарға шығарып та отырған.

Яссы қаласының төңірегінде егіншілік өңірге айналған Қарнақ, Қарашоқ, Ихан, Сүри сияқты елді мекендері болған. XVI ғасырда Яссы қаласы гүлдене түсті. Бұл қала осы ғасырдың соңында Хақназар ханның қолында болды. Одан кейін қаланы Шайбани әулеті Абдуллах хан жаулайды.

– Оны қазақ әміршілері 1598 жылы өз қолына елді мекендерімен қоса біржолата қаратады, – дедім мен.

Иә, Есім хан Түркістан қаласын өзінің астанасы етеді. Қала Сырдария өңірінің негізгі мәдени және саяси орталығына айналады. XVII ғасырда Яссы Түркістан деген атпен алмастырылады. Қазақ хандары да Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін мұсылман дінінің орталығына айналдырады. Қазақ хандары кейінгі ғасырда да мавзолейлер мен діни сипаттағы басқа да ғимараттар салдырады. XVII ғасырда Есім хан мен Жәңгір ханның қабірінің үстіне мавзолейлер тұрғызылды. Бұл қалада сауда да терең дами түсті. XVI ғасырдың орта шенінде Орта Азиялық мыс ақшаның Қазақстан қалаларына келуі азая бастайды. Оның есесіне

Яссыда соғылған мыс ақша сауда қатынасына түседі. Бұл мыс Отырардан да шығып тұрады.

XVI ғасырда күмістен соғылған Шайбани әулетінің ақшалары да болады. Ол ірі сауда келісімі мен шетелдік сауда үшін ғана қолданылды. XVII ғасырда Отырар қаласының жағдайы нашарлап, Түркістан ілгерілей түседі. Біз мұны Сухаилдың «Имамкулиханнаме» қолжазбасынан білеміз. «Отырар... қазіргі кезде қаңырап қалды» деп жазады ол.

Оңтүстік Қазақстанның территориясы Қазақ хандығының құрамына енген соң, Сырдария бойындағы қалалар мен егіншілік аймақ ханның туыстарына, көшпелі феодалдар мен ақсүйектерге бөлініп беріледі.

Бұл кезеңде дінбасыларына ерекше құрмет көрсетілді. Дінбасылары: шейхтер, қазылар, шайхылар, молдалар, әмірлерді діни уағызбен қолдап отырды. Есесіне шүйгін жер алып, халықты салықпен тонап, оларға кіріс кіргізіп отырады. Олар иемденген жерлерге XVI ғасырдың аяғында Абдуллах хан арнайы грамота береді. Бұл грамотада Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіне жер берілгені расталған.

Бұл кезде Айдарбек тек сөйлеп отырды да, қарт ғұлама екеуіміз тындаушы болдық.

– Сол кезде, – деді ол, – хан мен әміршілер халықты аяусыз қанауға ұшыратты. Әскерлерді азық-түлікпен жабдықтау үшін тұрғындарға заттай салық салып отырды. Оны «тағар» деп атаған. Бұл «тағардың» ішінде азық-түлікпен қоса жем салығы да болды. Оның белгілі бір мөлшері болмады. Әр қанаушы салық мөлшерін өз білгенінше өсіре берді. Мысалы, Ибн Рузбнханның жазғанына қарағанда, Мұхаммед Шайбани хан Түркістан төңірегінде 100 мың әскерін бір ай асырау үшін көп мөлшерде алым-салық жинаған.

– Иә, бұл жолы мен үлкен олжалы аңшыға ұқсап отырмын, – деді қарт тарихшы. – Өзім тарихшы болған соң бұрын білетіндерімді толықтыру мен үшін үлкен олжа.

Бұл кезде біз қызыл күрең сүт қатқан шайға бас қойғанбыз. Геннадий Андреевич біздің әдет-ғұрпымыз бен салт-санамызға біршама қанық, қазақ ауылында болған кісі еді. Ыстық шай, борпылдақ бауырсақ, тары мен құрт майды жатырқай қоймады. Шайдан соң ол кісі тағы да Ахмет жайында сұрады.

– Сонда ол қай тілде жазған? – деді Геннадий Андреевич.

– Яссауи сол кездегі ақындардың дін таратушы көне араб, парсы тілдеріне мойынсұнбай, өз шығармаларын жергілікті түркі тілінде жазған, – дедім мен.

...Көкшіл вагон тізбелері жай ғана қозғалып, бірте-бірте күш ала екпіндей берді. «Қазақстан» жүрдек поезы шығысты бетке алып, асыға жөнелді. Сол тізбектің ішінде бала жастан бірге өскен досым Айдарбек пен зерделі, білуге құштар қарт ғалым кетіп бара жатыр. Перронда қалған бізбен бірге оларды Түркістан қаласы қосыла шығарып салды. Түркістан топырағы өзіне келген қонақтан кенде емес. Бір кезде Ақсақ Темір өз мүддесі, мақсаты үшін салдырған алып ғимарат бұл күнде қазақ халқының орта ғасыр тарихынан қалған мақтаышына айналды.

Иә, жұмыр жер бетін мекендеген сан халықтар қатарлы Қазақстанның кең аймағын жайлаған ерте дәуір тұрғындары, біздің қазақ атанған ата-бабамыз өз мұрасын кейінгі ұрпағына бағыштай білді. Олар – сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай ұзақ өмір бойында жасалған мәдениет мұралары. Бізге жеткен кішкене сынықтан бастап, тұтас тұлғалы ғимараттарды қастерлеп сақтай білуге тиіспіз.

Үнсіз ой құшағына беріліп, баяу адымдап келемін. Ту сыртымда орта ғасырдан қалған көгілдір күмбезді ғимарат. Ал, қарсы алдымда зәулім үйлер, завод, фабрика, оқу орны, мәдениет мекемелері бар сәулетті қала қол бұлғап тұрды. Ескі мен жаңа астасқан қала бұл күнде тоқсан жолдың торабы. Мұнда жыл сайын мыңдаған отандық және шетелдік туристер келіп жатады. Дана көз қариядай марғау жатқан Түркістан қонақты тосып алып, шығарып салудан жалыққан емес. Жалықпайды да. Тарихсыз халық тұл. Мен жолда келе жатып осы қағиданы естен мәңгі шығармау қажет деген тоқтамға келдім.

## ХАТТАР ТОЛАСТАМАЙДЫ

«...Аяулы менің маматайым! Ең алдымен сіздің денсаулығыңыз жайында білгім келеді. Жазған хатыңызды алып, қатты қуандым. Шынымды айтсам, оңашада жылап та алдым. Сізді, сүйікті мектебімді сағындым. Оқу оңай емес екен. Көп нәрсені енді-енді ұға бастағандаймын.

Жақында гана Белоруссияға барып қайттық. Маған қатты ұнады. Қаражат қажет емес. Ай сайын сексен сом стипендия аламын. Бір бөлмеде үш қыз тұрамыз. Жанымда Света, Оксана деген орыс қыздары бар. Тамаша қыздар. Аяулы маматайым менің, мені көп ойлай бермеңіз. Мен енді кішкентай қыз емеспін зой... Көріскенше күн нұрлы болсын, маматай.

**Сәлеммен қызыңыз Махуба.  
Смоленск қаласы – 18, 2-үй,  
Педагогикалық училище».**

«...Саламатсыз ба, қымбатты папочкам менің! Хал-жағдайыңыз, денсаулығыңыз жақсы ма? Менің аяулы мамам, Ирина Егоровнаның денсаулығы, көңіл-күйі қалай? Ауа райы қалай? Түркістанда әлі күн жылы шығар. Ал бізде күн суық, үш күн бойы қар жауып тұр. Мен сізді және бүкіл тәрбиешілерімізді сағынып жүрмін...

**Хат жолдаушы ерке қызыңыз  
Найма.**

**Ставрополь қаласы – 31.  
Серова көшесі – 279/5, 318 бөлме».**

Хаттар... Хаттар...

Әрбір хат тағдыры әр түрлі. Хаттар да адамдар тәрізді. Бір хаттан сағынған жас жүрек лүпілін сезінсек, енді бірінен мұң табы аңғарылғандай. Иә, хаттар да сөйлейді. Біреуі мұңайса, біреуі шаттанады. Сан түрлі тағдырлар ақ қағаздарға қалтқысыз түсіп, хаттарға айналады. Хаттарға ешқандай шеқара жоқ. Ол жер шарының қай түкпіріне болсын қуаныш, қайғы арқалап жетеді. Адам өмірі де кезең-кезеңге бөлінбейтін бе еді. Сол секілді хаттар да әр қилы болып келеді. Біреу анасына, енді біреу баласына, енді біреулер сүйген адамдарына хат жолдап жатады. Өмір атты үлкен жолда кіммен кездеспейді. Осынау кездесулер мен қоштасулар соңы сағынышты хаттарға айналады.

«...Менің жазған хаттарым-ай, хаттарым...» деп басталатын ақынның ойлы өлеңі де бар емес пе еді?!

Осынау үлкенді-кішілі хаттардың ең қымбаттысы болшаққа жазылған деп білемін. Менің алдымда жатқан хаттар, міне, осы болашаққа, келер ұрпаққа арналғандай әсер етеді. «Туған жерін от шалған, күндіз-түні жарылған бомбалар мен шашыраған қып-қызыл адам қаны. Соңдарында шырқырай жылап қалып бара жатқан қорғансыз сәбилеріне кемсеңдей көз тастаған адамдар... хаттар... Олар бұл жерге алыстан келді. Өз түсініктері бойынша да өте-өте алыстан келгендер. Бірақ алғашқыда тосырқай қарағандарымен, бойлары тез үйренді. Оларды ешкім де жатырқаған жоқ. Кешегі жарылған бомба, құлаған, өртенген самолеттер мен қираған соғыс машиналарын кинолардан... сонан соң түстерінде көретін олар.

*«...Көп көктем өтті, соғыстан соң да сан қилы,*

*Сіздер қорғаған гүлдердің иісі аңқиды»,* – деп тебірене жазды Түркістандық талантты жас ақын Қасымхан Бегманов. Адамдар. Жылдар. Тағдырлар. Сағыныштар. Хаттар. Сарғыш тартқан, сыр шерткен, ашып қалсаңыз адамдарша сөйлей жөнелетін хаттар... «...Қымбатты менің маматайым...» немесе «Аяулы менің досым, қадірлі ұстазым...» осы секілді басталатын хаттар тағдыры сан түрлі. Кешегі тәрбиешілерді мама, кешегі мектеп-интернаттын туған үйім деп ұққан, қабылдаған шет жерлік жас азаматтардың хаттары алдымызда жатыр.

...Бұл оқиға қалада 1984 жылы басталған еді. Оқырманға түсінікті болу үшін бәрін басынан бастайын.

Осынау мектеп-интернатқа келген сайын мұңлы ойға батамын. «Қиял жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» деп халқымыз айтқандай, қиял шіркін қайда самғамайды. Ауласы сүйкімді балалардың шат күлкісіне толы С.Ерубаев атындағы бұл мектеп-интернаттың өзге мектептерден ерекшелігі сол, бұл интернатта туысқан ауған халқының өз Отанының тәуелсіздігі үшін ұрыста қаза болған жауынгерлерінің ұл-қыздары білім алуда.

Совет үкіметінің гуманистік мейірімге толы 1984 жылғы қаулысынан көп ұзамай-ақ, Түркістан қаласына алдын ала ешкімге хабарламастан, Қазақ ССР оқу министрінің орынбасары Сидоров жолдас бастаған бір топ ресми адам-

дар келіп, С.Ерубает атындағы мектеп-интернатты контр-революционерлерге қарсы күресте қаза тапқан ауған халқының адал ұлдарының жетім қалған балаларына шұғыл түрде дайындау жөніндегі шешім қабылданды. Шұғыл іске кірістік. Мектеп-интернаттың ауласын тазалау, әктеу, қайтадан жаңа кластар қосу, асхана, дәрігерлік алғашқы көмек көрсету бөлімшесін, спорт алаңдарын ашу, әр түрлі үйірмелерді іске қосудың алғашқы дайындық жұмыстарынан басқа, ең бастысы педагогтарды іріктеу ісі алдымызда тұрды. Мұның бәрі де айтуға ғана оңай, ал іске асыру барысында көптеген қиыншылықтарды жеңуге тура келді. Сонымен Түркістан қаласындағы С. Ерубает атындағы мектеп-интернаттың ауған балаларына байланысты тарихы 1984 жылдың 7-қыркүйегінен басталады. Жергілікті партия, совет органдары жоғары жақтан келген жолдастармен ақылдаса келе, мектеп-интернатқа 186 мың сом қаржы бөліп, ол қаржыға екі ай мерзім ішінде мектеп-интернатты күнделікті жөндеуден өткізу жөнінде шешім қабылдады. Қаламсап пен оқулықтардан бастап жаңа типті мебельдер алу мәселесі де тез арада өз шешімін тапты. Жатақхана 440 оқушыға есептеліп салынған болатын. Оның ішінде 28 балалар ұйықтайтын, демалатын бөлмелерге қоса, сабаққа дайындалатын, бос уақытта ойын ойнайтын бөлмелерге дейін өте мұқият ойластырылды.

Ауғанстандық жетім балаларды әкеліп осында тәрбиелеу хабары шығысымен-ақ Шымкент, Ташкент, Алматы тәрізді үлкен қалалар мен Түркістанға жақын жатқан аудандардан балаларды өз қолдарына алып тәрбиелеуге өтініш жасаушылардың саны көп болды. Бұл да Совет халқының интернационалдық борыштарын адал атқаруға ұмтылған ізгі ниеттерінің бір көрінісі еді. Тағдыр тәлкегіне түсіп, қаршадайларынан аяулы ата-аналарынан айрылған сәбилерді көргенде еріксіз тебіренетініміз сөзсіз.

Иә, советтік патриотизмде шек жоқ. «Бір ойды бір ой жалғайды» дегендей, бүкілодақтық семинарға қатысу үшін біздің қаладан Душанбеге Т.Төлекбаев, Ұ.Рүстемова, Б.Сапарбекова, С.Варлашкина, А.Шарипбеков, І.Жақыпова, Г.Сабилов, А. Қорласбаев, Н.Спанова тәрізді педагогтармен



бірге дәрігер Ж. Әлмаханов қатысып қайтты. Мектеп-интернатты арнайы дайындықтан өткізу үшін бөлінген екі ай көзді ашып-жұмғанша өте шықты. 1984 жылдың 3 қарашасына қараған таңы да атып келе жатты. Бұл күн бүкіл Түркістандықтар үшін, оның ішінде әсіресе, С.Ерубаев атындағы мектеп-интернаттың коллективі үшін көптен қобалжытқан, алабұртып, асыға күткен таң еді. Күн жып-жылы. Ағаштардың сап-сары жапырақтары үзіліп түсіп, бірінен соң бірі әлдеқайда ұшып бара жатты. Әдетте кей жылдары қараша айы басталысымен күн суыта жөнелетін. Неге екені белгісіз биылғы күз шаруаға жайлы болды. Ал, көптен күткен жас қонақтарымыз келетін күн тіпті ерекше болды. Бәлкім, бұл тағдырдың қатал талқысына тым ерте түскен шет елдік қырмызы гүлдей жас өспірімдерге деген қонақжай көне Түркістан топырағының көрсеткен ең алғашқы мейірім шапағаты ма екен. Кім білсін. Солай да болар, бұл күні жұрттың бәрі мектеп ауласына ерте жиналды. Кеш жатып, ерте тұрса да, жүздерінен, көздерінен тек қуаныш, тіпті әлденеге қобалжу аңғарылғандай. Қаланың көрікті жерлеріне «Қош келдіңіздер, жас ауғандық достар» деген тәрізді әр түрлі қызылды-жасылды ұрандар еріксіз көз тартады. Күндізгі қарбалас сәттер де артта қалды. Кешкі сағат жеті. Мектеп-интернаттың ауласына жергілікті партия, совет қызметкерлері, Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлері, жергілікті жазушылар, ақындар, өнер коллективтері, қарапайым қала халқы алыстан ең бір жақын адамын күткендей жиналыпты. Аспанда адамзаттың достығын паш ететін әсем әндер бірінен соң бірі ақ қанатты көгершіндей қалықтайды. Осынау салтанатты рәсімге Қазақ ССР оқу министрінің орынбасары А.Қанафин, облыстық идеология саласының басшылары арнайы келіпті. Қалалық комсомол комитетінің жауапты қызметкерлері кезекте тұрған милиция сержантынан рация арқылы «Икарустар» коллонасы қай жерде келе жатқандығын жастыққа тән албырттықпен ынтыға сұрайды. Міне, сонымен көптен күткен ГАИ автомашинасы бастаған ауғандық жас достар мінген «Икарустар» колоннасы да көрінді-ау. Бір..., екі..., үш..., әлдекімдер икарустарды асыға санап жатты. Күтушілер лап қойды. Милиция қызметкерлері әрең-

әрең халықты тәртіпке шақыруда. Икарустан жиналғандарға жаутандай, үрке қарап түсіп жатқан бейкүнә балаларға қарап әлдекім шыдай алмай жылап жіберді. Арнайы алдын ала бөлінген тәрбиешілер балаларды ешкімге сездірместан ақырын санап жатыр. Олі Айнала қоршап тұрғандарға үрке қараған жетімдерге үйлерінен өздері дәмді етіп пісіріп алып келген самса, бауырсақ тәрізді түрлі тағамдарын ұсынып жатқан ақ жаулықты аналардың қолын қағуға ешкімнің батылы, дәті жетпеді. Балаларды санап алып жатқан тәрбиешілер мен ұстаздар жүздерінен әлденеге абыржып тұрғандықтарын аңғару қиын емес. Осында тәрбиеленетін балалардың саны екі жүз еді, қанша рет санаса да жүз тоқсан тоғыздан аспайды, яғни бір баланың саны кем.

Күтіп алушылар бір-біріне қарайды. Осы кезде мектептің оқу ісінің меңгерушісі Әбубәкір Раджабов соңғы икарусқа тез көтеріліп қарай бастады. Міне, қызық, кіп-кішкентай кара торы, ап-арық сүйкімді Рабия есімді қызды Әбубәкір көтеріп түсіп келе жатты. Жұрт лезде жадырады. Сөздері түсініксіз дабырасқан бейтаныс жұрттан жасқанған кішкентай Рабия орындық астына тығылып қалып, өзінің туған Шамали қаласына қайтып кеткісі келген. Онда оның үш ағасы, анасы, әкесі жерленген. Рабияны Совет солдаттары бейіт басынан жылап-жылап талықсып ұйықтап кеткен кезінде тауып алыпты. Иә, осынау балалардың жүзіне зер сала қараған адам олардың тым ерте есейіп кеткендігін, жүздерінде балалықтың белгісі де қалмағандығын аңғарар еді. Не болса соған сенімсіздікпен сақтана, үрке қарайды Сұм соғыс, кімдерге қасірет оғын атпадың сен. Кімдерге дүниеге келмей жатып қайғы сыйламадың. Қөңілім қобалжып, есіме соғысқа тұспа-тұс келген өзімнің балалық шағым оралды. Біреу аяушылық білдіріп басымыздан сипаса, көзіміз боталап шыға келетін. Бір тілім нан үшін таңның атысы мен күннің батысына қараған жоқпыз.

Әбден шаршаған, жүдеген, жадау көңілді осынау балаларды көрген сайын өзімнің әкесіз жоқшылықта өскен балалық шағым есіме оралады. Маған өзгелерден де бір табан осынау әкесіз балалар жақын секілді. Оны сөзбен жеткізу қиын. Сезіну, түсіну керек. Иә, сонымен ұзақ жолдан келген

жас қонақтарды педагогтар алдын ала арнайы дайындаған дастарқанға шақырды. Стол үстіндегі туралған нан мен конфеттерді көрісімен бассалып қойны-қоныштарына тыға қоюы жүрек сыздатарлық көрініс еді. Бұл көрініс тіпті бертінге дейін, нанның барлығына да, қанша жесе де жететіндігін сан рет қайталаған тәрбиешілердің, ұстаздардың сөздерінен кейін де қайталай беретіндігінің куәсі болдық. Түнде ұйқысырап сөйлеп шығу, ұйықтап жатып солқылдап жылау тәрізді оқиғалар күн сайын, түн сайын қайталанатын көрініс еді. Кім біледі, мынау дүниеге келмей жатып жауыздықтың сан түрін көріп үлгерген жас жеткіншектер алыстағы қанды оқиғаларды түстерінде көріп, шошып оянар, бәлкім. Кім біледі, бәрі де мүмкін. Алғашқы айлардағы, жылдардағы, қиыншылықтардың бірі балалардың тіл білмеуі, түсінбеуі болды. Қандай да жаңа бір бұйымды, мәселен, орындықты бір күнде бір бөлмеге бірнеше рет жаңалап ауыстыруға тура келді. Көзді ашып-жұмғанша сындырып тастау деген пісте шаққандай ғана жұмыс секілді. Сонан соңғы қиыншылық – тазалық сақтау мәселесі. Балалар бірінші күннен бастап кереуетте ұйықтауға бірден қарсы болды. Ақ жайманы күніне әлденеше рет ауыстыруға тура келді. Темір төсекке жатқызып, жарты сағаттан соң қайта соқсаңыз, барлық балалардың жерге жатқандығын көресіз. Ақ жаймаға көпке дейін үйренбей қойды. Олардың түсінігі бойынша ақ жайманы тек өлген адамдарды соңғы сапарға шығарып саларда ғана пайдаланатын көрінеді. Оны ауған тілінде кафан деп атайды екен. Бізге ауғандық тәрбиешілер Гаусиддин, Абдурайм, Рабанн, Васей, Ж. Амилин, Зиягүл, Заргунағар көп көмек көрсетті. Гаусиддин, Свайль, Насрулло тәрізді тәрбиешілер өзбек тілін білетін, ал Жамилия ауған, орыс тілдерінде түсініп сөйлей алатын. Міне, алғашқы айларда осы тәрбиешілер арқылы барлық тәрбиеленуші балалармен тілдесуге тура келді.

Педагогикалық коллективтің алдында ауған балаларын қалай оқыту керек деген үлкен проблема тұрды. Сабақта әр 35 минуттан соң үзіліс жасап отыруға, дәрігерлердің кеңесі бойынша, әбден жүдеген балаларды аз-аздан күніне алты реттен тамақтандыруға тура келді. Ауа райының ерекшелігі

де балаларға әсер етпей қоймады. Күніне 15-20 баланың ауруы, әсіресе көз ауыруына шалдығулары (конъюнктивом) көңілге көлеңке түсірмей қойған жоқ. Әсіресе, Хабиба Эсройльдің тағдыры бүкіл қаланы аяғынан тік тұрғызды: Хабиба қалаға келген соң 21 күн өткен соң жүрек ауруымен ауруханаға түсті. Ж.Әлмаханов тәрізді дәрігерлердің көмегі арқасында Хабиба қайтадан қатарға қосылды. Кейін Хабиба өнерпазшылардың белсенді мүшесі болды. Орыс, қазақ, өзбек, ауған тілдерінде тамылжыта ән салады. Қиыншылық бір ғана мұнымен біткен жоқ. 1984-85 оқу жылының соңында екі жүз баланың 34-і жүйке ауруына шалдыққаны анықталды. Сол отыз төрт баланың жиырма жетісі облыстық жүйке ауруларын емдейтін ауруханада ұзақ уақыт емделуге тиіс болды. Солай болды да. Мен осынау сырт көзге елеусіздеу көрінетін ұсақ-түйек оқиғаларды баяндауымның басты себебі, ешқандай жұмақ жағдай балаға ата-анасының орнын ауыстыра алмайтындығын айта кету. Балалардың жүйке ауруына шалдығуының басты себебі сол, кішкентайынан өлім көріп, көз алдарында ет-бауыр жақыны қайтпас сапарға аттанып жатуы бала жүйкесіне үлкен салмақ түсірген. Тәрбиеленуші екі жүз баланың жүз жетпіс сегізінің әкесі, елу алты сәбидің анасы болмады. Ал елу алты баланың не әкесі, не шешесі, не жақын туыстары жоқ. Қалған он бес баланың ғана ата-анасы бар, олардың бірі майданда, ал енді бірі ауыр жараланып соғыс госпитальдарында жатқан көрінеді. Өмірге келмей жатып тағдыр талқысына түскен кішкентай адамдардың әр қайсысы бір-бір үлкен романға жүк боларлықтай бейнет көрген. Сондықтан да әсіресе алғашқы айларда, алғашқы жылдарда тәрбиешілер мен педагогтерімізге ауыр болғандығын жасыра алмаймыз. Алайда, коммунистік интернационалдық тұрғыда тәлім-тәрбие алып өскен педагогтеріміз бен тәрбиешілеріміз, бүкіл мектеп-интернат коллективі өздері тек қала, облыс қана емес, бүкіл республиканың намысын қорғау керек екендігін асқан сезімталдықпен түсінді. Абайсызда айтқан әрбір артық сөз, қимыл, тіпті көзқарас кішкентай қонақтардың жанына жазылмас жара салатындығын жақсы білді.

1987-88 оқу жылында мектеп-интернатты бірінші бітірушілермен қоштасу кеші өтті. Бес-алты жасынан қолдарында болған тағдыры ауыр шет елдік осынау балалармен қоштасу мектеп педагогикалық коллективі үшін ауырлау болды. Әр қайсының әрбір қылығы, мінезі тәрбиешілердің көз алдарында тұр. Қазіргі таңда ауғандық жас өнерпаздардың ұйымдастырумен құрылған «Достық» ән-би ансамблі облыстан тысқары жерлерге де белгілі бола бастады. Қаламыздағы айтулы мерекелердің басты қонағы да «Достық» ән-би ансамблі екендігін мақтаныш сезіммен еске аламыз. Жас өнерпаздар Алматы, Ташкент қалалары мен Эстонияда творчестволық сапармен болып қайтты.

Мектеп-интернаттың директоры А.Н.Елижевский басқарған А.Раджабов, З. Изатуллаева, Ұ. Рүстемова, Г.Сапарбекова, Р.Абдрахманова, Г.Сабилов, С.В.Федюканова, О.Н.Замалова тәрізді көптеген тәжірибелі ұстаздар бір кісідей еңбек етуде. Олар кешегі шәкірттерінен толассыз хат алып тұрады.

БЛКЖО-ның XX съезінде сөйлеген сөзінде ауғандық патриот Фарида Маздақ былай деген еді:

– Осыдан тоғыз жыл бұрын революцияның тағдыры шешілер сәтте совет халқы достық қолын созды. Мен бүгін осы залдан ауған халқының тәуелсіздігі үшін ұрыстан қан төккен Совет жауынгерлерін, өзімнің бауырларымды көріп отырмын. Ауған жерінен Совет-ауған достығының белгісіндей болып, жаңа типті ауруханалар, мектептер, әр түрлі өнеркәсіп орындары көз тартады. Менің халқымның тәуелсіздігі үшін қаза тапқан Совет жауынгерлері біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Фарида Маздақтың іні-қарындастары өздерін күткен нұрлы болашаққа үлкен дайындықты Қазақстанның тарихи қалаларының бірі Түркістанда осылай бастаған еді. Мен үшін мектеп-интернаттың ішкі өмірімен терең танысу ең негізгі істерімнің бірі болды. Орыс тілі пәнінің оқытушысынан ауғандық оқушылардың жазған шағын шығармаларын арнайы сұрап алып оқығанымда үлкен ойға батқан едім. Әрбір жолынан жас жүректердің ыстық лүпілі бала махаббаты, туған жерге, елге деген сәби сағынышы төгіліп тұрды. Бірен-саран шығармалардан үзінділер келтіре кетуді жөн көрдік.

«...Менің атым Ажимамад, – деп жазады бесінші класс оқушысы. – Келешекте дәрігер болуды армандаймын. Менің көз алдымда інім, ағам қайтыс болды. Адамдар неге өледі? Адамдарды өлтірмейтін дәрілер тапқым келеді...». Ал мына бір оқушы шығармасына көңіл аударайықшы: «Мен Ауғанстаннан келдім. Менің атым Ааджиба. Мен солдат болғым келеді. Өзімнің туған жерімді қорғағым келеді...».

«...Менің атым Мажуба. Мен Совет одағына Ауғанстаннан келдім. Қазір Түркістан қаласындағы С.Ерубаяев атындағы мектеп-интернаттың 5-ші класында оқимын, мектеп бітірген соң медициналық институтқа оқуға түсемін. Мен жер бетінде ізгі жүректі бірде-бір адамның ауырмауы үшін, керемет бір дәрі жасағым келеді...».

Иә, осынау оқушы балалардың шағын шығармаларынан көп нәрсе аңғаруға болады. Сонымен бірге олар ауғанистандық батыр пионерлердің есімін ешқашан ұмытпайды. Бір кездесуде оқушылар ауғандық батыр пионер Исмадулло жайлы жарыса айтып берген еді. Қысқаша былай. Дұшмандар Исмадуллодан қатты сескенеді екен. Сондықтан да жаулар оның тірі жүргенін қаламаған. Бірде Исмадулло тұратын үйдің терезесін біреу ақырын қағыпты.

– Кім бұл? – деп сұрайды Исмадулло.

– Мені Ахмет ұстазың жіберді. Саған кітап беріп жіберді, – дейді бет-аузын сақал-мұрты түгел жапқан бейтаныс адам күле сөйлеп. Исмадулло ойланып қалады. Өйткені ол Ахмет ұстазынан өте қызықты, құнды кітаптарды өзі барып алып тұратын. Ал, бұл жолы неге бейтаныс адамнан беріп жіберді екен деп ойлайды. Бірақ көп кідірген жоқ. Бала есікті ашты. Бейтаныс кітапты Исмадуллоға тез ұстаға салып, жалт бұрылып жоқ болды. Арада екі-үш минут өтпей-ақ бала қолындағы кітап қатты жарылды. Кітап арасына пластикалық мина салынған еді. Міне, ауғанстандық батыр пионер Исмадулло осылай қаза тапты.

Бұл бір ғана оқиға. Ал бұндай жантүршігерлік оқиғалардың қаншасын айтуға болады. СССР халық депутаттарының съезінде, М.С.Горбачев Ауған соғысының мүгедектеріне, оған барлық қатысушыларға барынша сергек қарау қажет екені туралы нақты пікірлер білдірді. Қайғының үлкен-

кішісі болмайды. Оның ішінде күнәсіз балауса балалар қайғысына сергектік, асқан нәзіктік пен мейрімділік аса қажет. Халқымыздың аяулы перзенті, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының тұңғыш лауреаты Саттар Ерубәев атындағы Түркістан қаласының ортасына орналасқан, ауғаныстандық балалар тәрбиеленіп жатқан мектеп-интернаттың педагогикалық коллективі, жергілікті партия, совет органдарының басшылығымен бірге игілікті жұмыстарын абыроймен атқаруда. Түркістан қаласының тұрғындарына күніге келетін бірнеше мың хаттардың арасында өздерінің сүйікті мектептеріне, аяулы ұстаздары мен тәрбиешілеріне арналған ауғаныстандық кешегі шәкірттердің де хаттары бар. Біздің алдымызда да осындай сағыныш хаттардың бірнеше жүзі жатыр. Әр хат өзінше сыр шертеді. Өздерінің екінші Отандарына айналған тарихи Түркістан қаласына, оның тұрғындарына, достарына жазылған хаттар. Мектепті бітіріп, өмірден өз жолдарын тапқан кешегі шәкірттер қазіргі таңдағы мектепте тәрбиеленіп жатқан жерлестеріне ақыл-кеңес айтып жазады. Олар кешегі тәрбиешілерін «қымбатты менің маматайым» деп атайды. Қалай жазса да жарасады.

Хаттар... хаттар.

Ақ қанат хаттар ешқашан толастамайды. Өйткені ол жүрек лүпілі, көз жасы. Өйткені олар жай хаттар емес, тағдыр еріксіз табыстырған жүректердің тілдесуі.

## ОТАНДЫ СҮЮ ДЕГЕН ОҢАЙ СЕЗІМ ЕМЕС

Қазақтың талантты ақыны Мұқағали Мақатаевтың қанатты өлеңдері бұл күндері халқымыздың рухани қазынасына айналған сырлы сезімге, терең мазмұнға, патриоттық өршіл рухқа бай шырайлы жырлар. Оның «Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген» деп басталатын өлеңнің шумақтарын әркез есіме алып жүремін. Міне, Ұлы Қазан социалистік революциясының айбынды жеңісіне 73 жыл толған бүгінгі мереке күні де аталған өлеңдегі жыр жолдары ойымды тербейді...

*«Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген,*

Не тындырдың, «басымды иемменен?»  
 Оңай сөз зой, құрбым-ау, оңай сөз зой,  
 «Отан үшін өлемін, күйем» деген...  
 Самалы боп Отанның, салқындаған,  
 Сандуғаш боп, сайратсын алтын далаң.  
 Семсері бол Отанның қынабында,  
 Сертке ұстаса, селт етпей жалтылдаған.  
 Шетсіз, шексіз, қиырсыз ұлы дала,  
 Шуақ болмай, шашылмай жылына ма?  
 Сүй Отанды  
 Шыныңмен сүйіп өт те,

Гүл боп қадал, ойына, қырына да...» – деп келетін ақын жырындағыдай, адамзат үшін Отаннан ыстық не бар?! Ұлы Қазан социалистік революциясының тарихи жеңісі нәтижесінде дүниеге келген көп ұлтты еліміз бен кең байтақ жеріміз ССРО – біздің Отанымыз! Барша совет халқының мәңгілік тұрағы, алтын бесігі. Ал енді Ұлы Қазан жеңісі күні – 7 қарашаны бүкіл отандастарымыз жыл сайын асыға күтер, тағатсыздана тосар қастерлі мереке. Ол ондаған жылдар бойына салтанатпен тойланып келеді. Ал енді бұл күндері Отанымыздың жүрегі Москвада, батыр қалалар мен республика астаналарында өткізіліп жүрген әскери парад-шеруі мақтан үшін емес, бейбітшілік сүйгіш еліміздің қорғаныс қабілетін халқымызға, әлем жұртшылығына көрсету, тосыннан ел шетіне жау емес, оған қарсы тұратын қандай қару-жарақтың бар екендігін таныстыру, бір жағы осынау 1917 жылы болған қарулы көтеріліске қолданылған қарулармен салыстырғанда бүгінгі қорғаныс құралдарының қандай дәрежеде екендігін байқату мақсатынан туындап отырды. Алайда, осыдан біраз бұрын Москва мен Ленинград қалаларының қалалық Советтері Москвада әскери парад өткізбеу жөнінде мәселе көтерді. Әділін айту керек, бүкіл елімізді былай қойғанда, бұл түркістандықтар тарапынан да реніш тудырды. Сол күндері қалалық партия комитетіне келген соғыс және еңбек ардагерлері, қатардағы қала тұрғындары бұл ұсынысқа ашу-ызасын білдірді. Сондықтан барша жұрт ССРО Президенті М.С.Горбачев жолдастың Москвада әскери парадтың өткізілетіндігі жөніндегі



жарлығына шын жүректен қуанды. Біз де осындай ризалық сезімде болдық...

Міне, бұл сол мереке шеруі! Егер артта қалған осынау 73 жыл белестеріне ой көзін жіберсек, кең байтақ Отанымыздағыны айтпағанда, республикамызда, қала берді облысымыз бен Түркістан өңірінде де айта қаларлықтай оқиғалар аз болған жоқ. Барша аймақ қайта түледі. Жеке басқа табынушылық пен тоқырау жылдарының кері зардаптарына қарамастан, дала да, қала да танымастай өзгерді емес пе? Халқымыз коллективтендіру, индустрияландыру, Ұлы Отан соғысы мен халық шаруашылығын қалпына келтіру, тағы басқа алуан түрлі сындарда сыр бермей, Ұлы Қазан социалистік революциясының жеңісін жалғастырып келеді. Міне, партиямыздың 1985 жылдан басталған қайта құру бағыты елді күрделі асуларға, мәртебесі биік болашаққа мегзеуде. Алғашында халық ұғымына тосын бұл сөздің мән-мағынасы жалпыға бірте-бірте ұғынықты болып, қоғамдық сана мен халық шаруашылығын, социалистік құрылысты түбірімен өзгерту проблемалары барған сайын күрделене түсуде. Көшелері ғана айтыла бастаған ішкі шаруашылық есеп, өзін-өзі қаржыландыру, арендалық қатынас, тағы басқалар енді экономикалық дамудың келесі сатысы – нарықтық экономикаға ұласып отыр. Жуырда болып өткен қалалық Советтің сессиясында оған көшудің міндеттері жан-жақты сөз етілді, арнайы бағдарлама қабылданды.

Иә, бұл күндері он екінші бесжылдық тапсырмаларын толық жүзеге асыру әрекеттері онан әрі жалғасын табуда. Демократияландыру және жариялылық тереңдей түскен соңғы жылдарда қаладағы еңбек коллективтерінде ұйымдастырушылық және саяси жұмыстар жалпықалалық «Тұрғын үй – 91», «Кіші азық-түлік», «Халық тұтынатын товарлар», «Денсаулық», тағы басқа әлеуметтік бағдарламаларды атқару міндеттерімен қосарлана жүргізіліп келді. Бұл жұмыс негізінен Қазақ ССР Министрлер Советі президиумының қаламыз жөнінде арнайы қабылдаған қаулысына сәйкес және «Өзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдениет архитектуралық қорығын онан әрі жабдықтау, жасау шараларымен бірге іске асырылады. Сөйтіп бұл бағыттағы жұ-

мыстарды атқару барысында бесжылдықта қалада жалпы көлемі 105 мың шаршы метрлік 1623 пәтер пайдалануға берілді. Тәулігіне 320 ауруды қабылдай алатын 3 емхана ашылып, мектеп салынды, екі мектеп жанында қосымша құрылыстар жүргізіліп, жаңадан класс бөлмелері жасалды. Сондай-ақ, 800 орындық балабақша, 70 орындық монша, 8800 орындық үш стадион, 19 спорт алаңы, кәсіпорындарда 9 емдеу-сауықтыру орталықтары пайдалануға берілді. Бұған қоса 4,5 мың шаршы метр сауда жайлары, 800 орындық қоғамдық тамақтандыру орындары, 1990 тонналық көкөніс қоймасы, 1690 шаршы метрлік теплица, 3,0 мың нүктелік автоматты телефон станциясы, 17,5 километрлік су құбырлары, 23 километрлік канализациялық жүйелер, 13 километр кабельдік электр жүйелері іске қосылды.

Қала тұрғындарының қосалқы шаруашылықтарында 315 тонна ет, 153 тонна сүт өндірілді. 40 миллион сомның халық тұтынатын товарлары шығарылды. Әділін айту керек, осынау игілікті жайлар оңайлықпен дайындалған жоқ. Қалалық партия, совет атқару комитеттері, кәсіпорындар басшылары мен мамандары бұл орайда қыруар ұйымдастырушылық жұмыстарын жүзеге асырды. Жекелеген еңбек озаттары көпке үлгі болды. Түркістандықтарға қазір «Ремстройдормаш» заводынан Шаяхмет Байкенжеевтің, 194-құрылыс-монтаж поезынан Виктор Ждановтың, технологиялық жабдықтар заводынан Яков Манушаридидың, локомотив депосынан Берістем Мақұлбековтің, жөндеу-механика заводынан Мұхаббат Хайтбаеваның, тағы басқалардың есімдері жақсы таныс.

Өткен жылдың соңында барлық облыс пен қала, ауданда басқарудың жаңа құрылымы жасалғаны белгілі. Партия мен Советтердің, сондай-ақ шаруашылық органдары қызметінің аражігі ажыратылған болатын. Осыған орай қалада құрамында 85 депутат бар қалалық Совет құрылғанды. Бірінші сессияда Советтің президиумы және 6 тұрақты комиссиясы ұйымдастырылып, атқару комитеті, оның бөлімдері мен басқармасы қайта құрылған еді. Сөйтіп, Советтерді халықтық басқарудың органы етудің лениндік идеясы іске асты.

Сонан бері алда тұрған барлық міндет тұрақты комиссиялар мен депутаттық топтарға жүктеліп, олардың

белсенділігін арттыра түсуге күш салынауда. Советтер тұрғын үй құрылысын жеделдетуге, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық құрылыстарды шапшаң да сапалы тұрғызуға басшылық жасаумен бірге қала тұрғындарына қабылданған маңызды документтерді түсіндіруге де күш салуда. Сондай-ақ, қосалқы шаруашылықты дамытуға, кооперативтік және комиссиялық сауданы реттестіруге ықпал ете бастады. Халық тұтынатын товарларды шығаруға, тұрмыстық қызметті жақсартуға, адамдар денсаулығын қорғау, тағы басқа маңызды салаларды назардан шығармауда. Ең бастысы – ондаған жылдар бойына қалыптасқан әкімшілік, жоғарыдан нұсқау беру арқылы басқару әдісі жайыла бастады. Бұл енді енгізілгелі тұрған нарықтық экономика жүйесінде де аса қажет шарт. Себебі, нарықтық экономика кезінде өндіріс тағдырын тек коллективтің өздері ғана шешеді.

Иә, нарықтық экономикаға өту барысында қалалық совет пен оның атқару комитеті, партия және қоғамдық ұйымдар, еңбек коллективтері үлкен дайындық жұмыстарын жасауы қажет болып отыр. Бұл ретте жергілікті өзін-өзі басқарудың жағдайын анықтау, толық дербестіліктің қалыптастырылуы, коллективтегі қоғамдық меншікке енді өз мүлкіндей қарау психологиясын орнықтыру, экономиканы қаражат жағынан нығайту механизмін жасау, барлық шаруашылық есептегі кәсіпорын мен мекемелердің жұмыс тиімділігін талдау қажеттілігі тууда. Арендалық негіздегі кәсіпорындар, кооперативтер, ассоциациялар ұйымдастырылды. Ал енді әрбір жылды зиянмен аяқтайтын кәсіпорындарды арендаға, акционерлерге беру немесе сағу қажеттілігі де кезек күттірмейтін міндеттердің біріне айналып отыр. Совет территориясындағы барлық кәсіпорындар қаржысынан жергілікті қаржы қоры (бюджет) жасалмақ, тағы басқа ұйымдастыру шаралары іске асырылмақ. Алайда, нарықтық экономикаға өтер қарсаңда кейбір проблемалар да ойландырады. Мәселен, қаламыздағы құрылыс бөлшектері және конструкциялары комбинатына өткен тоғыз айда Амур өзені бойындағы Комсомольск қаласынан келісім шарттағы 222 тонна металл кем жөнелтілді. Сондай-ақ, жөндеу-механика заводына «Запорожсталь» металлургиялық комбинатынан 147 тонна бо-

лат ленталар аз беріліп, «ет беріндер...» деген талап қойса, Рига компрессор заводы бүйректен сирақ шығарып, жөнелтуге тиіс заты үшін тек валюта төлеуді қажет деп табуда. Мұның өзі одақтық шарт жасасу қарсаңында мұндай бетімен кетушілікке тыйым салатын арнайы Заңның шығарылуы қажет екенін көрсетуде.

Міне, түркістандықтар мен қалалық советті осындай проблемалар да толғандыруда. Қалалық советтің әрбір мүшесі уақыт алға қойып отырған міндеттерді зерттеп, сан алуан іс-шараларды жүзеге асыруда. Жоғарыда аңғарылғандай, қайта құруды онан әрі нығайта түсу әрекеттері жан-жақты қарастырылуда. Әрине, бұл орайда олқылықтар да аз емес, алайда депутаттар мен коммунистер, депутаттық топтар мен тұрақты комиссиялар іскерліктері арттырыла түсуде. Ежелгі Түркістанда нарықтық экономиканы енгізуде, қаланың әлеуметтік жағдайын жақсарту түсуде, барлық күш-мүмкіндік жұмылдырылмақ. Бұған қаладағы әрбір еңбеккер, әрбір тұрғын лайықты үлес қосуы тиіс. Өйткені, ендігі жерде Москваға үміт арту, жаңадан егемендікке қолы жеткен республикаға жалтақтау қиыншылықтан құтқармайды. Ендігі іс-қимыл да Ұлы Қазан социалистік революциясынан соңғы жылдардағыдай барынша сындарлы. Тоқыраудың сенін бұзып, қайта құрудың қиын да жауапты асуларына бет алған совет халқы сапында түркістандықтар да уақыт сынын қайыспай көтеретініне сенім мол. Бұл сын да барша совет халқына ортақ. Туған жерін, елін сүйер әрбір азамат, патриот қазіргі уақытта қиындықты жеңе отырып, нарықтық экономиканың мақсатын түсінуге, түсініп алып оны қалыптастыруға нақты үлес қосулары тиіс. Уақыт осыны талап етуде. Ал жеңімпаздық – Ұлы Қазан социалистік революциясының жеңісін қамтамасыз еткен ата ұрпақ, аға ұрпақ өкілдерінен қалған заңды үрдіс...

*1990 ж., қараша айы.*

## АНА ТАҒДЫРЫ – ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ

**Х**алқымыз «Алып анадан туады», – деген нақылды бекерге айтпаса керек. Сол аналар қадірі, әйел тағдыры бүгінгі жаңарған, дамыған, кемелденген қоғамымызда қай дәрежеде?! Бұл жерде біз осы өзекжарды проблемаға процент немесе цифрмен өлшем жасап қарай салмай, адамгершілікпен, көңіл көзімен қарар болсақ, үлкен түйіндердің шешуін күтіп жатқаны даусыз.

Қаламызда 80 мың халық бар екен. Олардың бәрі де бала болып, ананың ақ сүтімен қоректенгені даусыз. Осы өз қаламыздағы зор биіктерге көтеріліп, үлгілі ана, аяулы жар, танымал жұмысшы атанған абыройлы әйел жолдастарымыз аз емес.

Мына бір дерекке назар аударып көрелікші. Социологтардың айтуынша, бұл күндері ер адамдардың апталық жұмыс сағаты (жұмыс орнында және үйде) 50 сағат ал, әйел жолдастардікі 80 сағат екен. Қолы күстеніп, үсті май-май болып, заводта, құрылыста, өндіріс орнында жүрген әйелдердің еңбегін мадақтап, табыс тасқынын үдеткені үшін көкке көтеріміз. Ал, олардың тұрмыс жағдайына, рухани жан дүниесіне үңіліп, көңіл бөлеміз бе? Әңгімемді де осы тұрғыда өрбітпекпін. Қоғамымыздың қайта құру процесі қанат жайған шақта әйел-ана өмірі де жаңаруды, өз жағдайын түзеу проблемаларын жүзеге асыруды қажет етеді. Бұл әлеуметтік проблемалардың ең негізгі түйінінің бірі. Табиғат жүктеген негізгі міндетке келсек, әйел үшін өмірдегі парызы – ана болу, семья бірлігін үйлестіру, ұрпақ өсіру. Міне, сондықтан да әйел-ана проблемасына ерекше қарау – ер азамат, қала берді басшылардың ең бірінші парызы дер едім.

Көп ана 70 сом үшін кәсіпорында, мектепте, клубта тағы басқа орындарда еден жуады. Қолын суық суға малып, 3-4 сағат, кей жерде 10-12 сағат (әсіресе мектепте) жұмыс істейді. Оның үйде кемі 2-3, көбінің 8-10 баласы бар. Бір заводта 12 балалы ананың жұмысшы болып еңбек ететінін көргем. Ол кісі түнгі кезекте жұмыс жасайды. Біздің қоғамымыз қайта құру дабылымен өз көшін түзей бастады. Бірақ осы жерде әйел еңбегіне адамгершілік тұрғыдан қарайықшы?! Бізде

көбінше жұмыс дегенді жоспар деп ұғамыз. Сол жоспарды орындауға жұмыс орнындағы жас жігіт те, 12 балалы ана да міндетті. Неге? СССР Конституциясының 35-статьясында совет әйелдерінің ерлермен экономикалық, саяси және әлеуметтік тең праволылығы атап көрсетілген. Еліміздегі әйелдердің 60 проценті дипломы бар маман. Халық шаруашылығында 97 процент әйел адам еңбек етеді. Ендеше, осы еңбеккер әйелдердің правосы тұрмыстық, рухани, моральдық жағынан зерттеліп, жүйеге келтіріліп, заң жүзінде қорғалса, әйел өз теңдігіне сонда ғана толық қол жеткізді дер едік.

Қозғай берсек өз алдына шешімін күткен проблема көп. Соның бірі – тастанды сәбилер тағдыры. Соңғы кездердегі дерекке жүгінсек, республикадағы тастанды балалардың 60-70 проценті қазақ сәбилері екен. Әрине, мұның өзі ұлттық-әлеуметтік дерт. Қалалық перзентханаға 1988-89 жылында алты қыз бала өз перзенттерін тастап кеткен. Және олар өз колхатын беріп, туған сәбиінен еркімен бас тартқан. Бұл сәбилердің барлығы Қалалық атқару комитеті арқылы асырап алушылардың қамқорлығына өтті. Бір ескеретін жағдай, осы алты «қыз-ананың» бәрі де Түркістан қаласының тұрғындары емес. Көкшетаудан, Жетісайдан, Балтақөл, Жанақорған сияқты сырт жерден келушілер. Бұл өз кемшілігіміз. Халық бойына соңғы кезде жұққан дерт. Ол дерттен дер кезінде айықпасақ болмайды!

Қаламызда көп балалы 1972 ана тұрады екен. 150-ге жуық жалғыз басты аналар бар. Осы 1972 ананың 30-40-қа жуығы 12-15 бала тәрбиелеп отырған ардақты аналар. Бұлардың тең жартысы ерлермен бірдей 8 сағат жұмыс істейді. Енді бұларға қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінен берілетін жәрдем ақша көлеміне назар аударайықшы, 9-10-шы балаға бір рет 175 сом, ал ай сайын 12 сом 50 тиын төленеді.

Ал, 11-ші балаға 250 сом жәрдем ақша бір рет беріліп, ай сайын 15 сом төленеді. 7-8-ші балаға 125 сом жәрдем ақша берілсе, айына 10 сом төленеді. Енді төрт балаға 65 сом жәрдем ақшаға қоса ай сайын 4 сом беріледі екен. Осы жерде әйелдерге көмек ақша көлемін ұлғайту мәселесінің тезірек шешілуі де орынды. Анаға сәби 1,5 жасқа толғанша төленетін 35 сомды 50 сомға жеткізу сөз жүзінде айтылып келеді.

Таяуда қалалық партия комитетінің үлкен мәжіліс залында Кентау және Түркістан қалалары мен ауданындағы әйелдер советінің председателдері мен орынбасарлары, өзге де партия, совет органдарында еңбек ететін қызметкерлердің алдында республикамыздың бетке тұтар, мандай алды қыздарын – Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутаттыққа кандидаттарды бастап келген Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары, республикалық әйелдер советінің председателі Қ.Өмірбаева кездесу өткізді. Осы отырыста республикадағы әйелдердің жалпы жағдайымен, кандидаттардың қызметімен және платформасымен қысқаша таныстырып өтті.

Қасиетті жерімізге жарты күн қонақ бола аялдаған бұл топ құрамында Қызылорда облысы, Қазалы ауданының айтулы күрішшісі А.Алдажарова, Шымкент облыстық кәсіподақтар советінің секретары, облыстық әйелдер советінің председателі Р.Ахметова, Семей медициналық институтының оқытушысы, медицина ғылымының докторы Р.Жангелова, Қазақтың акушерлік-гинекологиялық ғылыми-зерттеу институтының директоры, медицина ғылымының докторы Н.Каюпова, Павлодар гидрометаллургиялық алюминий заводының аппаратшысы В.Садулова, Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Г.Өрмүрзина, сонымен бірге халқымыздың ақыны, орыс қызы Надежда Лушниковалар болып сөз алды. Олардың бәрі де әйел тағдырына байланысты проблемалар қозғады. Әйел-ана тағдыры мен проблемасын, мұң-мұқтажын, талап-тілегін терең зерттеу мақсатында келген қонақтар берілген сауалдарға жауап қайтарды.

Әрине, әйел проблемасын көтеріп, бұған көпшілік назарын аудару өте орынды. Осы кісілер тоқталған проблемалар қай адамды да ойландырады даусыз. Өз туған қаламызда 240-тан аса батыр ана бар екен. Көп балалы анаға кәсіпорын, мекеме, ұйым басшылары ерекше қарап, оларға жағдай жасап отыру керегін білсек те, кейде оған көбіміз көңіл бөле бермейтінімізді де жасыруға болмайды.

Жалпы алғанда, қаламызда тек аналар төңірегінде қаралатын проблемалар жиынтығы бір төбе екен. Істі неден бастау керек деп көп ойланбай, бастап жібергеннің өзі орынды. Ол үшін кәсіпорын, мекеме басшыларына әйел-аналардың жағда-

йын ойлап, олардың ісімен шұғылданып отыруға ерекше көңіл бөлу қажеттігін түсіндіру біздің адамгершілік парызымыз.

Біздің қоғамда формализммен бүркемеленіп келе жатқан іс көп. Соның бірі соңғы бірер жылда құрылған (рес-публикамыз бойынша) әйелдер советтері. Бұл советтердің бәрін де формализмнен босатып, нақты жұмысқа көшірген абзал. Бұл мәселе тек бір қалада ғана жүзеге асар іс емес. Ол күрделі, күретамырлы іс. Біз айтқан, көтерген проблеманың бәрі де, мемлекеттік көлемде жүзеге асар мәселе. Совет әйелінің теңдікке түгел қолы жетті. Біздің қазақ әйелдері де сол теңдіктің жемісін нақты шындық көлемінде көруге тиісті. Ол үшін әйел-аналарымыз өздері тарапынан белсенділік танытса демекпіз. Сонда ғана қаламызда өткен кездесуде айтылған, бүкіл әйелдер тілегі қажырлы шаралар арқылы жүзеге асар еді.

*1990 ж.*

## ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТУЫСТЫҚ

**Б**иылғы жылдың сәуір айында қаламыздағы өзбек мәдени орталығының құрылтай жиналысы болып өтті. Биік мінбеден майда, жанды жадырата желпіген самал желдей жұмсақ сөздер айтылып жатты.

Иә, екі ел арасындағы тамыры терең туыстық еменнің қос бұтағындай биіктеп, жұптаса иіледі. Қанымыз бен жанымыз қосылған Түркістандықтар бір кісінің баласындай болып кеткенін кім білмейді. Мен салиқалы сөзге құлақ түре отырып осыны ойладым. Бізге киелі мекенде тұратын, қандас ағайындар дән риза. Оның да себебі бар. Өз аузындағы асын өзгеге, қонағына тосын, өзі аш-жалаңаш отыра беретін халықпыз ғой. Оның есесіне, өзімізге қажет болса да, қалада соңғы тұрғызылған 1200 орындық мектеп үйін орыс және өзбек ұл-қыздарының білім алуына бөлдік.

Оған қоса Навои атындағы өзбек орта мектебіне жаңа ғимарат салынуда. Олар осы оқу жылында зәулім де, кең клас-та оқитын болады. Бауырлас ағайындарға бұдан өзге нендей қамқорлық қажет?



Міне, ашылғалы отырған өзбек орталығы да, осы көңілдің ақ шуағының арқасында шаңырақ көтергелі отыр. Осы ойларды зерделей отырып, жадыма өткен жылғы бір дүбірлі кездесу оралды. Тарихтың тереңінен тамыр алған екі ел арасындағы бауырмал туыстықтың соңғы жылдары қаймағына «күшік» тиіп, тоқырау салқыны жылы көңілді сәл ғана суытқаны бар. Осы салқын лепті күн нұрындай жылыту мақсатымен екі елдің игі жақсылары, сарабал суреткерлері келген болатын. Ол кезде де осы клубта дүркіреген кездесу өтіп жатты. Адыл Якубов, Насыр Фазылов бастаған Өзбекстан ақын-жазушылары мен Сайын Мұратбеков бастаған Қазақстандықтар жыр мен сырдың тығынын ағытқан бір кез болатын.

Тілді үйірген тәтті де, кермек дәмді жыр жолдары ағытылды. Шындығын айтсақ, достық құшағы ежелден қауышқан екі ел саңлақтары бұл кешті де дүрілдете жөнелді. Сонау бір қиын кезеңде Хамза Хақимзаде Түркістанда біраз болып, бала оқыту жұмысымен шұғылданған. Қоқанда, Ташкентте үстем тап иелері, қожа модалар тарапынан қудаланған Хамза, Түркістан тұрғыны Сайд Нәсір Миржамил ұлының хат жазып беруімен оның балаларының үйінде тұрады. Сайд Нәсір балаларына музыка мен әннен сабақ беріп, олардың өнерге деген ықыласын арттырады. Әрі творчестволық жұмыспен де шұғылданып, өлең, драмалық шығармалар жазады. Ол жайлы Зарифа Сайдынәсірова «Хамза аға таң қылаң бергенше жұмыс істесе керек, таңертең стол үстінде өлең, пьеса жазылған қағаздар жататын», – дейді. Ол кісі Түркістанда болған кездерінде Октябрь революциясы үшін болған күреске қатысып, халықты көтеріліске бастайды.

Шындығында да Хамзаның туысқан халықтар елінде болып, бала оқытуы, онда өнерлі жастарды жиып, оларға көркем өнердің әсем сырларын ұғындыруы, сондай-ақ туысқан халық қаламгерлерімен болған достық қатынастары бүгінгі ұрпаққа үлкен шежіре емес пе. Сол кездегі кездесуде мен мінбеде тұрып, осы ойларды қозғап едім. Кездесуден соң біз қаладағы бір үйде болдық. Сол кезде достық жайлы талай-талай әңгімелердің тиегі ағытылып еді-ау. Сол жерге қазақтың киіз үйі тігіліп, өзбек ағайындарға сабадан сапырылған ашқылтым қымыз құйылып еді. Сол кеште қазақстандық-

тарды бастап келген жазушы Сайын Мұратбеков мынадай бір әңгімені айтқан болатын.

– Бірде Сәбит Мұқанов бастаған Қазақстан жазушылары Түркмениядағы онкүндіктен қайтып келе жатады. Ташкентке дейін бір самолетке мінеді. Арғы жағына екінші самолетке міну керек. Билет алған соң, Сәбең бастаған суреткерлер өзбек ағайындардың үйінде қонақта болады. Самолет ұшар кез жақындаған соң, аэропортқа асыға жетеді. Мына қырсықты қараңыз. Ауа райының шөлкестігі Алматыға ұшатын әуе лайнерінің аяғын 6-7 сағатқа тұсап тастамасы бар емес пе?! Енді не істеулері керек? Бәрі жолбасшысына қарайды. Қысылатын Сәбең бе. Ғафур досына телефон шалсын. Осылай да, осылай... Обалы не керек, арыстай елдің бір азаматы, әрі жан досы телефондасқан соң, жаны қалсын ба, сүт пісірім уақыт өтпей Ғафур Гулям жетіп келеді. Жанында екі жігіт. Екі жігіттің қолында өрік-мейіз толтырылған дорба. Мұны Сафаған (Сафуан Шаймерденовты айтады. Н. Б.) айтып еді, – деп Сайын бізге қызықты етіп әңгімелеп берді. Біз күліп жатырмыз. Бір жағынан осындай достықтың даңғыл жолын салып кеткен кемеңгер ағаларға іштей сүйсініп те отырмыз.

– Бір парақтың екі беті секілді екі туыс халықтың – қазақ, өзбек халықтарының өкілдері екі ел арасында бұзылмас көпір салып кеткен екен. Ал біздің тарихи қаламыз Түркістанда 33 ұлттың өкілі өмір сүреді. Тарихтың тереңінен сыр тартып жатқан қасиетті шаһардың бүгінгі келбеті мен кешегі сәулетін көркейту үшін еңбектеніп жатқан бұл халықтар ежелден дос. Сол кісілердің ізгі жолын жалғастыруға бейілді, – дедім мен.

– О, не дегенің, Нүридин, – деді Насыр Фазылов. – Мен сіздерге бір тарихи дерек айтайын. 1923 жылы Хамза Хожейлі мектеп-интернатына Хиуадан 66 әдеби, тәрбиелік мәні бар кітаптарды әдейі алдырады. Олардың ішінде 20 драматургиялық шығарма болады. Соның бірі Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы болады. Бұл бір жағынан, Хамзаның интернационалистік, екінші жағынан, туысқан халықтар талантина ерекше мән бергенін аңғартады, – деді Насыр-ақа.

– Меніңше, біздің екі ел арасындағы достығымыз, әсіресе творчестволық достығымыз, Сәкен мен Хамзададан басталған секілді, – дейді сөз арасында Сайын.

Шынында да, кейбір деректерге арқа сүйесек, Сәкен Сейфуллин Ташкентте бірнеше рет болып, туысқан өзбек қаламгерлерімен жүзбе-жүз кездесіп, сұхбаттасқан да сияқты. Жиырмасыншы жылы Сейфуллин ашыққан елге жәрдем сұрау мақсатымен Ташкентке соғады. Сонда ол айлап өзбек ағайындардың тірлік-тынысына, бұл халықтың әдебиеті мен мәдениетіне, дәстүріне ой көзін қадайды. Сәкен мен Хамза арасында терең достық болмаса да, екі революционер ақын бірін-бірі жете білген.

– Ол мүмкін, – деді Адыл Якубов сөзді мақұлдап.

– Бұл екі суреткер салған сүрлеудің шөбін ашып, жолды кеңейткен, әрі ұзартқан Мұхтар Әуезов пен Айбек, Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқанов болды. Ал, тоқырау кезінің өзінде, оған дейін де Мұхамеджан Қаратаев пен Иззат Сұлтанов, Зюлфия мен Тұрсынхан Әбдірахманова, Сырбай Мәуленов пен Мірмұхсын, Жұбан Молдағалиев пен Назармет, Абдулла Арипов, Арман Матчан, Мұхтар Шахановтар арасында үзілмес достық көпірлері әлі бар, – деді Насыр-ақа.

– Насыр-ақа, сіз мұны қайдан білесіз? – дедім мен.

– Неге білмеймін? Жұрттың бәрі сендер деймісіңдер. Қазақстанда бір ғана өзбекті ССРО жазушылар одағына өткізген. Тағы да оның даусы ұзаққа естілмесін деп үнін алып, тамағын қысып қойыпсыңдар, – демесі бар емес пе!

Жұрт ду күлкіге батты.

– «Сөз тапқанға қолқа жоқ!» – деді Әдекен (Адыл Якубов).

– Қазақстанда туып-өсіп, Өзбекстанға барыңыз, сол жақта жазушылық атақ алыңыз деген біз емеспіз ғой, сізге. Қайта осы жерде болып, жазушы атанып, екі ел арасындағы достықтың дәнекері болмадыңыз ба? «Жекен жерінде гүлдейді» деген мәтел бар емес пә?! – дедім мен де шаужайынан алып.

– Дұрыс айттың! «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деді ғой, әлгінде Адыл. Сен де сөз тауып кеттің, – деді.

Шындығында да, Насыр Юлдашұлы Фазылов 1929 жылы Түркістан ауданының Кәріз селосында дүниеге келген. Ол Амангелді колхозында есепші, мұғалім болады. Соғыстың ауыр тауқыметін бастан өткерген жігерлі жігіт 1954 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің филология факультетіне

тетін бітіреді. Содан соң «Гулхан» журналында, Өзбекстан Ленин Комсомолы Орталық комитетінің органы «Жас гвардия» баспасында, «Шарқ жұлдызы» журналында еңбек етеді. Жерлес жазушымыздың алғашқы «Бұлақтар» атты әңгімелер жинағы 1959 жылы жарық көрді. Одан кейін «Мезгіл», «Робинзондар», «Құс қанаты», «Алғашқы қар туралы хат», «Көктем повесі», тағы басқа туынды жинақтары жыл аралатып жарық көріп отырды. Фазыл-ақаның әлгі әзілі – жерлес жазушымыз Эрназар Розметов жайлы айтылған еді. Ол кісінің тамағы ауырғаннан үні бәсең шығатын.

Екінші жерлес жазушымыз Адыл Якубов 1926 жылы Түркістан ауданының Атабай селосында дүниеге келген. Ол 1956 жылы ТашМУ-дың филология факультетін бітіреді. «Өзбекфильм» киностудиясының бас редакторы, Өзбек ССР-і Министрлер Советі жанындағы киноматография жөніндегі комитеттің бас редакторы болады.

Оның алғашқы белді туындысы 1931 жылы «Құрдас-тар» деген атпен жарық көрді. «Алғашқы қадамдар», «Мұхаддас», «Мәңгілік іздеу», «Ұлықбек көмбесі» тағы басқа туындыларды жарыққа әкелген талантты жазушы жайлы айту бізге парыз.

Иә, осы құрылтайда отырып, өткен күндер белгісіне қиял көзімен – көңілмен шолу жасап отырдым.

«Біз болашақтан не күтеміз?! Мына Өзбек мәдениетінің орталығы не бітіреді? Мақсаты не?» – деген сауалға әркім өз білім таразысын ортаға сала отырып жауап беруде. Пікір мен тілектерін айтуда. Шындығында туысқан қос халық арасында интернационалдық сипатта құрылған бұл шаңырақтан біздің күтеріміз мол болмақ.

Бүгінгі құрылғалы жатқан Өзбек мәдениеті орталығының құрылтайына Өзбекстандық қонақтар келді. Әдебиет зерттеуші ғалым Ф. Мудынов, ақын, «Ешлик» журналының бас редакторы А. Матчан, әдебиет зерттеуші, ғалым Н. Каримов, «Өзбекстан коммунисті» журналының бөлім меңгерушісі Х. Розметов, Өзбекстан жазушылар одағының мүшесі Р. Атаев, С. Анарбаевтармен жүздестік.

Қонақтар да, қала тұрғындары да жүрекжарды ойларын, пікір-ұсыныстарын айтып жатты. Аман Матчан өз сөзінде:

– Мен сіздердің тамаша қалаларыңызға жыл сайын келемін. Келген сайын Ахмет Яссауи мавзолейінің ғаламаттығына таң қаламын. Ол Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары үшін екінші Мекке болып табылады. Ал, бұл дегеніміз жергілікті басшыларға және құрылғалы отырған мәдени орталықтың төрағаларына үлкен жауапкершілікті жүктейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімі бойынша 1994 жылы көрнекті ғалым Ұлықбектің 600 жылдығы атап өтілмек. Бұл, менің білуімше, екінші бір даңқты оқиға – Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінің де 600 жылдығымен сәйкес келіп отыр. Осы мерекені Түркістан шаһарында тойлар болсақ, біздің достығымыз нығая түсер еді. Қала басшылары осы мерзімге дейін мавзолейге жақын маңнан шығыс үлгісіндегі әдіспен екі қабатты қонақ үйін салып бітірсе, тіпті, тамаша болмақ. Бұл ғимараттың да қаланың дамуына өз септігін тигізері анық, – деген ойларды айтты. Әрине, бұл ойланатын өзекті мәселе.

Шындықты айтсақ, кешегі «тоқырау» деп айдар таққан жылдарда біз көп нәрседен айрылдық. Осы кезең елдер арасындағы шынайы достықты, жылтырақ, қағаз, сөз жүзіндегі іспен бүркемелеп көрсетті. Ендігі мақсат не? Мақсат сол кеткеннің кемтігін толтыру. Ол үшін жоғалғанның орнын жабу ғана емес, ұлы істерге бару керек. Қазір қай салада болмасын сөзді іске бұру мәселесі жиі айтылуда. Сең бұзылды. Ұлы ағыс, жылы ағыс, суық ағыстар ел ішінде бір арнаға ұмтылуда. Бұл ағыстар – жариялылық, демократиялық ынтымақтас-тықпен жүзеге асатын халықтың ұлы мақсаттары демекпін. Мақсат бірліктің арқасында орындалады. «Бірлік түбі – тірлік», – дейді халқымыз. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді», – деген мәтел осындай ұлы мақсат жолындағыларға айтылған ғұмырлық өсиет.

Алматыда Орта Азия республикалары мен Қазақстан басшыларының кездесуі өткенін бәріміз жақсы білеміз. «Осы кездесудің қорытындысында Орта Азия республикалары мен Қазақстан халықтарына 1990 жылдың 23-ші маусымында үндеу жарияланды. Осы үндеуде:

«Қымбатты отандастар, бауырлар және апа-қарындас-тар!

Еліміз бен республикамыздың әрқайсысының тағдыры үшін қиын кезде біз сіздерге барлық халықтардың мұң-мұқтажы мен үміт, арманына әрқашан сай болған, адам өміріндегі ең басты адамгершілік қасиет болып келген достық, тату көршілік, келісім сөздерін арнаулы өзіміздің борышымыз деп білдік. Бұл ұғымдар ерекше түсіндірулерді қажет етпейтін сияқты. Біздің көп ұлтты республикаларымызда олар ежелден-ақ дәстүрлер мен салт-саналардың, өмірдің орнықтырғыш мәні болып келді. Олар біздің сан қилы тарихи тәжірибеміз нұрландырып, баға жеткісіз социалистік қазыналар мен мұраттар соларға негізделіп отыр...»

Бұл келісім тек достық негізге құрылады. Ол экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты қамтуы керек. Бауыржан Момышұлы: «Өзінің ұлтын сыйламаған, ұлтын мақтанш та тұта алмайды, ол сөз жоқ арамза, тексіз әрі қаңғыбас», – деп ұлт мәселесі, тіл мәселесі жөнінде ауыр да болса, ақиқатты ой толғап кетіпті.

Шындығында да, тіліміз азып, елдігімізге күмән келтірілген кезеңде тек «мен қазақпын», немесе «мен өзбекпін» деп кере мардымсу жөн емес. Біз үшін ұлы бірлік қажет. Болашаққа көреген көзбен қарап, келер ұрпақты тәрбиелеуге осындай мәдени орталықтар қажет-ақ.

*1990 ж.*

## ТАЛМАЙ ҰШУ – ҚАНАТҚА СЫН

### I. ТАНЫСУ

Дүркірей шығып, келген қонақтарды тосып алудамыз. Қонақжай Түркістан сапарлап келушілерден арылған ба, сірә. Бұл жолғы меймандарымыз Түркістан қаласында «Жалын» баспасының күндерін өткізуге келген ақын-жазушылар болатын.

– Ойпырым-ай, оңтүстіктің күні-ай. Табаға шыжғырған тауық етіндей, тынысыңды тарылтып, қолқанды алады-ау! – деп желпініп қойды жігіттер.

Терлерін басып, танысқан соң оларды бастап жол және құрылыс машиналарын жөндеу зауыдына қарай аялдадық.

Жол-жөнекей әңгіме тиегі ағытылды. Мен оларға сөз ретімен:

– Әдебиетіміздің ілгерілеу, өсу жолын зерделеп, зерттеп жүрмегенмен, жыл сайын баспадан шығып жататын кітаптардың асылы мен жасыған, әдебиет тынысын тамыршыдай тап баса танитын үлкен қауым бар. Олар оқырмандар. Біз ең бірінші сол оқырмандармен өздеріңізді жүздестіруді мақсат тұттық. Оған қалай қарайсыздар? – деп қонақтарға сауал тастадым.

– Ол не дегеніңіз. Асылы, жазушы қауым өз еңбегінің бағасын білгісі келіп, шынымен соған көңілі кетсе, оқырманымен тілдесуі қажет, – деп «Жалын» баспасының бас редакторы Қоғабай Сәрсекеев бас шұлғыды. Оның келісімін үлкенді-кішілі қауым бір кісідей бас ізеп мақұлдады.

Қоғабайдың Аманкелді Иманов жайында жазылған көлемді шығармасы оқырман қолына «Қызыл жалау» деген жалпы атпен берілді. Осы кітапқа академик жазушы қазақ тілінің қадір-қасиетін, көркем сөздің ғажайып құдіретін Одақ көлемінде, әлемдік деңгейде танытып кеткен, халқымыздың алып ойшылдарының бірі, зергер жазушымыз – Ғабит Мүсірепов жазған алғы сөзде: «...Шығармада уақиға енді-енді ғана өріліп келеді. Жазушы өресі жетсе, романның кең планды болуға қақысы бар сияқты. Алда әлі қым-қуыт, шым-шытырық талай оқиға тұр. Он тоғызыншы ғасыр мен жиырмамыншы ғасырдың өларасына тақау дүрбелеңді, дүбірлі, өткелдік кезеңдер, төңкеріс тарихы бар. Осыны суреткерлік көзбен көріп, елеп-екшеп дегендей оқушы алдына тарту да оңай жұмыс болмаса керек. Мұны Қоғабайдың еншісіне қалдырайық...» деген жолдар бар. Әрине, Қоғабай бұл күнде қаламы толысқан зерделі жазушы. Мен бір сәт селт еткізер осы ойға беріліп кетіппін. Бұл көңілге үйірілген жалғыз ғана ой. Тек, Қоғабай турасындағы үздік толғам. Ал, Әбіраш Жәмішев, Қайрат Жұмағалиевтер ше?

Тіпті, жас ақындар Төрегелді мен Жұмашты айтсақшы. Нартай ақынның тағдырын танытар шығарма жазған композитор, ақын, әнші, жазушы Мұхаммеджан Рустемов ше?

– Біздің қаламызда өндіріс орындары баршылық. Олардың бәрі де озат кәсіпорындар десем, тым артық сөйлеген

болар да едім, – деп, бұл келген заводымыздың жай-жапсарын алдын ала таныстырып, алға бастадым.

– Сіздер өнер адамдарысыздар. Өнер мен өмір егіз. Завод сол тіршілік атты организмнің қан тамыры! Сол бүлк-бүлк соққан тамырдың дүрсіліне құлақ түріңіздер, – дедім. Әбіраш аға бұрылып:

– Нұридин, сен ақын екенсің ғой. Заводты тіршіліктің қан тамырына теңегенің қандай тамаша! – деп қолпаштап қойды.

– Түркістандай тарихи қалада жүріп ақын болмаудың өзі күнә емес пе?! – деп, Қайрат та сөзге май құя түсті.

– Мен ақын емеспін. Бірақ, ақын жанын түсінер қабілет жоқ емес, бар, – дедім.

– Ия, ия, – деп, Мұқаң (Мұхаммеджан Рүстемовті айтам) елпендеп, басын шұлғыды.

– Түркістан топырағында ақындардың атасы атанған Ахмет Иүгінеки, Қожа Ахмет Яссауи оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани өмір сүрген.

*Ей досым, жаздым кітап түркімелеп,*

*Мейлің сөк, мейлің қала ерекше елеп.*

*Артымда ат қалсын деп жаздым мұны*

*Ғажайып таңсық сөзбен ерекшелеп,* – дейді Иүгінеки «Ақиқат сыйы» дастанында. Ал, Қ.А. Яссауи «Даналық» кітабында:

*Парсы тіл қиын әрі жат маған,*

*Түркі тілде жағаным мақтанам,* – дейді бабалардан бір қасиет жұкса жұққан шығар, – дедім

Заводтың тұрмыс қажетін өтеу орны, өнеркәсіптік, азық-түлік дүкені, өзінен шығар өнім-экпонаттары орын тепкен шағын музей кірер беткейге қоныс тепкен болатын. Ақын-жазушылар осы завод жетістіктерін аралап көре жүріп, тамсана таңырқай бас шайқайды.

– Сіздер ақын-жазушыларсыздар. Бізден гөрі сіздерге көп білу керек. Көркем ойды кереметтей кестелеп беру үшін, тереңдік керек. Орыс халқында «Век живи, век учись» деген мақал бар, – дедім.

– Ол рас, – деді Қайрат, – адам дүниеге келгеннен бастап, көз жұмып біржола кеткенше, үйрене беруге тиісті.



Жанымыздағы завод директоры Базарбай Мұсабеков жетістіктері мен жұмысшылар жағдайын тілге тиек ете бастады. Суреткерлер қолында қаламсап, қойын дәптер. Комплексті аралап шыққан топ, демалыс бөлмесіне өтті. Біздің көңілімізде мерей, олардың көңілінде білуге деген, өлеңге, көркем шығармаға талғажау болар деталы мен факті жинақтап қалсам деген құштарлық басым еді.

Түскі ас кезінде қонақтарға ақ тілек айту қажет болды. Мен сөзді неден бастарымды білмей аз-кем тосылып қалдым. Сөз сөйленіп жүр ғой, тәйірі. Мені толқытқан сөйлеу емес. Келген қонақтарға ой салу еді. Өйткені бұл қонақтар жай ғана келіп кетушілер емес. Олар жазушы дейтін керемет өнердің қарапайым ғана бейнетқоры болып жүруді ұлы бақыт санайтын, тумысынан біткен табиғат сыйына – талантқа аса жауапкершілікпен қарап, барын басқаға беру деген ұлы міндет үдесінен шығу үшін сөз теріп, тер төгіп жүрген қаламгерлер. Халықтың тілекшілері. Ал, халық өзінің жан мінезімен, тілімен, дәстүрімен, ар-намысымен, тарихымен, мәдениетімен халық. Халықтың өзіндік қасиеті, тілі, мәдениеті, тарихы болуы, олардың тағдыры – сол халықтың азаматтарына, ұрпақтарына, ұл қыздарына байланысты. Қазіргі біздің халықтың жағдайы – жазғытұрымның көкөзек шағындағы кембағал шаруаның тұрмыс күйі секілді. Біздің халық өсетін, жойылмайтын, мәңгі жасайтын халық. Халқымыздың ұлттық санасы оянған өкілдерінің күнбе-күн арта түсуі, туған тілі туралы ертерек үн көтеруі өте қуанышты. Мен осы тұрғыда ой қозғасам деп едім.

– Сіздер тарихи қалада қонақ болып отырсыздар. Бұл біздің ата жұртымыз. Бүкіл халқымыздың бір кезеңдегі қара шаңырағы. Бұл тарих. Тарихы терең. Ол теңіз. Біз соның бір-бір шағалаларымыз. Мынау мың құбылған дүниенің алуан-алуан сырларын көңіл айнасына түсіріп, санада саралап, ойда қорыту арқылы парасатты пайым, терең түйін жасау тек құдіретті талаптың ғана қолынан келеді. Құдіретті талантқа терең білім керек. Көркем әдебиет пен тарих егіз. Жақсы әдебиетші үшін, тарихты білмеу кінә. Көркем әдебиет тарихшының, тарих ғылымының қайнар бұлағы.

Тәуке хан 1694 жылы Тайқұмыр би Аталық ұлы бастаған елшілікті Петр патшаға Түркістан қаласынан аттандырып еді. Өлгінде келе жатып көрдіңіздер ме. Орта ғасырдан қалған көгілдір күмбезді ғажайып ғимарат – Ахмет Яссауи мавзолейі де алыстан көз тартады. Еліміздің ғана емес, шетелдік туристердің де назарын аудартқан бұл тарихи ескерткішке келушілер көп-ақ. Жыл сайын 100 мыңға жуық советтік, 3 мыңға жуық шетелдік туристер Түркістанда болып, көне ғимаратты тамашалайды. VIII ғасырда тасқа түсіп, тарих қойнауында қалған Тоныкөк ескерткішіндегі жазуда «Ел тағы да ел болды, халық та қайта халық болды», – деген жолдар бар екен.

Асан Қайғы ағамыз бір бағзы заманда:

*Су түбінде жатқан тас*

*Жел толқытса шығады.*

*Ой түбінде жатқан сөз,*

*Шер толқытса шығады,* – депті ғой. Көкіректегі шеріміз енді шығып жатыр. Осы шерді бәріміз де бірдей бөлісейік. Сіздерден өтінерім, осы ата жұртымызды көркейтуге жақында жүрген біз де, алыста жүрген сіздер де атсалысайық. Соңғы деректерге қарағанда Түркістан қаласына 2000 жылдан асады. Қазақ ССР Ғылым академиясы жанындағы тарих, этнография және археология институтымен ақылдасқан едік, олар бізбен қазба жұмысын жүргізе отырып, қаланың жасын ғылыми тұрғыдан анықтау жөнінде келісім шарт жасасты. Осы орайда бізге баспаның қамқорлығы қажет. Он екінші ғасырда жазылған көркем тілді, бай мазмұнды, сол кездің өзінде қалыптаса бастаған қазақ жазба әдебиетінің тұңғыш туындыларының бірі Қожа Ахмет Яссауидың «Диуани Хикметін» жан-жақты зерттеп, жазба әдебиетінің тарихына енгізу қажет...

## 2. КЕЗДЕСУ

Залда халық лық толы. Үстінде жұмыс киімі бар оқырмандар. Өздері оқыған кітаптың авторлары – ақын-жазушылар төрде.

Таныстықтан соң кезек жырға берілді. Әбіраш Жәмішев, Қайрат Жұмағалиев, Жұмаш Кенебаев, Төрегелді Тұяқ-

баев, Қасымхан Бегманов секілді ақындарды оқырман қауым жылы шыраймен, лүпілдеген көңілмен қабылдады. Талант өлшемі – өлең өрісі. Дарыны даралар ғана жыр бәйгесінің дүлдүлі атанбақ, атақ даңқы қалың елге танылмақ. Өлеңі өрге шыққан – нағыз ақындардың сирек туатыны, сондықтан да халқының мақтаны, маңдайына басқан жұлдызы болу бақыты тек сол талаптардың ғана еншісіне тиетіні тағы шындық. Бұл отырған ақындарға жұрт елендеп, әр жырына қошеметтей қол соғып отырды. Оқырман сөз саралап, шыңырау тұңғыықтан шыққан терең ойды пайымдай білді. Ал, ақындар өз жырларымен халық көкейіндегі арман-мақсагын айшықты жыр кестесімен өрнектеп берді. Ерінбеген етікші болар, ал жалықпағанның жазушы болуы екіталай, тіпті мүмкін де емес қой. Әбіраш Жәмішев осындай дара сипатты ақындардың бірі. «Жазылған жырларым өмірге ғашық жандардың кеуделеріне ұя салсын» деген ойды, мінбеде, жыр оқып тұрып айтқанда, жыр да, ақынның асқақ арманы да ойлы оқырманның көкейіне қонып, жүректеріне жеткендей болды. Кезекті бір сауал Қоғабайға берілді: «Қызыл жалау» романы қайта басылады деп жүр, сол рас па, жалпы алғанда романға, әсіресе тарихи дерекке қалам толғау қиын ба?» – деген сұрақты ол оқыды да:

– Әрине, – деп жауап берді. Осыдан соң оқырманға ойлы жанарымен байыппен қарап алды да, «Қызыл жалауға» тоқталды. Осы жерде біз де оқырман ретінде «Қызыл жалауға» аз-кем тоқталып өтелікші. «Қызыл жалау» 1880 жылы ел басына түскен ауыртпалық, халық үстіндегі қиын кезең, Торғай даласында болған нақты тарихи фактілер негізінде өрбиді. Автор шығармасында бала Аманкелдінің өзін қоршаған әділетсіз ортаға кектене өсіп келе жатқан сәтін беру арқылы өмір шындығын ашуға ниеттенген.

Габеңнің өрелі пікіріне көз жүгіртіп байқалықшы.

«...Шығармаға мінез керек. Бұл жағынан алғанда автордың қадамы құптарлық па деп қалдым. Көркем дүниедегі әрбір әрекет өзіне лайық жағдайында шыншылдықпен бейнеленгенде ғана үйлесімділік табады. Типтік характерлер қай уақытта да типшілік тұрғыда жасалуға тиісті.

Қ. Сәрсекеев романында осындай мінездің барлығы ішті жылытады...»

Автор қаламынан туған осы өрелі дүние жаңа дәуірде түлеп, өзге атпен, жаңа, тың факті, характерлі желімен өрбітіліп, оқырман қолына қайта тимек.

Қоғабай оқырманы алдында осы ойды жеткізе отырып, жалпы жазушы жолына, қиын қадамдарына да баға берді. Қазақ поэзиясы өзінің өсу-жетілу сатысында. Оны сыншы, әдебиетші, ғалым атаулы айтып та, жазып та жатыр. Шындығында, тіршілік ағысы қалай жылжып отырса, поэзия да өсу, өркендеу кезеңін басынан өткеруде.

Топ алдына шығып, толыққан, толысқан жырларын оқыған Әбіраш Жәмішев, Қайрат Жұмағалиевтерге жұртшылық көп сауалдар берді. Әсіресе бір оқырман Қайратқа: «Сіз осы отырысыңызда аспанға қарап, ойлы кейіппен көктемде арнасы кеңіп, сел қысқан тау өзеніндей буырқанып отырсыз. Жыр легі көкейіңізде қысылып, ой толғатып отырғаннан саусыз ба?» – деп қағазға жазып жіберіпті. Қайрат оған былай деп жауап берді.

– Иә, менің көкейімде Шымкентте жүргенде, осы жаққа сол жерден аттанарда ана жайлы, ананың ақылы, ақ сүті, мейірімі жайлы көңілге ой түсірер бір жағдай қатты әсер етті. Сол сәттен бастап бойымда тұтанған шабыт шоқтана маздап, лапылдай жанып, осы жерде қайта тұтанды. Елестетіп көрелікші. Күн. Өзіміз күнде көріп жүрген нұрлы, ыстығы мықты жаздың күні төбеге келгенде, адамдар терлеп-тепшіп, көлеңкеге тығылады. Сол ыстықтан құтылуға асығып, кейістік білдіреді. Енді күн төмен сырғып, адырлы белдің етегіне құлағанда, жылуы кеміп, батуға таяғанда адам баласы оны қимай, мейірін сала ілтифатпен бас иіп, шығарып салады. Бізді дүниеге әкелген туған ананың да, қадір-қасиеті біз үшін, міне, осындай. Мен осы теңеу, ой өлшемін ұмытып қалмайын деп қағазға түсіріп жатырмын, – деп жауап берді.

– Қандай тамаша еді! – дедім мен Қайрат ойлаған, жырына азық болар теңеу мен ой өрісіне іштей тәнті болып.

Адам бар жерде поэзия бар. Табиғаттың таңғажайып құбылыстарын алдымен сезініп, алдымен ләззаттанып, алдымен жиіркенетін де сол адам. Ендеше поэзияның бүкіл

болмысының өзі сол адамның ақыл-парасаты мен сезім жүйесінен жаралмай ма?

Кезек әнге берілді. Композитор, әнші, жазушы Мұхамеджан Рүстемов өзінің үкілі домбырасын көтеріп ортаға шықты. Отырған жұртшылық:

– Бұл кім?

– Қай әнші?

– Қайдан келген әнші? – деп сыбыр-күбірге көше калды. Білетіндер жағы:

– Е, тәйірі-ай. Жаңа айтпады ма? «Ақ босағаның» авторы ғой, – десіп жатты. Осы жерде оқырман ретінде тағы бір серпіліс жасап, Мұхамеджан Рүстемов творчествосына сәл де болса тоқтала кетейік.

Нартай ақынның творчествосын арқау еткен жазушының осы аттас деректі повесі 1983 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген еді.

Шығарма тарихи фактілерге, көне көз қариялардың айтқан әңгімелеріне, баспасөз беттерінде жарияланған деректерге сүйеніп жазылған. Өз өнерімен, ақындық-әншілігімен қалың көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленген әйгілі жыршы Нартай Бекежанов туралы оқырман ретінде мол мағлұмат алғанбыз. Кітаптың «Қызыл сырнай» деп аталған тарауындағы алғашқы жолдар былайша өрбиді.

«...Үш-төрт түйеге жүк артқан көш келеді. Көш алдында әдемі ер-тұрманды жарау аттарға мінген бес-алты жастар тобы. Олар бірде жарысып, бірде өлеңдетіп мәз-мәйрам. Әсіресе, ортасындағы үкілі тақиясы желкілдеген жібек көйлскті қыз кербез тартады. Жорғасына қыздың нық отырысы сай. Жарасып-ақ тұр. Өлеңді бастаушы да сол қыз. Олар қой жайып жүрген Нартай мен Сыздықтың тұсына таяна берді. Әлде әншіліктің буы тасқындады ма, немесе жастықтың албырт күші еркіндетті ме, жорғаның үстіндегі кербез қыз шырқап қоя берді.

*Ендеше айда сайда, айда сайда,*

*Мал жатыр айдап салсаң терең сайда.*

*Талтиған қой шетінде жаман қойшы.*

*Қойларың атты үркітер, әрмен айда.*

Нартайдың жүзі алаулап, көздері шоқтай жайнап, еліріп шыға келді. Ол ән айтқан қызға шағын денесін бұрып, қас-қая қарады да, балғын үні балауса жапырақтай дірілдеп, шырқай жөнелді.

*Дәйім менің мінгенім қара ала ма, айнам-ай,  
Қыз бойжетпей толысып тарала ма, айнам-ай.  
Жерден шыққан шайтандай  
Келіп қалдың қайдан-ай,  
Бет-жүзін жумаған жүзі қара айнам-ай...»*

Мұхаң да топ алдында домбырасын қағып-қағып жіберіп, ән салды. Қоңыр дауысы күмбір қағып, отырған топты бір сәт «һау» дегізіп тастады. Әннен соң, ән тасқыны буырқана түсті. Мұхаңның «Ақ босаға» әнін заводтың әншісі құйқылжыта жөнелді. Ақын-жазушылар оқырманымен қоштасып, сөз аяқталар тұста, Қоғабай:

– Осы сапардың өзіндік сыры мен мәні бар. Мейлі, алыс, жақын болсын, сапарлар еш уақытта біріне-бірі ұқсамайды, оның үстіне кімді де болса толқытпай қоймайтыны кәміл. Шымкенттен Түркістанға келетінімізді білген соң біз қатты толқыдық. Өз басым, толқыған себебім, сонау бала кезден, ежелгі тарихы жадымызда болып, елендеткен әйгілі елді, жерді көретініме қуанғандық болатын.

Әбіраш, Қайрат, Қоғабай, тіпті жас ақындар Қасымхан, Жұмаш, Төрегелдінің алау толқынды жырлары, нәзік те сезімтал жүректен туған махаббат лирикалары, Мұхаң салған ән, жұмыс басты болып жүрген жұмысшы-оқырмандарды қатты серпілтіп тастады.

### 3. СЫРЛАСУ

Сұлу сыр өзені баяу тербетіліп ағып жатыр. Жағаны майда толқындар шып-шып соғады. Маусымның күні белден асып, етекке түскен сәт. Күннің қызуы қайтқан. Айнала тымық. Тып-тыныш. Үйеңкі, тобылғы, тал, теректердің бұтақтары кешкі самалға бойсұнып баяу тербетіледі. Бұтақтан бұтаққа қонып, кейде ризық іздеп безектей ұшқан майда құстардың үні құйқылжып, айнала жаннаттай бір рақат сезімге бөленген. Әбекең судан шығып, сырдың баяу ағысына сүйсіне қарап тұр.

– Бұл жарықтық басын қайдан алады екен. Барып құяр жерін білеміз-ау, – деді. Сөзді мен сабақтадым.

– Ертеректегі грек деректерінде Лихартас, орта ғасырлық араб еңбектерінде Сейхун деп аталған. Орта Азиядағы ірі өзен, Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бергі жағы Сырдария деп аталады, – дедім.

– Айта берейін бе, Әбеке?

– Айта бер. Оны білгенге не жетсін, – деді Әбіраш аға желпініп.

– Су жиналатын алқабы 219 мың км 2 жоғары бөлігінде суы Ферғана аңғарындағы егін алқабын суаруға көп пайдаланылады. Басты суы сол жағынан Исфайрам, Шахмардан, Сох, Исфара, оң жағынан Патшаата, Қасансай, Ғавасай, Чадақсай, Фархад тауын жағалай өтеді. Сол жағасы Мырзашөл, оң жағасы Дильверзин суландыру жүйелерін құрайды. Одан әрі Шыршық сағасымен Шардара СЭС-і бөгенінен соң Қызылқұм өңіріне енеді.

Бағанадан сөз тыңдап тұрған Қоғабай байыппен қарап:

– Нұреке, сіз су маманы, географсыз-ау, мұның бәрін жадыңызға қалай түйіп жүрсіз, – деді таңданысын жасыра алмай.

– Мұны білу бізге парыз, – дедім. Сөйтіп сөзімді қайта жалғастырдым. – Жер-ана деп келеміз. Жердің құнары – өзен, дария. Өзінің бойын мекендеген елге қуат берген Сырдария. Ерте кезде, Отырар заманында Сыр бойында көптеген қала болғаны белгілі. Сырдарияға Арыс, Байылдыр, Келес, Ақсу, Бөген, Шаян, Қарашық секілді өзендер құйған. Ал, осы өзен бойында Сайрам, Қараспан, Кеңестөбе, Бұзық, Шауғар, Яссы, Ақтөбе, Шымқорған, Шардара, Ақсарай тағы да басқа қалалар бой кетерген.

– Апыр-ай, сіздің тарих тұңғыығынан сыр тартар шежірелілігіңіз бар екен-ау, – деп Қоғабай бас изеп, әңгімеге қызыға ден қойды.

– Түркістан – сжелгі қазақ-қыпшақ ұлысының мәдениет ошағы, есімі әлемге жайылған ғұламалар мен өнерпаздардың шыққан жері. Қала тарихы мен даңқы тарихшылар мен археологтарды ғана емес, жазушыларды да қызықтыруы керек кой, – деп мен оларға базына жасадым.

– О не дегенің, Нұридин-ау. Түркістан орта ғасырдағы қазақ хандарының, қазақ ұлысының ширатпа шежіресі емес пе, – деп сөзімді Әбіраш пен Мұхаммеджандар қоштап жатыр.

– Әңгіме енді қызып келеді, – дейді жас ақын Жұмаш.

– Бұрын естімегесін бізге бәрі қызық, – дейді Қасымхан.

– Халық өмір бойы осы дарияның суын ішті. Сол суға біткен байлығын – шөбін, отын, астығын, бау-бақшасын өздеріне игілік тұтты. Оның ну тоғайы қыста қыстау, жазда жайлау, күзде күзеу – береке мен ырысы болды. Содан келіп халық оны бірде Сыр деп, бірде Сырдария деп, тағы бірде, сұлу Сыр деп еркелетті.

Кешке жақын табиғат ананың аясында жақсы бір отырыс болды. Ән де, жыр да толқыды. Мамыражай ауада суға түсіп салқындаған ақын-жазушылар жырға, сырға қозғау салып, көңілді әуен аспанға шалқи көтерілді. Әсіресе, Төрегелдінің «Ақ дөңгелек» әні бойды балқытып, жүректі шымшылап өтті.

*Дөңгелек келді – жаз келді,*

*Ала бір шапа боз болды.*

*Дөңгелек сынды дүние-ау,*

*Бір сәби көрер кез болды.*

*Есіктің алды күншуақ,*

*Сәбилер тыным таппайды,*

*Көк ала күшік қыңсылап,*

*Тістейді, бірақ қаппайды.*

*Көріі ұлға анау*

*Көңілік*

*Жас жігіт садақ жасайды.*

*Кам көңіл жүрген келіншек*

*Кенеттен көзге жас алды:*

*«Жерге бір басым тигенше,*

*Ұқсармын шыр-шыр торғайға.*

*Жас талдан садақ игенше*

*Ақ бесік исең болмай ма?»*

*Керіле беріп адырна*

*Үзілді сонда бырт етіп.*

*Жеңдірді жігіт сабырға*

*Үміттің оты жылт етіп.*

*Жөнелді сон соң тоғайға*

*Жас шыбық ала келмекке.*



*Жарының айтқан қалай да  
Бесігін жасап бермекке.*

Ақын жүрегінен шыққан жыр да, ән де қоңыр. Мұнды. Адам – табиғаттың ең ақылды, ең сезімтал түлегі. Оған тәуір ой, жақсы қасиет, келелі сезім соқпай өтпейді. Бірақ оны кім қалай ұстай қалады, бойына қалай сіңіреді, бұл өз алдына басқа әңгіме. Мына кешкі отырыс ақындар үшін шабыт әкелер мамыражай шақ болды десем артық айтпаған болар едім.

#### **4. ҚОШТАСУ**

Ертеңіне ақын-жазушылар Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіне қарай аяндады. Мавзолейдің терістік, шығыс, оңтүстік жақтарының бәрі қалың дуалдармен қоршалып жатыр. Олар одан әрі өтіп, ішке кірді. Қонақтар аумағы алты қанат қара үйдей сарғыш қазанға көз салды. Сарғыш шашты экскурсовод қыз жұмсақ дауыспен сөйлеп тұр.

– Мұндағы ең үлкен бөлме – қазандық. Қырық құлақты, алып қазанның астында мосы тәрізді сегіз тағанды тіреуі бар. Осы қазанды бұдан 54 жыл бұрын, яғни 1935 жылы Ленинградтағы Эрмитажға алып кеткен еді. Оның себебі дүние жүзі тамашалайтын асыл жиһаздар көрмесіне қою керек десті.

Сол қазан өз мекені, құтты орнына қайтып оралды. Қазанның келуіне хат артынан хат жіберілді. Сөйтіп түркістандықтар, қала басшылары халық қалаған істі жүзеге асырды, – дейді жымыып.

Сөзге мен араластым.

– Сол бір айтулы әрі киелі күннің оқиғасын сіздерге айтып берейін, – дедім даусымды кенеп. – «Қазан келеді, жоқ келіпті» деген сөзді естіген халық, мерекесіз күнді тойға ұластырып әкетті. Жұрт көңілді. Бірінің бірі қолын алып, Күлтөбенің шығысына бет алды. Келген қонақтар мен қала басшылары құттықтау сөз айтып, қазанды жапқан ақ кіреуке алынған сәтте жұрт алға лықси түсті. Осы сәтте ауылдан келген 102 жастағы Атажан қария «байғазым» деп мың сом қаржыны қазанға тастады. Содан бері осы қазанға құт дарыды.

– Сонда бұл қаржы қайда жұмсалады? – дейді Қайрат.

– Осы музей игілігіне, құрылысына жұмсаймыз. Басқыншылық, озбырлық, қатал жауыздықтар істеген Ақсақ Темір

зәулім сарайлар, ескерткіштер де тұрғызды. Ол осы ісімен халықтың көңілін аулады. Айта берейін бе? – дедім.

– Айта беріңіз, – деді қонақ ынтыға үн қатып.

Ахмет сағанасы ерекше әдіспен күйдірілген қызыл қыштан жасалды. Ол қаладан отыз-қырық шақырым жердегі Сауранда күйдірілді. Қырық құлақты, қырық тай, биенің еті бірден сыйып кететін қара қазан жеті түрлі темірден жасалады. Ол Қарнақ қаласында тұтас күйінде, бірден құйылған. Ал, оған керек түсті кен Ащылысай, Қаракенсайдан, Қаратаудан алынған.

– Осы мавзолейдің бөлмелерін неге негізден салған? – деді Төрегелді.

– Оу, сендер Нұрекенді жол көрсетуші етіп алдыңдар ғой, – деп Әбекең кеңкілдеп күліп алды.

– Сағананың ұзындығын, көлденеңін, биіктігін Ақсақ Темір өз қолымен сызып берген. Оның ұзындығы 63 метр, көлденеңі 46 метр. Үлкенді-кішілі отыздан аса бөлме бар.

Қазандықтан әрі қонақтар тұрғын үйлік худжира, асхана, кітапхана, михраб, мазархана, үлкен ақ сарай, кіші ақ сарай, құдықханаларды аралап сыртқа бет алды.

– Сіз айтқандай, Ақсақ Темір де мықты адам болған ғой.

Кейбір аңызда осы мавзолей әйел, махаббат үшін тұрғызылған деп сыр айтады. Бұл жорамал шындық па, әлде, сол аңыз күйінде қала ма? – деді Қоғабай.

– Ақсақ Темір шындығында әйел құмар адам болған. Жасының ұлғайғанына қарамастан Монғолстан ханы Қызыр Қожаның қызы Тукел ханымды тоқалдыққа алмақшы болады. Жас тоқалдың алдынан құрметтеп өзі шығады. Көшті күтер мекен Түркістан болатын.

1396 жылы Темір өз нөкерлерімен қалаға келеді. Ол көңіл күйі жақсы болып, қаланы аралайды.

Сонда Қожа Ахметтің сағанасына сыйынып жатқан жұртқа оның назарына түседі. Софы бейітінің беделді екенін біледі. Сол адамға құрмет көрсетсем, ел беделіне бөленемін деп ойлайды. Өзінен екі жүз жыл бұрын қайтыс болған ақынның басына мавзолей орнатуды ол осы мақсат үшін қолдаған.

Бұл кезде мавзолейдің төбесіне жөндеу жұмысы жүріп жатқан болатын. Шифер жабылған төбені көрсетіп қонақтар:

– Оны кейін аласыздар ма? Шифер не үшін жабылған? – деп сұрап қалды.

– Сұрақтарыңыз орынды. Оны түсіндіргеннен көрген жақсы, – деп, мен оларды дәлізге бастадым. Ең биік төбеге аппаратын бұрмалы баспалдақ ғажап әрі ұзын, аса зор шеберлікпен жасалған ғой. Төбеге сыртқы биікке шыққан кезде көз алдына тамаша бір сурет келеді. Ешбір жерінен тамшы ағызбайтын, қар мен жаңбыр суы өтпейтін, төбесі аса үлкен. Қонақтар осы кереметке таң тамаша болып, бас шайқауда.

Таңданған топқа ишара жасап:

– Былай жүріңіздер, мен сіздерге бір кереметті көрсетейін, – дедім.

Кезінде мұнда көптеген адамдар қызмет еткен. Сағананың салуына жауапты адам Ақсақ Темірдің кеңесшісі Мәулет Үбайділлә Садыр болған. Ал, құрылысты соққан бас шебер Тәбризден келген Абдол Өзіз Иби Шарафуддин. Ол өз атын қалдыруды ойлаған. Сөйтіп, ана кіші күмбездің төменгі жағына қараңыздар. Өзге дөңгелекшелер бір басқа. Ана бір дөңгелектегі таңба ерекше. Көрдіңіздер ме? Шебер өз атын сол жерде қалдырған. Оны жай көзбен оқу мүмкін емес. Айнаны пайдалану арқылы біз оның есімін оқи аламыз, – дедім.

– Неткен ғажап. Өшпеген ұлы тарих, – деп ақындар таңданысып жатыр. Ал, біреулері қолына қаламсап, қағаз алып, толқыған ойды қағазға түсіріп жатыр.

Төменге түстік.

– Ақсақ Темір бұл қасиетті орынды екінші Мекке етуге ниет еткен екен. Келушілер, әсіресе Орта Азия халқы, бұл орынға мінәжат ету үшін келетін сияқты. Осы рас па? – деді бір ақын.

– Темірдің бұл сағананы екінші Мекке етпек болғанына тарихи мысал бар, – дедім. – Михраб – уағыздаушы тұратын мінбе, Меккеге – құбылаға қаратып жасалған. Мавзолейдің ұзындығы алпыс үш, ені қырық алты метр болып бекер жасалмаған. Мұхаммед пайғамбар алпыс үш жасында дүние салды. Қырық алты жасында пайғамбар тағына отырды. Темір осындай діни сенімді мавзолей ғимаратына пайдаланған. Сөйтіп, ғимараттың атын шығарды. Ал, ғимарат өз атын шығарады деп ойлады.

Әрі аяндап, археологиялық музей жағына бардық. Қайрат кірер ауыздағы бедерлі баральефті керамикалық тақтаға қарап тұрып:

– Адамзат қолы көне дәуірдің куәгері – мына құмыраны табиғат күшімен адамзат тағылығынан қорғап тұр-ау, – деп басын шайқап қойды.

Қожа Ахмет Яссауи сәулет ғимаратының құрамына енетін археология музейінде экспонаттар бар. Ол Құлтөбеден табылған. Қонақтар «Өзірет-Сұлтан» қорық музейін түгел аралап, көңілдеріне көп ой түйіп аттанды. Кетерде, Шымкентке шығар ауызда олармен қимай қоштастық. Біздің көлік қалаға қайтып келеді. Көңілде бір түрлі қимастық бар. Орта ғасырдан қалған күмбезді ғажайып ғимарат – Ахмет Яссауи мавзолейі де жанымызда қалып барады. Мен сағат үштегі бюроға асығып келемін. Көңілде алабұртқан ойлар бар.

Біздің ұғымымызда жақсы, өнегелі адам, сыйлап құрметтейтін адам – ақын-жазушы қауымы. Адамның қадір-қасиеті ақылдылығымен, іскерлігімен, алды артын ойлай білетін көрегенділігімен, білімпаздығымен ғана өлшенбесе керек. Адам – биік сатыдағы, саналы жаратылыс. Қоғам мүшесі. Біз сол қоғам үшін, халқымыз үшін қызмет етсек қана артымызда із, өмірімізде мағына болады. Қаламызға келген қонақтар да, осы көңілімізді танып, ең бірінші халқына, оқырманға, содан соң бізге риза болып кетсе деп ойладық. Сондай ой түйдік.

## 5. СӨЗ СОҢЫ

Өмір ағысы бір орында байыз тауып тұрған ба. Күнді түн алмастырып, қонақтардың кеткеніне де біраз мезгіл болған. Танертең жұмысқа ерте келгенмін. Күнделікті хат-хабарға шолу жасап өтер әдетім. Жұқа конвертті ашып, жазылған хатқа үнілдім. Қоғабай Сәрсекеевтен.

Асыл ой, зерделі сөзбен жеткен хат жолдарына қуана, бір жағынан шаттана көз жүгіртіп өттім.

«Тарихы терең Түркістанда болған күндер менің және бірге болған жолдастардың көңілінде берік орнап қалғандай. Оңтүстік өңірінде бұзылмай сақталып келген қонақжай салттарыңыз бен ақ пейілдеріңізден туған ойлар біздің көңіл түкпірімізге үлкен қозғау салды. Өз тілі мен ісіне берік, болашаққа ұлы мақсаттарын арнап отырған, ойы терең адамдармен және өзіңізбен болған әңгіме жадымыздан жуық арада шыға қоймас.

Нұреке, уәде бойынша музей үйіне біздің баспадан шыққан бірнеше тарихи кітаптар жіберіп отырмын. Қабыл алғайсыз». – Осы мазмұндағы Қоғабайдың хаты маған оның үлкен мақсатқа бет бұрған арда ұлдарымыздың бірі екенін дәлелдеп бергендей болды.

«Мәдениетті жасайтын үш адам. Ол – ғалым, суреткер, жұмысшы», – дейді Алексей Максимович Горький. Түркістан тек осы мекенде ғұмыр кешіп отырған халықтың ғана мәдени ошағы емес. Бұл өңірде еліміздің ерте дәуірлері мен орта ғасыр мәдениеті, сол кезде өмір сүрген ескі хандықтар тағдыры, олар жасаған, қалдырған тарих тұнып жатыр. Сол тарихты аршып алар осы үш одақтың өкілі болмақ. Суреткерлер өлкемізді, ата мекенін танып, сол мекеннің өркендеуіне үлестерін қоса берсе деген тілектемін.

## ӘН АЛЫСТАП БАРАДЫ

Түс әлетіне таяу жұмыс кабинетіндегі ақ сұр телефон шыр ете қалды. Ойымды бөлгендігіне наразы кейіппен енжарлау телефон тұтқасын құлағыма тоса бердім. Қазақстан Компартиясы Қызылқұм аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мұхаммедрәсіл Шәкенов екен. Қысқа амандықтан соң Мұқаң: «Біздің ауданда: «Жұлдыз» журналының күндері өтуде. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы, «Жұлдыз» журналының бас редакторы Мұхтар Мағауин бастап келді. Құрамында бір топ қазақ қаламгерлері бар. Жазушы, әнші Жәнібек Кәрменов те осы кісілердің құрамында өнер көрсетуде», – деп қысқа қайырды. Мен ойланып қалдым. Жуырда өткізген бүкіл қалалық те бір қарт коммунист: «Біздің қаламызға әр шуылдақ ансамбльдер көп келеді. Халқымыздың алтындай қазынасын жинап, халықтың жолында үлкен еңбек етіп жүрген Төлеген Момбеков, Жәнібек Кәрменов, Нұрғиса Тілендиев, Қайрат Байбосынов тәрізді өнерпаздарды осында арнайы шақыртып халықпен неге жүздестірмеске», – деп орынды ой тастаған еді.

Тиісті жолдастарды шұғыл түрде жинап кеңесіп, облысымыз арнайы шақыртып алдыра алмайтын әншіні қаламызға шақыртып, сексен мыңдай Түркістандықтармен

кездесулер ұйымдастыруды ойластырдық. Жөн білетін екі-үш кісіні Қызылқұмға жібердік. Қалғанымыз елендей хабар тосып отырдық. Ақыры хабаршыларымыз да қуанышты хабармен қайтып оралды. Жәнібек Түркістандықтардың тілегін аттап кете алмайтындығын ести салысымен, қызу дайындық жұмысына кірісіп кеттік.

...Шумилов атындағы темір жол клубындағы алғашқы кездесу атақты Ақан серінің «Балқадишасымен» ашылды. Өзге әншілерден Жәнібектің бір ерекшелігі өзі орындайтын әрбір әннің тарихына тоқталып отыруында дер едік. Арқаның жайлаудағы айлы түні. Адам баласы көп қиянат көріп, мылқау баласымен жеке өмір сүрсем деген Ақан сері. Мұңлы Ақанға кездескен Ыбырайдың сұлу қызы Балқадиша. Шолпысы сылдырлап Ақан серіге жәудірей қараған аяулы аруға арнап шығарған Балқадиша әні Жәнібек Кәрменовтің орындауында өте әсерлі шығады. Ақ жаулықтарының ұшымен көзін сүрткен кейуаналар мен бір сәт ойға батқан ауыл қарияларына қарап еріксіз толқисың.

Халқымыздың әншілік дәстүрі жайында бірнеше сағат тапжылмай сыр шерте отырып халық композиторларының шығармаларын нәшіне келтіре шебер орындайтын Жәнібек Кәрменовтің асыл өнеріне бас имеуге бола ма? Үкілі домбырасын қағып-қағып жіберіп, бірде айғайға басса, енді бірде жүректің нәзік қылын баса отырып сызылта бебеулететін әншінің күміс көмейінен төгілген әндерді тыңдағанда ерекше күйге бөленесің.

Алдын ала ескертусіз, қоспасы жоқ табиғи қалпында орындарынан тұрып залдың әр жерінен сұрау берген көпшілікке қарап, атақты Әміре, Жүсіпбек, Манарбек, Фарифолла тәрізді асылдың сынығындай алыптардың жалғасы Жәнібекке қарап іштей тебіренесіз. Сәті түсіп, көгілдір көктем күні Қаратаудың еріне шығып, киіз үйде самалды кеште Жәнібек салған әндерді ұзақ тындадық. Жәнібек аспандата ән салған сол бір кеште жасыл жапырақтарға оранған жеміс ағаштары ән әуеніне елтігендей ақырын тербеліп тұрды. Сықылықтай ағып жатқан ерке Майдамтал бұлағы да бірер сәтке тына қалғандай. Бұлақ жағасына тігілген қазақы үйдің басқұрларын қандай шебер жасады екен. Белдеуде тұрған шопандардың мініс аттары құлақтарын қай-

шылай, сарқырап тау өзеніндей ақтарылып жатқан әнді бірер сәт тындап қалғандай. Қазан маңындағы жеңгейлер мен қызмет көрсетіп жүрген жігіттер тұрған-тұрған жерлеріне отыра кеткен. Ақ сағымдар жосылған сонау қыратқа қарай әнге әсерленген біздің көңіліміз де шарықтап бара жатты. Қайран халық әндері. Сендер батыр бабаларымыз бен асыл әжелеріміздің де жан-жүректерін тербеттіңдер-ау. Осынау кең да аладай дарқан мінезді қайран қазақ халқы. Қандай да қиыншылық замандарда да әнге табындық. Ауыздықтармен алысқан арғымақтардың үстінде, ай астында ән салған сері халқым. Сайын далаға пана іздеп келгендерге айқара құшағынды ашып, астына ат, үстіне шапан, алдына мал салдың. Осындай дарқан пейілден шыққан халық әндері, сендер мәңгілік ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып кете берер ұлы мұрасыңдар. Талай өзендер сарқылар, талай көлдер тартылар бұл далада, бірақ халық әндері Жәнібектей жігіттеріміз бен Мақпалдай қыздарымыздың орындалуында аспандағы жұлдыздай жарқырап!

*...Кигенім аяғыма көк кебіс-ті,*

*Казанда қалқып жүріп өкпе пісті.*

*Бірге өскен бала кезден, беу қарағым,*

*Жас шағым сені көріп еске түсті...*

*Етегін ақ көйлектің көмкергенің,*

*Өзіме тек өзіңсің тең көргенім.*

*Жарып жеп жарты құртты отырғанда,*

*Ұнайды көзді маған төңкергенің,* – деп аңыратқанда қыз-келіншектер төмен қарап қызарса, жігіттер жымыңдап, қарттар жағы «ой, пәлі» деп қауқылдасып қалады. Бір әннен соң бір ән. Арнасына сыймай таудан төмен лықси аққан асау өзен тәрізді әндер біздің қиялымызды қай қиырға қалықтатпады. Көне Қаратаудың жан-жағынан қымтай бастаған қараңғылықты ошақта лаулаған от емес, Жәнібектің салған әндері кейін қарай серпігендей әсерде ме.

*Басынан Қаратаудың көш келеді,*

*Бір жорға көшкен сайын бос келеді.*

*Айырған қарындастан жаман екен,*

*Мөлтілдеп екі көзге жас келеді...*

*Күн бар ма кеткен ерлер жиылатын,*

*Атаның татқан суы бұйыратын.  
Талай ел паналаған халық едің,  
Қаңғырып болдың енді қырылатын.*

Атақты «Елім-ай» әні Жәнібектің орындауында ерекше әсерлі шығады. Өзге әншілердей емес, Жәнібек «Елім-айды» елуге жуық шумақпен орындайды екен. Әжейлер ақ жаулықтарының ұшымен көздерін сүртіп, қарттар терең-терең күрсініп төмен қарады. Жастар жағы да үлкен ойға берілгендей.

*Бұл дүние жеткізбейтін арман дүние,  
Бұрынғы бабалардан қалған дүние.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Бізден де өте шығар жалған дүние.  
Дүние өте шығар ойнақтаған,  
Алды-артын, барды-жоқты ойлатпаған.  
Азырақ білгенімше ән салайын,  
Өлеңді қайда айтамыз тойда айтпаған.*

Әрбір шумағы жаныңды әсем шуаққа бөлеп, жүрегінде тебіrentетін осынау халық әндері Жәнібек Кәрменовтің орындауында ешкімге ұқсамайтын қуаттылығы-нәзіктігімен де құнды.

Біздің бір байқағанымыз, өзге әншілерімізден Жәнібектің бір ерекшелігі, оның әрбір әнінің сөзін, сол сөздің мағынасын тыңдаушысына жеткізе айтатындығында. Ол өзіне ұнаған халық өлеңдерін жинап, жаттап алып, өз репертуарын үнемі жанартып, жасартып, іздеп жүретін әнші.

Қалада өткен кездесулерде қабырғаны қақ жарып сыртқа шығуға талпынған әнші даусы қарт Қаратаудың басында бір кеш бойы қырандай қалықтап тұрды. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты әнші, жыршы Жәнібек Кәрменовтің бай репертуарында даламыздағы әншілік дәстүрі қалыптасқан үш үлкен мектептің өкілдері бар. Егер таратып айтар болсақ: Арқадағы Сегіз сері, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Мәди, Біржан сал, Бүркітбайдың Мұстафасы, Ғазиз, Майра, Иман Жүсіп, Абай, Шәкәрім, Жаяу Мұса, Өсеттердің, Еділ мен Жайықтың жағасында жатқан қалың елдің Мұхиты мен бала Оразы, Жетісудың желмаясы атанған Кенен, Құлан аяқ Құлмамбет, Жамбыл, Үмбетәлі Сүйін-



бай, Сады қожа, Оңтүстік өңірінен шыққан Балқы Базар, қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, қара сақал Ерімбет, Жиенбай, Шораяқтың Омары, Құлыншақ, Майлықожа Нартай, Рүстембек жырау секілді бір-біріне мүлде ұқсамайтын алыптардың әр қайсысының творчествосына бір-бір таң арнайтын жап-жас Жәнібекті кейде көне көз шежіре ме деп қаласың. Не деген тереңдік. Жастайынан өнер десе ішкен асын жерге қоятын елде өскен Жәнібек бала кезінен әнші болсам деп емес, жазушы болсам деп армандағанын сөз арасында айтып қалды.

Ол бұл мақсатына да жетті. Оған Жәнібек Кәрменовтің тынымсыз ізденісі мен терең толғанысынан туған прозалық кітаптары куә. Республикалық әдеби басылымдарда жарық көрген шығармаларын былай қойғанда, әр жылдары жарық көрген «Ақылбайдың әні», «Ғашықтың тілі», «Махаббат әні», «Көк ала үйрек» тәрізді әсем әндей көркем прозалық кітаптарының авторы, ССРО Жазушылар одағының мүшесі екендігін жұрттың бәрі бірдей біле бермейді. Өзінің үкілі домбырасының егіз ішегіндей бір-бірінен мүлде алшақ әншілік пен қаламгерлікті қабат алып жүруді мұрат тұтқан Жәнібек Кәрменовтің қазірдің өзінде алған биігі талайларға қол жетпейтін арман. Түркістан қаласында болған үш-төрт күннің бір сағаты да бос болмады. Қоғамдық мекемелер мен жеке азаматтар кезекке тұрды. Тіпті бір-бірімен кезекке таласып, сөзге келіп қалғандығының куәсі болдық. «Қысқа жіптің күрмеуге келмейтіндігі» тәрізді, Жәнібектің біздің қалаға бөлген уақыты көзді-ашып жұмғанша өте шықты. Түркістан аспанын сағынышқа толы әсем әндерімен тербсткен, дірілдеткен, дүрілдеткен әнші-жазушымен жүздесу үшін «ұзын-құлақтан» естіген үлкен-кіші түгел жиналыпты. «Москва – Алматы» жүйрік поезы Түркістан қаласына санаулы минутқа аялдайды. Біз Жәнібек Кәрменовті осы поезға шығарып салдық. Онымен бірге бар қызық кеткендей құлаздық. Иә, біздің қаладан бірте-бірте ән алыстай берді, алыстай берді.

## ЯССАУИ ӘЛЕМІ

Тарихи қаламызда «Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени байланыстар» тақырыбында өтетін, «Яссауи әлемі» дөңгелек столы қазан айының 23-27 күндері болады деген жаңалық хабарды естігелі бізде ес қалмады. Қазақта «тойдың болғанынан боладысы қызық» деген аталы сөз рас-ау. Сол күннен бастап елде елеңдеушілік, тынымсыз қарбалас басталды. Анау-мынау өте салар жиын емес, Америка, Италия, ФРГ, Түркия, Польша, Қытай сияқты азуы алты қарыс сегіз елден лауазымды, дүние жүзілік ғалымдар келгенде қалай қуанбассың.

Шынын айтсақ, Түркістан қонақтан кенде емес. Бізге жыл сайын 7 мың шет елдік, 150 мың отандық туристер келіп кетеді. Олардың көбі ғимараттың іші-сыртын көріп, көз қуанышын көңіліне тую үшін келеді. Ал, мынадай айтулы Юнесконың арнайы программасы бойынша, Совет одағында алғаш рет кішкене қалада өткізілгелі отырған дөңгелек столы, біз үшін абырой әрі ұлы істерге бастар баспалдақ екені рас.

Бір мезгіл Түркістанның бүгіні мен кешегі тарихи беттеріне көз салып көрелік.

Түркістан бұл күндері тоғыз жолдың торабы, сан елдің ынтызары, көз қуанышы болған мекенге айналып отыр, Кеше Әмір Темір Көреген атанған, қылышынан қан тамған, «Ұлы Мәуреннахрдың билеушісі бұл күмбезді Қожа Ахметтің әулиелігі үшін немесе суфизмді дәріптеген ақындығы үшін емес, өз мүддесіне бола тұрғызды. Немесе Темір Түркістан өлкесін мекендеген Қаңлы-қыпшақ сияқты қазақтың мықты тайпаларын өзіне жеңіл қарату үшін саяси мақсатпен тұрғызылған ғимарат. Өзі-бұрынғы қараханивтер дәуіріндегі құрылыс өнерінің сол қалыптаса бастаған көп ерекшелігін бойына сіңірген бұл ескерткіш, XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басындағы сәулет өнерінің сүбелі мұрасы. Осы ата мұра – ғимаратымызға ғалымдар назары ерте түскенмен, алып құрылыс тарихтың «тар жол, тайғақ кешуін» көріп, жел, жаңбыр өтінде тұрғаны белгілі. Енді сол тарих жылнамасына ерік беріп, сөйлетіп көрелікші. Жиырма-сыншы жылдары ғимаратты зерттеуді Б. Денике, М. Е.

Массон, А.А.Семиновтар, ал, Ұлы Отан соғысы қарсаңында, яғни 1938-1941 жылдары, Б.Н.Засыпкин, Г.И.Пацевичтер жалғастырды. Н.М.Бачинский жер асты бөлігі мен оның беріктігіне барлау жасады. 1950 жылдардың басында Н.С.Гражданкина құрылыс жоспарын зерттесе, Т.Ш.Карумидзе қалпына келтіру жұмыстарын басқарды. Олар ескерткіштің тарихы жайлы бағалы материалдар берді. Кейінірек ғимаратты Қазақстан мен Өзбекстанның бір топ архитекторлары жұмыс істеп, оның жоспарын анықтап, жарып қарағандағы құрылыстың сызба өлшемдерін жасады.

Әрісі қырық-елу, берісі он-жиырма жыл болды, Қожа Ахмет Яссауи музейін отандық ғалымдарымыз бір кісідей зерттеп келді. Енді жаңа дәуірдің сәуір самалымен жеткен жақсылық нышаны біздің музейге де өз лебін әкелді.

Сонымен көптен күткен қадірлі қонақтарды, қазанның 23-күні қазақтың көзінің қарашығындай болып отырған, тарихи Түркістан топырағында тосып алдық. Алғашқы кездесу қалалық партия комитетінің үлкен мәжіліс залында бас-талды да кетті.

Мәжілісті ашу, қала тыныс-тіршілігімен таныстыру кезінде бойда қобалжу да, қысылыс та болды. «Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады» деген рас па деймін. «Қонақтарға не жөнінде айтам?...» деген сөзден емес, үлкен бастамаға жол ашқалы отырған, ертеңгі ұрпақ, әсіресе Ахмет Яссауи баба әруағы риза болар, тарихта ізі қалар кездесуге деген көңіл қуанышы бір сәт толқытып жіберген еді.

Тарихи қалада тұрып, тарихты білмеу ел үшін ғана емес, бүкіл түркі жұрағаты қадірлер баба рухы үшін де ұят. Бір кезде Ахмет Яссауи діни-мистикалық жырларымен елді жақсылыққа, әділеттілікке шақырды. Халықтың қайырымдылық сезімін ояту, оны басқа діндегілермен жауласудан сақтандырумен қатар, дін иелерінің ашкөздігін, зұлымдығын айтты.

*Бі шек білген бу дүниа бариа халықтар өтер,*

*Жиган малын бір күн қолдан кетер.*

*Ата-ана қарындаш кайда кетті? фікір қыл.*

*Төрт аяклық чубинат бір күн, саган жетер.*

*Дүниа үшін қам жеме, һақтан өзгені деме.*

*Кісі малын жеме, сиріт өзре тұтар*, – деген өлеңнің өзінен ұлы философиялық ақыл мен адами парасат аңқып тұрған жоқ па?

Яссауи өлеңдері құнды тарихи мұра әрі көне түркі тайпаларын зерттеуге де ортақ еңбек. Оның атағы қайтыс болған соң, Дәшті қыпшақ даласына кеңінен жайылды. Ол жөнінде көптеген аңыз-әңгімелер таралды. Мешіт бірте-бірте мінажат ететін орынға айналды. Халық аңыздарында Түркістандағы әулиенің әруағын атақты қолбасшы, бүкіл Шығысқа аты жайылған Әмір Темір Көреген сыйлап өткені айтылады. Ахмет Яссауи қайтыс болғаннан екі жүз жыл кейін қирап бітуге жақындаған кішкене мазар орнына, дүние жүзілік сәулет өнерінің белгілі ескерткіші орнатылады. Сөйтіп, екінші Мекке дүниеге келді. Әңгіме қазақ тілінде айтылды. Оны түркі тіліне, тәржімашы Қанрат есімді жас жігіт аударып отырды. Сегіз елден келген түрколог ғалымдар айтқандарымды зейін қоя тыңдады.

Сөз арасында «Тәржіме» газетінің тілшісі журналист Таха Ақжол:

– Түркістан ескі мен жаңаның жымдасқан көрінісін берер тарихи қала, бүгінгі қаланың саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайын айта кетсеңіз? – деп сұрақ берді.

– Рас, бүгінгі Түркістанның келбетін өз көздеріңізбен көресіздер. Ал, халқы негізінен қазақтар мен өзбектер. Қалада 80 мың халық бар. Олар 33 ұлт өкілін құрайды. Бір семьяда қазақ, өзбек, түрік, қырғыз ұлты бірі ене болса, екіншісі келін, күйеу, жезде болып тату-тәтті өмір сүруде. Бұл интернационализмнің кең өркен жайғанын байқатар өмір фактісі. Қаламызда бір медициналық, педагогикалық және индустриалды педагогикалық училище мен техникум, төрт кәсіптік техникалық училище, жиырма бір орта мектеп бар. Халықтың әлеуметтік жағдайы жақсы, – дедім.

Осы кезде, Стамбулдағы Мармар университетінің ғылыми қызметкері, профессор, геолог – Яссауист Мұстафа Тархали:

– Өз мамандығыңыз қандай? – деген сауал тастады.

– Мен Ташкендегі Темір жол институтын тәмамдағанмын. Мамандығым инженер-механик. Бірақ әдебиет пен мәде-

ниетке, өнерге жанымды қиямын. Әдебиетке қалам тартып жүрмін, – дедім. Отырғандар қошеметтеп қойды.

Осы кезде, жазушы, тарихи публицистикаға қалам тартып жүрген өнертанушы Ақселеу Сейдімбеков:

– Түркістан қаласының 1500 жылдығы неге тойланбай қалды? – деп сұрады.

– Бұл өз алдына үлкен әңгіме еді. Биылғы жылы қаланың бір жарым ғасырлық тойын өткізуді белгілеу туралы Қазақ ССР Ғылым академиясына хат жолдаған болатынбыз. Академия бізге Түркістанның осы жасқа келгендігі жөнінде нақты тұжырымдалған археологиялық тарихи және ғылыми дерек керек екенін айтты.


Музей осыған орай академиямен келісім шартқа отырды. Олар қаладан 10-15 шақырымдай қашықтағы Шойтөбе деп аталатын бұрынғы Шабғар қаласының орнына қазба жұмысын жүргізуде. Бұл жерден табылған қазба бұйымдары Түркістанның қала болғанына 2000 жыл болған деген дерек айтады. Алда амандық болса, Түркістанның тойына арнайы келесіздер! – дедім. Сөз соңында келген қонақтарға музейдегі соңғы жетістіктер айтылды. Биыл Қазақ республикалық «Әзірет Сұлтан қорығы» 90 гектар жерді иемденді. Музей сыртынан 12 шақырым көлемде қорған соғылып жатқаны, оның ішінде қонақ үйі, асыл заттар келген қонақтарға арналған сувенирлер жасалатын дүкен салыну жоспарда бар. Яссауи есімі шығыс, батыс елдеріне ертеден-ақ мәлім болғаны белгілі. Ескі кезде ұстазының атын оның шәкірт мүриттері шығарып отырған. Олар ақынды әділеттік пен адамгершілік идеялы, тақуа шеих ретінде танытқан. Халық өкілдері, дана адамдар Яссауиге үлкен баға беріп, поэзияға қосқан үлестерін атап көрсетіп отырған. Мысалы, Тәжіктің XIX ғасырда жасаған даңқты ақыны һайрат Яссауи шығармаларының сыншылдығын жоғары бағалап, өзінің сатира жазудағы ұстазы Яссауи болғанын ескерткен. Түркімен халқының атақты ақыны Мақтұмқұлы Яссауиды өзінің ілкі ұстазы санаған. Түрік ғалымдары біздің ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ көлемді монография жазады.

Мысалы, көпшілікке аты әйгілі академик А. Н. Самоилович өзінің 1909 жылы жазған еңбегінде Яссауи шығар-

маларын жоғары бағалап, оны өз халқының ұлы ақыны санаған. Нобель сыйлығының лауреаты профессор Мұхаммед Фуад Куприлизада өзінің Яссауи туралы көлемді зерттеуін 1928 жылы Стамбул қаласында бастырды. Кейбір жазушылар Яссауи өміріне арнап көркем шығармалар жаза бастады. Соның бірі Алексей Брагин. Ол Яссауиді 1945 жылдан зерттеп, мақала жазып, оның ескерткішін қастерлеген қазақстандық жазушы. 1984 жылы жарық көрген «Третье рождение» повесі сол еңбектерінің нәтижесі. Аталмыш повестің соңында ол Яссауи өлендерінен ең алғаш рет орыс тілінде үлгі тәржіме ұсынған. Өзбек әдебиеті тарихына, орта, жоғары мектептер оқулықтарына Яссауи творчествосы жеке тарау болып соңғы елуінші жылдардан бері еніп кетті. Ергеш Рустамов сияқты ғалым арнайы зерттеулер жазып, жариялап отыр. Совет ғалымдары, тюркологтар Яссауи шығармалары туралы толық түсініктеме беріп келеді. Бертелье Яссауиды «қара күшке негізделген қыр заңына қарсы, шартты түрде болса да, жоғары моральді уағыздаған поэзиялы ақын...» – деп келіп, «фольклорлық форманы алғаш қолданып, жазба поэзия мен ауыз әдебиеті байланысының ілгерілеуіне жеңілдік жасады», – деп ақын ролін жоғары бағалаған. Жасырарымыз жоқ, қазақ әдебиетшілері, тюркологтары Яссауиды зерттеу мәселесін тек 1960 жылдардан бері ғана қолға алды. Олардың алғашқы қадамдары сәтсіз емес. Сөйтсе, Яссауи сияқты замана қайшылығына көп ұшыраған күрделі көзқарасты ақын мұрасына жеңіл-желпі қарауға болмайды. Оның творчествосы арнайы терең зерттеуді күтіп тұр. Түркістанда өткен осы айтулы тарихи Кеңес сол бастамаға даңғыл жол ашып береді деп ойлаймыз. Яссауи еңбектері бүкіл түркі халқына ортақ мұра. Сол кездегі тайпалардың, біздің бабаларымыздың кешегі тілін, тұрмысын, этнографиясын, тарихын, салт-саналарын танытатын мәліметтерді кәдеге жарату – ұлы борыш.

Түркістанда өткен «Яссауи әлемі» атты дөңгелек стол мәжілісінің қорытынды сөзінде қонақтарға мен осы жайларды айттым.

*1990 ж.*



ἘΠΙΣΤΟΛΗ  
 ΤΟῦ ΑΠΟΣΤΟΛΟΥ  
 ΠΑΥΛΟΥ  
 ΑΡΧΙΕΠΙΣΚΟΠΟΥ  
 ΚΑΤΑ ΕΒΡΑΙΟΥΣ

III-ΘJIM

## **ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙГЕ ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ТЕГЕУРІНІМЕН**

**Е**лбасының дәстүрлі Жолдауы осы жолы өзгеше әсерге бөледі. Бұған дейін биік мінберлерден мәлім етілген Қазақ елінің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы нақтыланып, ілгері күндерге үмітпен қарайтын қалың көпшілікке ұсынылды. Менінше, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл жолғы Жолдауының «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» деп аталуы әбден орынды. Жаһандық экономикалық үрдістерге сәйкес дамып келе жатқан елдердің қатарынан табылуға бағытталған игі ұмтылыстың көріністері қазірдің өзінде байқалады.

Стратегияда тұжырымдалған бірінші басымдықты, яғни елдің әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуін іске асыру үшін қазіргі заманғы білікті менеджерлерді даярлау қажет. Әлемдік экономикада алдыңғы қатардағы елдердің елулігіне ену тіпті де оңай шаруа еместігі бесенеден белгілі. Бұл ретте өндірісті жаңаша дамыту талап етіледі. Мұны атқарудың зілбатпан жүгі менеджерлердің мойнына түседі. Өйткені, экономикадағы ілгерілеу менеджерлерге байланысты. Егер Малайзия, Жапония сияқты елдердің мысалына жүгінсек, олар тіпті зейнеткерлікке шыққан менеджерлердің әлеуетін кәдеге жаратқан. Елбасы да Алматыны қаржы және іскерлік белсенділіктің ірі өңірлік орталығы ретінде дамыту сөз болғанда сырт жерлерде мол тәжірибе жинақтаған мықты менеджерлерді тарту жөнінде сөз қозғады. Қазіргі құрылып жатқан холдингке шетелден менеджерлер шақыруды қолдаймын. Үкімет мұны кеңінен өрістетудің тетігін қарастыратын болар. Сондай-ақ, мықты менеджерлерді өз жерімізде даярлау да күн тәртібінен түспек емес. Қайта жаңа жағдайға байланысты, ел экономикасын жаңарту мен әртараптандыру тұсында жоғары оқу орындарына материалдық-техникалық базасын нығайту қажет. Бүгіндері бұған қатысты бірқатар шаруалар жасалып та жатыр. Оқытудың кредиттік технологиясы кең көлемде игерілуде. Мысалы, біздің академияда



бұл технологияның енгізіле бастағанына екінші жылдың жүзі болды. Жаңа технология – қашықтан оқыту да іс жүзіне асырыла бастады. Біздегі құрылған орталықтың көмегімен қазірдің өзінде Ақтөбедегі филиалда ғана жеделдетіп және сырттай оқыту бөлімдеріндегі 300-дей студент қамтылған. Жақында Астанада болып өткен «XXI ғасырдың білімі мен ғылымы – 2006» деп аталған халықаралық көрмедегі жұртшылықтың назарын аударған технологиядағы жаңалықтардың басым салмағы да М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының үлесіне тигені бекер емес. Сонымен бірге компьютерлік технологияның мүмкіндіктері студенттерге білім беруде кеңінен қолданылады. Арнайы жабдықталған, интернетке қосылған аудиториялар қатары да көбейіп келеді. Жетіспейтін әдебиеттердің жоғын түгендеу мақсатында электронды оқулықтар желісін кеңейте түстік. Жатақханамызды күрделі жөндеуден өткізудеміз. Білім және ғылым министрлігі тарапынан білім беру стандарттарын енгізуге бағытталған кешенді шаралар қолға алынып, келешектегі ұрпақ игілігіне қызмет ететін шаруалардың негізі қалануда.

Жолдауда қозғалған маңызды мәселелердің бірі – отандық кадрлардың біліктілігін арттыруға қатысты. Еңбек ресурстарын дамытудың тиімді жүйесін құру туралы айтылған тұста: «...біз өзіміздің отандық жұмысшыларды тәрбиелеп, олардың біліктілігі мен кәсіпқойлығын арттыруды естен шығармауымыз керек», – деп Жолдауда тап басып атап көрсетілгендей, жоғары оқу орындары бұл үдерістен шет қалмауы тиіс. Шынында да, жаңа талаптарға сәйкес өндірістегі технология өзгеріске ұшырады. Темір жолда да бұған ерекше маңыз берілуде. Болат жол бойындағы байланыс жүйесі, локомотив, вагон шаруашылықтары жаңа технологияны барынша енгізуде. Менеджмент және сапа жүйесі тарапынан қойылатын талаптарды орындау кадрлардың біліктілігін көтеруді тілейді. Сала мамандарын жаңа жағдайға бейімдеу мақсатында Алматыда кадрлардың біліктілігін көтеру орталығы құрылып, жемісті жұмыс істеуге кірісті.

Дегенмен, өзекті мәселелер де баршылық. Білім беру реформасына сәйкес он екі жылдық оқуға көшу шеңберінде

он жыл оқыған өреннің болашағын осы бастан ойлауымыз қажет. Оларды мектептен шыққаннан кейін жұмысқа араласу үшін жұмысшы мамандықтарына оқыту керек. Мұның қиындығы сол – көптеген кәсіптік-техникалық училищелер нарықтың ауыртпалығын көтере алмай, жабылып қалды. Тығырықтан шығудың ең оңтайлы жолы – облыс орталықтарында ғылыми орталық құрылуы тиіс. Бұған жоғары оқу орны, егер болса, кәсіптік-техникалық училище, мысалы, темір жол саласында жер-жерде жолдың техникалық мектебі бар, осылардың бәрінің басын қосу керек. Бұл механикалық тұрғыдан бәрінің басын біріктіруді мақсат тұтпайды, орталықтандыру қағидатына негізделеді. Өйткені, бұлар әртүрлі бюджет көздері арқылы қаржыландырылады, соны ескере отырып, ұйымдастыру жағынан орталықтандыруға баса көңіл бөлген жөн. Мұндай жағдайда жоғары оқу орындары білікті ғалымдарының әлеуетін ортақ мақсатқа пайдалануға болады, олардағы компьютерлік орталықтар да кәдеге жарайды, төменгі буындағылардың оқу ғимараттарын тиімді пайдалануға мүмкіндік туады. Өз кәсібін терең меңгерген жұмысшының интеллектуалдық өресі де зор болады. Интеллектісі жоғары жұмысшы жаңа технологияны тез меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар өзінің келешегіне де кемел көзқарасты қалыптастырады. Орталық өндіріс зәру болып отырған білікті маманды даярлаумен ғана шұғылданбайды, бакалавр магистр қатарын толықтыруға үлес қосады. Үдерістің бір қолдан шығатындығы – оң сипаты десек, артық айтқандық емес. Біз бұл жолды да кезінде жүріп өткенбіз. Жоғары колледж аясында филиал мен техникумды қосып та кадр даярлаған кезіміз болған. Мұндағы артықшылық – қаржыны үнемді жұмсауға болады, ғимаратты ортақ падалануға жағдай туады, оқу орындары мен өндірісің байланысы нығаяды. Осы орайда айта кетуге лайық жағымды жәйт – біздің филиалдың оқу-зертханалық корпусына қолымыз жетіп, жағдайды біраз түзеп алдық.

Жолдауда: «Жоғары білім беру саласында техникалық білім беруді дамытуға ерекше назар аудара отырып, жоғары оқу орындары желісінде оңтайландыру жүргізілуге тиіс», -деген жолдар бар. Шынында да, бұдан былай эконо-

мистерге, зеңгерлерге емес, инженерлерге зәрулік кең сипат алуға тиіс. Ақтөбе облысында таяу уақытта кенметаллургиялық, мұнай машинелерін жасау, өнеркәсіптік құрылыс индустриясы, тағам өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет салаларында кластер құру көзделуде. Демек, өзінен-өзі кадрларға деген сұраныс туындайды. Біз айтқан орталық құрылғалы отырған көлік-логистикалық кластерінің кадрларға зәрулігін шешер еді.

Жоғары оқу орындарының мәртебесі мен мамандығына қарай оқудың құнын саралау жөніндегі Жолдауда сөз болған тұжырымдарды да толық қолдауға болады. Жұртшылық мұны түсіністікпен қабылдауы керек. Бүгіндері құр диплом алуды мақсат тұтудың күні өтті, ең бастысы – білім керек. Құр теориядан гөрі практикалық маңызы жоғары білімді игеруге ұмтылған жөн. Ал бұған қол жеткізудің бірден-бір жолы – оқу орындары соған сәйкес болуға тиіс. Өзірге жасырудың немесе жауырды жаба тоқудың не жөні бар, оқу орындарының саны бар да сапасы жоқ. Көбісінің практикадан өтетін жерлері де жетіспейді. Оңтайландыру үшін жүргізілмей, өндіріске керекті мамандықтарды оқытуға көңіл бөлінуі керек. Терең білім алатындай мүмкіндік жасалатын болса, тиісінше мұның құны да қомақты болуы қажет. «Болашақ» арқылы шетелде оқитын студенттерге бөлінетін қаржы мен біздегі оқудың құнын қарапайым ғана салыстырсақ та, көп мәселені аңғаруға болады.

Бір айта кетерлік жәйіт – қашықтан оқыту орталығы кең қанат жайған сайын филиалдарда да сапалы кадрларды даярлауға мүмкіндік туады. Өйткені, жұрттың бәрінің бірдей баласын Алматыда немесе Астанада оқытуға қалтасы көтермейді. Алдағы уақытта материалдық-техникалық базасы бар филиалдарда да диплом алу мәселесі заңнамалық тұрғыдан шешілуі керек. Бұл – әлеуметтік мәні зор мәселе.

Жолдауда осы заманға және бәсекеге қабілетті көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жөнінде де сөз болды. Республика көлік-коммуникация кешенінің басты мақсаты – еуразиялық көлік жүйесіне кірігу. Еуропа мен Азияның ортасындағы аралық көпір болып отырған

еліміздің геостратегиялық орналасуының артықшылықтарын пайдалану қажет.

Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясын әзірлеу мәселесіне арнайы тоқталып, атап айтты. Демек, мұны қолға алу керек. Қазақ елінің қолайлы географиялық аумақта орналасуы халықаралық көлік тасымалы рыногында лайықты орын алуына бастайды. Мұның өзі, ең алдымен, елдің валюталық қаржы түсімінің әлеуетін арттыратыны даусыз. Қазірдің өзінде сарапшылар Қазақстан арқылы өтетін көлік тасымалының есебінен жылына 2 миллиард доллар көлемінде қаржы түседі деген болжам жасауда. Және арта түспесе, кемімек емес. Бұған қолайлы алғышарттар да баршылық. Еліміз арқылы өтетін көлік дәліздері жер қойнауы байлығына толы өңірлердің үстімен тартылмақшы. Аралық көпір әлеуетін арттыру, көлік дәліздерін қалыптастыру, телекоммуникацияны жаңарту өндірісті өрге сүйрегені өз алдына, өңірлерде тұрып жатқан отандастарымызды жұмыспен қамтуға мүмкіндік беріп, әлеуметтік мәселені де оңды шешуге септігін тигізеді. Яғни көлік жүйесі ғана қанатын кеңге жаймайды, сонымен қатар басқа да салалар, соған сәйкес қызметтер, тұтастай алғанда ел экономикасы жаңа деңгейге көтеріледі.

Ал өз кезегінде елдегі көлік-коммуникация құрылымының даму деңгейі инвестициялық жағдайларды бағалаудың тиімді факторы болып табылады, экономиканың көптеген салаларына шетел капиталының келіп құйылуына септеседі. Бұл, бір жағынан, Орталық Азия аймағының ықпалдас-тығын арттырса, екіншіден, Еуразия кеңістігінің экономикалық әлеуетін нығайтуға қосылған үлес ретінде көрінеді. Жолдауда: «Жүктердің тез өткізілуін ұйымдастыру жөнінде тиімді рәсімдер енгізу үшін көршілермен арадағы нақтылы уағдаластықтарды дамыту қажет», – деп атап көрсетілуі де бұл орайдағы нақты істердің ауқымын аңғартқандай.

Қазақ елінің өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында тұрғандығын айқын да ашық көрсеткен, әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы нақты белгіленген биылғы Жолдаудың мәні ерекше,

маңызы зор. Мұны әркім өз саласында нақты іс жүзіне асыруға үлес қосуы тиіс.

Біз де әлемдік деңгейге көтерілудің бірден-бір жолы – техникалық білімнің тегеурінін арттыру деп білеміз. Бұған қол жеткізсек, Көлік стратегиясы да егемен елдің болашағына қызмет ете бермекші.

*«Егемен Қазақстан»  
25 наурыз 2006 жыл*

**КӨЗІНДЕ ОТ,  
СӨЗІНДЕ ЖАЛЫН БАР**  
*жастар көп болса да  
олардың білімін пайдалана алар емеспіз*

«Әлеуметтік-экономикалық жаңару – Қазақстан дамуының басты бағыты» деген 2012 жылғы қаңтардағы халыққа жолдауында республика Президенті Н.Ә.Назарбаев іске асырылуы тиіс кешенді мақсаттардың жетінші бағыты – «Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі, бұл ең алдымен білім және денсаулық» екенін қадап айтты. Білім жүйесін жаңарту барысында ең маңыздысы оқу процесіне қазіргі заманауи өрістер мен технологияны енгізу, ұстаздар қауымының сапасын арттыру, олардың кәсіби біліктілігін анықтауда тәуелсіз жүйе құру, жастарды білімді етумен шектелмей, оны әлеуметтік бейімделу барысында дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу процесінде патриоттық сезімге ие, моральдық және заңдылық, ұлтаралық келісім мен толеранттылық ережелерін сақтап, өнегелі болу, дене және рухани даму сияқты адами қасиеттерді бойға сіңіретін тәрбиелік жұмыстарды іске асырудың қажеттілігіне аса көңіл бөлді.

Елбасы Үкіметке, барлық білім мекемелерінде аталған құндылықтарды жастардың бойына сіңіруге бағытталған кешенді жоспар жасауға тапсырма берді.

Біз адам капиталының сапалы өсуінің құрамдас бөлігі – білімді жетілдіруді алып қарасақ, Қазақстанның бәсеке-лестік артықшылығының ұзақ мерзімді бағытына қол жеткізу, мемлекеттің даму мүмкіншілігі, оның әлемдік бәсеке-

лестікке жетуінің бірден бір жолы адам капиталын дамытуға саяды. Мұндағы даму дегеніміз, тек қана экономикалық өсуді жоғары деңгейге жеткізу ғана емес, адами капиталға инвестиция құю және кедейлікті жою болып табылады. Қазіргі экономикалық теория көзқарасы бойынша, өндіріс факторлары капитал және жер экономикалық өсудің енжар факторлары болса, адам қорлары (кәсіби біліктілік пен арнайы білімнің жоғары және сәйкестілігінде) ең белсенді факторына жатады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, экономикасы табысты дамыған елдер (Оңтүстік Корея, Тайвань, т.б.) өздерінің адами қорларының мүмкіншілігіне сүйенеді. Сондықтан да Қазақстан азаматтарының білім деңгейін жоғары көтеру экономиканың болашақ дамуының алғы шарты деп қарастыру керек.

Адами капиталға қаржы салу арқылы, адамдар еңбекақы мөлшеріне тікелей әсер ете алады. Олар білімін, мамандығын, іс-шеберлігін көтеру арқылы болашақ еңбекақысын жоғарылата алады.

Адами капитал қазіргі заман экономикасында инвестиция құйылуының ең маңызды нысаны (объектісі) болып табылады. Айталық, АҚШ-та адами капиталға құйылатын инвестиция көлемі, өндіріс капиталына салынатын капиталға қарағанда екі есе артық, инвестицияның орта мектеп біліміне құйылуынан түсетін пайдасы 10-13% және жоғары білімге құйылуынан- 8-10% құрайды.

Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде экономиканың нығаюы халық тұрмысын жақсарту мен ең маңызды мәселе әлеуметтік-экономикалық жаңарту талаптарына сәйкес келеді. Өйткені, қоғамның дамуында өмір мен экономиканың барлық саласына мамандар дайындайтын жоғары білім ошақтары өте маңызды роль атқарады. Жоғары оқу орындары үш бірдей міндетті орындауы тиіс. Олар – кәсіби мамандар, зерттеушілер және жетекші лидерлер болып табылады. Егер де осы көрсеткіштердің бірі болмай қалса, онда жоғары білімнің академиялық принциптері сақталмағаны, әрине егер білім нағыз жоғарыға лайық және ол біздің қоғамымыздың дамуына бағытталған болса.

Қазіргі кезде Қазақстанда 146 жоғары оқу орны, оның ішінде 32 мемлекеттігі жұмыс істейді, мұнда 610 мыңнан астам студенттер білім алуда. Студенттер санының бір жыл-

да өсуі әлемдік көрсеткіштен екі есе артық. 10 мың тұрғындарға шаққандағы студенттер саны бойынша республика әлемдегі дамыған Германия, Жапония, Ұлыбритания елдерінен асты, Норвегия, Канада елдерімен деңгейлес, тек АҚШ, Россия, Финляндия елдерінен ғана төменгі орында.

Соңғы 10 жылда білім жүйесіне бөлінген қаржы 7,5 еседен артқан. 2011 жылы мемлекеттік бюджеттен 900 миллиардқа жақын теңге қаржы жұмсалған. Бұл республиканың жалпы ішкі өнімінің 4,2% құрайды. Қазақстанда 5 тен 24 жас аралығындағы тұрғындардың 75% оқуға тартылған. 30% азаматтар білім мен ғылымға тартылған. 4,5 млн адам оқытылуда.

Сондай жоғары оқу орындарының бірі, еліміздегі көлік қызметінің белсенді дамуына айрықша үлес қосып келе жатқан сүбелі білім ордасы – М.Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясының алға қойған мақсаты да тәжірибелі мамандар даярлау. Елбасы жолдауында атап өткен тапсырмалар мен міндеттерді орнымен жүзеге асырып келе жатқан академияда білім алып жатқан жастардың айы оңынан туған деп айтуға толық негіз бар. Осының айғағындай, 2009-2010 оқу жылында ғылымды серік еткен жастарға қолдау көрсету үшін 81 млн.теңге қаржыға құрал-жабдықтар сатып алынды. Атап айтар болсақ, 61,5 млн.теңгеге оқу- зертханалық жабдықтар; 9,9 млн.теңгеге 113 компьютерлік техника; 9,5 млн.теңгеге 30 бірлік бейнепроекторлар алынып, қолданысқа енгізілді. Жастардың білімін, дүниетанымын, өмірлік мақсатын қалыптастыру жолындағы оқу орны ұстанған бағыттың қоғам үшін құндылығы зор екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүргізген зерттеулерге сүйенсек, әлемде дайындалатын жоғары білімді мамандар саны жылына алты пайызға өсуде. Бұл жалпы алғанда тұрғындардың білім деңгейінің көтерілуін көрсетсе, екінші жағынан дүниежүзілік эксперттердің мәліметтеріне сәйкес, білім сапасының төмендеуіне әкеледі екен, ол дамушы елдерде жұмыссыздықтар санының көбеюіне және әлеуметтік шиеленістерді туғызады.

Елімізде бүгінгі таңда жоғары оқу орындарын халықаралық және ұлттық аккредитациялау енгізілуде, мамандар-

ды сапалы дайындаудың жүйелі шаралары іске асырылуда. Жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасын анықтауда академиялық еркіндігі кеңейтілген; бағдарлама құрамының қажетті бөлігін компонентін таңдау бакалавриатта 40 тан 50 пайызға, магистратурада 50-ден 60 пайызға, докторантурада 70-тен 80 пайызға дейін кеңейтілген. Техникалық және кәсіби білімді басқарудың жаңа принципке негізделген бірлескен корпоративті жүйесі қалыптасуда. Мамандар дайындаудың ұлттық кеңесі, 16 аймақтық және 14 салалық кеңестер, «Холдинг –Кәсіпқор» АҚ құрылған. Бірінші рет республикада кәсіптік стандарттарды дайындау процесі басталды.

Дегенмен өткен жылы жүргізілген реформалар мен мемлекеттік бағдарламалар стратегиялық маңызды проблемаларды күн тәртібінен алып тастай алмады. Бұлар мамандықтар бойынша дайындалған кадрлардың құрылымындағы сәйкессіздік; білім қызметі нарығын мемлекеттік реттеудің нәтижесіздігі және ұлттық өзін – өзі реттеудің әлсіздігі, жоғары білімнің сапасын төмендетуге және отандық жоғары оқу орындарының дипломдарының құнсыздануына әкелетін сапасыз, таза емес нарықтық бәсекелестіктің едәуір орын алуы.

Қазақстанда жоғары білімді жаңа халықаралық деңгейге көтеру үшін бәсекелестікке қабілетті отандық кадрларды дайындау мүмкіншілігін ұлғайтуға көмектесетін білім мен ғылым саласына үнемі және тұрақты түрде инвестиция құю керек. Барынша білімді экономика барынша тұрақты дамиды. Білімді жоғары дәрежеде инвестициялаған елдердің экономикалық көрсеткіштері де жоғары.

Білімді халықаралық деңгейге көтеру бағытындағы жұмыстар М.Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясында да өз жемісін беруде. 2008-2009 оқу жылында «ТМД елдеріндегі көлік қызметіне байланысты білімді жетілдіру» ұранымен ТРАСЕКА жобасы жұмысын бастаған болатын. Нидерланды, Германия, Греция сияқты елдерде бастама алған аталмыш жобаның негізінде академия қабырғасында бірнеше семинарлар мен симпозиумдар өткізілді. Басқосулар барысында теміржол саласындағы жаңалықтар мен көлік қызметін арттыру жолындағы жаңаша әдістер талқыланды, ойлар ортаға салынып,



тәжірибе алмасты. Сондай-ақ, 2010-11 оқу жылында халықаралық деңгейдегі жаңа жобаның тұсауы кесілді. Бұл жоба Қазақстанның білім тарихында тұңғыш бастама екенін атап өткен орынды. 30 магистрант Темпус Европалық бағдарламасы аясында білімдерін жетілдірмек. Оларға академия дипломымен қоса халықаралық үлгідегі CNAM дипломы да тапсырылады. Бүгіннен болашаққа қадам басып отырған білім ошағының бастамасын білімпаз жастар қуаттап, халықаралық серіктестік арқылы сапалы білімге қол жеткізуге болатындығына қуана ынталылық танытты.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму зерттеу ұйымының зерттеулері көрсеткендей елдің еңбекке жарамды тұрғындарының білімінің орташа деңгейінің бір жылда өсуі, жалпы ішкі өнімнің көлемін 3-6% ға және ЖІӨ өсу қарқынын 1% дан аса көтереді. Соңғы жылдары Қазақстанда білімді қаржыландыру көлемі едәуір ұлғайғанымен әлі де болса жеткіліксіз. Дамыған елдерде мемлекет білімге ЖІӨ нің 7% деңгейінде қаржы жұмсайды. Батыс елдерінде білімді қаржыландыруға түрлі ынталы жақтардың қатысуы қалыптасқан: жұмыс беруші, қорлар деңгейіндегі коммерциялық емес субъектілер – грант берушілер, қамқоршылар – меценаттар, мемлекет және қызмет тұтынушылардың өздері.

Қазақстан Үкіметі тарапынан білімге бөлінетін қаржы негізінен мемлекеттік жоғары орындарымен шектеледі. 2011 жылы жалпы білім шығыны 5 млн доллар деңгейін құраса, Швецияда 18,5 млн доллар, Ресей Федерациясында – 45 млн доллар, АҚШ-да – 267 млн доллар, Австралияда – 15 млн доллардан асады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алға қойған міндеті – мемлекеттік –жекеше серіктестік механизмі арқылы жастардың білімге қол жеткізу мүмкіндігін арттыру – ауылдық жерлер мен тұрмысы қамтамасыз етілмеген жанұя жастарының жол кіресі мен пәтер ақысын төлеуге мемлекет тарапынан жәрдем беру, жатақхана жүйесін дамыту қазіргі ең маңызды мәселе болып табылады.

Жасырын емес, көптеген жұмыс берушілердің жоғары оқу орындары дайындаған мамандардың сапасына көңілі толмайтындығы, өйткені білім бағдарламалары жұмыс берушілердің талабына және экономиканың қажеттілігіне сәй-

кес келмейді. Оның үстіне жоғары оқу орындары студенттерінің 46%-ын сырттан оқитындар құрайды, олардың дені (60%) техникалық және кәсіптік білім ошақтарын бітіріп, бірыңғай тестілеу сынағынан өтпей-ақ оқуға түскендер, оның үстіне жылдамдатқан оқу бағдарламасымен дәріс алатындар. Әрине, білімді толық меңгермеушілік мамандардың кәсіби дәрежесіне тікелей әсер етеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «болашақшылармен» кездесуінде: «Бізге ұлттық интеллектінің дінін құру қажет, бізге халықаралық бәсекеге түсе алатын эрудициялы адамдар керек», – деп қадап айтып, ол жобаның үш аспектісін көрсетті:

Бірінші, Қазақстанның білім беру жүйесіндегі серпіліс.

Бүгінде білім беру үдерісіне мүмкіндігінше кеңірек қарауға болады. Әр адамды қазіргі заманғы әлемде іс істеуге, білім ала білуге, өмір сүре алуға, бірлесіп өмір сүре білуге үйрету қажет. Бұл ЮНЕСКО қалыптастырған білім берудің төрт тағаны.

«Интеллектуалды ұлт» жобасының екінші аспектісі – ғылымды дамыту және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру. Ғылым инновациялық экономиканың негізі болуы тиіс.

«Интеллектуалды ұлт» жобасының үшінші аспектісі – бұл инновация жүйесін дамыту.

Инновация – бұл қашанда сезгілікті тауар өндірісі сезіміне әкелетін, пайда мен бәсекеге қабілеттілікті күрт ұлғайтатын идеялар тоғысы мен бизнес.

Бүгінде Қазақстанға инновациялық қызметтің «жарылысы» қажет. Бизнес перспективалы жобаларды іздеп, оларды жүзеге асыру үшін бейімделуі және жұмыс істеуі тиіс.

Қазіргі заманғы білім берудің перспективалық міндеті – ол сындарлы ойлай білетін және ақпараттар ағынында бағдар ала білуге қабілетті адамдарды даярлау.

Бұл мақсаттар мен міндеттерді іске асыру Қазақстанның болашағын анықтайды.

Әлемдегі дамыған елдерде білімге негізделген қоғам қалыптасқан, ондағы прогрессті қамтамасыз ету жоғары технологияның алға жарып шығуы себепті.

Жаңа экономиканың ерекшелігі өзінің іс-әрекетін ақша пайдасымен ғана есептейтін ұтымды адамдардың бірте-бірте-

те творчестволық, жете зерттеу нәтижесінде жаңа идея тудырушы және оны өндіріске ендіре алатын адамға айналуы. Сондай –ақ қазіргі әлемде білім іс-әрекет, амалдың мәдениеті, қозғалыс мәдениеті. Бұл мағынада дамыған елдерде экономикалық, Гуманитарлық және бизнес пәндерінің мәдени мазмұн-мағынасына аса көңіл бөлінеді. Түсінген кісіге оның байлығы – елдегі мұнай, газ, т.б. пайдалы кендердің үлкен қорымен есептелмейді, әркімнің жеке басының ақылы, білімі мен іскерлігі және жоғары мәдениеттілігі. Мұндай мәдениетті адам, өзінің еліне қосқан үлесін арттыру үшін тұрақты түрде кемелге жетуге тырысады.

Білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыты – ұстаздың кәсіби мәртебесін көтеру. Елбасы: «Біз кәсіби мұғалімнің мәртебесі мен абыройын қалпына келтіруіміз керек», – деп, ел алдына мақсат-міндет қойды. Бұл мақсат жоғары оқу орындарының ұстаздарына тікелей қатысты. Әрбір ұстаз «ең жоғары құндылық-адам және адамгершілік» екенін есте сақтап, студент пен магистранттардың танымдылық, ойлағыштық қызметін ұйымдастырушы бола білуі керек.

Лайықты деңгейде кәсіби білім алуды жақсы жолға қоя білген М.Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясының ұстаздар қауымы да ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілікті терең сезінетін жандардан құралған. Соның айғағындай болар, өткен жылы 39 адам Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан темір жолы ХК» АҚ төсбелгілерімен марапатталды. Оның ішінде 7 адам Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «ҚР құрметті білім қызметкері» төсбелгісіне ие болса, 13 оқытушы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы ғылымына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, 2 адам «Ыбырай Алтынсарин» атындағы төсбелгіге ие болды. Оқу орнының диссертациялық кеңесінде 72 кандидаттық диссертация қорғалып, оның 30-ы академия жұмысшылары болып отыр. 7 адам докторлық диссертацияларын сәтті қорғап шығып, бүгінгі таңда оқу орнында 43 ғылым докторы мен 176 ғылым кандидаты Қазақстан-

ның болашағына жемісті қызмет етуде. Оқу орны жанынан қамқорлық кеңесі құрылған. Кеңес басқосуында қаралатын мәселелер қоғамдағы өзекті проблемаларға негізделген. Жұмыс берушілермен арадағы қарым қатынасты талқылау мәселесіне арналған жиындарда академия түлектерінің жұмысқа орналасу жағдайы қаралып, оңды шешімін тауып келеді. Жоғары білім мүддесі, жастардың бойына жоғары деңгейде сапасы өшпестей адами құндылықтарды сіндіріп, ең алдымен студенттерге терең білім беру, адам кәсіби этиканы сақтай алатын, өмірде проблемалардың алдын алу мен оларды жою жолдарын табуға дағдыландыру болып табылады. Жоғары оқу орнын бітірушілер, қайсыбір мамандықты игермесін жоғары мәдениетті ар-ұяты жоғары болмаса табысқа жете қоймас.

Сондықтан ел Президентінің халыққа жолдауында атап көрсеткеніндей, «оқу жастарға білім ғана беріп қоймай, сондай-ақ әлеуметтік бейімделу процесінде іскерлік таныта білуді үйретуі керек» деген тапсырмасын іске асыру барлық ұстаздар міндеті.

Дәл осы тұста аздап шегініс жасап: «Адамға шын мәнінде білімдар болуы үшін үш қасиет: жан жақты білім, ойлауға дағдылану және сезім дархандығы қажет. Кімнің түйсігі жұтаң болса, ол – бейшара, кімде дархан сезім болмаса, ол – дарақы», – деген Н. Чернышевскийдің сөзін басшылыққа алғанымыз артықтық етпес. Өзінің ертеңгі болашағын жас ұрпақтың бойынан көретін кез келген мемлекет үшін өз жастарының білімді де білікті болуы басты назарда. Білімге ден қойған жас қана «тас қияға өрлеп», өз болашағын құруға тас түйін дайын болмақ. Сондықтан да, мемлекет үлкен өмірге қадам басқан әрбір жастың ықыласы мен үмітін ескеріп, қанатын кеңге жайған жаһандану дәуірінде мемлекеттік саясаттың басты мәселесін білім, ғылымға арнап отыр. Жоғары білімі бар мамандар даярлаудың мемлекеттік тапсырысында техникалық, инновациялық мамандықтарға басымдық берілгендіктен, студент жастар теориялық білімдерін ғана жетілдіріп қоймай, түйгендерін іс тәжірибемен ұштастыра білуі де үлкен роль атқармақ. Әсіресе, техникалық мамандықта оқып жүрген жастар өндірістік практика-

дан қол үзбегендері абзал. Кәсіби мамандардан көріп, көкейге түйгендері ертеңгі күні өмірлік азықтарына айналары сөзсіз.

Сонымен бірге, оқулықтар мен оқу құралдарының сапалылығына, халықаралық деңгейдегі білім стандарттарына сәйкестігіне ден қоятын уақыт жетті. «Білім көзі – кітапта» екенін ескерсек, білім іргетасы мықты қаланған бүгінгі студенттен ертеңгі күні сапалы маман иесі шығады.

Студенттер мамандығына байланысты ғана материалды меңгеріп қоймай, логикалық ойлау жүйесін дамыту да үлкен маңызға ие. Өз елінің әдебиетімен қоса шетел классиктерінің туындыларын оқып, сараптап, ой түйе білсе болашағында алға қойған мақсатына жетуге кепіл болмақ. Телеарналарда өткізіліп жатқан интеллектуалдық ойындарда белгілі бір аудитория ғана қамтылып, қалған жас өскін тек көрермен ретінде перде сыртында қалуда. Олардың да үміттері зор болғанымен, қолжетімділік аз. Ауылдық елді мекендерде де «көздерінде оты, сөздерінде жалыны» бар жастар қаншама. Солардың да үміттерінің ақталып, армандарының орындалуына жағдай туғызу керек. «Білекті бірді, білімді мыңды жығатын» заманда жастарымыз білім, ғылымға деген құштарлықтарын арттырса, шығар шыңымыз биік, алар асуымыз асқақ болмақ...

*«Түркістан»*

*халықаралық саяси апталық, № 41 (951)*

*11 қазан, бейсенбі, 2012 жыл*

## **ЕЛ БОЛАШАҒЫ КӨЛІК КЕШЕНІНДЕ**

Бүгінгі таңда жастардың тілегін және уақыт талабын қанағаттандыратын жоғары оқу орны М. Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясы (ҚазККА) теміржол, автомобиль, су және құбыр жолдары көлігі мамандарын даярлайтын, аттестация мен аккредитациядан өткен еліміздей бірден бір жоғары оқу орны. Академия 54 мамандық бойынша инженерлер даярлайды. Оқу процесі жоғары дәрежелі профессор-оқытушылар құра-

мымен жүзеге асырылады, оқытушылардың 35%-ы ғылыми дәрежелер мен атақтарға ие. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі академияда көлік-коммуникация кешенінің 21 мамандығы бойынша оқу-әдістемелік бірлестік құрған. Академия авторлық ұжымдарының қатысуымен осы мамандықтардың мемлекеттік стандартты мен типтік оқу бағдарламалары жасалып, министрлікте бекітілген. Бұл құжаттарды республиканың көлік саласы мамандарын даярлаушы барлық жоғары оқу орындары басшылыққа алуда. Оқу зертханаларын жетілдіру және виртуальды зертханалар ашуға қаржылар бөлінуде. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы темір жол саласы жұмысшылары мен қызметкерлердің балаларына арнап «Атаулы көмек», «21 ғасыр магистралы», «Степендианттар» бағдарламалары бойынша салалық гранттар мен стипендиялар белгіледі. Жақсы оқитын студенттер үшін «ЮСКО» оңтүстік – Корея компаниясы стипендия төлесе, «Қазмұнайгаз», «Трансстроймост», «Астана моторс» компаниялары жоғары курс студенттері үшін гранттар белгіледі. Сонымен қатар академия студенттері Қазақстан Президенті, Қ. Сәтбаев, М. Тынышбаев, Т. Рысқұлов, М. Усанович, Б. Момышұлы, Ғ. Мүсірепов атындағы, ал жетім балаларға – республиканың бірінші ханымы Сара Назарбаева белгілеген стипендияларды ала алады.

Академияның 4 аймақтық бөлімшесі бар, соның ішінде Ақтөбе бөлімшесі 25 жыл бойына республиканың Батыс аймағы үшін мамандар даярлайды. Филиал түлектері қазір аймағымыздың барлық көлік кәсіпорындарында еңбек етеді, көптеген түлектеріміз ғалым атағына ие болды, республикада ғана емес, алыс, жақын шетелдерде ірі кәсіпорындарды басқаратын түлектер де көптеп саналады. Қазір Ақтөбе филиалы 16 мамандық бойынша кадрлар даярлайды, күндізгі бөлім студенттерінің 35%-ы мемлекеттік гранттар мен кредиттер бойынша білім алуда. Филиалда екі оқу корпусы, студенттер жатақханасы, бай кітапхана қоры, білікті маман кадрлар бар. Филиал оқу қызметін оқу сапасына айтарлықтай әсерін тигізетін көлік және коммуникация кешені мекемелерімен бірлесе отырып жүргізеді. Қазіргі уақыты Ақтөбе филиалының базасында Академия құрамындағы институт

ашу мәселесі шешілуде, демек көп ұзамай кейбір мамандықтар бойынша диплом жұмысын қорғау мен мамандар даярлау Ақтөбе қаласында жүзеге асырылатын болады. Бұл республиканың Батыс аймағында тұратын Алматыда оқуына қаржылық мүмкіндігі жоқ көптеген жастардың көлік және коммуникация мамандықтары бойынша жоғары білім алуына жағдай туғызады.

Батыс Қазақстанның көлік саласының айтарлықтай өркендеуіне байланысты инженер кадрларына деген сұраныстың артуы Ақтөбе қаласынан институт ашудың маңыздылығын дәлелдейді. Ұзындығы 402 шақырымға созылған Хромтау-Алтынсарин, 72 шақырымдық Жаңа жол-Ембі темір жол желілерінің іске қосылуы күтілуде. Сол сияқты жолды 700 және 430 шақырымға қысқартатын Бейнеу-Сексеуіл, Сексеуіл-Жезқазған темір жол желілерінің құрылысы жоспарланды. Болашақта ұзындығы 2000 шақырымдық евроғашық табанды, Атырау-Алашанькоу темір жолының құрылысын, сол сияқты мұнай және газ тасымалдайтын Достық және Алашанькоу станцияларында терминалдар құрылысы салынбақ. Темір жол жүйесінің дамуы, Ақтөбе-Қарабұтақ (Қостанай облысымен шекарада), Қарабұтақ-Ырғыз, Ақтөбе-Орал, Самара-Шымкент автомобиль жолдары, Кеңқияқ-Атырау құбыр жолы, бұрынғы жолдар мен байланыс құралдарын реконструкциялау мен модернизациялау барлығы республиканың батыс және өзге аймақтарында көлік және коммуникация мамандарына деген зәрулікті арттырады. Бүгіннің өзінде Қазақстанның солтүстік облыстарында темір жол көлігі инженер кадрларының жетіспеушілігі байқалуда.

Биылғы жылы, көлік-коммуникация кешенінің стратегиясының маңызына байланысты республика үкіметі тарапынан жаңа ережеге сай, дамыған материалдық-техникалық базасы мен кадрлар даярлаудың сапалылығы ескеріп, М.Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникация академиясына көлік және коммуникация мамандықтары бойынша мемлекеттік білім гранттары мен несиелері елеулі бөлініп отыр. Жалпы білім беретін мектеп түлектері биылғы жылы бірыңғай ұлттық тестілеуден өтіп, сертификат алғаннан кейін, конкурсқа қатысуды мемлекеттік білім грантын алу үшін оқу ор-

нын атай отырып үкімет бөлген екі мамандықты көрсетулері қажет. Талапкерлер арыз бергенде барлық мамандықтар бойынша конкурс жайлы толық мәлімет ала алады және сол арқылы өз мүмкіндіктерін айқындап, мамандық таңдай алады. Техникалық мамандықтарға арыз беру үшін сертификатта міндетті үш пәннен басқа төртінші пән физика болуы шарт.

Қолда бар мәліметтер бойынша мектеп бітірушілердің басым бөлігі төртінші пән ретінде географияны таңдағаны белгілі болды, демек, бұл түлектер бүгінгі таңда елімізде шамадан тыс көп даярланған, әрі мемлекеттік білім гранттары мен несиелерін тым аз бөлігі берілген экономикалық мамандықтарды таңдаған. Дегенмен, биылғы жылдың түлектеріне ҰБТ алдында техникалық мамандықтарға түсу үшін бұрынғы шешімді өзгертіп, төртінші пән ретінде физиканы таңдауына мүмкіндік бар.

Осы арқылы мемлекеттік білім гранттары мен несиелер техникалық мамандықтарға, оның ішінде көлік және коммуникация мамандықтарына көп мөлшерде бөлінгендіктен өздерінің мемлекеттік білім гранттары мен несиелерге ие болу мүмкіндігін арттырады.

Өткен жылғы, одан арғы жылғы мектеп және орта арнаулы оқу орны түлектерді де кешенді тестілеуден өту жолымен грант және несие алу конкурсына қатыса алады.

Жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітіргендер әңгімелесу негізінде оқуға қабылданып, 2-3 жыл ішінде дипломға ие болады.

Бүгінгі талапкер, біздің оқу орны мени біздің мамандықтарымызды таңдай келе, салалы білім мен кәсіби дағдыларды меңгеруге бар күшін сала отырып, еліміз үшін ең қажет маман болатынына, қалыпты, әрі тез дамушы салада жұмыс істейтіндігіне, биік асуларға қол жеткізуіне және өмірлік мұратының жүзеге асатынына сенімді болуы қажет.

*15 маусым 2004 жыл*



## ИНЖЕНЕР БОЛУ ӨМІР ТАЛАБЫ

**Б**іздің ғасырымыздың-адам қызметінің барлық саласында жаңа технологиялар пайда болуын ғана емес, оның жаңарту тездігін бейнелейтін ақпараттар ғасыры. Осыған сәйкес қоғамда өмірдегі табыстар ең алдымен адамның білімділігі мен мамандық деңгейін, жаңа технологияларды қабылдау мен меңгеру қабілетіне, еңбек сүйгіштігі мен кәсіби шеберлігін, жеке қасиеттерін үнемі жеңілдетуге ұмтылуына байланысты. Жақында жарияланған «ЦЕССИ-Қазақстан» салыстырмалы әлеуметтік зерттеулері институты мәліметтері бойынша отбасында мектеп бітіруші баласы бар ата-аналардың 51,4 % балаларына жоғары білім әпергісі келетінін атады. Сонымен қатар мамандық пен жоғары оқу орнын таңдауда оқу орнының беделіне, алатын мамандығының қажеттілігіне, өсу мүмкіндіктеріне қарайтындығын айтады.

Осы тұрғыдан қарағанда ата-аналар мен оқуға түсушілердің сұранысына сәйкес келетін республикада ең беделді және ірі оқу орнының қатарына жататын, Қазақстанда көлік, коммуникация кешені мамандарын даярлайтын жалғыз мемлекеттік оқу орны, халқымыздың аяулы перзенті, ұлы Түркісіб теміржолының тұңғыш инженері, көне тарихымыздың шежірелі кезеңдеріне өшпес мұра қалдырған. М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы (ҚазККА). Академияның аса жақсы материалдық базасы, қазіргі заманға сай лабораториялық жабдықтары, жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрлары бар, магистратура, аспирантура т.б. білікті маман даярлау үшін қажетті барлық мүмкіндіктер жасалған.

Академияның басқа оқу орындарына қарағанда өзге де артықшылықтары бар: мемлекеттік үлгідегі диплом, әскери даярлық, икемді оқу ақысы, студенттің таңдауына қарай мамандануы, түлектерді жұмыс орнына баулу. Жоғары оқу орнын бітірген жастардың жұмысқа орналасуы оңай шаруа емесі баршаға белгілі, ал академия түлектері үшін жұмысқа жолдама беру дәстүрі сақталған. Барлық студенттер академия бітірісімен көлік-коммуникация кешенінің кәсіпорындарында, республика экономикасының басқа салаларында

жұмысқа орналасуына кепілдік беріледі. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының станциялары мен бекеттеріне жұмысқа жіберілген жастарға материалдық көмек ретінде 10000 теңге ақша беріледі. Еліміздің көлік, коммуникация кешенінің даму болашағы аса маңызды, бұл темір жолдың жаңа учаскелері құрылысын, мұнай, газ құбырларын, автожолдар салу және оны пайдалануға беру, байланыс құралдарын кеңейту болып табылады.

2004 жылдың қыркүйек айында 402,4 шақырымдық «Хромтау Алтынсарин» болат жолы пайдалануға берілмек. Ақтөбе және Қостанай облыстары арасын қосатын жаңа жол жүк тасымалы қашықтығын қысқартып, Қазақстанның Солтүстік, Батыс, Орталық аймақтарынан Ақтау айлағына шығуға жол ашады, ары қарай елімізден Кавказ, Шығыс және Орталық Еуропаға жол ашылады. Жол құрылысы 13 көпір, 13 станция салынып, реконструкция жасалатын және күрделі инфрақұрылымды қалыптастырудан тұрады. Мұның барлығы бүгінгі күні маман кадрларды қажет етеді, сондықтан академия түлектеріне зәрулік туындайды. Мемлекетіміз жыл сайын, көлік және коммуникация инженерлері мамандығына мемлекеттік білім гранттары мен несиелердің елеулі бөлігін бөліп отырғандығының өзі бұл істің маңызды екендігінің бір дәлелі. Сол сияқты «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы тарапынан темір жол қызметкерлеріне өсімсіз қарыз, студенттерге арналған «Атаулы көмек», «XXI ғасырдың теміржолшысы», «Степендиаттар» бағдарламасы бойынша материалдық көмек берілетінін айта кеткен абзал.

Академияда шетел тілдерін тереңдетіп оқыту, компьютерлік техника, әскери даярлық пәндерін оқыту жолға қойылған. Студенттер сонымен қатар «Дефектоскопия операторы», «Тауар-билет кассирі», «СЦБ электрмонтері», т. б. жұмысшы мамандықтар бойынша куәлік алып шығады. Осындай жұмыстар нәтижесінде Каз ККА түлектері жоғары талапқа сай мамандар.

Республиканың батыс аймағы үшін көлік және коммуникация мамандарын 25 жыл бойы (Ташкент темір жол инженерлері институты оқу консультациялық пункті ретінде жұмыс бастағанын есептесек 40 жыл) КазККА Ақтөбе бөлімшесі даярлап

келеді. Бөлімше түлектері қатарынан ірі басшылар, ғалымдар, көлік саласының білікті мамандарын атауға болады. Атырау қаласында ҚТЖ ҰК Батыс аймақтық бөлімшесінде қызмет жасайтын техника ғылымдарының докторы Өрдемөв Б.Б., Атырау қаласының әкімі Тасыбаев М.М., Ақтөбе тасымалдау бөлімшесінің бастығы Беркімбаев Б.С., Орал тасымалдау бөлімшесінің бастығы Қажиденов К., тасымалдау бас басқармасы бастығының орынбасары Төлегенов Е., техника ғылымдарының кандидаты ҚТЖ ҰК Мәскеудегі өкілдігінің бас маманы Қоразов А., Мақат станциясының бастығы Көбегенов К., Құлсары станциясының бастығы Қондыбаев С, Атырау электрлендіру және электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Тынымов К., Ақтөбе жол дистанциясының бастығы Мұқанов Н. және басқаларын айтуға болады.

Қазіргі уақытта бөлімшеде студенттер күндізгі, сырттай және жеделдету курсы бойынша оқиды. Соңғы жылдары мемлекеттік білім және несие гранттары бойынша оқуға түсушілер саны артуда.

Өткен оқу жылында күндізгі бөлімнің 1-курста 249 студент оқуға түссе, оның 30-ы мемлекеттік білім гранты, 65-і несие (38 %) иелері. Тұтастай алғанда бөлімше бойынша күндізгі бөлім контингентінің 35 % мемлекеттік білім гранты мен несиеге оқитындар.

Бөлімшеде оқу үшін қажетті жағдайлар жасалған, зертханалар мен кабинеттер, қазіргі заманғы компьютерлік техника, интернет жүйесі, 81960 басылымнан тұратын оқу әдебиеттері қоры, Ресей мен Қазақстанның беделді оқу орындарын бітірген тәжірибелі профессор-оқытушылар, оның ішінде 29 %-ның ғылыми дәрежесі мен атағы бар.

Оқу процесінде оқытушылар қолымен бағдарламалар: теориялық механика, инженерлік геодезиядан есеп – кескіндеме жұмыстарын орындауда. «Темір жолдары іздестіру мен жобалау», «Көпірлер құрылысы және пайдалану», «Қолданбалы механика», электрондық кестелер, тестік бағдарламалар пайдаланылады. Бөлімшеде студенттердің жеке бастарын қалыптастыру, шығармашылығы мен қабілетін ұштау, салауатты өмір салты үшін мүмкіндіктер тудырған. Студенттер жыл сайын Ақтөбе қаласы студенттері арасында мемлекеттік тілді

білу сайыстарына түседі, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасайды. Жазда студенттер студенттік құрылыс отряды құрамында жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Бөлімше студенттері қала, облыс көлеміндегі жарыс, сайыс, фестиваль, спартакиадаларға қатысып, айрықша көзге түсіп жүр. ОПТ-99 тобының студенті Дауысбаев Бағлан қалалық «Жас жігер» байқауынан 1-орын, «2002 жылдың әншісі», облыстық жастар фестивалінде жеңімпаз болып, Орынбор қаласында өткен «Ресейдегі Қазақстан күндері» фестивалінде өнер көрсетті. АЭМ-01 тобының студенті Бақытбаев Айбек Р. Бағланованың 80 жылдық мерейтойына арналған облыстық фестивальде, «Жас дәурен» облыстық байқауларында марапатталады. Студенттер Қалықова Ш., Кенжебаева Н., Тәңірбергенова Ж. арулар сайысының жүлдегері атанды. Бөлімшенің 2002 жылғы КТК командасы фестиваль лауреаты атанып, республика батыс аймағының жоғары лигасына енді. Бөлімшеде стол теннисінен спорт секциялары жұмыс істейді. Бөлімше кіші футбол командасы Ақтөбе қаласы жоғары оқу орындары арасында 1-орын алды. 5 студент грек-рим және еркін күрес бойынша спорт шебері және спорт шеберлігіне кандидат, 30 студент 1 және 2 ересек және жастар арасында разрядтары бар. Қазіргі заман жағдайында білім беру рыногында экономика саласында инженер кадрларына мұқтаждық бола тұра экономист, қаржы мамандары, заңгерлер даярлайтын оқу орындары үлесі артық.

Оның басты себебі техника саласы мамандарын даярлау үшін жақсы жабдықталған оқу-зертханалық база, ғылыми-педагогикалық кадрлар қажет, ол бұларды жасау үшін едәуір уақыт керек.

Қазақ көлік және коммуникация академиясының Ақтөбе бөлімшесі Батыс аймағы үшін осы мамандықта жастар тәрбиелеуде уақыт талабына жауап беретін бірден-бір орны. Қадірлі талапкер, егер инженер-менеджер боламын десең академия есігі мен үшін ашық.

## ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КҮРЕ ТАМЫРЫ

Он тоғызыншы ғасырдың соңына қарай Қазақстан мен Орта Азияның сирек қоныстанған, мүлде зерттелмеген аймақтарына теміржол магистралін салу туралы ой – шын мәнінде адамзат баласының ақыл-ойы мен талантының ең батыл да прогресшіл екенін дәлелдейтін айқын мысал. Бір кездегі шөлді өлкелерде, ауа райы құбылмалы жағдайда теміржолды қысылтаяң қысқа мерзім ішінде салып бітіруі, аса ірі табыс қана емес, сондай-ақ мындаған инженерлер мен жобалаушылардың, жұмысшылар мен құрылысшылардың еңбектегі ерен ерлігі болды.

Қазақстан мен Орта Азия болат жолдары күллі Ортаазиялық аймақтың шаруашылығы мен мәдениетінің және қоғамдық өмірінің дамуына кең мүмкіндіктер ашты. Олар Тянь-Шань, Алатау, Іле Алатауының жоталарын көктей өтіп, Жонғар қақпасынан бір-ақ шықты. Қарақұмды баса-көктеп, бой берместен темір мен көмір кеніштеріне, мақта-лы далаларға, адам аяғы баспаған орманды алқаптарға, ұлы дария, үлкен көлдердің жағалауларына келіп жетті.

Оларсыз Қазақстан мен Орта Азияның индустриясын дамыту, табиғат байлықтарын шаруашылық айналымына тарту, шалғай аудандардағы жаңа ашылған пайдалы кен қазбаларын игеру мүмкін емес еді. Міне, осы болат жолдар бір кезде мүлгіп жатқан далаға жан бітірді, адамдарға қажетті және бағалы жүктерді тасымалдаудың көлемі шұғыл және едәуір арта түсті, сөйтіп мұның өзі аймақтарда салынған жолдарды техникалық жағынан әрі қарай жаңғыртып отыруды, халықтардың экономикалық және мәдени ынтымақтастығының барлық салаларын ұлғайта түсуді талап етті. XX ғасырдың басында басталған Орынбор-Ташкент теміржолының үштен бірі Ақтөбе облысының үстінен өтеді. 1901 жылдың көктемінде Бершүгір бекетінде бас құрылыс мекемесі орналасты. Осында өте қиын табиғат жағдайында мыңнан астам құрылысшылар жұмыс істеді, олардың арасында орыстар, украиндар, қазақтар, румындар және италяндықтар еңбек етті. Оларға нан және басқа тағамдар жетіспеді,

дәрігерлік көмектің нашарлығынан цинга, суыққа шалдыққандар жиі кездесіп отырды. Осындай жағдайда теміржолды электрлендіру алғаш рет жүзеге асырылған.

Далалық шандақ жолдар арқылы өтетін көліктердің жағдайын жақсарту теміржол көлігінің дамуына игі ықпалын тигізбей қоймады, әсері ұшан-теңіз. Түркісібіті салу жұмысына 200-дей автомашина қатыстырылды.

1900 жылдың бас кезі бұған дейін жұмыс істеп тұрған жүйелерде қосымша жолдардың салынуымен ғана емес, әсіресе, Ресейдің орталық бөлігін Түркістанмен жалғап жатқан Ташкент жолының ашылуымен (1905-1906 ж.ж.), жолдардың кеңейе түсуімен тығыз байланысты.

Қазақстан мен Орта Азия арқылы теміржол салу эпопеясы әлемде тұңғыш рет сусыз, шөл және шөлейт аймақтарда салынған алғашқы жолдар ретінде бұрынғы КСРО теміржолының тарихына енді. 1936 жылы Орта Азия теміржолы – Ашхабад және Ташкент жолдары болып екіге бөлінді. Жолдар Жосалы станциясында Орынбор, ал Арыс станциясында Түркістан-Сібір жолдарымен шектесіп жатты. Ташкент теміржолының ұзындығы 1937 жылы 2009 шақырымды құрады. Әсіресе, Қоңырат-Бейнеу (400) теміржол магистралінің салынып бітуінің үлкен маңызы болды. Өйткені бұл жолдар тек Қарақалпақ АССР-і мен Қазақстанды жалғастырды. Оңтүстік Орал кен байлықтарын (қара көмір, мыс, каолин, марганец, слюда сияқты қазба қорлары) игеріп, сол жерге мал шаруашылығымен айналысатын аудандардан, ет, тері, былғары өнімдерін тасу үшін, Орынбор-Орск және оны Ақмоладан Семейге дейін жалғастырып теміржол құрылысын салу жоспарланды. 1914 жылы магистраль ұзындығы бүкіл Ресей бойынша 70 мың шақырымнан асты, оның үштен екісі мемлекет иелігінде болды. Бұл жүйе ауыл шаруашылық аймақтарынан нан май және басқа азық-түліктерін, сондай-ақ, көмір, мұнай, металл басқа да өнеркәсіп өнімдерін Ресейдің орталық, солтүстік-батыс аудандарына және шетелге шығаруды қамтамасыз еткен. Теміржол торабы жаңа аудандар мен кен орындарын игеруге көмектесті. Оны салуға көп ұлтты Ресей құрылысшылары еңбек және көп күш жұмсады. Тап сол құрылысшылардың арқасында

теміржолдар иесіз жерлерге тіршілік түтінін түтетті. Орынбор-Ташкент теміржолы 1906 жылы іске қосылды, оның ұзындығы 1852 шақырым еді. Он тоғызыншы ғасырдың 60-шы жылдарында қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өмірінде және оның орыс және басқа ұлттармен мәдени байланыс орнатуында, аймақтың жалпы дамуында үлкен маңызға ие болған Қазақстанның Ресейге қосылу процесі аяқталды. Ресей бұл байтақ аймақты капиталистік қатынас кеңістігіне тартып, оның жалпыресейлік нарыққа енуіне жағдай жасады. Әйтсе де Қазақстан артта қалған аграрлы ел қатарында болды. Бұл жердегі тұрғылықты халықтың көпшілігі экстенсивті (сапасын емес, санын арттыруға ұмтылған) мал шаруашылығымен айналысты. Елдің келешекте дамуына теміржолдың жоқтығы, байланыс жүйесінің жетімсіздігі кері әсерін тигізіп отырды. Ежелгі Жібек жолы және байланыс жүйелері XIX ғасырдың орта шенінде жарамсыз жағдайға жетті. Түркістаннан Верныйға қазіргі Алматы және Семейге дейін жету үшін 70-80 күн қажет болған. Тауарларды алыс қашықтыққа тасу аса үлкен шығынға ұшыратты, ал көлік-арба жолдары 1917 жылға дейін кең таралмаған теміржолды алмастыра алмады. Қазақстандағы ең алғашқы теміржол желісі Каспий теңізі мен Арал теңізін Үстірт арқылы қосу жобасы тіпті, XIX ғасырдың 50-ші жылдарында-ақ пайда болған 60-шы, 70-шы жылдардың басында Ресей теміржол құрылысын бастаған кезінде, Қазақстан және Орта Азия бойынша теміржол жүйелерін жүргізу жөнінде басқа да жобалар дүниеге келе бастады. Көптеген кәсіпкерлер түрлі ұсыныс-жобаларымен Жол қатынасы министрлігіне келе бастады. Ең бірінші кезекте Орынбор-Ташкент жолына байланысты құрылымдар болды. XIX ғасырдың 70-жылдарында Қазақстан теміржол құрылысы саласындағы 1877 жылдың қаңтарында іске қосылған Самара-Орынбор жолы жалғыз қомақты нәтиже болды. Мұнымен қоса, теміржол құрылысының аумағын кеңейтуді талап еткен Орта Азия және Қазақстан шикізат көздері мен тұтыну нарығын иелену қажеттігі туды. Бұл Түркістан және Сібірді рельс жолы арқылы қосу жобасымен түсіндіріледі.

1874 жылдың өзінде генерал-майор Дубельт Тюмень-Ақмола-Ташкент жолы жөніндегі жобасымен министрлікке келді.

Қазақстандағы теміржол жүйесінің алғашқы құрылысы 1893 жылы басталған еді. Бұл ұзындығы 369 километрлік Покровская Слобода-Орал тар табанды жүйесі болатын. Оның 13-і Қазақстан территориясымен өтетін. Кейін бұл жүйе кең рельске ауыстырылды, ал төрт жыл өткен соң бұрынғы дала өлкесінің жерімен өтетін Урбах-Астрахань 77 км, Астрахань-Александров Гай 107 км екі 1000 миллиметрліктер табанды жол салынды. Қазақстан территориясындағы алғашқы Покровская Слобода-Орал 1913 жылы бүкіл аумақ 1524 мм рельске көшірілді. Бұл теміржол торабының құрылысы Батыс Қазақстаннан ауыл шаруашылық жүктерін көп әрі жылдам жіберуге мүмкіндік туғызды. Өз кезегінде, бұл аймаққа өнеркәсіп жүктері де мұнай, керосин, шай, қант, қағаз, т.б. тасылды. Кез келген дербес, тәуелсіз мемлекеттің экономикасының беріктігі оның инфрақұрылымы, соның ішінде транспорт пен байланыс жүйесінің даму жағдайына да байланысты болатындығы белгілі. Мұны еліміз өзінің даму бағытын белгілеген шараларында анықтап көрсетіп отыр. Бүгінде 32 мыңдай шақырымды алып жатқан Қазақстан теміржолдарының бір ғасырдан астам тарихы бар.

Қазақстанда теміржолдар құрылысы XIX ғасырдың соңынан басталды. Ол патша үкіметінің өлке байлығын пайдалануға деген мақсатынан туындады. Қазақ жерімен өткен алғашқы теміржол желілері Покровская Слобода-Орал-Урбах-Астрахань, Астрахань-Александров Гай және Орынбор-Ташкент теміржолдары қазақтар өміріне көптеген күрделі өзгерістер туғызды. Жол бойында ірі елді мекендер, теміржол станциялары пайда болды. Бұлар экономикалық, саяси және мәдени өмірдің орталықтарына айнала бастады. Теміржолмен іргелес өңдеуші өндіріс орындары ашылды. Қазақ шаруалары жатаққа айналып, жалдамалы еңбек дамыды. Олардың арасынан біртіндеп жұмысшылар, теміржолшылар шыға бастады.

Түркістан өлкесі мен Сібірді жалғау үшін Жетісу теміржолы Ресей империясының отарлық саясатының заңды жалғасы еді. Әсіресе, осы теміржол арқылы орыс, украин шаруа-



ларын қоныстандыру қарқын алды. Кеңес үкіметі тұсында теміржолдар құрылысы елді индустрияландыру бағытымен тығыз байланысты дамыды. Енді салынбақшы теміржолдар өлке экономикасының шикізаттық бағытын іске асыруға жұмылдырылуы тиіс болатын. Тікелей осы мақсат үшін салынған теміржол Түркістан-Сібір магистралі еді. Мындаған адамдардың зор еңбегімен құрылыс жоспарда белгіленген бес жылдың орнына үш жылда салынып, мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Түркістің салынуының бүкілодақтық маңызы болды. Жол Орта Азияны Сібір аудандарымен жалғастырды. Түркісіб Кеңес елінің экономикалық дамуының күретамырына айналды. Түркістің салынуы Кеңестік Қазақстанда тұрақты түрде теміржолшылар, инженер-техниктер мектебін қалыптастыруға көмегін тигізді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Түркісіб теміржолы басқа да теміржолдардың қатарында мемлекеттік қорғаныс саласына қызмет етті. Теміржолдар жұмысы әскери тәртіп жағдайына көшірілді. Кеңес Одағының тағдыры жүк тиеліп майданға бет алған пойыздардың тоқтамай жүруіне байланысты болды. Соғыстан кейінгі жылдары халық шаруашылығын қалпына келтіруде, ел өнеркәсібін дамытуда, әсіресе Шығыс және Орталық Қазақстанда ауыр өндірістің дамуы, шаруашылық айналымға пайдалы кендердің, жаңа кеніштердің енгізілуі, тың және тыңайған жерлердің игерілуі тәрізді шаралар кезінде Түркістің атқарар міндеті ауырлай түсті. Мәселен, осы кезеңде Түркісіб теміржолында жүк тасымалы 6,3 есе артты. Теміржолшылардың тұрақты кадрлары қалыптасты. 1946-1953 жылдары салынған Түркісіб теміржолының тармағы – Мойынты-Шу желісі елдің оңтүстігі мен солтүстік және орталық Қазақстанды тікелей байланыстыруда үлкен роль атқарды. 1958 жылы құрылған Біртұтас Қазақ теміржолы құрамына кірген Түркістан-Сібір теміржолы Қазақстанның дамуына қазіргі кезде де өз үлесін қосып келеді. Қазақстан теміржолшыларының еңбектегі ерлігі қашанда жас ұрпаққа үлгі болып қалмақшы. Алашаңқай-Дружба шекара өткелі континентаралық теміржол магистралімен халықаралық тасымалдың жаңа беттері саналуда.

Еуроазия магистралі екі бағытта өтеді: Дружба-Ақтоғай-Саяқ-Балқаш-Мойынты-Ақмола-Тобыл және Дружба-Ақтоғай-Алматы-Арыс-Қандыағаш-Озинки. Бұл дегеніміз Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық станция Дружбаны кең көлемде әрі сапалы түрде пайдалану қажеттігін туғызады.

Ежелгі Жібек жолы сүрлеуінің торабымен бүгінгі Қазақстан және Қытай Достық жолы деп аталған домбыраның ішегіндей тартылған теміржол жүргізуге кіріскен Кешегі өткен Кеңес Одағы мен Қытай мамандары бұл жолдың келешегі мол боларын болжаған. Келешек үлкен елмен байланыстыратын даңғылды осылайша дабырайтып атады. 1954 жылғы қазанда екі ел Ланьчжоу, Үрімші, Алматы арасын қосатын теміржол салу жөніндегі мәртебелі келісімге қол қойды, ал 1956 жылы Қазахтранстрой тресі Ақтоғай стансасынан басталған Достық жолының бізге бұйырған бөлігін салуға кірісіп кетті. Бұл жол жүкті 20 тәулік ерте жеткізіп береді. 1988 жылғы күзде Алматыда Дружба-Алашаңқай бағытында жолды салуды бастау жөнінде хаттамаға қол қойылды.

Егер ежелгі Жібек жолының негізгі керуен бағыттарын көзге елестетер болсақ: жаңадан тартылған болат жолдар континент ішіндегі ғана емес, Еуропа мен Азия арасындағы теңіз тасымалын күрт өзгертіп, ұлан ғайыр трансазиялық теміржол торабын қалыптастыруға, сонымен бірге Париж бен Пекин аралығындағы сапарды үш есеге қысқартуға мүмкіндік туғызарын көзге елестету қиын емес. Жоспарлар жүзеге асса Тынық мұхит арқылы бір ай жүретін алып контейнерлер мен жүктер Дружба-Алашаңқай арқылы өтетін теміржолмен 12-14 күнде жеткізілер еді. Батыс Қазақстан теміржолының ұзындығы 3823 шақырым, ол Оңтүстік Қазақстан Қызылорда, Маңғыстау, Атырау және Ақтөбе облыстарының жер көлемін қамтиды. Негізгі таситын жүктері – мұнай мен темір қорытпа өнімдері.

Ұзындығы 402 шақырым болатын Алтынсарин-Хромтау теміржолы іске қосылды. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, Қазақстанның теміржолын өркендетуге Д.А.Қонаев, Ж.Омаров, Г.В.Виноградов, К.Д.Көпжасаров, И.А.Задорожный, Е.Д.Дүйсенов, Р.Тұрғанбаев,

Қ.Мұхамбетқанов, Ж.Хамидов, О.Жанәдиллов, Б.Пірімжанов, В.А.Ливенцов сияқты адамдардың еңбектері сіңді. Алматыда теміржол мамандарын дайындайтын институт ашылды. 1976 жылы ол Одақтағы 15 жоғары оқу орнының бірі еді. Алматы теміржол институты осы жылдары 20 мыңнан астам инженерлерді даярлады, жұмыс сапасын жетілдірді. Ғылыми-педагогикалық дәрежесі өсті. 250-ге тарта оқытушының арасында 4 академик, 30-дан астам профессор, ғылым докторлары, 130-дан астам доцент, ғылым кандидаттары еңбек етуде. 1978 жылы Ақтөбеде осы институттың филиалы ашылды, қазіргі кезде Батыс Қазақстан өңіріне теміржол мамандарын даярлаумен шұғылдануда.

*Шілде, 2004 жыл.*

## ЭКОНОМИКА ДАМУЫМЫЗДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

Экономика – Қазақстан дамуының негізгі басымдығы, ал оның өсуінің жоғары қарқынына қол жеткізу – республиканың негізгі мақсаты болып қала береді.

90-жылдардың басында Қазақстан негізгі өнеркәсіп қоры 2 млрд. сом құрады, адам басына шаққанда бұл 4000 теңгеге тең болғаны белгілі. Елімізде қазір экономиканың бәсекелестік қабілетін арттыруды көздейтін 2010 жылға дейінгі даму жоспары жасалған. Президент Н.Назарбаев өткен жылғы халыққа арналған Жолдауында экономиканы дамытудың негізгі бағыттары ретінде төмендегілерді атап көрсетті:

– экономиканы бейтараптандыру мен бәсекелестікті дамытуды жүйелі реформалар жасауды жалғастыру арқылы жүзеге асыру;

– Қазақстан экономикасының ашықтығын арттыру;

– индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру;

– ауылды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру;

– инфрақұрылымды дамыту.

2004 жылдың маусымында өткен «Отан» партиясының VII кезектен тыс съезінде Н.Ә.Назарбаев Қазақстан 2003 жылы ТМД елдері арасында көш басында болғанын ІЖӨ

1990 жылғы деңгейден 6,3 пайызға көтерілгенін атап өтті. Қазіргі кезеңде бәсекелестік саясат пен экономикада да даму мен алға жылжудың негізі екені байқалды. Дамудың жаңа деңгейіне көшу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған, экономикада құрылымдық өзгерістер жүргізілген, тиісті адам күші бар. Қазақстан шын мәнінде ІЖӨ қарқынның өсуі бойынша Тәуелсіз мемлекеттер достастығы арасында алдыңғы орындарда келеді. Елдегі экономикалық реформа кәсіпорындарға өз бетімен тіршілік етуге мүмкіндік береді.

Бүгіндері Қазақстанда экономикалық реформалардың барысын басқаруға мүмкіндік бар. Бұл мүмкіндік өз шаруашылық кешені барлығы арқасында туып отыр. Қазақстан табиғи байлықтары мен қаржы көздерін өзі пайдаланады. Тауар құны мен қызмет ақыларының, тұрғындардың жалқыларының өсуі экономикаға айтарлықтай әсер ететіні белгілі. Соңғы деректер бойынша бүгінгі таңда ұлттық қорда 4 млрд. 400 млн. доллар бар. Таяу уақытта тағы 150 млн. доллар – Қашағанда мұндай өндірудің кейінге қалдырылғаны үшін өтемақы түсуі тиіс. Қазақстан басшылығы бұл қаржыны тиімді пайдалану мақсатында түсетін пайда әлдеқайда жоғары саналатын шетел активтеріне орналастыруда.

Батыстың капиталистік экономикасында жоспарсыз және нақты ұйымдастырылмаған менеджментсіз ештеңе жасалмайды. Жаңа жоспарлы экономикаға көшуде өткен жүйеге тән кемшіліктерден тазару – Қазақстан экономикасын дамытудың қуатты, жігерлендіруші күші. «Нарық дегеніміз – ең алдымен жоспар» деген ұғымды әрқашан есте ұстау қажет. Біздің еліміз үшін нарық экономикалық мәселелерді шешуде ысырапқорлықтың, шығынның алдын алып, кәсіпорынның өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызып, өндірушілер мен тұтынушылар арқасында тиімді байланыс орнатып, тәртіпті нығайтудың маңызды факторы, ең бастысы әлемдік нарықта елдің мерейін арттыру үшін қажет.

Жалпы бизнес өз заңдылықтарымен дамып өркендейді. Ол ерте де емес, кеш те емес, өз уақыты келгенде ғана іске қосылады. Бизнесте әлі бастала қоймаған жағдайды көріп, сезе білу қажет. Жай ғана сандық өсу емес, экономиканың барлық секторларында бәсекелестік орта құру және оны көтермелеу

арқылы сапалық өзгерістерге қол жеткізуді мақсат етіп қою керек. Бизнес – бірнеше факторлардың органикалық қосындысы, ең бастысы – кәсіпорынның өзі, жеткілікті капитал өндіріс құралдары, білікті жұмыс күші, өткізудің нақты рыногы, толыққанды өндіріс және көлік құрылымы, жанға тимейтін салықтар мен мемлекеттің экономикадан тыс қисындары, өтуге болатын кедендік кедергілер, тағы басқалары.

Бизнес – заңды жолмен ақша жасау. Демократиялық заңдылық қана меншік иесі мен меншікті қорғауды қамтамасыз етеді. Бизнес табысты өрбуі үшін тиісті сұраныс болуы қажет. Қазір бізде капитализм қалыптасты. Ал ұлттық өндірістік капитал әлі пайда болған жоқ деп айтуға болады. 10-12 жыл бұрын ол пайда болады, нығаяды деген үміт қазіргіден кемірек болатын. Өкінішке орай, уақытты жіберіп алдық. Ал уақыт ХХІ ғасырдың таза валютасы. Бұрын колхоз, совхоздарды оларға тиімсіз өнімдерді өндірумен айналысуға мәжбүр етті. Ал фермерге бұйыра алмайсыз. Ол өзіне пайдасы бар іспен ғана айналысады. Қазіргі кәсіпкердің ұраны – ең жоғарғы табыс әкелетін іспен айналысу. Авертах Бертельд: «Ақшаны табу қажырлылықты, сақтау байыптылықты, жұмсау шеберлікті талап етеді», – деген болатын.

Елдегі ІЖӨ өсуі экономикалық субъектілердің жаңа ойын шарттарына көндігуі есебінен жүзеге асырылуда. Тұрақты экономикалық өсу өндірісті несиелеу механизмдері банк жүйелері есебінен жұмыс істегенде ғана болады. Бұл үшін ақша-несие саясаты қайта құрылып, өндірісті ұлғайтуға қызмет етуі тиіс. Шикізат бағытынан бас тарту үшін Қазақстан экономикасын диверсификациялауды жүзеге асыру керек. Бұл орайда басты рөлді Орталық Азиядағы ірі инвестициялық институт саналатын даму банкі атқарады.

Сондықтан кезектегі міндеттің бірі – оның жарғылық қаржыларын миллиард долларға дейін көбейту. Экономиканың өсу нақтылығын айқындау үшін инфляция жүйесін білу керек. Инфляция төмендеуі арқылы экономиканың өсу қарқыны жоғарылайды. Егер Ұлттық қордың қалыпты қызметіне қарасақ, оны республикалық және жергілікті бюджет, сол сияқты ішкі үкімет қарызы кіретін мемлекеттік бюджеттің соңғы 3-4 жылғы орташа жылдық шығынын құру керек. Бұл

ел бойынша 11 миллиард долларды құрайды. Шикізат секторының республика бюджетінің кіріс бөлігіне түсуге тиіс деп болжағанның орнына 248 млрд. 500 млн. теңге түсті, оның артық – 123 млрд. 600 млн. теңгесі автоматты түрде ұлттық қордың активіне аударылды. Ұлттық қордың 2003 жылғы шығындарының жалпы сомасы 400 млн долларды құрады. Инновациялық белсенділік деңгейін көтеру керек, бұл үшін ғылыми зерттеулерге талдауларға кәсіпорындарды несиелеу үшін экономикалық жағдайлар жасауға бөлінетін қаржыны барынша ұлғайту қажет. Жаңа техниканы меңгеру үшін кәсіпорындарға ұзақ мерзімді несиелер керек, ал бұл Қазақстанның ақша – несие саясатын түбегейлі қайта қарауды қажет етеді. Біздің еліміз шетел инвестициясының жоғары көлеміне мұқтаж. 1993 жылдан бері экономикаға 23 миллиардтан астам қаржы салынды. Бүгінгі экономикалық өсуге көбінесе шетел капиталының арқасында жеттік. Қоллайлы инвестициялық ахуал мемлекеттер мен шетелдік инвесторлар арасындағы түсіністік пен жалпыға ортақ ойын ережелерінен туындайды.

Қазақстан экономикасын инвестициялауда өкінішке орай, келеңсіз жағдай орын алды, инвестицияның 50% энергетика саласына, 19,5% ғана өңдеу өнеркәсібіне жұмсалуда. Бұған қосымша қаржы секторы инвестициялануда, елде 17 банк шетел инвесторларының қатысуымен құрылды. Инвестициялар туралы Заң отандық және шетелдік инвесторлардың елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық мәселелерге белсенді араласуына ықпал етуі қажет. Бұл мәселені шешудің түйіні заңдардың шикілігінде, үкіметтің, орталық және жергілікті органдары саясатының үйлеспеушілігінде жатыр.

Біз елімізде әлеуметтік кедергілердің, саяси тұрақсыздықтың болмауына мүдделіміз. Республикада жұмыс істеп жатқан шетелдік компаниялардың барлығы да салықтарын уақытылы төлеуде, жұмыс орындарын құруда. Бүгінгі таңдағы басты мәселе – шетел инвесторларының әлеуметтік салаға ерекше көңіл аударып, соларды шешуге қатысуы. Елімізде инвестициялық басымдықтарды өзгерту саясаты жүріп жатыр, негізгі инвестицияларды шикізатсыз секторға аудару көзделуде. Сонымен бірге мемлекеттің шетел

инвесторлары қызметін бақылауы күшейтілуде. Бұл инвесторлар тарапынан заңды реакцияны туғызады. 2003 жыл тұңғыш рет бюджет қоржынына триллион теңгеден артық қаржы құрылуымен тарихи жыл аталды. Бұл барлық деңгейдегі бюджеттің орындалуымен қатар Ұлттық қордың 77 пайыздық өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Үкімет пен облыс әкімдерінің алдындағы міндеттер ауқымды жоғары технологиялық өндіріс құру жолымен экономиканы диверсификациялау, минералдық қорларды пайдалану, бірлескен өндіріс салаларын дамыту, агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыру, ауыл өмірінің деңгейін көтеру және бұл ретте инвестицияны жетекші құрал ретінде пайдалану.

Республика Президентінің Қазақстан халқына жолдауында қойылған міндеттерді орындау мақсатында экономиканың бәсекелестігін арттыру үшін ең алдымен банк секторымен қоса экономиканың кейбір секторларының бәсекелестігіне қол жеткізу қажет.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі мемлекет қаржысына құрылған мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасының «ҚР Ұлттық банкі» туралы Заңына сәйкес 26 млрд. теңге қаржылық қоры бар және мемлекет меншігіне жатады, алайда бүгінгі күнге дейін бірінші деңгейдегі банк жүйесі ретінде жарғысы жоқ. Сондықтан Ұлттық банктің құқықтары мен міндеттері көрсетілген жарғысын қабылдап, оны Республика Парламентінде бекітуі қажет. Коммерциялық банктерінің қаржы рыногында негізгі және белсенді қатысушылар ретінде экономикада ерекше орны болуы керек. Өкінішке орай, Қазақстанда банктердің қысқаруы жалғасуда. Қазақстан Халық банкіндегі физикалық және заңды тұлғалардың депозит көлемі ұлғайды. Банктің есеп айырысу-кассалық бөлімдерінің саны өсті. Мәскеу және Пекин қалаларында өкілдіктері бар. Аталмыш банк әр 100 теңгелік қаржы операциясы кезінде 33,7 теңге пайда табады. Пайданың мұндай көрсеткіші көптеген шетелдік банктер үшін мүмкін емес жағдай.

Ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) жан басына шаққанда макроэкономикалық көрсеткіші 2007 жылы 3700 долларға дейін

еседі. Осы көрсеткіш бойынша біздің еліміз 2004 жылдан бастап-ақ барлық ТМД елдерін басып оза бастады.

Үстіміздегі жылы Ұлттық қорда 5 млрд. доллардан сәл астам қаржы жинақталады. Ұлттық қордың негізгі көзі – салықтың артық түсімі. 2007 жылы 6 млрд. доллардан аспақ. Алдағы үш жыл ішінде қаржы мемлекеттік құрылымды күшейтуге жұмсалады. Негізінен құрылысқа, кедендік инфрақұрылымдарды құруға және басқаларына қорғаныс шығындары да ұлғаяды. Кәсіби әскерге көшуге байланысты әскери мұқтаждықтарға ІЖӨ-нің 1%-дан кем емес бөлігі жұмсалуы тиіс. Білім беру, денсаулық, басқа да әлеуметтік бағдарламалар шығындары еседі. Тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын үш жылда жүзеге асыру қарастырылған. Сол сияқты Алматы, Астана қалаларын дамытуды несиелеу көзделген.

Саясат пен экономика бір-бірімен байланысты, ажырамас ұғым. Бейтарап экономика бейтарап саясаттан тыс өмір сүре алмайды. Нақты экономикасыз нақты саясат та болмайды, азаматтық қоғам да болмақ емес. Барлық уақытта елдің экономикалық дамуының нағыз өлшемі халықтың тұрмыс жағдайының көрсеткіші болмақ. Біз байлықты аяққа басудамыз, ал оны қалай пайдалануды білмейміз. Сондықтан алып жобалармен айналысудың қажеті жоқ. «Ыстық тағамды бөлшектеп жейді» деген мәтелді ұмытпаған жөн. Экономиканы көтеруді кешенді түрде шешу керек. Бір ғана мұнаймен алысқа бара алмаймыз, экономиканың барлық саласы, оның ішінде Қазақстанның төл өнеркәсібі жұмыс істеуі қажет. Дамыған елдер үшін шикізат көзі болудан құтылатын уақыт жетті. Халық мемлекетті басқаруға, ел экономикасын көтеруге белсенді қатысуы тиіс.

Токсаныншы жылдардағы он есеге дерлік экономика дамуының құлдырауынан кейін әлем таңданарлықтай биіктен көрінер күн жетті.

*Шілде, 2004 жыл*



## БҰЛАҚ БАСЫНАН ТҮНИДЫ

Ана тілі... Осы бір ұлы сөзді айтқанда қай адамның жүрегі дір етпесін. Өз ата-бабамыздан қалған тіліміздің бірте-бірте шөгіп, құрып бара жатқаны неліктен? Кезінде қазақ тіліміз буырқанып, арнасы тасып жатқан Аралдай емес пе еді? Тіліміздің құлдырап, аяқасты болуына кім кінәлі? Оған жауапты кім береді? Небір жаны жайсаң азаматтар даналық сөздерін қазақ тілінде айтып, кейінгі ұрпақтарға қалдырған жоқ па? Ана тілімізді дамытуға көп еңбек сіріңген А.Байтұрсыновқа, М.Жұмабаевқа, Ж.Аймауытовқа, Ш.Құдайбердиевке тағы басқа көптеген көрнекті қайраткерлерге «ұлтшылдар» деп айып тағып, айдатып жіберген жоқпыз ба? Тоқырау заманында біз ана тілімізден айрылып қала жаздадық. Өз Отанымызда ана тілімізде сөйлей алмайтын кездер болды. Тек қайта құрудың арқасында ғана ана тіліміз мәртебе алды. Жазықсыз зардап шеккен арыстарымыз ақталды. Ендігі міндет – ана тіліміздің дамуына әрбір азамат лайықты үлес қосу.

Қазір қазақ тілі қайтадан жандана бастады. Жоғарғы оқу орындарында қазақ тілі оқу бағдарламасындағы міндетті пән болып табылады. Барлық мектептерде, тіпті орыс мектептерінде де қазақ тілі пәні енгізілген. Қазақ тілінде оқытатын жаңа мектептер көптеп ашылуда. Жоғарғы оқу орындарында орыс бөліміне қазақ тілін оқытатын арнаулы курстар ашылуда. Бұлардың өзі біз үшін үлкен табыс. Бірақ, әлі де түйінін шешер проблемалар көп-ақ.

Республикамызда қайта құру процесінің барысына үстірт карап, кейбір сенбейтін адамдар ешқандай қайта құру жоқ, оның бәрі тек сөз ғана, ал іс барысында ешбір өзгерісті көрген жоқпыз деп жүр. Олар енжарлықтың қамытын кигені сонша, қайта құруды Ньютонның басына түскен алма сияқты, біреу табалдырығына әкеліп, қолына ұстатып кететіндей сезінеді. Сондықтан менің айтарым, қайта құру самалы әкелген шуақты өзгерістер жайында болмақ. Совет мәдениетінің, оның ішінде қазақ социалистік ұлты мәдениетінің шежіресі – тарих ғылымының басты бағыттарының бірі. Алайда қазақ мәдениеті мен әдет-ғұрып, тіл тари-

хы жеке басқа табынудың кесірінен, одан тоқырау кезінің торына түсіп, жаншылып, сілкіме заңдардың, күштеу бұйрықтардың желіне ұшып, тоз-тоз болғанын мойындауымыз керек. «Қазақ ССР-індегі Тілдер туралы Заңының» қабылдануы көп ұлтты республикамыздағы тілдер проблемасын шешудің, сол арқылы бүгінгі өткір проблемалардың бірі ұлтаралық қатынас мәселесін реттеудің байыпты да салмақты қадамына ұлы жол ашты. Бұл халық қуанышы. Сол қуанышымыз оң болып, игілікті іс ілгері баса берсе екен! Ұлы Октябрьдің жасампаз импульсінің нұры төгілген алғашқы бір он жылдың ішінде халқымыздың мәдени және тілдік дамуында үлкен өзгерістер болды да. Бірақ, қазір «аузы күйіп» қалған халқымыз, бұл қуанышты «үріп ішуде». Әлі де күмәндана қарайтындар да жоқ емес.

Қазақ тілінің қағажу көруіне Сталиннің кезінде «барлық тілдер бір тілге айналып кетуі керек», – деген тұжырымы мен Хрущевтің «біз неғұрлым орысша сөйлеуге тезірек көшсек, коммунизмге соғұрлым ертерек жетеміз», – деген сөздері желеу болды. Сталин мен Хрущевтің бұл сөздерін қолма-қол догматикалық тұрғыда методологиялық басшылыққа алғандар, мәдени революция туралы ұғымды тар шеңберде қарап, Лениндік концепцияны ұзақ жылдар бұрмалап келгені ақиқат еді.

Қазір бізде мәдениет тарихының ақтандақтары ашылу да. Осыған орай, кейбір терең ойсыз, табанының бүрі жоқ ағайындар социалистік мәдениет туралы айтқан В. И. Лениннің идеяларына нұқсан келтіріп, оның мұрасын түгелдей апарып қоқысқа төгуге үгіт таратып та жүр. Бұл, әрине, дұрыс емес. В. И. Ленин революцияның алғашқы сәтінде жаңа мәдениетті – бұрынғының бәрін жаппай қирату, құрту арқылы жасауды көздемеген еді ғой. Көсем, керісінше, осылай жасағысы келген шолақ белсенділерге қарсы күресті. Шындығын айтсақ, В. И. Ленин қайтыс болғаннан кейін адам мүдделері аяқ асты етілді емес пе? Сол аяқ асты болған мүддемізді қайта тірілтіп, көміліп қалған дүниемізді аршып алу үшін, көсем идеяларына қайта жүгінсек, біздің біреу жағамыздан алып, қолымыздан қағар деймісің?!

Ол үшін даңғыл жолымыздан қайта тайып, соқыр сеніммен, бос даурығумен ешқайда да жете алмаймыз. Мен бұл сөзіме мысалды тым алыстан іздемей, өзіміздің тарихи қаламыздан айтайын. Осы жылдың 17-наурызында Түркістан қалалық «Қазақ тілі» қоғамының құрылтайы болып өтті. Қоғамның төрағасы, мүшелері сайланды. Мұраты белгіленді. Болашақ сайланатын төрағамыз баяндама жасады. Сол баяндамаға орай отызға жуық делегат өз пікірлерін, сындарлы ойларын, ұсыныс-тілектерін білдірген келелі әңгімелер қозғады. Олар мінбеде тұрып, қазақ тілінің ертеңгі көкжиегінің арайлы болуы туралы бірталай мәселелер айтты. Өмір ағымы, қызмет барысымен жүріп біз ештеңеге мән бермеппіз-ау. Сол жерде отырып тек, ана тіліміз ғана емес, мәдениетімізден, салт-сана, әдет-ғұрпымыздан жұрдай болыппыз-ау деген ойларға берілдім. Рас, мінбеде тұрған, жалындап сөйлеген кейбір азаматтардың оңды-солды сілтеген сөз қамшысының бір ұшы қала басшыларына да тиіп жатты. Сол жерде отырып «шіркін, біз кейде бәріміз, халық болып шешетін мәселені де, тек басшыларға жүктеп қоя салатын әдетіміз-ай!» деп іштей қынжылдым да. Бізде шешілмей жатқан тек тіл ме? Ал, тіл мәселесін шештік делік. Бүгінгі оқушылар тілді тереңдете оқып, төл әдебиетімізді зердесіне құйып, нәр алып жатыр ма? Осы жерде оқырман тарапынан «мүмкін» деген пікір туындар. Оған мен қарапайым бір мысал келтірейін.

Күн дүйсенбі болатын. Түс ауған соң, әдеттегідей жеке мәселемен келген жұртты бір-бірлеп қабылдап жатқанмын. Кабинетке ашаңдау келген жас жігіт енді. Сәлемдесті.

– Келген мәселенді айтқын. Аты-жөнің кім еді? – дедім жігітке. Аты-жөнін айтты. Ол Түркістанға арнайы жолдамамен келген, тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімі екен.

– Аға, – деді байсалды үнмен ол. – Аға, мен тарихи қала деп, Түркістанға арнайы жолдама алып келіп едім. Оқушыларға көңілім толмады. Ең алғаш рет, өзім барған мектептің 10«а» класына әдебиет пәнінен сабақ беруге кірдім. Д. атты оқушыға «Абай кім? Оның қандай еңбектерін оқыдың?» деп сұрақ қойдым. Ол ойланып тұрып: «Абай жазушы. Оның көп кітабы бар», – деді. Мен кейіген жоқпын. Класқа ортақ

сауал тастадым. «Абай кім? Оның қандай еңбектері бар?» Кластағы 28 оқушының арасынан тек бір оқушы ғана дұрыс жауап берді. Өз оқушыларымның кім екенін кейін көрдім. Кілең марғау көңіл, мәңгүрт ойлар.

– «Көпті жамандаған көмусіз қалады» – деген ащы мақал бар. Сен оны білесің бе? – дедім.

– Рас, аға, тек олардың ертеңіне жаным ашиды. Ең басты рухани қазынамыз – тілдің сарқылып қалмауы жолында қауым болып кірісіп жатқанымыз кімге керек?! Бір мектептегі оқушының тек 10-15 проценті ғана ынталанып сабаққа үнемі қатысып отырса, қалғандары бос уақыт өткізеді, – деді. Мен әлгі оқытушыны үнсіз шығарып салдым. Кейін мектептерді арнайы аралап көрдім, бұл айтқаны ақиқат еді. Бұл бүгінгі күннің үлкен дерті десем де болады. Қазіргі кезеңде Қазақ ССР халыққа білім беру министрлігі жаңа талаптарға сай мектептердегі оқыту жүйесіне көп көңіл бөлуде. Жетілдірілген жаңа программалар жасалуда. Баланың талабы мен қабілетіне сай тереңдете оқытылатын программалық жүйе қамтылуда. Қазақ тілінің қазіргі жағдайына қарасақ, жинақылық, тұлғалық жағынан бәрі бар сияқты. Ал бізде не жетіспейді?! Мен айтар едім – тәрбие! – деп. Себебі оқу-тәрбие жұмысын қайта құрудағы КПСС XXII съезі алға қойған міндеттердің бірі – жас ұрпақты өмірге бейімдеу, еңбекке баулу ісін тиімді өрістету. Біздің ұстаз-педагогтар осы талап тұрғысынан оң көзбен қарап жүр ме? Оларға қазіргі кезде бірінші талап, оқушы назарын өзіне бірден аударатын терең ой қажет. Ойдың өз телегей-теңіздей толассыз ағып, лықсып келіп тұрған білімнен туындайтын қасиет. Сол ойды қажетті арнаға бұра алатын парасат, шеберлік қажет. Қандай бір пән болмасын, оған философиялық тереңдік керек. Оқушыға мұғалім сабақ түсіндіріп тұрғанда Аристотельдің «Не болғаны емес, не болуы мүмкін екенін айту керек», – деген қағидасын ұсынғанда ғана оқушы білімге қызыға түседі. Білімге қызыққан оқушыдан талапсыз, жалқау, тәрбиесіз қасиет шықпайды.

Бүгінгі таңда бүкіл әлем экономикалық және мәдени интеграция дәуірін бастан кешіп отыр. Сондықтан да бүгінгі жас ұрпақ тамшыдай білімді шашпай, төкпей алтын зердесі-

не құйып, одан рухани нәр алып отыруы қажет. Бұл оқытушыға да, оқушыға да тән қасиет болғаны абзал. В.И.Белинский «Еділдің кереметтілігі оған құятын бұлақтардың кереметтілігінен» демеп пе еді. Халқымызда осы даналық сөз ой қосатын «Бұлаққа қызықпаған бала, бүгінгі қайта құру процесі жеделдету, кеңейту, демократия, әлеуметтік және ұлттық әділдік, экономикалық және саяси реформа, республикалық дербестік проблемалары секілді күрделі процестерді қалай түсінеді. Оған үйдегі дайын тамақ, аяқ-қай-шулы орта, видеосалон, телевизор, кинотеатр, гитара болса болғаны. Өзге дүниені төңкеріліп түссе де бәрібір. Себебі ол ұйқыдағы сәби секілді. Ал енді осындай жасқа «Қазақ тілі» қоғамы неге керек? Шындығын айтсақ, көптеген жастарымыздың түсінігі осындай. Жер бетінде бақытты балалар бар болса, олар біздің елдің ұл-қыздары. Бізде толып жатқан кітапхана, кітап, оқулық, микрофондалған кабинет, өз мамандығына жетік, керемет ұстаздар жеткілікті. Ұрпақ игілігі үшін қажеттің бәрі бар. Біз бүгінгі жастан Отан азаматын, қоғам қайраткерін күтеміз. Өмір сүріп отырған қоғамның керемет болуы үшін, оның мәртебесі жоғары болуы ауадай қажет.

Ал, қоғамымызда отызға келгенше өз асын жылап ішіп, әкесінің иығына мініп, түк бітірмей жүретін борбастар аз ба? Бұл шындық. Шындық болғанда да, ащы шындық.

Ньютон өзінің тартылыс заңын жиырма бес жасында ашты. Лобачевский параллельдер проблемасының нұсқасын жиырма үш жасында тапты. Эйнштейн салыстырмалы болжам теориясын жиырма бес жасында дәлелдеді. Сеченов физиология саласындағы алғашқы жаңалығын жиырма екі жасында. Курчатова атомды бағындыру саласында жиырма бір жасында күрделі зерттеу жасады. Біз болсақ отыз бес, қырық, елу жастағы ғылым кандидаттарын жас, дарынды, кеменгер деп ауыз толтыра дәріптейміз. Біз әу бастан-ақ таразыны дұрыс пайдалана алмайтын, даурықпа ұранға әуес болып кеткен секілдіміз.

Бұл таразы – тарих, ғылым, әдебиет, өнер. Осыны тең ұстап, салмақтай ұстап үйренсек ешкімнен кейін қалмас едік. Өкінішке орай, бізде бұлардың көбінің салмағы тым жеңіл.

Бұл таразының басын ауырлату үшін, ең бірінші, мектептегі оқушының біліміне ғана емес, тәрбиесіне де үнілген абзал. Меніңше, қазақ балаларын тәрбиелеуде халықтық педагогиканы дамытудан ұтатынымыз көп. Себебі, біздің халық жазу-сызуды білмесе де, өз ұрпағын тәрбиелеуде семья, тайпа, бертін келе қоғамдық ұжымда неше алуан ой-пікірді сәтті пайдаланған ғой. Халқымыздың жас бала туғанда шілдеханна жасауы, ойын-той өткізуі, нәрестені қырқынан шығарғанда көршілерді шақыруы, өніп-өскен, үрім-бұтақты анаға қырық қасық тұзды сумен шомылдыртуы, бесікке салғызуы, тәй-тәй басқанда шаруақор әйелге баланың тұсауын кескізуі еңбекке байланысты тәрбиелік мәні зор дәстүріміз еді ғой. Ұлы педагог А.С.Мақаренко «Адам мінезін қалыптастырып тәрбиелеуде семья қоғамдық роль атқарады» десе, халқымыз «Ұяда нені көрсең – ұшқанда соны ілесің» деп, философиялық терең топшылау жасаған. Бізде бала дүниеге келген күннен бастап, оны өсіріп, тәрбиелеуде ананың ролі ерекше. Осыған орай сәбиді ата мен әже болып тәрбиелесе, халық даналығын бойына ақ сүтпен бірге дарытса ғой. «Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз» дегендей болмай, қариялар сәбиге дұрыс қарап қамқорлық жасаса, олар жас ұрпақтың құты болар еді. Зерделі, зиялы қариялар бір үйдің ғана қамқоршысы емес, бүкіл ауылдың, ұлыстың, елдің қамқоршысы, ақылшысы болған. Біздің халық «Қазақ білмегенін қартынан сұрайды» деген мақалды текке шығармаса керек еді. Өкінішке орай, қазіргі жас буын қариялар ақылын көп қажетсіне бермейтін күйге жеткен секілді. Бұрын бір ауылдың зиялы қарты ауылдастарының балаларының өрескел мінез-құлқын көрсе ұрсып, ақыл айтып отыратын. Ал, кішілер олардың сөзін екі етпей орындайтын. Ондай қариялар ел ішінде әлі де бар. Ата сөзіне тоқтап, ізеттілік қасиетті бойына дарытқан жастар да ел ішінде жоқ емес.

Қазақ халқы ежелден семьядағы ұл мен қыз тәрбиесін өз ара бөлісіп келген. Қызына үй сыпыру, төсек жинау, ас пісіру, шай құю, кесте тігу, тон пішу сияқты семьяның ішкі жұмыстарын үйретуді анасы өз міндетіне алады. Қыз баланы келешек ана, бала тәрбиешісі, семья ұйытқысы деп түсінген халқымыз оның еңбексүйгіш, өнерлі, өнегелі болып өсуіне

ерекше мән берген. Бүгінгі жас ұрпақ «Егдеге – ізет, жасқа – жол, кәріге – құрмет, балаға – міндет» дегенді көп біле бермейді. Кейбір ата-ана мұндай игі қасиетті балаға үйретуге орашолоқ. Мектеп, ұстаздар қауымы шәкірттеріне «Өзіңе дейінгіні сыйласаң, өзіңнен кейінгі ұрпақ та сені сыйлайтын болады» деп, тәрбиені тереңдетсе екен?! Мектептегі тәрбиенің негізін – халық педагогикасының атадан балаға мұра болып келе жатқан қағидасымен байытып, жетілдіре түскен жөн секілді. Халық педагогикасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан асыл ойдың түйінін, жастарды жан-жақты азамат етіп тәрбиелеуде қажетке жарағу ұстаздардың абыройлы борышы болмақ.

Сөз соңында айтарым, «бұлақ басынан тұниды» деген мәтел бар. Біз тілімізді дамытуда тек ұрандап, бір жақты ізбен кетпей, тілді, әдет-ғұрып, салт-сананы, тәрбиені, әдебиетті тең түрде дамытып, зерделі, парасатты халықтардай таразыға сала теңгеріп алып, биік мақсатқа қадам жасайық демекпін. Ол үшін, ана тілімізді – бұлақ, жас ұрпақты – құрақ деп танып, сол бұлақтың тұнық, терең, мөлдір болып ағуына, құрақтың шүйгін болып қаулай өсуіне биік қадамдар жасайық.

Бұл орайда ана тілін мектепте тереңдете дамыту ұстаздар үшін негізгі міндет болса, тәрбие саласында халықтық педагогиканы тереңдету, әдет-ғұрып, салт-санамен байланыстыра жетілдіру қажет. Мінбеден сөз сөйлеп, бос айқайға берілу бір басқа да, ана тіліміздің дамуының негізгі көзін зерттеп, сол жолда тер төгу бөлекше әңгіме. Ол үшін мектептегі тәрбиеге ерекше мән берген абзал. Түйіндей келгенде, «Қазақ тілі» қоғамы ана тіліміздің, әдет-ғұрып, салт-сана, әдебиет, мәдениет, тарих секілді ата мұрамыздың қара шаңырағы, асылымыздың ашылған көмбесі болса екен демекпін.

*1990 ж.*

## БІЛІМ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА БІР АҰЫЗ СӨЗ

**Б**аяғыда ескі гректің философы Платон айтқан «Көрген білгенін айтпаса, аға кінәлі» – деп. Біздің еліміз Қазақстан Тәуелсіздік алды, дүниежүзілік қоғамдастық таңыған егеменді мемлекетке айналды. Жас ұрпақ қаулап өсіп келуде. Өмірде мамандықты таңдау арқылы жастар өзінің тағдырын шешуде. Жаңа оқу жылы басталды, студент жастар білім бөлмелеріне еніп, ұстаздардың дәрістеріне құлақ түріп тыңдап, зерделеріне тоқу үстінде.

Қазақ халқының ұлы данышпаны Абай «Кімде-кімнің білімі, сүйіспеншілігі, әділеттілігі мол болса, сол данышпан, сол ғалым және сол дүниежүзін билейді» – деп. «Білегі күшті бірді жығады, ал білімі күшті мыңды жығады» – деп қазақ атамның айтқан сөзін естен шығаруға болмайды. Жас кезде білім алуға тырысқан өте дұрыс. «Тақыр жерге шөп те өспейді» – дегендей, білім тек қана талпынған, мамандық алуға тырысқан жастардың ғана үлесі.

Атақты ақылгөй әрі тарихи тұлға Ахмет Байтұрсынов:

*«Білімді болу үшін оқу керек,*

*Бай болу үшін кәсіп керек.*

*Күшті болу үшін бірлік керек,*

*Осыларға жету үшін тірлік керек»* – деген болатын.

Адам өзінің алдына қойған мақсатын сезіне білу қажет, сонда ғана, өзінде іске деген сенімділік пайда болады. Адамның жігері, қайраты оның тұла бойында. Орыстың ұлы композиторы П.И.Чайковский: «Шабыт, рух сирек келетін қонақ, ол жалқауларды сүймейді» – деген болатын.

Халық даналығында мынадай сөз бар: «Ғылымда сара жол жоқ, тек қана оның тастан тұратын сүресімен шаршамай, шалдықпай тырысқан адам ғана, оның жарқырап шыңына жетеді» деген. Тек қана ізденген жетер мұратқа. Жоғары оқу орындарында талантты, өте жақсы оқитын, қоғамда өзінің орнын табуға арман ететін жастар аз емес. Білім алу мәселесі инемен құдық қазғандай қиын. Сондықтан ұстаздар «Бұлақ көрсен көзін аш» деген мақалды есте ұстауы өте қажет. Көреген адамдардың сөзіне сүйенсек, олар бы-



лай деген: мысалы, Фирдоуси – «Қандай болашақ күтіп тұр, соны ойла. Дұрыс мақсатты тандап алып, соған тұра жүр», ал Марк Твен: «Мен мектепте оқығаныммен, еш уақытта, өз бетіммен алған білімімді араластырмаймын». Яғни, ол адамның өз бетімен терең білім алуға өте көп мән берген.

Әрбір басталған істі аяғына дейін жеткізу қажет. Сондықтан институтқа, университетке, академияға оқуға түскен екенсің, соны қайткенмен де бітіріп, жақсы мамандық алуға тырысқан жөн. «Өз нанын тапқан, өзгеге телмірмейді» деп дұрыс айтылған. Студент жастарға оқытушы-ұстаз, аға буынға еш уақытта, олардың қойған талабына, кейде бір қатты ұрысып, сөйлеген сөзіне ренжіп, оны өмір бойы есте сақтап жүруге болмайды. Аға буынның қатты талабынан жастардың өмірдегі табыстары туады. Бекер айтылмаған «Дос жылата айтады, ал дұшпан күлдіре айтады» – деп. Тек қана жаны ашып, ауырып студенттердің терең білім алғандарына тілектестіктен туған талапқа, керісінше, қуана-қуана қабылдау қажет.

Дегенмен ұстаздардың есінде болатын бір мәселе, ол «Тұзды төкпе, қызды сөкпе, тұз асқа дәм береді, ал қыз елге сән береді» – деген. Қандай жағдай болмасын, қыз бала студентке қатты сөз айтуға болмайды. Сөзсіз, «мың қосшыға, бір басшы» – дегендей, адамның-жастың жақсы болып өсуі, көп жағдайда ұстазға байланысты.

Мақсатқа жету үшін денсаулық жақсы болуы қажет. Денсаулық дегеніміз – бірінші байлық, адам өмірінің маңызды мәселесі. Денсаулық жақсы болуы үшін жас ұрпақ дұрыс тамақтануы қажет. Орыс халқында «Аш қарын білімді ұқпайды», деген, ал қазақтар «Бір күн аштан, қырық күн ақыл сұрама» – деп бекер айтпаған. Сондықтан күніге кемінде үш рет дұрыс тамақтануға өте көңіл бөлу қажет. Бізден бұрын өмір сүрген аталарымыз: «Аш қарынға ақыл қонбайды» деген. Аш адамды адамгершілікке шақыру қиын.

Өкінішке орай, соңғы кездерде қазақ жастарының арасында темекі тарту өте көп орын алып бара жатыр. Бұл дертпен кейбір тәрбиесі төмен, таяз ойлайтын бойжеткен-студент қыздар да әуестенеді. Бұл өте үлкен кемшілік. Кейбір алаңда оң қолында сыра, сол қолында темекі ұстаған жастарды

жиі кездестіруге болады. Ол өкінішті жағдай. Орыс ғылымы – хирург 100 жасқа жеткен Феодор Углов өмірінде темекі тартып, ішімдік (арақ) ішпеген. Әлі еңбек етуде. Темекі, арақ орнына ақшаны тамаққа жұмсаған өте дұрыс. Осы ақиқатқа жастар әлі мән бермей келе жатыр. Олардың қателесуі ұлттық трагедия деп те айтуға болады.

Ертеңгі күн бүгіннен басталады. Уақыт дегеніміз – ол ХХІ-ғасырдың негізгі валютасы. ХХ-ғасырдың атақты да-нышпандарының бірі, классик «уақытты ұту деген – бәрінде ұту» – деген. Әрине, әрбір адам бүгінгі күннен ертеңнің жақсы болғанын қалайды. Бүгін бітіретін істі ертеңге қалдырмау қажет. Қытайлар, тіптен «Ертең істейтін істі бүгін бітір» дейтін көрінеді. Сөз жоқ ұқыптылық уақытты үнемдейді. Студент жастарды уақытты бағалауға және үнемдеуге үйрету, оларды тәрбиелеуде абыройлы іс. Ақылды адам уақыттың әрбір минутын қымбатқа бағалап, өзіне керекті және қызық іспен айналысады, сөйтіп, өзін қоршаған ортаға күлкі қылмайды.

Уақыт – тарихтың көзі, нұры. Әлем дүниесіндегі Күн, Жер, жұлдыздар, планеталар, жер шарындағы белгілі және белгісіз жағдайлар, барлығы да, тірі және жансыз құбылыстар уақыт өлшемімен есептеледі. Жеке адам дүниеден өтеді, бірақ та адамзат өмірін жалғастырады. Жер жүзінде бәрі уақыттан қорқады, тіпті, Мысыр мұнараларының өзі де. Жас ұрпақ өмірінің әрбір минутын қадірлеп, бағалап өту қажет. Табиғат құбылысына қуанып, достықты бағалап, өзінді ренжіткенге рақымшылық жасап, кешіру де, ол ақылдылықтың белгісі. Уақытты бостан босқа өткізбей (әрине, оқудың, сабаққа дайындалудың орны басқа), бір пайдалы іспен әуестену өте қажет нәрсе екенін есте ұстай білген дұрыс. Әрбір күннің нәтижелі, жақсы өткеніне қуана-қуана өмір сүру қажет.

Біздің ойлағанымыздан керісінше, уақыт әрдайым тезірек өтеді. Орыс халқында: «Өткенді еске алып, ой жүгіртсең – бас киімінді ал, егерде болашақты ойласаң – жеңінді түріп, қолыңды сыбан» деген.

Уақыт тез өзгеруде, сондықтан, біз жанаша ойлап және қимылдап, қазіргі жаңа жағдайға сәйкестенуге міндеттіміз.

Әрбір күнді ұқыпты пайдаланып, оны тағдырдың, табиғаттың сыйлығы – деп есептеу керек.

Өмірде «Не ексең, соны орасың», дүниеде әр зат бір-бірімен байланыста болады. Әр адам өз-өзіне сыншы. Егерде, өмірден өз орныңды тапқың келсе, сөзсіз, болашаққа көз жүгіртіп, кемінде 10 жылға жоспар жасаған жөн, ол үшін, әрбір қадамыңды аңдап басып жүр, сонда ғана өкініштен басың аулақ болады. Үнемі уақытты бағалай білетін, алдына нақты мақсат қоя білетін және орындау жолында шаршамай еңбек ететін адам ғана жеңіске жетеді. Жастар әруақытта сабырлы болып, оқуда, білім алудан ерінбей, еңбекте, қызметте өнегелі болғанда ғана ұжымда, қоғамда өз орнын табады. Өмірде тек қана талантты жан жеңіске жетеді – дегіміз келеді.

Егерде, алдына мақсат қойсаң, онда ештеңеге қарамай, соған тура жүруге тырысқан дұрыс. Бақыт үшін күресу қажет. Әрекетсіз, қимылсыз ешбір мәселе шешілмейді. Алдына қойған үлкен арман болған жағдайда, энергияны, қайратты, қажырды жұмсауды еселеу қажет.

Біздің халықта «Талантты ерге нұр жауады» – деген аталы сөз бар. Сондықтан үнемі талаптану керек. Өкінішке орай, біздің бойымызға сіңіп кеткен жалқаулықтан, енjarлықтан, еріншектіктен тезірек құтылып, жас ұрпақты осы кемшіліктен сақтап қалу аға буынның абыройлы міндеті. «Еріншектің ертеңі таусылмайды» – деп бекер айтпаған. Осы індетті жас ұрпақтың бойынан аластау қажет. Данышпан Абай айтқандай: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» – дегені өте дұрыс. Қытайларда «Кімде-кім алға қарай ұмтылмаса, сол кейін кетеді» – деген ұғым да бар. Медицина ғылымының докторы, академик-хирург Мұхтар Әлиев бір сөзінде: «Өмірде ең басты мәселе – еңбекте қажырлылық қажет, тек қана еңбектену, еңбектену, еңбектену» деген болатын. Оның астарында әрқашан өте белсенді адам болу керек деген ой жатыр. Өмір деген негізінде тынымсыз күрес екенін білу қажет. Дененде еріншектікке, енjarлыққа орын болмауы қажет.

XIV-ғасырда өмір сүрген Италиян ақыны Франческо Петрарк: «Адам тумысынан ерекше болып тумайды, ол өзін-өзі

ісімен ерекше етеді», -деген, ал оның жерлесі Рим императоры Марк Аврелий: «Өз жұмысыңды римляндыққа тән адал жаныңмен істеу керек. Өміріндегі ең соңғы іс сияқты орындау қажет, сонда ғана бақытты боласың», -деген екен. Тек қана адал еңбек жарлы болмай өмір сүрудің өлшемі. Тұлғаның, адамның өлшемі, оның іс-қимылы. Америка Құрама Штаттарының президенттерінің бірі Джон Кеннеди: «Ел, мемлекет саған не беретінін сұрама, керісінше, өзін ел үшін қандай іс бітіретінін сұра», - деген. Жігіттің жақсылығын ел білер. Өмір әркімді өз қолымен орын-орнына қояды. «Іздеген жетер мұратқа» деген өте дұрыс.

Кіші жүздің бас биі Әйтеке би: «Ел жайы ер азаматтың күндіз есінен, түнде түсінен шықпайтын киелі ұғымы» деп орынды айтып кеткен. Сондықтан жастар арасынан, мамандардан халық үшін туған, елге елеулі, халыққа қалаулы азаматтардың көп болып шығуына аса назар аударуымыз қажет. Тек қана қара басының қамын ойлау үшін, онша ақылды болудың қажеті жоқ сияқты. Қара басын ойлайтынның неғұрлым саны аз болса, қоғам ғарыштап даму жолына түседі. Біздер, қазақ зиялы топтары үшін киелі сөз «Еңбек адам өмірін дәмді етеді» - деген неміс халқының қағидасын білу қажет сияқты. Француз жазушысы Актуан де Сент Экзюпери былай деген: «Адам үшін ең үлкен байлық, ол қарым-қатынаста болу». Сөзсіз, үлкенді, ата-ананы сыйлай білу, оны жастардың бойына сіңіре білу ізгі іс болып табылады. Атақты Қазыбек би:

«Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт-берекең – атаң қымбат. Аймалайтын – анаң қымбат, Мейірімді – апаң қымбат. Туып өскен – елің қымбат, Кіндік кескен – жерің қымбат», - деп бекер айтпаған. Өзіңнің жақын туыстарыңмен сыйластық жағдайда өмір сүруге тырысқан жөн. Олардан ешуақытта қол үзуге болмайды. «Өз қадірін білмеген – ер қадірін білмейді, Ер қадірін білмеген – ел қадірін білмейді» - деген қағиданы ұмытуға болмайды.

Сөйлеу үшін, әуелі ойлай білу керек. Бізден бұрын өмір сүрген данышпандардың бірі: «Басқа халықтың тілі өмірмен күресінде қару болады» - деген еді. Осыны еске ала отырғанда қазақ жастары өзінің Ана тілінен соң ұлы орыс

тілімен қатар ағылшын тілін білуі өте қажет. Себебі, осы тілде сөйлейтін елдер қоғам дамуында, өндірісте, өмірде қомақты жетістіктерге жетуде есте ұстағанымыз дұрыс. Сонымен қатар, «Ана сүті бой өсіреді, ана тілің ой өсіреді» деген қағиданы да ұмытпауымыз керек. Өкінішке орай, дүниежүзінде 2 миллионға тарта қандастарымыз ана тілін білмейді, сөйлей алмайды. Егерде сен жалғыз ғана ана тіліңді білсең ол жеткіліксіз, екі тілді білсең – жақсы, ал үш тілді білсең – өмірлік әсем жағдай саған қамтамасыз етіледі. Шындықты айта кету керек, республикамызда ана тіліміздің жағдайы ойдағыдай емес. Мемлекеттік тілде болмаған тәуелсіздік мемлекетте де бола алмайды. Аға буынға жастардың үш тілді білуі керек екені қатты ұнайды, себебі осы үш тіл (қазақша, орысша, ағылшынша) арқылы біріншіден негізгі тілді сақтауға жағдай туғызады, екіншіден, орыс тілі көмегімен көрші орыс әдебиетімен таныс болуға, ал ағылшын тілін пайдаланып, дүниежүзілік мәдениетке, техникалық жаңалыққа еруге, оның өзі де мәдениеттің және мемлекеттің дамуында зор нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

(551-497 біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрген) Конфуций айтқандай: «Сөзге алғашқы сандағыдай мән беру қажет» – деген. Атам қазақ айтқан екен: «Жақсы сөз жарым ырыс, жанға жылы» – деп, сондықтан жастар, студенттер бір-бірімен сөйлескенде жақсы, жағымды сөздер айтуға дағдыланғандары дұрыс. Өкінішке орай, көп жағдайда, жастар өз сөздеріне мән-маңыз бермей сөйлейді. Мылжың көп. Арабтарда, «Сөзді, әуелі аузыңда пісіріп ал сосын шығар» – дейді. Сөз құдіретті күш. Абай айтқандай: «Сөзбен өлтіруге болады, сөзбен сақтап қалуға болады» – дейді. «Андамай сөйлеген, ауырмай өледі» және «Беттің түріне қарама, сөзінің нәріне қара» – деп бекер айтылмаған. Сондықтан, жастарды тұрмыста дұрыс, мәдениетті, сыпайы сөйлеуге үйрету өте керек, көкей тесер мәселенің бірі.

Адамның жас кезінде бәрі де тез есте сақталады және көп уақытқа дейін ұмытылмайды. Жастық дегеніміз көңіл-күйдің жағдайы. Жастар өмір бойы жаңалыққа құштарлықты өз бойына сіңіруге талпынғаны дұрыс, сана-сезімді дамылсыз ояту қажет, сонда ғана ақыл-парасатқа ие болып

өмір сүресіз. Әсіресе, жас буын өзін-өзі жеңуге дағдылануы қажет. Дүниеде бәріде өзгеріп отырады. Кеше жақсы болған іс ертең нашар болуы мүмкін және керісінше. Бұл диалектиканың заңы. Дүниежүзінде істелген жақсы жағдай адамдардың, халықтардың күшімен, күресуімен орнатылғак Соны бағалай білуді жастар естерінен шығармағаны дұрыс. Халықта «Маған досыңның кім екенін айт, мен сенің кім екенінді айтамын» деген нақты сөз бар. Жас студент алдына үлкен мақсат қойған жағдайда, тек қана өзінен ақылы артық құрдасымен дос болып, қарым-қатынас жасауы қажет. «Жақсымен жолдас болсаң, жетесің мұратқа, ал жаманмен жолдас болсаң, қаласың ұятқа» деген халық мақалың болашақ маман естен шығармауы керек. Абыройлы болуыңды, ар-ожданыңа дақ түсірмеуді жас шағыңнан бастап ойластыру керек. Жолдастарыңмен сыйластық жағдайда болуды есте ұстаған дұрыс. «Адамның күні адаммен» – деген сөз бекер айтыл-маған. «Арың үшін алыссаң да – өлмейсің» – деген ұғым бар.

Кейбір кезде, басқа адамның қажетіне жараудың өзі де бақыт. Әсіресе, ескі достардың орны басқа, ерекше. Әруақытта, бейтаныс адамдармен немесе таныс жолдастарыңмен кездескенде достық, инабатты пиғыл көрсеткенге ештеңе жетпейді. Пікірлескен адамдардың қуанышта, көңіл-күйінің жоғарыда болуына тырысқан жөн. Өте білімді адамның басқа кісіні өзіне тарта білетініне өмір куә болып отыр. Адамдардың арасында «тіл» таба білудің өзі өнер, осыны да жастар есінде ұстаса артық болмайды. Әр адамның өзінің болашағы тек өзінің жеке қимылына байланысты, «Жақсымен дос болсаң қадірің өседі, білімдімен дос болсаң ақылың өседі» – дейді, дана халық. Әрбір жеке тұлғаның нашар, көңілге қонымсыз жағымен қатар, оның жақсы, сүйкімді жақтары болады, осыны айыра білген де дұрыс. Студент жастар өмірде өзінің нашар мінез-құлқын жеңе білуі керек, өзіне-өзі сыншы болып, өзін-өзі білген абзал

Адамның, жастардың тағдыры оның мінез-құлқына байланысты! Ньютонның түсініктемесі бойынша: «Данышпандық деген бір бағытқа арналған ойлардың салмақтылығы». Өмірде бәрі адамның, жастың ақылына және белсенділігіне

байланысты. Егерде кімде-кім қайда бара жатқанын сезінсе, сол адам мақсатына жетеді, көздеген жеріне барады. Данышпан Абай айтқандай: «Әрбір адам баласының басының, ой-өрісінің дамуы бірден-ақ, оның ар-ожданының, адамгершілік тәртіптің жеке өміріне сіңуіне байланысты» – деген.

Мхатма Гандидің айтуынша: «Дүниені өзгерту үшін, әуелі біз өзімізді өзгертуіміз қажет», – деген. Ал неміс халқының атақты ақыны И.Гете ақылына жүгінейік: «Әр уақытта ба-тыр болу мүмкін емес, сондықтан әруақытта адам болып қалу қажет», – деген.

«Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі. Өзіне келер ұятын, Өзі біліп тұрса игі», – деген данышпан Төле бидің ескертуін есте ұстауымыз қажет. Егер де студент жастар, ұстаздардың, ұжымның есінде қалғысы келсе «Намыс» деген ауқымды сөзді өзін-өзі сыйлау, ұят, адамгершіліктің белгісі, ішкі тірек екенін сезінуі қажет. Осы ұғымды іс жүзінде орындап, өзінен кейін өмір сүретін ұрпаққа мұра ретінде қалдыруға міндетті. «Ұят болады» – деген ұғымды әр уақытта есінде ұстаған жас буын ұтады және қоғамда өз орнын табады. Жастар, егерде өздерін бір қалыпты мінезде ұстап, өте жақсы сезімталдықпен, үлкен сабырлықпен өзінің психикалық энергиясын үнемдеп, оны керек кезінде пайдалана білуді дағдыландыру керек. Адамның бойында адамгершілік қасиет әр уақытта болуы қажет. Мысалы, студенттер үшін тек қана аудиторияда, оқу үстінде емес, көшеде, жатақханада, жолдастарымен, туыстарымен қарым-қатынас жасаған кезде де керек.

Өмірде, егер де ескеріп жүрсеніз, айналасына жылы, жарық шуағын шашып жүретін адамдар болады. Соның әсерінен, жер бетінде басқа да адамдарға өмір сүру онай, тәуір жағдай туады, сол адамдарда өздері де біртіндеп жақсы адамдар қатарына енеді. Кіммен бірге жүрсен, соның әдет-ғұрпын қайталайсың деген осы. Туыстарға, жолдастарға, көршілерге адал болу қажет, қарапайым болу – үлкен қасиет. Жақсы адам болу, ол мамандық емес. Егер де жанына парасатты адамдар ерсін десең, мейлінше ақжарқын болып, әрбір ақкөңіл адам өзіне, айналасына басқа адамдарды тартып, топтастырып, серіктестерін, пікірлестерін молайта біледі. Академик Әлкей Марғұлан айтқандай: «Мәдениет

дегеніміз – адамзат баласының ақыл-ойы, маңдай тері, қажырлы еңбегі, мұның бәрі бір қоғамдық сипат».

Адам баласы тек қана басқа адамның қатесінен үйрену емес, онымен қатар, оның жетістігін өнеге етуі қажет. Әңгімелесіп қалған адамның ойын аяғына дейін тындап, оны түсіне білудің өзі үлкен қасиет. Әр уақытта, «Кең болсаң – кем болмайсың» деген аталы сөзді есте ұстап, сабырлы, сыпайы, қажырлы, қайратты, өзіңе-өзің сенген адам болуға ештеңе жетпейді. Осы жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттер жастар үшін бағалы өнеге болмақ. Өмір куә болғандай, адаммен адамның ара қатынасы жақсармай, адаммен табиғаттың да қатынасы дұрысталмайды. Тағы да, И.Гете айтқандай: «Күн сайын күрескен адам ғана өмірмен бостандыққа лайықты ие болады», – деген мәңгілік сөзін есімізде ұстайық.

Голландияның ұлы философы Барух Спиноза: «Табиғат әрбір адамға лайықтап бас берген сондықтан од өзінің ісін басқаларға жүктемей, өзі ойлап, шешуі керек» – деген. Орыстың ғалымы Вернадскийдің айтуынша «Әрбір жеке тұлға қоғамнан ақылды, бірақ та, қоғам тұлғадан күшті». Сондықтан әрбір адам осы шындықтарды санасына ұстай отырып, күніге өзіңнен өзің сынақ (экзамен) алып отыруың қажет. Егер де бойыңда жақсы тәртіп әдетке айналса – ырыс, ал жаман тәртіп әдетке айналса – қырсық екенін сезіне білу керек. Әр адам үшін оның жеке ар-ожданының ұятынан артық сот, сыншы жоқ. Әрбір қоғамның мүшесі елдегі, мемлекеттегі жағдайлардан хабардар болуы абзал. Әрбір жеке тұлға қаншама ақылды, іскер, көреген болса да, ол өмірден туған сұрақтарға толығынан әділ жауап бере алмайды, осындайда тек қана көпшіліктің ақылы қажет болады.

«Көп болып көтерген жүк жеңіл» – дегендей. Осы ойлар жастардың жадында болса артық болмайды.

Студент жастар үшін теңдесі жоқ ақылшы, қайғы мен қуанышта қапысыз жолдас болатын білім тірегі – тарих. Тарих ғылымы өмірдің тәрбиешісі, талапкері. Атам қазақ айтатын: «Тегін білмеген тексіз» – деп. Сол сияқты, тарихымызды, тегімізді білмеу – сауатсыздық, құр өмір суру – тағылық болып есептеледі. Ата тарихын білмеген адасады. Орыс сыншысы В.Г.Белинский: «Әдет-ғұрып замандар бойы сыннан



өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болып табылады. Онсыз халық бет-әлпетсіз бейне, болымсыз тас мүсін тәрізді» – деген. Ал Дағыстан халқының көрнекті жазушысы Расул Ғамзатов: «Егерде сен өткенге мылтықпен оқ атсаң, болашақ зеңбірекпен сені атады» – дейді. Сондықтан жас ұрпаққа, студенттерге тарих ғылымынан сусындап, білім алуына айрықша көңіл бөлуіміз керек. Тарихты есте сақтау – тірілердің үлесі. Онда біздің аталарымыздың рухани өсиеттері сақталған, олардың өшпес еңбектері мен ерліктері жаңа ұрпақтарға табыс етіліп тұруы қажет. Бір сөзбен айтқанда, тарих дегеніміз – халықтың зердесі.

Тарих жастарды патриоттық рухта тәрбиелейді, Отанның оты айрықша ыстық, ата қоныстың түтіні де ыстық дегеннің терең мәні бар. Тарихын, жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер деген ұғым өте дұрыс. Өткен аға буын, аға ұрпақ әрдайым болашақты ойлай, соның қамын жеп өскен, ал біздер болсақ, Ұлы Отан соғысы кезінде оқыған кейін білім алған, еңбектенген ұрпақ боламыз. Біздің іс-қимылымыз, әрекетіміз жастар бақытты болсын деген ойда болды. Енді дүниенің болашағы, немерелеріміздің тағдыры, жастар – өздерінің қолдарында. Қазіргі таңда, дүниеге, қоғамға, халықтың тарихына көзқарас өзгеріп келеді. Дегенмен тарихты қайта жазуға болмайды, ол қиянат. Өмірде жас буын тек қана өзіне өзі сенуі қажет, өз алдына өмір сүріп, батыл және өзін сақтыққа баулуы үлкен мәселе. Табыстың көршісі батылдық деп бекер айтылмаған. Жастардың дүниедегі құбылыстарға көңіл бөліп, белсенділік көрсетіп, оның жақсы жақтарын бойына сіңіріп, жауапкершілігін арттырып отыруға қоғам міндетті екенін айтуымыз керек.

Мәңгілік тек Күн сәулесінде ғана бар, ал жер бетінде барлығы өзгерісте, құбылыста болады. Барлық халықтың адамдары тек қана бақыт үшін өмірге келеді. Соған жағдай жасау қажет-ақ. Рухани байлыққа жету бүкіл адамзаттың басты міндеті, оның ішінде қазақстандықтар үшін және болашақ жас мамандардың арманы да осы.

Қазіргі таңда жоғары білім беретін оқу жүйесі әрбір жастың жан-жақты дамуына, жақсы азамат болып өсуіне әсер етуге міндетті және оған атсалысуда. Отанымыз дамыған 50 елдің қатарына енуіне күш жұмсайық.

*2005 жыл, қыркүйек.*

## **БІЛІМДІЛІК АҚИҚАТЫ**

**Е**гер мемлекет өз болашағының қамын күйттесе, алдымен жас ұрпақты ойлауы керек. Бұл – аксиома. Білім үшін бәрін құрбан етуге болады, себебі білім ғана біздің өмірімізді дұрыс бағытқа өзгерте алады. Сапалы білім – мемлекеттің әлеуметтік дамуы мен экономиканың тұрақты өсуінің негізі. Білім – мемлекеттің экономика мен мәдениеті дамуы үшін адамды қалыптастыруға арналған ең тиімді құралы. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халыққа жолдауында: «Ұлттың бәсекелестік қабілеті ең алдымен оның білімділік деңгейінен көрінеді», – деп атап көрсетті. Қазіргі кезде Қазақстанға оның дамуын шетелдік акцияларға емес, білім беру мен халықтың әл-ауқатын көтеруге инвестициялау қажет. Білімге кеткен шығынды идеолог Милтон Фридман ұзақ жылғы болашақта мемлекетке де, жеке адамға да елеулі кіріс түсіретін жүз пайыздық инвестиция деп атайды. Өкінішке орай біздің үкіметіміз бұл мәселеде басқа ұстанымда. 1993 жылы білімге мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігінің 8,1 %, 1998 жылы – 6,3% бөлінсе, 2004 жылы 3,7% ғана бөлінді. Өркениетті әлемде лайықты орын алғысы келетін ел үшін бұл жеткіліксіз. Салыстыру үшін айтсақ, өткен жылы Украинада студенттердің 5 1% мемлекет есебінен оқыды.

Кез-келген қоғам үшін, оның ішінде демократия үшін білім -өмірлік маңызы бар компонент. Адамдар жеке бостандыққа бейім болып тууы мүмкін, бірақ олар бостандықты өз балалары, өздері үшін де мүмкін боларлықтай және төзімді етерліктей әлеуметтік және саяси бейімділіктермен тумайды. Мұның өзі жүре келе пайда болады. Ол үшін оқу керек. Демократиялық қоғамда білім беруде оқушыларды, студенттерді авторитарлық режим принциптеріне сендіруден

қашу керек, оқу әдістері саяси құндылықтардан бейтарап болу керек. Оқушылар мен студенттерге демократия принциптерін оқыту шын мәнінде демократия құндылықтары болып саналатын ерікті зерттеу түрінде болуы қажет. Білім ерікті қоғамда маңызды роль атқарады. Егер басқа режимде білім режимнің қаруы болса, демократиялық қоғамда білім халыққа қызмет етеді. 2004 жылғы 24 ақпанда 2015 жылға дейінгі Қазақстандағы білім беру ісінің тұжырымдамасы мақұлданды, мұнда ел үшін орта білім берудің ең тиімді құрылымы ретінде 12 жылдық мектеп жүйесі атап көрсетілді. Бұл баста барлық жерде бірдей қолдау тапқан жоқ, таппайды да. Ең бастысы мемлекет пен ата-аналар үшін мектепте 12 жыл оқудың тиімділігі. Өйткені, әлемдік стандартқа сай болуға тиіс. Тұжырымдамада атап көрсетілгендей, болашақта мұғалім мамандығы ең беделді де жалақысы көп мамандық болуы керек. 2005 жылдың өзінде мектептердің 75 пайызы интернетке қосылуы керек. Білім берудің тағы бір ерекшелігі – ұлтына, дініне қарамай білім алуға құқылы. Дарынды балалар үшін әдеттегі сабақтардан басқа кең және түрлендірілген бағдарламалар қарастырылған, қосымша материалдармен оқиды. Республикамызда орын алған проблемаларға қарамастан балалар академиялық, әлеуметтік – тәртіптік білім алады. Жастарды спортқа, өнерге, пайдалы еңбекке шыңдауға көңіл бөлінеді.

Жасөспірімдерді атақты адамдар үлгісінде тәрбиелеу керек. Академик Мұхтар Әлиев: «Өмірде ең басты мәселе – еңбекте қажырлылық, еңбектену, еңбектену, еңбектену» – дейді. Ана тілін ана сүтімен енгізу керек, әйтпесе қиындықтар ұшырасады.

Қазіргі өркениет негізінен үш ұғымнан тұратыны белгілі. Олар: гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық ғылымдар. Кеңес кезінен бізді ойлауға емес, шайнап бергенді жұтуға болатынына сендірді. Бұл кезде тәрбиешінің, мұғалімнің, қоғамдық, комсомол партия органдары жетекшілерінің пікірлері шындық көзі ретінде саналды. Өткенді өзгерту мүмкін емес, онда тек сабақ алу қажет. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда өскен жас ұрпақ көбірек саясиленген және елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысуға құмар.

Республика үкіметі 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасын жасады, оның негізгі мақсаты – қоғамдық институттар арасында жеке секторлардың жоғары қосымша күн тудыратын өндіріс құруға ынталандыратын кәсіпкерлік ахуал туғызу. Бұл міндетті орындауда білім беру ісінің маңызы зор. «Маған тірек нүктесін беріңдер, жерді төңкеремін», – деп Архимед айтқандай, біз үшін тірек нүктесі – білім беру. Әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістер мен қазіргі қайта құрулар білім беруге жаңа талаптар қояды. Бұрынғы жүйені жойып жаңамен алмастыру емес, жаңа заманға бейімдеу міндеті түр. Білім беру тұжырымдамасы осы талаптарға жауап береді. Бізге әлемдік тәжірибедегі ең озық үлгілерді таңдап алу қажет. Тұжырымдамада жоғары және жоғары оқудан кейінгі білімге жаңа тұрғыда келу, Еуропада қабылданған көп деңгейлі мамандар даярлау (бакалавр-магистр-доктор) ұсынылады. Тұжырымдама бойынша жоғары білім нарық жағдайына бейімделген бакалавр, жоғарғы оқу орындарынан кейінгі екінші сатыда оқу мен зерттеу қызметін қатар жүргізетін докторлық бағдарлама бойынша оқыту көзделген Тұжырымдаманы жүзеге асыру таяу уақыттарда барлық деңгейде білім беру стандартын оқу-әдістемелік кешенді түбегейлі өзгертуді, менеджмент пен сапаны бақылау, бүкіл білім беру жүйесін демократияландыруды талап етеді. Білім – маманның, жас адамның өсу жолының кілті. Жоғары білім, оның сапалылығы арқылы ұлттық бәсекелестік қабілеті айқындалады. Тәуелсіздік орнағалы жоғарғы оқу орындары саны артты, соған сәйкес студенттер мен түлектер саны да өсті, бірақ ол дипломды жұмыссыздардың көбеюіне әкеліп соқты. Демек, көптеген оқу орындары мақсатсыз, бос жұмыс істеді деген сөз. Бұл мәселе ойландыруы тиіс. Жоғары білім дайын материалды игеруге емес, проблеманы шешуге арналуы тиіс. Қазіргі таңда жас маманның ағылшын, неміс тілдерін, басқа елдердің тарихын, мәдениетін білуі өте маңызды. Біздің бабаларымыз «өзге тілді білу – өмірлік тартыстағы қаруың» деп текке айтпаған. Білімді адамдар демократияның дамуына әрқашан ықпал етеді. Ата-аналар баласына білім әперу үшін ақша төлеуге мәжбүр, олар балаларының білімді, елге

қажет азамат болғанын қалайды. Бүгінгі таңда жоғары білім орташа алғанда 500-800 доллар (жылына) тұрады. Ал республика бойынша орташа жалақы ресми деректер бойынша 170-200 доллар.

Аймақтық жоғарғы оқу орындарының маңызы зор, олар жергілікті экономикалық және мәдени мәселелерді жақсы біледі. Өткен жылы Қазақстан мектептерінде мектеп бітіру және оқуға түсу емтихандарының орнына ұлттық бірыңғай тестілеу өткізілді, сол сияқты жоғарғы оқу орындары студенттері аралық аттестациядан өткізілді. Тестілеуді біздің еліміз Ресейден алды, сол сияқты бұл әдіс Франция, Нидерланды елдерінде бар. Қазақстанның 2015 жылға дейін білім беру тұжырымдамасын қабылдауы – еуропалық білім беру кеңістігіне кіру үшін қадам. Ең бастысы, жоғары білім жүйесі тиісті деңгейде жұмыс істеп, түлектер еңбек рыногында сұранысқа ие болуы қажет.

Өткенді оқып, білу жалпы адамзатты және отандық мәдениеттің игі дәстүрлерінің бірі, сонымен қатар адамгершілік маңызы бар. Тәуелсіздік жағдайында тарихты, патриоттық идеяларды бағалауды қалыптастыру негізгі құндылықтарымыз. «Мыңдаған ғылымды білмей-ақ білімді болуға болады, ал тарихты сүймеу-ақылы толыспаған адамның ісі», – деген еді Н.Г.Чернышевский. Мыңдаған жылдар бойы әр ұлттың өмірге деген көзқарасы өзінше қалыптасады. Бұл халықтың ұзақ жылдар сақталатын тілін туғызады.

Тарихи таным – этникалық танымның іргетасы, сондықтан тарихты оқып үйрену аса маңызды. Әрбір қазақстандық үшін Қазақстан тарихын білу қажет. Сол сияқты қазақ халқының, республикада тұратын басқа халықтардың салт-дәстүрлерін оқып-үйрену де маңызды. Оларда халық даналығы жинақталған. Олардың саналуандығы мәдени плюрализмнің, мәдениеттер сұхбатының таптырмас негізі. Әсіресе, Қазақстан халықтары үшін ортақ саналатын салт, дәстүрлер, мейрамдар. Мысалы, Наурыз, Еске алу күні т.б. Өткенді білмей, бүгінгіні жасай алмайсың. Қанды қақтығыстар қайталанбас үшін олар туралы білу, еске алу қажет.

Үнемі білімге ұмтылу, жақындары мен ата-аналарының үмітін ақтау, барды бағалау, үлкенді тыңдау, жастарды өз

Отанының нағыз азаматы болуға үндейді, олар басқаның қайғысын бөлісетін, достықты бағалайтын болады. Өйткені, ақшаға деген соқыр құмарлық алысқа апармайды.

Біздің қазіргі кемшіліктеріміздің бәрі – өз қателіктеріміздің жемісі. Адам – күрделі құбылыс, ол әрқашан белсенді болу үшін жаралған. Егер студент сабақтан басқа ештеңемен айналыспаса, бос уақытын немен өткізеді? Сондықтан біз әрбір студенттің қабілетін ашуға мүмкіндік туғызуымыз керек. Студенттің қоғамдық шараларға қатысуы оларды бір-бірімен жақындастырады, тәртібін нығайтады. Өртүрлі оқу орны студенттерінің КТК (КВН)-ға қатысуы олардың байланысын нығайтады. Біз, өз түлектеріміздің сырт бейнесі сұлу, ақылды, білімді жақсы адам болып қалыптасқанын қалаймыз. Соңғы жылдары, өкінішке орай көптеген қазақ жастары өркениетті және демократиялық деп түсініп, бағыстық, америкалық тәртіпке еліктегенді қажет көреді. Ал шындығында осындай «өркениеттіліктен» Еуропа, Америка елдері қаншама зардап шегуде. Нашакорлық, СПИД, жезөкшелік сияқты әдеттер жастарды қатерлі ісіктен бетер жалмауда. Еуропалықтар мен американдықтардан мұндай «өркениетті» емес, үйренетін осы заманғы үрдістер баршылық. Мысалы, қала тұрғызу, телекоммуникация, электроника, машина жасау т.б. салаларда. Жас адам бәрінен бұрын өзін жеңе білуі керек. Аға ұрпақ тәжірибесі көрсеткендей әр адамның бағасын уақыт пен халық береді. Кейбір жас адамдар ғылыми еңбекпен айналысуды армандайды. Француз жазушысы О.Бальзак шығармашылық еңбектің жанкештілігі жөнінде: «Бұл өз күшіңді сарқа отырып берілетін жан аямас күрес», – деген болатын. Ғылым интеллектуальды шығармашылықтың күрделі де жоғары формасы ретінде қазақ халқының игілігіне айналды. XX ғасырдың өзінде ғана мыңдаған академиктер мен профессорлар шықты. Біртіндеп бәсекелестікке қабілетті ұлтқа айналып келеміз. Қоғамның алға жылжуы бүкіл әлемде бәсекелестік арқылы айқындалады. Таланттар, технология бәсекелестігі-ақылды және қабілетті адамдар жеңетін қоғам дамуының қозғаушы күші. Қазіргі білім беру жүйесі әлемде болып жатқан жаһандық, технологиялық проблемалармен қатар жүруі

қажет. Сондықтан жас ұрпақ жалпы білім беретін пәндерді және экономикалық ілімдерді өз бетімен оқуы керек.

Ұлттық қор болуы керек екендігі сөзсіз. Мұндай қорлар ел экономикасы белгілі өсу деңгейіне жетіп, белгілі мақсатқа жұмсайтын артық қаржы пайда болғанда құрылады. Қазір, елімізде ата-аналар 5-7 мың көлемінде ғана жалақы алатын талай қабілетті балаларға білімнің есігі жабылып отырғанда мұндай қор туралы сөз қылудың өзі артық. Бүгінгі таңда қоржынында 4 млрд. 400 млн. доллары бар ұлттық қор ел үшін қызмет істеуі қажет. Барлық оқушылар мен студенттер материалдық жағынан қамтылған деп айтуға болмайды. Біздің мектептерімізде Жапониядағыдай оқушыларға түскі ас берілмейді.

Қазақта «Білекті бірді, білімді мыңды жығар» деген мақал бар. Ф.Беконның «Білім – күш» деуі де осымен үндес. Білімге ұмтылу – адамның мақсаты. Кинт ақылды адамның ақымақтан айырмасы белгілі бір жағдайларды білгендігінде емес, соларды керек жерінде қолдана білуінде екеніне көңіл аударған болатын. Дәулетсіз тұруға болар. Ал Ш.Уәлихановсыз, Абайсыз, Ы.Алтынсаринсыз, Пушкин мен Достоевскийсіз тұруға болмас. Оларсыз біздің өміріміз түкке тұрмайтын сұрқай тіршілік. Шын мәнінде өз өмірін қалауынша құрғысы келетін адам – бай адам. Ең бастысы – адам, ақыл мен қабілеттің иесі екеніне сенуі керек. Білімі, адамгершілік қасиеті үшін бағалай білуі қажет. Адамдар бір-біріне деген сеніммен өмір сүрсе, қоғам адамдарға сенгенде ғана нағыз таза қоғам орнайды. Алайда Адамзат әлі ондай қоғамды бастан кешкен жоқ, ғасырлар бойы армандаумен келеді.

**2006 жыл, наурыз.**

## ИНЖЕНЕР ИГІЛІКТІ МАМАНДЫҚ

Қазіргі заманда инженерлік мамандықтың бағасы төмендеп кеткені ешкімге құпия емес. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ Тау-кен металлургия институтында 1 орынға 14 талапкер таласқа түскен болса, Рудный индустриялық институтына түсуге тілек білдірушілер саны қазір 1 орынға 1,5 адамнан келеді.

Көптеген жаңа білімі бар мамандар жұмыссыздардың алдыңғы сапын құрайды. «Алыпсатарлық» кәсібі инженер еңбегінің құнынан әлдеқайда көп табыс әкеледі.

Республика басшылығы өнеркәсіпті дамытуға басты назар аударып отыр. Алайда, 1996 жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы Заңда студенттер қабылдауды 20 процентке қысқарту көзделген. Мұндай жағдаймен өтпелі кезеңнің аяғында өндірістің дамуын қалай жүзеге асырмақпыз? Инженер-технолог кадрлардың жеткіліксіздігінен өнеркәсіпті көтеру мүмкін болмай қалуы ықтимал. Осындай «Өзің отырған бұтақты кеспе» деген нақылды сөз еріксіз ойға оралады.

Маман-кадрларды, оның ішінде инженер-техник мамандарын даярлауды жақсарту үшін жоғарғы оқу орындары қабырғасында қыруар шаруалар жүзеге асырылуы қажет. Соның маңыздыларына тоқтала кетейік. Еліміз нарықтық қатынасқа өтудің қиын кезеңін бастан кешіріп отырған қазіргі кезеңде инженер алдымен экономикалық білім негіздерін, соның ішінде экономика және менеджмент мәселелерін, есеп-қисап саласын жақсы меңгеру қажет.

Соңғы жылдары, «Тіл туралы заңның» өмірге енуіне байланысты қазақ жастарының ана тіліне деген көзқарасы өзгере бастады. Ендігі жерде оқуға түсуге талапкерлердің басты көпшілігі орта мектепті ана тілінде бітірген жастар болмақ. Республикада қазақтардың орта жасы 25 жас екенін ескерсек, бұл процестің жалғаса беретіні анық. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында техникалық, инженерлік қазақша білім беруді жолға қою маңызды мәселе болмақ. Тілді дұрыс білмеуі (орыс тілін) себепті кейбір жастарымыз өздерінің бойындағы табиғи дарынын дұрыс көрсете алмай,



нәтижесінде еріксіз нашар үлгерушілер қатарына қосылатын жағдайлар аз кездеспейді.

Биылғы жылы маусым айында болған әкімдердің республикалық Кеңесінде «Реформалардың табысты болуы оған аймақтардың белсенді қатысуына байланысты» атты баяндамасында Президент Н.Ә.Назарбаев «Инвестор бізге келіп, экономикаға ақшасын салу үшін барлық күш-жігерді жұмсау қажет. Бұл үшін не істеу керек? Ең алдымен, инфрақұрылымды дамыту мәселелерін шешу – көліктік қатынас жолдары мен коммуникацияны, сауда жолдарын дұрыстап реттеу ... қажет» – деген болатын.

Ұлан байтақ елімізді көлік және коммуникация мамандарымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы үкіметінің шешімімен биыл Алматыдағы екі институттың негізінде Қазақ көлік және коммуникация академиясы құрылды. Оның құрамында Ақтөбе темір жол көлігі жоғары колледжі жұмыс істейді. Осы жоғарғы колледжі қарауына 64 жылдан бері орта білімді техник мамандарын дайындап келген Ақтөбе темір жол колледжі (техникумы) берілді. Сөйтіп, жастардың үзіліссіз білім алу міндеті көп сатылы мамандар дайындау арқылы орындалғалы отыр.

Ақтөбе темір жол жоғарғы колледжінің күндізгі бөліміне 9 мамандық бойынша 147 талапкер, ал сырттай оқитын бөлімге 25 студент қабылданады. Орта дәрежелі мамандар дайындау мақсатында 225 оқу бір курстың күндізгі бөліміне, ал 40 адам сырттай оқитын бөлімге алынады.

Келешекте орта арнаулы білім беретін колледжді үздік бітірген жастар педагогикалық кеңестің ұсынысымен Темір жол көлігі жоғарғы колледжінің екінші курсына оқуға түсуге мүмкіндігі бар. Бізде оқып инженер-бакалавр мамандығын алған жастар одан әрі оқимын деген ниет білдірсе, онда Алматыдағы Қазақ көлік және коммуникация академиясына түсіп, инженер зерттеуші мамандығын алуына жол ашық.

3-4 жылдан бері математика, физика, Қазақстан тарихы, мәдениеттану пәндері орыс тілімен қатар қазақша да оқытылып келеді. Ал ендігі оқу жылынан бастап философия пәнін қазақша оқытатын топтап ұйымдастыру көзделіп отыр.

Инженер мамандарын даярлауда аса көңіл бөлетін тағы бір мәселе – олардың заң және құқық нормаларын жақсы білуі. Жоғарғы Кеңес тарағаннан кейінгі уақыт ішінде Республика Президенті заң күші бар 134 Жарлық шығарды. Экономика, өндіріс және шаруашылық мәселелеріне байланысты заңдар ай сайын өзгеріп отыр. Сондықтан төменгі курстардан бастап-ақ студенттер алатын мамандығы шеңберінде терең құқықтық біліммен қаруланып шығуы тиіс.

Жасыратыны жоқ, Министрлер кабинетінің оқу орындарына деген бүгінгі көзқарасы жастардың магистрлік білім алып, ғылыммен айналысуға деген ынтасын біртіндеп жоюы да мүмкін. Бүгінгі таңда Қазақстанда алпысқа жақын мемлекеттік жоғарғы оқу орны бар. Ал 66 мемлекеттік емес жоғарғы оқу орнының 21-і ғана заңды түрде тіркелген. Біздің ойымызша, мемлекеттік емес жоғарғы оқу орындары мемлекеттік оқу орындарының аясында жұмыс істеуге тиіс, себебі, оларда неғұрлым даярлығы мықты, жоғары сапалы педагог кадрлар сабақ беруі керек, екінші жағынан оқу процесінде институттың оқу материалдық базасымен пайдалану тиімді болмақ.

Жоғарғы оқу орындарындағы педагог-кадрлардың әлеуметтік мәртебесін көтерудің мәні зор. Олардың бір кездегі абырой-беделін қайта жаңғырту қажет. Жаңа парламенттің жоғарғы оқу орны оқытушыларының мәртебесін арттыруға байланысты құжат қабылдауына қол жеткізу керек болды. Бұл орайда ғылым докторының еңбек ақысы 8 кластық білімі бар мұнай және газ өнеркәсібіндегі ағаш шеберінің еңбекақысынан төмен екендігі біраз нәрсені аңғартса керек. Ғылым мен білімнен қаржы аяған елдің қарқындап кеткені шамалы. Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде (Тайланд, Оңтүстік Корея, Сингапур) білім беруді көтеру арқылы аз уақыт ішінде экономика саласында ірі табыстарға қол жеткізілді.

Екінші дүние жүзілік соғыста жеңіліс тапқан Алмания (Германия) мен Жапония экономикалық жағынан КСРО-дан неліктен алда болды деген сұрақ туады. Себебі, ол елдерде ғылыми-техникалық, технологиялық прогреске нақты көңіл бөлінген болатын. Өкінішке орай, бұрынғы КСРО-да бұл мәселеге дұрыс мән берілмегені белгілі.

Көреген, іскер Жапон елінде жалпыға бірдей жаппай жоғары білім беру мәселесі күн тәртібіне қойылған. Қытайда болашақта жұмсалған шығынның орны толады деген есеппен жастарды АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция елдеріне жіберіп оқытуға қаражат аямайды. Әрине, біздің елімізде нарықтық қатынас талабына сәйкес студенттерді ақылы негізде оқытуға әлі ерте. Сондықтан, жоғарғы оқу орындарында жастардың 80 проценті мемлекеттік тапсырыс бойынша, қалғанын ақылы түрде қабылдау қажет. Республика экономикасы әбден тұрақтандырылғанға дейін инженер кадрларын даярлауда мемлекеттік тапсырысты сақтау – ХХІ ғасырдың білікті мамандарын даярлаудың сенімді кепілі болар еді.

Мысалы, Республиканың Батыс Қазақстан аймағында нарық жағдайында кадрлар даярлаудың жаңа жүйесіне көшу мәселесін алайық. Мұнда өнеркәсіптің тау-кен ісі, металлургия, химия, мұнай өндіру, газ бар-лау, машина жасау, құрылыс материалдарын өндіру және геологиялық жұмыстарды, көлік, байланыс, коммуникация, тас жол салу салаларының жақсы дамыған базасы бар. Осы орайда инженерлік жоғарғы оқу орындары мамандық номенклатурасын белгілеу, оқу жоспарына өзгерістер енгізу, қаржы-қаражат мәселелерін шешу, 1-курсқа студенттер қабылдау сияқты жұмыстарды өз билігіне алғаны дұрыс болар еді.

Біздіңше, техникалық оқу орнының түлектері инженерлік есептерді шешуде жаңа компьютерлік техниканы жетік меңгеруі шарт. Институт бітіргеннен кейін жолдамамен жұмыс істеуден бас тартқан жағдайда олардан оқытуға жұмсалған шығындарды қайтарып алу әділетті болмақ. Бұл – жазалау емес. Студентті қаржы жағынан қолдау мақсатында оқу уақытында кепілдік беру арқылы ең төменгі процентпен қарыз-несие беріліп, қарыз институт бітіргеннен кейін белгілі бір уақытта қайтарылатындай мүмкіндік жасағанда жөн болар еді. Мұндай мүмкіндікті білім беру бағдарламасына енгізу қажеттілікке айналып отыр.

Біздіңше, білім беру жүйесін дүние жүзілік стандарт деңгейіне жеткізу үшін гуманитарлық пәндердің сағат санын бүкіл оқу уақытының 30 процентіне дейін жеткізу керек.

Жоғарғы оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы білім берумен бірге тұрақты тәрбие ісімен айналысып, соның ішінде студент жастардың бойына отаншылдық, елімізді өркендетуге жан аямай еңбек ету сезімін сіңіруі тиіс.

Жоғарғы оқу орнының басты мақсаты пайда табу емес, қоғамның білімін, ғылыми және рухани мүмкіндігін арттыру. Мұны өркениетті елдердің тәжірибесі көрсетеді. Мысалы, АҚШ-та жоғарғы оқу орындарының 75 процентінен астамы коммерциялық емес жолмен мамандар дайындайды.

Дегенмен, бүгінде республикамызда оқу орындарын қаржыландыру көзі – мемлекеттік бюджет болып отыр. Мемлекет өзінің қазіргі және болашақ дамуын ойлауға тиісті. Білім саласы қайтарымы ұзаққа созылатын мол қаржыны талап етеді. Бірақ оның келешекте еселеп қайтатынына күмән келтіруге болмайды.

## **БОЛАШАҚ ЖАЙЛЫ БҮГІН ОЙЛАНАЙЫҚ**

**Р**еспублика басшылығы өнеркәсіпті дамытуға басты назарын үнемі аударып қана қоймай, өкімет тарапынан қолдау көрсетуге де талпыныс жасау үстінде. Алайда, 1998 жылға арналған мемлекеттік қаржыға байланысты жоғарғы оқу орындарына студенттер қабылдауда инженерлік мамандыққа мемлекеттік тапсырыс назардан мүлде тыс қалғанға ұқсайды. Мұндай жағдайда, өтпелі кезеңнің аяғында өндірістің дамуын қалай жүзеге асырамыз деген сауал туындайды, тіптен өндірістің дамуы тұрмақ, инженер-технолог мамандардың жеткіліксіздігінен өнеркәсіпті көтеру мүмкін болмай қалуы ықтимал. Осындайда, халықтың «өзін отырған бұтақты кеспе» – деген нақыл сөзі еріксіз ойға оралады. Мамандарды даярлауды, оның ішінде инженер-техник мамандарын даярлауды жақсарту үшін арнайы жоғарғы оқу орындарының қабырғаларында қыруар шаралар жүзеге асырылуы қажет. Міне, сол шараларға байланысты ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау, жүйелеу қажеттігіне назар аударған жөн.

Еліміз нарықтық қатынасқа өтудің қиын кезеңдерін ба-  
сынан кешіріп отырған қазіргі кезеңде инженер алдымен  
экономикалық білім негіздерін, соның ішінде «Экономика  
және менеджмент» мәселелерін жан-жақты толық меңгеру  
қажет екенін бүгінгі күннің маманға қояр талаптары айқын-  
дап отырған жоқ па? Бүгінгі студент ертеңгі білікті маман,  
ол қай салада еңбек етпесін ең алдымен өзінің мамандығын  
терең игерген, қоғам алдындағы жауапкершілігін жақсы  
сезінетін және де ол қандай саладағы басқару технология-  
сы болсын, ең алдымен адамдармен жұмыс істеп, тіл табы-  
са білетіндей, өз білімінен қарамағындағылардың сенімінен  
шыға алатындай маман болуы қажет. Осы орайда мынадай  
сөз еріксіз еске түседі «Өнер алды – қызыл тіл» болашақ  
маманның өмірінде тілдің сөз өнерінің алатын орны ерекше  
екені даусыз. Өндіріске басшылық жасауда болсын немесе  
жұмыс барысында болсын көпшілікпен тіл табысу, өз ойын  
дәл жеткізу, яғни қарамағындағыларды өз ой-өрісінің  
биіктігімен бірден баурап алу істің алға басуы үшін өте  
қажет. Сонау ықылым заманнан ата-бабаларымыздан бізге  
мұра боп жеткен шешендік өнер әрбір жас маманның бо-  
йынан табылса, жоғарғы оқу орны қабырғасындағы білім  
беру жүйесінің жас маманға өз саласымен шектеліп қалмай,  
адамдармен тіл табысу, демек өндіріс орнындағы жұмыста  
суырылып алға шығуды үйретуі бүгінгі таңда ең қажетті әрі  
маңызды іс екеніне көз жеткізіп отыр.

Жоғарғы оқу орнына түсіп, оны ана тілінде бітіретін жас-  
тар саны жыл сайын өсіп келеді. Осы жылдары «Тіл туралы  
заңның» өмірге енуіне байланысты қазақ жастарының ана  
тіліне деген көзқарасы өзгере бастады, ендігі жерде оқуға  
түсуге талапкерлердің басым көпшілігі орта мектепті ана  
тілінде бітірген жастар болмақ. Республикадағы жастардың  
көбінің жергілікті ұлт өкілдері екенін ескерсек, бұл процестің  
жалғаса беретіні анық. Сондықтан жоғарғы оқу орындарын-  
да техникалық, инженерлік пәндерден қазақша білім беруді,  
әрі осы саладағы оқулықтарды қазақ тілінде шығаруды жолға  
қою маңызды мәселе болмақ. Тілді дұрыс білмеу (орыс тілін)  
себепті кейбір жастарымыз өздерінің бойындағы табиғи да-

рынын дұрыс көрсете алмай, нәтижесінде үлгермеушілердің қатарына қосылатын жағдайлар аз кездеспейді.

Ел басшысы Н.Ә.Назарбаев өзінің республика активінің жиналысында сөйлеген сөзінде қазіргі 15-20 жастағы жастарға үлкен үміт жүктеді, сонымен қатар Қазақстандықтарға арналған Жолдауында ең алдымен инфрақұрылым көлік, әсіресе темір жолды дамыту және автомобиль тас жолдарын дамытуды 2030 жылға дейінгі бағдарламасында басты мәселе деп санады.

Ұлан-байтақ елімізді көлік және коммуникация мамандарымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен 1996 жылы Алматыдағы екі институттың негізінде Қазақ көлік және коммуникация академиясы құрылды. Оның құрамында Ақтобе оқу-ғылыми-өндірістік орталық жұмыс істейді. Ал осы оқу орнына биыл алғашқы рет бұрынғы мамандықтарға автомобиль және автомобильдік шаруашылық ісі бойынша студенттер қабылданды.

Қазақ көлік және коммуникация академиясының орталығына тек биылғы жылғы жоғары мамандыққа та жол салу салаларының жақсы дамыған базасы бар. Осы орайда инженерлік жоғарғы оқу орындары мамандық номенклатурасын белгілеу, оқу жоспарына өзгерістер енгізу, қаржы-қаражат мәселелерін шешу, I курсқа студенттер қабылдау сияқты жұмыстарды өз билігіне алғаны қай жағынан да заман талабына сай келеді. Қазіргі кезде бұл саланы меңгеруде бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр, мектептерде компьютерлік жүйені оқыту ісі де қолға алына бастады. Бірақ көп жағдайда осы техниканы игеру ісі де нәтижесіз қалуда.

Техникалық оқу орнының түлектері инженерлік есептерді шешуде жаңа компьютерлік техниканы да жетік меңгергені жөн. Студентті қаржы жағынан қолдау мақсатында оқу уақытында кепілдік беру арқылы ең төменгі пайызбен қарыз белгіленіп, институт бітіргеннен кейін белгілі бір уақытта қайтарылатындай мүмкіндік жасаған дұрыс. Институт бітіргеннен кейін жолдамамен жұмыс істеуден бас тартқан жағдайда, оны оқытуға жіберілген шығындардың орны толтырылуы тиіс.

Жоғары оқу орнының басты мақсаты, әрине, пайда табу емес, негізгі міндет – қоғамның білімін, ғылыми және руха-

ни мүмкіндігін арттыру болып табылады. Мұның өзін дамыған, өркениетті елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр. Мысалы, АҚШ мемлекетінде жоғары оқу орындарының 75 пайызынан астамы коммерциялық емес жолмен мамандар дайындайды.

Жоғары оқу орындарының шамадан тыс қаржылай пайда түсіру жолын қуып кетуі жастарға негізгі білім беруіне үлкен зиянын келтіруі ықтимал. Сондықтан, жоғары оқу орындарының даму жолы – нарықтық экономикаға бейімделу: ол – дәстүрге айналған ақылы қызмет ету, мамандардың білімін көтеріп, арттыру, түрліше курстардың жұмыстарын ұйымдастыру, өндіріс орындарымен ғылыми-зерттеу, жұмыс орындарымен шарт жасау, студент жастарға, талапкерлерге қосымша сабақ беру болып табылады.

Әрине, қазіргі кезде, жоғары оқу орындарының қызметі нарықтық экономикаға өту мезгілімен үйлеседі. Сөз жоқ, дамыған нарықтық қатынасқа өту ісі әрбір жоғары оқу орындарынан белсенді ізденіс, дайындайтын мамандығына сәйкес өзінің орнын сәтті табуды қажет етеді.

Дегенмен, бүгінгі кезде республикамызда оқу орындарын қаржыландыру көзі – мемлекеттік бюджет болуы өте қажет. Әрине, тек қана, мемлекет өзінің қазіргі және болашақ жағдайын, дамуын ойлауға тиісті. Білім негізгі қайтарылымы ұзаққа созылатын әрі мол қаржыны жұмсауды талап ететін сала екені сөзсіз, бірақ та келешекте оның еселеп орны толатынына күмән келтіруге болмайды.

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ПЕРЗЕНТІ, ТҰҢҒЫШ ТАРИХШЫ МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ

Осыдан 500 жылдай бұрын 1499 жылы Ташкент қаласында өмірге келіп, 52 жасында 1551 жылы сонау Кашмир Уәлаятында қаза тапқан Мұхаммед Хайдар Дулати XV-XVI ғасырлардағы Өзбекстанның, Қазақстанның, Шығыс Түркістанның, Шыңжанның, Ауғанстанның, Тибеттің, Үндістанның тарихынан қазіргі заманымызға белгісіз жайларынан сыр шертеді.

Біз бір кезде әлем таныған ел едік. Кезінде Түрік қағанатының әскерін басқарған Күлтегін батыр ұлан-байтақ мемлекет құрып, өз халқына зор мақтанышпен:

*Бастыны еңкейттік,*

*Тизеліні бүктірдік, – деген еді.*

Бұл сөздер бұдан он үш ғасыр бұрын қағазға емес, әрбір әрпі тасқа қашалып, мәңгі өшпестей етіп жазылған екен.

Қазақтың аса дарынды ақыны Мағжан Жұмабаев кезінде:

*Тұранның тарихы бар отты желдей,*

*Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей,* – деп тегін айтпаған.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің бұдан бес ғасыр бұрын жазылған «Тарих-и Рашиди» тарихи еңбегін оқырманның бірден оқып түсініп кетуі қиын. Бұл еңбекте жиі айтылатын Моғол, Моғолстан, Моғол мемлекеті, Ұлы Моғол мемлекетіндегі «Моғолды» моңғолдармен шатастыруға болмайды.

Жетісу өлкесінде XV ғасырға Қазақ хандығы құрылғанға дейін «қазақ» деген сөз қолданылмаған. Бұған Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі толық дәлел.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің әкесі Құсайын мырза көп қуғын-сүргін көрді. Оның туған бажасы, Ақсақ Темірдің шөбересі Омар Шейх мырзаның (Бабырдың әкесі) қоласында екі жыл қызмет атқарып, содан кейін Ташкент уалаятының билеушісі Сұлтан Махмудтың Ұран төбедегі әменгерлігін атқарды. Ұзақ жыл хан қасында, Ташкентте тұрды. Ташкентті өзбектер жаулап алғанда Қаратөбедегі Хұсрау шахқа қашып кетеді де Кабулда Бабырға қызмет етеді. Бі-



рақ мұнда ұзақ тұрақтай алмай, Ферғанаға қоныс аударады. Осында Мұхаммед Шайбанидің бұйрығымен өлтіріледі.

Жүніс ханның үлкен қызы Құтылық Нигер ханымнан – Бабыр, ал кіші қызы Құб Нигер ханымнан Мұхаммед Хайдар Дулати туған. Мұхаммед Хайдар Дулати әкесі қазаға ұшыраған соң Кабулды билеп отырған бөлесі Бабырға барып паналайды. Бабырмен бірге Орта Азияға жорыққа аттанып, Шайбанидың Бабырдан тартып алған Мауереннахр жерін қайтармақ шайқасына қатысады.

Бабырдан бұрын оның бабасы Әмір Темір де жорық жасаған. Бірақ оның қиындығын Бабырдай көп көрген қолбасшы болмаған.

«Бабырнамадағы» қазақ тарихының қазығындай қазыналы дерегі – халқымыздың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың ғұмыры жайындағы әңгімелері. Бабыр туған бөлесі жайында былай деп жазған: «Құб Нигер ханымның ұлы Хайдар мырза (Мухаммед Хайдар Дулати) еді. Әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін ол үш-төрт жыл менің қасымда болды. Содан кейін рұқсат сұрап, Қашқарияға ханға кетті.

*Алтын, күміс, қорғасын,*

*Неңдей асыл болмасын.*

*Тартады өз тегіне.*

Енді ол орнықты байсалды азамат болып жақсы жолға түсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын июге қолының ебі бар еді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сөз саптауы тәуір».

Мұхаммед Хайдар Дулати 1512 жылдың қыркүйегі мен қазан айында Әндіжанда Сұлтан Сейіт ханның жасағына қосылады. Сұлтан – оның бір әке, бір шешеден туған қарындасын алған күйеу баласы. Сондықтан да 1512-1533 жылдары Сейіт ханның әскери қолбасшысы болып, жиені Әбдірашит падишақты тәрбиелейді.

«Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлапастың» кері келіп, кеше ғана ақылшы, ұстаздық етіп қасына ертіп, баулып жүрген жиені Әбдірашит әкесі Сейіт дүние салғаннан кейін, таққа отырысымен, оның бұрынғы ақыл кеңесшісі уәзірлерінің, көзін жойып, ал нағашысы Мұхаммед Хайдар Дулатиды қуып жібереді.

«Өзге пана болар жер қалмағандықтан Үндістанға беттедім» дейді Мұхаммед Хайдар Дулати. Онда оның билігіне Кашмир уәлаяты тиеді.

Мұхаммед Хайдар Дулати бөлесі Бабырдың сенімін ақтады. Ол «Жаһаннама» атты дастан, «Тарих-и Рашиди» атты тарихи жылнама жазып қалдырды. Ол «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Мауереннахрды, Янкентті, Семізкентті (Самаркандты), Шашты (Ташкентті) бұл аймақтардың 16 ғасырда да түркі тайпаларының мекені ретінде суреттейді.

Шыңғысханның жорығының алдында Жетісуда Тараз, Талхир, Алматы (Алматы), Алмалық, Баласағын, Қоялдық, Ілебалық, Екіөгіз сияқты ондаған ірілі-ұсақты қалалар болған.

«Бабырнамада» жазылған Алматуды (Алматы) Мұхаммед Хайдар «Моғолстандағы ең жұмақ жер» деп жазғанмен «елді мекен» деп қана өте шығады.

«Моғолстанда одан басқа да тамаша салынған әсем қалалар болған, – деп жазады М. Хайдар Дулати, – бірақ, бүгінде оның қираған орны ғана жатыр... Мұндай қираған жұртты Моғолстанның кез келген жерінен ұшыратамыз. Бірақ жұрт оның атын да ұмытқан... әуелі Баласағын деп атайтын жерде белгісіз, қираған орны да ұмыт болған. Жаратқан, тып-типыл болды деген осы да». Мұхаммед Хайдар Дулати осы қаладан Мухаммед Факих Баласағыни деген имамның шыққанын, оның ойшыл ғұлама, һәм ақын болғанын, 1312 жылы дүниеден қайтқанын жазуына қарағанда, қала 14 ғасырда ғұмыр кешкенін анықтай түседі.

«Моғолдарда Жаңа Тараз деп аталатын қала да бар. Бұл қаланың тұрғындары да йангиліктер аталады... Қырда бұл аттас бірнеше қала болған, бірақ оның қираған орнына, мұнарасына, хаманасына қарап, қайсысы Ианги екенін, өзге қалалар не деп аталатынын ажырату қиын» деп жазды.

Шығармада тек қалалар жайында емес, өзге де тарихи жер атаулары, жайлаулар қисапсыз мол аталады.

«Есенбұғы хан сол уақытта Шығыс шекарадағы (Моғолстанның) Жұлдызына көшіп еді», – деп жазады.

Моголдар ата-бабаларының салты мен саумал той өткізген. 1405 жылы Қызырқожа хан «Моғолстандағы белгілі жер – Көктөбеде саумал той жасайды» – делінген.

Жоғарыдағы деректерге байланысты бұл шығарманы энциклопедиялық туынды деп айтуымызға құқымыз бар. Бұл да «Бабырнама» сияқты елдің саяси өмірін, хандардың билік үшін таластарын, түрлі ұрыс тәсілдерін, елдік қатыстарды, халық арасындағы бітімді, сауда-саттықты әңгіме етеді. Этнографиялық тәлім, салт-сана, әдет-ғұрып, кол өнерлері де баяндалады.

Демографиялық деректерді де ұшыратасыз. Мәселен, 15 ғасырдың ақыры мен 16 ғасырдың басында әрбір қазақ ұлысында отыз-қырық мың жасақ болған. Сонда бір түгінде 4-5 жан бар десек, бір ұлыста 120-200 мыңдай адам болған. Яғни, 16 ғасырдың басындағы Қазақ хандығының он ұлысында екі миллион шамасындай халық мекендеген.

Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасы естелік емес, тарихи жазба аталуының негізгі себебі – оның өз заманынан бұрынғы Түрік халқының өмірінен, жалпы Азия тарихынан, Тұран елінен мағлұмат беретін тарихшы, этнограф, саяхатшы, географтардың шығармаларынан деректер пайдаланып, көптеген жұмбақ деректердің сырын аша білуінде болу керек.

Тарихшы еңбегінде моголдардың атадан балаға қалып, желісі үзілмей келе жатқан аңыз кездеседі.

«Тарих-и Рашидиді» қазақ тарихына байланысты деректерден қазіргі мемлекетіміздің оңтүстік астанасы – Алматы, Қазақстанның ең көне қалаларының бірі – Тараз, басқа да жерлер жайлы мәліметтер мол.

Қазақ халқының ортақ ұраны болған Алаш туралы да Мұхаммед Хайдар бабамыз бірталай деректер келтіреді. Бұл деректерді кезінде «Тарих-и Рашиди» кітабымен таныс болған ұлы ақынымыз Абай да қазақтың шыққан тегі туралы жазған мақалаларында пайдаланғаны мәлім. Ол қазақтың қайдан шыққаны туралы сөз қозғағанда: «Әмір Темір нәсілінен Құмар Шеих (Омар Шеих) баласы белгілі Бабыр патшаның шешесімен бір туысқан екі бауыры болған, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Юніс (Жүніс) ханның балалары болған. Сол қазақты билегеннің аты Ахмед екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басыға бөліпті. Әр жүздің

халқы өз ынтымағымен бір туысқандарға есеп болыпты. Қазақтың «үш жүздің баласы» дейтұғыны сол.

Сүйегі Ташкентте жерленген Моғол ханы Жүністің екінші ұлы Сұлтан Ахмед ханды қалмақтарды көп қырғаны үшін «Алаш» деп атағаны белгілі. «Алаш» деген сөз де «жан алушы» деген мағынадағы түркі сөзі ғой. Шынында да Сұлтан Ахмед хан өз билігін орнату үшін арлаттарды да, ең көп санды калучи руын да көп қырып жіберген.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегі хижраның 870 жылы (1465-1466 жж.) Қазақ хандығы мен мемлекеті оңаша отау тігіп, шаңырақ көтеріп жатқан аласапыран кез еді деп көрсетеді.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің мына бір жазбасына көз салайықшы: «Сол күндері Әбілхайыр хан Дешті – қыпшақты түгел иеленді. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандар Жәнібек хан мен Керей ханға шабуыл жасай бергендіктен олар одан қашып, Моғолстанға келді. Есенбұға хан оларды жақсы қарсы алып, Моғолстанның Батыс жағынан Шу өзенінің жағасындағы Қозыбасы деген жерін берді. Олар осында емін-еркін тұрып жатқанда Әбілхайыр өлген соң өзбектер ұлысы бүлінді, басшылар арасында үлкен талас-тартыстар болып, адамдардың көбісі Керей хан мен Жәнібек ханға кетіп қалды да, олардың, саны 200 мың адамнан асты және олар өзбек, қазақтар атала бастады. Қазақ сұлтандарының билігі 870 (1465-1466) жылдан басталды, мұны Алланың өзі жақсы біледі, сонымен 940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне толық билік жүргізді».

Көшпелі өзбектердің ханы Әбілхайыр хан аса қатал саясат жүргізді, оның тұсында кішкентай кінәсі үшін аяусыз жазалау, жосықсыз алым-салық, жинау күшейген. Осыған наразы болған Жәнібек пен Керей сұлтандар өздерімен қандас, бауырлас елдерден құралған Моғолстан жаққа қарай ауа көшеді. Жетісуды билеп отырған Моғолстан ханы Есенбұға «бұл қазақтарды Әбілхайырға қарсы пайдалану үшін жақсы қарсы алып, өзінің батыс шекарасындағы Шу өзені бойымен Қозыбас аймақтарын берді» – дейді тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати. Қазіргі Жамбыл облысының жері (Талас өзенінің аймағын қосқанда) тұңғыш Қазақ мем-

лекетінің алтын бесігі болды. Бүгінде Шу өзенінің бойында Мойынқұм ауданының аумағында тұрған Хан тауы, хандар құс салған Сұңқар биігі бар.

Мұхаммед Хайдар Дулати сондай-ақ қазақтар саны 1524 жылы миллионға жеткенін атап көрсетеді. Бұл жерде тағы бір айта кететін нәрсе сол кездегі Өзбекстан мен қазіргі Өзбекстанды шатастырмау керек. Мұхаммед Хайдар Дулатидің жазуынша бірде Дешті-Қыпшақ деп отырған Өзбекстанға Еділ-Жайық бойы да қараған. Қазіргі қазақ халқының құрамындағы тайпалардың көбі осыған орай Өзбек, кейін бөлінген соң өзбек-қазақ, біртіндеп тек қазақтар аталған.

Тарихшы бабамыз Мұхаммед Хайдар қазақ атауының шығуына байланысты да өз пайымын айтады. «Жәнібек пен Керей сұлтандар алғашқы кезде жұрттан бөлініп, біраз уақыт дала кезіп қорлық көргендіктен олар қазақтар деп аталды. Бұл атау оларға бекітіліп қалды. Сонымен бірге, қазақтың әдет жөнінде автор: «Моғол тайпаларында әдеті бар: олардың батыл боз-балалары жұрттан бір-екі айшылық қашықтықта, шөл далада, тау ішінде не орманда ұзақ уақыт бойы өмір сүреді. Олар өздері атып алған киіктің терісін киім етіп, етін тамаққа пайдаланады, олар мұны батылдық пен ерлік санайтын. Бұл шынында да өте қиын да қатерлі іс».

Осы орайда қазіргі Қазақстан тарихшылары, зерттеушілері-жазушылар арасында қазақ даласының Қозыбасында хандық туын тігіп, мемлекет құрған жылын 1456 жыл деп санап Қазақ мемлекетінің құрылуына 1996 жылы 540 жыл толды деп санайтындар да бар екені белгілі.

Ал, сол тарихи ұлы оқиғадан кейін 43 жыл өтісімен өмірге келген Мұхаммед Хайдар бабамыз қазақ хандығының тарихын 1466 жылдан бастайды. Олай болса биыл 1998 жылы қазақ мемлекетінің ірге тасы қаланғандығына 532 жыл толды деп баба куәлігіне сүйене айта аламыз.

Мұхаммед Хайдар дулат тайпасынан шыққан. Ол кезде дулат тайпасы басқа да көптеген тайпалар сияқты жаңадан құрылып жатқан қазақ ордасының құрамына түгелдей қосыла қоймаған көрінеді.

Осы орайда Қасымханның Моғол ханы Саидқа «Біз дала адамдарымыз. Мұнда қымбатты бұйымдар мен таңдаулы

тағамдар болмайды. Біздің ең үлкен байлығымыз – жылқы, ең тәтті тағамымыз – соның еті, біз үшін ең қалаулы сусын – жылқы сүті, содан дайындалған қымыз. Біздің елімізде бау-бақшалар мен үйлер жоқ. Біздің көңіл көтеретін жеріміз жылқы жайылған дала – біз бәріміз сол жерге бірге барып, жылқыны қызықтаймыз. (Бір аяқ, қымыз ұсына отырып). Біздің қонақ жайлылығымыз осында» деген сөздері көшпелі моғолдар мен қазақтардың өмір салтынан хабардар етеді.

«Тарих-и Рашиди» – ден 16-19 ғасырлар арасындағы көптеген тарихшылар, әдебиетшілер, жыршылар (Әмин Ахмет Рази, Махмуд бек-ули, Мухаммет Азамт.б.) өз туындыларына дерек алған.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің ақындық мұрасынан қалған бірден бір шығарма – ертегі үлгісімен құрылып, түркі тілінде жазылған – «Жаһаннама» дастаны. Шығарма Берлин қалалық кітапханасында сақтаулы.

«Тарих-и Рашиди» өзбек, қазақ тілінде де әлі толық аударылып, әлі жарық көрген жоқ.

450 жылдан астам уақыттан бері жерлестерінің қолына тимей, өз отанында жарияланбай келе жатқан ғылыми қазына 1999 жылы, яғни Мухаммед Хайдар Дулатидің дүниеге келуінің 500 жылдығы қарсаңында қазақ тілінде жарық көреді ғой деген үміттеміз.

Осыдан екі жыл бұрын Тәшкентте орыс тілінде мың данамен ғана Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» атты 730 беттік шығармасы жарық көрді.

Ұлы бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулати 52 жасында Үндістанда, ата-анасының мекені, әулетінің қонысына жете алмай жат жерде қалды.

# IV-БӨЛІМ

ПОЭТЫСЫҒЫҢ  
ПОЛҚЫҢДЫҒ



## ЖЫРҒА ҒАШЫҚ ЖҮРЕКТЕР

**З**ымырап өтіп жатқан уақыт-ай десеңші... Арамыздан Мұқағали кеткелі де аз жыл өткен жоқ. Бірақ біз оны ұмытпақ емеспіз. Кітап сөресінен жыр жинағын қолға алған сайын қайта жолығып, қайта мұндасамыз, сырласамыз.

Мұқағали тірліктің бес күндік бос күйбеңіне алданып, көр-жерге жанын былғамай өз биігінде кеткен өр таланттың бірі еді. Жыр кенішін кеулеген қайран ақын осынау жалғанның алдамшы сиқырына арбалған жоқ. Өзі кетсе де көзі қалған – жырлары қалған ақын жоқтаушысыз емес. Оның кітаптары он мыңдаған тиражбен қайта-қайта басылып, жырлары халқына қарай қанат жайып ұшып жатыр, ұшып жатыр. Ақынның өзі айтқандай «Мәкентожды миғаулардың» күлді-бадам жинақтары шаң басып, сіресіп тұрғанда, Мұқағали Мақатаев жинақтары шыққан сайын тарап кетеді.

Соңғы жылдары «Жазушы» баспасынан 1989 жылы жарық көрген, ақынның кезекті жыр бөбегі – «Жырлайды жүрек» жинағын тағы да басыма жастап, қасымнан тастамай оқып шықтым!

*Көңілде дауыл*

*Көңілде оттар жанады.*

*Қуаныш-қайғы бірін-бірі табады.*

*Жүрегім сонда жадырап, сергіп қалады,*

*Дауыл мен оттан рақат, дамыл табады...*

«Жырлайды жүрек» жинағы ақынның жылдар бойы тірнектеп, тізбелеген жан жырлары. Көзінің жасы, көңілінің қаяуы, жүзіндегі қуанышы, жүрегіндегі наласы.

Мұқағали жазған жырлардың дені соғыс тауқыметі, ана қайғысы, жүрек лүпілі, парасат көңіл көрпесі, күншілдік көлеңкесі.

Мұқағали – дара талант. Тіршілікте тектілігін бұлдап талтандамаған, қазақ поэзиясының алқаракөк аспанында өзінше, өзгеше жарқыраған үш тұлға бар. Мұқағали, Төлеген, Жұмекен. Олар күйкі тірліктен тезірек аттанып,



жүрек қаны, көз жасы, жан шуағымен жазылған өлмес жырларын болашаққа аманат етіп кетті.

Мұқағали жырларының ауқымды бір саласы соғыс жылдарынан қалған жан жаракатына арналған жырлар. Ол да Тұманбай, Сағи, Жүмекендер сияқты соғыстан оралмаған әкені іздейді, жесір жеңгелердің мұнын бөліседі, ерте есейген құрдастары жайлы сыр шертеді.

*Бұғанамыз қатпастан,  
Буынымыз дат басқан.  
Соғыс деген сойқан кеп,  
Тыыл тұрып, тап басқан,  
Бала шақты ап қашқан...*

Мұқағали тіршілік шуағына қуанып, жалғандық пен жасампаздыққа жай оғындай шарт кетіп өтіп еді өмірден. Оның жырларында таудың ғажайып табиғаты, ақбұлақтың алаңсыз шапқылауы, үйрек ұшып, қаз қонған Қарасаздың жағасы, еміреніп, тебіренген алып ата Алатаудың баурайы бар. Құрбы қыздың сыңғыр еткен сұлу сырғасы, дос жанның аңқылдаған ақ көңілі, жан-жарға наз, ана алдында ақтарылып, ақталу, өлең деген өмірмен жолықпай сырласу, тағдырға налу, мәрт көңіл жомарттық бар. Ақынға дүние-боқтың, абырой-атақтың керегі жоқ «Анкета толтыру» өлеңінде Мұқағали өзі жайлы тамаша айтқан. Оның білімді, оқып, тоқығаны көп болғанын кейінгі жылдары «Қош, махаббат» жинағына шыққан хат-мақалаларынан көрдік. Мұқағали поэзиясы халық өлеңінің қайнары – кара-өленді қайта көтеріп, оның құдірет тылсымын қайта танытты. Өлеңсіз өмір ақын үшін өлім. Сол үшін Мұқағали да жыр жазып отырып қана өлеңмен қоштасам дейді. Мұқағали да, Жүмекен де өмірден ерте кетіп қаларын сөзгендей жүрек қаупін жиі айтқан.

*Жырым көп әлі менің жазылмаған,  
Кенім көп әлі менің қазылмаған.  
Қалдырып болар-болмас қазынамды,  
Неліктен бір күні мен жазым болам?!  
Қуалап тіршіліктің көбелегін,  
Қап қойды қапелімде көп өлеңім.  
Жалғызым, жаным менің – жырым менің,*

Қалдырып сені артымда неге өлемін.

Тауды, суды, гүлді, күн мен түнді жырлаған сәттерінде  
Мұқағали күдірейіп, күдіреттеніп кететін сияқты, бар  
мұн, бар сәтсіздік, бар запыранын сілкіп тастап  
табиғаттай тазарып, күшейіп, сұлуланып, сиқырланып  
кететін сияқты.

*Тау бір аңыз*

*Тау – дастан.*

*Таусылмаған әу бастан.*

*Тоқтап қалған керуен,*

*Бір-бірімен жалғасқан.*

*...Бұлттай бұйда тағынып,*

*Кектен көрпе жамылып,*

*Таулар жатты ақырын,*

*Сапарларын сағынып.*

*Жетер жерге жетпесін,*

*Мәңгілікке шөккесін!*

*Оятпаңдар, байқаңдар!*

*Тау бір аңыз,*

*Тау – дастан.*

*Таусылмаған әу бастан*

*Ана – жердің төсіне,*

*Алып сәби жармасқан.*

*...Сусындап көк аспанның шанағынан*

*Шарықтап шыңырауда ана-қыран*

*Ару – жер өз дидарын қарап жатыр*

*Мөп-мөлдір, тұнық көктің жанарынан*

*...Жапырақтар түсіп жатыр,*

*Түсіп жатыр...*

*Неліктен?!*

*Айрылып бара жатыр ағаш көріктен*

*Көргенсіз де,*

*Жүгенсіз де,*

*Күздің бұзық бораны.*

*Бала – бақтың, дала – қарттың*

*Шашын түтіп желіккен.*

*Қимыл, қозғалыс, образ. Жанды әрекет.*

*...Мына келген көктем бе?!*

Сүйісуде кептерлер.  
 Көз ұшында, көп белде,  
 Түйісуде көк пен жер.  
 ...Жарқырап шығып,  
 Қалтырап барып батар күн.  
 Қысқарып қалар тәулігі ұзақ сапардың  
 Күн батқан жерге,  
 Қосымды мен де апардым,  
 Күнменен бірге дамылдап мен де жатармын  
 ...Кереметі-ай,  
 Мына жарық сәуленің!  
 Езу тартып барады, әне, әлде кім  
 Алатау да жатыр, әне, сәнденіп  
 Ал мен болсам,  
 Бір малыммен әуремін.  
 ...Ілініп түн тұр тауларға,  
 Дамылдап тірлік қалған ба?!  
 Алыстан оттар жанады  
 Жан таптай мына жалғанда  
 Адасып жүрген арман ба?!

...Көктем жетті көл-көсір шуақ қуып,  
 Қыс барады қиылып, жылап тұрып.  
 Шатырында үйлердің наурыз жүр,  
 Мұз көрпесін ақпанның лақтырып.  
 ...Көкжиекте таулардың,  
 Қөтерілсе түңлігі,  
 Баурайдың да, бар маңның  
 Қөрінеді кіндігі.

Табиғат – Мұқағали жырларының сарқылмас арқауы. Адамның әрі-сәрі сәттерін, тығырыққа тірелген шарасыздығын, шағаладай шарықтап қуануын, алаң-көңіл, күдік-үрей, мерейлі шақтарының дәл қалпын Мұқағали аса көп жазды. Жүрегінде жылу боп құйылып жатып алар жыр туғызған.

Самарқау мінезді, алып Алатау іспетті Мұқағали ақын әрдайым жанымызда. Оның жырлары өмірге күштарлығымен, жарық сәулені жалындап құшқан махаббатымен күдіретті.

Жарық дүние-ай!  
 Жарығың нееткен жақсы еді?!  
 Жаңылыспасын,  
 Жарым деп айтсам нақ сені.  
 Құшаққа сыйсаң,  
 Құжырым қанып, өбер ем,  
 Құшақтап тұрып, өлер ем.  
 ...Ей, бауырым!  
 Көтерсеңші, көтерсеңші басыңды.  
 Алатаудың асқарына күннің нұры шашылды  
 Қыз-тіршілік, міне тағы мойыныңа асылды...  
 ...Жоғал сары уайым!  
 Мен тірімін! Тірімін!  
 Төсенгенім тірі жер, жамылғаным тірі күн.

Мұқағали адамды адам етіп ұстап тұрған ұлы күштің,  
 мейірім-махаббаттың, ақыл-парасаттың ұясы жүрек  
 жайлы көп жыр жазды. Тынымсыз соққан тірлікке, жарық  
 сәулеге құштар дариға жүрекпен аса көп сырласты.

...Мазалама кеудемді, ойнақ салып,  
 Хал жоқ менде көнетін қайраттанып.  
 Қанишама рет суындың қайнап барып,  
 Қанишама рет тірілдің жайрап барып?!  
 Мен сені әлсіретіп алдым білем,  
 Болмашы нәрселерге айдап салып...  
 Қалай-қалай соғасың, қан-жүрегім?!  
 Білмеймін, қаниша өмірім қалды менің.  
 Торға түскен торғайдай боп барасың,  
 Қаршығадай самғаған алғыр едің...

Ақын артында арман қалды. Түйдек-түйдек ой қалды.  
 Мұқағали адамды сүйді. Әйелді сүйді. Сүйгенде де арзан  
 деп емес, арман деп сүйді. Жарық сәулені сүйді. Тірліктің  
 мың күндік арпалысында да, бір күндік қызығында да  
 ақын жанына қайрат, арманына қанат байлаған қайран  
 өлең үлкен жүректің жылуын қайта-қайта тірілтіп, қайта-  
 қайта маздатып әрқайсысымыздың жанымыз а жана  
 бермек, жана бермек.

...Жоқ!  
 Дәрігер!  
 Орнатпа басқа жүрек!

*Басқа лүпіл жасама, басқа леп.*

*...Алмастырам?!*

*Дедің-ау, алмастырам!..*

*Сірә менің жұлдызым жанбас бұдан.*

*Өзімнің жүрегімді жерлеп келіп,*

*Өзгенің өмірін қайтіп жалғастырам?*

*Тула, Жүрек!*

*Өкінем мен несіне?!*

*Туған жүрек,*

*әрине,*

*өлмесін бе? ...Жоқ!*

*Дәрігер!*

*Козгама,*

*дамылдасын,*

*Әрбір жүрек өзінің кеудесінде! – десе де, ақын-жүрекке өлім жоқ.*

*\* \* \**

Қарапайым оқырман жүрегінің ең бір нәзік пернесін дөп басатын, қай-қайдағы қайғысы мен қуанышын еріксіз есіне түсіретін өлең авторын халқымыз қашанда қастерлеген. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, аса дарынды ақын Төлеген Айбергеновтің есімін осынау азын-аулақ ақындар арасынан іздеуіміз заңды. Маған Төлегеннің өзімен жүздесу, сырласу бақыты бұйырмапты. Алайда оның жырына, әр қайталап оқыған сайын жан-жағына шуағын шашып, нұрын төгіп, жаңа бір қырынан жарқырай көрінетін Төлеген жырларына барлық жыр сүйер замандастарымдай мен де жан-тәніммен ғашық едім. Әр жылдары баспаларымыздан жарық көрген «Арман сапары», «Өмірге саяхат», «Құмдағы мұнаралар», ертеде жарық көрген «Мен саған ғашық едім», «Аманат» тәрізді жыр кітаптарының беттерін ашқан сайын әлгінде ғана оқыған өлеңімнен қайта оқығанда жаңа бір ой, жаңа бір леп аңғаратын едім.

*...Сілкіле құлай жаздатып,*

*Толқыныңмен қағып өт.*

*Жіберді мені маздатып,*

*Кеудеме жалын жағып от.*

*Бойыңда туған балаңмын,*

Аяма, теңіз, барыңды.  
 Арманын тыңдап даламның  
 Алайын сенен бар үнді.  
 Жандардың мынау көңілді,  
 Кемесін, теңіз, тербей біл.  
 Тербеліп жатқан өмірді,  
 Тебіреніп сүйген ел зой бұл...

Не деген шынайы сезім. Не деген ақындық қуат. Сірә, халқымыз «дара шабатын, қас талант» дегенді осындай перзенттеріне қарап айтқан шығар. Өзім жатқа білетін, небәрі төрт-ақ шумақтан тұратын мына бір өлеңін тұтас келтіруді жөн көріп отырмын.

Ұқсаған көктегі ай асқан шамға  
 Аспанға бейне шақтан басқан таңба.  
 «Жұлдыздар жез шегедей жымыңдаған  
 Шашылған ақ шекердей дастарқанға.  
 Көк әуе – көзі қыздың москвалық,  
 Бұлт жатыр биік таудан жастық алып.  
 Қаңтардың қалшылдаған қатты аязы,  
 Барады тәнді үсітіп, тасты қарып.  
 Суықтан дала жатыр тымауратқан,  
 Мұртына теректердің қырау қатқан.  
 Айналап қуғыншы жел жүгіріп жүр,  
 Әуілдеп үрген иттей, құр аулақтан.  
 Аяздан алма жүзі арайланып,  
 Жүр әні, күзетші шал қора айналып.  
 Дәл қазір нені ойлап тұр екен ол,  
 Телміріп бір нүктеге қарай қалып...

Қатпар-қатпар сыры қалың жаратылысты, табиғат ананы, өзін қоршаған ортаны бүкіл болмысымен сүйген ақынның осынау өлеңінен ойлы оқырман көп сыр аңғарары анық. Аязды түнгі қора күзеткен күзетші шал, тіпті күзетші қарттың қора айналып жүріп-жүріп, бір қарап ойланып қалған сәтіне дейін көз алдыңызға келе қалмай ма? Тегінде дәлдік, көздеген нысанасына дәл тию, өмірдегі әдемі суретті ыстық сезімге орап жүрекпен ақтарыла, төгіле жырлау ақынның абзал мұраты болды ма екен, кім білсін. Қалай дегенмен де ақын Айбергеновтың есімін қазір толқымай, тебіренбей, жай айта алмаймыз.

Төлеген Айбергеновтың есімі біздің Түркістан қаласымен де тығыз байланысты. Оған ақынның, өзгесін былай қойғанда, «Түркістан дәптері» атты өлеңдері куә. Кейде Түркістан қаласының шуы аздау көшесінде келе жатып қаншама рет аяулы ақынның осы тарихи қалаға арнаған өлеңдерін ішімнен қайталадым екен. Атақты Ахмет Яссауи мавзолейінің көкпен таласқан, күнмен құлпыра шағылысқан алып тұлғасын көрген сайын есіме еріксіз Төлеген Айбергенов оралатындығын қалай жасырып қалмақпын. Осындай толқулы сәтте:

*...Бір кезде қанды соғыстан,  
Қаралы болған Түркістан.  
Садақтан самсап оқ ұшқан,  
Жаралы болған Түркістан.  
Миы аққан жердің қуырылған,  
Танабы болған Түркістан.  
Тұяқтан шаңның суырылған,  
Алаңы болған Түркістан.  
Сен үшін бабам жұлқысқан,  
Сен үшін бабам алысқан.  
Аяулым менің Түркістан,  
Алқынып жеткен алыстан.  
Кешегі сағым Түркістан,  
Сарқылып қала жаздаған...  
Көгінен құстың бұлты ұшқан,  
Көл болдың салған қаздар ән.  
Сен тартқан салмақ көп білсем,  
Жүк бар ма сенің жүгіңдей.  
Әйтеуір келіп жеттің сен.  
Бүгінге бөлің бүгілмей.  
Жасампаз от ап жаныңнан,  
Жарқылдап кетіп барамын.  
Жосылған сенің жаныңнан,  
Бір соқпақ болсам жарадым.  
Немесе:*

*...Сыңсыған тұрба бұл ара,  
Сырың боп көкке асылған.  
Мұнартып жатқан мұнара,  
Сыр тартқан сансыз гасырдан.*

*Көз алдым менің қаһарлы,  
Ескерткіш ескен алаңдар.  
Жырлайды мынау шаһарды,  
Шыңылдап лирик болғандар...  
Қарадым саған мың тұстан,  
Отымен ақын көзінің.  
Аяулым менің Түркістан,*

*Арбалып жатқан сезімім,* – деген ақын жырлары еріксіз тілге орала кетеді. Қара көздерінен ақындық от лапылдаған, әрбір өлең, сөздерінен теңіз маржанындай сұлулық ескен аяулы ақын сол сапарында қайда тоқтады екен. Жанында кімдер болды екен. Бұл бізге әлі күнге дейін жұмбақ болып келеді. Әркім, әркімдерден сұрау салғанымызбен оң нәтиже шықпады. Жуырда қолымызға үміттің жібек жібі ілінгендей болды. Ұзақ жылдар Совет, партия, баспасөз қызметінде болған журналист Тұрабай Мырзахметов ақынмен сапарлас болыпты. Бұл әзірше үміт қана. Қалайда аяулы ақынның Түркістан сапарын анықтап, болашақ ұрпаққа жеткізу біздің азаматтық борышымыз. Төлеген Айбергенов тәрізді ақынның тек қана бір Түркістан сапары емес, бүкіл өмірін, әлі күнге дейін ақынын шын сүйген халқына әрбір сапарының сырын, әрбір өлеңінің тарихын айтып берсе де көптік етпесі анық.

Төлеген Айбергеновтің Түркістан туралы толғанысы солардың ең бір аяулыларының, таңдаулыларының санында екендігін айта кеткіміз келеді. СССР Халық депутаты, Қазақстан Жазушылар одағының секретары, «Жалын» журналының бас редакторы, ақын Мұхтар Шаханов Түркістан қаласында өткен өзінің авторлық кешінде, залдан түскен Төлеген Айбергеновке байланысты сұраққа былай деп жауап бергені есімде қалып-ты. «Төлеген Айбергенов менің жүрегімдегі ең бір мұңлы нота». Ақынның Мұхтар Шахановқа арнап жазған «Сағыныш» атты өлеңін сол жолы залдан шығып жатқа оқыған студент қыздың ұшқын атқан қара көздерінен лапылдаған ой жыр сүйер қалың қауымға ауғандай сезінгеніміз анық.

Түркістан қаласынан Қызылордаға қарай шығатын



үлкен қара жолды кесіп ағып жатқан сырлы да жырлы, қылықты қыздай Қарашық өзені жайлы өлеңін жай оқи салу мүмкін емес. Төлеген жырын ішімізден сан рет қайталап тұрып, осы Қарашық өзенінен алыстан, күнге шағылыса жарқыраған Ахмет Яссауи мавзолейі көңілге асыл арман, жүрекке ғаламат дүбір салғандай... Қарашықтың жағасынан бір кездері ақын Төлеген де осынау алып ғимаратқа ойлана көз тастаған шығар, кім білсін. Бұл біздің санамыздың бір түкпірінен жалт ете қалған түйсікпен сезінген, ешкім ешқашан да дәлелдеп айтып бере алмайтын дүниелер. Ақынның көне де жас атақты Түркістанда болуы, қалаға, оның іргесіндегі сұлу қыздай сылаңдаған ерке Қарашық өзеніне өлмес жыр арнауы бізді осындай бір сезімдерге бөлегені анық. Оның әрбір өлеңіне қарап отырсаңыз жүрегі алып ұшқан, аппақ армандар құшағындағы жас азамат көзге елсстейді. Ол аз өмірінде қыздардың көздерінен шуақты көктем іздеп, қаздардың қаңқылынан, алыс ғасырларда қалған батыр бабаларының құлаққа жеткен үнінен аруақты қуат алған тәрізді. Ол өмірді нағыз ұлы адамдарда жан-тәнімен құлай сүйіп, мынау жарық дүние жаратылысына таң қалып өткен секілденеді маған. Ол өмірге өкпелеп кеткен жоқ. Сондықтан да бүкіл халықтың жүрегінде ең бір аяулы да мұңлы нотасы болып мәңгілік қалып қойды.

\* \* \*

Менің жадымдағы биік тұлғалардың бірі – ақын Жүмекен Нәжімеденов. Тіршіліктен небір керемет ақындар өтті. Әрқайсысы өмір мәнін өз үнімен айтты. Дара дауысты дарынның бірі Жүмекен Нәжімеденов еді. Өзі өмірден ерте кеткенімен, соңында ғұмырлы жырлары қалды. Мен – сол жырлардың сиқырына таңырқаумен, тереңге тартар тылсым сырларына табынумен келе жатқан ақынның көп тілекшісінің біреуімін. Жүмекенде әдеби сын аса көп көңіл бөліп, талдай, таразылай қоймаған тамаша балладалар бар. Сол балладаларды қолым қалт еткенде қайталап оқи беремін. Халық басына түскен қара күн – соғыс жайлы «Қара кісі», «Домбыра». «Шал – Қобылан», «Қобылан қарттың әңгімесі» балладарынан ақын сезімі шыңыраудан шымырлап шығып жатқан тума

бұлақ іспетті. Кәусарына тамсанып, тандай қақтырады. Ащы тағдырлар мен алапат қасіреттер жайлы дәл осылай жазу – екінің бірінің пешенесіне бұйырмаған.

*Соғыс. Боран. Өзге түгіл жылқы үсіп,  
Жел мен дала жатып алды жұлқысып.*

*Бүрді ауылды,*

*Бүрсең қағып бітеуге*

*Қасқыры мен қарақшысы бір түсіп...*

*Ауыз үйде сондай қара бір түнде*

*Сиыр тұрды қос бүйірі бүлкілдеп.*

*Төнді біреу терезеден түнеріп,*

*Көрді біреу сыртқы есіктің кілтін кеп.*

*Қос босаға бүйір құлап солқылдап,*

*Ашты есікті бір жезтырнақ қол тырнап,*

*Қара пигыл қара жел боп кірді үйге,*

*Қара боран ойнады үйге толқын боп.*

*Қара, қара... бәрі қара боп кетті...*

*Қара кісі, қара сиырды ап кетті...*

Жетім мен жесір соғыстың қара күндерінде қара көп көрді. Қаралы күнді көп көрді. Қара ниет, қара пигыл да қара шұбар жыланша бас көтеріп, қай-қаңдап кетті. Қара жамылған қара әйел мен шүйкедей қара кемпірлер халықтың келешегін – құйтымдай ұрпағын аман алып қалды, қарамен жағаласып жүріп өсірді, жеткізді. Уақыт өтті, жетім ұлдар әке болды. Ұрпақ жалғасты. Бірақ бір кездегі бірыңғай қара күндер бәрібір есте. Ол ешқашан ұмытылмайды. Ақын сол бір қара ниет, қара жүректілер жаңа ұрпақтың жолын кес-кестемесе екен дейді.

«Шал – Қобыландағы» жыртық кеуде, жетім көңіл шалдың ендігі қызығы, алданышы еңбекте.

*Соғыс жұтқан мұның да*

*Жалғыз ұлын сонау жылы көктемде.*

*Кәрі жүрек қалды сәл шымырлап,*

*Білегіне бейнет батып кеткенде.*

*...Дем ал десең, бір көнбей,*

*Жер өңдейді Қобылан,*

*Әлдекімдер кегін алып жүргендей*

*Күрегі мен қолынан.*

*Тірилік драмасы...*

Нәжімеденов қаны миына шапқан уақыттың тулаған тамырын тап басады.

Ақиқатсыз аңыз жоқ. Ақын өзінің «Дастарқан» балладасына атам заманғы бір аңызды арқау етеді. Сол арқылы ақиқатты алдына тартады.

Аузындағысын жырып, тақыр жерде отырса да құдайы қонақтың сыбағасын сақтауды ұмытпаған халқым қасиеті ақын жырына қуат қосып, нәр құяды. Не дегені керемет салт, дәстүр десеңізші. Өліспей келіспейтіндей болып ажырасқан қос батырдың бірі екіншісінің басын алмақ болып келгенде дәмнің үстінен шығады.

*Ажалың жоқ ит екенсің сен де бір,*

*Келіп едім бір ақ шауып көмгелі.*

*Дастарқаннан аттай алмай қор болдым*

*Дастарқанмен жеңдің зой сен, жең мені..*

Ақынның аңыз арқылы бүгінгі ұрпаққа айтпағы қос батырдың о жар, оспадар керісі жайлы әңгіме емес, басқа. Ол атаң қазақ дастарқан сыйлап өскен, астан атта-маған, сол арқылы бірлігін сақтаған. Оның осындай керемет дәстүрі бар дейді.

*Аңыз болып өлең қапты, күй қапты,*

*Күй мен аңыз дастарқанды сыйлатты.*

*Үй иесі алып қалған ажалдан,*

*Дастарқанын содан қайтып жыймапты...*

Батыр қанша еліргенімен дәстүрден, дастарқаннан аттаған жоқ.

«Балуан» балладасының да бергі атасы аңыз болғанымен, арғы атасы – ақиқат. Сортаңда түйесі боздап, үстіртте жылқысы кісінеп, малы мыңғырған ордалы байлар атын шығару үшін ас беріп, ат шаптыратын. Ондайда жүйрік қосып, балуан күрестіріп бәйге алу – бір сын. Дақпыртты даңқ деп өзеуреген өлермендік – баллада желісіне арқау болған.

Әлгіндей кеп мақтаншақ, даңғаза байдың бірінің жауырыны жерге тимей, мықты атанған балуаны болыпты. Бәсеке мен бақастық әлгі балуанның алдынан шыға беріпті. Ақыры күншілдік пен бақастық, бықсық кеуде бәсеке балуанды мерт етеді.

Балуаны өлген байдың ештеңесі кетпес, тағы бірін тауып алып таласқа түсірер. Ал адамдықтың туын

жыққан қорқаулық қашанғы алшандай бермек... дегенді айтады Жүмекен.

«Ақын өз замандасының сол қым-қиғаш күрделі дүнедегі ию-қию араласып жүрген шындық пен жалғанды түйсіне түсіне, ажырата алғанына жәрдемдесуді ең басты парызы санайды», – деп жазған еді Әбіш Кекілбаев.

«Темірқазық» жинағының алғы сөзінде Жүмекен өлеңдерін парақтаған сайын бұл пікірдің жай, жалпы маған, ақын өлеңінің бар мінез, бар тыныс, бар қуатын танып, сезініп, мойындап барып жазған, оның бар кәусарын кеудеге сіңіріп жазған тұжырым екенін мойындайсың. Өз басым ақын өлеңін әуелден оқып жүрем. Кезінде қарадүрсіндеу көрінген тұстар болғаны да рас. Бірақ кейіннен, қайырылып соғып, қайта оқығанда баяғыда байқамаған өлеңнің қайсыбір сиқыр қырлары мен сырлары алдымнан шықты. Жүмекен ақын жұмбағы енді-енді ашыла бастады да, шынайы таланттың құрған тұзағына топ етіп түстім де қалдым. Енді босап шығуым мүмкін емес. Жүмекен ақын мені толығымен жаулап алды. Оның отызға толар-толмаста, қырыққа жетер-жетпесте қыруар дүние тындырып тастағанын көрдім. Көпшілігіміз келе-келе, енді-енді байқап, енді-енді айтуға ұмтылып жүрген көп шындық Жүмекен өлеңінде жүр екен... Ақынның азаматтық үні аса анық, көркемдік қарымы бояуға қанық екен. Қызық... Кезінде іздеп оқығанымызбен, көбіміз үстірт қараппыз оның өлеңіне.

*Өлеңшінің көп болғаны ма себеп,*

*Өмірдің жасандылығы ма себеп...*

Жүмекен Нәжімеденов өз уақытының көкейтесті мұңдарымен өмір сүрген ақын. Өлеңге соны қапысыз түсіріп, көп жайды дер кезінде құлаққағыс еткен ақын. Өз уақытының тынысымен тыныстап, жамандықтарға жаны жылап, ластанған ауаға кеудесі қабынған ақын. «Қызыл кітап» өлеңінде сақтайтын дәстүрлер құрып, азайып бара жатқан адамдық қасиеттер жайлы айтады. Мысықтың мұртын, тышқанның терісін, қырықаяқтың аяғын тексеріп, жанашыр болмас бұрын, жан дүниемізден жоғалып бара жатқан қасиеттерге абай болайық, адамға араша тұрайық, табиғаттың тазалығын сақтайық дейді. Көпшілік соңғы

жылдары дауыс көтеріп, дауға айналдырып жатқан экология жайын Жүмекен ақын баяғыда жүрегі тітіркеніп ескерткен екен.

*Әлденені айта алмай тұр мұржалар*

*Түйдек-түйдек түтініне шашалып.*

*...Түбінде бір (ауа есепсіз десек те)*

*Қиналатын секілдіміз есептен...*

Ақын уақыт әкелген өзгерістерге, соғыстан кейінгі тоқмейіл заманға, барға қанағат дегенімен, замандас бойынан байқалар көп кереғарлыққа үрке қарайды.

Шет ел мүлкімен безенген еңселі ауыл үйлерінің ауласында тірі тұяқ жоғына, әдемі жеңгейдің «сиырымыз – консерві сүт» деп сылқылдағанына тіксінеді. «Ауыл совет бастығымен әңгіме» өлеңінде алға ұмтылудың жөні осы деп, ырыс-берекені, келер күндердің еншісін кемітіп отырғаны ойына да келмейтін солақайлау басшылықты шымшылайды.

Ақын өлеңдерінің басты бір ерекшелігі – тіршіліктің ежелгі қарама-қайшылығынан, арпалыс, текетірес күреспен ақиқат ашуында. Жүмекен тіршілік, дүние, адам, қағам мәнін, әлеуметтік жайлардың астар-қатпарын көбіне-көп контрасты сурет, құбылыстар арқылы ашуға ұмтылады. Тазалық пен қараулық, сараңдық пен жомарттық, сұлулық пен сүйкімсіздік, сүйсіну мен күрсіну жарық пен қараңғы өлеңге түскенде жай уағыз, құрғақ фэлсапа емес, жаныңды дір еткізіп, жүрегіңді шым еткізіп, түү тереңде жатқан кереңқұлақ сезімнің өзін де суырып шығарады.

Ақын көлгірсімей-ақ, болмыстың барша арпалысын шағын өлеңге шебер сыйғызады. Өмірдің сұлу суретін үшін қас-қағым сәттің шырайын қағып ала қояды.

*Қыздың жұмыр иығынан күй дағы*

*Ептеп-ептеп шымшып қойды батырмай...*

Соғыс көзінің нұрын, екі қолының бірін ұрлаған жандардың қайғыға жеңгізіп, мұңға батқан сәттерін ақынның мынадай сәтті жеткізуін шеберлік демей, не дерсің...

*Сырт көзге бұл дөңкііп кеп жатады*

*Емен құсап дауыл күні құлаған...*

*...Жатады кейде осы адам,  
Домаланып іргеде Бөтелкедей босаған.*

Адам жанының арпалысын, шырқыраған сәттерін, жарын күткен жас әйел, жалғзын күткен ана, әкесін іздеген бала мұңын, өзі көзбен көріп қазанына қайнап өскен уақыт шындығын ақын көп жазды. Соғысқа кеткен перзентке деген сағыныш кеудесін күйдірген барлық ананың қасірет-мұңын, жан-наласын, сағыныш үмітін ақын туғызған мына бір шумақ сыйдырып тұр.

*Кешкі құрым, қырға шығып, ең биік,  
Әлдеқайда қарайтын ол ең биік...*

*Сол бір сәтте... табанында ананың  
Дөңбекшіген шығар бәлкім жер күйіп?..*

Соғысты Жұмекен көп жазды. Жүдеген ауыл, жесір көңіл, жетім жүрек...

*Жапа-жалғыз томсырайып тұр сол үй,  
Секілденіп ойы сөнген бір кеуде.*

*...Алдап-сулап жөнелтетін мезгілді,  
Және өздері қалатұғын алданып.*

*...Мен – жазықсыз тамшы жастан,  
Ғәм бомбадан қорқам жаман!..*

*...Ең аманы бір-бір қолын, шетінен  
Беріпті олар көп болғандай екі жең.  
Сол майданда қалған қолдар бір нендей  
Жауларымен әлі айқасып жүргендей!*

*...Пеште жанып үлгіре алмай шөп-шалам  
Мұржалардан суырылып кетті ұшып.*

Мүгедек адам жайлы мынадай тұжырым, оның болмысын дәл осылай ашып тастаған, қасіретін дәл осылай айғақтап берген өлең өрімі қазақ поэзиясында жоқ сияқты, болса да болымсыз шығар.

*Жерді ептеп басады –  
Ойылып кетер дей ме екен!..*

Жұмекен соғысты көп жазғанымен, өз уақытын да бар болмыс-тынысымен өлең аясына сыйғызып кетті. Оның азаматтық үні, шеберлік шеңберлері жайлы айтылар ақиқат сөз, ашылуын күтіп жатқан көмбелер әлі көп. Қазақ

өлеңіне осы бір өзгеге еліктемей, өз жүрегінің үнімен жазған ақын не әкеліп, не қосты деген мәселе кәдімгідей талданып, таразыланып, салмақты сыр айтылуы керек.

Оның жыр теңізінің тұңғыық түбінде шөгіп жатқан інжумаржандардың ақиқат құны, алар бағасы әлі айқындалған жоқ десек өтірік емес. Жылдар биігінен кейінге мойын созып, Жүмекен жырларын оқыған шақта «апырым-ау мына ақын не деген керемет жырлар жазған» деп көп оқушының бірі ретінде тамсанып, таңырқайтынымыз, табына түсеріміз – өтірік емес. Бұл жырлардағы ақынның осыдан жиырма, отыз жыл бұрын жазылған шумақтарындағы күн шуағының әлі ойнап тұруының, тіршіліктің әлі қайнап жатуының сыры неде. Соның бәрі айтылуға тиіс.

Өлеңнің мәртебесі, өнердің құдіреті, ақын рухы үшін айтылуға тиіс. Құндылық пен құнсыздықтың ара қашықтығын және бір жаңаша бір өлшемдермен ашып тастау үшін қажет.

Сезім шуағы ораған мына бір сәтті шумақты қайдан тапты десеңізші ақын.

*Елең қақты айнала,  
Бұғып бұта, шөп қапты.  
Бұлақ қалды аймалап,  
Жағадағы көп тасты.*

«Ол еш уақытта да әдемі бір тапқыр сөз, табылған теңеу, не бір жалғыз ғана ой айту үшін өлең жазып көрген емес. Оның бір өлеңінің өзінде нешеме тапқыр сөз, соны теңеулер, қабат-қабат қатпарлы ойлар жатады. Яғни ол әдемі бір сәт, әдемі бір фонды түсіріп ала қоятын фотоаппаратпен емес, құбылып, түрленіп тұрған, ылғи да қозғалыстағы мына дүниені сол калпында түсіретін кинокамерамен жұмыс істеп өтті». Талантты ақын Темірхан Медетбековтың Жүмекен Нәжімеденовтың ақындық әлемі, азаматтық болмысы жайлы айтқанына «Әй, қайдам» дей алмайсың. «Иә, иә, рас-ау, рас» деп бас шұлғысың. Шұлғысың да шұрайлы, шырайлы шумақтарға тағы бас қоясың, тамсанасың.

*...Болмаса да көп өзенім гүрлеген,  
Көп өзенмен бірге ағамын, бірге мен.*

Ой түбінен ойнап туған жырменен  
 Тыным таппай – тірі болып жүр денем.  
 ...Бұдан өзге түк ұға алмай, түк алмай,  
 Отырмын мен суып қалған қиялдай!  
 ...Неткен гажап, неткен гажап бұл теңіз!  
 Бұл теңізбен аспан егіз, бұлт егіз.  
 ...Ерсі деме, туыстар,  
 Тоқсан қабат бұлт болып.  
 Тоқсан түрлі ой миымда жатып алды бүктеліп.  
 ...Бұлтсыз ашық тұрады кейде Алатау шоқтығы,  
 Бірақ менің басымның ойсыз тұрған жоқ күні.

Ойсыз сәті болмаған Жүмекен ақын артына көп мұра – жыр мұрасын қалдырды. Толып жатқан толғау, поэма, балладалар, сырлы жырлар жазып кетті. Ол өз уақытына қатысты, өз замандастарының жай дірілін сездірер жайдың бәріне барлау жасай, барын беріп жүріп жанып кетті. Ақын жанының мазасыз алаң күйіне, тазалық, биіктігіне, ұрпақ үшін толғанып, әкелер үшін тебіренгеніне, адам тірлігінің ыстығы мен суығына мың күйіп, мың салқындағанына артында қалған жырлары куә.

Поэзия – азабы мол ауыр жол. Ақын сол ауыр жолда келе жатып «ажал» деген шөңгеге сүрініп кетті. Бірақ оның өлеңдері бізбен бірге өмір сүріп жатыр. Мың құбылған Дүние шіркіннің алуан сырын көңіл айнасына түсіріп, пайымдап, саралап, қорытып, түйіндеп, тұжырымдап, жіліктеп өзгенің көкейіне құю – құдіреттің қолынан ғана келер шаруа. Дара сипат дарынды ақын Жүмекен сол құдіретті тізгіндеген кереметтің бірі. Ақын өмірі – жырынан басталады. Ал ақын жыры оның өмірінен бастау алады. Жүмекен жырлары оның өз тірлігімен, тұнық та таза, балалығы соғыспен тұстас келген, үлкенді құрмет тұтып, кішіге ілтипат көрсетіп өскен, көкейіне түйгені көп, көргенді ұрпақ өмірі мен сабақтас. Оның өмірі жан сырын жарқырата жайып салған жырларымен біртұтас.

\* \* \*

Ақынның жаңа жыр жинағын әркез аялай ұстаймын. Тағы да өлеңді арманның ақ құсына балап, өмір деп сүйіп жазатын ақынның лирикалық қаһарманымен бірге



талып жанымды отқа орайтынына, бірге мұңайып, бірде үнсіз ойға батып, бірде жан дүнием жаңа бір күйге еніп, таңғы шықтай таза арманға тағы да қол созатыныма, сіркіреген сәуір жаңбыры көңіл терезесін жарқырата жуып өткендей күй кешеріме күмәнім болмайды. Оның өлеңдері мені уақыт ізін жасырған, оралмайтын балалық – сағыныш дәуренге жетелеп апарады, беймәлім болашаққа шақырады. Қазақтың үлкен ақыны Әбділда Тәжібаев: «...Мен Тұманбай Молдағалиевті осындай дарынды оқырмандардың сана-сезімдерін түгел меңгерген, олардың сүйіп оқитын ақындарының бірі деп білемін... Біз өмір ақиқаттың жаршысы дегенді көп айтамыз ғой. Тұманбай да сол ақиқаттың жаршысы. Ол алдымен адамды сүйеді, адамға ғашық», – дейді. Ол рас. Тұманбай жырлары адамға ғашықтықтан туған; сол адамның ең қымбаты өмір сәулелерін айшықтаудан тұрады. Оның жырлары – сағыныштардан, құстар әнінен, махаббаттан туған өмір.

*Асығамыз ұлымыз ержетсе деп,*

*Келініміз ақ бесік тербетсе деп...*

Кәдімгі тірліктің осы бір арман, тілегі кімге де болса етене.

*Теңізді кешем, теңізде сені жүр десе,*

*Аралдарға да аттанам қонып бірнеше.*

*Жүрегім білер барыңды, жерде жоғыңды*

*Еш адам сенің қайда екеніңді білмесе.*

Осы бір құштарлықсыз өмір деген ұғым да болмастай. Сол жолдарды оқығанда әлемдегі ең ұлы күш толқыны іліп әкетеді жаныңды. Сенің де ештеңеге қарайламай, арманды алыс жолға шығып кеткің келеді.

Қасқағым сәт – мәңгіліктің қайталанбас қалпы көңіл көзімен көріп, бастан кешкенді басқаға сезіндіру оңай болмаса керек. Тұманбайдың әрбір жана кітабы көңіл суретін адамдарға көркем жыр етіп ұсынумен келе жатқан ақынның уақыт озған сайын тіршілік жайлы алғашқы іңкәр сәтін жүрек отына, жан жылуына бөлей жетілдіріп, толықтырумен келе жатқанын айғақтай түседі.

Оның туыс пен перзент, әке мен ана сезімін жеткізетін өлеңдері – сонау алғашқы жыр жинағынан бастап,

яғни кеше мен бүгін, келер күндер арасын жалғап жатқан үзілмес желі. Сол сезім, одан туындар ар-ождан жауапкершілігі – Тұманбай творчествосының аса кесек саласы.

Әкеге деген перзенттік сөз «Әкеммен әңгіме» атты поэмада аса жақсы айтылған.

*Келмедің зой, мен сені көп-ақ күттім,  
Қара жолға қарадым, қабақ шыттым.  
Жалғыз қара көрінсе өзің бе деп,*

*Алдансам да алдынан талай шықты,* – деп, майданнан оралмаған әке рухына мұңлы балалығын баяндайды.

Жетімдік жүрегінде жазылмас жара болып қалып қойған жанның кейпі кей адамның көзіне жас алдырып, келесі біреудің кеудесіндегі де бітеу жараны тырналайтындай.

Отан үшін, оққа ұшқан әке үшін де, өзі үшін де тірлік кешіп келем деген лирикалық қаһарман сөзі әрі сүйіндіреді, әрі сендіреді. Әке үмітіне, парызына адалдық жайлы ойлы да отты жолдар, қанатты шумақтардан тұратын поэма – әке туралы әр кез жазылған лирикалық қырлардың жинақталған жүйелі жалғасы.

Әке болып баласына айтар сөз – ақынның әр кез айтып отырар, аса қымбат, шынайы сөзі.

*Балалы үй қашан да опыр-топыр,  
Бөбегімнің бірі «ұстаз», бірі «шопыр».*

*Бар Тұманбай тып-тыныш ұйықтасын деп,*

*Бір Тұманбай тынымсыз ояу отыр,* – дейді жас әке жүрегі балаларының сәбилік шағынан бастап, алды азамат атанып, ат тізгінін ұстағанға шейін тынымсыз, ояу. Оның жанын перзентіне деген махаббат, тілек пен үміт тербейді.

Бұл сезім кімге де болса етене. Әр әкенің де ұрпақ алдындағы жүрек сөзі осылай айтылар еді.

Жаны әрқашан ояу ақынның тынымсыз тірлігі адамдар арасында өтіп келеді. Оның жырларында сол орта адамның балалығы, жастығы, кемел шағы бар. Оқушы қой соңында жүгірген жарым көңіл жас баланың кемел жасқа шейінгі барша тірлігіне – реніш, қуанышына бірге толқып, бірге егіліп, бірге мұңайып, бірге шалқып отырып куә болады.

Лирикалық қаһарман жұпыны балалығын:

*О, балалық, бұлт ішімен жүгірген,  
Айналым мен алба-жұлба түріңнен.  
Көк сағымға кірген сайын ақын ой*

*Көп сағынам бір өзіңді бүгін мен,* – деп аңсаса, сенің де сол бұлт ішімен жүгірген қимас балалығың тазалығымен, мөлдірлігімен сағыныш боп қол бұлғайды.

Сосын есіңе қимас бейнелер, албырт достар, жығып кеткен тайың, әкеңді де шешенді көргендер, өзінді әлі титтей бала санайтын аға-жеңгелер, үлкендер түседі. Қандай қимас, қандай ыстық сезімдер.

Ақын жүрегіне ең алғаш ізгілік гүлін екендер де, әлі күнге аялап, тербеп, дүние танымын тереңдетіп, творчестволық мүмкіндігін кеңейткендер де – адамдар. Сондықтан да өзін оларға әркез қарыздар сезінеді, сағынады, үйіне, төріне шақырады. Сол борыш өтеуі – адам сеніміне, ананың ақ сүтіне, әке мен балаға, досқа, ауылдасқа деген адалдық екенін сенің де жанына жеткізеді. «Алғашқы еңбек ақы туралы жырда» өз қолы да қысқа, өзінде де «бір киер» ештеңе жоқ жас студент ақын алғашқы еңбек ақысына жаны жақсы, білімді, беделді, бірақ «көрінде өкіргір» жетімдіктің зардабынан қыздарды қыдыруға шақыра алмайтын жарым көңіл досына костюм сыйлап қуантып, өзі де қуаныштан жылайды. Айналаңдағы адамдарға қуаныш сыйлау адамдықтың ең биік мұраты екен-ау деген ойға қаласың осыдан кейін.

Соғыс туралы сөз әлі де айтылуда. Оның ащы түтіні мен жан сыздатар жарасы бар ақын жырларында. Ол жиырмасында жесір қалған жеңгелер мен қырқыншы жылдардың қыршындарының болаттан берік рухына бас иеді. Ойын баласы болса да ойға батып, қара жолдан қаранғанда әкем бе, ағаларым ба деп үміт арта қараған ұлдардың арманын жыр ғып айтады.

Қасірет құрсауын тіліп өтіп, жылдардың жүгі қаншама ауыр болғанымен болашақ күнге деген сенім, үміттің, жауапкершілігін жоғалтпаған адамдар жайлы дастан дерлік бұл өлеңдер.

«Әлия мен Мәншүк» атты өлеңінде қыздар институтында ілулі тұрған сурет алдында ақын ойға беріледі.

Халқымыздың аяулы қос қызы – қос қарлығашының орындалмай кеткен көп арман, кейінгі ұрпаққа айтар тілегін ақынға сыр етіп айтуы аса әсерлі шыққан. Сен де езіле тыңдайсың. Көп жайға қанығасың. Батыр қыздар аса нәзік те, сұлу да, ақылды да екен. Аяулы жандардың үнсіз шерткен сырын ақын аса табиғи жеткізеді. Иә, Мәншүк пен Әлияның айтар сөзі осы ғой, қалай сұлу, қандай ойлы сөйлейді деп, көп жыл күткен сағынышымен жолыққандай күй кешесің.

*Ескермегем, бұрын қалай қате еткем,*

*Тұрдым үнсіз оларға жыр атап мен.*

*Екі тамшы домалады жүзімде,*

*Жанарымнан еріп түсті екі әпкем...*

Өлеңді оқып шыққасын ақынмен бірге «күн астында қанат жайған қос аққудың» өлмес рухына тағы бір марте бас иесің.

Ал мына бір жолдар Ұлы Отан соғысында қаза болған ерлерге ескерткіш ашылған сәттегі толғаныстан туған:

*Аққулардай асыққан мөлдір көлге.*

*Сағыныштың азабын жеңдіңдер ме?*

*Тұңғықтың түбінен шығып бүгін*

*Туған жерге, ағалар, келдіңдер ме?!*

Ағалардың мәрттігі мен ақынның сиқырлы өлеңіне деген сезімнің астаса, араласа, аса сирек болатын бір күйді кешіп оқисың бұл жырды. Тұңғықтың түбінен шығып, туған жерге, арада жылдар өткенде, келмеске кетті дегендер қайтып оралады. Керемет сендіріп оралады.

Әйел – адам анасы. Өмір анасы. Ендеше, ақын творчествосын әйелдерге арнаған жырларынан тыс тану еш мүмкін емес.

*Сыйла әйелді, жозарыдан бер орын,*

*Көтер оның мерейі мен беделін.*

*Өз қызыңды сыйлағаның ол сенің*

Өз анаңды мәңгі құрметтегенің, – Оның ана туралы жырлары ана алдындағы азаматтық парызды адал өтеуге, оның жүрек жылуына жалындап жанып, жауап беруге шақырады.

«Анам Қымқапқа», «Мен сенен тудым, апа!», «Ал, ұлым саған айтар бір сөзім бар», т. б. өлеңдерде ақын жан

сырын, жүрек құпиясын ашады;  
*...Жаз жайлау еді жаны да,  
 Ол ашты бағын бір ұлдың,  
 Отау боп от жаққанымда  
 Сол отқа тұңғыш жылынды.*

Әке боп, ана боп жалғызының туын көтерген жетім жүрекке өгейлік емес, таңның жарығындай мейірім сәуле құйған ана құдіретіне бас иеді ақын. «Сол отқа тұңғыш жылынды». Осы сөздің арғы, бергі мәнін түсіндірудің қажеті жоқ, және оның қанша іздеп теңеуін таппасың да рас.

Әке түтінін өшірмей, ұлы жаққан отқа анадан бұрын кімнің жылынуға қақысы бар.

Жандыра берші жаныңның нәзік отымен,

Көбейттің мені жалғыз ем, жалқы жетім ем, – деген ақын үшін от басын кеңейтіп, жалғызын көбейткен жарға деген сезімі ең жақсы сөз жазылған ең жақсы жырынан да артық, қымбат.

Қыз бен гүлдің нәзік ақыны жанның мөлдір сұлулығына, адалдық пен барша әдемілікке ғашық. Содан да болар, адамның ғашық кезін, бақытына арнаған сезімін Тұманбайша жеткізер ақын аз.

*Тоқтамайды айлар-күндер көшеді,  
 Толды саған, кеудем бұрын бос еді...*

Тек қана сезінер жайдың, айта алмас жайдың шын суреті ғой бұл.

*Жарқ етті жаны тағы да,  
 Жадырап күлді қайта өмір.*

*Қашаған арман жалына  
 Қолым бір тиді әйтеуір.*

Көңілдің кейбір кездерін тап басып, тіршіліктің мәңгі ағашы махаббат күйін шертетін өлеңдер жүрегіңді жандырып, ақша бұлттардың ар жағына алып ұшады.

Поэзия, өлең өнері туралы жырлары ақынның творчестволық лабораториясын тамашалатады. Ол «О, шабытым келші, жыр жазайыншы» демейді, оны өлең деп ұсынбайды, сезіміндегі сәуленің, тебіреніс, арпалыстың сұлу кейпін, поэтикалық көрінісін жасайды. Ақын бірде, «қаңтар келіп қалғандай тоңып», бірде «кеудесінде майдың гүлі ашылғандай» жадырап, «жалғыз ұлы атқа шапқан кездегі ананың мазасыз күйін кешіп» жанын отқа

орап отырып жыр жазады.

Көңілі ғажайып ырғаққа толып, көзіне жас келеді сол шақта. Жан рақатын сезінеді. Сол шақтың суретін жасаған ақын керемет сұлу тіркес туғызады, өлең өрудің шеберіне айналады. Ғашық жүрек, құдірет сезіммен жазылған жырлардың көркем болмас жөні де жоқ.

Ол тақырып, ұйқас іздеп жасандылыққа бармайды. Өлеңді әуезді әуенмен құйылта жазады. Екінші бірі байқай бермес елеусіз ғана құбылысты әсем жыр етіп жеткізуінің сыры сан мың тарау нәзік сәуле – ғашықтықтан туған жырлардың өзінде жатыр.

Туған жерге қанатына көктем, жастық пен сұлулықтары ілестіре келетін құстар жайлы ақын аса көп айтады. Жүрегімен айтады. Көктем келгенде көкірек көңіл құсы да қиқулап үн қосады.

Ақ боран аязда тұрып-ақ келер көктем туралы ой ұшқынына жылынасың, қырда құлпырар қызғалдағыңа ұмтыласың.

Тыраулап тырналар қайтқан күз, қаңтардың аппақ ұлпасы, қар астынан қылтиған бәйшешек, сарғыш өң жаз, осының бәрі өлең оқушыға өз көктемі, өз қысы – адам өмірінің кезеңдері жайлы ой тастайды. Көктемнен соң кірбің қабақ күз, ақ самай қыс келерін, оның да өз қимас қызығы, сараңдау болса да шаттығы, таусылмас тірлігі барын сыбырлайды.

Сондықтан да «отыздағы от оранған» Тұманбай «қырма сақал қырықты» да жатсынбайды. «Сәл еңкейген елудің» ауылына да ат басын жатырқамай тірмек. Солай дей тұра өмірге құштарлық жастықтан жетпесіне сенеді, соған қуанады. Жасы отыз, қырық, елуге аяқ басқанымен:

*...Кеп-кеше мөлдір аспан ек*

*Жылдармен жүрдік қоштаспай.*

*Жүрегім жиырма жасқа кеп,*

*Тұрды да қалды жас қоспай! –*

дейді. Адам болмысындағы қиял мен шындық үйлесімі осы бір шумақта тұрғандай.

Ақынның соңғы жылдары жазылған, адам өмірінің кезеңдері туралы өлеңдер циклы – творчествосындағы тың өрнек, ашық үн.

Қырық кеп қыр басына шыққанымды,  
Еліме дәлелдеймін енді немен, –  
деп толқиды ол. Көп үшін көтерер жүгінің ауырлай түскенін қуана сезінеді. «Қыры көп қырық» ішінде жазылған жырлардан сүйіп оқитын ақыныңды жаңадан ашқандай әсер аласың. Жиырма жасында жыр деп сүйген өмірге құштарлық та, құрмет те күшейе түскен. Әсіресе, туған елге, туған елдің туын көтерген ақ жүрек адамдарға махаббатын жырлаған ақынның азаматтық үні айқын да жарқын шығады.

Өсу дегенде ақын ойының өсуін ғана айту аз. Көркемдік өсу, ой мен сөздің таптырмас үйлесімі, терең ойды нәзік лиризммен, әуезді ырғақ, әдемі ұйқаспен беру – творчестволық өсудің ең негізгі белгісі. Тұманбай Молдағалиевтің құлаққа, сезімге, жаныңа ән боп жететін жырларынан небір қайталанбас бейнелі сурет, небір тың теңеу табасың. Тамсана, тоймай оқудың бір себебі сиқырлы сырлы әлемнің осы қырында жатқандай. Туған жердің өз жүрегіндегі бейнесін жанын махаббат пен сағынышқа, құрмет пен мақтанышқа бөлейтін қимас қарындас, аяулы ана, сүйікті перзент кейпінде жеткізеді.

*Өз-өзімнен тасынам, бір жасыған күнім жоқ,  
Бұл жердегі өшпейді шалқып жанған бүгінгі от.*

*Қолаң шапты жарым боп күледі ол қол бұлғап  
Не жүреді көңілімде кіп-кішкентай ұлым боп.*

*... Көк пен жерді ұштастырған батырсың,*

*Көңіл жыры таусылмайтын ақынсың, –* дейді ақын Қара теңізге. «Рас-ау», – дейсің сен де.

«Жүрек», «құс», «көктем» сөздерін ол көңіл күй сәтіне орай аса жиі, әрі аса көркем, алуан түсті реңкте қолданады.

Қайсыбір сөз болмасын әралуан тіркес, әрбаяуда қолдана отырып көркем тілдегі эпитет, теңеу, метафораның өз стилін айқындай түсетін аса көркем, бай үлгісін жасайды.

Оның жырлары өмір сүру үшін «мынау жат іс», «осы дұрыс іс» деген үйретуден ада. Ақынның ақ желкенді жыр кемесі жаныңды тіршілік нұрына орап, адамгершіліктің ұлы мұхитына, өмір айдынына алып шығады.

Сондықтан да оның әрбір жаңа жинағының соңғы парағын жапқанда сәулелі мұңға, бақытты сәттерге толы

сиқырлы әлемге сапар шеккенінді қуана мойындайсың.

Иә, жазылған жырлар – ақынның суреткерлік әлемі. Тұманбай өлеңдерін оқысың да, өмірге ғашық ақын жүректің айтары көп сұлу сазына бөленесің. Әбділда Тәжібаев айтқан «өзін өзі аямай жанатын жалынның» жан шуағына жылынасың. Рухани тірлік, барша болмысымен жарқырай ашылған лирикалық қаһарман – азаматтық үні айқын да асқақ бүгінгі замандаспен сырласасың. Өз басыңнан да сан рет кешкен «адамның кейбір» кездерінің қимас құштарлыққа толы әлемін шарлайсың.

Жырлары жанға қанат байлайтын сол ақын:

– *Ғасыр жүгін көтерген*

*Жықпай арман туымды*

*Қашап жазар екем мен*

*Ең керемет жсырымды,* – дейді. «Жаза берсе екен» дейсің сен де.

\* \* \*

*Көптен бері көңіл аңсап,*

*Шөлдеген –*

*Осы биыл барып қайттым елге мен.*

*Армансыз-ақ араладым ауылды*

*Айқыш-үйқыш...*

*Жалғыз аяқ жолменен.*

Балалық шағы далада, аттың жалы, түйенің қомында, масақты аңызда өткен, соғыс сұрапылымен көз жасын сығып, шат өмірін боз көйлектің ішінде өткізген Сағи Жиенбаев секілді орта буын ақындардың ауыл десе аңсары ауып, кішіге кішіпейілділік танытып тұратын қасиеті бар.

Ақын мінезді болу керек деген пікір көбірек айтылады. Осыны арқа тұтқан кейбір жастарымыз мінберге менсінбей қарап, алуан жырға әуес болып, дүниеге астам қарайтын әдетке ұрынып жүр. Сондықтан жастарға Сағи Жиенбаев сынды мінезі жібек, жыры нәзік ақынның өмірдегі келбеті де, жырдағы жолы да тәлім.

Жырында нәзік сыры мол, жанды тербер жыры мол кішіпейіл, самалдай өскен жан.

*Құсалықпен өтпесін деп от-күнім,*

*Анам менен –*



*Жасырды әкем жоқтығын...  
 Періштедей...  
 Сәби көңіл сенгесін,  
 Ертегінің шығарды ойлап көп түрін  
 Әкең сенің...  
 Кетті сонау алысқа,  
 Жер де шалғай,  
 Жетпейді оған дауыс та.  
 Ол тұратын қалың орман ішінде  
 Жүреді екен қабылан да, барыс та...*

Әдебиет майданына Жиенбаевтармен тұстас келген буынның кітаптарын парақтай қалсаң, алғашқы беттері соғыс зұлматына арналыпты. Бұл буын өзінде жоқты болашақтан күтті. Көңілі жарым болса да, еріксіз күлімсіреді.

*Жалаңтөс, жастау кезімде,  
 Көп болды менің достарым.  
 Желпілдек едім өзім де,  
 Достарым не айтса – қостадым, – дей келіп, соңғы  
 шумақты былай түйіндейді.  
 Көбісі аузыңды аңқитып,  
 Жел болып ұйтқып өтеді...  
 Бір өзі мыңға татитын  
 Бір досың болса – жетеді...  
 Ғайып боп кетті көп досым,  
 Қайтемін бірақ табалап...  
 Барлығы... бастан өткесін,  
 Айтқан-ау деймін дана қарт.*

Қарапайым сөзбен айтылған, қарапайым шындық адамды еріксіз жүгіндіреді. Белинский кезінде жүректі тек шындық толқыта алады деген болатын. Міне, ақынның тапқырлығы да осында болса керек. Ол адам баласының жас кезінде сенгіш келетінін, бірінің жанына бірі үйірсек екенін дәл айта келіп, келе-келе адамдар жат тартып, достық сенімге сызат түсетінін, сөйтіп жүрек орамалдың кіршең тартатынын өлеңмен тербетеді.

Сағи лирик ақын. Көңіліне тимейтін, жүрек сырын ұққыш кішіпейіл, аузын ашса іші көрінетін жүрекжарды жандар болады. Сағи лирикасы да осы мінездес.

Сыршылдығы басым.

*Алғаш рет...*

*Қаз тұрды бүгін бөбек,  
Басталады дәл қазір ғұмыр бөлек  
Бел байлады балапан ұлы жолға,  
Нар тәуекел. Ал кәні. Жүру керек.*

*Құламайды, әжесі құламайды  
Енді ешкімнен көмек те сұрамайды.  
Сездірді ғой саусақпен «ұстама...» деп,  
Ұстағаның енді оған ұнамайды.*

Қалт-қалт сәби ғұмырының атаулы бір кезін сөз еткен ақын, оны әдемі суретке, жанды көрініске жақын тарта бейнелейді.

С.Жиенбаевтың бұл жинағы «Нан мен тұз» деп аталыпты. Біз алғашында «неге бұлай атаған?» – деп таңғалдық. Сөйтсек тіршіліктің нәрі де, әрі де осы екі астан артық емес екен ғой.

Кітаптың бір тарауы «Ертегілер елінде» деп аталады.

*Топ шағала...*

*Туған жерден шықты еріп,  
Тұрған жоқпын одан өзге түк көріп.  
Қай жерлерге барар екен бұлар да.  
Қай жерлерде қалар екен бұлтқа еніп.*

Сапарнама өлеңдердің беташары осылай ашылыпты.

«Жол бастаушы – араб жігітінің айтқандары», «Пирамида», «Пирамида сөйлейді» деген өлеңдерінде ақын теңіздің арғы бетінде, жүзі күнмен тотыққан, жоқтықтан қорлық тартқан Сахара елінің пенделері жайлы жыр толғапты.

*Қарағанды –*

*Жердің жай бір тасымын.*

*Тас емеспін,*

*Адамның көз жасымын.*

*Еш құдірет өшіре алмас*

*Өшіре алмас*

*Айың, Жылың,*

*Ғасырың,* – деп толғанады ақын, Пирамида тілімен сөйлеп.

«Араб аңызы» деген өлеңінде ақын адам мен жылан арасындағы достықты сөз етеді. Жылан адамға бар байлықты жеткізіп отырады. Міне, осы жақсылықты білмеген адам қарны тойып, көйлегі көгерген соң өз досы жыланға қастық тілейді.

*Қақ бөлініп, сорлы жылан денесі,  
Бұлдырайды адамның құр елесі.  
Бірте-бірте барады ол да алыстан,  
Жақындауға батпай ма екен – о несі?*

*Бұлт астына жасырынып барады ай,  
Соңғы сөзін қалды айтуға жарамай, –  
«Жауызбын деп жиіркенуші ем өзімнен,  
Менен де өткен жауызсың зой,  
Адам-ай...»*

«Мұхамедәли мешіті», «Зергерлер», «Араб жігітінің мұны», «Араб әуендері» жырлары да осы мазмұндас.

Сағи негізінде жомарт ақын, оның жырларын оқығанда, оқығаны, ойлағаны, түйгені өте көп екенін аңғарамыз. Жалғыз жырдың өзінде айтып жатқан тамаша ой, сәтті образдар бар. С.Жиенбаев өмірді өзінше барлап, өзінше толғайды.

Сағи лирикасында нәзіктік бар. Ол сыршыл ақын. Ол жалпы әдебиетке өзек болатын адамдар арасындағы ғана емес, адамдар жанындағы тартысты таба қояды.

Енді бір «Елестеп өтті алдымнан» деген тарауында да, ақын жырын сыршылдықпен толғайды.

*Көп болды зой мінбегелі құр атқа,  
Март түйіліп шықпағалы қыратқа.  
Асауларды ақ сорпа зып келетін,  
Қайран құздар қалып қойды-ау жырақта.  
Сол бір кезді еске алушы ем сағына,  
Міне, бүгін кездестім мен тағы да  
Көңілім толқын, көрейінші дедім де,  
Создым қолды көк бестінің жалына.  
Бұл жырында туған жерге деген сағыныш бар.  
Бір көрген таң нұрын да, жаңбырын да.  
Дүниенің кеңдігін де, тарлығын да,  
Қашаннан қасиетті туыстық бар,*

*Адам мен табиғаттың тағдырында.*

Бұл жырында табиғатқа деген іңкәрлік бар.

*Атырдың таңды көз ілмей,*

*Арылдың біраз кірбіңнен.*

*Сонау бір*

*Сәби кезімдей,*

*Қолымнан ұстап тұрдым мен*

*Көрінді жүдеу маған ол,*

*Қалды ма келіп құрғыр сол,*

*Қолыңнан үсті*

*Қара жол,*

*Қиыр да шыыр*

*Қым қизаш.*

Анаға деген сағыныш. Оқырман жүрегін лүпілдетер осындай сезімді өлеңдер жыр кітабынан молынан табылады. Сағи жырындағы мөлдіреген, шықтай тұнған лириканың мүмкіндігі мол.

Өлеңнің осы бір қырын ақын жіті аңғарған. Ақынның шеберлігі де осы аңғарымпаздығымен өлшенсе керек. Лириканың осындай мінезін білген ол өлеңдегі сезім логикасының аңғарына көз салады. Сағи Жиенбаев болмысты тез аңғарғыш ақын. Кішкене детальдан ой айтуға шебер. Ол табиғат болмысы мен адамды қатыстыра отырып қоғамдық ой түйеді.

## **ТӘУЕЛСІЗДІКТІ КӨЗДЕГЕН КӨТЕРІЛІС**

1997 жылы қазақ халқының белгілі мемлекет қайраткері, қолбасшы Кенесары Қасымовтың, халықтың сүйікті ұлы хан Кененің басшылығымен отаршылдыққа қарсы жүргізген күресіне 150 жыл толды. Бұл – патшалық Ресейдің көп ұлтты империясының құрамын кеңейте отырып, бүкіл Қазақстан территориясында өзінің үстемдігін, кейіннен Орта Азия хандықтарының шекарасына ену мақсатында қазақ феодалдық мемлекетін түбегейлі бастап-ақ Кенесарыға көтеріліс болған аймақта тұратын әр түрлі ұлт өкілдері қосылды. Қазақтармен бірге патша үстемдігіне қарсы орыстар, қарақалпақтар,

қырғыздар, башқұрттар, татарлар, түркмендер, өзбектер, қазақ жеріне бой тасалаған барлық ұлт өкілдері қатысты. Бұл жөнінде бас штабтың офицері Герн былай деп жазды: «...Кенесарының маңында қазақтың барлық руларынан да адамдар көп, олармен бірге орыстар, башқұрттар мен татарлар да бар». Олар қару-жарақ шеберлері, отряд бастаушылары қызметтерін атқарды. Орыс солдаты Николай Губин Кенесарының інісі Наурызбайдың жеке адъютанты болса, Кенесарының жеке хатшысы да орыс еді. Орыс солдаттары Манкин мен Бедашев оның әскерін басқарды. Кенесарының сенімді көмекшісі өзбек Сейдақ қожа Оспанов, татар Әлім Ягудин соғыс кеңесінің мүшесі болды. Көтерісшілер патша үкіметінен қазақтардан алған жерлерін қайтарып беруді, соғыс бекіністерін жоюды, әр түрлі салықтар салуды тоқтатуды талап етті.

1837-1847 жылдардағы көтеріліс өзінің сипаты, қозғаушы күші және негізгі мақсатына қарай қазақ және орыс халықтарының достығына қарсы емес, керісінше, Ресейдің отаршылдық әрекеттеріне қарсы бағытталған нағыз бұқаралық азаматтық қозғалыс болды. Сұлтан (1841 жылдан хан)

К. Қасымов атасы Абылай әділ билік құрған кездегі біртұтас қазақ мемлекетін қайта жаңғыртуға бар күшін салды. Мәмілегерлік және басқа жолдармен патша сарайын, Орынбор, Батыс-Сібір губернаторын оятуға келіссөздер нәтижесінде түсініспеушілікті болдырмауға тырысты. Кенесары Қасымов І-Николай патшаға, Орынбор губернаторы, граф В.А. Перовскийге, батыс-Сібір губернаторы, князь Горчаковтың атына мәлімдеме жасады. Өзі патшаның елшілері Герн, Долговтарды қабылдай отырып, патша өкімдерінің «Қазақ жері Ресей империясының меншігі» деген пікіріне қарсылығын білдіре отырып, қазақтардан зорлықпен тартып алынған жері қайтарылатын болса, Ресей мен Қазақстан арасындағы қатынас реттелетінін мәлімдейді.

Жеңілістің себептері көп еді: біріншіден, сол кездегі ішкі саяси жағдай, Кенесарының патша үкіметіне жолдаған дипломатиялық хаттарының сәтсіз тұстары. Екіншіден, көтерілістің жеңілуіне себеп болған тағы бір жай, хан

Абылай заманындағы патшалық Ресей мен қазақтар арасындағы сыртқы саяси қатынастардағы өзгерістерді түсінбеді. Кенесары тұсында Қазақстан территориясында патша өкімі берік орнаған шақ еді, бекіністер салып, қорғандарын нығайтып, жаулап алған аймақтарын қайтару ниеті жоқ болатын. Мұндай жағдайда Кенесары патшалы Ресеймен арадағы саясатты дұрыстау үшін ыңғайлы жол табуы керек еді. Үшіншіден, жергілікті әкімдердің өзара жікке бөлінушілігі Кенесары мақсатының жүзеге аспауына себеп болды. Кейбір сұлтандар мен ықпалды билер, байлар ханның ісін қолдамады. Төртіншіден, сұлтандар мен билердің қарсылығы үшін бейбіт жатқан рулардың ауылдарына тиіп, Кенесары үлкен саяси қателіктерге ұшырады. Өкінішке қарай, атасымен салыстырғанда, оның саясаткерлігінен гөрі әскербасылығы басым болды. Ақылдан сезімге көбірек ерік берді. Кенесарының қателіктерін патша үкіметі өз пайдасына шебер пайдалана білді, олар қазақтарды бір-біріне айдап салды. Көтеріліс басшысы ханға «қатал», «жауыз», «қарақшы», «қазақ халқының жауы» деген атақ жапсырды. Бесіншіден, сол кездегі халық арасындағы жағдай да аса қолайсыз болды: көп бөлігі патшалық Ресейдің қолына енген қазақ жері бір-бірімен байланысы аз төрт бөлікке (Ұлы, Орта, Кіші жүздер мен Бөкей ордасы) бөлініп, қазақтардың біртұтас мемлекет болуына қарсы көршілес елдердің қоршауында қалды. Патшалы Ресей мен Қытай да, Бұқара, Қоқан хандары қазақ даласын өз мақсаттарына пайдалануға тырысып бақты, Қазақстанның сол кездегі жағдайын сақтай отырып, қазақтарға үстемдік құру үшін өзара күрес жүргізді.

Патша әскерлерінің қырғыз манаптарымен уақытша соғыс одағының нәтижесінде Кенесары Тоқмақ маңындағы тауларға ығыстырылды. Ұрыста соғыс күшінің басымдылығынан қысымға шыдай алмаған ол Оңтүстік Қырғыз Алатауына барады. 1847 жылы Көкілі тауының етегінде қазақтың соңғы ханы Кенесары манаптар мен патша әскерлерінің қоршауында қалып, өз әскерлерінің азғана тобымен күші әлдеқайда басым жаумен ұрысқа түсті. Шешуші ұрыстың қарсаңындағы түнде өзінің

отрядымен Рүстем сұлтан мен Сыпатай би сатқындық жасап, қашып кетті. Ол көтерілістің жеңілуіне, Кенесары мен оның серіктерінің өліміне әкеліп соқтырды. Хан Кененің өлімімен Қазақстан ұлт-азаттық қозғалысының тарихындағы өзінің кең құлашы мен ұзақтығына теңдесі жоқ 10 жылға созылған күрес аяқталды.

Патша үкіметі мен Қоқан хандығының Кенесарының көзін жоймақ болуы түсінікті еді. Ол біріншіден, Орта Азияны отарлауға, екіншіден, қазақтардың оңтүстік жерлерін жаулап алуға кедергі болды.

Кенесарының қайғылы қазасы ол өз атымен бастаған көтерілістің даңқын шығарды. Ресей бас штабының подполковнигі М. Красовскийдің, Орынбор соғыс губернаторы В. Перовский және басқалардың Кенесарыға аса құрметпен және түсіністікпен қарағандарын құжаттар айғақтайды. Тарихшы Н. Я. Коншин 1903 жылы былай деп жазды: «Бұл барлық жағынан керемет адам болатын... Кенесары Қасымов арқылы біз шын мәніндегі, барлық кырғыздардың (қазақтардың) ру, орда айырмашылықтарына қарамай, саяси бірлігін аңсаған кырғыз-қазақ батырын көреміз».

Халық арасында: «Кенесары ең ұлы, сонымен қатар ең бақытсыз қазақ ханы болды», – дейді. Оның ұлылығы сонда, асқан күш-жігермен шашыраған бауырларын сипап, 1841 жылы мемлекеттікті қайта құрды. Он жыл бойы отаршылдыққа қарсы күрес жүргізді. Сөйтіп, Кенесары қозғалысы алдыңғы қатарлы, әділ, тәуелсіз мемлекет құруға бағытталған қозғалыс болды. Кенесары өз заманындағы әскербасылық пен мәмілегерлікті (дипломат) ұштастырған үздік мемлекет қайраткері, ұлы отаншыл. Сталиндік режимнің қаралауына қарамастан Кенесары есімі қазақ халқының жүрегінде қайтпас қайсар хан бейнесінде сақталып қалды.

## АҚТАНДАҚ ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ

Елбасы жариялаған «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» да аяқталып келеді. Жыл аяқталғанымен, халықты қанды қырғынға ұшыратқан 13 оқиға естен кетпеуге тиіс. Халық жадында мәңгі қалуы керек. Соның бірі – 1917 жылғы ақпан мен қазан төңкерісі. Осы қақтығыстарда 50 мың қазақ қаза тапты. Өздеріне түсініксіз төңкерістің құрбанына айналды.

«Ақтар» мен «қызылдар» болып екі жақты азамат соғысына ұласқан және орыстардың өзара тап қақтығыстарына жалғасқан 1918-1922 жылдар 900 мың алаш азаматын алып кеткен ұлттық қасіретімізге айналды. Бұл жылдары шаруашылықтар күйреп, күйзеліске ұшырады, соңы ашаршылыққа ұласты.

1928 жыл. Зұлымдықпен «Ірі» байлардың мал-мүлкін тәркілеп алды. Кеңестердің зорлығы мұнымен тынбады. Оларды отбасынан айырып, жазықсыз жер аударды. Туған топырағына оралмағандар саны 15 мың болды.

Зорлықпен ұжымдастыру, отырықшыландыру жылдары да қазаққа қаншама қасірет әкелді. Қолдан жасалған ашаршылық кезінде қырылған қазақтар саны 2 миллион 300 мың адамға жетті. Голощекиндік геноцид немесе «қызыл қырғын» құрбандары ХХ ғасырдағы ең басты ұлттық трагедиямыз. Дәл осындай шығынға ұшырап, қасірет көрген ұлт тарихта болған емес.

1930-34-жылдардағы асыра сілтеушілік – тарих зердесінде. Қуғыншылық көрген 620 мың адам басқа жаққа қоныс аударып, Қазақстанға қайтып оралмады.

– Сталиндік саяси зобалаңда (1927-1939) атылғандар саны 25 мың, сотталып, ГУЛАГ түрмелерінде өлгендер – 75 мың, барлығы – 100 мың қазақ опат болды.

Ұлы Отан соғысы майдандарында ерлікпен қаза тапқан боздақтарымыз – 350 мың.

Екінші дүние жүзілік соғыста (1939-45) амалсыз тұтқында қалып, туған жеріне оралмағандар – 50 мың.

Соғыстың ауыр жылдарында пайда болған қиындықтың қырсығынан – туу төмендеп, өлім көбейді. Осы кезде санымыз 100 мың адамға тағы да кеміді. Соғыстың



зардабы онсыз да қалжырап шыққан халқымыздың 500 мың қыршынын алып кетті.

1979-89 жылдардағы халқымызға қажетсіз ауған соғысында қаза тапқан қазақ әскерлері – 1 мың адам;

Қазақ жерінде 1949 жылдан бастап жүргізілген атом сынақтары кезіндегі радиация құрбандары – 25 мың;

1986-89 жылдары «процентомания» салдарынан кері миграция ағымына ұшырап, оқу және жұмыс іздеп, республикамыздан кетіп қалғандар саны – 50 мың.

Тарихта халқымызды қырып-жоюдың, атып-асудың, соттап айдаудың, ашаршылыққа ұшыратудың салдарынан 6 миллион 285 мың адам опат болғаны белгілі.

Бұл қазақтың өз республикамыздағы барлық санының шамамен 1989 жылғы деңгейіне тең.

Қазақ халқын өз жерінде азшылыққа айналдыру мақсатында Қазақстанға миграция ағымы әдейілеп бағытталды.

Қазан төңкерісінен кейін большевиктер мен Кенес одағы Коммунистік партиясының Саяси бюросы осы бағытты жалғастыра түскені тарихтан белгілі.

Солардың кейбіреулерін еске сала кеткен дұрыс болар:

-тұңғыш кеңестік кәмпеске – тәркілеу кезінде большевиктер жер аударған орыс кулактары (1918-1925) – 250 мың адам;

-социалистік индустрияландыру жылдары аударылған саяси «сенімсіздер» (1925-1940) – 1 миллион 300 мың адам;

-депортацияға ұшырап, әр жерден Қазақстанға зорлықпен көшірілген, орталыққа «сенімсіз» болған бейкүнә халықтар (1939-1944 жылдар) – 1 миллион 500 мың адам;

-соғыс кезінде «амалсыздан» көшірілгендер (1941-1943 жылдар) – 350 мың адам;

-тың игеру ұранымен келгендер (1954-1959 жылдар) – 1 миллион 450 мың адам;

-өздігінен қазақтың шұрайлы жеріне қоныстанушылар – 1 миллион адам;

-әскери жабық қалаларға, ведомствоаралық өктемдіктің салдарымен көшіп келгендер – 1 миллион 300 мыңнан асады.

Қорыта айтқанда, соңғы жылдары Қазақстанға ұйымдастырылған немесе өз беттерімен көшіп келушілер саны 8 миллион 700 мың адамға жетсе, осының 7 миллионнан астамы кеңестік дәуірдің еншісінде.

Қазақтың асқан төзімділігі мен көшпелі халықтың ғаламат өміршеңдігі Қазақстанды ел ретінде бүгінге дейін сақтап, әлемге танытты. Мұның өзін халықтың өзіне тән ерекше бір қасиеті деп санаған жөн.

Тәуелсіз ел болып дамуымыз үшін ең қажеттісі - бейбіт өмір мен тыныштық, халықтың бірлігі. Ғалымдарымыздың саликалы зерттеулеріне көңіл бөлсек, осы ХХ ғасырда қазақтай көп қырылған, жаппай қуғындалған, атылған халық жер бетінде кемде-кем екен. Осының бәрі ащы ақиқат екенін мойындай отырып, зұлматтың ауыр зардабының орны әлі толмай отырғандығын айтқан жөн.

Кім де болса, Қазақстанның егеменді ел болып, тәуелсіздік алуы оңай болмағанын түсінгені дұрыс. Бұл – барша қазақстандықтарға бір-ақ рет берілген мүмкіндік.

Бейнелеп айтар болсақ, атақты екі төңкерістен кейін отаршылар саясаты халқымыздың санаулы саналы тобын жеті рет жер бетінен сыпырып тастапты. Бетке ұстар қазақ зиялылары атылды, айдалды... Саяси зұлматтың алғашқысы патша үкіметі тұсында басталса, кейін Кеңес үкіметі жалғастырды. Біріншісі – «пантюркистерді» аластау, екіншісі – кеңестер кезіндегі «байшылдарды», үшіншісі – «ұлтшылдарды», төртіншісі – «алашордашыларды», бесіншісі – «халық жауларын», алтыншы рет – «солшылдарды» аластау болса, ең соңғысы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін «процентоманияның» құрбандығына шалынды.

Ардақтыларымызды жоқтау бұрынғы саяси солақайлықтан толық айығу үшін де қажет болар. Шындығын айтсақ, біздер қазақтың ұғымына жат, тап күресі деген жалған ұғымға сеніп келдік. Енді мемлекетіміздің іргесін қалаған, ұлттық мүддемізді қызғыштай қорғаған алаштың атақты азаматтарын дәріптейтін, тарихқа әділет көзімен қарайтын уақыт жетті.

Жас мемлекет қуаты – халқымыздың бірлігіне, ұйымшылдығына байланысты. Тәуелсіздік бізге осындай

салмақты жауапкершілік жүктеп отыр. Ұлтаралық достық, бірлік, ынтымақтастық өзара тиімді экономикалық, мәдени, рухани байланыстарды нығайту үшін де қажет.

Қазақтардың ішкі ұлттық бірлігі – елдің саяси тәуелсіздігінің басты шарты екендігіне күмән туғызуға болмайды.

Алдағы мәселе – ұлттың рухани-эстетикалық тұтастығы, өзара ынтымақтастығы. Алауыздыққа ұшыраған, бірлігі кеткен ел-жұрттың әлсіреп, ісі оңға баспай, кез келген алаяқтарға жем болғанын тарихтан білеміз.

Мемлекеттің саяси тәуелсіздігінің тағы бір кепілі – барша халықтардың ынтымағы мен өзара жарасым-дылығы. Бабаларымыз ұлт татулығын көздің қарашы-ғындай сақтауды, оны үнемі қастерлеп ұстауды кейінгі ұрпағына аманат етіп қалдырып кетті. Соған адал болуымыз керек.

Болашақта өсеміз, дамимыз десек – Елбасы нұсқаған жолмен жүруіміз керек. Қазіргі таңдау – дұрыс жол. Ол ұлтымызды, ұрпағымызды өркенділікке бастайтын даңғыл жол. Бұл бағытта Президент, Н. Ә. Назарбаев көрегендік көрсетіп, әділ саясат ұстап отыр.

Елбасы халыққа бағыт көрсетті, болашақ жолын белгілеп берді. Ендігі міндет – өзімізде. Елдің көркеюі, салт-дәстүрдің сақталуы, әдет-ғұрыптың жалғасуы ұлтымыздың рухани деңгейіне байланысты. Ұлы Абай: «Сөз түзелді, тындаушы сен де түзел» демеп пе еді.

Тарихтан өз орнын алар 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» талай ақиқатқа көзімізді жеткізді, тарихымызды зерделедік. Өткенімізді еске түсірдік. Бәріміз де қоғамдық жанарудың, түлеудің жаңа бір танымдық шараларын ұйымдастырып іске кірістік. Енді осы ізгі арман-мүддені, жақсы ахуалды одан әрі нығайтып, жалғастыра түсейік.

## «ҚАЗАҚПЫН» ДЕП ЖІГЕРЛЕНШІ, БАУЫРЫМ!

Қазақ халқы егемендігін алды. Ата заңымыз қабылданды. Елтаңбасы, Көкбайрағы, Гимні бар мемлекет болдық. Ал, ел еңсесін көтеріп, болашағына нық сеніммен қарайтын кезге жетті ме? Нарық қыспағы бізге оңайға түскен жоқ, осы бір дағдарысты кезеңнен – елдің елдігін сақтап, ұнжырғасын түсірмей, болашаққа деген сенімін жоғалтпай шыға алар ма екенбіз? Бар мәселе осы сауал төңірегінде өрбімек. Қазіргі дағдарыс – тау суының буырқана ағып келіп тар арнаға кептеліп қалған сәтіндей күй кешуде. Сол буырқанған толқынды өз арнасына қарай бұрып ағызбасаң, сел болып жолындағы бар кедергіні бұзып-шайып кетуі әбден мүмкін. Қазір біреулер бізге идеологияның қажеті жоқ, біз саяси дағдарысты емес, экономикалық дағдарысты бастан кешіріп жатырмыз дегенді айтып жүр. Әрине бұл тұжырым экономиканың саяси идеологиясыз алға басып, өрісі кеңеймейтінін білсе де, білгісі келмейтіндердің айтып жүрген пікірі. Ал саяси идеология қандай болуы керек – деген сауалға жан-жақты ойланып барып ұсыныс жасағанымыз абзал. Біз өз еркіндігімізге ешқандай қарусыз, қақтығыссыз оңай жеттік. Ал, кейде «арзанның жілігі татымас» – деген қағида рас-ау деп те қалғандаймыз. XX ғасырдың алғашқы оншақты жылында Ұлы Октябрь революциясы жеңіске жеткен күннен бастап, Лениндік идеяның, Лениннің тірі кезіндегі жайма-шуақ кезеңінде, одан соң Сталиннің қаһарлы қыспағымен «Уралаған» сәттерде, Хрущев еркіндігі кезінде. Брежневтің тоқырау кезінде қол жеткізген коммунистік құрылымды, партиялық билікті, атқарушы жүйені жойып, жаңа құрылымға жол салдық. Біз жаңа өмірді, қоғамға демократиялық өзгерістер әкеліп қана қоймай, бай, аузы-мұрнымыздан май ағызатын капиталистік қоғамды аңсай отырып, нарықтық экономикаға өту кезеңіндегі басты нәрсені, басты қағиданы қалдырғандаймыз.

Республикада Президент сайланды. Парламент бар, облыс, аудан, қаланы әкім басқарады. Ал, олар кімдер?

Кешегі партбилетін қалтасына салып, брежневтік тұңғыық тоқырауды партия қатарында жүріп, коммунистік қоғам орнатамыз – деп ұрандағандар олар. Қазіргі нарықтық экономиканы өрге бастыру, жаңа егеменді ел болу үшін игілікті іс жолында күресіп, тер төгіп қана қоймай, жекешелендірудегі ең бір қомақты өндіріс, өнеркәсіп орындары да солардың қалтасында. Адам баласына осындай іс-әрекеттер сабақ болуға тиіс. Ұраншылдықпен игілікті іс тындырып, елдің әл-ауқатын көтереміз, ел экономикасын нығайтамыз деген даурықпаның кезеңі өтті.

Ленин коммунистік партияның алға қойған міндеттерін жүзеге асыру үшін өзге партия қызметкерлеріне тізгінді ұстатпады ғой. Жұмысшы табы мен шаруалар үкіметін орнату үшін патшалық Ресейдің ескі саясатын түбірімен жойып, жаңа құрылыс пен идеяны қуаттап қана қоймай, іс жүзіне асырды. Оны насихаттау үшін баспасөзге үлкен назар аударды. Біз ертеңгі жақсы өмірге тез жетеміз десек, айналамызға дұрыстап қарағанымыз жөн. Жапондықтарды алайық: Екінші дүниежүзілік соғыстан жеңіліп, атом бомбасымен тұншықса да, 20–25 жылдан соң әлемдегі ең қуатты елдердің бірі болып шыға келді. Олар бұл жолға қалай жетті? Енді, осыған үңіліп көрелік. Соғыстан жеңілген жапон халқы тек экономикалық қана емес, рухани құлдырауды бастан кешкен кезеңде ел тізгінін ұстағандар жапон халқына жаңа идеяны ұсынды. Олардың бойындағы патриотизм сезімін оятты, өзін-өзі тәрбиелеу ісін бірінші сатыға көтерді. «Жапондықтар ешкімнен қор, кем болмауға тиісті», – деген ой әрбір адам бойында жігер боп қайралып, нысана болып ертеңге бағытталды. Сондықтан да 1946–1947-жылдары бағаға еркіндік берілді. 1948 жылы ақша реформасы жасалды. 1951 жылы ақша валюта күшіне ие болды. Жапонияны 15-20 жылдың ішінде әлемдегі ең бай да, ең қуатты ел қатарына қосқан қарапайым жапондықтардың өздері.

Ал бізде қалай? Өкінішке орай, ондай сезім, сенім, жігер мен қайрат қазақ қанында, санасында әлі ояна қойған жоқ. Біз егемендік алып, дамудың жаңа сатысына түсіп, жаңарған елміз. Ал ақыл мен ой-санамыз ғана емес, бүкіл басқару әдісіміз бен жүйеміз сол ескі тозығы

жеткен күйде қалып отыр. Жаңа қоғам орнату үшін әкімшілдік басқару жүйесін орнату, Ата заңды бекіту, президент сайлау жеткілікті бола қояр ма екен?! «Егеменді Қазақстан» газетінің осы жылғы 24 сәуірдегі «Қоғам және қылмыс» атты мақаласына көз салайық. Бұл мақаланы оқып отырып біздің кешегі Қазақстан бүгін тәуелсіздік жолына түскенде қылмыскерлер мен кулардың ошағына айналып бара жатқан жоқ па? – деген сауал еріксіз туындайды. «Көлеңкелі нарық» деген қоғамның «кеселі» бүкіл республикада қаулап өсіп, олардың былығына банк пен құқық қорғау жүйесінде, тіпті әкімшілікте отырғандар батып жатса, біз ертең берекелі ел санатына жетеміз, іргесі нық мемлекет боламыз деп. ойлаудың өзі мүмкін емес, себебі көңілде қаулаған күдік.

Кейбір өкілетті және атқарушы органдар мен кәсіпкерлік ұйымдардағы қызметті басқарып отырған адамдардың заңсыз әрекеттерге баруы амалсыз осындай ойға жетелейді. Бұлар бірен-саран болса өтпелі кезеңнің келеңсіз көрінісі ғой, экономикалық дағдарыстан шыққаннан кейін, мұның бәрін қоғам мен заң өз орнына қояды дер едік. Амал қайсы мұндай заңсыз іс-әрекеттерге барушылар тым көп. Олардың ішінде заманның берекесіз, әлсіз сәтін дөп басып пайдаланған, арсыз, тіпті, рухани жағынан азғындаған, басы іспен шатылған, күні кеше түрме есігін ашқан алаяқтар да бар. Олардың құйтырқы іс-әрекетіне тосқауыл қоюдың орнына, оларды әкімшілік жұмыстан мүлде аластатудың орнына қазіргі күнде ауыз жаласып, бас шұлғысып, тұнық суды лайлауына, адалдықты арамдауына жол ашып берудеміз. Ертеңгі күні іргелі ел болу үшін ең алдымен қылмысқа жол бермеуге тиіспіз. Сонда ғана күшті, қуатты мемлекет бола аламыз. Ал мемлекет бұқараның саналылығымен, дүниетанымымен, адамгершілігімен, мәдениетімен күшті. Саясат пен экономиканың ең көкейкесті мәселелері сананың рухани тазалығы арқылы орындалады. Ал әрбір адамның жаны мен тәнін тазарту, оны рухани жағынан тәрбиелеуде идеология керек. Бүгінде әкім немесе кеңес төрағасы тіпті болмаса, құқық қорғау орындарын басқарушылар – бәрібір күні кешегі большевиктеріміз ғой. Ал республикамызға жаңа

дүмпу әкелген Горбачевтік қайта құру да, Президент Жарлығымен келген Тәуелсіздік немесе конституциялық Ата заң да санамызға мысқалдай серпіліс әкелді ме? Облысқа, қалаға, ауданға барған әкімдер де кешегі коммунистер ғой. Біз оларды тәрбиелеп, санаға өзгеріс енгізе алмай тұрып қандай тәртіп күтеміз? Осы жерде мынандай бір мысал айта кетейін: Мұхаммед пайғамбар Ясриб қаласын жаулағаннан соң, он күн өткенде мешіт алдында сахабаларымен отырыпты. Сол кезде Ясрибтің бір тұрғыны сәлемдесіп, өте беріпті. Пайғамбар оған:

– Иә, қалай ясрибтіктер Ісләм дініне түгел кіріп пе, білдіңіз бе? – деп сауал сұрапты. Өлгі адам: – Жоқ тақсыр. Олар әлі ісләм дінін қабылдамай жатыр-ау, – депті.

Сол кезде екінші адам өтіп бара жатса керек. Мұхаммед әлгі сауалды оған қояды. Сонда екінші адам:

– Ия, тақсыр, ясрибтер меніңше жартылай мұсылман, жартылай өз дінінде, – депті.

Осы шақта үшінші адам өтіп бара жатыпты. Сауалын бұл адамға да қойыпты. Сонда ол:

– Ия, пайғамбарым қала түгел мұсылман болды, – депті.

Осы пайғамбар қойған бір сауалға берілген үш түрлі жауапқа сахабалар аң-таң қалып, Мұхаммедке сұраулы жүзбен қарайды. Сонда пайғамбар жымиып отырып:

– Ә, жауабын тосып отырсыңдар ма? Ол былай ғой: Өлгі бірінші келген адам ісләм дініне кірмеген, тіпті мойындамайтын адам. Екіншісі – дінге бірде сенсе, бірде сенбейді. Жартылай мойындаған адам. Ал үшіншісі – ол дінге түгел кірген адам. Олар қаладағы халықтың дінге деген сенімін өздерінің көңілдегі сенімдерімен таразылап тұр, – депті. Міне, біздегі басшылар да (әсіресе әкімдер) нарықтық экономиканы, оны жүзеге асыру саясатын өз ой-өрісімен, сана-түйсігімен қабылдап, елге сол күйінде жеткізуде. Нарықтық экономика дегеніміз не? Ол қалай дамиды, қала халқы мен ауыл тұрғыны бұл кезеңде өз жағдайын, тұрмысын, жанұясын қандай әрекетпен асырауы керек? Осы жөнінде жүйелі насихат, дұрыс пайымдаулар жоқтың қасы. Ал Америка, Жапония сынды елдер бұл жағдайды халыққа жүйелі түрде түсіндіріп, әркім өз қабілетінше еңбек етуге жағдай жасаған. Енді

негізгі ойымыз – идеологияны қай салада дамыту керек? – деген сауалды саралай талдап өтсек дейміз. Идеология қандай болуы керек? Әрине, Лениндік саясат келмеске кетті. Кешегі «Ура» десен «Алға» дейтін халық бұл күнде жоқ. Бірақ, елді бірлікке, берекеге жетелейтін таза, мөлдір бұлақтай бір сенім бар ғой. Ол қандай? Сондықтан да жаңа идеологияның тірегі етіп – дінді, салт-сананы, тілді көтеру қажет.

Біздің халық дінімізге қайта орала бастады. Біреулер айтуы мүмкін. Исләм дінін берік ұстаған шығыс елдері қанқұмар, соғыстан көз ашпайды ғой, – деп. Оларға айтарымыз – исләм діні арқылы Қожа Ахмет Иассауидің Исләм дінін уағыздаған хикметін неге идеология құралы етпеске?! Оның сара да, дана да жырлары тек софылық насихатқа тәрбиелейді деген бір-жақты пікірді былай қойып, ішіндегі асыл қағидаларын идеология құралы етіп пайдалануымызға әбден болады.

Халқымызда «баланы жастан» деген ұлағатты сөз бар. Жастайынан жақсы мен жаманды, адал мен арамды, обал мен сауапты біліп өскен бала ертең саналы азамат болып өсері даусыз. Ал халықтық педагогикаға келетін болсақ, біздің қазақ халқы өзін-өзі мектепсіз-ақ тәрбиелей білген ғой. Мысалы: «малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» – деген мәтелде өте терең мән бар. Егер жаның саудаға түссе, малды аяма, ал арың аяққа тапталар күн туса, жаныңды пида ет, – деген үлкен философиялық ой жатқан осындай мәтелдің түпкі сырын бүгінгі жас ұрпақ біле ме? «Қызға қырық үйден тыю»,» Өзің білме, білгеннің тілін алма», – секілді терең мәнді мақал-мәтелдер арқылы дамытсақ, біздің төл идеологиямыздың мәні мен мақсаты өте зор болар еді. Сонымен бірге біз ежелгі дәуір әдебиетінің негізін қалаған Ахмет Иассауидің мұриттері Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Иүгінеки секілді ғұламалардың мұралары, одан соңғы Бұхар жырау, Асан Қайғыдан басталатын халық фольклоры – ауыз әдебиетінің маржан жырларын халықтық педагогикамен сабақтастырып, идеология саясатын тереңдете дамытқан жөн. Енді осы идеологияны дамытып, халыққа жеткізу керек. Ол кімдер? Әрине, идеологияны дамыту үшін



әдебиетші ғалым, тарихшы-философ, әнші, сазгер, тіпті шопанға дейін идеологияның биік парасатқа, біліктілікке, білімділікке, тәрбиеге ұштасатын сан-салалы жолдарын қарастырып, сонымен қатар өзін тәрбиелей отырып, жетілдіргені абзал.

Бұл өте күрделі де, қиын мақсат. Шындықты айтсақ, бізге президенттен бастап, қарапайым шопанға дейін біліктілік пен тәртіп қажет. Ал ол болмайды екен, ертең біз әлем көшіне ілеспек былай тұрсын, өте мүшкіл халде қаламыз. Өйткені зерделі көзбен қараған адам – біздің республиканың қазіргі саяси және экономикалық ахуалын тамырына құрт түскен қарағашпен теңестіретіріне дау жоқ.

Қазір ұлттың сана-сезімі оянды. Халық өткеніне, тарихына деген ынта-ықыласы ұштала түсті деп жатырмыз. Ал, сонымен бірге республикада «көлеңкелі нарық» өкілдері де қарап қалмайды, арамза ниеттерін жүзеге асыру үшін, әлем өкілдерімен ауыз жаласып, олармен қоян-қолтық жұмыс істеуде.

Ия, біз саяси идеологияны бірінші сатыға қойып, бүкіл халық жапондарша үлкен парасаттылықпен: «Мен қазақпын, өзгеден кеммін бе, олардан озуым керек», – деген сезім тудырмайынша, нарық стихиясының батпағына тереңдей батамыз. Халық жігерін оятар, елді ертеңі үшін рухтандырар күш – ол жаңа саяси идеология. Сол ғана бізді ұлы жолға жетелейді.

## **АНАТОЛИЯ ЖЕРІ, АРМЫСЫҢ!**

**Т**үн ауғанда біз мінген АИ-24 әуеге көтеріліп, самсаған жұлдызды аспанның қойнауына сіңіп бара жатты. Шымқаланың самсаған шамдары жымың қағып, түн көрпесін жамылып қала берді. Бетке алған бағытымыз – Түркия жұрты. Батумиге дейін жолай Ақтау аэропортына соғып, сол жерде таң атырдық.

Қалталылар қаласы – Батуми. Біз мұнда кавказдық ағайындардың алаған қолдылығына көз жеткіздік. Бұл өлкеде қадам бассаң ақша. Қалтаң қалың болмаса сені адам деп есептемейді. Олар өз адамдарына да, қонақтарға да осы заңға еріксіз бас игізген. Бұл заң қағазға түспеген.

Тек өмір сахнасында берік орныққан таулықтар заңы. Отыз шақырымдық жолға атасының құнын сұрайды. Туристердің жол-жөнекей ат басын бұратындығын білгеннен соң да мүмкін қымбатшылық жайлаған болар. Әйтеуір «Ақшаң болса қалтанда, талданда да, талданда» деген тіркес осы ағайындардың әрекетіне арнап айтылғандай.

Біз бірнеше адам Түркияға арнайы іс сапармен келе жатқан едік. Өз бетімізбен той-тойлап жүргеніміз жоқ, қалта таяз. Ресми сапармен жүрген адамға біздің жақтың үкіметі жарытып қаржы бөлуші ме еді? Сондықтан да азын-аулақ ақшамыздың кавказдықтарға қолды болмауын ескеріп, көп нәрсеге көңіл бөлмей, тек ауқаттанып алуды ғана көздедік.

Батумиде күн ілгері делегация мәселесімен барған облыстық мәдениет бөлімінің төраға орынбасары Тәліпбек Әджанов қарсы алды.

Әрі жолсоқты болып, әрі күннің ыстығы қажытқан біз тезірек қою күрең шай ішіп, таңдай жібітіп алсақ деген оймен шай ішер жер іздедік. Бірақ электрлі шәйнек қоятын жер таппадық. Құдай оңдап, 1960 жылдары Жетісай, Мақтаарал аудандарына жер ауып келіп, халқымыздың бауырмал құшағына тығылған абхаз ағайындар ұшыраса кетті. Шеке қысып, тіл таңдайға сыймай тұрған біз әлгі ағайындар жанымызға келіп «кімаздер?» деп жағдайымызды сұрағанда Қазақстаннан екенімізді айтып, оларға сапар барысын түсіндірдік. Олар жүгіріп жүріп термоспен шай әкелді. Шүйіркелесіп жатыр. «Қазақ халқын ұмытпаймыз. «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» дегендей, олардың кең пейілі біздің аянышты тағдырымызға қорғаныш болды. Оны біз ешқашан ұмытпақ емеспіз», - деп қауқылдасып жатыр. Қызыл күрең шай таңдайды жібітсе, ауылдан алыс кеткенде халқымызға білдірген ақ жарқын көңіл жанымызды жадыратты.

Сонымен күткен қағаз да келді. Біз арғы бетке өттік. Түркия елінің кедені көп қысым жасаған жоқ. Жылы шыраймен тез арада тексеріп, жылдап қимылдап істі бітірді. Бізді көне провинциясының генерал-губернаторы

Нижати Читинская мен провинция мәдениет бөлімінің мүдірі Нипсати Аязқарсы алды. Енді сол провинцияға жол тарттық. Қара теңізді жағалап отырып, жол бойы табиғаттың неше түрлі тамашасына көз суарумен болдық. Теңіз жақтан салқын жел соғып тұрды. Жолай Хопа қаласына келдік. Осы жерде тамактанып алдық. Қала ішінде дүкеннің көптігінен көз сүрінеді. Маңдайшадағы жарнамада «затымызды орыс ақшасына сатып алуыңызға болады» деген жолдар жазылыпты. Ішіндегі тауарлары удай. Қымбатшылық бұл елдің санасына сіңіп, терең тамыр жайған. Теңізді жағалаған жол бойы ауыл, қала болып жапсарласып созылып жатты. Біздегідей қаладан шыққан соң елсіз даланы мұнда кездестіре алмайсыз. Жолдың теңіз жақ беті тік жар. Жағаны тас салып қайта бекіту жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Жағалауға көз салсаң қарауытқан теңізді көресің. Теңіз жердің домалақ екенін мойындатады. Түні бойы жол қуалап жүріп отырдық. Біз жақта жол құрылысы басқармасына, былайша айтқанда мемлекетке, ал автобустар жолаушыларды тасымалдау кәсіпорнына, ал жол жиегіндегі асхана, дүкен қалалық және аудандық тұтынушылар одағына қарайды ғой. Бұл жақта олай емес. Жол да, автобус, дүкен да бәрі «Алісай» фирмасына қарайды екен. Таң ата біз Самсон қаласына аял жасадық.

Көзімізге түскен бір асханаға тамактануға келдік. Таң рауандап атып келе жатқан мерзімде бұрқыраған ыстық тағам да дайын болды. Астына қазанат мінген атпал жігіттер алдына алжапқыш байлап, зыр жүгіріп жүр. Бір қызығы бұл жақта әйел баласы асханада аз көрінеді. Үстел үстінде дөңгелек киіз үй іспетті нан салатын ақ пластмассалы сауыт, ішінде жұмсақ ақ нан туралған. Мұртынан күлген елгезек жігіттер аяқ дыбысын білдірмей ас тасып жүр. Кезек деген жоқ. Бұл жақта тағамға көкөніс пен жеміс-жидекті молынан пайдаланады екен. Тамактанып сыртқа шыққанымызда жол соғып, су шашырап айғызданған автобусымыз айнадай жалтырап алдымызда тұр. Біз шыққанша біреуі май құйып, біреуі еденін жуып, үшінші қызметші сыртын сүртіп қойыпты. Бір ғана «Алісай» фирмасы осының бәрін өзі атқарады.

Бұл фирмада жұрт намаз оқитын орынға дейін бар. Мұнда қызмет етушілердің бірі ғана емес, бәрі де өзі ісін тез, таза және ұқыпты істейді. Бұл жақтан салғырт, салақ, керенау жан көрмедік.

Карл Маркстің «Отбасы – шағын мемлекет» деген қағидасы бар. Мен бірде қаламыздағы көрші тұратын екі отбасына бас сұққаным бар. Екі отбасының басшысы да елуді еңсерген кісілер. Бірі зауытта токарь да, екіншісі құрылысшы. «Тазалық табалдырықтан басталады» дегендей токарь ағайынның есігінің алды ыбырсып жатыр. Бес бөлмелі үйдің сылағы түскен. Аула іші де бейберекет, қалай болса солай. Темір кереует үстіне дүзімді аспалап өргізіпті. Жапырақтары курап түсіп шашылып жатыр. Үйдің іші де сүреңсіз. Едені кір. Үй иесінің ішетіндігін байқадық. Сақал –шашы күтілмеген. Беті іскен. Ал көршісінің үйі керісінше тап –тұйнақтай. Бес бөлмелі үйін сылап, хан сарайындай жаңартып қойған. Оң жақта гараж. Жигули көлігі есік алдында қаңтарулы тұр. Есік алдындағы аядай жерге помидор, сәбіз, капуста егіп тастапты. Екі түрлі ойға қалдым. Міне, біздің мемлекеттің бүгінгі халі әлгі токарь жолдастың үйіне ұқсайды. Айтпақшы, сол токарь қақпасын көк сырмен жалтыратып сырлап қойыпты. Сыртынан қарағанда ішіндегі лас пен керенаулықты көре алмайсың. Біз де өз қоғамымызды сырттай соншама әсірелеп қаншама жыл өмір сүріп келдік. Қоғам мүлкіне немқұрайды қарап, сегіз сағат жұмысын еріне атқарып, басқасына мойын бұрмай күл болмасаң пұл бол деп жүрген Кеңес азаматы «қоғам» деген үлкен үйдің қабырғасына жөндеу жасамай құлатқалы отырмыз. Жол бойы аталмыш фирманың ісіне қарап мен осындай ой тұңғиығына берілдім. Жер еміп өскен халық ұлтарактай жеріне егін егіп, рахатын да, ризығын да жерден алып отыр. Табиғаты, жер бедері, тіпті тал –терегі мен жеміс ағаштары да біздің ауылға ұқсас. Жол бойы «Қазына» ансамблінің жігіттері халық әншісі Сара Тыныштығұлованың салған әндері жүректі тербеп, көңілге шуақ себеді. «Сары бидай», «Қазығұрт», «Көк шабақ», «Әгугай», «Ақ бозат» сынды халықтың заманалар бойы өлмей келе жатқан әсем әнін автобус ішіндегі

бізбен бірге Түркия қаласы да үнсіз тыңдап, үнсіз тағзым еткендей болды. Біз таң ата Самсон қаласынан өткен соң, оңтүстікке қарай ойыстық. Қара теңізден қашықтай бастадық. Осы жер оңтүстік облысының түстік өңіріне көбірек ұқсайды. Аласа қыраттар. Бидай егілген алқап, жаңадан салынған үйлер. Бұл жақта қаптаған құрылыс. Екі қабатты үйлер жапырлай салынып жатыр. Алыстау тұста мешіт мұнаралары көрінеді. Құрылыс қарапайым қол күшімен жүргізілуде. Күйдірілген кірпіштен өрілген қабырға. Үй төбесіне лайды шелекке салып көтереді, биік тұсына ағаштың басына көлденең ағаш байлап, ағаш ұшына ілмек іліп, қолдан көтергіш жасаған. Оны көріп бала кезімдегі бөз көйлек ішінде жылап өткен жастығым, татқан ауыр бейнет елес беріп өтті. Жол бойы қалада да, селода да салынып жатқан құрылысты көрдік. Солардың ішінде қазақы жұпыны үйлерді де ұшыратасың. Жол бойында бір дүкенге тоқтадық. Дүкен ішінде түрік баласы диван ағашын жонып жатыр. Мен одан жасын, білімін сұрадым.

– Жасым он бесте, – деді бала, – білімім бес кластық.

– Бұл жақтағы жастардың бәрі сен сияқты бес кластық біліммен ғана шектеле ме?

– Жоқ, жеті жасқа толған бала бес жыл оқып, бастауыш кластың білімін алады. Содан соң шамасы жетсе оқу бар. Оны бітірген дарын иесі колледжде оқиды. Ал мен сияқты тұрмыстан ерте жоқшылық көрген, отбасы нашарлар осы 5 класпен шектеледі.

– Сен бұл жұмысыңа ризасың ба?

– Сіз нені айтып тұрсыз? Адам жұмысты ризашылықпен істемесе, ол ісінің нәтижесі бола ма? Шаруаны немқұрайды атқарсам қожайын мені бір күн де ұстамайды.

– Сен мені түсінбедің? – дедім оған. – Сен өмірде бақыттысың ба? Табысың мол, қуанышың көп пе?

– Ә, түсіндім. Бай баласына ұқсап қалтаға ақша салып, пепси жұтып, автомобиль айдағың келе ме, табысың соған жете ме деп тұрсыз ғой. Ондайды мен түсімде ғана көремін. Мен аптасына жиырма лира аламын. Ол күнделікті күн көрісімізден артылмайды.

Біз Анкара қаласына келдік. Анкара көне қала. Ол

1923 жылы астана деп аталыпты. Сол кезде 30 мың тұрғыны бар қала, 68 жыл ішінде 3 миллионға жеткен. Анкараның көктемі желекті жасыл. Қыздың ерте бойжеткен шағындағы ерте батсайы көйлек киген сәнді де, дәуренді шағындай көрікті көрінді. Жазы құрғақ. Қала биік төбе басына орын тепкен. Үйлердің төбесі қызыл түңкемен жабылған. Сондықтан да ол алыстан қараған жұртқа қызыл басты саңырауқұлаққа көбірек ұқсайды. Жас астанада біршама тарихи орындар бар. Қорған екі қабырғадан салынған. Бір бөлігі Византия, екінші бөлігі сельджуктерден қалған кез. Қаланың көне тарихы бірнеше мешіт пен Августың қираған храмдарынан тұрады.

Президент ауласына жақын алаң бар. Жанында екі биік ақ қайың өсіпті. Одан әрі шағын ботаникалық бақ. Түскі тұста Ұлыс деп аталатын қаланың көне орталығы, оған қарама-қарсы бетте жаңа орталық – Қызылсай орналасқан. Көшелері қисық, жіңішке. Қаланың орталығында Еуропаға еліктеген еңселі, шынылы үйлер бар. Микроаудандар шоғырланып салынған. Жазы ыстық.

Автобус қаланың сыртымен өткендіктен қол бұлғап қала бердік. Анкарадан өткен соң жол оңтүстік батысқа қарай ойысты. Жол бойы Чорым, Полотлы, Әмірдан қалаларынан өттік. Астықтың биылғы шығымы өте жоғары. Жол жағасындағы үйлер таза, мал мен құс қораларына дейін ақтап қойыпты. Трактор, комбайндары өте сапалы, шет елдікі. Тағы бір таң қалғанымыз, үй төбесіне күн жылуы арқылы су ысытатын агрегатты кез-келген жекеменшік үйдің төбесіне орнатып қойыпты.

Шілденің іші. Ақшиерге келдік. Кәдімгі әлем халқына өзін аңғал да, адал пейілі, тапқырлығы мен адамдық парасаты арқасында аңыз болған Қожа Нәсір Әпенде деген кісінің туған мекені.

Бізді қала басшылары қарсы алды. Қожа Нәсірдің аты бойынша өтетін фестиваль жоспарымен таныстырды. Осы фестивальға біздің «Қазына» ансамблінің концерттік жоспары тіркелді. Шай-су ішіп, аз аялдаған соң біз қант зауыты бар Илгин қаласына келдік. Сонда қонақ үйге орналастық. Зауыт ауласына орын тепкен қонақ үйінің асханасы өзінде. Біздегі айтулы санаторий секілді.

Қайтқанша қонақ үйінде болдық. Алаңы, тағы басқа серуен орындары бар. Бұл зауыт біздерден әлдеқайда таза, әрі экологиялық жағдайды ескере отырып, жақсы жобамен салыныпты. Қонақ үйдің екі кісілік бөлмесінде жағдай түгел жасалған.

Фестиваль айтарлықтай деңгейде өтті. Мен бірнеше жергілікті танымал тұлғалармен бірге қазылық еттім.

Фото, әжуа, кітап көрмелері жасалыпты. Карикатура көрсетіліміне біздің одақтан да қатысушылар болды. Тағы да қолөнершілер конкурсы, киіз, кілем, орамал тағы басқа тұрмыстық заттар тоқуға қатысушылар жарысы өтті. Осы жерде біз Қожа атамизды тағы бір қырынан танып білдік. Өзіл суретті көргенде атамиздың даналығымен қабат бала мінезін көріп күлмеске амалың қалмайды. Күлесің, күлесің де бүкіл әлемге танылған осындай бейненің бір кезеңде болғанына, өмір сүргеніне тәнті боласың. Оның осы мекенде туылғанына, түркі халқының осындай перзенті болғанына ризашылық білдіресің. Қол өнеріне келер болсақ, бұл жерде Қожа атаның құрметіне тоқылған кілем, алаша, орамал бұйымдарын көріп, қол өнеріне еріксіз тәнті болдық. Мешіттен шығып Ата – Түрік көрмесіне бардық. Мұнда бүкіл халықтардың мысқылшы-суретшілерін көруге болады. Мысқылшы-карикатурашылардың ең үздіктері қойылған бұл көрмеден мол мағлұматтар алып, көреген, көңіл көзімен жұмыс істеген өнер санлақтарының суреттерін тамашаладық. Одақтағы қайта құруды сынап, мінеген карикатуралар да қойылыпты.

Кешке амфитеатрда Түркияның қос бұлбұлы- Гүлсан Күтлу мен Фатма Энольдардың әуезін тыңдадық. Біздегі әншілер мен Түркия әншілерінің арасында аспан мен жердей нарық бар. Киімі қарапайым, жүзінде күлкі ойнаған әнші ортаға шығып, халықтан қай әнді орындайын деп қолқа салады. Жұрт қошеметтеп отырады. Одан соң екінші шумақты көрермен айтады. Осы жерде түркі халқының әнді сүйе білетінін байқадық. Қатты тәнті болдық. Еш жерде кезікпеген мұндай құрмет пен ілтифат, сүйсіну мен сыйлау, әнші жүрегімен көрермен көңілі тіл табысып, жымдаса кету сәтін тіл жеткізіп айту қиын. Оны тек көзбен көріп, көңілмен ұғу керек.

Шілденің 6-сы күні кешке біздің ансамбльдің арнайы концертті болмақшы еді. Сара осы кешке ерекше дайындалды. Сара эстрада әншісі. Міне, ансамбль мен әнші арасында үлкен алшақтық жатыр. Бірақ Сара оны жеңе білді. Жігіттермен бір арнада тіл табысып, әрбір әнге ащы терін төге отырып дайындалды. Біз кейде сахнада ойгоктай жүрген әншіге қарап: «Қойшы осыларды, жеңіл мінезді, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруді аңсайтын халық қой!» деген ойда қаламыз. Осы жолы Сараның әрбір әнге табандылықпен, ыждаһаттылықпен, бар қабілетін сала отырып еңбектенгенін көріп: «Е әншіге біз басқа көзбен қарайды екенбіз ғой. Нағыз тер төгу, үлкен еңбек осыларда екен- ау!»- деген ойда қалдым. Алыс сапарға жиі шығамын. Бірақ бұрынғы сапарда әншімен, әсіресе Сара секілді эстрада әншілерімен жолдас болмаппын. «Кемедегінің жаны бір» дейді халқымыз. Алғаш рет Сараны өзімнен алыстатып, шамалы түсініспей жүрдік. Ол жеңілдеу, айтқан сөздің астарын түсінбейтін арзан ойлы жан секілді көрінді. Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында дейді дана халқымыз. Ол өз өнерін қадірлейтін, өнер өріне жету жолында өз бойындағы жігерін тани білген әнші. Осы сапарда ерекше еңбекқор жан екенін таныдым. Біздің алдымызда кәсіпқой Түркия әншілері, артынан біздің әншілер ән салды. Бір қызығы әншіге бізде үш тал гүл сыйлар болса, бұл елде тек бір тал гүл немесе гүлдің басын ғана сыйлайды екен. Оны әнші ықыласымен қабылдайды екен. Газеттерге өнерлі әншіге арналған жарнамаға ақша төлемейді. Соған қарап талант иелерін ерекше құрметтейтінін білдік.

Ақшиердің қаймақамының үйінде отырмын. Көптен бері көңілімде сұрасам деген бір сауал жүретін. Ол «Түркиядағы саяси әкімшіліктің басқару жүйесі қалай болады», – деген сауал еді. Біз қаймақаммен ұзақ әңгімелестік.

– Провинцияны сіздерде кім басқарады?  
– Оны генерал губернатор басқарады, – деді қаймақам.  
– Генерал губернаторды халық уәлі деп атайды. Уәліні президент сайлайды. Провинция біздіңше уәлаят. Сол уәлаятта депутаттар корпусы болады.



Біз барған уақыт жаз, шілде айы болғандықтан жеміс-жидек молынан піскен екен. Шілденің сегізі күні кешкі сағат сегізде Көне қаласының уәліі теледидардан біздің «Қазына» ансамблінің концертін көрсетуге уәде берген еді. Бірақ көрсетпеді. Біз алаңдап отыр едік бір жас жігіт келіп: «Қала сыртында қазақ ауылы бар, сондағы ақсақалдар сіздерді шақыртып жатыр» деген сәлемдемесін ала келді. Ақшиерде қант зауытының қонақ үйінде біздің делегацияны теледидарға түсірген болатын. Оны Анкара қаласының теледидары көрсетіпті. Осы хабарды көрген жат жердегі қандас ағайындар бізді іздеу салып жүріп тауып алыпты.

Келген жас жігіттің аты-жөні Рамазан Өзтүрік Әбілқасым, Елікбай, Мейірбек төртеумізді ертіп алып шықты. Кешке Көнеден 50 шақырым қашықтықтағы қазақ ауылына бардық. Бұл 18-20 қазақ отбасы 1928 жылғы кәмпеске кезінде өре қашып, Қытай асып келген қазақтар екен. Қытай жері де ол кезде қазақ елінен келгендерді құшақ жая қарсы алмағаны белгілі. Ол жерден тұрақ таппаған байғұстар Пакистан шекарасына қарай ойысады. Пакистаннан Гималай тауының асуы арқылы Үнді еліне өтеді. Үндіден Ауғанстан, одан Түркияға жетеді. Сөйтіп осы Көне провинциясынан келіп тұрақ табады. Абдул, Мамад, Рауы, Сапаралы ақсақалдардың әңгімесі бойынша осы ұзақ та сүреңсіз, қатерлі де, қиын жолда талай боздақтары мен бауырларынан айырылған. Табиғаттың залалды қазақты бір алса, жат өкіметтің мазасыз мылтығының оғы екі алып, торғайдай тозып, күн кешеді. Индиядан бері ауғанына отыз жыл болыпты.

Осы жерге келген алғашқы кезде бізді халық жапондар екен деп қалыпты. Кейбіреулер көшеде көріп:

– Сіздер кімсіздер? – деген сауал қояды.

– Біз қазақпыз, сендердің қандас бауырларыңызбыз, - дейміз. Олар бізге иіле сәлемдесіп, ілтисаттарын білдіреді.

– Қаламызда университет ашылып жатыр. Балаларыңызды оқуға жіберіңіздер. Сол қасиетті білім ордасы достығымызға дәнекер болсын, – деген ізгі тілегімді айттым.

*«Жалын» журналы, 1993, №8, тамыз*

## ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗҒА АДАЛ БОЛАЙЫҚ

Өмір – табиғаттың адамға берген сыйы ғана емес, ауыр сыны да. Сол сында сынбаған, өзінің емес халқының камын жеген терең ойлы тектілер ғана тұлға атты биік тұғырға көтеріледі. «Тұлғасы жоқ ел – тұл». Тұлғалардың бір ауыз сөзі ауруға шипа болып, жанды жадыратқан, көкке самғатып, шыңға шығарған. Жауды тоқтатқан да, тұңғыққа батырған да осы қазақтың бір ауыз сөзі емес пе?

Өмірбай ақын айтпақшы: «Қылыш алар жер мен көктің арасын, тіл айырар анасынан баласын, тіл атағынды өсірер де өшірер, не тапсаң да өз тіліңнен табарсың», - деген. Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзге мән-мағына беру кім-кімді болса да биік мәдениетті көрсететіні кәміл. Ескі дәуірде бір ойшыл айтқан екен: «Өзіне қарап сөзін алма, сөзін тындап, өзін таңда».

Қазіргі таңда өкінішке орай ат үстінде жүрген кейбір қандастарымыз ана тілін нашар біледі. Оны білуге де тырыспайтын сияқты. Олардың қойырtpақтап орыс сөздерін қосып айтқандарын теледидардан көріп, өмірде естігенде ұялғаннан кіруге жер таппайсың. Елбасының әрбір қазақ кездескенде өзара қазақ тілінде, яғни ана тілінде сөйлесуі қажет деген ұсынысын ескермей жүр. Сондықтан болашақта үлкен лауазымды қызметке ана тілін нашар білетін азаматтарды «садақ оғы жететін» жерге жақындатпау, жолатпау керек. Олардың көбінде намыс жоқ, Ана тілінде сауатсыз сөйлейтіндігіне ұялмайды, яғни қарапайым халыққа қамқорлығы төмен, жандары ашымайтын, олар туралы ойламайтын адамдар. Сондықтан, сөз қадірін іштей түсініп, біліп, оны қадірлеу керек екені айдан анық мәселе.

Баяғыда, өткен ғасырларда өмір сүрген, өзіне-өзі сұрақ қойған данышпан: «Осы менің күшім, қуатым, қайратым неден?» – депті.

Өзінен-өзі жауап бергенде: «Себебі, мен алыптардың иығында тұрамын», - деген екен. Сол алыптар мен тарихи тұлғалардың айтқан сөздерінің маңызы оның қоғамда алатын орны туралы айтқан кейбір пікірлерінен

мысалдар келтірген өте орынды болады деген ойдамыз. Кезінде математик әрі философ Пифагор айтқан екен: «Бақытыңды іздеп арам тер болма, оны өзіңнің ісің мен ішіңнен ізде», – деп. Сол айтқандай, ана тілін жақсы білу-қазақтың ұлағатты сөздерін ұтымды пайдаланып, тауып сөйлеудің өзі де – бақыт.

Асан қайғы:

*«Су түбінде жатқан тас,  
Жел толқытса шығады  
Ой түбінде жатқан сөз  
Шер толқытса шығады  
Және*

*Ғылымым жұрттан асты деп,  
Кеңессіз сөз бастама», – деген.*

Арабтарда мынадай мақал бар екен: «Сөзінді әуелі ауызыңның ішінде пісіріп алып, кейін сырқа шығар», – деген. Мән бере қараған адамға керемет сөздер ғой!

Мұхаммед пайғамбар сөйлеген сөздерімен, жүріс тұрысы, ісімен де басқаларға үлгі-өнеге көрсетуге тырысты. Біріккен Италияның тұңғыш Премьер-министрі (1910-1961) айтқан екен: «Біз Италияны құрдық. Қане, италияндық болайық!» деп, соған ұқсас біздер де «Тәуелсіздік алдық. Кәне, қазақ болайық!» – дегіміз келеді. Бабамыз Жүсіп Баласағұнның: «Тура сөзден басқа сөзді – сөз деме!» деген өсиетіне адал болайық. Қазаққа ең басты қажеттілік – ұлттың ары мен абыройы, ол – қазақтың тілі.

Ғабит Мүсірепов айтқандай: «Қазақ тілі- бай тіл. Оралымды, ырғақты, теңеу, бейнелеулері ерте туған тіл. Поэзияда Абай, Ілияс, прозада Мұхтар сияқты алыптар туғызған тіл», – дейді.

Академик С.Малов «Түркі халықтарының ішіндегі қуатты, образды тіл – қазақ тілі, қазақтар өзінің шешендігімен даңқты. Өскен – өнген тұқымның ішінде ірі боп туып, өмірде із қалдырған», – деді. Қазіргі таңда Елбасы айтқандай, «қазақтығыңның басты белгісі – қазақша сөйлеу».

Н.Золандтың «Қырғыздар» атты этнографиялық еңбегінде: «Қазақ – қызу жан. Оған рухани жайсаңдылық

тән. Оның қызуқанды болуының себебі, бәлкім көшпелі өмір салтынан болар. Қазақ ақкөңіл, басқаның қайғы-қасіретіне ортақтас, қонақжай...», – деп жазған болатын. Бұл – біздің ұлттық мінезімізге берілген айқын анықтама. Өкінішке орай қазір осы мінезімізден айрыла бастаған сияқтымыз.

Айту қажет, қазақ тілі әлемдегі 5631 тілдің ішінен 70-ші орында (халықтың санына қарай), әуездігі жағынан үшінші орында, сөз қорында 91,5 мың сөз тіркесі бар, жер бетінде 15 миллионнан астам қазақ бар. Қазақ тілі – ұлы тіл. Себебі 10 миллионнан астамы осы тілде сөйлейді. Қазақ тілі түркі тілдер тобына енеді. Әлемдегі отызға жуық түркі тілді әзербайжан, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрік, түрікмен, татар, башқұрт, саха, чуваш, тува, алтай, құмық тағы басқалармен толық аралық қарым-қатынас бола алады. Олардың біразы Ресейде, Қытайда, Европада, Иранда тұрады. Солармен түркі тілінде сөйлесе аламыз.

Елбасы бір сөзінде тарихты терең ұғынбағандықтан түп тамырымызды, тегімізді танып-білмегендіктен, әсіресе жастарды тәрбиелеудегі тиісті мақсаттардың жүйеге түспей келе жатқанына қынжылыс білдірді: «Менің терең сенімім мынада – қазақ тілімен мәдениетті дамыту міндетін шешпейінше, ұлттық саясат мүмкін болмайды», – деді. Бұл жүрекжарды, ағынан жарылып айтқан сөздері болашақта орындалатын арман-мақсаттарымыздың бірі. Өмірде әрбір құбылысқа жауапкершілікпен қарау зиялылықтың белгісі деп тануымыз қажет. Әр сөзіне сын көзқараспен қарағаны жөн. Кезінде Цицерон шешен: «Қысқа қайырып, күшті айтылған ойлар өмірді жанартуға көп септігін тигізеді», – деген.

Ал Кердері Әбубәкір:

*«Жылы сөзбен бітеді,*

*Жүз көңілдің жарасы»,*

*«Қас ақылдың белгісі*

*Өзің біліп тұрсаң да,*

*Ұнаған сөзді қош көрген».*

95 жас жасаған қазақ жыраулық поэзиясының атасы Шалкиіз жырау: «Жаманға сырынды қосып сөз айтпа, күндердің күні болғанда сол жаман айғақ болар басыңа»,

– депті. Ақтайлақ би: «Нарқын тыймаған сөз құлазиды, қатарынан айрылған шал құлазиды», ал Досбол би: «Ханға белгісіз қараша бар, кей қарашаның сөздері хан сөзіне бара-бар», – деген. Ақтөбе өңірінің жырауы Ақтап Керейтұлы: «Адал жүріп, шын сөйле, асығың түсер алшысынан», Бәйдібек би: «Аяққа кісен салуға болар, қолға кісен салуға болар, тілге кісен салуға болмас», – депті, ал Келаман шешен: «Өсетін жастың кім екенін білу үшін сөйлеуге шектемеу керек», – депті. Досбол би: «Сөз бастау қиын, тауып айтсаң мереке қылады, таппай айтсаң келеке қылады», – деген екен. Сырым би: «Ата тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені болар, ана тұрып қыз сөйлесе бойжеткені болар», – депті. Санақ би: «Ақылды сөйлей қалса сөздің қаймағын айтар, ақымақ сөйлей қалса қайдағыны айтар», Байжігіт би: «Әділ бидің алдынан іс кетпейді, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп, абыройын еш төкпейді», Сапар би: «Ең жұмсақ та – тіл, ең қатты да – тіл, қызыл тілден қан да тамады, бал да тамады». Жанқұтты шешен: «Жақсы шешен сөйлесе құмарынды қандырады, жаман шешен сөйлесе көңіліңді қалдырады», «Тыңдалмаған сөз жетім, доссыз қалса ер жетім». Байсерке шешен: «Жақсыға айтқан сөз таумен тең, жаманға айтқан тура сөз құмға төккен сумен тең». Төле би: «Досыңа өтірік айтпа, сенімің кетер, дұшпанға сырынды айтпа, түбіңе жетер», «Шешендіктен не пайда, артында сөз қалмаса». Әйтеке би: «Уа, билер. Басқаға сөз бермейсің, кісі бірге туыспау керек, туысқан соң сөз қуыспау керек, сөз қуған пәлеге жолығады, жол қуған олжаға жолығады». Шортанбай: «Қарауыл қой сөзіңе». Бәйдібек би: «Төрде отырып теріс сөйлегеннен без, есікте отырып керіс сөйлеген без». Жәнібек би: «Хан екі айтса қадірі кетеді, қара екі айтса ары кетеді». Сыр бойының белгілі ақылы Омар Шорнаяқов: «Адал перзент жібермес айтқан сөзін шығынға, ең болмаса ескерер, айы менен жылында, әділ іс ағын судың арасындай, әділ сөз болат семсер алмасындай, пайда етпе өне бойы өтірік айтып, жаласы қоймас бір күні жармасылмай». Оңтүстік өңірінің ақыны әрі шешені Майлықожа: «Жалаң сөйлеп шешіліп, бастағы мінін жасырмай, кішіпейіл әдепті, басынан сөзді

асырмай», – деген. Бұқар жырау: «Шаршы топта сөз бастау қиын, аржағында шешімін таппас дау бардай».

Қазақтың әйгілі биі әрі шешені Бөлтiрiк былай деген екен:

*«Сөзден тәтті нәрсе жоқ,  
Сөзден ащы нәрсе жоқ  
Сөзден жеңіл нәрсе жоқ  
Сөзден ауыр нәрсе жоқ  
Сөзді тілге билетпе,  
Ақылға билет  
Не сөйлейтініңді біл,  
Кімге сөйлейтініңді біл  
Қай жерде сөйлейтініңді біл  
Қай кезде сөйлейтініңді біл  
Қалай сөйлейтініңді біл»*, – деп керемет ақыл сұраған.

Қазақ халқының данышпаны Абай: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, тіл жүректің айтқанынан көнсе жалған шықпайды. Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез. Естілердің сөзін ескеріп жүрген адам өзі де есті болады».

Ал, Шәкәрім Құдайбердіұлы болса: «Біле-тұра кім айтар қате сөзін, білімдідей есептер әркім өзін. Ойсызға сөзім жақпайды, арсыздар оны таптайды. Мұраны асыл жоғалтпай, сан ғасыр оны тарих сақтайды», – деген. Жүз жасаған Жамбыл ақын: «Жақсы сөзді ел жаттар, ел жаттар сөзде салмақ бар». Қазақтың атақты жазушысы С.Мұқанов: «Сөз – халықтың қымбаттан қымбат кені», – деген. Елімізді ширек ғасыр басқарған Д.Қонаев: «Алып-қашпа сөзде ауыздық болмайды. Адам аласынан сөз аласы жаман. Ашынған тілді келеді. Әсте, кісі көңіліне жылы сөзден артық ем бар ма, шіркін. Біреу тауып айттым деп қауып айтады. Содан барып дау-дамай өрбиді. Дүниені бүлдіретін де, бүтіндейтін де сөз. Ойланып айтпай, опық жемесек екен».

Шешендік өнерді көп зерттеген белгілі ғалым Серік Негимов былай деп анықтама береді: «Шынайы шешен – жарық тұлға. Оның ойлау, сөйлеу мәнері, кескін-келбеті, рухы, тәжірибесі, ішкі мәдениеті, білім өрісі, дүниетанымы, талант табиғаты, жан мен тән қуаты, мінбедегі тәртібі, ым-ишараты, дауыс ырғағы

қызықтырмай қоймайды. Қазақ қоғамында шешендік өнердің алатын орны зор. Ұрпақ тәрбиесінде, ел басқару жүйесінде, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып екшелген, жинақталып жүйеленген, ақыл-нақыл, өсиет-насихатқа негізделген отты да нақышты, шебер де шешен айтылған сөздің тамыры, түп нұсқасы».

Қазақ сөзге ерекше мән берген халық. Сондықтан да болар, «Шешеннің тілі – семсердің жүзі», «Шешеннің тілі ортақ, шебердің қолы ортақ», – деп бекер айтпаған. Шешендік сөз, әрине, ой толғауға жатады, философияға да қатысты. Баяғыдан бері қазақта «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» деп айтып келеді. Қазақ жүйелі сөзге, бітімге әуел баста тоқтаған халық. Қазақ халқының біртуар перзенті Дінмұхаммед Қонаев ағамыз: «Кісімен сөйлесу де – үлкен өнер» деген. Данышпан Абайдың әкесі Құнанбай өз кезінде сөздері терең, ойлы болған. В.И.Даль шешендік туралы өз ойын былай жеткізген: «Олар – көп сөзді, тоқтамай екпіндеп сөйлейді, жай краснобай», – деген. Ал профессор Ж.Молдабеков: «Шешендіктің оттығы – шындық, ұшқыны – әділдік», – дейді. Халқымыз: «Батырды жауда, шешенді дауда сына» деген. Шешендік қазаққа туа біткен тән қасиет.

Ежелгі дәуір ғұламаларының бірі, Афинаның саяси қайраткері Демосфен: «Шешеннің міндеті – уақиғаны әуел бастан көре білу, оның аңысын аңғару және ол туралы басқаларға ескерту болып табылады. Сосын әрбір іске бейқамдық, керітартпалық, түсінбестік, бақкүндестік секілді барлық ерікті мемлекеттерге тән қашып құтылмастай кемшіліктер болады».

Олардың барлығын мүмкіндігіне қарай азайту, ал керісінше азаматтарды өзара келісімге, татулыққа өз борыштарын жан-тәнімен орындауға жұмылдыру болып табылады», – деген екен. Осындай игілікті істермен өз уақытында Мөңке би де айналысыпты. Зиялы қауым Мөңкені қазақтан шыққан Нострадамуска теңейді.

Данышпан бабамыз Абай айтқандай: «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – дегендей, әрбір тарихи тұлға, зиялы қауым өкілі, әрине, есте қалатын сөз айтып кетсе, оған не жетсін. Қоғамға ол

судың тамшысындай қосқан үлес қой.

Адамның сәтті, жақсы сөйлеу қабілеті оның мимен ойлау мүмкіндігімен тығыз байланысты. Орыстарда мынадай салиқалы сөз бар: «Өмірде елшінің тілі өзінің ойын, пиғылын, ниетін жасыруға, тұмшалауға арналып берілген» дегенді айтады.

Әзіл сөзге әзілмен жауап беру өте дұрыс жағдай. Біздің қазақ халқы сүттің бетіндегі қаймақ сияқты мақал-мәтелдерге бай халық. Кейбір мақалдардың маңыздылығы соншалықты оларды өз алдына бір әңгіме шумағымен, повестпен теңеуге болады. Адам баласы өмірде аз сөйлеп, көп тыңдауы қажет сияқты. Атам қазақ айтқандай «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге жайылады», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», «Басқа пәле – тілден», «Асыл сөздің қадірін ар-ұяты бар білер», «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», «Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың», «Бұлттан шыққан күн ащы, жаман адамның тілі ащы», «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Ана тілін білмеген тегін де ұмытады», «Көп сөз – күміс, аз сөз – алтын», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ», «Аталы сөзге арсыз да тоқтайды», «Сөз айтпа қадірін білмес жамандарға», «Түптің түбіндегіні ойла», «Жылы сөйлесең жылан інінен шығады», «Сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма?», «Үндемесен үйдей пәледен аулақ боларсың», «Ақымақтың жүрегі оның тілінде, ақылдының тілі жүрегінде», «Айтылмаса сөз өледі», «Жақсы сөз – жан азығы», «Сөз сезіммен бірге оянады, ақылмен тыныстайды».

Жақсы да мағыналы сөздерден идеялар, міндеттер, армандар туындайды, олар адамдарды алға жетелейді, «жақсының өзінен бұрын аты жетеді» деп бекер айтылмаған. Рухани тарыққанға жылы сөз, өрісті өнеге майдай жоғары, балдай тәтті болады – ол сөзсіз.

Ежелгі грек философы Хилон: «Тілдің ақылдың алдын орап отыруына жол берме», – деген екен. Немістің философы Гегель: «Ана тілін аяққа басқан адам өз ұлтын үш рет өлтіреді». Жүсіпбек Аймауытов: «Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды», К.Кутский:



«Ана тілін ұмытқан адам Отанға қауіпті».

Орыс халқында тілге байланысты бір-екі мақалдар бар, ол: «Сөз – күміс, ал үндемеу – алтын», «Сөз емдейді, сөз жарараттайды» және «Менің тілім – менің жауым» сияқтылар.

Сөйлегенде байсалды болу өте қажет, әр сөзді ой елегінен өткізу керек, «Басқа пәле – тілден», – деп бекер айтылмағандай, «қызыл тіл құзға да құлатады, тауға да шығарады». Кезінде Әйтеке би айтыпты: «Арлы адамға ауыр сөз сүнгіден де ауыр тиеді», – деп. «Қылыш жарасы бітеді, ал тіл жарасы бітпес», «Тіземнен сүріндірсең де тілімнен сүріндірме» дегендей, қоғам мүшелері пікір алмасуда бостан-босқа жамырамай, сөзді кезектесіп алып сөйлеудің маңызы зор.

«Сөз қуған пәлеге жолығады», тіліне шамасы келмегеннің беделі де болмайды, ұшқары айтылған сөз мәселені дұрыс шешуге емес, ушықтыруға соқтырады. Кей жағдайда ойындағы жақсы сөз ауыздан шыққан соң бөз болады.

Біз Қазақстан қоғамы, оның ішінде қазақтар қарияның бойынан мәдениеттілікті, әр сөзіне жауапкершілікпен қарауды қалайды. Қазіргі таңда ақсақалдық әркімнің сөйлеген сөзінен көрініп тұруы қажет. Тіл де адамның көркі секілді. Адамды сөзіне, сөйлеуіне қарап тыңдап, оның мәдениеттілігі мен білімі қандай деңгейде екенін анықтауға болады. Әңгімелесу барысында кішіпейіл, келісімді қолдайтын, нақты пікір айтқанда шыншыл болуы шипадай қажет.

Адам бір-бірімен әңгімелескенде жоғары деңгейде, әрбір сөздің тіпті ишараттың да ерекше мәні болатынын ескеру қажет. Бірін-бірі ыммен де түсінуге болады. Әр істі байыптап, болжап айту қажет. Даналық сөз дара келмейді, ол зор мехнат пен машаққаттан тұрады. Осындайда елшінің қылышы – тіл деген қанатты сөз ойға оралады.

Баяғыда Ж.Баласағұн айтқан екен: «Адамға екі нәрсе тірек: бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі». Әркезде данышпан Абайдың мына сөзін еске сақтайық: «Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десең өзің біл». Тіл – өзге халықтың жанын танудың кілті. Әр уақытта сөйлеушінің

ағынан ақтарылып, айтқан сөзінде астары болмайды, әр уақытта жан сыры, жан шипасы деп қабылдауымыз керек.

Бұрында қазақтар біріне бірі қонаққа барғанда ләззат алу үшін жиналушы еді, ал қазір әйелдер ақ дастарханның басында ішімдік ішіп, ал ерлер ішімдіктен кейін преферанс, күлес сияқты карта ойынын да жиілетті, бұл – қазақ зиялыларын ойландыратын мәселе. Карта ойнау еріккендердің ермегі. Бұл кейбір қоғам мүшелерінің ұсақталып кеткендігінің белгісі емес пе?

Өкінішке орай, ұлттық идеология, ұлттық рух әлі қалыптасқан жоқ. Сондықтан осы бағытта ғалымдар, мемлекет пен мәдениет қайраткерлерінің, көзі ашық, көңілі ояу азаматтардың, қандастарымыздың ойланатын уақыты келген сияқты. Тек қана рухани үндестік күшейген кезде ғана ұлттық мүдде асқақтай түседі.

Біздің жоғарыда айтқандарымыз осы жолдарды ұқыпты, зер салып оқыған оқырмандарға, жастарға шамалы болса да ой салып, олардың рухани жағынан өркендеуіне үлес қосады деген үміттеміз.

Құрметті оқырман, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ана тілін қадірлеу – әрбір азаматтың перзенттік парызы» деген жүрекжарды, ұлағатты сөздерін әр уақытта есте ұстайық.

*«Қарыз бен парыз» газеті,  
№3-4, наурыз, 2013.*

## ЕЛГЕ ХАТ

*Алыстан, сонау Ақтөбеден редакцияға хат келіпті. Хатты жерлесіміз жазған екен. Хатты қаз-қалтында жариялауды ұйғардық. Досыбай Шерімқұлов ағамызға хат ретінде жазылған мақалада адами құндылықтар қозғалған екен.*

Редакция.

Қадірлі Досыбай!

Мың сан тірліктің ортасында шапқылап жүргенде ел жақтан, өзіңнен шақыру келді. Өзінді көргендей қуандым, өзіңмен ойша тілдестім...

Өзің білесің, туған елге деген іңкәрлік, өздеріңе табының ыстығы бар бауырмалдық, ағайын-туыстарға аста-төк жүрегімнің сарабдал құмбылдығында шек жоқ. Өзіңді жылдар сілемінде танығалы саған деген етене жақындығым жанымның өзім біле бермейтін пернелерінің қыл тамырын басып, әрі-сәрі күй кешетін сәттерім де бар.

Әсіресе, сенен келген хабардағы ӘКЕ – «Айтбай ата» мешітінің салынып біткендігі және ашылуы, Бадам ауылындағы орта мектепте ӘКЕ – Айтбай Шерімқұлов есімінің берілуі, осындағы Ордабасы мейрамханасында Алланың разылығы үшін ӘКЕге арнап ас берілуі мені мерейлендірді, өсірді. Бұл дүниеде әке жүктеген аманаттың орындалуынан асқан мәртебе бар ма десеңші!. Өкенің ел алдындағы еңбегінің ақталғанына мен де қуандым. Өйткені, жігерімді еселеп, санамды еңселендірді. Ұшарға қанат болмай амалсыздан тағдырдың арқанына шырматылып, аурухана терезесінен туған елге, өздеріңе қарай телміре де тесіле көз тігіп, бұл жолғы жаңалықтарыңа ортақ бола алмадым. Дегенмен, зерде соқпақтарыңда өздеріңмен бірге болдым.

Соғыстың от жалынында шыныққан асыл тұлғаның шапағатын мен де көрдім. Сұрапылдан оралса менің де әкем өстіп алшаңдап басып жүрер еді-ау деген ойға қалатын сәттерім де аз емес еді. Өнегесі қандай еді, тағылымын, тәлімін айтсаңызшы. Кезінде шаруашылықты дөңгелентіп басқарып, соңынан жас ұрпақ тәрбиесіне ден қойған асыл азаматтың маған деген көңілі де алабөтен еді. Ізгіліктің, іріліктің әңгімесін шертетін. Өзіне әдейілеп соғып, пікірлескен сайын марқайып, жаным жадырайтын. Күнделікті күйбіңнің ұсақ тірлігін ұмытып, жұмысқа соны жігермен оралатынмын. Әр қимылымды әке айтқан парасат пен пайымның таразысына салатынмын. Адамдармен жұмыс істеудің, жұртқа жақсылық жасаудың мектебінен өткендей күй кешетін сәттерім көз алдымда.

Қысында бораны, жазында сағымы алабөтен жортатын туған өлкенің өзіне тән тартылысы мені қайда жүрсем де бір сәтке жалғызсыратқан емес, шеттеткен жоқ. Алай-дүлей аярлығы бар мына заманның, елден шалғай жүріп, қанағатсыз құшағында ақ пен қараның, жаман

мен жақсының, махаббат пен зұлымдықтың, мансап пен атақтың біразын көріп, аштық пен тоқтықтың дәмін татып, күн мен түннің барлығын сезініп, айналаңдағы адамдардың көзқарасы мен психологиясының, мінезі мен әрекеттерінің – бір-біріне кереғар диалектикасын көзбен көріп, құлақпен естіп жүргендіктен болар, қайран туған ел ойға оралғанда әрі-сәрі күй кешемін.

Екеуміз де адалдық пен адамдықтың, жақсылық пен жамандықтың арасында көресіні көріп, есітетінді естіп тел өсек те ар тазалығын арқау етіп, азаматтықтың шекпенін киіп жетілдік деп білемін. Не ол емес, не бұл емес ортаны да көріп, бой түзедік...

Мұны айтып отырған себебім, соғыстың зұлматты жылдарында дүниеге келген ұрпақтың өкілімін, ана тәрбиесінің ақ уыз сүтімен жетілдім, ес біле, етегімді жауып, санадағы саңлауымды ашқандай күй кештім. Өзіне аян, ағайын-туғандардың басын қосып көруді тағдыр жазбаған, бірақ жақсы біліп, сезінетінім – әкеме арнап ас бергенім. Бұл ас менің елге, туған жерге деген сағынышымды паш еткендей күйде өткен-ді. Әкеме берілген ас менің жаным мен бойымдағы жылдар бойына қордаланған асқақ арманымның жүзеге асуының көрінісіндей еді. Мен мұны әке атты асқар таудың сана түкпіріндегі, мәңгілікке жүрегімнің төрінен орын алған адами әрі рухани қасиеті мен бойыма сіңірген адамгершілік тазалығы деп ұғамын.

Өзің де әкенің шынайы болмысын азамат сәтінде танып, әкеге деген құрметінді көрсете білдің. Екінің бірінің қолынан келе бермейтін асқаралы асудың биігінен көріне білдің. Қауым алдындағы қарыз бен парызды терең түсіне білетініңді ұқтырдың. Мінез-құлқыңның адалдығын, жаныңның қалтарыстарын ашып көрсеттің. содан барып өмірден көрген-білгеніңді қорытып, оған қарыз бен парыздың салмағын қосып, өзіңнің азаматтығыңды ел алдында асқақтата білдің. Енді сенің еңсең биік. Бұл әлеуетті тұлғанды ешкім тұқырта алмайды. Ештеңе де көлегейлей алмайды. Әкеге деген дініңнің беріктігін таныттың. Ризамын.

«Мықтылық дегеніміз – әдемі тұрмыс құрып,

бақытты ғұмыр кешу емес, қоржын арқалап жүрсен де адамдығыңды жоғалтпау» демекші, Құдайға шүкір қоржын арқалап емес, ар арқалап жүріп, кім екеніңді, қай биікте жүргеніңді, мына оңтүстік атты өлкенің жалпақ өңіріне мәшһүр еттің, толыққанды тұлғанды таныттың.

Өмір өрінде қатар жүріп, қатар самғадық. Кешегі кезеңнің, өмірдің өзі ұсынған өзекті мәселелерін қатар шештік. Билік баспалдақтарында өзеуреген кезіміз жоқ. Жақсының жақсылығын тап басып тануға тырыстық. Қай мәселеге де адамгершілік көзқараспен кең мағынада қарауды дағдыға айналдырдық. Алдымызда адам тағдыры тұрғанын сездік. Уақыттың ұранына ілессек те көңілдерге қаяу түсірер төрешілдігінен бойды аулақ ұстадық. Қолдан келгенше жабыққан жандарға қорғаныш болуды қаперде ұстадық. Шын пейілімізбен, адал көңілімізбен қызмет жасадық. Өлі де соны ұстанумен келеміз. Біздің ізгі жолдан ауытқымауымызға не себеп болды десек, әке тағлымы ойға оралады. Өзіңнен сүйінші хабар келгенде елден ерекше қуанып, төбем көкке жеткендей болғаны да сондықтан.

Халықтың қалаулы ұлына айналған әкенің екеумізге берген тағлымы ойлап отырсам, бір оқу орнының бізге ұсынған білімінен кем емес екен. «Қарақтарым, – дейтін ол, – асып кеттім деп аптықпаңдар, жетпей қалдым деп жетесіздік танытпаңдар, бәрі де уақытымен болады, алдыңда тұрған адамның қадірін біліңдер, шуақ сыйлаңдар, ешкімді босқа ғайбаттап, кем көрмеңдер, кімді де болса тең көріңдер, үміт жібін үзбеңдер, пенде жарықтық ілгері күндерге үмітпен қарайды ғой, соны естен шығармаңдар. Таласқа емес татулыққа, бақастыққа емес бақытты болуға ұмтылсаңдар болғаны, соның өзі талай асудан өткізеді, талай белеске жеткізеді». Қариялардың қадірін білетін жасқа жеттік емес пе? Өмір –өзен сарылдап ағып жатыр. Сол өмірдің ағысымен келе жатып, кешегі күндер жайлы ой өрбіткің келеді. Өзіңнен жылы хабар алып, көңілім бір түрлі болып отырғаны да сондықтан. Бәрін бірдей тігісін жатқызып айтпағанмен, мына заманда оған уақыт та кемшін ғой. Өзіңдей тұғырлы тұлғаға шын көңілден шыққан мөлдір сезім моншақтарын теріп, жолдап отырғаным да содан.

Өзіміздің киелі топырақ, аяулы мекен оңтүстікке сәлем жолдауға асығып, алабұртқан күйімді көрсең... Біз де аман-есенбіз. Күйбең тірліктің қамымен шапқылап жүрген жайымыз бар. Көріскенше күн жақсы болғай.

## АЛАШТЫҢ АЙМАҢДАЙЫ

**М**ен ғана емес, барша қазақстандық Елбасы туралы тура осылай айтарына шек келтірмеймін.

Қоғамдағы ұлы өзгерістер арқылы суырылып алға шыққан кемел тұлғалар адамзат атаулының аузына ілігеді, халқы оларды қадір тұтып, әлемдік деңгейдегі кемеңгерге айналдырады. Тарих тағылымы осындай. Қазақстан жағдайында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та – тәуелсіз мемлекетіміздің негізін қалаушы, оның тұңғыш Президенті, қазақ топырағындағы жасампаздық құбылыстардың тікелей бастаушысы, халық алдындағы тарихи парызын азаматтық жауапкершілікпен ұштастыра білген дара тұлға. Тұрақтылық пен ұлтаралық татулық идеясын Қазақстан аясында жүзеге асырып қана қоймай, әлемдік дәрежеге көтерген, тосын идеялар мен орнықты ойларға, бір сөзбен айтқанда, осынау өтпелі кезеңде халқымыздың бағына тағдыр қосқан халықаралық деңгейдегі ірі құбылыс саналады және солай да. Елбасының басшылығымен қолға алынған шаруалар, жүзеге асқан сан-салалы шараларға қазақ жұрты толықтай сенім артып, қолдап отырды. Сондықтан да болар, Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығы мәртебелі миссиясына ие болып, абыройлы өткізді. Бұл – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың беделін танығандық, оның жанқиярлық еңбегін бағалағандық. «Бақыт бағасын білгеннің басына», – деген осы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ел ішіндегі, сырт мемлекеттердегі кездесу сәттерінде тәуелсіздікті қайтіп тұғырлы етеміз, қайткенде өркениеттің бел ортасынан ойып тұрып, орын аламыз деген сұрақтарға жауап іздеуден шаршаған емес. Елбасымыз – қандай беделді жиындарда болмасын, тыңдаушысын елітіп әкетер, ой салар қанатты

қағидалар мен оқшау ойларын маржандай тізіп, өзі де толғанып, өзгені де толғанып жіберетін қасиетке бай тұлға.

Осынау екінің бірінің басына беріле бермейтін ғажап қасиеттер мен табиғи даралықтың, парасаттылықтың бір кісіге қонуы – зерттеуге тұрарлық тақырып.

Елбасының өмір деректеріне көз салсақ, бір қарағанда орта мектепті бітіргеннен соң кәсіби орта мамандыққа ие болып, Теміртау қаласында болат құюшы жұмысынан бастаған еңбек жолы өз дәуіріне сәйкес қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Дей тұрғанмен, бойға біткен табиғи дарын алдыға қойған биік мақсаттарға қол жеткізуге талпынған жанға қуат беріп, биікке жетелеген болар. Нұрсұлтан Әбішұлымен тағдыр бізді қызмет бабымен кезіктірді. Ол кісі Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысынан Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне өндіріс саласы бойынша хатшы болып тағайындалған. Ол кезде мен Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде өндіріс және көлік бөлімінің меңгерушісінің орынбасары қызметінде едім. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары бұрынғы Кеңес Одағы, оның ішінде Қазақстан экономикасы стагфляцияға ұшырағаны белгілі (елдің инфляциялық үдерістерінің өршуі кезіндегі тоқырауды көрсететін экономикалық жағдайы). Әрине, ресми органдар ол кезде мұны мойындауы мүмкін емес еді. Дегенмен, экономикамен тікелей айналысатындар арасында экономикалық тоқыраудан шығатын жолдарды іздестіргендер болды. Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсіп пен көлік саласында ғылыми негізде «өндірістің тиімділігін арттырудың кешенді жүйесі» ендіріліп, оң бағаға ие болды. Нәтижесінде Шымкент қаласында 1982 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшылығымен Республика көлемінде осы жүйенің ендірілуі жөнінде республикалық семинар-мәжіліс өткізілді.

Мәжілісте баяндама жасаған Нұрсұлтан Әбішұлының экономиканы дамытуға байланысты саяси қисынды жаңаша тың ойлары, пікір пайымдары, ұстанымдары ерекше әсер қалдырып, саяси тұғырға жаңашыл тұлға келгені байқалды.

Оның бойындағы осындай ерекшелік нәтижесі көрініп, көп ұзамай ол Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Жаңа басшы ел экономикасындағы жинақталған проблемаларды шешу мәселелерін Одақтың алдына дәйектілікпен қоя білді.

1985 жылдың 6 қарашасынан бастап Түркістан қаласының бірінші басшылығына сайланып, қызмет жасаған кезімде Елбасының қазақ халқының үш ғасырдай астанасы болған тарихи қала – Түркістанның әлеуметтік-экономикалық дамуына көрегендікпен қамқорлық жасағанының куәсі болдым.

Қазақстанның тағдыры Мәскеу шенеуніктеріне байланысты кезде КСРО Құрылыс министрі арнайы Түркістан қаласына шақырылып, қасиетті А.Иассауи кесенесін қалпына келтіруге қаражат бөлінуінің керектігі дәлелденгеніне қарамастан, тарихи қаланың әлеуметтік-экономикалық проблемалары ұзақ уақыт шешілмеді.

Қазақстанды Колбиннің басқарып тұрған кезінде Түркістан қаласының жинақталған мәселелері туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мәжілісінде маған екі рет есеп беруге тура келді. Бірінші қарағаннан кейін «Казахстанская правда» газетінде «Туркестан – город социальных проблем» атты бір беттік көлемді мақала жарық көрді.

Бюро мәжілісінде Нұрсұлтан Әбішұлы Түркістан қаласының проблемаларын жетік білетінін және оларды шешуді Министрлер Кабинетіне тапсыруды ұсынды. Нәтижесінде Министрлер Кабинетінің Түркістанда мемлекеттік «Әзірет-Сұлтан» мәдени қорығын құру және Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу туралы арнайы қаулысы қабылданып, іске асырылды. 1991 жылдың 6 маусымында Президент Жарлығымен А.Иассауи атындағы Түркістан мемлекеттік университеті құрылды. Ол Жарлықта «Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету» деген сөздер келтірілген. Ескерте кеткен жөн болар, белгілі «Известия» газеті аталмыш оқу орнының бірнеше жылдан кейін халықаралық деңгейге көтерілетінінен



хабарсыз кейіпте «Қазақстанда аудан орталығында университет ашылды» деп мысқылдай жар салғанды. Түркия Президенті Тұрғыт Озал мен Елбасының Түркістан қаласына сапарында университетте кездесу өткізгеннен кейін екі жақтың шешімімен А.Иассауи атындағы университет Халықаралық қазақ-түрік университетіне айналып, қазіргі күні Қазақстандағы ең алдыңғы қатарлы оқу орнына айналды.

Кенес Одағы Компартиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы М.С.Горбачевтің Оңтүстік Қазақстанға келіп, облыстың аудан мен қалалары бірінші басшыларымен кездесуінде оған А.Иассауи кесенесі туралы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығарылған кітапты сый ретінде ұсындым, ал Түркістан қаласының тарихы және ондағы әлемдік сәулет өнерінің үлгісі А.Иассауи ескерткіші туралы Нұрсұлтан Әбішұлы самолет ішінде толық әңгімелегенін жеткізді. Бүгінде Түркістан «Рухани астана» деген атқа ие болса, ол – Елбасының игілікті істерге қабілетінің айғағы екендігінің айқын белгісі.

Нұрсұлтан Әбішұлының ерекшеліктерінің бірі – есте сақтау қабілеттілігі. 1958 жылы Теміртау қаласында «Қазақстан магниткасы» аталған металлургия заводы құрылысына шақырылған үндеуге сәйкес бірге қызметтес болған, ол кісімен Днепродзержинск қаласындағы техникалық училищеде бірге оқыған Әсетілла Кәрімов 1990 жылы Қазақстан Компартиясының XVII съезіне Түркістан қаласынан делегат болып жолыққанда, – Әсетұлла, қайдан жүрсің? – деп құшақ жая қарсы алғаны көз алдымда.

Егеменді Қазақстанның тұңғыш Президентінің ерекше тұлға екендігі мемлекетіміздің кешегі «тар жол, тайғақ кешу» кезеңінде көрініс тапты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі ретінде тағдыр маған бір қиын, тарихи шешімдер қабылдаудың куәгері болуды жазыпты.

1990 жылы Орталық Комитеттің кезектен тыс пленумы шақырылды. Ерекшелігі, бұрын көзге түсе бермейтін микрофондар орындықтар арасына жиі орналастырылған. Мәжіліс залында көптеген журналистер мен операторлар. Бірақ та, мәжіліс басталар кезде олардың бәрі сыртқа шығарылып, есіктер жабылды. Орталық Комитеттің

бюро мүшелері бұрынғыдай сахна төріне емес, кірген бойда залдың бірінші қатарына келіп жайғасты. Ең соңынан кірген Нұрсұлтан Әбішұлы бірден трибунаға шықты да баяндама жасады. Қысқа да нақты. Мазмұны – Қазақстан Компартиясы тарихи миссиясын орындады, ендігі заман талабы бұл партияны тарату керектігін дәлелдейді. Мұндай мәлімдеме партияның элитасы болып саналатын Орталық Комитет мүшелеріне көкпен жай түскендей әсер етті. Жан-жақтан көңілінде «партия – халықпен бірге» деген сенім ұялаған комитет мүшелерінің сұрақтары қардай борады. Адамдар санасында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы партияның жүргізетін саясатына тікелей байланыстылығы қалыптасқандықтан, коммунистік партияны тарату басшылықтан айырылып, қоғамда анархияға әкелетіндей сезім тудырды. Дегенмен, бірнеше уақыт Нұрсұлтан Әбішұлы сол тұрған бойы қойылған сұрақтарға табандылықпен жауап беріп, мұндай шешім өркениетті ел болуға қол жеткізудің бірден-бір жолы екенін дәлелдеді. Оның пікірі мен ұсынысына Орталық Комитет мүшелері келісіп тарқастық.

Көп ұзамай 1991 жылдың тамыз айында Компартияның кезектен тыс ұйымдастырылған съезіне республиканың түкпір-түкпірінен 25 мыңнан астам делегаттар қатысып, партияны тарату мәселесі екі күн бойы талқыланды. Осынау сындалы сағатта Нұрсұлтан Әбішұлы жиналған жұртты саяси қисындарымен өз дегеніне сендіріп, Компартия таратылып, социалистік демократиялық партияның негізі қаланды. Бұл шешім тарих толқынында Елбасының қайсарлық мінезімен жасампаздық шешімге жете білетін жан екенін көрсетті. КСРО Президенті М.С. Горбачевтің ұсынысымен Нұрсұлтан Әбішұлы Кеңес Одағы Министрлер Кеңесінің төрағасы болуына келіспей, ол Қазақстанның егемендігі мен болашағына көңіл бөлді.

Ел Президентінің қатысуымен республиканың Жоғарғы Кеңесі сессияларында 1990 жылы 25 қазанда «Мемлекеттік егемендік туралы» Декларацияны, 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Заңы және 1993 жылы 28 қаңтарда «Қазақстан Республикасының тұңғыш

Конституциясының» қабылдануы ел тарихында алтын әріппен жазылды. Өйткені, Қазақстан ескі жүйе құрсауынан бұлқынып шығып, қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы – дербес мемлекет құрылып, қазақ қазақ болғалы астаналы, ақордалы етіп, төрт құбыласын түгендеген мемлекетке айналды. Жаңа тарих беттері ашылып, еліміздің жарқын болашағын болжау, оған жетер тың жол айқындалып, тәуелсіздіктің іргетасы қаланды.

Елбасының келесі тың қырының бір көрінісі – «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасының жасалынып, іске асырулары. «Алдымен – экономика, содан кейін саясат», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», Еуразиялық одақ, Азия кеңесі, ядролық қарудан бас тарту, Астананы көшіру, әлемдік діндер съезін шақыру идеялары, 2017 жылы бүкіләлемдік ЭКСПО көрмесін Астанада өткізу шешіміне ие болу сияқты ауқымды шаралары тәуелсіздік құрылысын нығайта түсіп, әлемнің дамыған елу елдің қатарына жол салуда. Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы ассамблеясы этносаралық және конфессияаралық келісімді, татулықты қамтамасыз етіп отырған қоғамдық-саяси институтқа айналды.

Бүгінде тәуелсіз болған, экономикасы қуат алып, саяси жүйе қалыптасып, бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар Қазақстанның әлемге танылуында Елбасының еңбегі ұшан-теңіз. Өзінің ұйымдастырушылық қабілеті арқасында Қазақстанды, Кеңес Одағынан кейінгі кеңістікте қиын жағдайда қалған елді, тез арада қолға алып, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың даңғыл жолына сала білді. Қазақстанды әлем елдері, Түркия бастап, бірінен соң бірі таныды. Елбасының «Біз мынау жаһандану жағдайында мемлекеттер мен әр адам бәсекеге түскен кезде алдыңғы қатарлы ел болып, озу үшін білім керек екенін білеміз. Қазір білім мен біліктіліктің бәсекесі жүріп жатыр. Қазақтың жерінің асты-үстінде байлық баршылық. Бірақ, білім болмаса, жаңа технология болмаса, ол байлық қазақтың дастарханына өздігінен келіп түспейді», – деген қарапайым сөзі тек жастарға ғана емес, өз елін сүйетін, оның болашағына сеніммен қарайтын әрбір қазақстандықтарға қол жеткізер мақсатқа айналды.

Елбасының ана тілінде сөйлеу шешендігі мен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін асқақтатудағы еңбегі де ерекше. «Адамға екі нәрсе тірек тегі: бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі» деп ХІ ғасыр ғұламасы Жүсіп Баласағұн айтқандай, сөз анасы да, іс анасы да – мемлекеттік тіл екенін жетік білген мемлекет басшысы өз Жолдауында 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін, ал 2020 жылға қарай 95 пайызға жеткізу міндетін қойды.

Ел үшін, сол елдің мұңы мен зарын, арманын тал бесіктен бойына сіңірген, ұлт тілінде тәрбиеленген адам ғана шын мәнінде елдің көшбасшысы бола алады. Өз халқының тарихи тамырынан нәр алып өскен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Қазақстанның рухани көсеміне айналған кемеңгер тұлға. Қызмет бабымен болған кездесулерде ол кісінің үлкен саяси тұлғаға айналатынына бірнеше мәрте көзім жеткен еді, ал бүгінде сол Тәуелсіз Қазақстанның білікті ұстазының біріне айналып, Елбасының жарқын істеріне сүйсіне қараумен келемін. Тек ұзағынан сүйіндіргей деп тілейін!!!

*«Қарыз бен парыз» республикалық  
қоғамдық-құқықтық газет  
№1-2, 2013 жыл*

## ҮЗІК СЫР

**К**асиетті Ақтөбе өлкесінің шұрайлы жері мен жайсан келі жақсы жандарға толы екеніне тағдыр айдап, дәм тартып қызмет жасаған жылдары көзім жеткен еді.

Түркістан қаласындағы «Алтын дән» Акционерлік қоғамының экономика жөніндегі Вице-Президенті қызметіне тағайындалып, өндіріске нарықтық экономика жүйесін енгізуде жан салып жүргенде, Алматы темір жол инженерлер институтының ректоры Қарабасов Избасар Сәкетұлы Ақтөбе қаласындағы институтының фирмасы негізінде, Батыс Қазақстан өңіріне темір жол мамандарын дайындау үшін жоғары оқу орнын ашу қажет екенін сөз етті. Сол мәселені шешу мақсатында филиал басшылығына шақырылатындығым туралы

ұсыныс түсті. Мұндай ұсыныс мен үшін күтпеген жағдай болатын. Әйтсе де, Избасар Сәкетұлымен Ташкент темір жол инженерлер институтында қатар оқығанымыз себеп болса керек. Сол бір білім қуған жылдары бір-бірімізді жақын білуімізге ғылымға, оқуға деген құштарлығымыз болса, екіншіден жайсаң мінезді Ізекеннің адаммен тіл табысуы, сыйластығы ерекше болатын. Сондай-ақ, дәл сол тұста Түркістан қаласының бірінші басшысы ретінде қызмет жасаған жылдары қаланың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу барысында кішігірім қалалардың нарықтық жүйеге өтудегі ерекшеліктері зерттеліп, ғылыми негізделіп Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы жанындағы экономика институтында «экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесі» атағын қорғаған болатынмын. Ең бастысы, Кеңестер одағы кезінде Қазақстанда төртінші болып Түркістанда А.Иассауи атындағы мемлекеттік университетінің ашылуындағы еңбегімнің еленгеніне қуанышты едім. Бір жыл өткен соң ол жоғарғы оқу орны Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылған болатын.

Сөйтіп, іс басқарудағы ұйымдастырушылық қабілетім мен ғылым саласына деген ізденісім өз жемісін беріп, 1994 жылы қазан айында Қазақстан Республикасының жоғары білім министрінің келісімі бойынша Қазақстан көлік және коммуникация министрінің бұйрығымен (ол кезде Алматы темір жол инженерлер институты көлік және коммуникация министрлігі құзырында болатын) Ақтөбеден бір-ақ шықтым.

Қызметке кіріскенде филиалдың материалдық жағдайы өте ауыр екеніне көзім жетті. Оқу корпусының бір бөлігінің қабырғалары қыс кезінде жарылған құбырдан шыққан будың әсерінен көгеріп кеткен, ары қарай ол жерде тіпті сабақ өткізу мүмкін емес. Негізгі оқу корпусы да көп уақыт жөндеуден өтпеген, жылу құбыры терезенің орташа деңгейінен жүргізілгендіктен терезелері ішке қарай ашылмайды. Терезе ашылмаған соң санитарлық тазалау жұмыстарының да мәні кірмейтіні белгілі.

Студенттер мен дайындық курсында оқитын оқушылар тұратын жатақхана да жөндеуді қажет етеді. Мен үшін

ең өзекті мәселе осындай мүшкіл халдегі оқу орнының ғимараттарын қалпына келтіру болды. Ол үшін Батыс Қазақстан темір жолының бастығы Хамзин мырзаға арнайы кіріп, жағдайды толық баяндап, көмек беруін өтіндім. Мүмкін ол кісі бұл жағдайдан хабарсыз болар деп оқу орнын аралап көрсін деген мақсатпен студенттермен кездесуге шақырдым. Көп кешікпей ол кісі көмекшілерімен бірге келіп, ғимараттарды аралап, студенттер дәрісіне қатысып, олардың білімдерін тексеріп, көп нәрсеге көзі жеткендей болды. Қол ұшын беруден аянған жоқ. Темір жол басшылығының қолдауымен жоспарланған шаралар жүзеге асырылып, ғимараттар жөндеуден өткізіліп, оқушылардың білім алуына жағдай жасалғанына бүгінде ризашылықпен еске аламын.

Кезекті мәселе филиал негізінде жоғары оқу орнын ашу болатын. Мамандарды арнайы дайындайтын темір жол саласының өзі қайта құруға байланысты құрылымдарын өзгертіп, нарықтық экономика талаптарына сәйкес кең көлемді шараларды іске асырылуына байланысты қажетті инженер мамандарының санын анықтап біздерге бере алмады. Осындай қарбалас кезеңде жекелей институт ашуға филиалдың материалдық базасы толықтай дайындалғанымен қаладағы жұмыс жасап жатқан темір жол көлігі техникумы мен филиал негізінде жоғары оқу орнын ұйымдастыру тиімді екенін дәлелдеп, оқу министрлігіне ұсыныс жасалынды. А.Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тұңғыш президент ректорлығынан оқу министрі болған М.Жұрыновтың қолдауымен 1996 жылы республикада ең алғашқылардың бірі болып Ақтөбе темір жол жоғары колледжі құрылды.

Бірде Түркістан қаласында кәсіпкерлікпен шұғылданатын бауырымыз маған қабылдауға жазылып, Ақтөбе қаласының соғыс комиссиарт бастығы Жолдыбай деген азаматтың менімен кездескісі келетіндігін жеткізді. Оңтүстік өңірінің тумасы екен, жолдасы Замира қарындасымыз болады екен. Қызмет қарбаласынан қабылдауға қол тимесе де лауазымды кісілермен бас қосқан кездерде Жолдыбайдың еңбекқорлығы туралы

оң пікірлер айтылып жүрді. Бүкіл халыққа тән қонақжай ақтөбеліктер де бір-бірін жиі шақырып бас қосулар өткізеді. Сондай бір жиында Жолдыбай мен Замирамен танысу мүмкіндігі туды. Көз көріп, көңілге түйгенім екеуі де биязы мінезді, көңіл көздері ояу жандар екен. Жолдыбай полковник дәрежесінде зейнеткерлікке шыққан екен.

Көп ұзамай Жолдыбай қабылдауға арнайы келді, әңгіме барысында өзі өткен өмірі туралы сыр шертті. Әскери қызметте жүріп Кеңес одағының әр жерлерінде болып қатаң әскери тәртіп мектебінен өткен екен. Екі оқу жылын біріктірген күрделі шаруашылықты жүргізуге осындай іс-тәжірибесі бар азаматтар ауадай қажет кезде Жолдыбайдың келуін жақсылыққа балап жоғары колледждің шаруашылық жұмысын басқаруға ұсыныс жасадым. Ол келісімін беріп жұмысқа бел шеше кірісіп кетті. Алғашқы кезде тапсырма бердім де басқа бастан асып жатқан мойын бұрғызбайтын шаруалар болған соң оның жұмысына араласқан жоқпын.

Біраз уақыт өткен соң қасыма керекті қызметкерлерді ертіп Жолдыбаймен бірге оқу ғимараттарын түгел аралап шықтық. Атқарылған жұмыстарға оңбаға берілді. Сонымен қатар көптеген шешілмеген мәселелер мен кешіліктер туралы кеңінен әңгіме қозғалып, алдағы күндерге жоспарлар құрылды. Бірлесе отырып жұмысты жаңаша жүргізуге келістік. Көңіл толықтыратын да сол Жолдыбай әрі қарай өз жұмысын аса жауапкершілікпен атқара білді. Ресми қызметімен қатар өзінің жақсы танысымен бірігіп жеке кәсіпкерлікпен де шұғылданды. Жатақхананы жөндеуден өткізгенде олардың серіктестігінің қызметтері кеңінен пайдаланылды. Бірде ол қысылған сезіммен, сенім артып қызметке алғанына рахмет айтып жұмыстан өз еркімен босатуымды сұрады. Қызметте болған кезінде шаруашылық жүргізудің қыр-сырын меңгергенін, енді жеке шаруашылықпен шұғылданатынын жеткізді. Әрине мен үшін ол үлкен көмекші екеніне көзім жетсе де оның Отан алдында еңбегі сіңіп зейнеткерлікке шығып, енді жеке кәсіпкерлікпен еркін шұғылданып өмір сүруіне тілектестікпен арызына қол қойдым.

## КҮЛДІБАДАМ СӨЗБЕН КЕЛЕКЕ БОЛҒАН...

**шенеуніктер неге қысылмайды?**

**Т**ағдыры мың тарау қазақ ұлты өкінішке орай әлі күнге дейін ділі мен діні жат, тілі мен болмысы бөтен жұрттың ортақ қазанының қақпағына қарайлауға мәжбүр. Тарихтың қадау-қадау қатпарларынан табаны тайып көрмеген қазақтың өз тіліне келгенде керітартпалығы қайран қалдырады. «Білсем егер өлерін ана тілім, жаным құрбан жолында өлем бүгін» – деп саны аз авар халқының ұлы ақыны Расул Ғамзатовтың айтқан сөзі қазақтың да айтатын ұранына айналғандай бүгінде. «Айта, айта Алтайды, Жамал апам қартайдының» кебін киген ана тіліміз «айтыла-айтыла жауыр болған, көтере-көтере қадірі қашқан» мәселе болып тұр.

*Тілден биік асқар жоқ,*

*Тілден асқан байлық жоқ.*

*Тілден терең теңіз жоқ,* – деп Ғ.Мүсірепов жырлағандай, тазалығы мен тереңдігі, өткірлігі мен күштілігі, кеңдігі мен құдіреті мол қазақ тілін төрден оздырудың мәнін таппай қиналғанымызға да жиырма жылдан асыпты. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде тіл туралы қаншама рет Заң қабылданып, бағдарламалар жүзеге асқанына қарамастан, тіліміз толықтай еңсесін тіктеп кете алмай отыр. Қазақ тілін менсінбей, қазақша сөйлеуді арсынатын «бәзбіреулер» өз тілінің тарихын толық білмей, шұрайлылығын сезіне алмай шұбарлап сөйлеуді сәнге айналдырған. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» қайыра білген бабалар ұрпағы тілімізді шимай-шатпақпен шұбарлап, не өзі, не өзге түсінбейтін шұбалыңқы тіл жасап алған. Одан да «Құлаққа жағымсыз жоқты сөз айтқанша, жүрекке жылуы бар отты сөз айтқаны» бәріне пайда (Майқы би). Мінбеде тұрып алып, қазақ тілінде сөз бастауға қиналып, «орынды сөз айтып мереке қылмай, орынсыз сөз айтып келеке» (Досбол би) болып жатқандары қаншама. Цицеронның «Қысқа қайырып, күшті айтылған ойлар өмірді жаңартуға көп



септігін тигізеді» деген ойын бүгінгінің «ақсүйектеріне» қарата айтсақ, тілдің тұғыры биіктер ме еді, кім білсін?!...

Тілдің дамуына тосқауыл да жетерлік ... Басқасын айтпағанда көшеде, қоғамдық көліктер мен түрлі қызмет көрсету орындарында мемлекеттік тілде сөйлеу толық қалыптаспай, ресми тілдің көлеңкесінен сығалауда. Ал тіпті, кейбір «қасқөйлердің» қазақ тілінде ойды жеткізу қиын деген сылтауына күлкің келеді тіпті. Айтатын да себебі бар, өйткені олар өткен ғасырда қазақ тіліне зерттеу жасаған орыс ғалымы Радловтың қазақ тілінің тазалығына, шұрайлылығына, сөз байлығы мен тіл қолданысының икемділігіне таң-тамаша қалып, оны еуропалық тілдердің ішіндегі сол кездегі халықаралық тіл – француз тілімен тең қойғандығын білмейді. Орыс әдеби тілінің негізін салған А.С.Пушкин шығармаларында 21197 сөз болса, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында 29483 сөз барлығы сөздік қорымыздың молдығына дәлел емес пе? Сонда осындай керемет оралымды тілі бар халықтың ұрпағы бола тұра тіліміздің есіктегі баланың күйін кешкеніне шынымен-ақ налисың. «Ақылды сөйлей қалса, сөздің қаймағын айтар, ақымақ сөйлей қалса қай-қайдағыны айтар» (Санақ би) дегеннің кебін киюде. Қанша дегенмен Бәйдібек бабамыз «Аяққа кісен салуға болар, қолға кісен салуға болар, тілге кісен сала алмайсың», – деп төтесінен бірақ айтқан ғой...

Алысқа бармай-ақ, Өзбекстанға назар аударсақ, олар жастайынан баласына «Сен Өзбекстанның азаматысың, сен ғана өз еліңді көркейте аласың!» деп құлағына құйып отырады, бала өскен кезінде еш қиындықсыз өзбек тілін меңгеріп, Отанына үлкен сүйіспеншілікпен қызмет етеді. Ал Қырғыз елі ше?! Оларда да дәл солай, елім деп еңіреп, тілім деп төсін қаққан өңкей ұлтжандылар. Францияда, Ресейде ұлттық тілді қорғау комитеті жұмыс істейді. Қытайда тілді бұзсаң айыппұл төлейсің. Ал бізде ше?... Әрине, «Қу шөппен ауыз сүрткеніміз» жарамас, біздің елімізде де тілге жанашырлық танытылып, Үкімет тарапынан барлық қолдаулар мен шаралар жасалынып-ақ жатыр. Елбасы басымдық берген мемлекеттік бағдарламалардың ішінде денсаулық сақтау, білім

беру және тіл мәселесі өзекті саналады. Билік осы тіл саясатын өрістету арқылы елімізде тұрып жатқан барлық этностардың береке-бірлігі мен ынтымағын ұйымдастыруды көксейді. Қазақ тілін қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітіліп, соның аясында жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ, Елбасы «Біздің болашағымыз – жастар, сондықтан мемлекеттік тілдің жастарға серік болғаны дұрыс. Біз бала-шағамызды қалай қадірлесек, болашағымызды да солай қадірлеуіміз керек» деп жастарға да үлкен сенім білдіріп отыр. Елбасы сөзі «Өсетін жастың кім екенін білу үшін сөйлеуін шектемес керек» деген Келаман шешеннің афоризмімен астасып жатқандай. Қанша айтқанмен, «Ел қадірі болмайды бас кеткен соң, сөз қадірі болмайды жас кеткен соң» (Шәкрәт шешен). Десек те, «ауызбен орақ орғанның» кебін кимей тиімді, нақты істер атқарылса нұр үстіне нұр болар еді. Қанша дегенмен тілімізді өрістету бос сөзді емес, қаржылық қолдауды талап етеді.

Тағы бір айта кетерлік жәйт, біз отбасымызбен жұмыс басты болып жүріп, тек кешкісін дастархан басында ғана бас қосатынымыз ешкімге таңсық емес. Азаннан қара кешке дейін кішкене бүлдіршіндеріміздің тәрбиесі мен тірлігіне кім жауапты? Әрине, балабақша мен мектеп. Ендеше тілге деген құрметті аталмыш тәрбие ошақтарынан бастау керек. Тіл мәселесінің шешілуі кейінгі ұрпақтың қолында екендігін естен шығармағанымыз ләзім. Дегенмен, тәуелсіз 20 жыл ішінде көптеген қазақ балабақша, мектептердің ашылуының өзі үлкен жетістік. Кеңестік құрсауда отырған жылдары барлық мектептердегі балалардың 22 пайыздайы ғана қазақ тілінде оқыған екен. Ал қазір, құдайға шүкір, әр ата-ана өз қалауларымен, тіпті өзге ұлт өкілдерінің өзі мемлекеттік тілде білім алуға құштарлық танытуда. Міне, Елбасының «өзің қазақ болсаң, баланды да қазақ мектебіне бер» деген сөзі іс жүзінде көрініс табуда. Оған да шүкіршілік. Өріс кеңеймейді деп айтудың өзі сәл ағаттық болар.

XI ғасырдағы түркі ғалымы Махмұт Қашқари: «Тәрбие басы – тіл» десе, заманымыздың белгілі ақыны

О.Сүлейменов: «Адам тағдырын тәрбие шешеді, тәрбие құралы – сөз» дейді. Жалпы түркі халықтарының айрықша мән беріп, жан-жақты дамытқаны – сөз өнері. Сөз өнері халық ішінен, орақ тілді, от ауызды небір шешендерді шығарған. Олардың сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, неше ғасырлар бойы жалғасып келеді. «Сөзден тәтті әсел жоқ, сөзден ащы нәрсе жоқ, сөзден жеңіл нәрсе жоқ, сөзден ауыр нәрсе жоқ. Не сөйлейтініңді біл, кімге сөйлейтініңді біл, қай жерде сөйлейтініңді біл, қай кезде сөйлейтініңді біл, қалай сөйлейтініңді біл» деген Бөлтірік шешеннің сөзі дәлел.

Ендеше бір кездері Абылай жарлығын шашқан, Абай тереңнен толғанған, Жамбыл жырын төккен, Махамбет шамырқаканып, Күләш әнін салған ана тіліміздің өрістеп, төрге озуына мемлекеттің саналы азаматы ретінде өз үлесімізді қосайық. Тілді дамыту Үкіметтің ісі деп қол қусырып қарап отыруды енді уақыт көтермейді. Бұл іске бүкіл қазақ – Сіз бен Біз болып атсалысуымыз керек.

*«Түркістан» халықаралық саяси апталық,  
№ 40 (950), 4 қазан, бейсенбі, 2012 жыл*

## ҚАДІРІНЕ ЖЕТСЕК ҚАПЫ ҚАЛМАС ЕДІК

Қазіргі кезеңнің материалдық ауыртпалығы, тұрмыстағы тапшылық халықтың қабырғасын қайыстырып отырғаны белгілі жағдай. Алайда мұндай көлеңкелі тұстармен бірге халқымыздың жарқын болашағын қамтамасыз ететін жақсылық жақтары да аз емес. «Қазақтар шешен келеді, жай сөздің өзі өлең болып құйылып жатады» деп тамсанған орыс түркологы В. В. Радловтың сөзі осындайда еске түседі.

Соңғы кездері қазақ тіліне деген көзқарас күрт төмендеп кетті. Бұл әсіресе қазақтардың өздерінің арасында жиі байқалады. Қазақ мектептері мен балабақшалары жабылуда. Қазақ ата-аналардың кейбіреулері өз балаларын орыс мектептеріне қайтадан беруі көңілге көлеңке ұялатады. Ең өкініштісі туған тілін

білетін қазақтардың өзі сол тілде сөйлеуге мән бермейді. Ал, «қазақ тілін білу керек, үйрену керек» деген жалаң ұран кімге әсер етеді. Сондықтан да ұлты еврей, орыс, неміс тілдерінің маманы 72 жастағы В. З. Граблердің «... Қазақтарың өзі қазақша сөйлемесе кім сөйлеуі тиіс? Қазақтардың өзі қазақша сөйлеуді ар көрсе мен сөйлеуім керек пе? Мектепте оқып жүргенде қазақтардың өзін жаңылыстыратын едім» – деп жазғанына таң қалудың қажеті жоқ. Верта Захаровна Граблердің мына сөздері де ащы да болса шындық. «...Мен телевизорды мүлт жібермей қарап отырамын. Егеменді ел деген аттарыңыз болмаса, Премьер-министрдің де, Парламенттің де, Президенттің де бір мәжілісті қазақша өткізгенін көргенім жоқ. Құдды Ресейдің бір штаты не автономиялық облысы сықылдысыздар. Осыдан барып орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру деген пікірлер туындап жатыр ғой деп ойлаймын. Әйтпесе, қазақ тілін Конституцияда мемлекеттік тіл деп жариялап, оны жүзеге асырмау, ол тілді қолданбау, мемлекет үшін күлкі, қазақтар үшін ұят емес пе?»

Сонда деймін-ау, ұлттық сезіміміз, ұлттық намысымыз қайда? Айтса айтқандай, басқа бір де бір республикада тіл төңірегіндегі айтыс-тартыс атаулы жоқ. Бұл ретте өзбек ағайындардан үлгі алуға болады. Мен 1987 жылғы оқиғаны айтайын. Шыршық қаласы мен Түркістан қаласы бауырластық қарым-қатынас жасаған тұс еді. Онда мен Түркістан қаласының басшысымын. Шыршық қаласының басшысы Данияр Өзізхожаевтың кабинетінде отырғанбыз. Ол әлдекіммен сөйлесті де, таң қалғанын жасыра алмады. Телефон соққан Ленинградтан Ташкент облысы басшылығына ауысып келгеніне бар болғаны екі-ақ ай болған орыс азаматы екен. Өзбекше тәп-тәуір сөйлеп, әріптесімді таң-тамаша қалдырыпты. Осылайша, қажеттілікке айналмайынша, қазақ тілінің көсегесі көгереді деу қиын.

Қазір мемлекеттік тіл жөніндегі Заңға өзгертулеренгізу ойластырылып жатыр деп естиміз. Ал осында мемлекеттік тілді білмейінше, ол тілде еркін сөйлемейінше басшы қызметке ұсынылмайды деп атап көрсету керек. Түрлі

кездесулер, жиындар өз тілімізде өтсе, басшылардың өзі ана тілінде сөйлесе ғана халықтың мерейі өседі, өзге ұлттарға үлгі болар еді. Сол сияқты халыққа қызмет көрсететін салалардың қызметкерлері іскерлігімен қатар міндетті түрде мемлекеттік тілде сөйлеуі керек. Өкінішке орай, әлі күнге дейін байланыс бөлімшелерінде бланкілер қазақша толтырылмайды, қоғамдық көлікте аялдамаларды қазақша хабарлауға көңіл бөлінбейді.

Тілдің өркен жайып, дамуына мемлекеттік қамқорлық ауадай қажет. Әсіресе, тілді үйрену, оқыту мәселесін түбірімен өзгертетін шаралар қолданылса дейміз. Қазақ тілін дамытудың жайын жүйелі, жоспарлы жүргізіп отыратын бір орталық қажет. Оқулықтардың сапасы қазақ тілін оқытудың бағдарламалары көңіл көншітпейді. Мектептерде, арнаулы орта, жоғары оқу орындарында міндетті түрде қазақ тілінен емтихан тапсыру мәселесі қарастырылуға тиіс.

Қоғамның болашағы – жастар. Ана әлдіі, әже ертегісі – халқымыздың тәрбиесінің өзегі осыған негізделген. Ал қазіргі ұрпақ, әсіресе, қаланың балалары осының барлығынан жұрдай болып өсіп келеді. Ауыз әдебиетінің бай мұрасынан сусындамаған, Абай өлеңдерін, қара сөздерін өз тілінде оқымаған жастан халқын, елін, тілін сүйетін азаматтың шығуы қиын.

Бірде қаламызға республикалық жастар мен балалар театры гастрольге келгенде оның жетекшісінің қынжыла әңгімелегені есімде қалыпты. «Бір оқу орнының жастар жетекшісімен театрдың репертуары туралы әңгімелесіп отырғанмын, – деген ол, – Әңгіме барысында әлгі жігіт Фариза Оңғарсынованы білмейтін болып шықты. Ұялған тек тұрмас деген – «Да, конечно, знаю, әлгі «Қыз Жібекте» Жібектің мамасын ойнайды емеспе? Ой, как она хорошо играет, – демесі бар ма?» Осылайша, Фариза мен Фариданы шатастыратындар сірә, аз болмаса керек. Тіпті орта жастағылардың арасында да Мұқағалидың кім екенін білмейтіндер ұшырасады.

Соңғы кезде кейбір тіл жанашырларының тарапынан «Қазақ тілі» қоғамының қажеті шамалы деген пікірлер құлаққа шалынады. Бұл – қате пікір. Ана тіліміз мүшкіл

халде тұрғанда бұл қоғам өмір сүруі тиіс. Тек бұл ұйымға қаржылай қолдау керек. Әсіресе, кәсіпкерлер қол ұшын беріп ана тілінің тағдырына алаңдап, демеушілік жасаса, қазынасы ортайып қалмаса керек.

Қазіргідей кезде жалғыз қазақ тілімен шектеліп қалудың еш қисыны жоқ. Өмір талабына сәйкес орыс тілін білудің маңыздылығын айтпағанда, ағылшын, неміс, түрік және басқа тілдерді меңгергеннің пайдасы зор. Көп тіл білудің мысалын өзге халықтан іздемей-ақ сонау қиын кезеңде халықтың бақыты үшін басын бәйгеге тігіп, жазықсыз жаланың құрбаны болған қазақ зиялыларын атасақ та жеткілікті. Тілші – ғалым, профессор Құдайберген Жұбанов орыс, неміс, парсы, араб, түрік, моңғол, коми, чуваш, грузин тілдерін жақсы меңгерген.

Біздің жоғарғы колледж (үкіметтің соңғы қаулысына сәйкес осылай атала бастадық) өміріне қазақ тілі дендеп ене бастады. Студенттердің қатары негізінен қазақ мектебін бітірушілермен толықтырылуда. Мұның өзі қазақ топтарын көбірек ашуға мүмкіндік беруде. Қазақстан тарихы, математика, физика, мәдениеттану, этно-педагогика пәндері қазақша оқытыла бастағандығын айтқан жөн. Әсіресе, қазақ тілі пәнінің оқытылу сапасына айрықша көңіл бөліп отырмыз, тәп-тәуір жабдықталған екі кабинет бар.

Іс қағаздарын қазақша жүргізуде де ілгерілеушілік байқалады. Көрнекі үгіт құралдары да бірте-бірте қазақшалануда. Сабақтан тыс шаралардың көбінесе қазақ тілінде өтуіне көңіл бөлінуде.

Әрине, техникалық жоғары оқу орындарына тән қиыншылықтар біздің де басымызда бар. Қазақша техникалық әдебиеттердің жоқтығынан арнаулы пәндерді түгелге дерлік орыс тілінде оқытуға мәжбүрміз. Қаржы тапшылығынан қазақ тілі кабинеттерін лингофондық жүйемен қамтамасыз ете алмай келеміз. Дегенмен, қол қусырып отырғанымыз жоқ. Қиындықтар құрсауынан шығудың қамындамыз.

Жалпы, ана тілін ардақтауды парыз десек, бұдан болашақ жол бойының инженерлері де қалыс қалмауы керек. Олардың бойына тілге деген құрметті сіңіре алсақ

онда еңбегіміздің жанғаны. Сол жолда талмай ізденуге, халық қазынасы – тілдің аясын кеңейтуге бастайтын нақты шаруаларды ұдайы жүзеге асыруға ынталымыз.

## ҰСТАЗДЫҢ ҰЛАҒАТЫ ҰМЫТЫЛМАС

Өркениетті елдердің қатарына қосылуға ұмтылған тәуелсіз мемлекетіміз өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуын тездетіп, материалдық және рухани игілік деңгейін көтеру үшін нарықты экономика жүйесін таңдап алды, бұл жолда батыл қадамдар жасалуда.

Мен осы саланың маманы ретінде жүргізіліп жатқан экономикалық реформаның әрбір бағыты бойынша өзімше талдау жасай отырып, сонау 70-80 жылдарда-ақ асқан көрегендікпен нарықтық экономика жөнінде өз пікірін айтып, Қазақстан экономикасының бағдарламасы өзгеруі қажет екенін дәлелдеген ұстазым, экономика саласының білгір маманы, Ұлттық Ғылым академиясының экономика институтын ұзақ жылдар басқарған Түймебай Әшімбаевты еске аламын.

Еліміз қиын уақытты басынан кешіп отырған сәтте өтпелі кезеңнің экономикасын зерттеу оңайға түспейтіні анық. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан экономикалық қатынастарды бұзу, әрине, өте қиын. Менің қолымда автордың өз қолтаңбасымен сыйға тартқан «Нарыққа барар жолдағы Қазақстан экономикасы» деген соңғы еңбегі. Мұнда ғалым нарықтық экономикаға өту барысын ой елегінен өткізіп, оның жетістіктері мен кемшіліктерін ашып көрсетеді. Өндірістің құлдырауы, өкіметті құрылымдардың нарықты өзіміз басқарып қалыптастырамыз деген сенімі, батыстағыдай нарықтық қатынастар орнатуға деген асығыс ниет экономикалық дағдарыстың басты себептері деп есептейді. Автор нарықтық қатынастарға көшу әлі де болса өзінің шешуші кезеңіне кірмегенін, өркениетті нарыққа бару үшін қиын да күрделі жолдан өту қажеттігін баса айтады.

Терең ғылыми зерттеу мен тұжырымдардан тұратын еңбекті оқи отырып, осы бір түпсіз терең ғұлама адаммен етене жақын болған сәттерімді еріксіз еске түсірдім.

Бақ жолы мен даңқ жолы – ауыр жол. Оған жету, шыңына шығу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Төкең өзінің қажымас қайраты, асқан табандылығы арқасында қазақ ғылымының өсіп-өркендеуіне барынша үлес қосқан адам.

Өмір жолын қарапайым қойма есепшілігінен бастаған ол соғыстан кейінгі ауыр жылдарда өндірістен қол үзбей жүріп жоғары білім алды. Онымен шектелмей ғылым жолына түсіп, экономика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді. Оның «Негізгі қорлардың тиімділігін көтеру мәселелері», «Өнеркәсіп өндірісінің тиімділігі», «Еңбекшілердің өндірісті басқаруға қатысуы және жарысы», тағы да басқа ғылыми-зерттеу еңбектері жұртшылыққа кеңінен таныс. Соңғы еңбектері тәуелсіз Қазақстан экономикасының дамуы, өндірістік қорлардың тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігін көтеру мәселелеріне арналған.

Оның есімі республикамыздан тыс жерлерге де кеңінен мәлім. Ол – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты.

Төкеңмен алғашқы таныстығым Алматыда жоғары партия мектебінде оқыған кезімнен басталған еді. Экономикадан дәріс оқыған ұстазымның білім тереңдігі сонша тыңдаған жанды еріксіз өзіне баурайтын. Ұшантеңіз білім мен терең парасат иесі осы бір жанның айналасында білуге құштар жандар көп жиналатын.

Азамат ретінде, өз ұлтының перзенті ретінде қазақ ғылымының өркендеуі үшін жан-тәнімен қызмет етті, оны жеке басынан жоғары қоя білді.

Мәскеудегі Қоғамдық Ғылымдар академиясында оқыған кезде бір жағдайдың куәсі болғанмыз бар.

Төкеңнің туған інісі Мәскеуде қайтыс болды. Дәл сол қайғылы оқиға В.Е.Черкасов дегеннің докторлық диссертация қорғауымен сәйкес келді. Төкең ғылыми кеңесте оппонент ретінде белгіленген екен. Өз басындағы қайғыға қарамастан ғылыми кеңестің мәжілісінде экономика саласының білгір маманы ретінде



диссертацияның құндылығын дәлелдеп, жетістіктері мен кемшіліктерін терең пайымдаулармен жан-жақты талдап берді. Ғылыми кеңестің мүшелері – Мәскеудің ірі, беделді ғалымдары талдауға риза болды. Ал, Төкеңнің басындағы ауыр жағдайдан хабардар өзге адамдар ол кісінің шыдамдылығы мен қайтпас қайратына тәнті болды. Соншалық ауыр іс басына түскен шақта ол өзін биік парасат иесі, қоғам алдындағы парызын терең түсінетін азамат ретінде көрсетті, екінші жағынан мәскеулік «Ғұламалардың» алдында қазақ ғылымының көкжиегін паш еткендей болды. Одан кейінгі жылдары ғылыми жетекшім ретінде көптеген тамаша сәттерді бірге өткізуіме тура келді. Төкеңнің бойында көпке үлгі боларлық қасиеттер мол еді.

Биік лауазым иесі, үлкен ғалым өзін қызмет бабында өте кішіпейіл ұстайтын, бойы тұнған жылылық, мейірім болатын. Содан болар, оның алдында қысылмай еркін отырып сөйлесетін едік. Тағы бір қасиеті – қарапайымдылығына қарамастан, өзіме де, өзгеге де талап қойып, бастаған істі дер кезінде аяқтауды жаны сүйетін.

Өмірінің соңғы күніне дейін институттың құрметті директоры ретінде жұмыстан қол үзген жоқ. Айналасындағылар оның ғажайып еңбек сүйгіштігіне таң қалатын. Бақталастық, қызғаныш деген дерттен ғылым жолына түскен, оның ішінде даңқ тұғырына көтерілген адамның аман қалмауы үйреншікті құбылыс сияқты. Төкеңнің өмір жолында да мұндай құбылыстар болғанмен, қарсыластарының өзі ол кісі жайлы ғайбат сөз айтуға бара алмайтын.

Төкеңмен тек қызмет бабында ғана емес, тұрмыста да жиі араласуға тура келді. Тарих ғылымының докторы, профессор Ахмет Ержанов екеуінің арасында адам қызығарлықтай берік достық болатын. Ол екеуі отырған жерде көпшіліктің назары тек соларға ауатын. Қазақ халқының болашағы туралы – бірі тарих, бірі экономика саласынан сөйлей жөнелгенде, «кұдайға тәуба» деп, осындай ұлдары бар халқынның алдағы өміріне деген сенім ұялап, бойыңды ерекше бір мақтаныш сезімі кернейтін.

Төкеңнің ғылыми кеңесі мен жетекшілігінен талай ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары өнеге алып, қазақ ғалымдарының қатарын молайтты.

Төкең республиканың басты басылымдарында нарықтық экономикаға көшу мәселесіне байланысты өз пікірлерін батыл айтып жүрді. Басталған реформаға сын көзімен қарап, оның кемшіліктерін ашып көрсетіп отырды. Қазіргі экономикалық дағдарыстың басты себебі өнідірістің құлдырауы екенін атап көрсетті. Өркениетті елдердің қатарына қосылу үшін экономикада бетбұрыс жасап, оның стратегиясы мен тактикасын қайта қараудың қажеттігі жөнінде құнды пікірлерін ұсынды.

Өкінішке орай, ол кісінің идеялары, келелі пікірлері кезінде ескерілмеді.

Сонау ықылым заманнан «Жаксының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген даналық сөз бар. Ғалымның өлмейтін хаты – оның зерттеулері, ой-пікірлері, оларды тәжірибе жүзінде іске асыру керек, бұл тек ел басшыларының ғана емес, барша жұртшылықтың парызы. Ғылымға теріс көзқарас елдің дамуына, экономикамыздың тұрақталуына зиянын тигізеді. Ғылымға дұрыс көзқарас қалыптаспайынша, қамқорлық жасалмайынша өркениет биігінен көрінудің ауылы алыс. Сондықтан ғалымдардың еңбектеріне мән беріп, олардың арнаулы зертханаларын ашу, оған жағдай жасау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болмақ.

Туған халқына бергені көп, бүгінде-арамызда жоқ Төкең жайлы еске ала отырып, бүгінгідей ауыр кезенді басынан кешіріп отырған халқымыз тұйықтан аман-есен шығатынына сенгің келеді. Себебі, Төкең сияқты елінің қамын ойлайтын ағалардың өзі кеткенімен, артында ізбасарлары бар. Елім деп еңіреген ерлер аман тұрғанда бұдан да талай қиын күндерді басынан кешірген «Қазақ» деген елдің туы жығылмасы анық.

*6 наурыз, 1997 жыл*

## ТАРИХЫМЫЗДЫҢ АСҚАҚ СӘТТЕРІНІҢ БІРІ

Тарихта ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ деп атақ алған жастардың бұл шеруі мемлекеттік құрылысты құлатуға емес баста саяси бағыт алған бейбіт демонстрация еді. Шеру еш ұлтқа, халыққа, ұлысқа соның ішінде орыс ұлтына қарсы бағытталмаған еді. Өкінішке орай, Колбин басқарған республикалық Коммунистік ұйым мұны жете түсінбеді, мүмкін түсінгісі келмеген де шығар.

Жастармен етене әңгімелесіп, мәселені дұрыс шешудің орнына республиканың жаңа басшысы және оның айналасындағылар, тәртіп қорғау күштері өздерінің дәрменсіздігін көрсетіп шеруге шыққандарды «ұлтшыл элементтер, маскүнемдер мен нашақорлардың жаппай тәртіпсіздігі» деп есептеді. Бұл сол кездегі Кеңес халқын демократияға жетелемекші болған тоталитарлық жүйенің саяси қатесі еді.

Бұрынғы көтерілісшілер (Сырым Датов, Исатай Тайманов, Кенесары Қасымов, Амангелді Иманов. т.б.) құрсаған зеңбірікке қарсы найза, садақ, қылышпен соғысса, желтоқсан көтерілісшілері мүлде қарусыз еді. Олардың тіптен соғыспақ ниеті де жоқ еді. Демократия, жариялылық деген соң соған сеніп қалып, алаңға шыққан жастар болатын. Оны Колбин мен оның жергілікті итаршылары Мәскеудегі қолдаушыларға арқа сүйеп (Горбачев, Власов, т.б.) Свердловск, Новосибирск деген тараптардан арнайы әскер ұшақпен жеткізіліп, алаңды қоршап алды. Қолдарындағы шолақ күрек және сойылдары талайларды жарақаттады.

Орыс ұлтынан халық жасақшыларын көптеп ұйымдастыру арқылы қарсы ерекет етуге ұмтылды. Соның әсерінен республикадағы басты екі ұлттың арасында салқындық лебін септі. Зауыттарда, кәсіпорындарда арнайы ұйымдастырылған жиналыстар өтіп, танертең (18 желтоқсан күні) көшелерде таяқ, темір шынжыр, кесінділермен қаруланған «халық жасақшылары» пайда болды. «Ресми түрде» сол желтоқсан оқиғасы

кезінде алаңға шықты деген жастардың санынан, халық жасақшыларының саны 3-5 есе асып кеткен екен. Ресейден лезде жеткізілген жедел спецназбен коса, өзіміздің қазақ погондылары, арматура, темір таякпен қаруланған орыс жасақшылары жасөспірім қазақ ұл-қыздарын аяусыз соққыға жықты.

Алаңда ұрғанын ұрып, соққанын соғып, жап-жас қыздарды шашынан сүйреп жабық мәшиненің ішіне қамап, түн ішінде қала сыртына апарып тастаған. Сол кездерде күн де, түн де айрықша суытқан болатын. Алаңда басынан бақайшағына дейін қаруланған жазалаушы топ, ал екіншісінің қолында ештеңе жоқ – жұрдай. Арнаулы әскерлердің сарбаздары еш сөзге келмейтін, өңшең шаш ал десе, бас алатындар еді.

17–19 желтоқсан күндері Алматы қаласындағы жазалау науқаны әрі қарай жалғаса берді. Бұл оқиғамен одан кейінгі кезең республикадағы ұлттардың көңіліне мазасыздық орнатқан бұлғақты кезең болды.

Шеруге шығушыларды қуып, тарату үшін арнайы «Метель-1986» деген операция өткізілгені желтоқсан оқиғаларына байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның тексеруі арқылы ғана белгілі болды.

Сөйтіп, онсыз да іргесі сөгілгелі тұрған тоталитарлық жүйе халықты ашындырып қана қойған жоқ, «кіші» репрессия адам құқығын аяққа басу арқылы жалғасты. Яғни, мемлекет өзін-өзі «құрту» негізін қалады. Республика халқы, соның ішінде алдымен алғыр ойлайтын зиялы адамдар алдында партия-мемлекет номенклатурасы өзінің жарамсыздығын анық көрсетті. Сол кездерде бұқаралық ақпарат құралдары: «Брежнев алаңында бір топ бұзақылар мен нашақорлар жиналып қоғамдық тәртіпті бұзды», сондықтан «қоғамдық тәртіпті сақтауымыз керек» деп бөсті.

Сөйтіп 8,5 мыңға тарта адам ұсталды. Оның 99-ы сотталып, 46-сы кейіннен босатылды. 787 жас комсомол мүшесінен шығарылды, 1138 жасқа комсомол тарапынан шара қолданылды, 271 студент жоғары оқу орнынан шығарылды.

Тексеру ісі біржақты айыптау әдісімен жүргізілді. Желтоқсан қаһармандарына сот болып, соттың қатаң үкімі жарияланған сәтте бес қаһарман қазақ баласы соттың алдында қасқайып тұр екен, осы сәтті лезде суретке түсірген материалды ҚазТАГ редакцияларға таратқан, ал осы, суретті «Жетісу» газеті басып шығарғаны үшін оның редакторы Мамадыяр Жақып, ҚазТАГ директоры ғалым-журналист Жұмағали Смағұлов қызметтерінен қуылды.

Желтоқсанда жаны күйзелмеген, көкірегі күрсініске толмаған жан некен-саяқ. Ертеңге өскен өрімталдай өндірі жастарымыздың тағдыр талайына қалың қазақ қана емес, қандас қырғыз бауырлардың да жаны жабырқады. Ат мініп Алматыға қарай сайланып шыққан қырғыз жастарының талайы жұмыстан айырылып, оқудан қуылды. Желтоқсан ызғары оларды да айналып өтпеген-ді.

Осыдан кейін республиканың жаңа басшысы зиялы қауымдардың беделін төмендетуге тырысты. «Жалын» журналында «бірде бір орыс фамилиясы жоқ» деп кінә тақты. Қазақстандағы театрлар ұлттық белгісі бойынша бөлініп көп ұлтты республиканы интернационалдық тұрғыдан тәрбиелеу ісі нашар деген баға берілді.

Кейбір ғалымдар соққы көрді, олар ғылым академиясының мүше-корреспонденті А. Қасымжанов, профессорлар С. Ысмағұлов. Ә. Тұрсынбаев. К. Шәйбеков секілді, жастарға араша болған Ж. Молдағалиев, С. Әбдірахманов, Б. Қыдырбеков. С. Зимановтар қауіптен әзер құтылды.

1987 жылғы наурыз айында болған Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің Пленумынан кейін ұлттық кадрлерді қудалау басталды. Процентомания науқаны бой көрсетті, соның әсері ұлтаралық қатынастарға зиянын тигізді. Басқа республикаларға жұмыс, оқу іздеп 90 мыңға жуық қазақ жастары кетуге мәжбүр болды. Жаңа басшылық әкімшілік әдіспен жатақхана бөлмелерінде, бригадаларда әр ұлттың өкілдерін мидай араластырды. «Өлгенде неге бөлек жатуымыз керек» деп Кеңсайдағы мұсылман зиратына да назарын тікті. Милиция бөлімшелеріне күніне қанша «нашақор маскүнем жеткізу керектігі» туралы жоспар белгіленді.

Колбиннің бір жылда қазақ тілін үйренемін – деп сұрқиялыққа салынуы елдің есінде. Осы жолдардың авторының бірі Колбиннің Түркістан шаһарына келуіне байланысты куәгер болуына тура келді. Сондағы шіркіннің айтқаны әлі есімде: «Қойларды етке сойғанда, терісін күйдіру керек, сонда әр басынан 2-3 кг ет қосымша шығады». Халқымыздың қасиетті тарихи ескерткіші Ахмет Яссауи кешенін қалпына келтіру туралы ұсыныс, шешімдерін күткен қаланың әлеуметтік мәселелерін алдына қойғанда, құлағына ілген де жоқ. Елдің, намысын таптаған адамнан жақсылық күту әбестік екен-ау.

1987 жылы Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының Орталық, Комитеті «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында бүкіл бір халыққа «ұлтшыл» деген айдар тағылып соны екі жыл бойы қайталаумен болды. Ал шын мәнінде Желтоқсан оқиғасының көлемі мен зардаптары, сипаты туралы шындық айтылмады. Баспасөз беттерінде оқиға бұрмалап көрсетілді.

Қазақстан халқы, жұртшылық талабы нәтижесінде осы қаулыдағы «қазақ халқының ұлтшылдығы» деген айыптың алынуы жөнінде Саяси бюроның шешімі көпшілік аз оқитын «Известия ЦК КПСС» журналында ғана жарияланды. Ыңжыңсыз ғана «ұлтшылдық» айдары алынып тасталды. Сөйтіп жүргенде, 1989 жылы Қазақстанда адам құқығын қорғайтын комитет құрылды. Осыдан кейін іле-шала Желтоқсан оқиғасын тексеретін қоғамдық комиссия дүниеге келді. Занды бұрмалау қиянат жамау фактілері дәлелденді.

17–18 желтоқсанда әбден ашынған, үйсіз-күйсіз жүрген жастар әлгіндей «халық жасақшыларын» арнаулы әскерлер тобын көргенде қорғану үшін қару іздеуге мәжбүр болғаны, қару қолданып «мәселені» тез шешеміз дегендердің ойы дұрыс емес екендіктері ашылды. Жастар жастыққа тән албырттық, аңғалдық жасады десек, бірақ республиканың жаңа басшылығы да өздерінің идея тәжірибе жағынан икемділігін, нашарлығын көрсетті.

Сол сойқаннан кейін түрмеде қазақтың жігерлі, қайратты

азаматы кыршын жас студент Қайрат Рысқұлбеков шейіт болды.

Жастарды зорлап, қорлап, заңды бұрмалағандарға әлі де болса жаза қолдану қажет.

Желтоқсан құрбандары ақталды. Дегенмен, заңның құрығынан талай жастың көз жасын төккен кінәлілер құтылып кетпеу қажет. «Өз қолыңмен жасаған екенсің, мойныңмен көтер» демей ме халқымыз. Осының жауабын парламент айтуы қажет.

Сол кеңес дәуірінде бүкіл елге, одақтас республикаларға барлық шындықты айтып, паш еткен еліміздің ақыны Мұхтар Шаханов. Осы азамат «Халық қаһарманы» атағына өте лайықты.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы – Қазақстанның жаңа тарихына демократиялық қоғамды жаңарту жолындағы ұлт-азаттық көтеріліс болып енді.

Желтоқсан тек Колбинге ғана қарсылық емес, бұл империялық қорлыққа, зорлыққа қарсылық, тоталитарлық-әкімшілдік әміршілдік жүйеге қарсы бағытталған көтеріліс болатын. Оның тарихи маңызы біріншіден – ол қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятты, екіншіден – ол одақ, көлемінде одақтас республикалардың егемендік жолға түсуіне түрткі болды: үшіншіден – социалистік лагерьдің ыдырауына, күйреуіне жол ашты.

Осындай көтерілістер Алматыдан кейін Сумгаитта (Әзербайжан), Тбилиси, Баку және Вильнюсте болды. Осылардың барлығы өмір талабынан туған болатын.

Ел басшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» деген еңбегінде: «1986 жылғы желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының ұлттық санасының қаншалықты өскенін көрсетіп берді. Бір ғасыр бойы халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған өктемдік алдындағы қорқыныш алғаш рет ескертілді. Жастар айдай әлемнің алдында кез-келген ұлтқа тән ұлттық намыс бұдан былай ешқандай баса көктеуге мойын ұсынбайтынын паш етіп берді.

Қазақ тарихы ондай әрі тауқымет әрі асқақ сәттер мен сағаттарды, күндер мен кезендерді талай бастан кешкен-ді.

Жаңа тарихымыздың жолын биіктеткен сондай бір

жалынды кезеңі – 1986 жылғы желтоқсандағы үміт пен үрей құшағында өткен үш күн-деп баға алды. («Ғасырлар тоғысында», 34-35 беттер).

Биылғы жылы «Аллажар» (режиссері Қалдыбай Әбенев) фильмі жарық көрді. Ол 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі мен қантөгісі туралы. Ол сананы оятып, көкіректің түкпіріне сәуле түсіреді.

Желтоқсан көтерілісі Кеңестік социалистік республикалар одағының құлауына өз ықпалын тигізді. Сонымен қатар, дүниежүзілік социалистік жүйе де әлсіреп, тарих санасынан жабылды. Еліміз тәуелсіздік алып үлгерді.

1986 жылы Алматыда желтоқсанда қазақ жастарына қиянат жасаған қызыл кеңестік империя жүйесі – дәл 5 жылдан кейін осы қалада Алматыда 21 желтоқсанда 1991 жылы өзінің өмірін қысқартты. Көптеген республика басшылары тәуелсіздік мемлекеттер достастығын құрды. Горбачев тағынан айрылды. «Біреуге ор қазба өзіне көр қазасың» деген қазақтың салауатты сөзі осы.

Жүрекке түскен жара уақыт өте жазылады, – дейді. Ал бұл тұтас халықтың жүрегіне түскен жара еді.

Күні ертең данышпан тарихтың өзі бәрін өз орнына қояры сөзсіз.

## ЖАҢА ҮКІМЕТТІ ҚАЙ ҚЫРЫНАН ТАНИ АЛДЫҢЫЗ?

Үкіметтің ауысуы қалыпты құбылысқа айналды. Бұған бұрынғыдай емес, түсіністікпен қарайтын болдық. Өз басым И.Тасмағамбетов Үкіметінің айқын танылған бірнеше қырына тоқталар едім. Біріншіден, уақыт оздырмай, жеделдетіп жұмыс бағдарламасын жасап, түйінді мәселелерді тап басып анықтап, Парламентке алып шығып және ондағы өзекті жайттарды қорғап қалғаны, бұл ретте Елбасымен келісе отырып, пәрменді қимылдағаны көкейге қонды. Бұған дейінгі Үкіметтер осыған ерекше көңіл бөлген емес.

Екіншіден, ел аралағаны Үкіметтің халықпен қоян-қолтық араласуына мүмкіндік берді. Бұл жерде Премьер-



министрдің ел өміріндегі басты мәселелерді егжей-тегжейлі зерттеп, танысуы және «бәрін қатырамыз» деп уәде беруден гөрі нақты жағдайларды қарастырып, кейбірін жергілікті атқару билігінің құзырына қалдырып, Үкімет тарапынан шешілетіндерін назарда ұстауы да қолдауға тұрарлық. Ел экономикасының өсуі жергілікті, орталық атқарушы билік тармақтарының өз міндеттерін атқаруына байланысты. Осы орайда жаңа Үкімет оңды қадамдар жасап отыр.

Үшіншіден, Үкімет тарапынан жүйелілікті жолға қоюда да ілгерілеушілік байқалады. Облыс, қала, аудан немен шұғылданады, Үкімет қай мәселені басты назарда ұстайды – осының бәрі кеңінен қарастырылуда. Мемлекеттік жүйелер жұмыс істесе, экономика да алға басар еді.

Төртіншіден, Премьер-министрдің Парламенттегі сөзі жұртшылықтың көкейінен шықты. Коррупция – ғаламдық мәселе. Осы тұрғыдан алғанда Үкімет басшысы кейбір шенеуніктердің биліктен шеттетілгеннен кейін саясатқа қарай ойысып шыға келетіндігіне әділ баға берді. Уәжбен айтылған сөзі дәлелді шықты. Терең талдау жасағаны да қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға қосылған лайықты үлес екендігі даусыз. Бұл орайда Үкіметтің көп мәселені ашық, жариялылық сипатында мәлімдеп отырғандығы сүйсіндіреді. Тұрақтылықты жолға қоюға бағытталған іс-әрекеті де айрықша атап өтуге лайық. Өйткені, экономика қарыштап дамыса, халықтың тұрмысы жақсарады, жұмыссыздық қысқарады, саясатқұмарлардың қатары сирейді. Бұл нақты кәсіпорынды алғанда да айқын көрінеді. Олай дейтініміз, акционерлік қоғамда жеке акция иесі ондағы жағдайдың тұрақтылығын қалайды, сонда өзінің жағдайы дұрыс болатындығын қаперде сақтайды, дивидендке қолы жететінін біледі. Қоғамда да солай. Экономика дұрыстала түссе, халық та мемлекетті қолдайды.

Бесіншіден, қазіргі Үкіметтің мықты тұсы – Премьердің өзі бас болып, рухани мәселеге ден қоя бастауы. Қашанда рухани байлық табиғи байлықтан жоғары тұрады. Өркениет елдерінде мекеме қызметкерлерінің білімін көтеруге жұмсалатын қаржыны инвестиция деп біледі. Шынында да солай ғой. Білікті қызметкер барынша мол

қайтарымды қамтамасыз етеді. Жаңа Үкіметтің білім мәселесін басты назарда ұстауы, әсіресе, ауыл мектебіне деген жылы көзқарасы өз нәтижесін беретіндігі даусыз. Денсаулыққа байланысты атқарылғалы отырған қыруар шаралар да қарапайым халықтың Үкіметке оң қабақ танытуына негіз болуда.

Қысқасы, Үкіметтің алғашқы қадамдары мол үміт артуға негіз қалады деуге болады. Ең бастысы – ел экономикасын дамытудың көздері табылып отыр. Мұның өзі елдің бірлігі мен тұтастығына қызмет етпекші. Елге бет бұрған Үкіметтің болашағына сеніммен қараймыз.

*24 сәуір 2002 жыл*

## **ЕСІМДЕ ҚАЛҒАН СОЛ БІР КЕШ**

**А**дамның есінде әр жыл әр түрлі оқиғасымен, ақуанышымен, қайғысымен сақталады екен.

Көрікті көктемнің әсем сазға толы сол бір кеші менің есімде мәңгі қалыпты. Енді ойлап отырсақ одан бері де біраз жылдар өтіп кеткен екен. Ал, өз басым, осынау қарапайым, жазушы жігіттің «Ақ бантик» атты кітабын алпысыншы жылдың аяғында оқыған едім. Көктем айының алғашқы ақ тамшыларындай мөлдір сезімдерге арналған жазушының алғашқы кітабы жайлы көңілімізде әдемі ән тыңдағандай жылы әсер қалған болатын. Кейін бұрын есімі бейтаныс жас жазушының жазғандарын іздеп жүріп оқитын болдым. Ал, енді жазушы Қарауылбек Қазиевпен қалай танысқанымызды айтайын. Шымкент қаласында қызмет істеп жүрген 1984 жылдың ерте көктемінде бір көңіл жақын дос-жар адамның үйінде бірге қонақта болдым.

Алғашқыда сәл тұйықтау көрінгенімен, тереңнен сырласа, сөйлесе келе, мен оның жан-дүниесінің жаңа жауған ақша қардай тазалығына көзім жетті. Ұлы Абайдың ол жатқа білмейтін бірде-бір өлеңі жоқ шығар деп ойлағаным әлі есімде. Міне, арада біраз жылдар өткеннен мен сол ойдан әлі де арылған жоқпын.

Марқұм сол кеште сөз арасында «Індет» атты үлкен романға материал жинап жүргендігін сөз еткен еді. Оның

бұл көп армандарының бірі ғана еді. Ал, ол бұл үлкен шығармасын қандай дәрежеге дейін жазып үлгергенін маған айту қиын. Себебі, сол кештен кейін әрқайсысымыз күнделікті тіршілік толқынында кете бардық. Ол мен үшін орны толмас өкініш, «сегіз қырлы, бір сырлы» Қарекеннен ойда жоқта айрылып қалатынымызды кім біліпті дейсіз.

Бала кезімізде үлкендерден «жақсыны қоймайды» деген сөзді көп естуші едік. Осы сөзде бір шындық бар тәрізді. Жазушы Қарауылбек Қазиев енді кемеліне келген шағында, әдебиет аспанынан ағып түсті. «Ақ бантик», «Иманжапырақ», «Саумал шақ», «Жұлдыз жауған түн», «Поднежники» тәрізді тағы басқа да жарық көрген сүбелі шығармалары қалың оқырмандардың жүрегінен орын алды. Оның кез келген шығармасынан, тек Қарекенге тән сілтес, өз жүрегінің пәктігін, нәзіктігін саналы оқырман еркін аңғара алса керек. Жалпы, жазушы Қарауылбек Қазиевтің шығармаларында басы артық сөз, күдікті сурет, дәлелсіз деталь кездеспейді. Адам баласының ішкі дүниесі тылсым сырға бай. Әр адам өз алдына кішігірім бір әлем. Жазушы Қ. Қазиевтің сыршыл повестері адамның ішкі жан дүниесіне, тынысына асқан сезімталдықпен үніле білгендігімен құнды. Адамның, әсіресе жас жігіттер мен бойжеткендердің психологиялық құбылысы аса күрделі, ол құбылыс әр келген көктем айы тәрізді жаңарып, жасарып отыратындығын жазушы Қарауылбек Қазиев терең түсінген, жақсы аңғарған. Біз «Саумал шақ» повесіндегі Назыкен мен Әскер, «Біз абитуриент едік» повесіндегі Макпал, Қаржау, «Иманжапырақ» повесіндегі Әсілтай, Жанат тәрізді кейіпкерлердің өне-бойынан осыны аңғарамыз. Ең бастысы кейіпкерлердің ішкі иірімдеріне батыл барлау жасай білгендігімен оқушысын елітіп, шабыттандырып отырды. Ал «Шоқпар асуындағы» Гүлзат, Тұнық, «Иманжапырақтағы» Қанзада, Жанат, «Саумал шақтағы» Назыкен болсын, бәрі де мінезіне көркі сай, әсем қыздардың бейнелері. Шарасынан асып төгіліп жатқан мөлдір сезімдер, әсем де, арманшыл балауса кейіпкерлер жазушы қаламынан қарапайым тілмен шебер өрілген. Әдеби шығарманың көркемдік

қырларының бірі – тілі екендігі баршаға аян. Жазушы Қ. Қазиев осы мәселеге айрықша көңіл бөлген. Совет жастарының Отаншылдық сезімін, асыл махаббаттарын дәріптейтін шығармаларының тәрбиелік мәні ерекше екендігін айту біздің парызымыз. Қай ұрпақтың өкілі болмасын, күндердің күнінде жазушы Қ. Қазиевтің таңғы шықтай повестеріндегі өрімдей кейіпкерлерімен кездескен сәттерінде жандүниелері бір сілкініп, өмірге тағы да ой көзімен, ар көзімен қарайтындығына күмәніміз жоқ. Таңғы жаңбырдан кейінгі жасыл жапырақтардай жан дүниелері тазарады, тартысқа толы тіршіліктің қадірін ұға түсері анық. Жалпы, жазушы Қарауылбек Қазиевтің шығармаларының ой тереңдігі, сезім сыршылдығы ұқсас. Жазушының творчествосына талдау жасап көрсеніз повестеріндегі тұтастықты, нәзіктікті, әдемілікті аңғармауыңыз мүмкін емес. Бәріміздің басымыздан сағымдай сусып, өте шыққан, бозбала кезең, алғашқы тәтті сезімдер, ғашық жүректердің лүпілі асқан сезімталдықпен тек қана Қ. Қазиевқа тән нәзіктікпен шебер өрілген.

Жазушының «Иманжапырақ» атты повесінің республикалық жабық бәйгеден бірінші келуінің өзі-ақ көп нәрсені аңғартса керек. Кезінде бұл туралы республикалық әдеби басылымдарда жақсы айтылды. Ол тіл – өнеріне асқан жауапкершілікпен қарайтын еді. Шымкент облыстық телевизия мен радио хабарлары жөніндегі комитетте еңбек ете жүріп, соңында асыл сезімді мәңгілік жастықты дәріптейтін шығармалар қалдырды. Біздіңше жазушы Қарауылбек Қазиевтің екінші өмірі енді ғана басталды. Біздердің, жалпы әдебиет сүйер қауымның жазушы алдындағы борышымыз түгесілген жоқ. Жазушы Қарауылбек Қазиев санаулы болса да соңына тамаша кітаптар қалдырды. Жазушы ел, жер, халық алдындағы перзенттік борышын адал атқара білді. Ендігісі біздердің міндетіміз.

Яғни жазушының барлық мұрасын қайта жинап бастыру, оның туған, өскен, қызмет істеген жерлерінде жазушының есімін мәңгілік есте қалдыру мәселелері кезек күттірмейтін іс деп білеміз. Көзі тірісінде орысша

бір-екі кітабы шығыпты. Мүмкіндігінше орыс тіліне аударту, бастыру секілді игі істерге Қазақстан Жазушылар одағы мұрындық болса екен.

Таң атқанша сырласқан, дәмдес-тұздас болған қайран Қарекен бүгін ортамызда жоқ дегенге кейде көңіл сенбейтін секілді. Алайда өмірдің аты өмір. Бүгін барсың, ал ертең... бірақ оның мәнісі тұтам тірлікті кімнің қалай өткізгендігінде емес пе?! «Жұлдыз жауған» сол бір армандай кеш менің есімнен бір сәт те шыққан емес.

Бірде алыстап, тағы бірде жақындап көңіліме әртүрлі ой салады. Өткен жылы Шымкент педагогикалық институтының акт залында астанамыз Алматы қаласынан келген «Жазушы» баспасының күндеріне қатысушылардың атынан сөз сөйлеген, халқымыздың белгілі ақындарының бірі, Қазақ ССР Мемлекеттік, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлықтарының лауреаты Тұманбай Молдағалиевтің Қарауылбек Қазиевке арнап оқыған өлеңдері тындаушыларды, әсіресе Қарақенді жақын білген азаматтарды қатты толқытты.

Қарауылбек Қазиев туралы шымкенттік жас ақындар – Қасымхан Бегманов пен Сатыбалды Қосалиевтердің арнау жырлары тындаушыларды бей-жай қалдырмаса керек. Бұл жазушыға деген халықтың ыстық ықыласы, мәңгілік махаббаты демекпіз.

Иә, жазушы Қарауылбек Қазиев қандай құрметке болса да тұратын азамат жазушы еді.

## **ӘЛЕКЕҢ ӘЛІ КӨЗ АЛДЫМДА (ақын Олег Постников жайлы естелік)**

**И**я, бүгін Олег Петрович арамызда жоқ. Жаратылыстың тылсым сырларының бірі адам баласының өмірге келіп кетуі дер едік. Келді, кетті. Бәлкім біреулер онда не тұр дер. Немесе кімдер келіп, кімдер кетпей жатыр деп дауласар. Әңгіме аз, көп жасағанында емес, әңгіме өмірден өткен адамның бағасында, соңында қалған қымбат қазынасында.

Түркістанға бір соққан сапарында қалалық партия комитетіндегі жұмыс кабинетіме түркістандық жас

ақын Қасымхан Бегмановпен бірге келген еді. Сол жолы «Жазушы» баспасынан 1979 жылы жарық көрген өзінің «Соленая роса» атты өлеңдер кітабын өз қолтаңбасымен естелікке берген болатын.

Түркістанға келесі бір сапары фин халқының көрнекті ақыны Пенти Холоппамен бірге болды. Бұл сапар да дәл бүгінгідей есімде. Ептеп көңілденгенде қолына гитара алып, ән салатын. Салған әндері бұрын жұрт айта бермейтін мұнды халық әндері еді. Ол әндерден орыс халқының жан дүниесі су түбіндегі тастардай жарқырап көрінетін. Оның жүріс-тұрысының өзінен жұмбақ саз ескендей көрінетін кейде. Біздің өлкемізде тұратын орыс жазушыларының ішінде дәл О. Постниковтай қазақ қаламгерлеріне камқорлық жасағаны кемде-кем. Оның аудармасымен Төлеген Айбергеновтің жырлары тұңғыш рет көлемді жеке кітап болып жарық көрді. Сондай-ақ, Ж. Саин, Т. Молдағалиев, С. Сейітов, З. Шүкіров тәрізді ақындарымызды, кезінде кимас дос болған Қарауылбек Қазиев, Насреддин Сералиев секілді жазушыларымызды орыс оқырмандарымен етене таныстырған, табыстырған да ақын Олег Постников еді. Міне, сол аяулы ақын бүгін арамызда жоқ.

Өмірінің соңғы сәттерінде аурухананың ақ төсегінде жатып жазған жырлары өз алдына, сонау 1975 жылы «Жазушы» баспасы шығарған «Крутая излучина» атты тұңғыш жыр кітабынан бастап, «Берега памяти» (1977 ж.), «Соленая роса» (1979), «Земной поклон» (1982), «Встречные ветры» (1987) тәрізді жыр жинақтарымен бірге, «Возвращение» (1978), «Пойми своего ближнего» (1984) секілді прозалық кітаптары жарық көрді. Аудармалары өз алдына, әр жылдары жарық көрген, көрмеген мақалалары мен өлеңдері қаншама?! М. Горький атындағы әдебиет институтының түлегі, коммунист, ССРО Жазушылар одағының мүшесі, ақын Олег Постников өмірінің соңғы сәтіне дейін қазақ халқының үлкен досы болып қалды. Россияда дүниеге келіп, қазақ топырағына жерленді. Ол қазақ халқын өз халқындай сүйді.

Ол өзі қызмет істеген, өмірінің ең бір қымбат кезеңін

өткізген Шымкент қаласын, оңтүстік өлкесін нағыз ақындық болмысымен жырлады. Олег Петровичті жақсы білетін қазақ достары оны «Әлекем менің» деп еркелететін. Барлығы да күні кеше ғана еді. Мейірімсіз ажал халқымызды үлкен жанашырынан айырды. Ақынның соңында қалған творчествосының бірқатары әлі толық жарық көрген жоқ. Олег Петровичтің өзі қызмет істеген Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент облысаралық бөлімшесі ақынның творчестволық мұрасын жинастырып, бастыруға қамқорлық жасауға міндетті деп санаймыз. Сондай-ақ партия, совет органдары ақын семьясына қамқорлық жасаса, өзі қызмет атқарған, өмір сүрген Шымкент қаласының бір көшесіне ақынның есімі берілсе деген игі тілегімізді тиісті орындар іске асырса екен деген өтінішіміз бар. Бұл шағын естелік ақын О. Постников жайлы болашақтағы естеліктер мен зерттеулердің бастауы ғана болар деп ойлаймын.

## ҮШ ӨРІМ

Түркістан өңірі қашан да таланттарға кенде емес. Бір Саттар Ерубәев есімінің өзі неге тұрады. Ұзақ жылдар бойы сан түрлі сылтаулар мен жағдайларға орай шешілмей келген, Түркістан қаласында Саттар Ерубәевтің музейін жуырда аштық. Бұл мәселелер туралы айып та жүр және айтыла да береді деп ойлаймын. Себебі, музей үшін экспонаттар әлі де жеткіліксіз. Дегенмен біз бүгін Түркістан өңірінде дүниеге келген сонау атақты, даңқты дарындардың лайықты ізбасарлары жайлы сөз етпекшіміз.

Түркістанда туылғанмен, қызмет бабымен басқа облыстарда еңбек етіп жүрген, бүгінгі қазақ поэзиясына өз дауысымен батыл келген ақындарымыздың бірі Темірхан Медетбеков. Әсіресе, соңғы жылдары Темірхан Медетбековтың поэзиямыздағы өзіндік ерекшеліктері жайлы жақсы мақалалар аракідік басылып та, айтылып та жүр.

Өзгесін былай қойғанда, 1989 жылғы «Жалын» журналының бірінші санында жарық көрген сыншы

Сайлаубек Жұмабековтің ақын Темірхан Медетбековтың творчествосы жайлы жазылған «Өз ғасыры – өзінің иінінде» атты жан-жақты талданған тамаша мақаласы оқырман қауымды бір серпіп тастағаны анық.

Халқымыздың ардақты ақындары Қадыр Мырзалиев пен Жүмекен Нәжімеденовтердің Темірхан творчествосы жайлы әр жылдарда айтқан пікірлері де орынды берілген. Қалай дегенмен де ақын Темірхан Медетбеков өзінің ақындық дауысын «Жанымның жас құрақтары»-(1970 жыл) атты алғашқы жыр кітабында-ақ айқын аңғартқандай екен. «Жанымның жас құрақтарынан» соң ақын «Сапар алдында» (1973), «Алыс шақырымдар» (1975 жыл), «Мәртебе» (1977 жыл), «Әуедегі толқындар» (1980 жыл), «Көгершін қауырсындары» (1982 жыл), «Дауыс» (1984 жыл) тәрізді тамаша жыр кітаптарын ұсыныпты.

Шын тұлпарлар ғана ұзақ шабысқа шыдайды. Міне, бұл жыр кітаптары ақын жүрегінен, қолынан шығып, халық игілігіне, рухани байлығына айналды. Қазақ топырағында бұрын-соңды Темірхандай ешкімге ұқсамайтын ақын сирек кездесті десек артық айтқандық емес. Жоғарыдағы жыр жинақтарынан түсінгеніміз ақынның жинақтан-жинаққа өсіп, толысып, қазіргі таңда бүтін бір әсем әлемге айналғаны. Зер салып байқаған адам ақын айтулы спорт шеберлеріндей үлкен әзірліктен, жаттығудан өткендігін сезбеуі мүмкін емес. Әр кітабының атынан-ақ көрініп тұрғандай алғашқы «Жанымның жас құрақтарынан» өмірге, әсемдікке ғашық тазалықты, пәктікті аңғарсақ, «Сапар алдындағысынан» ғасырдан ғасырға кететін жыр мұрасының алдындағы жауапкершілікті аңғарғандаймыз. Осы екі кітаптың өзінен-ақ ақынның өз үнін байқамау мүмкін емес. Ал «Алыс шақырымдар» мен «Мәртебесінен» біз ешкімге ұқсамайтын үлкен ақынның туған топырағымызға келгендігін көрдік, қуандық. Бұл жинақтардан соңғы шыққан «Әуедегі толқындар», «Көгершін қауырсындары», «Дауыс», «Жүректегі ендіктер» жыр сүйер қауымның шам алып іздеп жүріп оқитын сүйікті кітаптарына айналды.

Өзі туған, өскен, қызмет істеген өңірдің адамдарындай



осынау талантты тұлғалардың өз дауысын анық, айқын аңғартқан «Дауыс» атты жинағының «Мораль» дәптері бөлігінен бір өлеңді тұтас келтіруді жөн көрдік.

*Неткен бай ол сабыр менен төзімге,  
Жүре алады ол өз даңқын да сезінбей.*

*Қарапайым*

*Тіршілікті, тынысы,*

*Қарапайым*

*Табиғаттың өзіндей.*

*Қара нар боп жүрер ауыр кезде де*

*Бірақ оны байғұс деме,*

*ез деме.*

*Керек кезде қара қылды қақ жарар.*

*Қарапайым сөзбенен.*

*Жетеді оның қызуы да,*

*жалыны,*

*Түседі оның жұртқа бүкіл жарығы.*

*Аумайды бір қарапайым қалпынан*

*Болса да оның президиумда орыны.*

*Бүгінгі күн толғағынан жаралған*

*Керек оған жаналық та,*

*Жаңаң да*

*Жүрер бірақ қарапайым киіммен*

*Матасы мен модасы көп заманда.*

*Гүл шығатын алдына да*

*артына*

*Тартып туған перзент ол халқына.*

*Сөйлесе де,*

*отырса да,*

*күлсе де*

*Аумай кетер қарапайым қалпынан.*

*Сөйлемеген біреуменен жарысып*

*Жетсе де оның даңқы менен дабылы.*

*Көрмеген бір*

*Көтеріліп кеудесі,*

*Көрмеген бір*

*Көтеріліп дауысы.*

*Жаралған ол –*

*тазалықтан, тұнықтан.*

*Жаралған ол – қасиетті құрыштан.*

*Өзгермейді ол –*

*тазалықтан – тұнықтан,*

*Жаралған ол – қасиетті тұрыптан.*

*Өзгермейді ол –*

*Көзге түспей қалса да! –*

*Қарапайымдылықтан.*

*Салмақтылық*

*сабырлылық сырласы*

*Бетке теппей шөгіп жатыр тұнбасы*

*Еленбейін*

*Көзге мейлі түспейін*

*Бәрімізден биік оның тұлғасы!*

Қарапайым еңбек адамының мінезі, бүкіл жаратылысы осынау өлеңде қалай дәл берілген. Жалпы, өндіріс, жұмысшы тақырыбын Темірхан Медетбековтей жырлаған ақын қазақ топырағында жоқ деп ақынның ақын ағасы Қадыр Мырзалиев тауып айтқан. Кешегі жас талапкердің біздің көз алдымызда үлкен тұлғаға айналғаны біз үшін үлкен мақтаныш екендігін жасыра алмаймыз.

Астанадан алшақта жүрсе де поэзиядағы өз үні бар тағы бір жерлесіміз Темірханның тұстасы, үзеңгілесі, ССРО Жазушылар одағының мүшесі, ақын Өмірбай Сәуірбаев. Қатыгез тағдырдың сан қилы сынына дес бермей жүріп, поэзия дейтін қастерлі ұғымның, қасиетті ауылдың ортасынан өз шаңырағын көтерген Өмірбай Сәуірбаев күні бүгінге дейін оқырман қауымға «Сырымды айтам», «Ақ дидарын көргенде», «Ардағым», «Қызыл жалау жалқыны» тәрізді өзіндік айтар ойы, сыры бар жыр жинақтарын ұсынды.

Өмірбай үшін туған жерінің әр тасы, құмы өлең. Ақ төсекте тән жарасына түскен ауыр науқаспен алысып жатып жазған ақынның жырлары оқырман жүрегін еріксіз толқытады. Қатал тағдыр ақынды қос шырағдандай туған інісі мен қарындасынан айырды. Оған қоса ақынның бала кезінен кезіккен ауыр дерті тағы бар... Өз тағдырының қаншама қатал болғанына қарамастан ақын дауысы өлеңнен өлеңге қатая түсті. Қазақтың екінші Зейнолласы атанған ақын бүгін шат-шадыман осынау өмірімізді тек

өзіне ғана тән дауысымен жырлайды.

Сөзіміз дәлелді болу үшін бірнеше мысалға жүгінейік.

*...Талай жаннан шаттық көрдім бұл күнде,*

*Өміріме қауіп төнген кезде де,*

*Өлең сенен безбедім,*

*Толқыныңа сан аунатып төз дедім,*

*Төзіп келем,*

*Төзе берем,*

*Төзем де,*

*Сан қиырда қару болған, қайран жыр,*

*Өмірімді айналдырдың өлеңге.*

*Енді өлеңді өміріме айналдыр, –*

деп тебіренеді өзінің «Қару болған қайран жыр» атты өлеңінде. Өмірбай ақынның мұратына иланасың, іштей қайсар қаламгерге тілектес боласың. Асылы ақын нені, қалай жырласа да ез оқырманымен сырласа, ағынан ақтарыла отырып жырлайды, алаңсыз сырласады.

*Отыз бестің өртін-ай, дауылын-ай,*

*Отыз бестің салмағы ауырын-ай.*

*Сезімімді шайқалтып сан оятқан*

*Қайда жүрсің қайдасың бауырым-ай, –*

деп ағынан жарыла сөйлейді ақын тағы бір өлеңінде. («Қызыл жалау жалқыны», «Отыз бес жас»).

Кесек ойлармен жарықтанып сен, жолға талай шығарсың,

Саз балшықтарға шырмалып, алдыңды орап гүл кесер!

Көбелек қонып басыңа, ебелектен де құларсың

Сол кезде менің өмірім болар, ең жақын досың тілдесер.

*Өткел берместен өкінтер сені*

*кішкене бұлақ қасарын,*

*Арғы бет жақтан айқайлар саған,*

*момақан бала: «кеп кет» – деп*

*Көзіңе сонда жас алып,*

*Жылдарсың сонда етпеттеп...*

Бұл үзінді ақынның «Қызыл жалау жалқыны» атты жинағында жарық көрген «Мен саған ғана сенемін» атты өлеңінен алынып отыр. Өмірбай Сәуірбаев өз оқырманын тапқан, поэзия атты аспаннан өз биігін алған ақын. Бірақ өкінішке орай әр жылдары әр жерден «үзіп-жұлқып» қана

оқығанымыз болмаса ақын творчествосына арналған сыншыларымыздың көлемді талдау мақалаларын көре алмай-ақ келеміз.

Жоғарыда сөз еткен бір-біріне мүлде ұқсамайтын үзеңгілес қос ақын ағасының жолын қуған ендігі бір ақынымыз Қасымхан Бегманов. Астанадағы политехникалық институттың түлегі Қасымхан Бегманов институт қабырғасында жүргенде-ақ тұңғыш кітабын шығарып үлгеріпті. Ол 1980 жыл болатын. Одан бері де аз уақыт өткен жоқ. Өлең өлкесіндегі алғашқы қадамы пышақ қырындай «Бастау» жинағы. Жас ақынның жиырма үш өлеңі еніпті. Бұл жас ақынға деген үлкен қамқорлық деп түсінеміз. Алғашқы қадамында-ақ қалың оқырманды елең еткізген жас ақын одан бергі жылдарда «Жүрек толқындары», «Тоғыз перне» атты жас ақындардың жыр жинақтарында өлеңдері жарық көріпті. Біз Қасымханның «Бастауға» шыққан «Бөкен» атты өлеңін оқып көрелік.

*Тартқанда қасқыр желіннен,*

*Атылып қарсы дауылға.*

*Бөкендер қашты өлімнен*

*Араша сұрап ауылға... –*

деп басталатын туған даламыздың еркелері ақ бөкендер жайлы өлеңі небәрі төрт-ақ шумақтан тұрады. Бұл өлеңнің соңғы шумағы:

*Перзенті үшін бас құрбан*

*Ақбөкен – ана жан салды.*

*...Келгенде қашып қасқырдан*

*Адамдар оқпен қарсы алды, –*

деп бітіреді. Жүректі дір еткізетін өлең, көз алдымызға бала кездегі өзіміз көрген қойлармен араласып жүретін ақбөкендер келе қалады. Жас ақынның алғашқы қадамы сәтті басталған. Ал, енді соңғы жылдары не жазды дегенге келетін болсақ, жас ақынның республикалық басылымдарда коллективті жыр жинақтарындағы жарық көрген өлеңдеріне жүгінеміз. Қасымның өзіндік қолтаңбасы біз оның әсіресе «Иіс сабын», «Қайран Аябрик», «Шымкенттен «Алатау» жүргелі тұр», «Қарашық», «Қызыл тұтқындар», «Ескі жұрт», «Қара қағаз», «Алдан бала» тәрізді өлеңдерінен аңғара аламыз.

*...Тарихы бар бел арық ел есінде,  
Апарайын, сол жерді көресің бе?  
Сабынды да жыр етіп... деп жүрсің бе,  
Қаланып тұр дүкеннің сәресінде, –  
дейді «Иіс сабын» атты өлеңінде.*

Қасымханда поэзияны аспаннан іздемей, күнделікті өзіміз көріп, сезіп жүрген жәйттерді дәл көрсете білуімен қуанту басым.

*...Кешір ана,  
Кетемін Шымкентке.*

*Қыз «тұрмаған» ауылда қалай тұрам, –  
деп түйіндейді енді бір өлеңін. Еріксіз жымиясыз.  
Сүйген қызы өзгемен кетіп қалған лирикалық кейіпкерге  
ішіңіз жылиды. Сөзіміз дәлелді болу үшін жас ақынның  
«Қайран Аябрик» атты өлеңін тұтас оқып көрейік.*

*Жеп алған соң апамның шелпектерін,  
Ілестіріп ауылдың тентектерін.  
Ойнап жүрген кезімде қора жақта,  
Гүрс еткен мен дауысқа селк еткенмін.  
Екі қарттың күн-түні күйттері мен,  
Мылтық көрмей өскен ем өйткені мен.  
Талай қалды көңілім кейін-кейін,  
Түрлі-түрлі адамның «иттерінен».*

*Сол гүрсілге ит даусы ұласты да,  
Не болғанын жүгіргем сұрастыра.  
Сол аяғын төбетім сылти басып,  
Қан-қан болып жоғалды қыр астына.*

*Апам шығып жалт етіп сырғалары,  
Өксіп тұрған мен жаққа бір қарады.  
Коштасуға келгендей қайран төбет,  
Қайтып келіп әйнекті тырналады.  
Әйнекті ол қыңсылай тырналады,  
Қарап қойып мұнартқан қырға тағы...  
Көзін ашса күшігі бұл көшенің  
Аға, сізді түбінде бір қабады.*

Бас-аяғы бес шумақ осынау өлеңде тұтастық бар. Ең бастысы өмір бар, нақты деталь бар. Жалпы өлеңге

өмірде жиі кездесетін шағын оқиғаны орап беруді жас ақынның табысы деп қабылдаған жөн. Жас ақынның соңғы жылдары шыққан өлеңдерінде есею, өмірді тек Қасымханша көру, Қасымханша қабылдау анық аңғарылады. «Жазушы» баспасынан жас ақынның «Қарашық» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Бұл жинақ өз оқырманын табатындығына біз сенеміз.

Сонымен біз бүгін Түркістан өңірінде туып, өскен үш ақынның творчествосына өз мүмкіндігімізше тоқталдық. Қасиетті Түркістан өңірінен шыққан үш ақынға қарап, Саттар ағаларының лайықты ізбасарлары өсіп келеді екен деген шешімге келдім. Біз барымызды дер кезінде көре білейік, қадірлей білейік. Одан қасиетті өлең өлкесі жайнап, жасара түспесе, солғын тартпасы анық. Оған өз соқпақтары бар үш жерлес ақынымыздың жырлары куә. Үш ақын, үш тағдыр, үш өрім талант жайлы әзірге айтарымыз осы.

## ІЗГІЛІКТІ ІЗДЕУ

Мархабат – елеусіз ғана нәрседен әңгіме бастап беретін, шеберлік дейтін құпияның біраз кілтін қолға түсірген жазушы. «Варвараның көмбесі» атты әңгіменің басындағы жалғыз сөйлем құлақты елең еткізеді. Тосын, құпия, қызық жайдың жұмбағына үнілтеді. «Көктемге салым Қаламанның қызы күйеуге қашып кетті. Қаламан қап-қара боп түтігіп жүрді...». Әңгіме апайым малшы Қаламан Қасымбековтың күйеуге кеткен қызы жайлы тосын хабардан басталып, былай қарай шымыр өріледі. Заты жуас, бұйығы малшы Қаламан іске мығым. Оны қызының тұрмысты үйге келін болып түскенінен гөрі, экономикасы өздерінің «Победасына» қарағанда әлдеқайда ілгері көрші колхозға келін болу фактісі көбірек тыныштандырады.

«Шахтаның төбе жағынан ойылған жерді байқадым. Тез келіп тексерулеріңізді сұранамын. Шал».

Доланай шахтасынан телеграмма келгелі үш күн өткен. Трестің бас инженері, Марат Алмасовты басқарушысы шақыртты. Жас инженер телеграмма ізімен Доланай

шахтасына жетеді. Шахта астында жатқан – Мараттың сонау соғыс жылдарынан бергі танысы, бір кездері жандүниесіне оңайлықпен өшпестей із қалдырып кеткен Қасым шал. Бала жасында базармен таныстырған сапарласы. Ашкөз пайдакүнем, аса ұғынықсыз көрінген осы бір жанды ол ұмытқан жоқ еді. «Үңіле бір қарады да, тізелері дірілдеп, тас қабырғаға сүйеніп отыра кетті. Құдай-ау, мынау Қасат шал ғой... Сол ғой мынау. Сол... Сол... Қасат...». Кезінде туған ағасын да дүниеге айырбастаған Қасат шал бүк түсіп, бетін басып жантәсілім етіпті. Мұнан әрі әңгіме тынысы кеңейіп, күдік пен күмән үйірген уақиғаның түп төркіні ашылып, жазыла түседі.

Арқарлы ауылының арғы-бергісі, Доланай шахтасы, Мараттың балалық шағы сөз болады. Арқарлының адамдарына жинақ кассасына ақша салуды үйреткен Қасат шал еді. Марат Қасат шалдың өз көзі көрген, жұрттан естіген адам түңілерлік әрекеттеріне уақыттың үкім айтқанына куә болды. Негізінде, Мархабат Байғұтов шығармаларының түпкі дәні – жастық, жақсылық, тазалық, адамгершілік пен қараулықтың бетпе-бет тайталасы. Ол өз шығармаларын көбіне-көп соғыстан кейінгі ауыл шындығына, бүгінгі замандастар жан-дүниесінің иірім қырларын аша түсуге құрады.

«Интернаттың баласы» баяны – оқушы жүрегіне жол тапқан дүние. Соғыс кімге оңай тиді дейсің. Соғыстың соңы да оңай болған жоқ. Жетім-жесірдің жағдайы айтпаса да түсінікті. Ноқтабай – соның бірі. Интернатқа тұрып оқиын деп келе жатқан қаршадай баланың алды – ұз-з-зақ жол... «Кейде ұрыншақтығың, кейде қырсықтығың бар сенің. Көңіліңе алма, Ноқташ. Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады. Мен айтпағанда, ақылды кім айтады саған.

«Жақсы болмақ әсте-әсте, жаман болмақ бір нәсте» (Қоғалының кемпірлері көп айтатын мақалды өзінше өңдеп жүр-ай) деген. Адам жақсылыққа қарай баруы үшін Құлбайшоқының жотасына тырмысқандай қиналуы керек, ал жамандыққа бару ойға домалаған сияқты. Өзіңе-өзің бекем бол, Ноқташ». Айтқандай-ақ балалық шақтың арынды ағысы иіріп ала жөнелген Ноқтабайды.

Ол ағыста қол ұшын берер ниеттес те бар, кері итеріп, кесірін тигізер кесапат та бар. Тек өзінің де барынды, аспандатып әкетер қуанышта да, әуелетіп әкеліп, аямай тастай салар қайғыда да қарсы қояр күш-қайрат, өремен бөлісер жан жылуы әрдайым өз жаныңда да болуын ұмытпағайсың.

Жазушы Байғұтов – замандастардың – өз кейіпкерлерінің жан дүниесінің бары мен жоғына барынша қырағы, барынша сергек, жауапкершілікпен қарайтын жазушы. Жазушылық дейтін ғажайып кәсіптің басты мұраты адамды тану, таныту болса, сол мұратқа жету жолында алдына көп мақсат қойған жазушы.

Оның «Жалын» баспасынан 1988 жылы жарық көрген «Нәуірзен» жинағы повестер мен әңгімелерден тұрады. Ілгеріде айтқан тұжырым-бағамызды аша, саралай түсу қажет болса, осы шығармалар арқылы-ақ бірталай жайды аңғаруға болатын сияқты. «Патефон» баяны елуінші жылдардың орта шеніндегі ауыл тірлігінің әлеуметтік, психологиялық иірімдерін алға тартады. Мұнда да шығарма шұғыл жедел басталып, өткен күндерден қалған белгілерді арғы-бергіні алға тартып кеңіп кете береді. «Редакцияға бір хат келіпті. Жай қатардағы хаттардың бірі емес, балалар бақшасының меңгерушісі туралы арыз».

Бұл хат журналист жігіттің бітеу жарасын тырнап өтті. Неге? Оның себебі көп. Жазушы енді асығып-аптықпайды. Елең еткізіп алып, жаяу желіске салады. Мұның бәрі баяғыда болған. Әрі қызық, әрі мұңлы. Ал мына хат қызық. Бүгінгі түйткілдер жайлы. Бірақ журналист жігіт бәрібір сенбейді. Сенер еді-ау... Санасына сіңгені басқа. Автор осы бір екі уақытта болған екі түрлі жайды алға тарту арқылы бүтін бір ұрпақтың мұңлылау көрінгенімен, аса нұрлы балалығы, адам жүрегінен ақтарылған адалдық, ізгілік жайлы хикаяның астарын аша түседі.

Соғыс әлдеқашан біткенімен, оның суық елесі әр үйдің босағасында, кедей колхоздың жүдеу тұрмысында әлі жүр еді. Қайтсек көтеріліп, ел қатарына қосыламыз деген жұртта тыным жоқ. Егіске шығады, арық қазады, шөп шабады, әйтеуір бітпейтін шаруа. Жұмыс күші – көбіне әлі де бала-шаға, қатын-қалаш. Осы бір шақтың шындығы



көркем әдебиетте аз жазылған жоқ. Сол шындыққа жазушы Мархабат Байғұтовтың өз сөзімен келгені, өз көзімен қарағаны да – даусыз. Ол уақыт шындығын түкпірдегі қазақ ауылдары үшін тым тосындау естілер бала бақша жайлы әңгіме төңірегінде ашады.

...Жұмыстағы жұрттың баласын бағатын адам табылмай жатқанда құртымдай Өсербайдың кеудесі сырылдаған байғұс Әсем апасы келісім берді ғой. Енді бұлардың тоқал тамы – балабақша. Өлмелі кемпір мен құйтымдай баланың тірлігі енді мүлдем өзге. Олар балаларға ертегі айтады, тамақ істеп береді, ойнатады, ұйықтатады.

Жазушы осы бір қамкөңіл екі жанның жүрегінде жылууды, жан түкпірінде жатқан асылды шағын-шағын, үзік-үзік сәттермен-ақ жарқыратып ашып берген. Қамкөңіл деп көлгірсігеніміз емес, шынын айтқанымыз. Бауырына басып жүрген балапаны – Өсербайы, Әсем апаға, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жат біреу. Әйелі қайтыс болған соң тиген шалынан қалған тау аржағында тұратын қыздың баласы. Өсербайдың да ку іші бірдеңені сезеді. Жезде, әпке дегенімен, сол тау аржағындағылардың бұл дегенде ықыласы бөлек-ау, бөлек. Бірақ бәрібір Әсем апасын жанындай көреді. Оны аяйды. Өмір бойы өзіне «сен менің балам емессің» деп айтпаса екен дейді. Бірақ өмір бір-ақ күнде опай-топай болып, айтылмайтын нәрсе айтылып, ашылмайтын көмбе ашылды да қалды. Бәріне кінәлі – жұмбақ арыз. Жазушы әйтеуір бір шындықпен бетпе-бет келер сәт боларын, ол сәттің Өсербай мен Әсем апа тағдырына қалай жақындағанын әсерлі әңгімелейді. Жазушы бір ғана жағдай төңірегіне бүкіл бір уақыттың шындығын жиып әкеліп отырған жоқ, сонымен бірге жасап келе жатқан ізгілік, жақсылық, жан жылуы атты ұғымдарды және бір алға тартып отыр.

«...Елу төртінші жылдың ерте көктемінде біздің колхоз әлі білте шам жағатын. Радио да келмеген. Айтпақшы, батареямен жұмыс істейтін радиоқабылдағыш ауыл бойынша Қалтөренің үйінде ғана болатын. Черепица дейтін шатыр да сол үйде, қалғандары қамыспен жабылған. Құлтөренің әкесі – ауылдың ақсүйегі. Жұртта

жоқтың бәрі соның үйінде бар. Былайғы жұрттан терезесі биік екенін құйтымдай ұлының да құлағына құйып тастаған.

Ауыл балаларының пана деуге Қалтөренің әкесі ғана лайық шығар деп ойлауына ащы жымиясың, тіпті соғыста шейіт болған әкелерін де пана деуге қосынып жүрген жалаңаяқ жетімдерді аяйсың. Әділетсіздік дейтін ғұлмат күштің қай уақытта да адам бишараның қыр соңынан қалмай келе жатқанына күйінесің. Рухани үстемдік пен каталдық үстемдіктің алыс-шығыс арпалыспен келе жатқанына, көбіне-көп соңғысының мерейі биік болып кетеріне ашынасың. Жазушы өмірдің осы бір ащы шындығы – жамандықтың көп кесапатын бәрібір жақсылық, ізгілікке деген сенімге жеңдіру үшін тер төгеді. Түптің түбінде адамгершіліктің алар асуы биік екенін құлаққа құйып, жүрекке сіңіруден жалықпайды.

Әсем апа балаларды өз балаларының аузындағысын жырып беріп бақты. Дімкәстігіне қарамай жанын салып-ақ еді. Кішкентай Өсербайы патефон әкелем деп тау аржағына барып, Қалтөреден зәбір көріп қайтты. Алдында да жапа шегіп, басын жарғызған. Сөйтіп жүргенде бұлардың үстінен «ішіп қойды, жеп қойды, қарғадай баласына дейін еңбеккүн алып отыр, өзі жұқпалы ауру болашақ ұрпаққа зиянкестік жасап жүр» дегендей мағынада арыз түсіпті. Ауданнан тексеру келіп түк таппағанымен, өкпеңізді рентгенге түсіріңіз деп кетті. Әсем апаның жанын жеп бара жатқан бұл опасыздық оспадарлық емес. Шынымен-ақ балаларға ауру жұқтырып алдым ба деген уайым-қауіп. Өсербай екеуі ауданға келе жатыр. Рентгенге. Ашынған Әсем апа белін бекем бұған. Айтпасты айтуға бекінген. Өсербай сол айтылар шындықтан қорқады. Осы бір қылкөпір жүрегінді тырнап, жаныңды ауыртады.

«Бұдан артық не күтем енді. Болды, бітті! Бұл кісі әбден түңілген екен. Бұдан әрі не болар? Қалай күн көрерміз? Бетіне қалай қараймын, бір түрлі ғой, қиын ғой.

Қиын болады, қиын болады, қиын болады, енді азап болады. Айтылмағаны жөн еді-ау...

– Айтсам ба, айтпасам ба деп азаптанамын да жүремін. Өлетін болдым өстіп-ақ. Айтайын енді...

Басым айналып барады. Айнала берсе, шыр көбелек. Құлағым тас керең болса, түк естімей қалса. Қайда-а-а, бәрін анық қабылдап отыр қалқайып.

– Әй, тыңда! Жаман айтпай, жақсы жоқ, іренген өкпемнен бе, өзге жерімнен бе бірдеме тауып алып қала ма, ендігі өмірім бәлністе өте ме, оны кім біледі, айтарымды айтып қалайын. Сен мені уайымдап, қайғырмай-ақ қойғын. Естіп отырсың ба? Сен ренжіме, іренгенге түспей тұрып ақтарылып алайын. Іренгеннен өлі шығам ба, тірі шығам ба, қараң өшкір. Жұқпалысың десе, өлгенім артық. Балалардың бетіне қалай қараймын. Жұқпалы боп, жас өскінді былғаған болсам, нем адам? Саған айтпағанда кімге айтайын, айналайын-ау!

– Құрыш ағай да бала оқытып жүр ғой.

– Е, ол тексерілген, іренгеннен өткен бәле де.

– Сіз де өтесіз. Аман-есен.

– Әй, басқа жаққа бұрма. Саған айтайын дегенім жүдө басқа. Білетін де шығарсың, анау бәлелерін айтпады дейсің бе?

– Нені, апа?

– Жүдө білмей қалғаның, қараң өшкір.

– Не ол, апа?

– Ой, жүрегім менің жарыла-жарыла өткен, жүз жерден жамауы бар, білдің бе? Білмесең, айтайын. Сен... Сен менің балам емессің, тау ар жағының баласысың. Өне білдің бе енді?! Нені-нені дейсің маған барып. Мен іренгеннен шықпай қалсам, не жұқпалы деп тапса, сен де тексеріліп көргін. Сау болсаң, бір күн тұрмай, әке-шешене жөнел. Менен рұқсат, батамды бердім. Аумин. Өне, айттым. Нені-нені деп күйдірдің ғой, жүдө. Айтарымды айттым, қарызымнан құтылдым. Бәрібір, түбінде табасың ғой. Қинап неғылайын. Мені сау деп қайтарса да, енді қолымда қалмайсың. Ұстамаймын. Болмайды енді, болмайды. Қараңөшкір. Бәрі қараң қалсыншы. Әке-шешене барып, ұйқың тыныш, күлкің шын болып өшсі, айналайын, Іренген-ау, ірен-ге-ге-е-ен, өлтіре сал мені енді-і-і. Жіберме енді, ірен-ге-ен!

Апам екі қолымен жәшіктің екі ернеуінен ұстап, айдалада айқайлап жылады.

– Іренген-ау, іренге-с-ен... И-и-и, а-а-ай...

Адамдарға жақсылықтан басқа түк те жасамаған Әсем апаның жан айқайы жазушының ізгілікке деген сенімге құштарлыққа, құрметке шақырған жүрек үні де.

Әсем ана босаған екен, ширыққан екен, әрі-сәрі сөйлеген екен, айғайлап жылаған екен деп оның өкініш пен өксіктен гөрі тіршілікке құштарлыққа, жан жылуын өзгелермен бөлісуге толы тірлігін бақытсыз ғұмыр дей аламыз ба. Жоқ. Әр пенде өз пешенесіне бұйырған жарығын осылай алып өтсе, жамандық атаулы әлдеқашан айдалада қалар еді.

Автор уақыт шындығын, адам тағдырларын әлеуметтік аяда қарастырады. Бүгінгі күн тоқшылық замандағы рухани жұтаңдық, өзіме ғана бола берсін дейтін ашкөздікті кешегі шындыққа, бір жапырақ нанмен бірге жан жылуын бөліп бергендерге, сүттей ұйыған ұйымшылдыққа, ағайынгершілдікке тайталастыра жазады. Ойлан, сілкін, тазар, былғанба, күйкіленбе дейді.

Тегінде, Мархабат Байғұтов «кішкентай», «әлсіз», «қорғансыз» адамдарға іш бұра жағады. Себебі сол – «кішкентай» адамдардың үлкен екенін, рухы мықты, жаны таза екенін айту. Әлімжеттік, озбырлық-оспадарлыққа, түйсіксіз, көрсоқырлыққа тазалық арқылы тосқауыл қою.

«Таудағы андыз» повесіндегі Бауыржан Керімбеков дейтін оқушысы да, ұстазы Есқали Сәрсенов та тағдырдан көп таяқ жеген, бір қарағанда бақытсыз, байғұс сияқты. Сырын білмейтін жұрт солай деп те ойлауы мүмкін. Бірақ... Бірақ, сонымен солай ма? Жоқ. Бауыржан жетімдік деген сұмдықты көрді. Көздерін шел қаптап, көкірегін май басып кеткен аға-жеңгенің босағасында жүр. Ел қатарлы еркін ойнап-күлуді тағдыр мұның пешенесіне жазбаған. Ертеден қара кешке шейін қора тазалау, мал суару, отын жару дегендей шаруасы бір бітпейді. Ол тіпті есі шыға қуанып та, ештеңені ойламай сақылдап күліп те көрмеген шығар. Жаны мұңға толы Бауыржан сондай таза, сондай қамкөңіл. Барын аяп, көрмеген бала. Достыққа адал. Қабілетті. Әне-міне адам болып кетейін деп, болашағы бақытты күндерің көп дегендей, өмір күле қараған шақта – оқуға түсіп, ел қатарына ілігіп қалған шағында тағдыр тағы аямай соқты оны. Кластастары Айсұлу мен Оқастың

тойында сөніп қалған электр шамын жағам деп, бағана басынан құлады. Сонан есі ауысқан ауру болды. Сөйтіп жүріп көз жұмды.

Бауыржанға тілектес, ниеттестер, кішкене күнінде кісі есігінде жүргенде жаны ашығандар көп болғанымен, мұғалім Есқали Сәрсеновтың жөні бөлек. Жетім көңілге жұбаныш болар көп жағдай жасаған осы бір жаның өзі де – жетім. Сүйіп қосылған аяулы Кәмиләсі суық кітапханада қыс бойы бүрісіп отырып ауру тапты. Балалары болмаудың басты себебі де сол шығар. Кәмила қайғыдан ба, науқастан ба, әйтеуір мұны ерте жалғыз тастап кетті. Ақарлы-шақарлы үй болып, жар, бала, немере қызығын көре алмады. Жасы жер ортасынан асқан Есқали иесіз үйде бір өзі қалды.

Шығарма басында баяғы Бауыржандар оқыған мектептің орнын бес қабатты бетон үй басқаны айтылады. Олардың класының жиырма жылдық кездесуге жиылғанын айтылады. Мұғалімнің балаларды тізіммен түгендеп, Бауыржан Керімбеков тұсына келгенде оның кластастарының да баяғы бала, таза пәктігін бетонға ұқсас бірдеңе басып қалғаны, яғни пиғылдың өзгеріп, тазалықты тат баса бастағанын жазушы елеусіз ғана алдына тарта қояды. Жүрегің шымшылап, «ойпыр-ай, бәрі езіліп, егіліп баяғы балалықтың тұсынан шықса ғой» деп тілеп, көңіл түкпіріндегі әзәзіл: «Әй, қайдам» деп тұрса да, солай болса екен деп, шығарманы әрі қарай, үміт-күдік аралас кейіпте оқи бастадық. Қайран ғана сусып өткен жиырма жыл өз дегенін істегенсің-ау. Бейіт басына барып қайтайық дегенде жақтырмай, дуылдасып, немқұрайлық танытқандар көп болды. Былай қарасаң, құлынтайдай тебісіп бірге өскен «балалардың» бұлай кергуі қисынсыз-ақ. Бірақ жазушы шындықты жазып отыр. Өмірдің өз дегенін істейтінін, тіпті туған бауырдың да жат көрініп, ең жақыным дегеніңнің де уақыт пен жағдай тасасында көмескіленіп қала берері – опасыз жалғанның ең қатыгез заңдылықтарының бірі. Мұндайда борыш, парыз, міндет деген қасиетті ұғымдарды адамның адамы ғана алып шығады. Есқали Сәрсенов – сондай адам. Айсұлу да, Кескінбаева да сондай адам. Бұлар да аз

емес. Бірақ тоқмейіл тоғышарлар да бар...

Шығарма соңын жазушы тосын, күтпеген шешіммен аяқтайды. Күтпесең де осы шешімге алпыс екі тамырын иіп, жаның елжіреді. «Түу, жақсы болды ғой. Ақыры Ескали Сәрсенов те, жалғыздық жарқыраған жүзін, болмаса жанын жүдетіп жүрген Айсұлу да өмір нұрына қайта шомылатын болды-ау» деп қуанасың. Өмір бар жерде үміт өшіп, сенім жоғалмайтынына мәз болып шаттанасың. Шығарма қуантып аяқталады. Ойға тартып бітеді.

«Бедірейген, меңірейген мейірімсіздіктің неше түрлісіне кездесеміз, таң қалмаймыз, араласпаймыз, етіміз үйреніп кеткен. Жалған мақтау, жалпақтаумен аралас-құралас жүріп жатамыз. Осының күллісін мойындағымыз келмейді. Тандана алмаймыз. Ал Айсұлудың Ескали Сәрсеновке өзі келіп, мойнына асылғанына, бақытты етуге біржола бекінгеніне танданбаған адам қалған жоқ». Рас-ау...

\* \* \*

«Наурызетте» жалпы әңгіменің майын тамыза жазатын жазушының үш әңгімесі бар. Повестерінде сәл-пәл шұбалаң қылыққа салынатын, астарлап-ақ жеткізер кей тұста түпкі ойды тым ашып тастайтын Мархабат әңгімеге келгенде тым ширақ. Артық-ауыс сөзден гөрі, оңтайлы асықтай үйіріліп түсіп жатар ұтымды деталь, еріксіз езу тартқызар қуақы тапқырлыққа бейім.

«Ақ орамалды қыз» алпысыншы жылдардың басындағы ауыл тірлігін, адам мінездерін ойнақы, ойлы жеткізген әңгіме. Кішкене кейіпкер жүгері жинауға барған. Колхоз тіршілігіне көмектесу ғой баяғы. Қарбалас қауырт шақ үлкенге де, кішіге де қатысты. Жазушы бәрімізге бала жастан таныс көпшілікпен жұмыс істеудің қызығын, қимас сәттерін табиғи өреді. Үйде барды ала келіп, қауымдасып дастарқан жаю, әзіл-қалжың, өзіміне қақтығып-соқтығып жүрген ауылдас үлкен-кіші. Мұндай шақтың рақатын бастан кешкен біледі. Сондай бір жаз еді. Жұрт жаппай жұмысқа шыққан. Біреу жүгеріде, біреу пішенде, біреу қызылшада дегендей. Түп-теп келгенде жазушының айтайын деп отырған ең басты жайы тек еңбек романтикасы ғана емес. Қалбибі дейтін керемет қыз. Оның ұстамдылығы, бауырмалдығы, тап-тұйнақтай

пысықтығы, әдептілігі мен мықтылығы, кешірімді-қайырылымдығы, адамгершілігі. Жазушы ол сондай еді, мұндай еді деп суреттеп жатпайды. Жүгеріде жүрген жұрт алдында әр сәт күтпеген тосын қырын ашып, тәнті етеді. Ең әуелі Маржанбике мен Орынкүл сияқты ауыз жаппас ақкөңіл жеңгелер бейтаныс қыздың қызыл орамал салмай, ақ орамалмен жүргеніне бет шымшысып, пыш-пыш етті. Әдемі депутат қызды сан-саққа жүгіртіп сүйрендеді-ай дейсің келіп. Қалбибиге тіпті қатты тиісті. Дене құрылысын, жүріс-тұрысын сөз етісіп жүргендерін жасырған да жоқ, естіртіп-естіртіп айтты. Қыз болса жұмыстан басқаға алаң жасар емес. Қызық болғанда, Федор Ченко бастықтың болады деген шай қайнатқышы келмей қалып, сусаған жұртты – бақандай жиырма бір адамды Қалбибі үйіне шайға шақырды ғой. Манағы шу сөздеріне ұялса да, шай шыдата ма, Маржанбике жеңгей тобын бастап жетіп-ақ келді. Тап-тұйнақтай, таза, жұпыны шағын үй. Бәленбай жылдан бері сал ауру болып жатқан шеше. Үйелмелі-сүйелмелі ұл мен қыз. Бәріне қамқор, бәріне үлгеріп жүрген әп-әсем Қалбибі. Бір үйдің ауыртпалығын көтеріп, ауру ана, кішкене іні-сіңілісін бағып жүрген қыз. Жөн біледі, халықтың дәстүр-салтын жанына сіңіріп өскен.

Әңгіме аласапыран өмірдің ауыз толтырып айтарлық кереметтеріне емес, жай ғана қоңыртөбел бір үйдің тірлігіне, сүттей ұйыған берекесін сипаттауға құрылған. Сонысымен-ақ ұтымды, аса әсерлі. Сөз жоқ, жазушы бір іс көз көрген, куә болған, жан түкпірінде ұмытылмай жүрген жылы суреттерді қайта жандандырып отыр. Ұмытқаның болса, есіңе түсір, өмірдің осындай бір нәзік, көзге жас келтіріп, көңілге нұр құяр қимас шақтары бар, соны шамаң келсе есіңнен шығарма. Ең кереметтердің сондай бір сәттерде жатқанын ұқ дейді. Әңгіме басында ақ орамалға қатысты туған тосырқау (оңтүстік Жақта күйеуге шықпаған қыз тек қызыл орамал салатын әдет бар – Н. Б.) соңында қимастық, жақсы көру, туғанындай сезіндірер ыстық ықыласқа айналады. Жазушы шығарманы жанды, әсерлі әрекет-қимылға, жасандылығы жоқ табиғи қылықтарға, «қызық» сөздерге құрған. Әңгімедегі

Маржанбике, Орынқұл, Қалбибі, оның сіңлісі Балжан, кішкентай інісі, әңгімені баяндап отырған кейіпкер бала – қоспасыз, бояуы қанық дара мінез иелері.

Алды бар, арты жоқ дейтіндей салдырлаған Маржанбике тегінде жаман адам емес. Қу мінез қоя ма. Кейде бос сөйлеп, шектен шығып қырып кетері бар. Әйтпесе, жайдары, бауырмал, қалжың қой-ақ жан.

Жазушы оның әуелі Қалбибіге тиісіп-тиісіп алып кейіннен қатты ыңғайсызданғанын, қибыжықтап, көмейіне жас кептеліп әбігерге түскенін бірер детальмен, аса шынайы жеткізеді.

Кішкентай кейіпкерге Қалбибі тәтесі кереметтей ұнаған. Оның інісі Қайыржан да ұстамды, көргенді бала, екеуі жақсы дос боп кетті. Ал оң жақ бетінде қалы ғана жоқ демесең, Қалбибі тәтесінен аумай қалған Балжан ше. Оның жөні тіптен бөлек сияқты... Әйтеуір бір түрлі сол кішкентай кейіпкер Қалбибі тәтесі, оның інісі мен сіңлісі, ауру апасы, басынан тастамайтын ақ орамалы (Қайыржан тәтесінің қызыл орамалы біреу ғана екенін, оны тек депутат әпкесі ауданға жиналысқа барғанда ғана тартатынын айтқан) жайлы мамасына айтып барған. Ол кісі ауызға ілігіп жүрген әдемі сіңлісіне қызыл шайы орамал беріп жібереді.

– Сізге мамам сәлемдеме деп беріп жіберген, – дедім.

Қалбибінің беті ду етіп, қызарып жөнелді. Қорқып кеткенім-ай! Кейбіреулер мұндайға ренжиді ғой.

– Ертеңнен бастап арбаға ауысады екен, енді жүгеріге келмейді, – деді Қайыржан.

Қалбибі қып-қызыл, жұп-жұқа, әлдебір әдемі иісі бұрқыраған орамалға сонда ғана қол созды. Басындағы ақшылтым, күн жеп қойған, ескі орамалды шешіп, қолтығына қысты. Қызыл орамалды өзінше, өзгешелеу етіп, оң жағына аудара тартып алды.

– Рахмет, – деді сосын.

– Есіз қағыр, мұғалім келін-ай, бәріміздің алдымызды орап кетті-ау, – деді Маржанбике. – Оқығанның аты – оқыған.

– Сен, – деді Қалбибі білегінен ақ күміс білезікті суырып, – мамаңа мына менің сәлемдемемді ала барғын!



– Керегі жоқ, ұят болады, алмаймын...

– Неге ұят болады? Мен алдым ғой. Сен де аласың, апарып бересің. Мен сені қимай тұрмын. Мен емес, әсіресе анау Қайыржан қимай тұр. Қалбибі күміс білезікті жейдешенің омырау қалтасына салып, бетімнен екі рет сүйді.

Қайыржан мен Балжан көпке дейін қол бұлғап тұрды.

Машинада тербеле теңсетілген Маржанбике апамыз көзінің жасын сығып алып:

– Есіз қағыр, құдайым-ай, – деді. – Айналайындар, адам боп кетеді. Адам болғанда қандай! Осылай дегенімен, көпке дейін көз жасын тоқтата алмады ол кісі. «Жанымайдың жотасы» арқылы да автор көп ой түйеді. Туған жер тарихы, ел тағдыры, тіл тағдыры дейтін көкейтесті жайларды шым-шымдап, сөз арасында сыналап айта отырып көкейге құяды. Қанай ауылы адамдарының көкірек көзімен, көңіл толқымаларымен қозғайды. Қанай ауылының үлкен өмірмен араласуы қиын. Жанымайдың жотасы деген биік асу бар. Сонан өткен өтеді. Қалаға қарай кететін асфальт жолға ілігу үшін жолаушыны міндетті түрде бір адам жотадан асырып салуы керек. Кешқұрым Базарбек аға келіп, әкесінен Қаратайды сұрап алған. Жанымайдың жотасынан өткізіп салсын дейді. Сол аға көсіліп әңгіме айтып отыр.

– «Әлі есімде, сенің көкеңді қырық төртінші жылдың қысында шығарып салдым... Осы жолмен, осындай қыстың аяғында, көктемге салым, атпен әкеп тастағанмын. Ой, сондағы жылағаным-ай.

...Білесің бе сен, білмейсің. Жанымайдың жотасына жеткізген кісілердің бәрін қаршадай болып-ақ санап, есептеп, түгендеп жүрдім мен сонда... Жанымайдың жотасына шығарып салған адамымнан қара қағаз келсе, жұрттың бетіне қарай алмай қалатынмын». Базарбек – тұңғыш оқуға түскен ауылдас. Механиктікке оқып жатыр. Арманы көп, айтары көп. Ауылдастарының арасынан айтулы кісілер шықса дейді. Жотаның ар жағындағы өмірге көбірек үңіліп, көкірек көздерін ашса дейді.

Жастар жаппай оқыса дейді. Ел болған соң ішінде ері де

бар, езі де бар. Базарбек ағасы Қаратайға бастан кешкен, көрген-білгенін айта беретін. Жанымайдың жотасынан жақсы да өтті, жаман да өтті. Қаратай да ер жетіп тарихтың түбін қазам деген ғалым болды. Кім білсін, бір кезде механик болам деп оқуға түсіп, ақыры үлгере алмай қайтып келген, бос келмей Қанай ауылына тұңғыш рет орыс келін әкелген Базарбек ағасының әңгімелері түрткі болды ма, әлде тұңғыш рет жоғары оқу орнына түскен Периханның: «Ал енді Қанайдың тари хын білесің бе? Білмейсің, сезбейсің. Қанайдың да, Қазақстанның да тарихын ең ежелгі Греция мен ең ежелгі Египеттен жүз, тіпті мың есе кем білесің. Сезбейсің деген қайрауы өтіп кетті ме? Әкесінің адамның жанына үніп, шығарып салып тұрған ауылдасының тілекшісі, ниеттесі болып қал дегендейді меңзейтін аталық сөздері көкірегіне бірдеңе құйды ма? Әйтеуір, Жанымайдың жотасына тартқан жолдар мұны үлкен өмірге азамат етіп алып шыққаны даусыз...»

«Шөмелек» – жазушының көпке ұнаған әңгімелерінің бірі. Жаманқұл әбзелшінің жастайынан жанына серік болған бір әдегі – сөз төркінін іздеу. Соғыста жүріп, көп сөзінің қазақ сөзінен аумайтынын естіп таңдай қаққан. Сол жерде танысқан полковник, кейіннен атақты ғалым Жаманқұл әбзелшіні іздеп келеді. Жапырайған үйден көш деп азғырған балаға, ауыл белсенділеріне де Жәкең пысқырып қарамайды. Қадірлі қонағын жанымен, қанымен қарсы алады. Түп төркіні туу әріде жатқан туысқанын қаймағы бұзылмаған халықтық, қазақы қалыпта қабылдайды. Өзгеріп емес, өзі болып қабылдайды.

Әрине, бір жинақ, бірер әңгіме төңірегінде жазушының бар мүмкіндігін, алымқарымын, олқы соғып жатқан осал тұстарын түгендеп жату мүмкін емес. Не десен де әйтеуір, бір тұстарда обал жасап артық айтып немесе тым дәріптен асыра айтып кетуің әбден мүмкін. Сонда да болса, Мархабат Байғұтов шығармаларын оқып жүріп өз түйгенім: не жазса да жүрегін тырналап, жанын тербегенді, қолмен ұстап, көзбен көргенді елеп-екшеп, таразылап барып, осы қажет-ау дегенді тап

басып, тауып барып жазатын жазушы. Ал қалай жазады дегенге келсек, жазушы қаламының жатық, әсерлі, шебер қиюласқан тұстары да аз болмағанымен әзірге әлі де кедір-бұдыр, асығыстыққа бой алдырар, артық баяндау, түсініктемелерге ұсталып қалар тұстары да жетерлік. Көкірегі көреген, жаны мазасыз, жақсылыққа араша түсіп изгілікті іздеп жүргендердің болмысын алға тартып жүрген жазушының шеберлік құпиялары жайлы әлі де ойлана түскені дұрыс сияқты. Сондықтан да жазушының бүгiнiне ғана емес, ертеңiне де сенiм арта қараймыз.

## «ҚАРАШЫҚТЫҢ» ТОЛҚЫНЫ

**Қ**асымхан бала кезде Қарашық өзенiне көп барған болар?! Майда толқындары жағаны шыпылдата ұрып, кең арналы өзен баяу ағып жатады. Жаз болса судан шықпайтын едi. Үлкендер жағы: «Қарашыққа бара бермендер. Иiрiмi бар өзен, түбiне тартып кетедi!» – дейтiн. Бала көңiл оған бiрде сенiп, бiрде сенбейтiн. Жерлес ақынымыз Қасымхан Бегманов өзiнiң жаңа жыр жинағын «Қарашық» деп атапты. Кiм бiлсiн, ақын жүрегi сыршыл ғой. Осы майда толқынды, кең арналы өзендей, жырым да оқырман жүрегiне жетсiн, сусындатсын дедi ме екен? Осы тақырыптағы ақын өлеңi:

*Қарашық – менiң сүйiктiм,  
Сүйгенiн кiмдер жазбаған?  
Махаббатыммен биiкпiн  
Өртенiп кете жаздаған.*

*Суретiм менiң судағы,  
Толқыды ерке толқынмен,  
Бiр шумақ та өлең тумады,  
Құлазып қайттым сол түн мен.*

Өлеңмен өрнектеген ақын ойын бiз дәл басып айтар болсақ, асқақ та терең лирикалы астарға құрылған тұңғыық сырды аңғарамыз. Бұл ақынның елiне, жерiне деген мол да iлтифатты сағынышы дер едiк. Ол өз сырын бала күнгi сәттермен қабыстыра отырып, лирикалы толғаныс жасайды. «Қарашық» үш бөлiмнен тұрады. Алғашқы

бөлім «Лебіз» деп аталыпты. Алыстан ат арытып келген ақын туған жерге ақ көңілмен сыр| ашады:

*Қиын болып барады қауымға ұнау,  
Немқұрайлы қарсы алған ауыл мынау,  
«Сөз өнері – дертпен тең» – дейтін еді.  
Мен де осы аурумен ауырдым-ау.  
...Алтын кездік бітті зой шарықталып,  
Сөз өнері шық мені жарыққа алып,  
Толқындардай серпілем кейін қарай,  
Жүрегіне жұртымның барып қалып.*

Ана өз перзентінің жақсы болғанын жанын сала қорғайтыны секілді, ақын да жүрегін шымырлатып, бойды алған жырының мәртебесі биік болғанын тілейді. Қасымхан да еліне еркелей отырып, сырын өлең тілімен сездірген. Бірінші бөлімнің негізінен арқау еткен тақырыбы жастық, туған жер және экология, тағы басқа мамыра-жай шуақты көңілден туған жырлар. «Қыстау. Татьяна Мартыненко және мен» деген жырға құлақ салып бағалықшы.

*Қап-қара түнде қыстауға бардым сенімен,  
Саратов жақтан адасып келген елік ең.  
Көгілдір көздім қазақша әзіл айтқанда,  
Қырқада жатқан қарлардай бейне ерігем.  
Пендеге әлі көрген емесін жағынып,  
Әніңе сенің жүрген бір жанмын табынып.  
Үлгідегі Биболат қарттың қыстауы  
Татьяна қыз, күтуде сені сағынып...*

Жыр өте қарапайым. Бірақ астарлы. Бұл жолдарда астық та, екі елдің достық дәнекері болып жүрген – Татьяна мен оның әніне құмартып, қимастықпен қол бұлғап қалған Биболат қарттың қыстауы жыр жолында әдемі үндестік тапқан.

Қасымхан негізінен сыршыл ақын. Ол поэзия әлеміне кеше келгенімен, өзінің принципі, бағыт-бағдары бар. Бірін-бірі қайталамайтын жыр жолдары оқырман жүрегіне жылы тиіп жатады. Поэзияның азапты сапарынан бұғалық сап тартсаң да бұрылмайтын Қасымхан жаны нәзік те, ойлы. Ол кішкене детальдан үлкен ой өрбіте алатын өрелі ақын.

Қасымханның поэзиясы – сыңғырлы қоңырау үніндей.

Бір де-бір артық сөзі жоқ, бір де-бір селкеу буыны жоқ. Мен Қасымхан жырларынан жаңаруды, биік қоғамдық ой айтуды байқадым. Олардың буыны жас буын деп отырмыз. Бірақ сол жас буынның өзі қазір біраз нәрсені тындырып тастады. Олардың буыны кімдер және қандай қатарда екенін ақын өзі айтсын, біз естийк:

*Кимесек те көнетоздау плацты,  
Жұмбақ өмір сұлу қыздай сыр ашты.  
Соңғы жылдар жаңа жаза бастаған,  
Қайран халқым,  
Кімдер бар деп сұрасты.  
Біздің буын Мәдидейін мұңдылау,  
Біздің буын  
Құнсыздау әм құндылау,  
Тәкаппарлау Есенғали тәрізді,  
Біздің буын Аманхандай тындылау.  
...Мінездері мейірімді боп, тік болып,  
Біздің буын жауқазындай шықты өніп,  
Алматыға оралыпты Темірхан  
Әр өлеңі  
Әр вагонға жүк болып...*

Ақынның өзі айтқандай бұл буында Есенғали бір басқа да, Аманхан, Мәдилер тағы басқаша. Ал, Қасымхан негізінен лирикаға әуес, табиғат, экологияны, туған жер суретін әдемі нақыштайтын ойлы зергер. Ол әсіресе, туған жердің бітім болмысын, ауыл адамының тағдырын сөз ете отырып, үлкен әлеуметтік проблеманы қозғайды.

*Көкше құрақ көктемнің күні қандай?  
Жүріптіз-ау көп жайды ұғына алмай.  
Бел арыққа жағалай шыбық қадап,  
Үмбет атам жүретін тыным алмай.  
Ақ киізден тігетін тоқым етіп,  
Қара тасты қақ бөлер шотың етіп.  
Атам еккен баяғы шыбықтарды,  
Бүкіл ауыл жағуда отын етіп,*

Адам бар жерде поэзия бар. Табиғаттың таңғажайып құбылыстарын алдымен сезініп, алдымен қайғырып, алдымен жеркенеді. Қазір адамзат пен табиғат арасында ауыр да, ащы түсініспеушілік жүріп жатыр. Бір кезде

біз «Табиғатты бағындырайық! Жер ана, бізге басынды и!» – деп ұран салсақ, қазір жер ананың жұрдай болған келбетіне, сарқылған теңізге, суалған өзенге қарауға ұяламыз. Қасымхан бұл жырында туған жерді аялауды, бүкіл республиканы аландатып отырған экология тақырыбын қорғау керектігін айтады. Оны мына бір жыр жолдарынан да байқауға болады.

*Бұл жолды ол кез талғап па ем,  
Күә гой оған қара түн.  
Жан-жазын қоршап шарбақпен,  
Қара шал қауын салатын.  
Жасырар сырым қалды ма,  
Бәріне өзің баға бер.  
Қара есек мінген шалды да  
Тынған-ды жұтып қара жер.  
Қаниама жетер жалыным,  
Білмеймін қашан жартылам.  
Ұзамай содан шалының  
Ақ әжем кетті артынан.*

Табиғатты, туған жерге деген сағынышты, атаны құрметтеу, экологияны сақтауға үндеу ақын жырына негізгі арқау болып отыр.

Өмір зырыл қаққан ұршық секілді. Өмірде бәрі өткінші. Бірақ адамзат өткінші деп бар нәрсені құртуға да болмайды. Бұл түсінген суреткерге ойлы сыр, өрелі жыр етер тақырып. Тіршілік барда, адамның сана-сезімі барда – поэзия бар! Қасымханның «Қара шал, әжем және мен» аты жырында осы тіршілік ағысы сәтті шумақтармен беріліп отыр. Шындықты айтсақ, Қасымхан да өз буыны секілді поэзия алаңына дүркіретіп, күмбірлетіп керуен бастап келген жоқ.

Жастық биязылықпен, баяу аяңмен қазақ поэзиясының есігін имене ашты. Егер ақын ғұмыры мен тағдыры өзінің төл перзенті-жырымен басталады десек артық емес. Қасымхан ауыл суретін жырлай отырып, экология, жер, ана, туған жер жағдайынан үлкен ойды сабақтап философиялық түйін түйе біледі.

*Падашы шал күтетін соқыр атын  
Киіз басып алаша тоқылатын.*

Қараша ауыл орнында жұрты жатыр,  
 Қара судың бойында отыратын.  
 «Кешке қарай құдаша күтем сайда».  
 Дөп хат жазып ем Дүкенбайға.  
 Тентек лақ қақпайға көнбегенде,  
 Табанымды жалаған тікен қайда?  
 Қараша ауыл жүректен орын алған  
 Әжейлердің талай кеп қолын алғам...  
 Бұрын келіп анама еркелеуші ем,  
 Енесіне ұмтылған қозылардай.  
 Керім еді-ау сол кезде Өрік құрбым,  
 Өрік үшін ұрыншақ Серікті ұрдым.  
 Нағашы әжем талай кеп қонақ болған  
 Қараша ауыл, жұртыңа келіп тұрмын.

Осы жыр жай көзбен қараған адамға әлденеше жазылған жайға ұқсас. Әйтсе де, төрт шумақта жүрек шымырлатар бір жылылық, көңілге мұң ұялатар, алыстан елестеп көрінер сурет бар. Жалпы, Қасымхан ізденгіш ақын. Іздену деген сөздің астарында – қиындықтар мен шаршау, қуану мен жігерлену жатыр. Бұл жолда ақын шыңға да шығады, шыңырауға да түседі.

Екінші бөлім – «Ғашық жүрек лүпілі» деп аталған. «Тегінде поэзия махаббаттан басталып, парасаттылықпен аяқталады», – деп Мұқағали Мақатаев айтқандай, ақындар сұлулықты жырламай, бірден данышпандық таныта алмаған. Тек олардың махаббат, ғашықтық жырды қалай бастап, қалай аяқтауына көңіл бөлген абзал.

Арулар көрсе қалатын сүйіп,  
 Пәзіктеу еді жүрегім.  
 Аурухананың халатын киіп,  
 Ауыр ойлардан жүдедім... ..  
 Жаңбырлы кеште жаңбырда қалып,  
 Екеуіміз әбден малшындық.  
 Жыр боп өріліп, сан қырға барып,  
 Жатталып мәңгі қал, шындық.  
 Инженер болдық, мамандық қой бұл,  
 Тұрса да кезде тасып жыр.  
 Жыр жазбау деген жамандық қой бұл,  
 Санамда қазір Қасым жүр.

Әрине, Қасымхан болып Қасымға еліктемеу, ақын болып ғашық болмау ұғымға сыймайтын заңдылық секілді.

Жырдың негізгі түп тамыры, идеясы – сүю, құшу емес. Ақын жаны нәзік. Оның жүрегі сыршыл. Сұлулыққа құмар. Ақын әсіресе қызылсыз, жалған мұңсыз, таза сезімдерді жырына арқау етеді. Оның «Сырына» құлақ түріп көрелікші.

*Жадымда жүрген жатталып,  
Күндерде қалған азық бұл.  
Азыл да тегіл ақтарып,  
Шертейін деп ем нәзік сыр.  
Қанаттарыңды жайдың да,  
Алдыңда арман – ортақ ту.  
Алматы – ару айдында  
Жүздіңдер әсем төрт аққу.  
Жүздесер енді шақтар аз,  
Өткен күн қоймас өртеуін,  
Алдымда – қардай ақ қағаз  
Санамда қазір төртеуің.*

Ақын өз жүрегінің таза, шынайы сағыныштан толқып отырғанын жырымен айғақтайды.

*Аптасын мейлі алтынмен,  
Күн көрсін кімді аулап кім.  
Табиғи мынау қалтыммен  
Жасандылықтан аулақпын.*

Ақын да қоғам қайраткері. Белгілі қоғамда өмір сүріп, оның белсенді мүшесі болған соң, ақын сол ортаға қызмет етуге міндетті. Сол қоғамның биік парасаты мен рух беруші, қозғаушы күші болып отырған жарқын идеяны барын сала қорғауы керек. Сонда жыр өресі де, ақындық парасаты да биіктей түспек. Сөз соңында жерлесімиздің мына бір жырына құлақ түрелікші. «Большевиктер»:

*Күңгірт бөлме,  
Шам әлі жағылмаған.  
Қағаз, қалам дайында, жарым маған.  
Сарғыш тартқан суреттер – сағыныштар,  
Көз алдымда дауылды сағым далам.  
Жиырмамыншы жылдардың комсомолы,  
Бүгін жан жоқ сіздерді сағынбаған.*



Бүгін жан жоқ сіздерге табынбаған.  
 Сіздерді ойлап отырмын жалғыз өзім,  
 Күңгірт бөлме, шам әлі жағылмаған.  
 Мені мәңгі толғантып, тебіренткен,  
 Аруағыңнан айналдым, жаным, бабам!  
 О, аяулым, жұлдызды қырандарым,  
 Жадымда әлі көтерген ұрандарың.  
 Тұрсаңдар да алдында жауларыңның,  
 Шыбын жанды қалдыр деп сұранбадың.  
 Жиырмасыншы жылдардың комсомолы,  
 Жүрегімде керемет бір ән барын.  
 Біліңдерші, аяулы қырандарым.

Ақынның ақындығы, дүниетанымы, сан қырлы шеберлігі, суреткерлігі сом-сом сүйекті дүниелер жасарда ғана ап-айқын көрінбек, талантының күдіреті танылмақ. Қасымхан өрелі өнердің өресін биіктете түсу үшін парасатты ойларға, қоғамның қайнаған тыныс тіршілігіне, күрделі де ауқымды тарих ағысына көбірек көңіл бөлгені жөн демекпіз.

Үшінші тарау – «Жырым сенсің, туған жер!» – деп аталыпты. Бұл бөлім, негізінен толғаулардан тұрады. «Ескі жұрт» деп аталатын толғаудың қандай ойға құрылғанын оқырман тақырыбынан-ақ таниды.

Есігі жоқ, бесігі жоқ ескі там,  
 Ескі тамды бала кезден ес тұтам.  
 Үрлеп жүрген кеудемдегі қоламта,  
 Ұзақ лаулап жану үшін кеш тұтам.  
 О, ескі там, әнің қайда бұрынғы?  
 Саған тұңғыш арнап тұрмын жырымды.  
 Жылда сені көріп кетсем жетеді,  
 Аңсамаймын Магаданды, Қырымды.

Ақынның туған жер, кіндік қаны тамған ата мекеніне деген сағынышы айтылып тұр. Сол сағынышымен ол үлкен идея айтады. Ол ер азаматтардың қалада жүріп, туған жерін, мекен жайын ұмыт қалдыруын айта келіп, қала мен ауыл арасындағы ойлы проблеманы қозғайды.

Туған жер зой жарататын алып қып,  
 Жалаң аяқ қара жолмен жарыстық.  
 О, ескі жұрт, айналайын жарықтық,

*Менің жсырым бұдан былай халықтық.*

Үлкен ой, парасатты тұжырым. Қаншама ер азамат болсаң да, сен халқыңнан кішісің. Барыңды, қолыңнан келсе қолғабысыңды туған жерге, ата мекеніңе арнағын. Ұлық болсаң кішік болдеген ойды қозғайды. Қасымханның бұл бөлімдегі бір тапқырлығы – тарихтың тереңіне бара білгені. «Жылаған ата» триптихында ол, тереңге үңіліп, аңыздан ақиқаттың ақ жібін суыртпақтайды.

*Жырдан, қалқам, өзге мен күйді ұмыттым,*

*Талай мұңға кеудемді күйдіріппін.*

*Жер бар еді жылаған ата дейтін.*

*Іргесінде мен өскен «Ігіліктің».*

*Тұрмысымызға өткеннің салты сіңді.*

*Көрген жоқпын соғыс пен тартысыңды.*

*Неге екенін білмедім қысы-жазы,*

*Егілетін қара тас шал пішінді, – деп, аңыз жайлы ақындық өремен ойлана сыр қозғайды. Қасымхан аңыз жайлы былайша ой түйіндейді:*

*Ер жеткенде сәбидің құба талы,*

*Жер бетінде барлығы гүл атады.*

*Тірілікті қойсайшы тылсымы көп,*

*Адам түгіл, тасты да ол жылатады!..*

Сонымен Қасымхан талантты, өз ойы, өресі бар, төселген ақын. Оның атқарған ісінен атқаратын ісі көп. Оның творчествосын тамырын тереңге салған еменге теңесек артық емес. Ол ойға бай, тілге жетік суреткер. Оқушы санасына айтар ойын ә дегенде-ақ жеткізе салудан аулақ. Оның бүкіл поэзиясында ауылға деген сағыныш, туған жерге деген ілтифат жатыр. Біз сөз соңында Қасымханға қаламың желденіп, поэзияда жолың бола берсін! – демекпіз.

## ЕСЕНИН ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТІ ОҚЫҒАНДА

Орыс халқының ұлы ақыны Сергей Александрович Есенин жайлы, ақынның қарындасы Александра Алек-сандровна Есенинаның жазған «Аяулы ағатайым» атты естелік кітабын тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес. Естелік кітапты қазақ тіліне аударған аудармашы Сұлтанғали Қаратаев жемісті еңбек еткен. Кітап ана тілімізде жатық, еркін оқылады. Сонымен қатар кітап ішінде ұлы ақынның әр кезеңде туыстарымен түскен суреттері де сәтті берілген. Сарғыш тартқан бұл суреттердің терең сырын үңіле, көре білген адам ғана түсіне алса керек. Бізге әсіресе бәрінен қатты әсер еткені ұлы ақынның анасымен Москва қаласында 1925 жылы түскен суреті болды. Ақын өз жырларын анасына оқып отыр. Жандарында туралған нан, әр түрлі ыдыс-аяқтар. Анасы өзінің сүйікті ұлына қолын оң жағына тірей ойлана қарап қалыпты. Ана көзіне сүйікті перзентіне деген шексіз сүйіспеншілікпен бірге мұң ұялаған. Осынау ерекше жаратылған перзентінің дауылды тағдырына деген аналық алаңдаушылық басымдау тәрізді.

Сонымен қабат ақынның екі қарындасымен 1912 жылы түскен суреті де ой саларлық. Бірі осынау естелік кітапты жазған Александра Есенина, ал бірі Екатерина Есенина. Суреттің артынан ежелгі орыс жері, орыс орманы, тау сұлбасы көзге шалынады. Суретте, екі қарындасының ортасында аяқтарын айқастырып, бозбала Есенин отыр. Кітапта ұлы ақынның туған жерінің, өскен ортасының әсем табиғаты, жалпы, қарапайым орыс адамдарының сол жылдарындағы тыныс-тіршілігі айқын берілген. Ақынның балалық шағынан бастап, дүниеден өткен кезеңіне дейінгі жәйттері жан-жақты сөз болады. Тып-тыныш түнгі орыс деревниасының шетінде ағып жатқан Ока өзеніне бір топ кішкене ауылдастарымен болашақ ақынның ат суаратын тұсы, шаруалармен бірге шөп шабатын кезі, ұлы ақынның туған жерінен кетуі, оралуы, торыққан кезеңдері, қайғылы қазаға ұшырауы, бәрі-бәрі

қарындасы Александраның атынан баяндалады. Адамды еріксіз елжіретеді. Біресе күліп, біресе торыққан ұлы ақынмен бірге торығасың. Бұл кітап кез келген адамды бей-жай қалдырмасы анық. Ақынның нәзік жандылығы, туған жеріне, халқына, достарына, туыстарына деген шексіз махаббаты, мейірімділігі кітаптың өн бойынан, әрбір жолынан, бетінен есіп тұр. Қарындасы екеуінің сол кезгі Москва көшесінен күшік сатып алатын тұсы, асыл тұқымды деп алдануы нанымды, табиғи суреттелген. Көп айтқаннан гөрі бір рет көзбен көрген жақсы дегендей, кітапты тауып оқу керек.

Бізде халқымыздың небір өнер, әдебиет саңлақтары жайлы осындай естелік кітаптар жазу, оны оқырманға жеткізу мәселесі әлі күнге дейін өз шешімін таппай келеді. Өзгесін айтпағанда, кешегі өткен ақиық ақындарымыз С. Ерубаяев, Т. Айбергенов, М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов,

М. Отарәлиев, М. Сатыбалдиев, Қ. Мырзабековтер жайлы замандастары, достары, қаламдастары неге қолдарына қалам алмайды. Неге өскелең ұрпаққа осынау халқы сүйген ардақты ақындар жайлы естеліктер, әңгімелер жазбайды деп еріксіз қынжылатынымыз анық. Міне, біз бұл жөнінде ұлы орыс халқынан үйренуіміз керек. «Тамаша адамдар» өмірінен сериялық естелік кітаптар шығаруды қолға алатын мезгіл жетті. Бір ойды бір ой кимелеп, бір ойдан бір ой туатыны анық. Біз, міне, орыс халқының ұлы ақыны С. Есенин жайлы жазылған «Аяулы ағатайым» атты кітапты оқығанда осындай ойларға, сезімдерге бөлендік. Қорыта айтарымыз, ұлы ақынның туған қарындасы А. А. Есенинаның «Аяулы ағатайым» атты кітабы әрбір ұрпаққа өзіндік айтары бар бағалы кітап екендігін қалың оқырманға жеткізуді өзіміздің азаматтық борышымыз деп білдік.

## ҚАЗЫНАЛЫ САНДЫҚ

*Т*уганда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

*Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең,* – деп ұлы Абай кезінде дұрыс айтқан. Балалар фольклорына арналған «Ақ сандық, көк сандық» деген кітаптың (Алматы, «Жазушы», 1988 ж.) қолымызға тигеніне де біраз болды.

Кітаптың беттерін парақтай отырып, құрастырушының балалар фольклорының бас-аяғын жинақтап бір арнамен жүйелегенін байқадық. Ол алғы сөзде мынадай жақсы тұжырымдар айтады: «Балалар фольклорының арнайы сала болып бөліну себебі, оның өзіне тән көптеген ерекшеліктерінің болуында. Ол шартты түрде жіктеу емес, өмірде шын негізі бар құбылыс. Өкінішке орай, қазақ балалар фольклорының үлгілері әлі күнге жеке айдар тағылып, тұтастай жарық көрген емес. Оларды жинауға да, жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келеді. Бұл зерттеу жұмысына да кері әсерін тигізуде» дейді автор қынжылыспен.

Ол рас та болар. Біздің әлі тапқанымыздан таппағанымыз көп екені де рас. Барды мәзір көріп, тоқпейіл тартқан әдетіміз асқынып кеткен. Осы тұрғыдан алғанда, автордың бұл салада ізденгені, көп зерттегені байқалады.

Біз келешектің тұлғасы болар ұрпағымызды сәби кезінен әдет-ғұрыптың, салт пен сананың тұнық бастауына бас қойдырып, сіміртсек нұр үстіне нұр болмай ма? Міне, бұл кітап сол бастау бұлақтың тұнық көзі бола алатын туынды.

Кітап қомақты дүниені қамтыған – бес бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімді парақтағанда-ақ бөбектерді тербетіп, үілдеген ана әлдиіне құлақ түреміз. Кейінгі кезде айтылмай кеткен, айтылса да сирек естілетін, бесік басындағы ананың қоңыр үнінен әуез алған бесік жыры бойынды балқытып, қырық екі тамырыңды идіргендей әсерде боласың. Өзінің әрлі кестесін жоймай нәзік те баяу үнімен көңілге қона кететін бесік жырлары халық аузынан талып естілгендей болады. Кітаптағы бесік жырлары біреу емес, бірнешеу. Бәрі де өз бояуын, түсін,

түрін бұзбай, нақышымен берілген.

*Әлди-әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат бөпем.  
Жылама, бөпем, жылама.  
Жілік шағып берейін.  
Байқұтанның құйрығын  
Жіпке тағып берейін.*

Әлди үні, әлди сарыны балаға ғана айтыла салған жұбату жыры емес. Ол үлкендерге де қозғау салып, көзге жас, көңілге ой үйірер ойлы да сырлы жыр.

*Әлди, бөпем, ақ бөпем,  
Ақ бесікте жат бөпем.  
Астыңа терлік салайын.  
Үстіңе тоным жабайын,  
Ауылдан кеткен апаңды  
Іздеп қайдан табайын,  
Жылама, балам, жылама.*

Әрбір әлди жырынан дәуір үнін естиміз. Бұл жырды естіп, жас бойына тәлім жинап есейген сәби, ертен әлдидің үнімен сарындас – батырлар жырын жаттап, хиссаларды оқып нәр жинамасына кім кепіл?

Бұл тарауда «Әлди, әлди», «Дуай, дуай», «Бөбегім-ау», «Бөпешім», «Жылама, әлди жылама», «Бөпешім менің жылма?», «Бұрынғыдай жайың бар ма?» «Әй-әй бөпем», «Бөбек», «Бөпем-ай» деген бірнеше бесік жырларымен Ұлы Отан соғысы кезіндегі бесік басындағы жырларды қамтыпты. Бәрінде де дәуір үні, уақыт сарыны ананың нәзік тілімен кестелене айтылады.

Сонау бір зар заманда, кісі есігіне кіріптар болған аналар өз мұңын көз жасы мен бесік басындағы әлди үнімен үгіп, өзін-өзі сәби үнімен жұбатқаны белгілі.

Ол қалмақ шапқыншылығы кезінде, әйел теңдігінің қымбатқа түсіп тұрған шағындағы мұң пернесі болатын. Арайлы таң атып, зұлмат сейілген кешегі бір кезде, ана әлдиі де тұнық бұлақтай сылдырап, былдырап естілді. Бірақ кешегі қанды соғыс талай ананың жүрегіне қанды жара қатырып, ащы запыран толтырғаны белгілі.

*Сұңқар деген құс болар,  
Тартсаң жүні бос болар.  
Көкешіңнен хат келсе,*

*Анаңның көңілі хош болар.*

*Әлди, бөнем, әлди-ай, – дейді ана.*

Біз өзіміз сәби кезімізде естіп өскен «Сәбилік салт жырларын» осы жинақтан таптық. Олар: «Бала туғанда», «Баланы майлап сылағанда», «Бесікті аластау», «Бесікке бөлеу», «Бесіктен шешіп аларда».

Қарап отырсақ, халқымыз қанымызға салауат пен парасатты сәби кезімізден-ақ егіп өсіріпті-ау.

*Тәу, тәу, тәу,*

*Сыламақ менен,*

*Қатып қалмақ сенен.*

*Менің қолым емес*

*Бибі Фатима, Бибі Зұхра қолы,*

*Ұмай ана. Қамбар ата қолы,*

*Тастай қыл,*

*Темірдей қыл.*

*Сүттей ақ қыл,*

*Дерт үйге кірмесін,*

*Балаға тимесін.*

*Немесе «өс-өс» жырын алайықшы:*

*Өс-өс, балам, өсе бер,*

*Батыр бол балуан білекті,*

*Батыл бол – таймас жүректі,*

*Аяғыңды созайық,*

*Саусағыңды жазайық,*

*Етті болсын балтырың,*

*Етті боп өс, жарқыным. Өс-өс.*

Халық қасиетінен бастау алған ана өсиеті бала санасына ана әлдиімен дарыса мың бір рет қуанбайсың ба.

Бұл бөлімде «Баланы шақыру», «Киім кигізгенде», «Тұсау кесу жыры», «Тәй-тай» тағы басқа салтжырлары мен уату өлеңдері кіргізілген. Бәрінің де негізгі желісі – баланы бастан тәрбиелеуге, ән жырмен уатуға бағышталады.

Келесі бөлімде балалар жыры айтылады. Арнау – тілек өлеңдерінің дені сәбидің мезгіл ауыстырып өсуі сәттеріне арналады. «Жыл құсын көргенде», «Тырналар қайтқанда», «Күн шыққанда», «Айға», «Күн қатты жауғанда», «Күзде», «Қыста». Осындай бірнеше арнау жырларының сәби санасына сіңімді, талғамына оралымды болып келуі,

халқымыздың ежелден бергі мол мұрасының бір арнасы – балалар фольклорының да шексіздігін, шеберлігін танытқандай болады.

Арнау жырлардың көзі де, адам баласы табиғат тылсыммен тайталасқа түскен көне дәуірден бастап ашылып, осы кезеңге сарқылмай жеткенін айғақтайды.

*Самалық, самалық.*

*Көк құс көзін ашты ма?*

*Аяғын жерге басты ма?*

*Самалық самалық.*

*Самарқанның көк тасы*

*Жібіді ме, көрдің бе?*

*Қап тауының көк құсы*

*Жүгірді ме, көрдің бе?*

*Самалық, самалық.*

Арнау-тілек өлеңдерінің сәби санасына сіңіретәрбиелік мәні де, ата бабаларының өткенін біліп, ұғынып өсуіне тигізер пайдасы ұшан-теңіз.

«Сұрамақ» деген тарауда да бала ойын кеңейтіп, білімін арттыруға ықпалы мол.

– Апам үйіне барамын

– Апаң үйі не берер?

– Ешкі сауып сүт берер. Лақ сойып ет берер.

– Оны қайда қоямыз?

– Тал түбіне қоямыз.

– Ит жеп кетсе қайтеміз?

– Бақан ала қуамыз?

– Жеткізбесе қайтеміз?

– Жылай-жылай қаламыз.

Бұл кітап балалар бақшасында тәрбиеленіп жатқан балақандар мен мектеп есігін енді ашқан бірінші кластағылар үшін, ана тіліне қосымша хрестоматиялық оқулық ретінде оқытылса, нұр үстіне нұр болар еді-ау. Төрт түлік малдың жағдайы мен жайын бесігіндегі баласынан артық ойлаған халық жырын бүгінгі ұрпақ білу парыз. Сәби ұғымына жеңіл тиер, зерделі оймен зерленген ауыз әдебиетімізде төрт түлік малға арналған, бірнеше жырлар бар. Ат арқасында, түйе қомында туып, әженің аузында, атаның ойында жүрген құнды дүниелер бүгінгі ұрпаққа дер кезінде жетіп отыр.



Осы бөлімде «Өтірік өлеңдер», «Тақпақтар», «Мазақ-тау», «Он бестегі жасым-ай», «Совет дәуіріндегі өлеңдер» сөз болыпты. «Тазшаның өтірік өлеңдері», «Суайттың өтірік өлеңдері», «Шыбын» өлеңдері бірнеше шумақтардан тұратын қомақты дүниелер. Бұның бәрі де бала жасымызда оқыған өтірік өлеңдердің өзгеше түрі. Халық аузында айтылып, халық арқылы жетіп, өз оқырманын тапқан бұл өлеңдердің бала ойына, тіліне мол мүмкіндіктер әкелетіні рас.

Үшінші бөлім түгелімен жаңылтпаш және жұмбақтарға, ал төртінші бөлім ойын өлеңдері мен ойындарға арналады.

Бала кезде саусақ санап, жұлдызға қарап, «Санамақ» ойнаушы едік.

Бірім – бір,

Екім – екі.

Үшім – үш...–

деп келіп,

Сегіз дегенің – серке,

Тоғыз дегенің – торқа,

Он дегенің – оймақ,

Он бір – қара жұмбақ,–

деп мәз болушы едік. Бұлар бала бақшадағы сәбилер мен балаларға пайдалы екен. Қазақи ойындар мен ойын өлеңдерін ұрпақ тәрбиелеп жүрген тәрбиешілер жақсы меңгеріп, балаларға үйрете білсе ғой. «Сап ішінде кім ұтты?», «Қалмақ» (бірнеше түрлері). «Ақ сандық, көк сандық», «Серік-серік» ойыны, Айтыс ойыны, санай берсек ойынның түрі көп-ақ. Бала ойыннан жалыққан ба? Оны үйретер тәлімгері болса ғой, шіркін. Тәлімгер деп бұл арада бекер сөйлеп отырғанымыз жоқ. Ойын болса да, ойлылыққа үйретер халық мұрасына қамқоршы, ықпалшы қажет-ақ. Құрастырушылар (Ш.Ыбыраев, Қ. Матыжанов) мен редактор (Т. Сәдуақасов) бұл кітапты жинақтау кезінде мол еңбектенгенін байқаймыз. Талай сәбидің жүрегі мен көңіліне күмбір әкелген «Ақ сандық, көк сандыққа» жолың болып, одан әрі қадамың ұзара берсін, – демекпіз. Ол балалар фольклорына тілеген ақ батамыз. Сол жол ұзара берсе, біздің ұрпағымыздың санасы кеңейіп, ойы да, толыса бермек.

## МАЗМҰНЫ

Өткен күннің белгісі.....	3
---------------------------	---

### I бөлім

#### (Ағалар соқпағы)

Шәкәрімнің ақындық алымы.....	7
Жауһар жырдың жұлдызы.....	9
Аға тағылымы.....	12
Қару мен қалам.....	15
Біздің Саттар.....	17
Мұханның мылтығы.....	24
Ілияс аға туралы екі ауыз сөз.....	26
Биіктен шыққан үн.....	28
Айтпасты айтқан Айтматов.....	33
Халқының адал ұлы.....	35
М. Тынышбаев – Қазақстан келік экономикасының негізін қалаушы.....	41
Біртуар ғалым.....	46
Өнімді еңбектің өкілі.....	52
Сағыныш деген сырлы әлем.....	55
Өмірге ғашық жан еді.....	61
«Аңыз болып өлең қалды...».....	65
Есімі ел есінде жүретін азамат.....	70
Асылдың бірі еді.....	74
Шығыстың жарық жұлдызы.....	78
Күн ілгерін болжаған Мөңке би туралы бірер сөз.....	82

### II бөлім

#### (Түркістан топырағында)

Екінші Мекке атанған шаһар.....	88
Тайқазан – 1931 жыл.....	94
Орта ғасырдан үшінші мыңжылдыққа жеткен ескерткіш.....	96
1500 жыл жасаған қала.....	106
Алаштың Алтын ордасы.....	110
Ахмет Иассауи ескерткішінің жанашырлары.....	113

«Әруақ сыйлап, әз тұт та, Өлкеге мойын бұра кет...».....	118
Үшеудің әңгімесі.....	121
Хаттар толастамайды.....	128
Отанды сүю деген оңай сезім емес.....	138
Ана тағдыры – ұрпақ тағдыры.....	144
Тамыры терең туыстық.....	147
Талмай ұшу – қанатқа сын.....	153
Өн алыстап барады.....	168
Яссауи әлемі.....	173

### **III бөлім**

#### **(Ел болашағы – білікті жас маман қолында)**

Әлемдік деңгейге – техникалық білімнің тегеурінімен.....	179
Көзінде от, сөзінде жалын бар.....	184
Ел болашағы көлік кешенінде.....	192
Инженер болу өмір талабы.....	196
Ел экономикасының күре тамыры.....	200
Экономика – дамуымыздың басты бағыты.....	206
Бұлақ басынан тұниды.....	212
Білім жолындағы жастарға бір ауыз сөз.....	219
Білімділік ақиқаты.....	229
Инженер – игілікті мамандық.....	235
Болашақ жайлы бүгін ойланайық.....	239
Қазақ даласының перзенті, тұңғыш тарихшы – Мұхаммед Хайдар Дулати.....	243

### **IV бөлім**

#### **(Тоғысқан толқындар)**

Жырға ғашық жүректер.....	251
Тәуелсіздікті көздеген көтеріліс.....	279
Ақтандақ жылдар ақиқаты.....	283
«Қазақпын» деп жігерленші, бауырым!.....	287
Анатолия жері, армысың!.....	292
Перзенттік парызға адал болайық.....	301
Елге хат.....	309
Алаштың аймаңдайы.....	313
Үзік сыр.....	319

Күлдібадам сөзбен келеке болған.....	323
Қадіріне жетсек қапы қалмас едік.....	326
Ұстаздың ұлағаты ұмытылмас.....	330
Тарихымыздың асқақ сәттерінің бірі.....	334
Жаңа үкіметті қай қырынан тани алдыңыз?.....	339
Есімде қалған сол бір кеш.....	341
Әлекең әлі көз алдымда.....	344
Үш өрім.....	346
Ізгілікті іздеу.....	353
«Қарашықтың» толқыны.....	366
Есенин туралы естелікті оқығанда.....	374
Қазыналы сандық.....	376

# Нұридін БАЛҚИЯҰЛЫ

## Өткеннен ертеңге

*Мақалалар*

(Қазақ тілінде)

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –  
**Қасымхан БЕГМАНОВ**

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсенбай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды  
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.  
Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Шартты баспа табағы 20  
Таралымы 2000+120 дана.  
Тапсырыс №

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143. офис 400  
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.  
Эл.пошта: dastur\_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-17-2



9 786017 505172

# Нүридін БАЛҚИЯҰЛЫ

## Өткеннен ертеңге

Мақалалар

(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –

**Қасымхан БЕГМАНОВ**

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсенбай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Шартты баспа табағы 20

Таралымы 2000+120 дана.

Тапсырыс № 377

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

Абай даңғылы, 143. офис 400

Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.

Эл.пошта: [dastur\\_09@mail.ru](mailto:dastur_09@mail.ru)

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: [priemn1@dauir.kz](mailto:priemn1@dauir.kz), [zakaz@dauir.kz](mailto:zakaz@dauir.kz)

4

ISBN 978-601-7505-17-2



9 786017 505172







© 1997 Apple Computer, Inc. All rights reserved.  
Product name: Apple Keyboard II - German (TL)



000001516848



## **НҰРИДІН БАЛҚИЯҰЛЫ**

Нұридін Балқияұлы 1943 жылы 5 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт кентінде дүниеге келген.

Н.Балқияұлы 197 ғылыми публицистикалық және оқу методикалық еңбектерінің, теміржол көлігінде нарықтық реформалау «Әлемдік тәжірибе» атты сондай-ақ, 12 кітап және 5 оқулық пен көптеген оқу құралдарының авторы. Н.Балқияұлының ұлттық, экономикалық, жастар болашағы мәселелері туралы мақалалары республикалық басылымдарда жиі жарияланып келеді.

Н.Балқияұлы 2006 жылдың 6 ақпанынан Санкт-Петербург «Психология, кәсіпкерлік және менеджмент» Академиясының толық мүшесі (академигі). 2006 жылдан Халықаралық Ақпараттық академиясының толық мүшесі (академигі), 2013 жылдың 1 наурызынан Халықаралық психологиялық ғылыми Академиясының (Ресей) толық мүшесі (академик), 2003 жылдан Түркістандағы А.Яссауи атындағы Қазақ-түрік Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры». 1983-1993 жж. Халық депутаттары Оңтүстік Қазақстан облыстық және 1985-1993 жж. Түркістан қалалық кеңестерінің депутаты болып сайланған.